ҚАЗАҚСТАН РЕСПУЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР, ҚР ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, ЖАМБЫЛ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ҚР ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ ТЕМІРХАН САҚАҰЛЫ ТЕБЕГЕНОВТІҢ 75 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ ТЕМІРХАН ТЕБЕГЕНОВТІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҒҰМЫРНАМАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

21 қараша 2024 жыл

Алматы,2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР, ҚР ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, ЖАМБЫЛ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ҚР ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ ТЕМІРХАН САҚАҰЛЫ ТЕБЕГЕНОВТІҢ 75 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН **«ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ ТЕМІРХАН ТЕБЕГЕНОВТІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҒҰМЫРНАМАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ»** АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

21 қараша 2024 жыл

Алматы,2024

ӘОЖ 378(063)
КБЖ 74.58
Ғ 38

Жалпы редакциясын басқарған:
Б. Тілеп – *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы - Ректор*

Жауапты редактор: **А.В. Танжарықова** *– ф.ғ.д. Филология институтының деканы*

Редакция алқасы: **Д.А.Сатемирова –** *ф.ғ.к., қауымд.профессор,*
Г.Б.Тоқшылықова *– магистр, докторант,*
Г.С. Каримова *– PhD, қауымд.профессор*

Ғ38 «ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ ТЕМІРХАН ТЕБЕГЕНОВТІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҒҰМЫРНАМАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ» *атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары.* – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2024. - 244 б.

ISBN 978-601-7042-75-2

Жинақта көрнекті ұстаз-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі Темірхан Сақаұлы Тебегеновтің педагогикалық, ғылыми, әдеби шығармашылық ғұмырнамасына арналған ғылыми-теориялық, тарихи-танымдық баяндамалар-мақалалар,естеліктер топтастырылған. Жарты ғасырға жуық ғылыми-педагогикалық еңбек жолында Қазақстандағы және шетелдердегі (Түркия Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Әзербайжан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Қарақалпақстан Республикасы, Башқортостан Республикасы, Татарстан Республикасы) жоғары оқу орындарына, ғылыми-зерттеу орталықтарына танымал ұстаз-ғалымның әдебиеттану ғылыми саласындағы іргелі еңбектеріне және әдеби-танымдық туындыларына арналған баяндамалар-мақалалар танымдық маңыздылығымен ерекшеленеді.

ӘОЖ 378(063)
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-7042-75-2

Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2024

КІРІСПЕ СӨЗ

Болат Тілеп
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Басқарма төрағасы-Ректор

Құрметті қауым!

Қадірлі қонақтар!

Ұлы Абай атындағы білім шаңырағында филология ғылымдарының докторы, профессор Темірхан Сақаұлы Тебегеновтің 75 жылдығына арналған Халықаралық конференцияға хош келдіңіздер!

Темірхан Сақаұлы Тебегенов – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі, Ұстаз, Ғалым, Жазушы, Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Ғалым шығармашылығының салалары көп, өрісі кең. Әрине, осы тұста ғылым мен білім беру ісін қатар ұстанған ғалымның саналы ғұмыры Абай университетінде ұстаздықпен еткенін ерекше атап айтамыз.

Темірхан Тебегенұлы – жоғары мектептегі қазақ әдебиеті пәнінің мазмұнын байытқан, қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиеттануының оқу және ғылым пәні ретінде дамуына, заманауи жоғары білімді мұғалімдер, білікті мамандар даярлау ісіне елеулі үлес қосқан еді. Ғылым мен жоғары мектептегі білім беру жұмыстарын ұштастыра жүргізу адамнан терең білімді болумен қатар, дәріс оқуды, шәкірттерге білім бере отырып, болашақ маманды тәрбиелеу сияқты жауапты миссия жүгін арқалайды.

Құрметті әріптестер! Еліміздегі білім мен ғылымның қара шаңырағы Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген болашаққа нық қадам жасайтын маман дайындауда игі істердің бастамашысы болып келе жатқаны белгілі. Бүгінгі үлкен шара да ұзақ жылдар университетімізде еңбек еткен ғалымның өнегелі еңбек жолын бүгінгі ұрпаққа насихаттау, ғалымдық, ұстаздық тұлғасын таныту.

Темірхан Тебегенов ғылымда Ахмет Байтұрсыновтың, Мұхтар Әуезовтің, Әлкей Марғұланның, Бейсенбай Кенжебаевтың, Әуелбек Қоңыратбаевтың бастау негіздерін жаңашыл ғылыми еңбектерімен жалғастыра дамытты. Темірхан Сақаұлының ғылымдағы қарымын байқап, академик Зейнолла Қабдоловтың: «Жаңашыл ізденуші Темірханның да қазақ және әлем әдебиеті мұраларына арналған ғылыми шығармашылығының тың серпінмен жаңа жетістіктерге жететініне сенемін!» деген ұстаз үміті бүгінгі күні толық ақталғаны ақиқат. Ғалымдығы мен ұстаздығын қатар ұстаған Темірхан Сақаұлының «Халық ақындары», «Әдебиет тарихының мәселелері», «Әдебиет тарихы», «Шетел әдебиеттері тарихы», «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі», Халық ақындары шығармаларын оқыту», «Ұлт әдебиетінің өркені», «Әлем әдебиеті», «Қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің іргелі орталығы», «Әдебиет тарихындағы көркемдік мұра дәстүрінің жалғастығы», «Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті» т.б. атты монографиялық зерттеулері әдебиет тарихы, әдебиеттану мәселелерін оқытуда үнемі қолданылатын еңбектер ретінде ғылыми айналымға түсті.

Темірхан Сақаұлының Қазақстан ғылымы мен оқу-ағарту саласына сіңірген еңбегі 500-ден астам еңбектерінің отандық және шетелдік (Түркия, Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б.) баспасөзде жарық көрген. Оның ғылыми жетекшілігімен 13 кандидаттық, 1 докторлық диссертация қорғалған.

Осы көрсеткіштер табанды қажыр-қайраттың, үлкен еңбектің нәтижесі ғана емес, Темірхан Сақаұлының өз ісіне деген адалдығы, сүйікті шәкірттеріне сүйіспеншілігі, тұтас елдің алдындағы жауапкершілігінің дәлелі деп ойлаймыз.

Филология институты ұйымдастырып отырған бүгінгі халықаралық конференция университетімізде ізі қалған көрнекті ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев, М.Ғабдулин, Р.Бердібай, С.Қирабаев, Н. Келімбетовтердің қалыптастырған дәстүрді жалғастырған ғалым ұстаз Темірхан Тебегеновтің ғылыми-шығармашылық мұрасына арналып отыр.

Бұл конференция сонымен қатар, ғалым мұрасын дәріптеп қана қоймай, өскелең ұрпаққа рухани серпіліс береді деп ойлаймыз.

Халықаралық конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ ТЕМІРХАН ТЕБЕГЕНОВТІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҒҰМЫРНАМАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

Жанғара Дәдебайұлы
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Фараби университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

ПРОФЕССОР ТЕМІРХАН САҚАҰЛЫ ТЕБЕГЕНОВ ҚАЗАҚСТАН ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІНІҢ КӨРНЕКТІ ТҰЛҒАСЫ ЕДІ

Темірхан Сақаұлы Тебегенов 1986-1987 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасында оқыды. Университеттің қазақ әдебиеті кафедрасының ғылыми-педагогикалық әлеуеті ол тұстарда Қазақстанның жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарының қазақ әдебиеті саласындағы біріккен ғылыми-педагогикалық әлеуетінен асып түсетін. Университет жанынан құрылған диссертациялық кеңесте кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалатын. Серік Қирабаев, Зәки Ахметов, Рахманқұл Бердібаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Темірбек Қожакеев, Рымғали Нұрғали сынды әдебиеттанушы ғалымұстаздар сол кеңесте бас қосып, мәжіліс жасайтын. Ол қазақ әдебиеттану ғылымының өсіп, өркен жайған, кемелдікке жеткен жайсаң кезеңі еді. Темірхан Сақаұлы осы кезеңде осындай ғылыми мектепте шыңдалып, өсті, ғалым-зерттеуші, әдебиет сыншысы, публицист, оқытушы-ұстаз ретінде өзінің сара жолын тапты, дара шығармашылық тұлға ретінде қалыптасты.

Ғалымның алғашқы зерттеу еңбектерінде қазақтың көрнекті ақыны Нартай Бекежановтың поэзиясы халықтың ауызша ақындық дәстүрі аясында алғаш рет зерттеліп, ақындық поэзияның іргелі және өзекті ғылыми мәселелері шешілді, қазақ әдебиеттану ғылымы жаңа ғылыми тұжырымдармен, жаңа жаңа ғылыми қағидалармен толықты. Ақындық поэзияның іргелі мәселелері ғалымның кейінгі зерттеулерінің басты арнасына айналды. Базар жыраудың, Бұдабай Қабылұлының, Шортанбай Қанайұлының, Ерімбет Көлдейбекұлының, Омар Шораяқұлының, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының, Жүсіп Ешниязұлының, Махамбет Өтемісұлының, Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы туралы зерттеулерінде ғалым ақындық поэзияның тереңіне бойлап, содан тапқан асылдары негізінде теориялық және практикалық маңызы үлкен ғылыми тұжырымдар мен пікірлер жүйесін негіздеді.

Зерттеуші шығармашылығының салалары көп, өрісі кең. Автордың Сыр өңірі ақын-жырауларының шығармашылығын парықтаудан басталған ойлары жержүзін шарлап, шетел әдебиетінің кеңістігінде шарықтады. Сонымен бірге арнайы айтатын мынадай бір жай бар: ол қиялы жүйрік, ойы алғыр тегеурінді зерттеуші ғана емес, сонымен қатар ол - парлаған публицист. Парлаған публицист-ғалымның ұстаздары, замандастары туралы жазған әдебипублицистикалық шығармаларында ой мен сезім қуаты бірде жарқырап, бірде сарқырап ағады, автордың рухани әлеуетінің теңіздей тебіреніп, көлдей шалқыған алып айдынының айбары сезіледі.

Темірхан Сақаұлы – жоғары мектептегі қазақ әдебиеті пәнінің мазмұнын, оқу-әдістемелік қорын жаңа оқу пәндерімен, заманауи оқу бағдарламаларымен, лекциялық курстармен, оқу құралдарымен байытқан, қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиеттануының оқу және ғылым пәні ретінде дамуына, халық шаруашылығы үшін жоғары білімді мұғалімдер, жоғары білікті ғалым-ұстаздар даярлау ісіне зор үлес қосқан ұлағатты ұстаз. Ғалымұстаздың лекциялар курсы, оқулықтары мен оқу құралдары мазмұнбайлығымен, танымдың мәнінің тереңдігімен,

мағыналық-құрылымдық жүйесінің толықтығымен, ғылыми-әдістемелік негізінің беріктігімен ерекшеленеді.

Профессордың басты байлығы лекцияларының мазмұны мен мәнінің тереңдігінде. Сонымен қатар ғалым-ұстаздың лекция оқу өнері де шын шеберлік биігінде еді. Профессор Темірхан Тебегеновтің лекциялары мазмұнының тереңдігімен, ғылыми және практикалық маңызы мен мәнінің жоғары болуымен есте қалды.

Ілгеріде Тараз қаласында Мұхаммед Хайдар Дулати оқулары аясында кезекті халықаралық ғылыми конференция өтті. Баяндамашылардың біразы - шетелдік ғалымдар. Алматыдан бір топ ғалымдар барғанбыз. Конференцияның пленарлық мәжілісінде мінберге профессор Темірхан Сақаұлы шықты. Әдетте аспай-таспай, екпіндетпей, бірқалыпты сөйлейтін. Шаттанып, мәз болғанда ғана жарқырап күлетіні, көңілі тасығанда ғана құлшынып көңіл ашатыны бар еді. Тыңдаушылар тарапынан шынайы ықылас сазын сезгенде болмаса, сөйлей де бермейтін. Бұл жолы баяндамасын бастай бере, ағыл-тегіл аға жөнелді. Баяндамашының сөзіне тыңдаушылар да бар ынтасымен құлақ қойған. Сөздің шын көңілден шыққан ақтығы мен адалдығы, ойдың орындылығы мен қонымдылығы, достық ниет, жақсы лебіз айтушы мен тыңдаушы арасында өзара жарастықты қатынасқа ұласты. Аудиторияның өзіне ауған ынта-ықыласы баяндамашының көңіл күйін көлдей шалқытты. Тыңдаушы жұрттың көңіл көзі баяндамашыда болғанда, баяндамашы да олардың көңілін тауып, ойын толқытып, бойын балқытып сөйледі. Сөзінің екпіні сұрапыл. Ойының тегеурінді күшті. Тасып аққан тау суындай сарқырағанда, залдағы жұрт жым-жырт қалыпта ұйып тыңдады. Мен: «Апырай, сөздегі сұрапыл екпін тегеурінді ойдың арнасын бір жерден бұзыпжарып кетпесе екен», - деп, баяндамашыға тілектес болып отырдым. Баяндамашы тура шықты. Сөзін аяқтады. Залдағы жұрт дүркірей қол соқты. Баяндамашы аяғын абайлап басып, президиумдағы орнына отырды. Менің көңілім де жайланды, баяндамашының қолын қысып, құшақтадым. Баяндамашының сөзі тыңдаушыларын асқақ ойларға бастардай айбарлы, сөйте тұра әсерлі әрі әдемі болды.

Баяндамашының коммуникативтік құзіреттілігі тыңдаушыларын түгел тәнті еткендей еді.

Тасыған ойын сұрапыл екпінмен, бірде арнасын кернеген тау суындай сарқырап, бірде күннің жарығы бір өзіне ғана түсіп тұрғандай жарқырап айту Темірхан Сақаұлының лекторлық даралығының айрықша сипаты еді.

Темірхан Сақаұлы жарты ғасырдан астам жалғасқан ұстаздық, ғылымишығармашылық қызметінде еліміздің білім және ғылым саласының, Қазақстан жоғары мектебінің дамуына, елдің зияткерлік әлеуетінің артуына, әлеуметтің қоғамдық санасының жаңаруына үлкен үлес қосты, қазақ әдебиеттану ғылымына зор еңбек сіңірді. Ол Қазақстан жоғары мектебінің көрнекті тұлғасы еді.

Темірхан Сақаұлының дүниеге келгеніне 75 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция үстінде марқұмның туған туыстарына, ұрпақтарына, замандастары мен әріптестеріне амандық-саулық, құт-береке, бақ-дәулет тілеймін.

Профессор Темірхан Сақаұлы Тебегеновтің жарқын бейнесі біздің есімізде.

Марқұмның рухына Алладан рақым, Пайғамбарымыздан шапаған сұраймын.

Ықылас қойып тыңдағандарыңыз үшін рақымет

Ақыш Нұрдәулет
жазушы, филология ғылымдарының докторы,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас ғылыми қызметкері

САН САЛАНЫ ҚАМТЫҒАН ҚАЛАМ

Қазіргі қазақ әдебиеттанушы ғалымдарының арасында өзіне лайықты орынды ұзақ жыл бойғы еңбекпен, ізденіспен жүріп тауып алған тынымсыз қаламгердің бірі – біз білетін Темірхан Тебегенов. Өз басым Темкеңнің мақалаларын бұрыннан да оқып, танысып жүретінмін. Республикалық мерзімді баспасөздің беттерінен көзіме оттай басылатын «Темірхан Тебегенов» деген автормен мені кездестірген де – осы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының босағасы.

Ол кісінің әдебиеттану саласында араласпаған, қалам тартпаған тақырыбы тақырыбы жоқ десек те жарасар еді. Мен өз басым ол кісімен сонау 2000 жылдардың бас кезінде алғаш рет жүздестім. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Диссертациялық кеңесінде қазақтың жыраулық поэзиясына қатысты докторлық диссертациясын сәтімен қорғап шыққанына куә болдым. Құлағым қалқиып залдағы тыңдаушылар қатарын мен де толтықтырып отырғаным есімде.

Ол замандарда докторлық диссертациялардың қай-қайсысы да қазіргідей емес, ескі қалыптасқан жүйе негізінде қорғалатын. Диссертациялық кеңестің төрағасы, атақты академик Сейіт Қасқабасов болса, қорғаушылардың да, қорғатушылардың да қатары осал емес. Қазақтың көптеген белгілі әдебиеттанушы ғалымдары, нарқасқалары қатар тізе қоса тізіліп, ғылыми ахуалдың салмағын арттыра түскен бір маңызды сәт еді.

Сол кісілердің арасында Темкең ешқандай асып-саспастан, өзіне тән еркін ойлы қалыпта жеделдете сөйлеп, диссертацияның негізгі мазмұнымен отырғандарды таныстырып шықты. Жалпы салмағы зор ғылыми тұлғалардың алдында тақырыпты қорғап шығудың өзіндік қиындықтары да, жауапты сәттері де мол болатыны белгілі. Қаншама дайындықпен келсең де, ғылымға жаңалық ашпасаң, көтерген мәселеңді тиісті мамандардың жетесіне жеткізе жазып, айта алмасаң, онда мұндай қадамның барысында еңбегің де жөнді көрінбей қалмақшы.

Бірақ Темірхан Тебегенов өз ісінің маманы екенін, бұл тақырыпқа тектен текке келмегенін жақсы танытып, диссертациялық кеңес мүшелерінің бір ауыздан қолдауына ие болды. Онсыз да бұрынғы білімі, практикалық дәрістермен, жыраулардың, термешілердің орындаушылық мәнерімен ұштасып жататынын іздемпаз ғалым руханиятымыздың «Әдебиеттану» деп аталатын саласында ғылымның кезекті бір өкілі атанды.

Ғалым шаршамай-шалдықпай халыққа, руханиятқа қызмет істеуге арналған тұлға екенін таныту жолында содан кейін де тоқырап қалған емес. Кейбір ғалымдардың диссертациялық кеңестің сарабынан және жоғарғы аттестациялық комиссияның талқысынан өтіп, тиісті дипломды қолына алғаннан кейін ғылыммен айналысуды бәсеңдетіп алатыны рас. Бұндай кісілердің одан кейінгі өмір бойғы азығы – сол қорғаған диссертациялары. Соның төңірегінде тиіп-қашты ғана көрініп, ғылымға тереңдей енудің мәселесіне енжар қарайтын бір бойкүйездік пайда болса, шығармашылық бағытың бөгелістерге ұшырап қалмақшы.

Біздің кейіпкеріміз Темкеңнің табиғатының өзі бір еңбекке деген құлшыныстан тұратын сияқты. Өзінің ұстаздық қызметін шынайы ықыласпен жалғастыра жүріп, қаламы ғылыми ойлардың төңірегінде тынымсыз жорғалап жатады. Қашанда студенттердің арасында дәріс оқитын ол магистранттармен және докоранттармен жұмыс істеу тәсілін де игерді.

Жалпы қандай жоғары оқу орнында болсын, қызмет істеу абыройлы да жауапты іс екені белгілі. Өйткені студенттерге тәлім-тәрбие беру үдерісі құр дәріс оқып, тайып тұрумен ғана шектелмейді ғой. Темірхан Тебегенов болса өзінің ұжымында абыройлы, шәкірттерінің арасында сый-құрметке ие жан екенін өзім білім алып шыққан Абай атындағы қазақ педагогикалық университетінің босағасына жиі бас сұғып жүргенде байқадым.

Өзінің алған білімін, ғылымдағы жетістіктерін айтатын тақырыптарымен, дәрістің циклдарымен жалғастыра сөйлеу ол кісіге тән әдістемелік тәсілдердің бірі болса керек. Сонымен бірге Темірхан Тебегенов қандай қызметте болсын, қандай тақырыпты болсын тартынбастан алып шыға алатын бір энергиялық лепке ие. Ол кісінің талай шаршы топтың алдында түрлі тақырыптарда іркілместен сөйлеп, жұртты аузына қаратқан сәттеріне куә болған жалғыз мен ғана емес.

Менің өз басымды оның қандай тақырыпты берсең де, сәл-пәл дайындалып алып, кідірместен сөз өрнегін тізбектете жөнелетін ілкемділігі таңырқатты. Алдындағы аудиторияны аузына қаратып, тыңдаушыларының ықыластана тыңдап отырғандарын байқаса, тіпті шабыттанып кететін. Жалпы аудиториядағы тыңдаушылардың мінез-құлқын да, көзқарасы мен сол сәттегі көңіл-күйін де ескере отыру, сөйтіп үйіріп ала білу шынайы шешеннің талантына тән құбылыс. Міне, осындай сөзге деген құлшынысымен аудиторияны жаулап ала білетін шешендеріміздің бірі тағы да сол Темірхан Тебегенов. Ол кісі алдыға қарай өршелене ұмтылып, жігерлі екпінмен есіле сөйлей жөнелгенде, аузыңды ашып қара да тұр. Және ол кісінің лебізінен шыққандардың бәрі қисынға келмейтін қызыл сөз емес, қызықтыра білетін қызықты фактілер, қисынды ойлар мен құнарлы сөз тіркестері.

Жалпы көптеген тәжірибелі кісілердің айтуынша, ғылым мен жоғары мектептегі білім беру жұмыстарын ұштастыра жүргізу шын мәнінде оңай шаруа емес. Ғылымды, өзіңнің тақырыбыңды толық меңгермесең, ол тақырып бойынша дәріс оқып, шәкірттеріңе білім шуағын құю тіпті де мүмкін емес қой. Әмбеге ортақ осынау қағиданы жақсы түсінген, өзінің іс-тәжірибесімен дәлелдеген тағы да сол Темірхан Тебегенов. Жалпы ғалымның өз саласындағы еңбектерінің өзі бір төбе. Басқасын былай қойғанда, оның «Тәуелсіздік дәуір әдебиеті» атты еңбегі, кітабы жоғарғы білім алып жүрген филолог шәкірттердің тиянақтап оқитын кітаптарының бірі бола алады.

Қансейіт Әбдезұлы
филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ІРГЕЛІ ЗЕРТТЕУ ТАҒЫЛЫМЫ

Қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуының негізгі тұлғалары – халық ақындары. Олардың халық ақындары болып аталуының өзі сөз өнерінің бұқаралық-демократиялық ойпатын айқындайды. Әдебиет шығармаларының халық көңілінің айнасы ретінде бағаланып, ғасырлар бойы ауызша да, жазбаша да талай буын ұрпақтардың рухани серігі болып келе жатқаны – адамзат тарихының ұлы шындығы. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік қолына түскен 1991-2001 жылдар арасында халқымыздың арғы-бергі тарихындағы ақын-жыраулардың мұраларын өркениет талаптарына орай лайықты орнына қарай бағалау жұмыстары жүйелі, пәрменді түрде іске асырыла бастады. Сондай жұмыстардың бірі – белгілі әдебиет зерттеушісі Темірхан Тебегеновтің “Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі“ (2001) атты монографиясы. Республикамыздың жоғары оқу орындары мен орта мектептерінде ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқара жүріп, әдебиеттану ғылымы мен қоғамдық-әлеуметтік мәселелер хақындағы мақалалары үздіксіз жарияланып келе жатқан зерттеушінің бұл кітабы – қазақ сөз өнерінің мұраларының бағалаудың жаңа концепциясын танытады.

Кітаптағы төрт тараудың өзара сабақтасқан тұжырымдарының жүйесінде әдеби процестің әлемдік сөз өнері дамуына ортақ заңдылықтары қазақ поэзиясының көп ғасырлық тарихына байланыстырыла пайымдалады.

“Әдеби процесс – рухани құндылықтар тарихи” атты бірінші тарауда “халық ақындары” тіркесімен оған лайықты шығармашылық тұлғалардың ғана аталатын заңдылықтарын

айқындайды. Бұл атауды ауызша да, жазбаша да дәстүрдегі көрнекті ақындардың иеленуі – олардың туындыларын халықтың қабы дау психологиясының деңгейіне қатысты мәселе. Зерттеуші осы көзқарас ұстанымын дамыта отырып авторлығы толық сақталған, кең тарап, жұрттың санасына әбден сіңісті болып әйгіленген шығармашылық тұлғаларды "Халық ақындары – көркем әдебиет туындыларын жасаушылар, қалыптастырушылар" ретінде тануды негіздейді. Осы тұжырымдардың аясында халық ақындарының көркемдік әдістерді (романтизм, реализм) әдеби ағымдарды мұсылмандық–ағартушылық және суфизм, зар заман) қалыптастыратын, құрайтын сипаттары да аталады. Тарауда, сонымен қатар, халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрлерінің тұтастығы мәселесі де сөз болады. Зерттеуші бұрын тек қана айтыс өнеріне ғана қатысты айтылып келген импровизацияның қалпы шығармашылық өнер иелерінің бәріне де тән психологиялық құбылыс, қасиет екендігіне жаңаша баға береді.

Ал, өнер тұтастығы (синкретизм) ерекшелігінің ақындық шығармашылықтың негізгі өзегі, қозғаушы күші екендігіне зерттеуші психологиялық заңдылықтар тұрғысында қарайды. Бұл арада әрбір дарынды өнер иесіне тән шабыт қуатының ықпалы, жан-жүйелік құбылыстардың адамның ішкі сезім әлемінде жүріп жататын сатылары атап көрсетіледі. Кітапта шығармашылық шабыт ұғымның психологиялық жай-күйі жүйелене бағаланады. Халықтық өнер түрлерінің өзара ажырамай (синкретизм) жүретін ерекшелігі – фольклорлық дәстүр. Бұл дәстүрдің қолданысындағы ақындықтың. Композиторлықтың, әншіліктің, әуез аспаптарында ойнаушылықтың авторлық, ақындық поэзиядағы сақтаулы 19-20ғ. халық ақындары шығармашылығында жалғаса, жаңғыра қолданылуы ғылыми қорытындылармен сипатталады.

Монографиядағы "Авторлық – әдеби процесс өзегі" атты екінші тарауда халық ақындарының қазақ әдебиетінің тарихын қалыптастырудағы шығармашылық тұлғаларына ғылыми-теориялық талдаулар жасалады. Авторлық шығармашылық тұлғаның ежелгі түркілік мәдениет ескерткіштерінде, жыраулар поэзиясында қалыптасқан әдеби дәстүр екендігі түйінделеді. Ал, әдеби процестегі "танымал авторлық", "танылмаған авторлық", "жыршы–авторлық" ұғымдарының да әдеби-фольклорлық тұтастық сипаттарымен танылатынына баға беріледі. Авторлық категориясына байланысты ойларының аясында Жанақтың, Дулаттың, Махамбеттің, Нысанбайдың, Мұраттың, Сүйінбайдың және т.б халық ақындарының өлеңдеріндегі ақындық тұлғалану, ақындық автопортрет мәселелеріне мәтіндік талдаулар жасайды.

Осы тараудағы "Авторлық психологиялық уақыт және көркемдік таным" тараушасындағы зерттеушінің жаңалығы мол талдауларының арқауында халық ақындарының ғұмырнамалық өмірбаяндық шежірелік өлеңдері қарастырылады. Авторлық ойлаудың психологиялық уақыт пен кеңістік жүйесінде жеке адамдардың халықтың тарихи даму, қалыптасу жолдарының өлеңмен өрілетін көркемдік табиғаты анықталады. Сонымен бірге тараудағы автор мен адресаттық байланыстарға байланысты талдаулары да ғылыми жаңалығы айқын мәселе 19-20ғ. ақындары шығармаларындағы лирикалық қаһарманның, автордың деректі және дерексіз заттар мен ұғымдарға, құбылыстарға қарата жырлауының сыршылдық тереңдіктеріне бағалаулар жасалады. Әсіресе Жаратушыға арналған мінәжаттық өлеңдердің адресаттың бағдарлануына байланысты талдаулардың мәні ерекше.

Кітаптағы "Халық ақындарының лирикалық өлеңдері және олардың тұрмыстық-салттық негіздері" атты үшінші тарауда авторлық поэзияның халықтың жан-күйі (этнопсихология), тәлім-тәрбие (этнопедагогика), этнография ғылымдарына ортақ мәселелері сараланады. Халық ақындарының үйлену салтына (тойбастар, беташар, мұң-шер, қоштасу-бақұлдасу, естірту, жұбату, жоқтау). Табиғат-Жаратушы бірдейлестігі туралы өлеңдер әуелі теориялық пайыммен соның аясында халық ақындарының өлеңдері талданады. Мысалы, Доскей Әлімбетовтың, Қалқа Жапсарбаевтың, Кенен Әзірбаевтың, Есдәулет Кәндековтың, Жақсыбай Жантөбетовтың, Үмбетәлі Кәрібаевтың, Қуат Терібаевтың және т.б. халық ақындарының табиғатқа арналған өлеңдері осы теориялық қисынның аясында қарастырылады. Сонымен

қатар халық ақындары шығармаларының аңдарға, құстарға арнап жырлау дәстүрінде де ежелгі ата-бабалық наным-сенімдер жаңғырықтарының сақталуына назар аударылады. Тараудағы халықтық тәлім-тәрбиеге арналған өлеңдердің (насихат, өсиет, нақыл, аралық-басалқы (төрелік-тоқтам), дидарласу, сәлемдесу) жанрлық-көркемдік ерекшеліктеріне жасалған талдаулар ғылыми жүйелілігімен, жаңалықтарымен ерекшеленеді.

Кітаптың "Ақындар айтыстарының әдеби шығармашылық сипаты" атты төртінші тарауында да ғылыми жаңалықтар байқалады. Ең бастысы – ақындар айтыстарының әдеби шығармашылық үлгісі болып бағалануы. Ал тараудағы мұсылмандық-ағартушылық, еларалық-ұлтаралық, жазбаша айтыстар жанрларының арнайы қарастырылуы – зерттеуші ойларының тың мазмұнын аңғартады. Мұсылмандық ағартушылық құралы Құран кітабындағы аяттардың 19-20ғ. халық ақындарының айтыстарында дүниетану пікірталастарына негіз болғанына талдаулар жасалады. Ал, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар, сарт (өзбек) ақындары айтыстарының елтану әдеби байланыстар дәстүрлерін қалыптастыруға ықпал еткеніне де тиянақты ғылыми баға беріледі. Жазбаша айтыстардың жұмбақтасудан бастап, тұрмыс-салт, әлеуметтік қатынастары шығармашылық әдеби ортаға сыншылық мәселелерін қамтитын сапалық белгілері саралана сипатталады.

Монографияның барлық тарауларында да бұрын ғылыми айналымға толық ене қоймаған халық ақындарының шығармалары мол қамтылады. Теориялық-методологиялық негізіне отандық және әлемдік әдебиеттану, фольклортану, философия, психология ғылымдарының іргелі зерттеулері орынды үйлесіммен байланыстырылады.

Қорыта келгенде, айтарымыз, әдебиет зерттеушісі Темірхан Тебегеновтің аталған монографиясы – қазақ сөз өнері мұраларын зерттеудің жаңа мүмкіндіктерін, нәтижелерін танытқан іргелі еңбек.

Серік Асылбекұлы
филология ғылымдарының докторы,жазушы- драматург
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

АДАМ – КЕРУЕН, ӨМІР – ЖОЛ

Иә, айтулы ақын, ірі қоғам, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин образды түрде тауып айтқандай, адам - керуен, өмір - жол. Міне, сондай бір керуеннің көшбасшысы болған, филология ғылымдарының докторы, республикамызға кеңінен танымал әдебиеттанушы ғалым, жастардың білікті ұстазы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Темірхан Сақаұлы Тебегенов.

Сөз басында әуелі оның Қазақстан ғылымы мен оқу-ағарту саласына сіңірген еңбегіне тоқталатын болсақ, Темірхан Тебегеновтің 400-ден астам еңбектерінің отандық және шетелдік (Түркия, Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б.) баспасөзде жарияланғанын, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Қазақ әдебиетінің тарихы (XIX ғ.)», «Қазіргі қазақ әдебиеті (XX ғасырдың 70-90 жылдары мен XXI ғасырдың басы)», «Шетел әдебиеттерінің тарихы (барлық кезеңдері бойынша)», «Шығыс әдебиетінің тарихы», «Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» деп аталатын жоғары оқу орындарына арналған 5 типтік бағдарламаның авторы екендігін, Абай атындағы ҚазҰПУ мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, Халықаралық Сүлеймен Демирел университетінің «Хабаршылары» секілді ғылыми журналдардың редакция алқаларының мүшесі екендігін, ал 2009-2011 жылдары «Қазақ және әлем әдебиеті» журналының бас редакторы болғандығы, сонымен бірге оның ғылыми жетекшілігімен 13 кандидаттық, 1 докторлық диссертацияның қорғалғандығын ауыз толтырып айтуымызға әбден болады ғой деген ойдамын.

Осы арада жоғары да келтірілген құрғақ сандар мен атаулардың қандай қажыр-қайраттың арқасында жүзеге асқанын айтып жату артық болар десек те, меніңше, осыншама тамшылап

төгілген тердің ар жағында аталған ғалымның, үлкен ұстаздың туған елі мен халқына, сүйікті шәкірттеріне деген махаббаттың, сүйіспеншіліктің жатқандығын елемей кету шындыққа қиянат болар еді.

Дегенмен ғалымның еңбегі ақталыпты. Олай дейтін себебіміз елі де осындай еңбекқор азаматының есімін елеусіз қалдырмапты. Туған жерінің жергілікті мәслихаты Филология ғылымдарының докторы, профессор Темірхан Тебегеновке «Қызылорда облысы Қармақшы ауданының құрметті азаматы» деген атақ беріпті, ол сонымен бірге ғылым министрлігінің шешімімен «Ыбырай Алтынсарин» медалімен марапаттапты, оны Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты атандырыпты.

Профессор Т.Тебегеновтің ғылымға сіңірген еңбегін айтқанда, оның «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» (2001 ж.), «Әдебиет тарихы» (2006 ж.), «Әлем әдебиетінің хрестоматиясы» (2 томдық, 2004 ж.), «Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті» (2013 ж.) секілді монографиялары мен оқулықтарын айналып өтуге болмайды. Оның бұл еңбектері бүгінгі таңда республикамыздың жоғары оқу орындарында «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» секілді мамандықтар бойынша білім алып жатқан студенттер мен магистранттардың, докоранттардың күнделікті оқу процесінде кеңінен қолданылып, олардың білім көкжиегін кеңейте түсуде.

Осы арада филология ғылымдарының докторы Т.Тебегеновтің тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап еліміздің университеттері мен институттарында оған дейін тек орыс тілінде оқытылып келген «Шетел әдебиетінің тарихы» деп аталатын филология факультеттеріндегі ең бір күрмеуі қиын, іргелі пәнді республикамыздығы ұстаздардың арасынан қазақша оқытуды бірінші болып қолға алуы біздің ұлттық білім беру жүйеміздегі айтулы оқиғалардың бірі болғанын астын сызып айта кеткеніміз жөн. Бұл – айтуға ғана оңай, ал жүзеге асуы өте қиын міндет болатын. Темірхан Сақаұлы осы ауыр міндетті алғашқылардың бірі болып өз мойнына алып, өзінің хал-қадірінше осы пәннің хрестоматиясы мен оқулығының типтік бағдарламасының алғашқы қазақша нұсқасын жасап, баспасөз арқылы жарыққа шығарды. Бұндай айтулы іс тындырған азаматтарды бұрындары атам қазақ «нар жолында жүк қалмас» деп әспеттейтін. Біз де бабаларымыздың осы пікіріне қол қоямыз.

Профессор Т.Тебегеновтің ғылымға сіңірген еңбегін осымен қысқаша қайырып, оның ұстаздық қызметіне тоқталар болсақ, ол II Фердинандтың «Кісінің бойындағы үйрену құмарлығын оятқан адам - ең жақсы мұғалім» деген афоризміне сай келетін азаматтардың бірі. Егер сіз зәуқайым Темкең лекция оқып жатқан аудиторияның маңынан өтіп бара жатып, оның ашық қалған есігіне байқаусыз назарыңыз түсіп кетсе, екі көздері шырадай жанып, көркем әдебиеттің өзіне тән сиқырлы әлемнің бар құпиясын ашып беруге бел байлаған шабыт үстіндегі ұстазды көрер едіңіз. Мұндайда оның әлгі шырадай жанған қос жанары қарсы алдында сымға қонған қарлығаштардай тізілісіп, көздері мұғалімдеріне қарай жәудірей қалған шәкірттерінен өзгені көрмейді. Сол сәттен бастап ол бірте-бірте әлем әдебиетінің көркем әлеміне енеді және осы бір сәттегі өзінің өн бойындағы осынау бір алғаусыз сезімі мен ақадал ниетін шәкірттеріне де «жұқтырып», оларды да өзімен бірге сол көркем әлемге жетелеп ала жөнелетін.

Негізі біз өзіміздің күнделікті педагогикалық практикамызда мына бір жайды естен шығармауымыз керек секілді, ол - мықты ғалымдардың бәрінің бірдей мықты лектор, мықты педагог бола бермейтіндігі. Әрине «білімді алып та жығады, шалып та жығады» демекші, әдетте жақсы лекторлар мен ұстаздар білімпаз тұлғалардан шығатыны рас, бірақ кейде бұл формула барлық уақытта бірдей өзін өзі ақтай бермейді. Біздің айналып келгендегі айтпағымыз, Темірхан Сақаұлының бір басында осы екі қасиеттің, қабілеттің - ғалымдық пен ұстаздықтың сәтімен ұштасқандығы.

«Адамға әсемдік сезімін дарытпайынша, одан нағыз азамат шығара алмайсыз» дейді Үндістанның айтулы қоғам қайраткері Рабиндрант Тагор. Ал барлық өнер мен ғылымның ішінде адамға әсемдік сезімін дарытуғы бағытталған ең басты пән, ол осы – көркем әдебиет.

Ендеше сол әдебиет пәнінің оқытушысының басты міндеті шәкірттеріне әсемдік сезімін дарыту болмағанда не болмақ?!Темірхан Сақаұлы осындай талапқа сай келетін әдебиетші. Әрдайым шашы әсемдеп тараулы, костюм-шалбары мен ақ көйлегі, галстугі мүлтіксіз үтіктеулі, туфлиінің шаңы жалтырап сүртулі, шып-шымыр денесі әскери адамдарша сымдай тартылып жүретін. Бұған оның енді ішкі әлемінің әсемдігі қосылғанда ол білім саласындағы ең құрметті профессор деген атаққа әбден сай келетін.

Руда Зайкенова
филология ғылымының докторы, профессор
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ЗЕР ҚАДІРІН ЗЕРГЕР БІЛЕР

«Шынайы бақыт – өзгелер үшін өмір сүру» деп Лев Толстой айтқандай бүкіл саналы ғұмырын әке орнына ғана емес, шеше орнына да арнаған осынау ғаламат тұлғаның қажырлы да, қарымды еңбегіне таң қалмасқа, шараңыз жоқ.

Өткен ғасырдың, яғни 1980-ші жылдардан бері әлемдік деңгейдегі әдебиеттану ғылымына өлшеусіз үлес қосқан Темірхан Тебегеновті білмейтін қазақ бүгінде кемде-кем. Әбу Насыр Әл-Фарабидің, Шоқан Уәлихановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Мұхтар Әуезовтің, Әлкей Марғұланның, Қажым Жұмалиевтің, Бейсенбай Кенжебаевтың, Әуелбек Қоңыратбаевтың бастау негіздерін жаңашыл еңбектерімен жалғастыра дамыта бастаған Темірхан сияқты жаңа толқынға қуана қараған академик Зейнолла Қабдолов: «Жаңашыл ізденуші Темірханның да қазақ және әлем әдебиеті мұраларына арналған ғылыми шығармашылығының тың серпінмен жаңа жетістіктерге жететініне сенемін!» деген ұстаз үміті бүгінгі күні толық ақталғаны айғақсыз ақиқат [1].

Т.Тебегеновтің (1949-2022) 400-ге жуық ғылыми еңбектерін бір жүйеге түсіріп, талдап шығу ғана емес, тақырып бойынша жай ғана санамалап шығудың өзі оңайлыққа соқпайды.

Темірхан Сақаұлын республикалық баспасөз құралдары арқылы жақсы таныған ақын, сатирик, сазгер, атбегі Қажытай Ілиясұлы: «Сенің талдауың маған ұнайды әрі болмысың да ақынға ұқсайды, менің өлеңдерімді оқып қара» деп көзі тірісінде екі томдық таңдамалы жинағын 2009 жылы арнайы сыйлағаны әлі есімде. Қазір ойлап қарасам, «болмысың да ақынға ұқсайды» деген Қажекең сөзінде үлкен мән бар екен. Өйткені Қажекең гармонь тартса, Темкең баян тартады, екеуі де домбыра ұстап, ән салады, Қажекең вальс, танго, фокстрот билерін сауатты билесе, Темкең де қазір көпшілік билей алмайтын вальс биін шыркөбелек айналады. Міне көрдіңіз бе, «Өнерліні өнерлі аялайды...» деп Қажекең айтқандай, араларында осындай керемет телепатиялық байланыс бар екен. Балалары Темкеңнің жинақтарын шығарып, 75 жылдығын халықаралық деңгейде дүрілдетіп атап өтсе, мен балаларыммен бірге Қажекеңнің 85 жылдық еске алу кешін ҚР Жазушылар Одағында атап өтіп, «Қажытайдың Бәйгетөбесі» деген естеліктер жинағын шығардым. Арасы он жас болғанымен, мерейтойлары бір жылға дөп келіп отырады екен...

Кезінде сан түрлі шаруадан қолы тимегенімен, бірақ аға өтінішін жүрегінің түбіне берік сақтаған Темірхан Тебегенов Қажекеңнің 2019 жылы 80 жылдық мерейтойына орай «Қажытай ақынның сыршыл, сыншыл дүниетаным жырлары» деген 17 беттік көлемді мақала жазып, лирикалық және сатиралық өлеңдерін жан-жақты талдап шықты. Бұл – қарымды ғалымның азаматтық болмысының, таным-түсінігінің, адамгершілік ізгі қасиетінің бір белгісі екендігінде шәк жоқ.

Оның «Халық ақындары», «Әдебиет тарихының мәселелері», «Әдебиет тарихы», «Шетел әдебиеттері тарихы», «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі», Халық ақындары шығармаларын оқыту», «Ұлт әдебиетінің өркені», «Әлем әдебиеті», «Қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің іргелі орталығы», «Әдебиет тарихындағы көркемдік мұра дәстүрінің жалғастығы», «Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті» т.б. атты монографиялық еңбектері ғылыми айналымға баяғы еніп кеткен.

Бұған кезінде Тұрсынбек Кәкішев, Рахманқұл Бердібаев, Зәки Ахметов, Ханғали Сүйіншәлиев, Нықмет Ғабдуллин, Серік Мақпырұлы сияқты көрнекті ғалымдардың Т.Тебегенов шығармашылы туралы жылы лебіздері мен бүгінгі күні көзі тірі көрнекті ғалымдарымыз Мекемтас Мырзахметов, Қансейіт Әбдезұлы, Тұрсын Сыдықов, Жанғара Дәдебаев, Әнуар Тарақ, Рақымжан Тұрысбек, Нұрдәулет Ақыш, Серік Асылбекұлы сияқты көптеген зерттеуші-ғалымдардың мақалалары үлкен айғақ. Біле білген адамға белгілі ғалымдарымыздың бірін-бірі мойындап, қуана қолдау білдіруі қандай ғанибет десек, әрі мұның қандай зор ғибраты бар екендігі айтпасақ та түсінікті.

«Дәстүрлі ақындар поэзиясының зерттеушісі» деген мақаласында фольклортанушы академик Р.Бердібаев: «Халықтың қабылдау ықыласын иеленген көрнекті ақындар дәстүрін жалғастырушы Нартай ақынның шығармашылығын әдеби үдеріс арнасында алғаш қарастыруы арқылы ол осы бағыттағы жаңа ізденістердің ғылыми-теориялық негіздерін жүйеледі», –деген баға берді [2].

Әдебиеттанушы ғалым С.Мақпырұлы «Ақындық өнер психологиясын зерттеуші» деген мақаласында ақындық өнер психологиясының тыңдаушыларға айрықша әсер ететін ықпалды құбылысы импровизацияның заңдылықтары тұрғысында жаңаша жүйеленгені туралы айта келіп: «Импровизация өнерінің психологиялық ықпалдылығы аясында зерттеуші қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар ақындарының айтыстарына тән поэтикалық ерекшеліктерін де алғаш рет саралады», - деп жазды [3].

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғылыми-зерттеу институтының директоры, ф.ғ.д., профессор Ж.Дәдебаев: «Темірхан Тебегенов – жоғары мектептегі қазақ әдебиеті пәнінің мазмұнын, оқу-әдістемелік қорын жаңа оқу пәндерімен, оқу бағдарламаларымен, лекциялық курстармен, оқу құралдарымен байытқан, қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиеттануының оқу және ғылым пәні ретінде дамуына, халық шаруашылығы үшін жоғары білімді мұғалімдер, жоғары білікті ғалым-ұстаздар даярлау ісіне елеулі үлес қосқан және қосып келе жатқан ұлағатты ұстаз», – деген сөзі де айдай ақиқат [4].

Ал ф.ғ.д., профессор Қ.Әбдезұлы Т.Тебегеновтің «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» (2001) деген монографиясын бастан-аяқ талдай отырып, «қазақ сөз өнері мұраларын зерттеудің жаңа мүмкіндіктерін, нәтижелерін танытқан іргелі еңбек» деген тұжырыммен тиянақтайды [5].

«Қажытай ақынның сыршыл, сыншыл дүниетаным жырлары» деген тың мақаласында ғалым Қ.Ілиясұлы шығармашылығын «поэзиядағы лирикалық сыршылдық пен сатиралық шыншылдық – ұлттық және жалпыадамзаттық дүниетанымға ортақ ерекшеліктер» тұрғысынан қарастырады. «Әлем поэзиясындағы Данте Альигеридің, Петрарханың, У.Шекспирдің, Дж.Байронның, А.Мицкевичтың, Ш.Петефидің, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, И.А.Крыловтың және т.б. ондаған классикалық поэзия алыптарының лирикалық сыршылдық пен әлеуметтік – сатиралық сыншылдық ұстанымымен жырлауы сөз өнерінің жалпыадамзаттық гуманизм тұғырнамасын танытумен келеді. Бұл орайда, қазақ әдебиетінің тарихына XX ғасырдың 60-90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы сыршыл және сыншыл туындылары мен елеулі үлес қосқан көрнекті ақын, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты Қажытай Ілиясұлының (1939-2013) шығармашылығын да сөз арқауындағы классикалық дәстүр жалғастығы тұрғысында бағалаймыз», – дейді [5].

Құрышпын көрігінде жалындаған,
Күміспін, таралғыңа шабылмаған.
Мұңды-ақпын құлағыңа шалынбаған,
Қымбатпын базарыңа барылмаған.
Батылмын тағдырыңа табынбаған,
Ақынмын жұртына әлі танылмаған
Қазақ-ақпын пиғылы тарылмаған,

Азаматпын қырсығы арылмаған, – деген Қ.Ілиясұлының «Азаматпын» деген өлеңін лирикалық қаһарманның тұлғалық болмысына тән сан алуан ерекшеліктер тұтастығы тұрғысынан талдайды.

«Қажытай ақын поэзиясының негізгі ерекшелігі – халықтық-этнографиялық сипатпен жырлануы» екендігін дәп көрсеткен ғалым оның лирикалық өлеңдерінен, эпикалық толғаулары мен дастандарынан көптеген мысал келтіре отырып, «мыңжылдықтар бойы Ұлы Даланың ұланғайыр географиялық кеңістігін мекендеген халқымыздың көшпелілік пен отырықшылық мәдениеті дәстүрі тұтастығындағы тұрмысын» ақын шығармалары арқылы әдемі дәлелдейді. Мысалы, Ұлы Дала балаларының сәби-бүлдіршін кезеңіндегі ойындарын «Бұлдырап шабатұғын құлынға ұқсап», «Жорыққа тағалаушы ек жас лақты», «Өлең жазып отырған мына саусақ, ол күнде садақ тартты, асық атты» бейнелеулері арқылы дәйектесе, «Қазақ балаларының күшік асырайтыны («Ұялас»), тұлпар таңдап мініп бәйгеге қатысатыны, көкпар тартатыны («Сұркөжек»), қыран құсты баулып аңға салатыны («Қыран хикметі»), аңшылық құмарлығы («Саятта»), дала құстарымен («Бозторғай»), домбырамен сырласуы («Домбыра») нақтылы өлеңдері арқылы ашылады.

Ата-бабаларымыз қалыптастырған халықтық мәдениет сипатын «Төлі туып, жусаны бұрқыраса», «Бүркіті томағалы тұғырында, шолпы, теңге бұрымында», «Жылқышы, мерейі үстем түйешінің», «Сары ала уыз, сүрі табақ сонда», «Кигені жасыл мақпал, қара манат күтеді отағасы қадағалап», «Дереңде тықыршиды жараған ат» бейнеулерімен танытады.

...Солардың көру бақыт көркін анық,
Бозбала күреседі бөркі қалып.
Босаға бояған жіп, құрған өрмек,
Кергендей кемпірқосақ кертіп алып.
Көбелек, қоңыз ұшқан далада жаз,
Тай мініп, тайынша ұстап бала да мәз.
Сап-сары көйлек киген ақ бүркеніп,
Жеңгелерім сияқты сарыала қаз, – деген сияқты мысалдар келтіру арқылы өз ойын тереңдете түседі.

Ақынның «Еміл», «Алатау», «Алатаудың кей сәті», «Жайсаң», «Ертіс», «Қоңыр дөң», «Қосағаш», «Жайлау таңы», «Жайлаудағы шаңқай түс», «Жайлау кеші», «Жайлау түні», «Кемпірқосақ», «Дала», «Бәйгетөбе», т.б. сияқты табиғат лирикасына арналған пейзаждық суреттеулерін мыңжылдықтар бойындағы атамекенге деген қаһармандық-жауынгерлік рухтың көркемдік-эстетикалық ықпалымен байланыстырады.

Мысалы: «Дулыға киген басың мұз құймалы, сайыңнан өреді өзен жүз бұйдалы» («Алатау»), «Жырға қос құлжаларын сай тасындай», «Алатау иығына бұлт ілінсе, өштескен буралардың шайқасындай», «Ақ бура, қара бура, қоңыр бура, түксиген келе мұнда, шоғыр мұнда» («Алатаудың кей сәті»); «Кемері кілкілдеген құба белге», «Көгерген көркі бейне көсегем ғой», «Қандай ғажап табиғат, жер шетінде аспанның тұйық басын төсегендей», «Толқыннан тұғылына тұнған көбік», «Тірісінен іздедім ұқсас белгі тобылғыдай түрімді судан көріп» («Жайсаң»); «Мың толқын бір толқынның ырқыменен Ақ Ертіс алқын-жұлқын күркіреген», «Түбінде төңкеріліп жатыр аспан ап-анық, Ай, жұлдызы бұлтыменен», «Толқындар тебіседі, өріп аулақ», «Ақ тақыр шағалалар арпалысып, жебедей шаншылады балық аулап», «Тым оқыс шошынғанда ерке шабақ бауырынан жалт-жұлт етіп шығады ұшқын» («Ертіс»); «Бармысың кит жонындай қоңыр дөңім?», «Құйқалы қоңыр дөңім, момын дөңім», «Келіскен кит мүсіндес қоңыр дөңім», «Сетіркей серпетін кит құйрығындай, табиғат қалай сызған со бір жерін?!» («Қоңыр дөң»); «Жайнатып, жайған кезде көктем гүлін», «Атан бойы ақ шиге қос бәйтерек әйгілеп тұрады екен өктемдігін», «Ақ орда саясында алты қанат, жапқандай жасыл түбек жалпы манат», «Бұл менің кіндік кескен жұртым еді, жүрегім соған ылғи нұр тіледі!» («Қосағаш»); «Қоңырқай дүниені сәндегелі сазан төс самалалап таң келеді», «Ару Күн күлім көзін қадап еді, көк аспан жирен тартып сала берді. Көлеңке жұлым-жұлым түлеп кетті», «Бусанып күнгей тастың шар тарабы, меруерт шық мөлт-мөлт түсті аршадағы» («Жайлау таңы»); «Күн еңкейсе көлеңке өсіп бауырда соңғы сәуле менің биік тауымда», «Ой салады шаңытттанған түз қандай?...», « Топ етіп кеп үркіп қонған бөдене тас тәрізді мал алдына лақтырған» («Жайлау кеші»); «Қатпарлы қара ала бұлт сеңі жасырса, жалаңаш Ай жүзін», «Қоңыр түн самарқау мүлгиді дірілдеп ұйыған қалпында» («Жайлау түні»); «Керіліп кіреуке аспан иығына алқызыл, сары жиек жасыл сағым», «Айнала уылжиды құбылып гүл», «Тамаша табиғаттың Әйгерімі, Шүкімән аты бірақ өзгермеген»

(«Кемпірқосақ»); «Ат тұяғын бояса, қой бүлдірген, аспаны – жуған әйнек, мөлдір мүлдем!», «Құбылтса торғын самал, қас асылдай, құныққан құмарымды басасың қай?!» («Бәйгетөбе»), т.б.

Міне қаншама өлеңдегі негізгі ойды осылайша теріп алу арқылы ақынның әлеуметтік лирикасын да, махаббат лирикасын да жан-жақты ашады.

«Поэзиядағы сыршылдық пен сыншылдық – поэтикалық тұстастықтағы сипат» деген ғалым Қ.Ілиясұлының қоғамдық-әлеуметтік ортадағы келеңсіздіктерді, әділетсіздіктерді әшкерелеген әзіл-оспақ, сын-сықақ, мысал, мысал-баллада, мысал-дастан, пародия жанрларындағы жырларына да осы тұрғыдан кеңінен талдау жасайды.

Ата-бабалардың ғасырлар бойы қалыптасқан адамгершілік-имандылық ұстаным қасиеттерін теріс бұрмалаған арам пиғылды адамдардың мінез-құлық психологиясын аяусыз сынап, халықтық көзқараспен әділ айыптайдығы, дарынды ақындар шығармаларын әдейі дұрыс бағаламайтын сыбайластықты, тамыр-таныстықты, жалған дақпырты, көтерме мадақты, қасиетті сөз өнерін бүлдіріп жүрген пысықтарды сынайтындығы нақтылы мысалдар арқылы сөз болады.

Шығармашылық ортадағы күншіл, қызғаншақ, жерлесшіл, рушыл сыншысымақтардың әділетсіз әрекеттерін «Дауысы тарғақтай, қастығы қармақтай», «Себебі ақынның табысын таптап, рухын даттайды, жер-көкке сиғызбай жерлесін мақтайды», «Ал күншілдің рецензиясында сіз көрген атты «тай», біз көрген атанды «тайлақ» дейді, ауылдасының борсыған ботқасын да қаймақ дейді», «Бағанадай балтырыңды да маймақ дейді») деген сияқты әшкереулер арқылы Қ.Ілиясұлының сыншылдық табиғатын ғылыми тұрғыдан ашып шығады. Бұған мысал ретінде:

...Өзінің өгіз аяңынан
Оздырмау үшін,
Өрісін тарылтқан баяғыдан
Жүйрікті шідерлегісі бар.
Күйі келсе, оздырып жібермегісі бар.
...Қысқасы, аспандағы қыранның
Аяғына тұзақ құрады.
ххх
...Талай тартымды шығарманың
Мұрынын маңдайына жапсырып,

Қос құлағын кесіп алған, - деп келетін «Шіріген шідер» өлеңінің әр жерінен үзінді келтірсе, ақынның сатиралық өлеңдеріндегі өтірікшілер, өсекшілер («Құдың құлақ таңдыруы», «Усойқы», «Тамырдың тарихы», «Өсиеттің төркіні мен өршуі», «Мысқа мінездеме» (мысал-дастан), т.б.) жемқорлар («Басының ішінен бас шығады», «Онысын айтсаң осқырады», «Космосқа көшетін кемпір»), парақорлар, алаяқтар, ұрылар («Текетірес», «Шындық шыңғыртады», «Ұрының үрім-бұтағы», т.б.), мәжілісқорлар-бюрократтар, мансапқорлар («Ішкі есеп», «Алып тұрды, салып тұрды», «Таққұмардың талабы», т.б.), жалған діндарлар-дүмшелер («Дүмшеге бопса», т.б.), маскүнемдер («Сақалды мен мұртты», «Сылтаудың сиқы», т.б.), есеппен жасалатын мағынасыз дарақы тойсымақтар («Тоқыраған той», «Тойдағы топалаң», т.б.) ақын өлеңдерінің тақырыбы бойынша топтастырылып, сарказм мен ирония тұтастығы бойынша талданады.

Ғалым қаламынан Қ.Ілиясұлының пародиялары да, тентек термелері де, достық әзілдері де, баталары мен мақал-мәтелдері де тыс қалмаған. Тіпті Қажытай ақынның жазбаша және ауызша поэзия дәстүрін қатарлас ұстанған айтыстарындағы («Қажытай мен Қалжыңтайдың айтысы», «Қалжыңтайдың дүкеншімен айтысы», «Кертаңдай мен Жымыңғайшаның айтысы», «Тасмандай мен Жүгірмектің айтысы», «Ақтабан мен Жүгірмектің айтысы», «Қыз бен жігіт айтысы», «Қотыр қой айтысы», «Тамаша» айтысы», т.б.) сыншыл ойлардың айқын бояуы дәл көрсетілген.

Ғалым ақын поэзиясындағы азаматтық сарынмен жырланған арнау өлеңдерге де арнайы тоқталады. Қазақ тарихындағы аса көрнекті қайраткер тұлғалар: Жамбыл Жабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Бауыржан Момышұлы, Ғабит Мүсірепов, Зәки Ахметов,

Тұрсынбек Кәкішев, Қалихан Алтынбаев, Шәмші Қалдаяқов, Сәкен Жүнісов, Қабдеш Жұмаділов, Секен Тұрысбек т.б. арналған өлеңдеріндегі поэтикалық ерекшеліктерді ашып береді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы, Қасым Аманжолов, Жұматай Жақыпбаев, Мұстафа Өзтүрікке арналған жоқтау өлеңдері де киелі өнер дәстүрінің тарихи-поэтикалық бейнелеулермен сомдалғандығын атап көрсетеді. Мақалада ақынның эпикалық толғау-дастандары да арнайы сөз болады.

Міне бір ғана мақаласы арқылы Т.Тебегеновтің поэзияның қыр-сырын жетік терең ғалым екенін тануға болады. Жоғарыда аталған көрнекті ғалымдар пікірінде ешқандай жалғандық жоқ, шынайы пікір ғана бар екенін осыдан-ақ білеміз [7].

Темірхан Сақаұлы: «Қорыта айтқанда, көрнекті ақын Қажытай Ілиясұлының әдеби мұрасы – Тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғырудағы жаңа тарихында қазіргі және болашақ ұрпақтар үшін мәңгілік ұлттық қазына құрамында ұлықтала береді» дегеніндей ғалым мұрасы да мәңгілік қазына екенін айрықша айтқымыз келеді. Қажырлы ғалым қаламынан туған зерттеу еңбектердің баршасы – бүгін ғана емес, келешекте де жас ұрпақтың көзін ашып, көкірегіне сәуле түсіретін таптырмас асыл азық, рухани мол байлық.

Менің академик Қажым Жұмалиев туралы жазған еңбектеріме, сүйген жарым Қажытай Ілиясұлының жеті томдық шығармаларын шығарғаныма шексіз риза болып, құрметпен қарайтын асыл да ардақты досым, рухың пейіште шат болсын!

Халықаралық деңгейде конференция өткізіп, 22 томдық шығармалар жинағын шығарып, оның тұсаукесер рәсімін бірнеше жерде өткізуге мұрындық болып жүрген ғалым қызы Алтынарай Тебегеноваға, Эльвира, Дастан, Нұршат балаларына және де сөзі мен ісін жалғап жүрген шәкірттеріне, бір Тәңірім нұры мен шуағын шашсын!

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Қазақ ғылымының жаңашыл зерттеушісі. //«Әдеби шығармашылық үдерісін зерттеудің өзекті мәселелері және Темірхан Тебегенов шығармашылығы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 8 қараша 2019 жыл.

2. Бердібаев Р., Т.Тебегенов. Ақындық дәстүр және Нартай Бекежанов поэзиясының өзіндік ерекшеліктері. Алматы, 1987.

3. Мақпырұлы С. Зерделі зерттеуші. // «Қазақ әдебиеті» газеті, 2009. – 30 қазан.

4. Дәдебаев Ж. Темірхан Сақаұлы Тебегенов – көрнекті әдебиеттанушы тұлға. // «Әдеби шығармашылық үдерісін зерттеудің өзекті мәселелері және Темірхан Тебегенов шығармашылығы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. - 2019 жыл, 8 қараша. – 20 б.

5. Әбдезұлы Қ. Іргелі зерттеу тағылымы. ////«Әдеби шығармашылық үдерісін зерттеудің өзекті мәселелері және Темірхан Тебегенов шығармашылығы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. - 2019 жыл, 8 қараша.

6. Тебегенов Т. Қажытай ақынның сыршыл, сыншыл дүниетаным жырлары. //Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын, сазгер, сатирик, этнограф, атбегі Қажытай Ілиясұлының туғанына 80 жыл толуына арналған «Ұлы дала елі және тарихи сананы жаңғырту» атты конференция материалдары. – Алматы: ҚҰҚМУ, 2019. – 5-16 бб.

7. Ілиясұлы Қажытай. Таңдамалы шығармалары. Екі томдық. – Алматы: Баспалар үйі, 2009

Бауыржан Омарұлы
ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ТЕМІРХАН АҒАНЫҢ ТӘЛІМІ
(Балаларды бағалау)

Жыл сайын 1 маусымда бүкіл жұрт балаларын құттықтайды, перзенттеріне ерекше еміренеді. Ал дәл сол күні Темірхан аға құлқынсәріден әйгілі жыршы, танымал ғалым Берік Жүсіповке телефон шалады. Жай шалып қана қоймайды, оны Балаларды қорғау күнімен құттықтайды. «Қызық екенсіз, аға, алпамсадай алыпты сүйкімді сәбилердің мерекесімен құттықтағаныңыз не?», – дейміз біз таңырқап.

Темірхан аға іркілмейді. «Ойбай-ау, ол да бір халықтың баласы емес пе?! Біздің де дәу баламыз ғой!», – дейді жұлып алғандай. Бәйтеректей Берікті балаларды қорғау күнімен құттықтау үрдісінің қашан басталғаны есте жоқ, бірақ біздің жалпақ жыршы жыл құрғатпай маусымның беташар күнінде ағасының айрықша ықыласына бөленетін.

Темірхан аға кейіннен Берікке серік қосып, балаларды қорғау күнімен біз секілді басқа да інілерін құттықтайтын болды. Сөйтіп, жұрттың бәрін құшағына қысып, айналып-толғанып, үнемі өзгені өбектеп жүретін жақсы аға осындай бір әдемі әдет орнықтырды.

Темірхан Тебегенов Қызылорда мемлекеттік педагогика институтын бітіріп, сол оқу орнында қызмет істеп жүргенде де, жалпы жұртшылыққа жақсы танымал болды. Ол республикалық басылымдарға үзбей мақала жазып тұрады. Алматыда өтетін түрлі ғылыми жиындарға жиі келетін. Өзі о бастан елге үйірсек болған соң, Астана жұртшылығы да оны жатсынбайды. Елпілдек зерттеушіні конференциялардан қалдырмайды. Келген сайын төрін ұсынады.

Темірхан ағамыз ақыры Алматыға келіп, түпкілікті орнықты. Білімнің қара шаңырағы – Абай атындағы Қазақ педагогика университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында қызмет істейтін білікті ғалымдардың қатарына қосылды. Филологтардың жас буынан тәрбиелеуге атсалысты. Бір ғажабы, оны шәкірттерінің бәрі шетінен жақсы көреді. Әсіресе, Қызылордада баяғыда дәріс алған, бүгінде белгілі тұлғаға айналған қыз-жігіттердің өзі оны көргенде құрақ ұшады. Алдынан кесе өтпейді. Ағайларына шаң жуытпайды. Демек, Темірхан Тебегенов жас ұрпақтың жүрегіне жол тапқан ұлағатты ұстаз бола білгені ғой. Әйтпесе, қазіргідей қытымырлау заманда қай шәкірт қай ұстазды ұлықтап қарық қылып жатыр осы?!

Аққөңіл... Ақеден... Елгезек... Емен-жарқын... Осы ұғымдардың бәрі ардақты ағамыздың табиғаты мен тұрпатына толықтай сай келетін. Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым» романының бір кейіпкері «Неге екенін білмеймін, көшеге шықсам болды, елдің бәрін құшақтағым кеп тұрады. Бақыттылықтан ғой деймін», – деп ағынан жарылатын-ды. Сол айтқандай, Темірхан Тебегенов шынында шәкірттерінің шексіз ықыласына бөленген бақытты ұстаз еді. Зиялы қауымға кең танымал әлеуетті әдебиеттанушы, парасаты профессор Темірхан Тебегеновтің кейінгіге қалдырған бір тәлімі осы-тұғын...

Ол Алматыға қоныс тепкен соң жұмыс барысында ептеп араласа бастадық. Жиын-тойларда жиірек жолығыстық. Шаңырағында болдық. Көбіне-көп өмірі үйінен қонақ арылмайтын жампоз жыршы Берік Жүсіповтің шаттыққа толы шаңырағында жүздесетінбіз. Сондай сәттерде Темірхан ағамыз жан дүниесін айқара ашып, армансыз ақтарылып, серпіле сөйлеп отырар еді.

Сәуір айында Алматының зиялы қауымы Темірхан Тебегеновті соңғы сапарына шығарып салды...

Енді бүгін, 1 маусымда еңгезердей екі-үш баланы кім құттықтайды, аға?

*Алуа **Таңжарықова***
филология ғылымдарының докторы, қауымд.профессор м.а.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ТЕМІРХАН САҚАҰЛЫНЫҢ «БІРТҰТАС ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» МОНОГРАФИЯСЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР, АТАМЕКЕН ЖӘНЕ ҰЛТ ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ МӘСЕЛЕСІ

Қазақ әдебиетіне сырттан құяр қайнар бұлақтың бірі болып табылатын Қытайдағы қазақ қаламгерлерінің шығармаларын талдап, оларды ортақ игілікке толықтай айналдыра алмай келеміз. Шетелдегі қазақ әдебиетінің даму процесі туралы, жеке ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми еңбек жазу, тыңғылықты ізденісті қажет етеді. Қытайдағы қазақ әдебиеті ұғымының әдеби-тарихи және көркемдік-эстетикалық жүйесі мейлінше ауқымды. Өйткені, ол жақтағы қазақ әдебиетінің көркемдік даму үдерісі туралы кесімді пікір айту үшін сол жақтың әдебиетімен қатар тарихынан да хабардар болу керек. Аталған елдегі қазақша жазылған шығармалардың даму барысы жіті сараланып отыр деп те айта алмаймыз. Біртұтас қазақ әлемінің рухани кеңістігін кешенді зерттеп, зерделейтін арнаулы орталықтар да жоқ. Ал, Қытайда жыл сайын қазақ тілінде бес жүзден астам кітап жарық көреді екен. Басқа елде дүниеге келген қандастарымыздың шығармашылығына әдеби-теориялық негізде баға беру - әдебиеттану ғылымындағы кезек күттірмес шешімін табуы керек мәселелердің бірі.

Ал, Темірхан Сақаұлының «Қытайдағы және атажұртқа оралған ақын-жазушылардың шығармашылығы» атты ғылыми монографиясын осы үдеден шығатын еңбек деп толық айтуымызға болады. Ғалым Қытайдағы көрнекті қаламгерлердің шығармашылығына талдау жасап, баға берген. Олардың қысқаша өмірбаяны мен еңбектері, шығармаларындағы ерекшеліктері таразыланып, сарапталған. Осы арқылы көпшілік назарына көп ілінбей жүрген ақын-жазушыларды бүгінгі және келешек ұрпақтың терең тануына жол салған. Шетелдегі қазақтардың арасында сақталған әдеби-фольклорлық мұраларына тоқталып өтеді. Ғылыми монографияның бірінші бөлімінде, Әсет Найманбайұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Көдек Маралбай, Таңжарық Жолдыұлы, Қажығұмар Шабданұлы, Ойшыл Омарғазы, Әкбар Мәжитұлы, Сұлтан Жанболатов, Зәhара Нұрәділқызының әдеби мұраларына тоқталып, шығармаларындағы көтерілген әлеуметтік, философиялық астарына үңіліп әдеби-теориялық, көркемдік ерекшеліктеріне тоқталған.

Мәселен, Әсет Найманбайұлының өмірі мен шығармашылығына тоқтала келіп, ақынның ел арасындағы қоғамдық-әлеуметтік тұрмысындағы өзекті мәселелерді, ұлттық-тарихнамалық, азаматтық ұстаным тұрғысынан жырлаған өлеңдерін «Ақырғы сөз, «Қалдың ба, қайран қазақ қамданбастан» өлеңдерін әлеуметтік негізде талдап өтеді. Сонымен қатар Ә.Найманбайұлының «Адамның жасы жөнінде», «Шыншыл бол, шықпа жолдан, шыдамды бол», «Жас шама», «Жас жігіт надандықпен алданады», «Тәмсіл», «Дүние бір керуен көшіп жүрген» өлеңдеріндегі өрілген насихаттық-тәлімгерлік сарынды философиялық негізде қарастырып өтеді.

Қытайдағы қазақ әдебиетінің дамуына қарқынды үлес қосқан Таңжарық Жолдыұлы да абақты азабынан дүниеден өткен. Аталған монографияда Темірхан Сақаұлы Таңжарық Жолдыұлының қазақ рухани мәдениетінің тарихында суырып салма және жазбаша суреткер-ойшыл ақын тұрғысында, оның шығармаларындағы азаматтық рухты жан-жақты кемеліне келтіріп жаза білген. Оның қазақтың дәстүрлі жыраулық-жыршылық поэзиясында жазбаша ақындығы мен ұштастырған шығармашылық мәнерін анықтап, өлеңдерін осы негізде талдаған. Шығармашылық мұраларындағы қазақ фольклоры мен ауызша авторлық жыраулық-жыршылық, ақындық өнер дәстүрінің, жаңа жазба реалистік әдебиеттің Абай қалыптастырған классикалық дәстүр, Ұлы Жібек жолы мен Орталық Азия елдеріндегі сөз

өнерінің озық үлгілерінің тағылымы, Алаш рухындағы жаңашыл-ағартушылық сарындардың өлеңдеріндегі көрінісін тарих бедерімен қатарластыра отырып жүйелеп, талдап берген.

Ақынның азаматтық - Отаншылдық сарынды лирикалық өлеңдерінде «Ақын сыры», «Оқы, жастар, қалам ал», «Жігіттерге», «Жасшылық баста бар кезде», «Бірталап», «Жерге амандасу», «Таңжарықтың атар таңы», «Ақсақал, амансыз ба, аталарым» тағы басқа лирикалық қаһарман тебіреністері аясында ақыл-ой иелеріне ортақ адамгершілік-имандылық қасиеттері көркемдік-эстетикалық танымменжырланғандығын саралап өткен.

Таңжарық Жолдыұлының азаматтық сарынды лирикалық өлеңдерінде фәни тіршілік қозғалысындағы дәстүр, ұрпақтардың ұлағатты қасиеттер жалғастығы жүйелене жырланған. Мағыналы жырларымен халқымыздың жадында жырлары жатталып, сақталған ойшыл, сыршыл ақындар жырларының мәңгілік сақталатын құдіреті даралана айтылып, бейнелі өрнектермен жырланғанын автор тілге тиек етеді.

Ғалым Таңжарық ақынның элегиялық лирикалық жырларының психологиялық сарындар аясында жауыздық иелерінің қатыгездік, жендеттік іс-әрекеттері поэтикалық бейнелеулермен жырланғандығын айтып өтеді. Түрмеге қамалған жазықсыз адамдарды жазалау іс-әрекетерін бейнелеген жолдардан ақынның зұлымдықты, жендеттікті шынайы болмысымен танытқан суреткерлігін баса айтады.

Сонымен қатар, ғалым Қажығұмар Шабданұлының романдарын әдеби-теориялық негізде талдай келе романдағы әлеуметтік мәселелерге көп тоқталған. Қажығұмар Шабданұлының «Пана» атты романын талдай келе оның он тоғыз тараудан тұратындығын, романдағы кейіпкелер жүйесін, сюжеттік желілеріне, композициялық құрылымына, әлеуметтік теңсіздік мәселелеріне тоқталған.

Зерттеу еңбекте ойшыл Омарғазы ақынның өміріне тоқтала келе, шығармаларын жан-жақты саралап өтеді. Мысалы, «Майлы-жәйір», «Жасыл жайлау, жарық түн», «Янбиан қызына», «Болат фонтаны», «Шыңжаң», «Азия үстіндегі кеме», «Жыр атасы», «Өлеңім-менің азабым» тағы басқа өлеңдеріне жан-жақты талдау жасалынған. Омарғазы Айтанұлының философиялық өлеңдеріне тоқтала келе, ондағы ғарыштық-ғаламдық кеңістіктің алуан түстілігі мен адам дүниетанымымен байланысының барлығын атап өткен.

Омарғазы ақынның табиғат лирикасына байланысты жазылған өлеңдерін де қарастырып өткен.

Әкбар Мажитұлының өмірі мен шығармашылығына байланысты теориялық талдау негізінде біршама мұраларын талдап шыққан. Әңгімелеріндегі қатігездік, адамдар мен такбиғат арасындағы байланыс пен үндестік мәселесі, тарихи-этнографиялық желілерге де тоқталып өтеді.

Сұлтан Жанболатовтың шығармаларындағы ежелгі қазақ мемлекеттілігініңкөркем ойлаумен өрнектелген тарихи-әдеби сипатын қарастыра келіп, шығармаларындағы ел тағдыры, ұлттық таным, ұлттық арпхетип мәселелерін қарастырған.

Ғылыми монографияның екінші бөлімінде елге оралған отандастарымыздың шығармашылығы берілген. Халифа Алтайдың тарихи-деректі прозасы, Тұрсынәлі Рыскелдиев, Серік Қапшықбайұлы, Жақсылық Сәмитұлы, Зейнолла Сәнік, Шәмшабану Хамзақызы, Тұрсынхан Зекенұлы, Ермұрат Зейіпхан, Алмас Ахметбекұлы, Дүкен Мәсімханұлы, Дәулетбек Байтұрсынұлы, Серік Нұғыман, Мұрат Шаймаран, Ғалым Қалибекұлы, Мұратхан Шоқанұлы, Әбдіғани Базылханның өмірі мен шығармалары қарастырылған.

Оралған отандастар шығармашылығында азаматтық-отаншылдық ұстаным басым. Арғы беттен осы топыраққа, Отанына қоныс аударған қазақ қаламгерлерінің шығармаларындағы Отанға, туған жерге деген сағыныш сарыны монографияда жан-жақты талданады.

Қытайдағы қазақ әдебиеті – ұлттық сөз өнерінің ажырағысыз бөлігі. Классикалық әдебиетіміздің дәстүр жалғастығына сай жаңарып жаңғыруына қандас қаламгерлер өлшеусіз үлес қосып келеді. Ел мен жер үшін күресіп өткен ұлы бабаларымыздың ерлігі мен өрлігін, қайғысы мен қасіретін, арманы мен шемен шерін шынайы бейнелеп, тарихи тұлғалардың

кесек образдарын суреттеудегі қандастарымыздың тіл құдіретін Темірхан Сақаұлы ғылыми зеректікпен тани білген және зерделі ой айта білген.

Осынау кемел іске ғалымның жұмыла үлес қосып, Қытайдағы қазақ әдебиетін жаңа биікке шығарудағы қажырлы ізденістері мен зерделі ойлары әдебиеттану ғылымына сіңірген толымды еңбектерінің бірі деуімізге болады.

Әдебиеттер:

1. Тебегенов Т. Біртұтас қазақ әдебиеті: Қытайдағы және атажұртқа оралған ақын-жазушылардың шығармашылығы: Алматы: «Мерей» баспасы. 2018.-472 бет

Алтынарай Темірханқызы Тебегенова
филология ғылымдарының кандидаты (PhD)

ӘКЕ, ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ: ҰРПАҚҚА ТАҒЫЛЫМ БОЛҒАН ҒҰМЫР ЖОЛЫ

Кемеңгер ғалымның ғұмыры – тек білімнің қоймасын жинау ғана емес, адамзаттың рухани кеңістігін кеңейтіп, асыл ойлары арқылы ұрпақтар жүрегіне шырақ болар жарқын болашақтың сәулесін түсіру. Ұлы ұстаз-әкенің әрбір сөзі мен ісі, әрбір қадамы келер ұрпақ үшін жол сілтеуші, әрбір ойы – ғасырлар бойы халықтың рухани байлығын арттыратын алтын арқау...

Адамзаттың сан мыңжылдық тарихында ұрпақтар жалғастығы – өмір көшін үздіксіз жалғап келе жатқан қасиетті жол. Әр жаңа буын өзінің ата-баба жолынан нәр алып, сол рухани қазынаға сүйене отырып, өмір сүріп, жаңа із қалдырады. Осылайша, ғасырлар қойнауынан бері сақталып келе жатқан ұлы дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы – тарихтың мәңгілік діңгегі екені ақиқат. Мен де осынау ұлы жолдың жалғасы ретінде әкемнің ғұмырын, тағылымды жолын түгендеп, оның өмірін баяндап беруді, жүріп өткен әр белесін ой елегінен өткізіп, сөзбен сәулелендіргім келеді. Әкемнің ғұмырын ұрпаққа үлгі етіп, оның қалдырған ізіне тағзым еткім келеді. Бұл мен үшін тек әке алдындағы парыз ғана емес, ұрпақтар сабақтастығын сақтай отырып, тарихтың рухани мұрасын ұлықтау міндетім деп білемін.

Менің әкем Тебегенов Темірхан Сақаұлы (1949, 18.XI) – қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, «Ақбел – Көк иін» – «Тебеген ойы», Ақжар мекенінде дүниеге келген. Филология ғылымдарының кандидаты (1987), доцент (1991). Филология ғылымдарының докторы (2002 ж.), профессор (2004 ж.). 1958–1968 жж. «Ақжар» кеңшарындағы №28 Қазақстан Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының (ҚЛКЖО) XXV жылдығы атындағы «Бестам» орта мектебінде оқып, онжылдық білім алады.

Атамыз Сақаның туған ағасы, яғни үлкен атамыз Тебеген Қожаназаров (1894-1940) – 1929-1934 жылдары Қармақшы аудандық революциялық комитеттің мүшесі, Қуаңдария болысы атқару комитеті басқармасының төрағасы, одан кейін Дауылкөл ауылдық кеңесінің төрағасы болған. 1938 жылы 8 қазанда саяси қуғын-сүргіннің салдарынан жазықсыз жазаланып, аудандағы көрнекті басшы қызметкерлерімен бірге Сібірге жер аударылған, 1940 жылы жазықсыздығы дәлелденіп ақталған. Оның інісі Сақа Қожаназаров ауылдағы халық ағарту саласында мұғалімдік-ұстаздық қызметімен еңбек еткен. Әжеміз Күләмза Дайырқызы – біздің әкеміздің анасы, атамыз Сақа қайтыс болғаннан кейін отбасындағы балаларын тәрбиелеп өсірген. Біздің әкеміз – отбасындағы балалардың кенжесі. Атамыз Сақа 1958 жылы кенеттен қайтыс болғаннан кейін әкеміздің үлкен ағасы Әлсүйеу де, ортаншы ағасы Төлепберген (Төлен) де отбасылық тұрмыстық жағдайға байланысты мектептегі оқуларын тоқтатып, ауылдың шаруашылығына араласқан. Ал біздің әкеміз Темірхан орта мектептегі онжылдық оқуын толық аяқтап шыққан. Әжеміз Күләмза отбасы берекесін сақтап, балалары

Әлсүйеудің, Төлепбергеннің еңбек етулеріне және кенже ұлы біздің әкеміз Темірханның оқудан қол үзбеуіне бар мүмкіндігін жасап баққан. Сондықтан, әулеттің отын сөндірмей, балаларының әкелеріне лайықты өнегелі өмір сүруіне ықпал еткен әжемізді кейінгі ұрпақтары үнемі құрметпен еске алады.

Орта мектеп оқыған жылдарда Таян Жүсіпов, Тұрмахан Тұңғышбаев, Бибігүл Жұбанбаева, Сара Бейсенбаева, Шәкизада Шоқбаров, Айдарбек Әбдіраманов, Зинали Ыбыраев, Жұпар Аяпова, Мәдина Сүйінбаева, Сәден Нұртаев, Іскендір Бағатов, Үсен Баймаханов, Әсия Шоқбарова және т.б. ұстаздарынан терең білім негіздерін, адамгершілік тәлім-тәрбие ұлағатын бойына сіңіреді.

1968-1972 жж. Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы мемлекеттік педагогикалық институттың филология факультетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқып, жоғары білім негіздерін игереді. Сөз өнерін оқыту мен зерттеу мамандығын игеруде қазақтың көрнекті ғалымдары Әуелбек Қоңыратбаевтың, Нұрлыбек Жүнісовтің, Әнес Жақыповтың, Әли Байжоловтың, Гүлзәй Смағұлованың, Мәди Кереевтің, Үсен Абдуллаевтың және т.б. ұстаздардың білім, білік, адамгершілік ұлағатын үйренеді. Студенттік жылдары оқу пәндерін үздік меңгерумен қатар ғылыми ізденістерге де талпынды. Студенттердің ғылыми қоғамының Республикалық конкурсында «Асқар Тоқмағамбетовтің сатиралық шығармалары» баяндамасы үшін арнаулы грамотамен марапатталды. Педагогикалық институттағы «Сыр сұлуы» ән-би ансамблінің өнерпаздары құрамында (1968–1969 жж.) мерекелік концерттеріне де негізгі хор құрамындағы әнші болып қатысты.

1972-1974 жж. Қызылорда облысындағы Қармақшы ауданының «Куандария» кеңшарындағы №186 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып алғашқы еңбек жолын бастады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудағы озық әдістемелік шеберлігі, педагогикалық тәлім-тәрбие істеріндегі біліктілігі, іскерлігі аудандық оқу бөлімі тарапынан жоғары бағаланды. Ауылдағы мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыруға белсене қатысты, ауыл клубы сахнасында көркемөнерпаздардың күшімен шағын пьесалар қойылымдарын, концерттерді ұйымдастыруға үлесін қосты.

1974-1981 жж. Қызылорда қаласындағы №10 Ыбырай Алтынсарин, атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, тәрбие жұмыстарының меңгерушісі (директордың орынбасары) қызметтерін атқарды. Бұл жылдары қалалық, аудандық, облыстық педагогикалық оқуларда жасаған қазақ әдебиетін мектепте оқытуға, тәрбие мәселелеріне арналған ғылыми-әдістемелік баяндамалары («10-сыныпта І. Жансүгіровтің «Гималай» өлеңін оқыту», «10-сыныпта «Жамбыл шығармаларын оқыту», «Көркем шығарма мәтінін талдау әдістемесі» және т.б.) жоғары бағаланды.

1981-1991 жж. Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында (қазіргі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде) еңбек етті. 1986-1987 жж. әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық (ол кезде С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік) университеті аспирантурасында оқыды. «Ақындық дәстүр және Нартай Бекежанов поэзиясының өзіндік ерекшеліктері» тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады (1987). Аталған пединститутттың бастауыш оқудың педагогикасы мен методикасы, қазақ тілі және әдебиеті кафедраларында оқытушы, аға оқытушы, доцент, қазақ тілі және әдебиеті (1989-1990 жж.), қазақ әдебиеті және араб тілі (1990-1991 жж.) кафедраларының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Педагогикалық институттағы барлық факультеттерде қазақ тілі пәнінің оқытылу бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастырды. Зейнолла Шүкіров атындағы әдеби бірлестігі мүшелерінің шығармашылық ізденістеріне жетекшілік етті.

1989-1992 жж. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы республикалық басқармасының мүшесі, Қызылорда облыстық ұйымы басқармасының төрағасы болып сайланды. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеде қолданылуын нығайтуға арналған көсемсөздік мақалалары республикалық, облыстық баспасөзде жиі жарияланып келеді.

1990 жылы қараша, желтоқсан айларында Түркия Республикасының Ыстанбұл қаласына сонда тұратын қазақтардың арнайы шақыртуымен барды. Ыстанбұлдағы қазақтар, жалпы түрік халықтары мәдениеті мәселелері бойынша әртүрлі кездесулерге қатысты. Баязид университеті ғалым-ұстаздарымен (Осман Сәрткая, Мехмед Сараи, т.б.) пікірлесті, Түркияның мемлекеттік Топқапы сарай мұражайында (музейінде) болды.

1991 жылдың қазан айынан бері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде доцент (1991-2003 жж.), профессор (2004 жылдан бері), қазақ әдебиеті (2008-2011 жж.), Қазақ әдебиеті және журналистика (2011-2014 жж.) кафедраларының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Қазіргі кезде академик С.Қирабаев атындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры болып еңбек етіп келеді. «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Шетел әдебиеттері тарихы» пәндерінен лекциялар оқыды.

Проф. Т.С.Тебегеновтің ғылыми жетекшілігімен 1 докторлық, 13 кандидаттық, 10 магистрлік диссертациялар қорғалған. Жарияланған еңбектерінің жалпы саны – 600-ден асқан; олардың ішінде 20 мақала шетелдерде (Ресей: Татарстан, Башқортостан, Қытай, Түркия, Болгария, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б.) жарық көрген. 2013 жылдың қазан, қараша, 2016 жылдың мамыр, маусым айларында Қытай Халық Республикасының астанасы Бейжіңдегі Орталық Ұлттар университетіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетінде «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Әдебиет теориясы зерттеулерінің методологиясы», «Қазақ әдебиетінің эстетикалық табиғаты», «Шетел әдебиетінің тарихы» пәндері бойынша арнайы шақыртылым бойынша дәрістер оқыды, магистрлік, PhD диссертациялар қорғау кеңестерінің мүшелігі жұмыстарына қатысты.

Жарияланған кітаптары – 30: монография – 11, оқулық – 2, оқу құралдары – 17.

Жарияланған мақалалары: шетелдік басылымдарда – 20, отандық журналдарда – 280, отандық газеттерде – 292.

Проф. Т.С.Тебегенов ҚР БҒМ бекіткен 5 оқу пәндері типтік бағдарламаларының авторы: 1. Қазақ әдебиетінің тарихы (XIX ғ.); 2. Қазіргі қазақ әдебиеті (XX ғ. 70-90 жж. және XXI ғ. басы); 3. Шетел әдебиеттерінің тарихы (Барлық кезеңдері бойынша); 4. Шығыс әдебиетінің тарихы; 5. Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері (магистратура).

«Халық ақындары» (1997) кітабында қазақ әдебиеті тарихының көрнекті тұлғалары Қожаберген Толыбайұлының (1663-1773) толғаулары, ән-өлеңдері, дастандары қарастырылған. Жырау шығармаларының XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуы үдерісіндегі мәніне баға берілген. Қожабергеннің қоғамдық-әлеуметтік қызметі (жорық жауынгері, би-шешен) мен ақындық-жыраулық шығармашылық тұтасқан тұлғасының ұлттық рухани мәдениет тарихындағы маңызы көрсетілген. «Елім-ай!», «Баба тіл» дастандарының тақырыптық-идеялық, сюжеттік-композициялық, стильдік-көркемдік ерекшеліктері сараланған. Кітаптағы Шортанбай Қанайұлы (1818-1881) шығармашылығына арналған тарауда ақынның XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде діни-исламдық өркениеттегі сопылық-философиялық дүниетаным мен зар заманды поэзия сарындарын тұтастырған ерекшеліктері қарастырылған. Шортанбайдың мұрасындағы насихат, терме-толғау, арнау, жоқтау, айтыс өлеңдері, дастан жанрындағы шығармалары талданған. Кітапта XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихының көрнекті тұлғасы Ерімбет Көлдейбекұлы (1844-1916) шығармашылығы да арнайы тарауда қарастырылған. Ақынның өмірбаяндық-дерекнамалық жолы мен дидактикалық-философиялық толғау-термелерінің, жазбаша айтыстарының, дастандарының поэтикалық ерекшеліктері талданған. Аталған тұлғалар шығармаларының халықтық-эстетикалық сипатына, ұлттық әдебиет үдерісіндегі көркемдік жалғастықтың дамытылуына тарихи поэтика заңдылықтары тұрғысында бағалаулар жасалған.

«Шетел әдебиеттері тарихы» (1996, 2006 жж.) кітабында XIX-XX ғғ. жаңа реалистік әдебиет дамуы арнасындағы Түркия, Иран, Үндістан мемлекеттеріндегі сөз өнері шығармашылығы үрдісінің даму жағдайы сөз болған. Аталған Шығыс елдеріндегі әдеби және қоғамдық-әлеуметтік даму сабақтастығы жүйеленген. Әлем әдебиеті пәнінің Қазақстан

Республикасының тәуелсіздік жолындағы жаңа тарихында мемлекеттік қазақ тілінде оқытылуы мақсатын жүзеге асыруға арналған кітаптағы материалдар ұлттық әдебиеттанудың көркем аударма үрдісінің жетістіктеріне негізделген. Кітапта Назым Хикмет Ранның (Түрік әдебиеті), Әбілқасым (Ғасем), Лахутидің (Иран-Тәжікстан), Рабиндранат Тагордың (Үндістан) өмірі мен шығармашылығы арнайы тарауларда қарастырылған. Кітаптың «Қосымшалар» бөлімінде «Азия мен Африка елдері жазушылары конференциясының дүниежүзі жазушыларына Үндеуі» (1958, Ташкент), «Түркі поэзиясының Халықаралық екінші фестиваліне қатысушылардың әлем жазушыларына Үндеуі» (Алматы, 1993), «Түркі поэзиясының Халықаралық екінші фестиваліне қатысушылардың әлем тәржімешілеріне хаты» (Алматы, 1993) берілген.

«Әлем әдебиеті (XIX-XX ғасырлар)» екі кітаптан тұратын оқулық-хрестоматиясы (2016) Азия, Африка (бірінші кітап), Еуропа, Америка (екінші кітап) құрлықтары халықтары әдебиеттеріндегі көрнекті ақын-жазушылар шығармаларын топтастырған, қазір оқу орындарында қолданылып жүр. «Әдебиет тарихының мәселелері» (1998) кітабындағы шығармалар қазақ және әлем халықтары сөз өнері мұраларының көркемдік жалғастық жолы заңдылығы бойынша қарастырылған. Ислам өркениеті дүниетанымы негізіндегі классикалық әдебиет тұлғалары шығармаларының дидактикалық-философиялық, лирикалық, эпикалық сарынды ерекшеліктері байыпталған. XIX–XX ғғ. қазақ әдебиеті тарихы көрнекті тұлғаларының әдеби мұралары арнайы қарастырылған. Хакім Абай шығармаларындағы діни-исламдық дүниетаным болмысы жалпыадамзатқа ортақ гуманистік-эстетикалық көзқарастар тұрғысында дәлелденген. Ыбырай Алтынсарин мұрасындағы діни-исламдық көзқарастар («Мұсылманшылықтың тұтқасы» («Шариат-ул-ислам»), Омар Шораяқұлының, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының, Сәкен Сейфуллиннің, Ғабит Мүсіреповтің, Асқар Тоқмағамбетовтің, Қалижан Бекхожиннің шығармалары жеке-жеке ғылыми очерктер түрінде жазылған. Кітап әдебиет тарихының әртүрлі кезеңдеріндегі ақын-жазушылар мұраларының үздіксіз жалғасқан көркемдік дәстүр сабақтастығын танытуға арналған.

«Әдебиет тарихы» (1999) кітабында қазақтың ақындық өнері табиғаты ғылыми-теориялық тұрғыда сипатталған. Дәстүрлі ақындық поэзия өкілдері шығармашылығының бірнеше өнер тұтастығынан құралатыны, әлем халықтары мұраларымен поэтикалық үндестігі, ауызша және жазбаша ақындық өнеріндегі көркемдік-стильдік шеберлік дәстүрі жалғастығы айтылған. Осындай өзекті мәселелер аясында ақындардың тарихи жырлары, дастандары, XIX-XX ғ. көрнекті ақындар Базар Оңдасұлының, Бұдабай Қабылұлының, Нартай Бекежановтың әдеби мұралары біршама толық қамтыла қарастырылып, ғылыми-теориялық талдаулармен бағаланған.

«Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» (2001) атты монографиялық еңбекте дәстүрлі ақындық поэзия тұлғаларының шығармалары әдеби процесті құрайтын авторлық әдебиет өкілдері ретінде алғаш рет өнер психологиясы, этнопсихология, этнопедагогика, дінтану философиясы мәселелерінің аясында қарастырылған. Дәстүрлі ақындық поэзиядағы авторлық тұлға, автор мен адресаттық нысан арасындағы психологиялық байланыс, психологиялық уақыт пен кеңістікті құрайтын шежірелік, болжалдық, мұсылмандық-мүнәжаттық және пантеистикалық өлеңдер ғылыми-танымдық негізде сараланған. Сонымен қатар, мұсылмандық-ағартушылық пен еларалық-ұлтаралық, осымен бірге жазбаша айтыстар авторлық әдеби шығармашылық заңдылықтары тұрғысында әдебиеттанудың жаңа көзқарастарымен тұңғыш рет талданған.

Профессор Т.С.Тебегенов құрастырған «Әлем әдебиеті» (XIX–XX ғғ.) хрестоматиялық оқу құралында түрік, парсы, қытай, жапон, үнді, монғол, негр (I-кітап), неміс, ағылшын, француз, поляк, венгер (мадияр), американ (II-кітап) халықтары ақын-жазушыларының туындылары үлгілері қамтылған.

«Қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің іргелі орталығы» (2008) атты әдеби-танымдық оқу құралында Қазақстандағы ең тұңғыш жоғары оқу орыны Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының 1928–2008 жылдар

арасындағы жұмысы қамтылған. Қазақ әдебиеті кафедрасының әуелгі құрылуынан бері осы ұжымда еңбек еткен көрнекті әдебиетші ғалым-ұстаздар туралы танымдық-дерекнамалық материалдар 80 жылдық тарихи бар іргелі орталық ұлағатын танытады. Кітапта қарашаңырақ тұңғыш жоғары оқу орынының қалыптасуына зор ықпал еткен қазақ ұлтының қайраткерлері Ахмет Байтұрсыновтың, Сәкен Сейфуллиннің, Мұхтар Әуезовтің, Қажым Жұмалиевтің, Мәлік Ғабдуллиннің, Серік Қирабаевтың, Нығмет Ғабдуллиннің, Қайнекей Жармағанбетовтің, Немат Келімбетовтің және т.б. ғалым-ұстаздардың шығармашылығы туралы мақалалардың тарихи-әдеби танымдық тағылымы айқын.

Қазақ әдебиеті кафедрасының әуелгі қалыптасу бастауындағы көрнекті қайраткерлердің дәстүрін жалғастырған кейінгі толқын ғалым-ұстаздардың (Ө.Тыныбаева, С.Мақпырұлы, Т.Сыдықов, М.Жаманов, Т.Рахымжанов, К.Әбілқасымова, А.Тамаев, Р.Бораш, Б.Әбдіғазиұлы, Т.Жұмажанова, т.б.) да оқыту мен зерттеу бағдарындағы шығармашылық еңбек жолдары туралы бағалаулар жазылған. Оқу құралының үшінші бөлімінде қазіргі жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті пәніні оқытудағы өзекті оқу-әдістемелік мәселелер қарастырылған.

Дәстүрлі ақындық поэзиясының көрнекті тұлғалары Жүсіп Ешниязұлының (2003), Молдахмет Дабылұлының (2005) шығармалары жинақтарын құрастырып жариялады. Көрнекті халық ақындары шығармалары жинақтарының жауапты редакторы болып, алғы сөзін жазып жариялауға қатысты: Жұматайұлы Әлиакбар, «Көмейден төгіл, жауһар жыр» (2008); «Дала дарындары» (2008), «Мұзарап ақын шығармалары» (2008).

Профессор Т.С.Тебегеновтің қазақ әдебиеті тарихындағы ақын-жазушылар, ғалымдар туралы мақалалары да жарық көрген. Қорқыт ата, Мұхаммед Хайдар Дулати, Сүйінбай Аронұлы, Шортанбай Қанайұлы, Жамбыл Жабаев, хакім Абай, Махамбет Өтемісұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Жүсіп Ешниязұлы, Әсет Найманбайұлы, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Қалмахан Әбдіқадыров, Зейін Шашкин, Таңжарық Жолдыұлы, Молдахмет Дабылұлы, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Әлкей Марғұлан, Бауыржан Момышұлы, Бейсенбай Кенжебаев, Әуелбек Қоңыратбаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Нысанбек Төреқұлов, Серік Қирабаев, Нығмет Ғабдуллин, Әбділхамит Нарымбетов, Қайнекей Жармағамбетов, Зейнолла Шүкіров, Қажытай Ілиясұлы, Алма Қыраубаева, Жанғара Дәдебаев, Рымғали Нұрғалиев және т.б. кейінгі толқын шығармашылық тұлғалар туралы еңбектері жарияланған.

Зерттеушінің шетелдердегі (Түркия, Ауғанстан, Қытай, Монғолия) қазақ әдебиеті мәселелері, Ақыт Үлімжіұлы, Көдек Маралбайұлы мұралары туралы мақалалары, кітаптары («Қазақ әдебиеті: шетелдегі және Атажұртқа орныққан отандас, қандас ақын-жазушылар», 2018; «Біртұтас қазақ әдебиеті: Қытайдағы және Атажұртқа оралған ақын-жазушылар шығармашылығы, 2018») жарық көрді. Әлем әдебиетінің көрнекті тұлғалары Р. Тагор, Дж. Г. Байрон, А.С.Пушкин, Л. Соболев, Тоқтағұл Сатылғанов, С.Қадышев шығармашылығы хақында мақалалары да жарық көрді.

Профессор Т.С.Тебегенов – ҚР БЖҒМ М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындап жарияланған қазақ әдебиеті тарихы көптомдығының 6-томындағы (2006) «Тайыр Жомартбаев», «Тұрмағамбет Ізтілеуов» шығармашылығына арналған бөліктердің авторы. Іргелі зерттеулер бағдарламалары бойынша жұмыстары жалғасуда. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясына (5, 6, 7-тт.) қазақ және әлем әдебиетіне арналған мақалалары енгізілген.

Қоғамдық-әлеуметтік әртүрлі өзекті мәселелер (мемлекеттік қазақ тілін, қазақ әдебиетін оқыту, педагогикалық практика, діни-исламдық ағартушылық, әдет-ғұрыптар, кітапхана және оқырман, т.б.) туралы мерзімді баспасөз беттерінде, теледидар бағдарламаларында үнемі өзіндік пікірлерін ортаға салды.

Профессор Т.С.Тебегеновтің ғылыми жетекшілігімен қорғалған докторлық, кандидаттық диссертациялар да ұлттық әдебиеттанудың өзекті мәселелеріне арналған жаңа ғылыми нәтижелермен ерекшеленеді. Мысалы, М.К.Әйтімов «Қазіргі қазақ романы: тарихи шындық және көркемдік шешім» (докторлық, 2010); Д.А.Сатемирова «Ерімбет Көлдейбекұлының әдеби

мұрасы және ақындық орта дәстүрі» (кандидаттық, 2001); Г.Е.Есіркепова «Қазақ поэзиясына Шығыс классикалық әдебиеті дәстүрінің ықпалы (XVIII–XIX ғғ. және XX ғ. бас кезі» (кандидаттық, 2002); Қ.С.Мәмбетов «Дидактикалық поэзия дәстүрі (Жүсіп Ешниязұлы шығармашылығы негізінде)» (кандидаттық, 2004); Э.Ж.Қансейітова «Діни дастандардағы тарихи шындық және көркемдік уақыт (XIX ғ. және XX ғ. бас кезі)» (кандидаттық, 2005); А.С.Оразбаева «Қазақ әдебиетіндегі шежірелік шығармалар: тарихилығы және жанрлық, стильдік ерекшеліктері» (кандидаттық, 2005); Ш.Б.Ақатаева «Қазіргі ақындық поэзияның жанрлық, көркемдік, стильдік ерекшеліктері (XX ғ. екінші жартысы және XXI ғ. басы)» (кандидаттық, 2005); Ә. Сқағиева «Қазақстандағы неміс прозасы: классикалық әдеби дәстүр және көркемдік әдіс жалғастығы», (кандидаттық, 2007); А.Ы.Шамахова «Қазақ прозасындағы ақын-жырау тұлғасы бейнеленуінің тарихи-әдеби негіздері» (кандидаттық, 2009); Ж.А.Тұрымбетова «Түріктің ашықтық және қазақтың ақындық поэзиясындағы дәстүр үндестігі (XIV-XIX ғғ.)» (кандидаттық, 2009); Н.Абылқайыров «Қазақ поэзиясында мүшәйра жанры (генезис, жанр, поэтика)» (кандидаттық, 2010); Н.К.Нұрмаханов «Тарихи өлең-жырлар мен дастандардағы Жанқожа батыр тұлғасы» (кандидаттық, 2010); Т.Ш.Өмірбаева «Ақындық поэзиядағы ұлттық сипат және көркемдік ойлау (XIX ғ. аяғы мен XX ғ. бірінші жартысы)» (кандидаттық, 2010); А.Т.Сейіткұлова «Қазақ поэзиясындағы діни-исламдық дүниетаным шығармашаларының тарихи-әдеби сипаты (XIX-XX ғғ. және XXI ғ. басы)» (кандидаттық, 2010).

Магистрлік диссертацияларға да ғылыми жетекші болып жаңа зерттеулердің жүзеге асуына бағдар беріп келді. «Қазақ тілі мен әдебиеті» магистрі ғылыми дәрежесі үшін профессор Т.С.Тебегеновтің жетекшілігімен қорғаған өзекті тақырыптардағы диссертациялар да болашақта жалғасатын іргелі ізденістер бағытын байқатады.

1992–2002 жж. студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын бағалайтын Республикалық сараптау комиссиясының төрағасы болды.

2002 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институыда «Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі» тақырыбында филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

Т.С.Тебегеновтің өлеңдері, мақалалары «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» томдарында, республикалық газет-журналдарда, ғылыми жинақтарда жарияланған. Ғылыми-әдеби ғұмырнамасы «Қазақ әдебиеті» (2005), «Сыр елі» (2006) энциклопедияларында жарияланып, бірқатар еңбектері Қытайдағы, Ресейдегі (Татарстандағы, Башқортостандағы), Түркиядағы, Өзбекстандағы (Қарақалпақстандағы) журналдарда жарық көрген. Халықаралық республикалық ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік конференцияларда үнемі баяндамалар жасап келеді. Түркиядағы Анкара, Қытай Халық Республикасындағы Орталық Ұлттар университетінің, Сулейман Демирел және Фатих университеттерінің бірлескен халықаралық бағдарламасы бойынша қазақ және түрік халықтарының фольклоры мен әдебиеті мұраларын, әдеби байланыстарын оқыту, зерттеу мәселелеріне арналған тақырыптарда зерттеулер жүргізіліп келді.

2002 жылы Алматы қаласы Әкімінің демеуімен Бауыржан Момышұлының туғанына 90 жыл толуына байланысты таңдаулы материалдарға жарияланған бәйгесінен «Оттың ұшқынымын, судың тамшысымын» атты ғылыми-зерттеу мақаласы үшін екінші жүлде берілді. Сонымен бңрге филология ғылымдары бойынша ғылыми дәреже беретін диссертациялық кеңестің, ҚР Жоғары Аттестациялық Комитетінің филология және өнертану мамандықтары бойынша сараптау кеңесінің, ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы «Дарын» ғылыми орталығы сараптау комиссиясының, «Қазақ және әлем әдебиеті» журналының, «Жамбыл әлемі» газетінің Бас редакторы, «Қазақ тілі мен әдебиеті қазақ, орыс сыныптарында», «Білім технологиялары» ғылыми-әдістемелік, «Рухнама», «Әлімсақ» әдеби-мәдени, тарихи-танымдық журналдары редакция алқаларының мүшесі болды.

1992 жылдан осы уақытқа дейін университеттегі Сәкен Сейфуллин атындағы әдеби шығармашылық өнер бірлестігінің жетекшісі, жас ақындардың, прозашылардың, журналистердің ізденістеріне бағдар берді, көптеген танымал қаламгерлердің қалыптасуына ықпал етті.

2009 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Ақжар ауылындағы №28 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті педагогикалық кеңестің шешімімен «Профессор Темірхан Тебегенов атындағы кабинет» болып аталды.

Қызылорда облысы «Қармақшы ауданының Құрметті Азаматы», ҚР БжҒМ шешімімен «Ыбырай Алтынсарин» медалімен, ТҮРКСОЙ-дың, Қырғыз Республикасының «Тоқтағұл Сатылғанов – 150» медалімен, «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігінің «Ел ардақтысы» медалімен, Қазақ хандығының Бас батыры «Текей батыр» медалімен, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың «Үздік Түлек» медалімен, «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалімен», Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Абай», «Үздік Ұстаз» медальдарымен, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықпен, Түркі Әлемі Халықаралық «Қызыл Алма» сыйлығының лауреаты атақтарымен марапатталған. Ол – Халықаралық Махмуд Қашқари орденінің иегері.

Қазақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрі Академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі, Халықаралық «Бейбітшілік әлемі» сыйлығының лауреаты.

Профессор Т.С.Тебегенов – жоғары оқу орындарының қазіргі заманғы талаптарына сай еңбек еткен тәжірибелі ұстаз-ғалым. Орта мектептер мен жоғары оқу орындарындағы қазақ және әлем әдебиеттерін зерттеу мен оқыту әдістемесіндегі ғылыми-теориялық, практикалық сабақтастықты дамыту мәселелерін жетілдірумен айналысып, студенттердің педагогикалық практикасына көп жылдар бойы жетекшілік жасап келді.

Әкемнің жары, біздің анамыз Сапура Махамбетқызы (1952-2006) – жоғары білімді ұстаздық-тәрбиешілік қызметімен көптеген шәкірттерін баулыған білікті маман болған. Ол балалары біздерді (Эльвира, Алтынарай, Дастан, Нұршат) өсіріп, немерелерінің (Әділжан, Камилла, Мария) бақытты, берекелі тұрмысын дамытуға өмірін арнап өтті. Ағайынға, халыққа сүйкімді тұлғасымен ару ана тұғырындағы ұлағатымен сұлу өмір сүрді. Әкеміз бен анамыздың ұлағатты тәрбиесінің көрсеткішіндей 2007 жылы Халықаралық «Заман – Қазақстан» газеті ұйымдастырған Республикалық байқауда «Үлгілі отбасы» жүлделі орнын иелендік. Текті әулеттің мұрагерлер ұстанымындағы бұл дәстүрді біз мәңгілік болашаққа жалғастырамыз.

Әкемнің артында қалған рухани мұрасы – оның саналы ғұмырын арнаған биік еңбегінің, халыққа деген адал қызметінің, сөз өнеріне деген терең сүйіспеншілігінің асқақ көрінісі. Ол өмірден өткеніне біршама уақыт өтсе де, жанында шын жүректен құрметтейтін достары, адал шәкірттері оның жолын жалғастырып, еңбегін халыққа жеткізуге тырысып келеді. Қазіргі таңда әкемнің өзі жоқ болса да, оның қаламынан туған ойлары, жүрек түбінен шыққан сөздері халық жадында сақталып, әрбір жанның жүрегіне жол тапқаны ақиқат.

Әкем өмірден өткен соң да, оның рухани байлығын ұмытпай, бағалап келе жатқан игі жақсылар қаншама?! Әкем өмірден озғаннан кейін аз уақыттан соң ақ 2022 жылдың қарашада айында Қазақстан Жазушылар кітапханасында әкеме арналған әдеби-сазды сыр-сұхбат және «Темірхан Тебегенов тағылымы», «Кете Байсары» сынды бағалы кітаптарының тұсаукесерлері жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Әкемнің еңбектерін халықаралық аренада танытып, ол қалдырған мұраның құндылығын бағалаған қаламгер ғалым достары мен шәкірттеріне алғысымыз шексіз. 2023 жылдың қараша айында өзі оқыған Қармақшы ауылы, Ақжар мектебінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» кабинеті салтанатты түрде ашылып, толық жабдықталды. Бұл іс-шара әкемнің рухани мұрасын ұлықтаудың тағы бір көрінісіне айналды.

2024 жыл - Әкемнің ұлы белесі - 75 жылдық мерейтойы. Бұл мерейтой - оның 22 томдық шығармалар жинағының жарық көруімен айрықша мәнге ие болды. Оның ғылыми-

шығармашылық мұрасы еліміздің мәдениетінің алтын қорына қосылып, ҚР Ұлттық кітапханасында халықаралық дәрежедегі ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтуі – ұлы ғалым-ұстазға деген құрметтің жарқын белгісі. Аталған конференцияға тек республикадан ғана емес, Түркия, Азербайжан, Башқұрстан, Қытай мен Қырғыз елінен келген ғалым-қаламгерлер әкемнің өмір жолын, оның ұрпаққа қалдырған мұрасын, кемеңгерлігі мен өнегесін жоғары бағалады.

Әкемнің 75 жылдық мерейтойына арналып шығарылған 22 томдық шығармалар жинағы – бұл тек қана ғылыми еңбек емес, ұлттың рухани байлығын арттыратын асыл қазына. Қаламынан шыққан әрбір сөзі, әрбір томы - әкемнің терең ойлау қабілетін, қарапайымдылық пен кемеңгерліктің бірегей үйлесімін көрсетіп, оның өмір бойы білімге деген шексіз адалдығын айғақтайды. Бұл жинақ – ғылым мен білімнің ұлы жолын көрсеткен жарық жұлдыздай, ұрпақтар үшін бағдаршам екені хақ. Әкемнің әлі де жарық көрмеген қаншама мақалалары, зерттеулері мен еңбектері бар. Болашақта, әкемнің 80-90 жылдық мерейтойларында тағы да том-том болып жарыққа шығатын шығармалары оның ғылыми мұрасының жаңа белестерін ашып, ұлттық рухани қазынаны одан сайын толықтырады.

Әкемнің өмір жолын, ғылымға деген адалдығын, халқына деген қалтқысыз қызметін ұмытпаған қаламгер ғалым достары, шәкірттері мен әріптестері оның артында қалдырған мұрасын жандандыруда, оның еңбектеріне терең зерттеулер арнауда.

Әкемнің ең жақын әрі адал досы, ғұмыр бойы қол ұстаса қатар жүріп, әр қуаныш пен сынақта қолдау көрсеткен асыл жан – жазушы, қоғам қайраткері, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, қаламгер Нағашыбек Қапалбекұлы. Әкемнің әрбір қадамын, ұлы мақсаттарын терең ұғып, оның шынайы досы бола білді. Өмірінің әр кезеңінде бірге жүріп, оның тағдырының қуанышын да, қиындықтарын да тең бөлісті. Әкемнің соңғы ақтық сапарында да адалдық пен ғалымға деген шексіз құрметтің үлгісін көрсете білді. Әкем өмірден өткен соң оның рухын асқақтатып, есімін жаңғыртуды өзіне парыз санаған Нағашыбек Қапалбекұлы сол адал достықтың өлшемсіз биік үлгісін көрсетіп келеді. Өмірден озғаннан кейінгі әрбір туған күні сайын, ол әкемнің білімін, шығармаларын дәріптеп, елге жасаған еңбегін ерекше тебіреніспен еске алып, ұлы ұстаздың бейнесін жүректерге терең орнатып келеді. Бұл оның досқа деген риясыз махаббатының, жан-дүниесінің тазалығының, адалдығының дәлелі. Нағашыбек Қапалбекұлының бұл ұлағатты ісі – нағыз достықтың, бауырмалдық пен парасаттың, ұлылықтың, тектіліктің асқақ көрінісі. Әкемнің есімін биіктетіп, рухын мәңгілік өшпестей етіп жадымызда жаңғыртып жүрген осы еңбегі — шын жүректен берілген досқа тән қасиет пен мәңгілікке жол тартқан асыл естеліктердің қастерлі шырағы.

Әкемнің шәкірттері сан жағынан да, ғылыми деңгейлері жағынан да аса көп. Қазақстан Республикасына белгілі ақын, ҚР Ақпарат саласының үздігі, ҚР Мәдениет саласының үздігі, әкемнің үздік шәкірттерінің бірі Саят Қамшыгер, ҚР белгілі айтыскер ақын Шұғайып Сезімхан – әкемнің артында қалған мұрасына тағзым етіп, оның есімін ұлықтауға бар күш-жігерлерін салып, аянбай еңбек етуде. Әкемнің әрбір шәкіртінің жүрегінде әкемнің рухы бары анық... Әрбір сөзі мен ісі – шәкірттері үшін өмірлік бағыт-бағдар болып қалары сөзсіз. Әкемнің іздеушілері барда, оның мұрасы ешқашан өшпейді, керісінше, уақыт өткен сайын жаңғырып, жаңа буындардың санасына сәуле шашып тұрары ақиқат. Бұл мұра – оның ғұмырының жалғасы, халқына деген махаббатының, шексіз еңбегінің мәңгілік белгісі. Оның қалдырған еңбектері – еліміздің мәдениеті мен руханиятын байытар баға жетпес қазына, болашақ ұрпаққа жол сілтейтін жарық шамшырақ.

Қорыта айтқанда, Сырдың сырлы топырағының ғұлама ұлы, ғалым-ұстаз, әкеміздің ұлағатты ғұмырнамасы – қазақтың ата-бабалық киелі дәстүріне негізделген өнегелі жолының жалғасы. Әкеміздің өнегелі өмір жолы жаңа буын ұрпақтары арқылы мәңгілікке ұласа береді.

Осман Қабадайы
ф.ғ.д., доцент, Қыршехир Ахи Эвран Университеті
Қыршехир қаласы /Түркия

Т.С.ТЕБЕГЕНОВ – ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ

Тәуелсіздік – ғасырлар бойы аңсап келген ата-бабамыздың мұң-шері болып қазақ әдебиетінде таңбаланып қалса, ендігі кезекте сол арман болған уақытты ақын-жазушылар мақтанышпен жырлап жатса, ол мазмұн жас ұрпақтың рухани дүниесінде дер кезінде өз орнын алуы керек.

Осылай паш етілген Тәуелсіздіктің бейнесі қазақ әдебиетінде суреттеліп, ол құндылық дүние өз кезегінде әрбір қазақтың, оның ішінде жас ұрпақтың рухани қазынасына айналуы керек. Тәуелсіздік жылдарында дүниеге келіп жатқан көркем әдеби туындылар қазіргі заман келбетін бейнелеп, замандастарымыздың жасампаздық ерлігін паш етуде деп бағалаймыз. Әдебиеттанушы ғалымдардың қазақ әдебиетінің жаңа кезеңін «сан салалы, көп мағыналы, күрделі өмір кешкен қазақ әдебиетінің жаңа кезеңі, енді таптық әдебиет пішімін өзгертіп, ұлттық әдебиет жалауын көтеріп, соны өріске бет түзеген» жаңа кезеңді «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті» деп атаудың да болашақта «Қазақстанның жаңа дәуір әдебиеті» деп аталуы мүмкін деп сенеміз.

Осындай тәуелсіздік тұсында жазылған, әдебиеттің қыр-сырын көрсете білген еңбектердің авторы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр Академиясының академигі, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі: Қазақ әдебиеті және бұрынғы журналистика кафедрасының меңгерушісі - Темірхан Сақаұлы Тебегенов. 1949 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы Ақжар ауылында дүниеге келген.

1991 жылдан бері конкурстық сайлаумен осы уақытқа дейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі «Қазақ әдебиеті » кафедрасында доцент (1991-2003 жж.), профессор (2004 жылдан), қазақ әдебиеті (2008-2011 жж.), Қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасының меңгерушісі (2011 жылдан) қызметтері бойынша еңбек етіп келеді.

Профессор Т.С.Тебегеновтің ғылыми жетекшілігімен 1 докторлық, 13 кандидаттық, 1 магистірлік диссертациялар қорғалған. Жарияланған еңбектерінің жалпы саны - 400-ден асқан; олардың ішінде 10-нан аса мақала шетелдерде (Ресей, Қытай, Туркия, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б.) жарық көрген, монография -3, оқу құралдары - 8.

Т.С.Тебегенов ҚР БҒМ бекіткен 5 оқу пәндері типтік бағдарламаларының авторы : 1. Қазақ әдебиетінің тарихы (XIX ғ.) ; 2. Қазіргі қазақ әдебиеті (XX ғ. 70-90 жж. және XXI ғ. басы); 3. Шетел әдебиеттерінің тарихы (Барлық кезеңдері бойынша); 4. Шығыс әдебиеттерінің тарихы; 5. Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері (магистратура) .

Т.С.Тебегенов ғылыми - педагогикалық Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы», Әл - Фараби атындағы КазҰУ - дегі «Ай -Ару», «Сүлейман Демирел университеті Хабаршысы», «Қазақ және әлем әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті қазақ, орыс сыныптарында», әдеби - танымдық «Тұрмағамбет», «Әлімсақ» журналдарында редакция алқаларының мүшесі болып келеді, «Қазақ және әлем әдебиеті» журналының бас редакторы (2009-2010 жж.) болған.

Қызылорда облысы «Қармақшы ауданының Құрметті Азаматы». ҚР БжҒМ шешімімен «Ыбырай Алтынсарин» медалімен, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты атағымен марапатталған.

Т.С.Тебегеновтың әдеби әлемі жайлы, еңбектері жайлы көптеген мақалалар бар соларға тоқталып өтейік. Киелі қармақшы топырағында балғын кезеңін алаңсыз өткізген ойын баласы 1958 жылы «Бестам» қазақ орта мектебінің 1-ші сыныбына қабылданып, онжылдықты 1968 жылы жақсы бітіреді. 4-сыныптан бастап Ақжар кеңшары орталық кітапханасының тұрақты оқырманына айналады. Болашағынан зор үміт күттірген ол орта мектепте оқыған жылдары Таян Жүсіпов, Тұрмахан Тұңғышбаев, Сара Бейсенбаева, Сәден

Нұртаев сынды ұлағатты ұстаздардан терең білім мен адамгершілік тәрбие- тағылымын алды.

1968 жылы шілде айында Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы мемлекеттік педагогикалық институттың филология факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына емтихан тапсырады. Сол оқу жылы осы мамандыққа 300- дей бала тапсырып, 25 бала қабылданады. Соның бірі бүгінгі белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Темірхан Сақаұлы Тебегенов болды.

Студенттердің республикалық ғылыми конкурсында «Асқар Тоқмағамбетовтің сатиралық шығармалары » тақырыбындағы баяндамасы жүлделі орынға ие болды.

1972 жылы пединститутты үздік дипломмен бітірген жас маман Қызылорда облысындағы Қармақшы ауданының «Қуаңдария» кеңшарындағы № 186 қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып алғашқы ұстаздық еңбек жолын бастайды. 1974 жылы Қызылорда қаласындағы №10 Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінде ұстаздық қызметін жалғастырады. Ғылым жолына түсу мақсатымен өзі білім алған Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына (қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті) қызметке келеді.Әуелі « Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасына оқытушы болып қабылданады, 1981-1986 жылдары қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы қызметін атқарады. 1986-1987 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық (ол кезде С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік) университетінің аспирантурасында оқиды. Университеттің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Ханғали Сүйінішалиевтің жетекшілігімен филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Ақындық дәстүр және Нартай Бекежанов поэзиясының өзіндік ерекшеліктері» тақырыбында ғылыми- зерттеу жұмысын жүргізіп, 1987 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап шығады. Бұл зерттеу жұмысы ақын Нартайдың шығармашылығын даралаудағы бірден - бір еңбек болатын.

Педагогикалық институтта 1981-1991 жылдары Зейнолла Шүкіров атындағы әдеби бірлестігі мүшелерінің шығармашылық ізденістеріне жетекшілік еткен де осы кісі болды.

Сондай-ақ ол 1989-1992 жылдары халықаралық «Қазақ тілі » қоғамы республикалық басқармасының мүшесі, қоғамдық негізде Қызылорда облыстық ұйымы басқармасының төрағасы болып сайланды.

Ғалым - ұстаз 1991 жылы Алматыға ауысып, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде еңбек етіп келеді.

Т.Тебегенов 1992-2002 жылдары студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын бағалайтын Республикалық сараптау комиссиясының төрағасы болды. 2002 жылы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында «Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі» тақырыбында докторлық диссертациясын табысты қорғады. Қорғау кезінде шығып сөйлеген ресми сарапшы көрнекті ғалым, академиктер Зәкен Ахметов, Сейіт Қасқабасов, профессорлар Мекемтас Мырзахметұлы, Нығмет Ғабдуллин, Бауыржан Омарұлы жұмыстың құндылығына баға берді - деп жазады Дүйсенбек Беркінбаев, Ақманат Шамахова (Қызылорда қаласы, Сыр бойы газеті, 2009 жыл, 4 бет).

Профессор Темірхан Сақаұлының әдеби- ғылыми шығармашылық жолына жіті көзбен ден қойсақ, халық әдебиеті , ақын-жыраулар мұрасы, сыл сөздің әр кезеңдердегі көрнекті өкілдері хақында іргелі ізденістер жүргізгені, зерделі зерттеулер жазғаны айқын аңғарылар еді (мысалы,«Халық ақындары шығармаларын оқыту», 1990; «Шетел әдебиеттері тарихы», 1996; « Халық ақындары »,1997; «Әдебиет тарихының мәселелері»,1998; «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі», 2001;

«Ұлт әдебиетінің өркені», 2004; «Әлем әдебиеті», 2004; «Қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің ілгері орталығы» 2008; «Әдебиет тарихындағы көркемдік мұра дәстүрінің жалғастығы » , 2009, т.т .). Біздіңше, бұл еңбектердің басты бағыттары мен көркемдік-эстетикалық байлығы - ұлттық асыл сөздің арғы-бергі тарихын жүйелі зерделеп, оның арасында халық әдебиеті үлгілері мен фольклорлық туындылардағы ортақ белгі-ерекшеліктерді, ақын-жыраулар поэзиясындағы елдік мұрат-мүддеге негізделген азаматтық-адамгершілік асқақ идеалдарды, еңбек пен ерлік дәстүрлерді, жастық пен достық сырларын,

ар-иман, дін-діл, тілдік мүмкіндіктерді мың сан дерек көздері, алуан талдау-саралаулар арқылы байыпты зерделейді. «Ұстаздар ұлағаты», « Оқыту мен зерттеу міндеттері» қазақ әдебиеті кафедрасынның тарихы мен тағылымы, ұстаздық қызмет пен оқу - оқыту ісінің түйінді тұстары кең орын алады.Бұдан басқа, әсіресе А.Байтұрсынұлы, С.Сейфулин, М.Әуезов, М.Қаратаев, Қ.Жұмалиев, С.Қирабаев, Н.Ғабдуллин, Қ.Жармағамбетов, Н.Келімбетов, Т.Сыдықов, С.Мақпыров, Т.Рахымжанов, Қ.Әбдезұлы, Б.Әбдіғазиұлы, т.б. ұстаз-ғалымдардың өмірі мен кезеңі, ұстаздықызметтері мен өрнекті өнегелері кең көлемде сөз етіледі.

«Әлем әдебиеті» атты екі кітаптан тұратын хрестоматиялық оқу құралы алыс-жақын шетелдердің ақын-жазушыларының өмірі мен шығармашылығын ұлт тілінде оқыту, әдеби байланыс пен аударма тарихын өзара сабақтастыққа танып-талдау, зерттеп-зерделеудің өзекті мәселелеріне арналғаны анық көрініс береді.

Асылы, профессор Т.С.Тебегенов еңбектері арасында - «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» (Әдеби процесс. Авторлық поэзия . Ақындық өнер психологиясы) атты монографиясының маңызы айрықша болып табылады.

Зерттеу еңбегіндегі құрылымдық тұрғыдан бірнеше бөлікке бөлініп, онда халық ақындары мен әдеби даму қозғалысына, ел ақындары шығармашылығындағы әдебиет пен фольклор дәстүрлері тұтастығына, ақындық өнер мен айтыс мұрасына, авторлық тұлға мен көркемдік таным арналарына, әдеби ағым мен үлгілі үрдістерге, көркемдік дәстүр мен жалғастық мәселелеріне кең орын беріледі. (Раушан Каршалова, «Президент пен халық » 13-қараша 2009 жыл .)

«Зерделі зерттеуші» тақырыбында жазылған профессор Серік Мақпырұлының мақаласында: Темірхан Сақаұлы - бастамашыл педагог басшы. Қашан да жастарға білім, тәрбие берудің, оқытудың оңтайлы, ұтымды жолдарын іздестіріп, табуға ұмтылады. Табады да. Ол 80-жылдары Қызылорда пединститутында кафедра меңгеруші қызметінде жүргенде республикамызда бірінші болып «Шетел халықтары әдебиетін» жоғары оқу орындарында қазақ тілінде оқыту мәселесін көтеріп, оны іске асырса, бұл мәселе 1992 жылдан бері Темірханның бастамасымен Абай атындағы ҚазҰПУ-да да өз жалғасын тауып отыр. Педагог-ғалым шетел әдебиетін оқыту мұқтаждығын өтеу мақсатымен өзі бас боп, алғаш рет «Шетел әдебиеті тарихы» (1996), «Әлем әдебиеті» (2004, I, II кітаптары) атты оқу құралдарын жазып шығарды, типтік оқу бағдарламаларын даярлады

Ғалым - педагогтың ендігі бір көтерген ұсынысы да құптауға әбден лайық. Ол - республикамыздың жоғары оқу орындарының барлық факультеттерінде қазақ әдебиеті пәнін оқыту мәселесі. Бұған профессордың айтатын уәжі де салмақты. Біріншіден, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көріп жатқан фольклор мен әдебиет мұраларын қамтыған көптомдықтар негізінде оңтайлы оқу құралдарын жасаудың мол мүмкіндігі бар, екіншіден, бұл ең бастысы, еліміздегі бауырлас ұлт өкілдерін, жас буынды болашақ мамандықтарына қарамастан, республика азаматтары болғандықтан, қазақ мәдениетінің іргетасы - қазақ сөз өнерінің арғы-бергі тарихынан хабардар болуға, білуге міндеттейді, үшіншіден, құрамында 4 ғылым докторы, 10-нан аса ғылым кандидаттары бар байырғы кафедраның пәнді оқытуға ғылыми әлеуеті еркін жететіні де ақиқат .

Айта өтетін мәселе Т.Тебегенов еңбектеріндегі автор мен адресат мәселелерін талдап өткен Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Абайтану» ғылыми - зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. Н.Кенжеғараевтың мақаласында толық көрсетілген. Онда әдебиетіміздің негізін құраған поэзиялық шығармалардағы автор мен адресат мәселесін теориялық тұрғыда мол дайындықпен барып, алғаш зерттеген ғалымдардың бірі - ғалым Темірхан Тебегенов. «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» атты монографиялық еңбегінде ғалым: «Әдебиет шығармаларындағы маңызды мәселелердің бірі- айтушы, туындыны жасаушы (автор) мен қабылдаушының (адресат) араларындағы байланыс. Бұл - әдебиеттік коммуникациялық қызмет» -деп әдебиеттің табиғатына, болмысына байланысты туындайтын мәселені дұрыс көре біліп, әдебиеттанудың зерттеуі керек көкейкесті мәселелері екендігін аңғартады.

Т.Тебегеновтың аталмыш монографиясы тек автор мен адресат мәселесін ғана қарастырмайды, ғалым еңбектің екінші тарауын «Авторлық- әдеби процесс өзегі » атап,

«Әдеби процесс - авторлық тұлға», «Авторлық психологиялық уақыт және көркемдік таным», «Авторлық және адресат» сынды тақырыптардағы күрделі теориялық мәселелерге еркін барады.

Көркем әдебиетіміздің негізгі арқауы болған поэзия жанрының туу мен қалыптасуы, оның фольклор стилі мен фольклор жанрларымен байланысы, орта ғасырлардағы қалыптасқан авторлы түркі поэзиясының жалғасы бола білген жыраулар поэзиясы, жыраулар поэзиясының артын ала туындаған ақындық поэзиясының негізінде автор категориясының туу және қалыптасу, жетілу және даму эволюцияларын анық көре біліп, поэзиялық материалдарды талдай отырып, дәлелдейді.

Ғалым Т.Тебегеновтың зерттеуі өте дұрыс теориялық методологияға құрылған. «Автор және адресат» деп мақала тақырыбын бөліп алып қарастырғанымызбен, автордың адресатпен қарым - қатынасын, байланысын зерттемес бұрын, алдымен автордың туу, қалыптасу, даму жолдарын айқындап алу қажеттігі туындайды. Қазақ поэзиясындағы авторлықтың тууы, қалыптасуы, дамып - жетілуі жолдарын, көркем шығарманың дискурсының теориясын зерттеген айтулы ғалымдардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, автор теориясы шеңберінде әдеби процесс пен авторлық тұлғаның арасындағы қарым - қатынасты, поэзиядағы авторлықтың қалыптасуы, авторлық тұлға, шығармада автордың көріністері, авторлық «мен», лирикалық қаһарман, лирикалық «мен», кейіпкер, автор бейнесі сынды әлі күнге дейін қазақ әдебиеттануында толық зерттеле қоймаған мәселелерге барып, жүйелі талдау жасауға талаптанады.

«Адресат» терминінің тарлығын сезінген ғалым Т.Тебегенов адресат ұғымының терең қалтарысына сүңгі отырып, көзқарастар ұсынады: «ақындар шығармаларындағы адресаттық нысандар - уақыт пен кеңістік аясында сол кезеңнің және келер күндердің , болашақтың кең өрісін қамтиды. Әрине, адресаттық нысан - автордың қиялымен жасалатын көркем бейне, тұлға. Себебі, автордың шығармасындағы ойдың мәнін, эстетикалық қуатын өз кезеңіндегі айналасын қоршаған ортасы түсінбеуі мүмкін. Сондықтан, ақын өз тыңдаушысын, оқырманын қиялымен жасап алады, сол өзінің танымымен үндес, деңгейлес пікірлестермен рухани тұрғыда сырласады. Бұл - ақындық өнердің лирикалық-психологиялық табиғатына тән қасиет». Ғалымның «адресаттық нысан» деп «ішкі адресатты» көрсетуі, автор-қабылдаушы диалогының табиғатын тануға жасалған қадам деп бағалануы тиіс .

Профессор Т. Тебегенов - автор - қабылдаушы диалогін жүйелі түрде зерттеген ғалым. Оның қаламынан осы тақырыпқа арналған бірнеше мақалалар туындады. Дегенмен, қазақ әдебиеті, оның негізгі саласы болып саналған поэзия жанрын дискустық, диалогтық, жалпылай айтқанда, коммуникативтік тұрғыда, теоретикалық, әлеуметтік, тарихи поэтикалар тұрғысынан зерттеу мәжесіне жетті деген ой тумаса керек. Т. Тебегенов өз зерттеулерінде аталмыш тақырыпта соқпақ жол салып берген ғалым ретінде, кейінгі жас зерттеушілерді әдебиеттануымыздың соны бір арнасына шақырып тұрғандай әсер қалдырады.

Сол сияқты «Әдебиетші -ғалым Т.Тебегенов-60», «Ғалым шыққан белестер», «Сырдың ұлы ұстазы», «Ұстаз, ғалым, азамат», « Әдебиет әлемін бағындырған ғалым», «ұстаз ұлағаты» атты тақырыптарда шәкірттерінің қаламынан туған Т.Тебегеновтың шығармашылығы мен өміріне арналған сан қилы мақалалар бар.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет . - Алматы . 1962.-428 б.

2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 2003.-288 б.

3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы . -Алматы: Жазушы. 1985.- 496 б.

4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер - Алматы: Атамұра, 2003.-208 б.

5. Тебегенов Т.С. Қазақстандағы Ислам ағартушылығының тарихи-мәдени негіздері және Марал баба Құрманұлының ұстаздық қайраткерлік қызметі// Марал ишан Құрманұлының 230 жылдық мерейтойына арналған «Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары -Алматы: «Орхон» Баспа үйі,2010.-440 б.

Кенан Коч
PhD., доцент
Мугла Сыткы Кочман Университеті
Мугла қаласы /Түркия

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қармақшы ауданының "Құрметті азаматы", Қазақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр Академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Халықаралық «Бейбітшілік әлемі» сыйлығының лауреаты, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, Түркі Әлемі Халықаралық «Қызыл Алма» сыйлығының лауреаты Темірхан Тебегеновтің қалам тартпаған тақырыбы кемде-кем. Темірхан Тебегенов әдебиет мәселелерін ғана жазумен шектелмей, бүгінгі өміріміздің әр қырына қалам тербеп жүрген қаламгер. Профессор Темірхан Тебегенов – еңбекқор, ізденімпаз ғалым. Ол «Нартай ақынның әдеби мұрасы», «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі», «Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті», «Қазақ халқының ұлағатты ұрпақтар өркені», «Нияз молда Тасболатұлы» атты монографиялардың, «Әлем әдебиеті», «Шетел әдебиеттері тарихы», «Әдебиет тарихы», «Әдебиет тарихының мәселелері», «Халық ақындары», «Халық ақындары шығармаларын оқыту», «Қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің іргелі орталығы», «Өлең сөздегі дәстүр жалғастығы», 5 типтік оқу пәндері бағдарламаларының, «Абайтану ұлағаты» сияқты оқу құралдарының, әдебиеттану саласы бойынша 400-ден астам мақалалардың авторы.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Темірхан Тебегенов – ұлттық әдебиетімізді ғана зерттеп қоймай, әлем әдебиеті өкілдерінің шығармашылығына да үлес қосып жүрген ғалым. Оның 1996 және 2006 жылдары екі рет басылған «Шетел әдебиеті тарихы» кітабында XIX-XX ғасырдағы жаңа реалистік әдеби дамуы арнасындағы Түркия, Иран, Үндістан елдеріндегі әдебиет үрдісінің даму кезеңдері мен оның сипаттары жан-жақты зерттеледі. Әлем әдебиеті пәнінің елімізде қазақ тілінде оқытылуын жүзеге асыруға арналған бұл оқулықта материалдар қазақша аудармасымен берілген. Кітапта Назым Хикмет Ранның (түрік әдебиеті), Әбілқасым (Ғасем) Лахутидің (иран-тәжік), Рабиндранат Тагордың (Үндістан) өмірі мен шығармашылығы арнайы қарастырылған. Профессор Темірхан Тебегенов құрастырған «Әлем әдебиеті (XIX-XX ғғ.)» хрестоматиялық оқу құралында түрік, парсы, қытай, жапон, үнді, моңғол, Африка (1-ші кітап), неміс, ағылшын, француз, поляк, венгр, америка (II-ші кітап) халықтары ақын-жазушыларының шығармалары қамтылған.Сондай-ақ, ғалымның «Әдебиет тарихының мәселелері» (1998) оқу құралындағы шығармалар қазақ және әлем халықтары әдеби мұраларының көркемдік жалғастық дәстүрі бойынша қарастырылған.

«Әдебиет тарихы» (1999) кітабында қазақтың ақындық өнері табиғаты ғылыми-теориялық тұрғыда сипатталған. Дәстүрлі ақындық поэзия өкілдері шығармашылығының бірнеше өнер тұтастығынан құралатыны, әлем халықтары мұраларымен поэтикалық үндестігі, ауызша және жазбаша ақындық өнеріндегі көркемдік-стильдік шеберлік дәстүрі жалғастығы айтылған. Осындай өзекті мәселелер аясында ақындардың тарихи жырлары, дастандары, XIX-XX ғасыр көрнекті ақындар Базар Оңдасынұлының, Нартай Бекежановтың әдеби мұралары біршама толық қамтылып, ғылыми-теориялық талдаулармен бағаланған.

Ал, «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» (2001) атты монографиялық еңбегінде дәстүрлі ақындық поэзия тұлғаларының шығармалары әдеби процесті құрайтын авторлық әдебиет өкілдері ретінде алғаш рет өнер психологиясы, этнопсихология, этнопедагогика, дінтану философиясы мәселелерінің аясында қарастырылған. Дәстүрлі ақындық поэзиядағы авторлық тұлға, автор мен адресаттық нысан арасындағы психологиялық байланыс, психологиялық уақыт пен кеңістікті құрайтын шежірелік, болжалдық, мұсылмандық – мүнәжаттық және пантеистикалық өлеңдер ғылыми – танымдық негізде сараланған. Сонымен қатар, мұсылмандық –ағартушылық пен еларалық-

ұлтаралық, осымен бірге жазбаша айтыстар авторлық әдеби – шығармашылық заңдылықтары тұрғысында әдебиеттанудың жаңа көзқарастарымен тұңғыш рет талданған.

Темірхан Тебегенов – өзіндік ғылыми-зерттеушілік мектебі қалыптасқан көрнекті ғалым-ұстаз.

Ал оның мемлекеттік тіл – қазақ тілінің тағдыры, студенттік педагогикалық практиканы өткізу, діни-исламдық ағартушылық, әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы жазып жүрген еңбектерінің өзі қыруар. Ғалымның ғылыми-зерттеу еңбектерінің бірқатары Қытай, Ресей, Татарстан, Түркия, Өзбекстан елдерінің ғылыми басылымдарында жарияланған. Бірнеше рет шет елдерде өткен, оның ішінде Түркияда ғылыми-практикалық конференцияларда ғылыми баяндамалар жасағаны да өз алдына бір төбе.

Профессор Темірхан Сақаұлы Тебегенов – ең алдымен педагог оқытушы. Оның дәріс оқу шеберлігі, сөйлеу шешендігі тыңдаушысын бірден баурап алады.

Сонымен қатар, Жамбыл шығармашылығына жаңаша көзқарас: ұлттық сипат және дәстүр жалғастығы» атты кітабында XIX ғасырдың екінші және XX ғасырдың бірінші жартысындағы әдеби үдерісте жетекші ықпалды орын алған дәстүрлі ауызша авторлы поэзия алыбы Жамбыл Жабаевтың (1846-1945) шығармашылығы қазіргі заманғы әдебиеттану қисындары аясында жаңаша зерделеніп қарастырылған. Кітап әдебиеттану, мәдениеттану, өнертану зерттеушілеріне, магистранттарға, PhD докторанттарға, студенттерге, сонымен бірге халық мұрасын құрметтейтін оқырмандарға арналған.

Ғалымның «Шетел әдебиеттері тарихы» (1996, 2006ж.ж.) кітабында XIX-XXғ.ғ. жаңа реалистік әдебиет даму арнасындағы Түркия, Иран, Үндістан мемлекеттеріндегі сөз өнері шығармашылығы үрдісінің даму жағдайы сөз болған. Аталған Шығыс елдеріндегі әдеби және қоғамдық-әлеуметтік даму сабақтастығы жүйеленген. Ғалым шығармаларынан әлем өркениетіндегі ақын-жыраулар поэзиясы мен Жамбыл Жабаевтың шығармашылығының сабақтастығын да байқауға болады.

Сонымен қатар ғалым шығармалары мен мақалалары айтар ойының тереңдігімен, тақырыпты жан-жақты қамтуымен ерекшеленеді.

Сан қырлы талант иесі Т.С. Тебегеновтің ғалымдық болмысы, ғылыми өрісі сарқылмай, уақыт озған сайын, күн өткен сайын өзінің өміршеңдік сипатын жоғалтпай жаңара, жаңғыра, жарқырай түсетініне кәміл сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Т. С. Тебегенов «Өмірі мен шығармашылығы туралы библиографиялық анықтамалық» Алматы. «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы,

2019-36 б.

2. Т. С. Тебегенов «Әдебиет тарихы» Алматы 1999 жыл.

3. Жыр алыбы Ж. Жабаевтың 170-жылдығына арналған «Жамбыл Жабаев – ұлы даланың алып жыршысы» -халықаралық ғылыми-конференция материалдары. Алматы. «Қыздар университеті» баспасы. 25 ақпан 2016ж. -55-58-б.б.

Зияда Бекбергенова

филология ғылымдарының докторы, профессор

Өзбекстан Республикасы

ЕЛ ҰҒЫМЫНДА ҰЛЫҚТАЛҒАН ҰСТАЗ

Ғалым ұлт-азаттық күресі жолында халық тірегі болған қаһарман ұлдарының өшпес бейнесін қоштасу, жоқтау жырларынада іздестіреді. Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанын автор жүйелі зерттеу өзегіне айналдырған. Дастанның бірнеше нұсқасын айта келіп, оларды салыстырып қарап, тарихи шындықты анықтауға ұмтылған. Өткен ғасырдағы тарихи әлеуметтік оқиғаларға байланысты туған жырлардың бірнеше себептерін айқындап ашқан.

Ғылыми зерттеудің негізгі бір тарауы - «Алаш әдебиетінің ажырамас арналары». Түркі тілдес, әрі көршілес туыс ағайын халықтың қазақтармен сан-саналы байланысы бұдан бұрын да талай айтылып, жазылып келген мәселе болса, мұны Т.Тебегенов ой көзімен, жаңа заман көзқарасы тұрғысында зерттей білген. «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырларының, «Едіге» дастанының түпкі негіздерінің ұқсастығын жыршылардың айтып жеткізуінде өзгеріске түскенін мысалдармен тиянақты түсіндіреді. Екі халықтың әдеби-фольклорлық мұраларында тұрақты орын алатын айтыс өнерінің дамуы, ерекшеліктері де кеңінен сөз болған.

Әрине, кітапта 19 ғасырда Сыр өңірінде өмір сүрген ақын-жыраулар шығармашылығы қамтылуының өзіндік мәні бар. Темірхан туған жерінің небір шежіресіне, жыр-аңыздарына қанып өскендіктен де, аты жасынан қанық ақын-жыраулар мұраларына деген құштарлығын ғылымдағы ізденісінде маздата түскен. Кезінде М.Жұмабаев «сөзге жүйрік, ойлы ақын» деп бағаланған Базар Оңдасұлының поэзиясының түп-тереңіне бойлап, идеялық-тақырыптық, жанрлық ерекшелігін саралап айтқан. «Базар - қазақ поэзиясының тарихындағы ауызша дәстүрлі жыраулық және жазбаша дәстүрлі шайырлық-ақындық әдебиетіміздің аралығында екеуіне де ортақ тұрған ірі тұлға» -деп ой түйеді автор аға буын ғалымдардың пікірлерін дамыту негізінде.

Қазақтың ұлы ақын-жырауларындағы дәстүр жалғастығын - Махамбет, Тұрмағанбет, Нартай поэзиясынан көрсете келе, поэзиямыздың көрнекті өкілдері Қасым Аманжолов, Мұқағали Мақатаевтардың өлеңдерінде қалай ұштасқанын дәлелдейді. Базар жыраудың «Мақпал-Сегіз» дастанының композициялық құрылысын, сюжеттік желісін идеялық ерекшелігін, тілдік, бейнелік сипаттарын жүйелеп жеткізеді.

Сондай-ақ зерттеуші Бұдабай Қабылұлы, Нартай Бекежанов сияқты халық поэзиясының талантты тұлғаларының шығармашылығын уақыт сынынан өткізе қарастырып, пайымды пікірлерін түйген. Шығармалардың тақырыптық-идеялық ерекшеліктері жанрлық түрлері, мазмұндық сипаттары байыппен талданып, зерттеудің басқа тарауларымен сәтті сабақтасқан. Т.Тебегеновтің «Әдебиет тарихы» ғалымдық ізденісінің бір биігі.

Профессор Тебегенов еңбектерінің бір парасы әлем әдебиетіне арналған. Бұрнағырақты «Шетел әдебиеті» («Зарубежная литература») аталып келген курс барлық университеттер мен институттарда орыс тілінде оқылатын. Пән қазақ әдебиетімен байланыстыра, салыстыра оқытылмағандықтан оны игеруде көптеген қиыншылықтар кездесетін. Ұзақ жылдар университетте қызмет жасаған ғалым алдыда тосып тұрған қиыншылықтардан сескенбей әлем әдебиетінің таңдаулы үлгілерін қазақ аудиториясына таныстыруды мақсат етіп қойған. Бұл реттегі табыстары мен хрестоматиялары баспа көрді. Ең бастысы, филолог мамандар әлем әдебиетінің нұсқаларын туған тілінде оқуға мүмкіншілік алды. Авторға сөз берелік: «Шетел халықтарының әдебиетін жоғары оқу орындарында қазақ тілінде оқып үйрену бірнеше игі жұмыстардың нәтижелеріне жол ашады. Біріншіден, әлем әдебиеттерінің асыл қазыналарын туған тілімізде меңгереміз, екіншіден, әлем әдебиетіндегі ұлы туындыларды ұлттық әдебиет үлгілерімен қатарлас меңгеру арқылы жалпы сөз өнеріне тән көркемдік-эстетикалық шеберлік хақында салыстырмалы қорытындылар жасауды игереміз. Үшіншіден, әлем әдебиетінің таңдаулы үлгілерін арнайы оқып-үйрену арқылы шетел халықтарының тұрмысын дұрыс таныған жас ұрпақтың бойында бауырмалдық, достық сезімдердің терең тамыр жаятыны сөзсіз».

Әдіскер-ғалым әлем халықтарының сөз өнерін оқыту барысында әдеби бағыттар, жанрлар, стильдер, сюжеттер мен кейіпкер сомдау мәселелерінде типологиялық тұрғыдан талдауға айырықша көңіл бөледі. «Әлем әдебиеті» пәнін еліміз егемендік алғаннан кейін түрленіп атының да, затының да өзгеруінде Темірхан Сақаұлының қолтаңбасы айқын. Түрік, иран, үнді, қытай, жапон, монғол, неміс, ағылшын, француз әдебиеттерінің үздік үлгілерін филология факультеттерінің студенттеріне ұқыптылықпен, ыждаһатпен жеткізуі профессордың ізденімпаздығын танытады.

Кез келген егемен елдің тұғыры – жері мен тілі. Тәуелсіз Қазақ елінің қуаттылығының айқын көрінісі ата бабадан мирас болып келе жатқан кең жазира даласы мен тілі. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көтерілген басты мәселенің бірі – латын әліпбиіне көшу.

Осынау маңызды шешім турасында Темірхан Сақаұлы қоғамдағы тарихи жағдайларға бер-жай қарамайтын зиялы азамат ретінде өзін таныта білді.

«Латын графикасының жаңа әліпби болып қолданысқа енуінің қандай тарихи мәні бар дегенге айтарым, күллі жер-жаһандағы түркі халықтарының басым бөлігі латын графикасындағы әліпбиді қолданады... Демек, латын әліпбиіне көшу арқылы біз де өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа жол ашамыз», - деп барша қазақстандықтарды осындай маңызды қадамға баруда ауызбіршілік танытуға шақырады.

Саяси-әлеуметтік лириканың шебері, ақын Т.Жароков қазақ пен қырғыз елдерінің достығы турасында келмеске кеткен кеңес заманының өзінде:

Қазақ, қырғыз елінің
Жайлағаны бір дала,
Екі Алатау биігін
Туғандай-ақ бір ана -

деп тебіреніпті. Ежелден бір-біріне етене жақын қазақ пен қырғыз достығын арқау еткен ғалымның «Қырғыз бен қазақтың тарихи тамырын ешкім үзе алмайды» мақаласында арғы тарихымыздан бүгінгі күнге дейінгі сабақтастық жайында ой өрбітіледі. «Біздер рухани Мәдениет құндылықтарының қайта жаңғыруы дәуіріндегі кезеңінде ғасырлар бойы қалыптасқан екі халыққа дәнекер болып жатқан ұлы достық арнасының қайта кеңейе, тереңдей түсетініне сенеміз. Ал өмірдің ағымында болып келген оқиғалар мен айтылып жатқан түрлі сөздер, пікірлер бұл екі халықтың мызғымас достығына бөгет болмайтындай жағдайда өмір сүретінімізге кәміл сенеміз. Әні, жыры, жан ділі болмысы тұтасып кеткен екі халықтың ешқашан да мұндай тарихи кезеңдердегі сәл ғана болатын оқыс әңгімелерге бола достығы бұзылмайтындығына, мызғымайтындығына кәміл сенеміз». Екі ел арасындағы ара жігі үзілмеген рухани-мәдени сабақтастық жайында сөз қозғаған пікірлер Т.Тебегеновтің қоғам мәселелерін де назарынан тыс қалдырмайтындығының айқын куәсі.

Дана бабамыз Жүсіп Баласағұн «Бар ізгілік тек білімнен алынар, Біліммен аспанға жол салынар» деген көрегенді ой айтқан. Ғалымның қазақ тілінің жайы, діни ахуал, әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы қалам тартқан сан алуан ғылыми-зерттеу еңбектері Қытай, Ресей, Татарстан, Түркия, Өзбекстан елдерінде жарық көрді.

Әдебиеттер:

1.Т. С. Тебегенов «Өмірі мен шығармашылығы туралы библиографиялық анықтамалық» Алматы. «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2019-36 б.

2. Т. С. Тебегенов «Әдебиет тарихы» Алматы 1999 жыл.

АҒА БУЫН ҰСТАЗ –ҒАЛЫМДАР ЛЕБІЗДЕРІ

Зейнолла Қабдолов
ҚР ҰҒА-ның академигі,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖАҢАШЫЛ ЗЕРТТЕУШІСІ

Қазақ әдебиеттануы ғылымының жаңашыл толқын өкілдері ұлттық фольклор мен әдебиет мұраларымызды жаңашыл ізденістермен дамыта жалғастыруда. Әбу Насыр Әл-Фарабидің, Шоқан Уәлихановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Мұхтар Әуезовтің, Әлкей Марғұланның, Қажым Жұмалиевтің, Бейсенбай Кенжебаевтың, Әуелбек Қоңыратбаевтың бастау негіздерін жаңашыл еңбектерімен жалғастыра дамыта бастаған ізденгіш толқын өкілдеріне қуана қараймыз.

Мен Темірхан Сақаұлы Тебегеновті оның ізденуші кезінен білемін. Ол ҚазМУ-дың мен басқаратын қазақ әдебиеті кафедрасында 1983-1987 жылдары әуелі ізденуші болып бекітіліп, одан кейін бір жылдық аспирантурада оқыды. Темірхан Тебегенов - қазақ әдебиеттану көшіне XX ғасырдың 80-жылдары келіп қосылған жаңашыл толқын ізденушілер қатарындағы ғалым шәкірттерімнің бірі. 1982 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің қазақ әдебиеті кафедрасына ізденуші аспирант болып тіркелгеннен кейін оның құжаттарын мұқият қарап шықтым. Еңбек жолын алыстағы Қызылқұм өңіріндегі ауыл мектебінен бастапты. Одан кейін Қызылорда қаласындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, директордың орынбасары болыпты. Аудандық, облыстық, республикалық газеттерде өлеңдері,мақалалары жарық көрген екен. Кандидаттық диссертациясының тақырыбын бекіткеннен бастап ол сол жылдары өзінің ғылыми-зерттеушілік жұмысқа қабілеттілігін танытты.

Ғылымдағы алғашқы қадамын ақындар поэзиясындағы дәстүр жалғасты, жеке халық ақындарының шығармашылық табиғатын зерттеу мәселесіне арнады. «Ақындық дәстүр және Нартай Бекежанов поэзиясының өзіндік ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғаған болатын. Ол осы еңбегі арқылы ұлттық әдебиеттану, фольклортану ғылымында жаңа зерттеулер саласының кеңеюінеде өзіндік үлесін қосты. Ізденуші Темірханның ғылыми-танымдық тың мазмұнды мақалалары республикалық басылымдарда үздіксіз жарық көріп келеді. Жаңашыл ізденушінің дәстүрлі ақындар поэзиясындағы фольклор мен әдебиет сарындарының тұтастығы тұрғысындағы ғылыми-зерттеу мақалалары жаңашылдығымен байқалды.Оның ғылыми тұжырымдары бұрынғы кезде тек фольклортану нысанына алынып келген халық ақындарының мұраларын авторлық ауызша поэзия, ақындық өнер психологиясы даралығы сипаттарымен саралап дәлелдеуімен құнды.

Ізденуші қазақ сөз өнеріндегі ауызша және жазбаша поэзияны ұлттық және жалпыадамзаттық әдеби үдеріс сабақтастығы, поэтикалық үндестік, жанрлық тектестік, ұлттық өзгешелік мәселелері тұрғысынан саралап қарастырады. Ол – қазақ сөз өнері шығармаларын әлем әдебиетінің дамуы үдерісі арнасында қарастыруды тиянақты ұстанған жаңашыл ғалым. Сондықтан ғалым шәкіртіміздің әлем әдебиеті мұраларына арналған ғылыми-теориялық, тарихи-салыстырмалы талдауларын қуана құптаймын. Себебі, көпғасырлық қалыптасу, даму кезеңдері көркемдік дәстүр жолымен жалғасқан қазақ әдебиеті әлем өркениетіндегі барлық халықтардың рухани қазыналары қатарында бағалануы тиіс.

Ізденуші Т.С.Тебегенов өзінің ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін студенттерге дәріс беру процесінде тиімді пайдаланады. Жоғары оқу орындарына арналған « Әдебиет тарихы», «Шетел әдебиеттер тарихы», «Халық ақындары», «Халық ақындары шығармаларын оқыту» т.б. оқу құралдары – оның зерттеу жұмыстарының оқу процесін жетілдіруге әсері бар игі еңбектер. Зерттеушінің жоғары оқу орындары филология факультеттеріне арналған « XIX

ғасырдағы қазақ әдебиеті», «Шет елдер әдебиеттер тарихы» пәндік типтік бағдарламаларының оқыту жұмысына көмекшілік маңызы анық. Аталған оқу құралдары мен типтік бағдарламалары – әдебиет тарихын оқытуға пайдасын тигізетін нақты қолданыстағы маңызды еңбектер.

Т.С.Тебегеновтің республикалық баспасөз беттерінде әдебиеттануға, өзекті қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге арналған мазмұнды мақалалары да үздіксіз жарияланып келеді. Бұл сөз өнерін оқытатын, зерттейтін ғалым-ұстаздың қоғамдық-әлеуметтік маңызды мәселелерге сергек қарайтындығын танытады.

Университет дәрісханасы – жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың педагогикалық-психологиялық шыңдалу ұстаханасы. Темірхан сөз өнері ғылымындағы теориялық тұжырымдарды тәжірибелік талдауларымен сабақтастыратын, сөйлеу мәдениетіне тән серпінді, жігерлі үнмен, шабытты көңіл-күймен шәкірттер қиялын шарықтататын, сөз өнерінің тылсым кеңістігіне тыңдаушыларын самғататын ұстаз-ғалым. Сөз өнерінің дәріскер оқытушысы – қазақ шешендік өнері дәстүрінің өкілі. Мен Темірханның дәрісханалардағы, әдеби-ғылыми жиындардағы сөйлеген сөздерін тыңдау арқылы осындай ойларымды үнемі айтып келемін. Университет дәрісханаларындағы сөз өнері пәндерін Темірхандай оқитын оқытушылар қатары көбейе бергей!

Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі жаңа тарихында қазақ ғылымының жалпыәлемдік өркениеттегі жаңашыл зерттеулерінің жалғаса берері ақиқат. Жаңашыл ізденуші Темірханның да қазақ және әлем әдебиеті мұраларына арналған ғылыми шығармашылығының тың серпінмен жаңа жетістіктерге жететініне сенемін!

Тұрсынбек Кәкішев
филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Жоғары мектеп ғылым Академиясының академигі

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢАШЫЛ ЗЕРТТЕУШІСІ

Қазақ әдебиетінің тарихы көп ғасырлық қалыптасу, даму кезеңдерінен өтіп келеді. Ежелгі дәуірлерде көркемдік негізі қаланған, ғасырлар өте келе халықтық мазмұнымен ұрпақтардың санасын сәулелендірген жаңа туындылар үздіксіз жалғасып келеді. Халық санасына ұялаған көркем туындыларымен ұрпақтар жан жүйесін баураған ақын-жыраулардың шығармашылық мұрасы қазіргі дәуіріміздің адамдарына рухани азық болу сипатымен бағаланып отыр. Халық тарихындағы көрнекті ақындардың шығармашылығының басты ерекшелігі өнер тұтастығындағы эстетикалық-көркемдік ықпалдылығын сақтауы екендігі мәлім. Қазақ сөз өнерінің тарихындағы бірнеше өнер түрлерін шығармашылығына арқау еткен ақындардың мұрасын жаңашыл зерттеулермен бағалаудың өзектілігі уақыт өткен сайын күшейе түсуде. Ауызша және жазбаша дәстүрлі шығармашылықты тұтастандыра ұстанған көрнекті ақын-жыршылардың мұрасын тың серпінмен бағалауда жаңа толқын ізденушілердің еңбектері айрықша назар аудартады. Сондықтан біздің назарымызға ұсынылған ізденуші Темірхан Тебегеновтің Нартай Бекежановтың ақындық мұрасына арналған жаңашыл зерттеуі туралы пікірімізді ортаға салуды жөн көреміз.

Әдебиет тарихын зерттеушілердің жаңашыл ізденістерімен қатарымызға қосылып жатқаны қуантады. Ізденуші Темірхан Тебегеновтің жаңашыл еңбегі әдебиеттану, фольклортану қатарындағы бұрынғы-соңғы жұмыстарды жаңашыл сипатымен жалғастырғандығы байқалады. Ол қазақ сөз өнері тарихындағы суырып салма ақындығы мен жыршылық орындаушылық өнері тұтасқан Нартай Бекежанов шығармашылығын зерттеу мұратындағы лайықты еңбек жазыпты.

Ақынның поэзиясындағы патриоттық, әлеуметтік –саяси, интернационалдық өлеңдерін дәстүрлі азаматтық сарындар жалғасы тұрғысындағы талдауларымен жүйелеген. Нартай

Бекежанов поэзиясының идеялық-тақырыптық сипатын, жанр үлгілерін, көркемдік-стильдік ерекшеліктерін әдебиеттану, фольклортану теориясы тұжырымдары аясында талдап бағалаған. Осы ауызша ақындық дәстүрдің поэтикасын өзінің алдағы кешенді зерттеулерінде кеңейте қарастыруын ұсынамын.

Зерттеу жұмысының кең ауқымдылығын дәлелдейтін басты ерекшелігі – Нартай ақынның мұрасын бұрынғы-соңғы дәстүрлі ақындар поэзиясымен үндестік, сабақтастық тұрғысында тарихи-салыстырмалы тұрғыда қарастырғандығы. Сонымен бірге, біздің ұлттық сөз өнеріндегі жыршы-ақындар поэзиясын әлем халықтарындағы осындай шығармашылық дәстүрлер үлгілерімен байланыстыра бағалаған. Бұл – қазақ сөз өнерінің әлем өркениетіндегі өзіндік орынын танытатынын бағалау.

Ізденушінің осы еңбекті жазуы аясында оның педагогикалық қызмет саласындағы тәжірибесін, қоғамдық-әлеуметтік ортадағы өзіндік тұлғалық болмысында атап айтамыз. Зерттеушінің азаматтық, адамгершілік тұлғасы туралы арнайы айту арқылы отандық ғылымдағы әрбір ізденушінің жан-жақты ұстанымымен еңбек етуінің қоғамымызды кемелдендіре түсетіндігін сезінеміз. Ол ғылыми-ізденушілік талантымен қоса, өзінің еңбек ұжымындағы нағыз педагог-оқытушы, тәрбиеші екендігін дәлелдеп жүр. Көп жылдар бойы жүргізілген педагогикалық еңбек жолында көптеген шәкірттер тәрбиеледі.

Қоғамдық-әлеуметтік өзекті мәселелер туралы жазған мақалалары, өлеңдері мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып жүр. Қазақ және әлем халықтарының әдеби мұраларын жас ұрпаққа насихаттау ісіне Темірхан белсене араласады. Бұл – бізді дәуіріміздегі жаңа ізденуші толқын өкілдеріне нақты өнеге болтаын үлгілі көрсеткіш. Темірханның ғылыми-зерттеу және қоғамдық-әлеуметтік істер бойынша халқымыздың дамуына сүбелі үлес қосқаны ақиқат.

Ханғали Сүйіншәлиев
филология ғылымдарының докторы, профессор

ДӘСТҮРЛІ АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІСІ

Қазақ әдебиеттануы ғылымында халық ақындарының, жыршы-жырауларының өмірі мен шығармашылығын зерттеу-аса өзекті мәселелердің бірі. Олардың халық дәстүрінен бастау алған көркемдік негіздерін дәстүр жалғастығы мен жаңашылдығын зерттеу жаңа ізденістермен қарастырылуы- уақытымыздың негізгі талабы. Ақын-жыршылардың суырып салма ауызша өнерінің жазба әдебиетке тоғысуы, ықпалдасуы әдеби үдерістің дамуы кезеңдерінде үздіксіз жалғасады. Олардың ұлттық сөз өнерінің негізгі арнасын құрайтын шығармашылық дәстүрі қазіргі дәуіріміздің жаңа әдебиеті дамуы үдерісінде де анық байқалып отыр. Ауызша және жазбаша поэзияның өзара поэтикалық үндестік, көркемдік ықпалдастық ерекшеліктерін арнайы зерттеулермен қарастыру арқылы ұлттық сөз өнерінің әлемдік үдерістері өзіндік сипатын анықтаймыз. Сондықтан ғылыми-зерттеу жұмыстарының жаңа буын өкілдері осындай күрделі міндеттерді орындау мақсатында тың ізденістерімен өзіндік үлестерін қосады. Бұл орайда, қазіргі әдебиеттану ғылымына өзіндік жаңашыл ізденістермен қосылып жатқандардың қатарында ізденуші шәкіртім Темірхан Тебегеновтің «Ақындық дәстүр және Нартай Бекежанов поэзиясының өзіндік ерекшелігі» атты диссертациялық зерттеу жұмысының өзекті тақырыпты игергендігін атап айтамын.

Зерттеуші дәстүрлі ақындар поэзиясының көрнекті тұлғасы Нартай Бекежанов шығармашылығын ұлттық әдебиеттануымызда алғаш рет жан-жақты зерделеп қарастырды. Ақынның суырып салма өнерін, композиторлығын, жыршылық орындаушылық талантын ғылыми тұрғыда талдап бағалады. Халықтың қабылдау ықыласын иеленген көрнекті ақындар дәстүрін жалғастырушы Нартай ақынның шығармашылығын әдеби үдеріс арнасында қарастыруы арқылы ол осы бағыттағы жаңа ізденістердің ғылыми-теориялық негіздерін жүйеледі.

Нартай Бекежановтың әдеби мұрасын монографиялық тұрғыда алғаш рет ғылыми-теориялық сипатпен жүйелеп талдаулары арқылы көп ғасырлық дәстүрлі ақындар шығармашылығының көркемдік дәстүр жалғастығы негізіндегі даралығын айқындады. Ақынның халыққа таралған туындыларын, сонымен бірге академияның қолжазбалар қорындағы үлгілерін де ғылыми айналымға енгізді. Іргелі зерттеуде Нартай ақын поэзиясының идеялық-тақырыптық, жанрлық түрлері, поэтикалық тілдік-стильдік өрнектері, өзіндік эстетикалық-танымдық сипаты анықталды. Өнер тұтастығын ұстанған ақын шығармашылығындағы ауызша және жазбаша дәстүр тұтастығының ерекшеліктері анықталды. Көрнекті ақын шығармалары бойынша жасалған талдаулары қазіргі заманғы әдебиеттану мен фольклортанудың теориялық заңдылықтары аясында талданулары тиянақтылығымен ерекшеленді.

Ізденуші қазақ сөз өнері мұраларын, Нартай ақын шығармаларын әлем халықтарындағы тектес туындыларымен, дәстүрлерімен поэтикалық тұрғысында бағалаған. Әлем өркениетіндегі ауызша және жазбаша поэзия дәстүрлеріне ортақ поэтикалық, өнернамалық сипаттар тарихи-салыстырмалы тұрғыда байыпталған.

Нартай ақын поэзиясының қазақ әдебиетіндегі бұрынғы-соңғы әдеби мектептермен сабақтастығы, романтикалық-реалистік сарындармен жырлаған шығармалардың дәуір, заман келбетін бейнелеудегі көркемдік сипатын, тарихи оқиғалар мен адамдар тұлғаларының даралануын мәтіндік талдаулармен таныта білген. Ақын поэзиясындағы патриоттық, әлеуметтік-тұрмыстық сарындарды, халықтар достығын жырлауын айқындаған. Ақынның арнауларын, мадақтауларын, толғау-термелерін, хат-өлеңдерін, сатирасын, мысалдарын, айтыстарын, дастандарын жанрлық жүйелеу аясында қамтып талдаған. Ең бастысы Нартай ақынның дәстүрлі жыраулық-ақындық негіздерден нәр алғаны, ауызша және жазба ақындықты табиғи талант қуатымен тоғыстырғаны ғылыми байыптаулармен дәлелденген.

Зерттеушінің ғылыми тұжырымдары, қорытындылары ғылыми дәйектілігімен ерекшеленген. Бұл еңбектің негізгі нәтижелері осы бағыттағы жаңа зерттеулерге де бағдар беретіндігі анық байқалады. Сондықтан зерттеудің жоғары оқу орындарындағы әдебиет тарихына арналған пәндерге қосымша оқу құралы тұрғысында пайдалы болатындығы анық. Себебі, зерттеу жұмысының тұтас мазмұнында дәстүрлі ақындар поэзиясының және Нартай Бекежанов мұрасының ұлттық және жалпыадамзаттық сөз өнері дамуымен үндестігі, сабақтастығы айқын тұжырымдалған. Ізденушінің осы зерттеуін жазуы барысында отандық ғылыми басылымдарда жарық көрген мақалалары да еңбектің аса өзектілігін дәлелдей түседі.

Орта мектепте және жоғары оқу орындарындағы педагогикалық еңбек жолында қазақ сөз өнерін оқытудың әдістемелік-тәжірибелік кезеңдерінен өтіп келе жатқан зерттеуші Темірхан Тебегеновтің осы жұмысының жалғасындай алдағы уақытта тағы да кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетініне сенемін.

Темірхан Тебегенов осы зерттеуі арқылы өзінің әдебиеттану, фольклортану ғылымдары салалары бойынша жан-жақты ізденістегі талантты әдебиетші екендігін дәлелдеді. Ғылымдағы осындай алғашқы қадамынан өзінің ұлттық филологиялық зерттеулерді жаңашыл еңбектерімен толықтыратынын танытқан шәкіртім Темірханның бағындырған биігі деп білемін.

Рахманқұл Бердібай
филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА-ның академигі

ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТЫ ЗЕРТТЕГЕН ІЗДЕНУШІ

Қазақ сөз өнерінің көп ғасырлық тарихының негізгі арнасы – дәстүрлі ауызша поэзиядағы көрнекті тұлғалардың шығармашылығы. Ежелгі дәуірлерде негізі қаланған ақын-жыраулар шығармашылығының ғасырлар өте келе жазбаша дәстүрді де қатарлас игере бастағаны мәлім. Фольклор мен әдебиеттің өзара тоғысуы, тұтасуы құбылыстарын бойларына сіңірген ақын-жыраулардың шығармашылығы қарапайым халықтың айрықша қабылдау ықыласын иеленді. Қазақ даласының барлық өңірлеріндегі ақындық-жыраулық, жыршылық өнер дәстүріндегі көрнекті шығармашылық тұлғалардың мұралары жаңа буын ұрпақтардың адамгершілік-имандылық рухында тәрбиеленуіне елеулі ықпал етті. Осындай халықтық қабылдау психологиясының ықпалымен көрнекі ақын-жыраулардың лирикалық және эпикалық туындылары халықтың жадында жатталып, жаңа буын ұрпақтардың ықыласымен кейінгі толқынға жетті. Халықтық мұраның негізгі жасаушылары, сақтаушылары болып келе жатқан көрнекті ақындардың шығармашылық мұрасын арнайы зерттеу нысанына алып қарастырудың өзектілігі аталған мәселе аясында айқындалады. Бұл орайда, біздің ұлттық әдебиеттанудың өзекті мәселелерін арнайы зерттеу нысанына алып, жаңашыл еңбектер жазған жаңа толқын ізденушілерді қуана құптаймыз. Солардың қатарындағы ізденуші Темірхан Тебегеновтің дәстүрлі ақындар поэзиясын және Нартай Бекежановтың әдеби мұрасын арнайы еңбегімен зерделеп қарастыруы туралы айтамыз.

Қазақ әдебиеті тарихындағы суырып салма ақындардың әлеуметтік ортадағы шығармашылық ықпалды орны ерекше бағаланады. Қазақ әдебиеті тарихында олар фольклор дәстүрін жаңғыртып, ауызша поэзияның көрнекті тұлғалары болған тұғырнамасымен танылды. Әсіресе, әдебиетіміздің тарихындағы өнер түрлері тұтастығын шығармашылығына арқау еткен көрнекті ақындардың (Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Сара Тастамбекқызы, т.б.) ақындардың дәстүрін жалғастырған Нартай Бекежановтың әдеби мұрасын даралап айтамыз. Ақынның шығармашылығында жыршылық, ақындық, композиторлық өнер тұтастығы толық сақталып, оның халық ортасындағы эстетикалық тәрбие беруші тұлғалық болмысын дәлелдеді. Осы арқылы ақынның дәстүрлі ақындар поэзиясының көркемдік-эстетикалық ұлағатын кейінгі әдеби-мәдени дамуға ұластырған айрықша дарындылық болмысы халыққа кеңінен танылды. Зерттеуші Темірхан Тебегенов Нартай Бекежановтың шығармашылығына көркемдік негіз болған оған дейінгі дәстүрлі ақындар поэзиясының өнернамалық болмысын жүйелеп, оларды әлемдік сөз өнері желісіндегі тектес дәстүрлермен сабақтастық, үндестік тұрғысында жан-жақты қарастырған.

Нартай Бекежанов-өзінің сан қырлы өнерімен қазақ ортасындағы ата-бабалық көркемдік-эстетикалық дүниетаным кеңістігін байытқан, дамытқан көрнекті шығармашылық тұлға. Қазақ даласындағы сал-серілердің дәстүрлерін дамыта жалғастырып, өзінің өнерімен тектес ізбасарларын да тәрбиелеген. Осы қызметі арқылы халқымыздың тарихындағы аса қиын кезеңдерде рухани сүйеніш, қолдау мақсатымен жанына өнерпаз тұлғаларды ертіп арнайы өнер сапарларымен Қазақстанды, Қырғызстанды, Өзбекстанды аралағаны мәлім. Нартай Бекежановтың осыдай тарихи-мәдени қызмет сипатының тектес тұлғаларымен үндестігі зерттеу жұмысының тарихнамалық-өнернамалық жүйелеулері аясында бағаланған.

Бұл – ізденушінің құнды зерттеу жұмысы. Ақынның шығармашылық ықпалы Қызылорда облысы ғана емес республикамыздың барлық өңірлеріне таралғаны деректермен қамтылған. Сонымен бірге Қазақстан мен Орта Азия халықтарына да Нартай Бекежановтың өнер ықпалы мол таралғаны жұмыстың жазылу желісінде айтылған. Ақындық-жыршылық, орындаушылық, композиторлық өнер тұтастығының дәстүрі орта Азиядағы туысқан түркі халықтарының бірқатарында сақталғаны белгілі. Нартайдың өнернамалық дәстүрін қазіргі

кезеңде де жалғастырушылар сақталып отыр. Жақында телеарнадан өзбек жыршысының Нартай әуенімен жырлағанын тыңдадық. Осындай дәстүрдің өміршеңдігі туралы зерттеушінің кеңейте айтуын тілейміз.

Зерттеуші осы еңбегі арқылы фольклортануға да үлкен үлес қосып отыр. Әдебиеттану мен фольклортануға қосылған осы кең ауқымды жұмысымен ізденуші күрделі еңбек жазғандығын дәлелдеген. Ақындар поэзиясын зерделеуді ізденушінің бұдан әрі де жалғастырарына, кең ауқымды жаңа еңбектер жазатынына сенеміз. Себебі, осы ғылыми-теориялық еңбек арқылы жаңашыл іргелі еңбектер жазды.

Зәки Ахметов
ҚР ҰҒА-ның академигі,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ БІЛІКТІ, БІЛІМДІ ЗЕРТТЕУШІСІ

Әлем әдебиетіндегі поэзиялық шығармалардың жанрлық поэтикасын зерттеу-зерделеу ежелгі дәуірдегі Аристотельдің «Поэтика», Әбу-Насыр әл-Фарабидің «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактаттар», Захириддин Бабырдың «Аруз туралы трактат» және т.б. еуропалық, американдық ғалымдарының еңбектерінде негізі жазылғандығы мәлім. Қазақ әдебиеттануының қалыптасу мен дамуы тарихнамасында көрнекті ғалымдарымыздың (Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, З.Қабдолов, т.б.) қазақ поэзиясының жанрлары жүйесін, көркемдік-поэтикалық, стильдік ерекшеліктерін арнайы зерттеулер нысанына алып саралап бағалау дәстүрі жаңашыл ізденістермен жалғаса дамып келеді.

Ресми сарапшысы ретінде ізденуші Темірхан Сақаұлы Тебегеновтің «Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі» тақырыбымен жазған докторлық диссертациясының аталған өлеңсөз теориясы мен тарихын жаңаша қарастыруымен маңызды екендігін атап көрсетеміз. Зерттеуші әдебиетіміздің тарихындағы жыраулар, ақындар шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі тұтастығы тұрғысында жаңашыл көзқарастармен қарастырған. Халық ақындары атауымен даралана танылған ақындар шығармаларының әдеби үдерісті құрайтын негізгі шығармашылық-тұлғалық тұғырнамасын ғылыми-теориялық тұрғыда саралап талдаған. Жыраулардың, суырып салма жыршы-ақындардың авторлық поэзия өкілдері екендігі алғаш рет мәтіндік талдаулармен дәйектеле бағаланған. Ақын өнер психологиясының поэтикалық табиғаты да әдебиеттану тарихнамасында тұңғыш рет жүйелене байыпталған.

Зерттеу жұмысындағы жаңашыл байыптаулар қатарында мынадай тақырыптардың саралана қарастырылуы айрықша маңызды: «Әдеби процесс және авторлық тұлға», «Авторлық психологиялық уақыт және көркемдік шешім», «Авторлық және адресат», т.б. Зерттеуші ауызша авторлық поэзия ақындары шығармашылығындағы этнопсихологиялық-этнографиялық, этнопедагогикалық өлеңдер поэтикасын да жаңаша жүйелеген. Әсіресе, Алаш арыстары Ж.Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың психологиялық, педагогикалық пікірлерін негізге ала отырып, қазақ ақын-жыраулары шығармаларын өнер психологиясы заңдылықтары тұрғысында бағалаулары да маңызды болып саналады.

Зерттеуші Темірхан Тебегенов ақындар айтыстарының әдеби шығармашылық сипатын саралап бағалауда да жаңашыл жүйелеулер жасаған. Еңбектегі «Мұсылмандық-ағартушылық айтыстар», «Еларалық-ұлтаралық айтыстар», «Жазбаша айтыстар» тақырыптары бойынша саралап қарастырулары қазақ әдебиеттануы ғылымының жаңалықтары қатарын құрайтыны анық. Зерттеушінің алдына айқын бағдарлы ғылыми нысана қоя білгендігі және оны жүзеге асырудың бағытын, бағдарын дұрыс белгілегендігі танылады. Әрине, қазақ әдебиетінің көп

ғасырлық тарихын қалыптастырған халық ақындары шығармаларының авторлық иеліктегі сыршылдық табиғатын психологиялық заңдылықтар тұрғысында танытудың өзектілігі анық.

Ізденуші халық ақындары шығармаларының көркемдік әдістерге (романтизм, реализм), әдеби ағымдарға (зар заман, мұсылмандық-ағартушылық), әдеби дәстүрлерге қатыстылығын айта келіп, олардың көркем әдебиет тұрғысында танылуын тиянақтап тұжырымдаған. Халық ақындары шығармашылығындағы әдебиет пен фольклор дәстүрлері тұтастығын саралауда зерттеуші импровизацияны көркем шығармашылық психологиясы заңдылықтары тұрғысынан жаңаша бағалаған. Импровизацияның түйсіну, сезіну, елестету, қиялдау, тосын әсерлену және т.б. алуан сырлы психологиялық жай-күйден құралып, бұл құбылыстың шығармашылық өнер тұлғаларының барлығында да болатындығын негіздеген. Ақындар шығармашылығында бірнеше өнер түрлерінің тұтаса жүретін фольклорлық ерекшелігі олардың халықтық дүниетанымын қалыптастыруға себеп болатынын тұжырымдауы да ғылыми жаңа пайыммен жасалған.

Зерттеушінің еңбегінде ауызша авторлықтың әдеби процесстің өзегі болатын негізгі категория екендігі арқау етілген. Өнер туындыларының барлығының да әуелгі жасаушысы жеке адам болатынын басты қағида ретінде ұстана отырып, сөз өнері мұраларының авторлықпен басталуы әдебиеттік дәстүр құбылысы екендігі дәлелденген. Авторлығы айқын әдеби процесс қозғалысы жүйесіндегі VIII-XIV ғғ. Иоллығ Тегін, Махмуд Қашғари, Қожа Ахмед Иасауи, Ахмед Иүгінеки, Жүсіп Баласағұн, Әбу Насыр әл-Фараби, Захириддин Бабыр және т.б. ондаған ақындар шығармашылығы аталады. Әдеби үдерістегі «танымал авторлық», «танылмаған авторлық», «эпостық дастандардың жасаушысы, сақтаушысы жыршы-авторлық», «нәзирашы-қиссашы авторлық» сынды шығармашылық ерекшеліктер жүйесіндегі халық ақындары шығармашылығының әдеби процесті құрайтыны сипатталған.

Әдеби процестегі авторлық тұлғаның танымалдылығын айқындайтын ерекшелік «авторлық идея», «авторлық бейне», «авторлық поэзия» ұғымдарының сабақтасуынан туындайтынына баға берілген. Халық ақындары шығармаларындағы авторлық тұлғаның танылуы туындылардың қоршаған әлеуметтік ортамен (тыңдаушылар-оқырмандар) әлеуметтік психологиялық тұтастық байланыстарына құрылатынына баға берілген.

Қазақ поэзиясының тарихындағы ауызша авторлық поэзияның негізгі арна екендігі еңбектің тұтас құрылымындағы тұжырымдармен байыпталған. Ұлттық сөз өнерінің алтын желісін, сөз өнерінің негізгі тарихнамасын құрайтын ауызша авторлық поэзия шығармаларын алғаш рет тың ғылыми-теориялық тұжырымдармен жүйелеген Темірхан Тебегеновті білікті, білімді зерттеуші тұрғысында бағалаймыз.

Мекемтас Мырзахметұлы
филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫН ТАНЫТУШЫ ҒАЛЫМ

Сөз өнері мұраларының ұлттық сипаты – халықтардың ата-бабалық тектілік негіздерін танытатын басты ерекшелік. Қазақ сөз өнерін құрайтын фольклор мен әдебиет мұраларының бәрінде де ата-бабалық халықтық рух болмысы сақталған. Көпғасырлық қалыптасу, даму кезеңдерінде қазақ әдебиетінің негізгі тұлғалары болған ақын-жыраулар поэзиясының ұрпақтар жадында жатталуы халықтық-ұлттық, азаматтық-отаншылдық рух сарындарының сақталуынан екендігі ақиқат.

Қазақ әдебиеттануындағы бұрынғы-соңғы іргелі зерттеулердің нысанына алынған ақын-жыраулар поэзиясына жасалған зерттеушілердің мәтіндік талдаулары да ұлттық сипат ерекшеліктерін айрықша назарға алады.

XX ғасырдың 80-90–жылдары мен қазіргі XXI ғасыр басындағы қазақ әдебиеттанушылары қатарындағы Темірхан Тебегеновтің еңбектерінде ұлттық сипатты даралай бағалау басты назарға алынғандығын көреміз. Зерттеушінің «Халық ақындары шығармашылығындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» атты монографиялық зерттеуінде ауызша авторлық поэзия өкілдері шығармаларының ұлттық сипат ерекшеліктері жүйелене талданған. Монографияның «Халық ақындарының лирикалық өлеңдері және олардың тұрмыстық салттық негіздері» атты тарауында ақындардың этнопсихологиялық-этнографиялық, этнопедагогикалық өлеңдері поэтика заңдылығы аясында жан-жақты талданған.

«Ақындар айтыстарының әдеби шығармашылық сипаты » атты тарауында зерттеуші мұсылмандық-ағартушылық, еларалық- ұлтаралық, жазбаша айтыстар үлгілерін алғаш рет саралап, өзіндік жаңашылдықпен жүйелеген.

Зерттеушінің халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор сабақтастығын өнер тұтастығы психологиясы заңдылықтары тұрғысындағы талдаулары да жаңашылдығымен маңызды. Ауызша авторлық поэзия – ата-бабалық дәстүрлер сақталуының рухани қазынасы. Халық ақындарының шығармашылық мұраларындағы дидарласу-сәлемдесу, қонаққәде, аралық-басалқы, төрелік-тоқтам өлеңдерінің қазақтың халықтық қарым-қатынас мәдениетінің мәртебелі ұстанымдары екендігін мәтіндік талдауларымен дәйектеп қарастырған. Еңбекте үйлену салты, тойбастар, беташар, мұң-шер, қоштасу, бақұлдасу, естірту, жұбату, жоқтау өлеңдерінің авторлықпен жырлануындағы халықтық дүниетанымның психологиялық ерекшеліктерін анықтаған. Лирикалық өлеңдердің жанрлық мазмұны мен пішініндегі авторлық поэзияға тән лирикалық сыршылдықтың халықтық көңіл-күйді жинақтап танытатын ерекшеліктерін саралаған. Қазақ поэзиясының көп ғасырлық қалыптасу, даму жолдарымен бірге жасап келе жатқан ақындардың Табиғат-Жаратушы туралы пантеистикалық өлеңдерін арнайы назарға алуы – зерттеу жаңалықтарының бірі. Табиағттағы адамдар мен жануарлардың, жер-су мекендерінің, ғарыштық кеңістіктегі аспан денелерінің қасиеттерін жырлау ұғын, түркілік-тәңірілік дәуірлерден бастау алатыны, бұның бүкіл әлем әдебиетіндегі, қазақ поэзиясындағы табиғатты жырлауға негіз болғаны анық. Пантеистикалық көзқарастар аясында танылатын жерді, суды, тауларды, өзендерді, ормандарды, жазық даланы, дәріптей жырлау дәстүр ұласуы заңдылықтарына сай, халық ақындары шығармаларында тұрақты жырланғаны саралана талданған. Жұмыста Дулаттың, Мұраттың, Мұсабек Байзақұлының, Тұрмағамбеттің, Шашубайдың, Доскейдің, Ыбырай Сандыбайұлының, Жаяу Мұсаның, Біржан салдың, Қалханың, Кененнің, Есдәулеттің, Жақсыбайдың, Үмбетәлінің табиғат құбылыстары туралы өлеңдері талданады. Зерттеуші халық ақындарының табиғат тақырыбындағы пантеистикалық өлеңдеріндегі кейіптеулік бейнелілік суреттеуі мен жаратылысқа мүнәжаттық табыну сарындарын айқындаған. Жаратушы-Табиғат тұтастығын жырлаған ақындар тіліндегі бейнеліліктердің Құран Кәримнің аяттарындағы Нұр ұғымымен байланыстылығы да аталады. Сонымен қатар, халықтық киелі тіршілік иелері болып саналатын өсімдіктерге, аңдарға, құстарға, суға да арналған өлеңдердің де эстетикалық көркемдік ойлау заңдылықтарына орай жырлану ерекшеліктеріне баға беріледі.

Ізденуші қазақ сөз өнеріндегі ауызша және жазбаша поэзия дәстүрінің қатарласа-егізделе дамуы үдерісінің әлем өркениеті кеңістігіндегі үндес, тектес үлгілерімен салыстыруларында басты назарға алған. Ауызша авторлық поэзияның лирикалық және эпикалық туындыларындағы халық тілінің көркем поэтикалық мағыналы сөздерінің, сөз тіркестерінің қолданылу ерекшеліктері де мәтіндік талдауларымен жүйеленген.

Қазақ әдебиеті тарихын құрайтын көпғасырлық негізгі шығармашылық сала-ауызша авторлық поэзия. Ақын-жыраулар, халық ақындары поэзиясының тарихи–көркемдік негіздері ежелгі дәуір әдебиетінің жәдігерліктері («Күлтегін», «Тоныкөк»), Құран Кәрим сүрелерінің аяттары, діни-ислам ағартушылары (Қожа Ахмет Иасауи, Ахмед Иүгінеки, Жүсіп Баласағұн,

т.б.), Алтын Орда (XII-XIV ғғ.), Қазақ хандығы (XV-XVIII ғғ.) жыраулары поэзиясы-бәрі де қазақ поэзиясындағы ұлттық сипаты сақталуының ықпалдығы тұрғысында байыпталған.

Зерттеуші XIX-XX ғасырлардағы авторлық ауызша және жазбаша поэзияның сабақтаса дамуындағы хакім Абай шығармаларыныңда поэтикалық ықпалдылығын айрықша бағалаған. XIX-XX ғасырлардағы ақындар шығармаларындағы авторлық ойлардың бағытталу нысандарының бірнеше түрлері көрсетіледі: біріншісі – автордың өзімен, басқа да жеке тұлғалармен, жанды-жансыз заттармен, табиғат құбылыстарымен тілдесуі; екіншісі-ақынның Жаратушы Аллаға тілек, жеке кісілерге, халыққа тікелей үндеу, насихат-уағыз, өтініш айтуы. Автор мен адресат арасындағы осындай психологиялық байланыстардың лирикалық өлең тілімен жырлануына әдебиет тарихындағы әуелгі ақындардан басқа Абайдың, Махамбеттің, Майлықожаның, Серәлінің, Үкілі Ыбырайдың, Тайжанның, Абылдың, Шөженің өлеңдерін негіз етіп алады. Халық ақындарының Жаратушы Аллаға арналған мүнәжаттық тілектері, қобызына, домбырасына, өлеңіне, тіліне, жүрегіне және т.б. тіршілік мазмұнындағы деректі, дерексіз, сансыз құбылыстарға, заттарға қарата жырлауының психологиялық табиғаты айқындалған. Зерттеуші сөз өнері тарихындағы туындыгер мен оны қабылдаушы ортаның табиғи байланысынан құралатын шығармашылық процесс құбылысын ғылыми-теориялық тұрғыда тиянақты тұжырымдаған.

Әдеби үдерістегі авторлық поэзияны ақын өнер психологиясы тұрғысында қарастыру арқылы ізденуші ғалым қазақ әдебиетінің ұлттық сипат ерекшеліктерін айқын таныта алған. Ғалымның бұл жетістігі – қазіргі және болашақ ізденістерге негіз болатын ғылыми-танымдық айқын бағдар.

Нығмет Ғабдуллин
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты

АҚЫНДЫҚ ӨНЕР ПСИХОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУШІ

Қазақ әдебиеті тарихының көпғасырлық қалыптасу, даму кезеңдеріндегі халық ақындарының шығармашылық тұлғалары айрықша орны алады. Ұлттық әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің қатарындағы дәстүрлі ақындар поэзиясының қамтылмаған жақтарын қарастырудың өзектілігі айқын. Ізденуші Темірхан Тебегенов осы өзекті мәселе арқауындағы халық ақындары шығармаларын зерттеумен көп жылдардан бері айналысып келеді. Жоғары оқу орындарында қазақ және шетел халықтары әдебиеттері пәндерінен дәріс бере жүріп, ұлттық және әлемдік сөз өнері мұраларына байланысты бірнеше кітаптары мен көптеген мақалаларын жариялады. Ал қазір ғылыми қауымға өзінің «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі (Әдеби процесс. Авторлық поэзия. Ақындық өнер психологиясы)» атты еңбегінде халық ақындары туындыларын көркем әдебиет, ақындық өнер психологиясы тұрғысында жаңаша бағалауды бағдар еткен.

Зерттеу жұмысының құрылымдық жүйесінде халық ақындарының авторлық тұлғалар тұрғысындағы болмысының алуан түрлі поэтикалық жинақтау тілімен жырланатынына тоқталады. Автор тұлғасының айқындалуындағы мынандай мәселелер сараланып көрсетіледі: а) шығарма иесінің лирикалық «Менін» айтуы; ә) шығарма иесінің өзіне-өзі есеп беруі; б) шығармада иесінің ғұмырнамалық-өмірбаяндық кезеңдерінің көрініс табуы. Осы ерекшеліктер тоғыса келе, шығарма иесінің автопортретінің сомдала кескінделетіні мәтіндік мысалдар арқылы дәлелденеді. Авторлық психологиялық уақыттың халық ақындары шығармашылығындағы арнайы жанрлармен жырланатыны қарастырылған. Авторлық-психологиялық уақытты танытатын шығармашылық болжал, ғұмырнамалық-өмірбаяндық шежірелік өлеңдердің әрқайсысына тән көркемдік жинақтаушылық тәсіл өрнектері сараланады. Авторлық психологиялық уақыт жүйесіне кіретін аталған жанрлардың адам психикасына сәулесі түсетін өмір жолдарындағы оқиғаларды, жас шамасы кезеңдерін, келер

заман келбетін, ұрпақтар жалғастығын сабақтастыра жырлайтыны мәтіндер арқылы дәйектеле дәлелденеді.

Зерттеуші Бұхар, Шал, Дулат, Шернияз, Мәделі, Сүйінбай, Есенбай, Құлтума, Базар, Нұржан, Омар , Тұрмағамбет, Жамбыл, Нұрпейіс, Кенен, Шәкір, Есдәулет сынды ақындардың ғұмырнамалық-өмірбаяндық өлеңдеріндегі психологиялық уақыт пен кеңістік ұғымдарын құрайтын ерекшеліктерді саралайды. Ал, шежірелік жырлары бар Қожабергеннің, Мұраттың, Ерімбеттің, Әбубәкірдің, Нұржанның, Кененнің, Молдахметтің, Қуаныштың және т.б. ақындар жырларының психологиялық уақыт жүйесін көркемдік танымменжырлау үлгілері қарастырылады. Шығармашылық болжал психологиясы өлеңдері де зерттеушінің тың, тосын ойларымен өріледі. Сонымен бірге, автор мен адресаттық нысандар арасындағы психологиялық байланыстар да арнайы талданған. Халық ақындары шығармашылығындағы авторлық ойдың белгілі бір нысанды бағыттарға, деректі, дерексіз құбылыстарға, заттарға, тұлғаларға арналуы әдеби тек жанрларының барлығында да болатын психологиялық жағдай екендігі нақты мәтіндік талдаулармен дәлелденген.

Зерттеуде әдеби процесті қалыптастыратын, дамытатын шығармашылық тұлғалардың «Халық ақындары» болып аталуының халықтық негіздерін қоғамдық-әлеуметтік, философиялық, эстетикалық, психологиялық дүниетаным көзқарастары аясында пайымдайды. Әдеби процестің рухани құндылықтар тарихы тұрғысында танылуында әдеби даму қозғалысын жасаушы халық ақындарының ауызша да, жазбаша да жасалған туындыларын А.Байтұрсынов анықтамасына сәйкес «шығарма сөз», «шығарма» , «әдебиет», «асыл сөз» деп атаудың теориялық заңдылықтарын жаңаша тұжырымдайды. Ақындық өнер психологиясының тыңдаушыларға айрықша әсер ететін ықпалды құбылысы импровизацияның ерекшелігін көркем шығармашылық психологиясы заңдылықтары тұрғысында жаңаша жүйелеп талдаған. Импровизация өнерінің психологиялық ықпалдылығы аясында зерттеуші қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар ақындарының айтыстарына тән поэтикалық ерекшеліктерін де алғаш рет саралаған.

Қорыта айтқанда, ақындық өнер психологиясының болмысын кешенді зерттеген ізденушінің бұл жұмысы ғылыми-теориялық тұжырымдарымен қазақ әдебиеттануына қосылған лайықты үлес болып саналады.

Серік Мақпырұлы
ф.ғ.д., профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ЗЕРДЕЛІ ЗЕРТТЕУШІ

Кеше ғана жігіт ағасы еді, енді бүгін жылжыған жылдар оның ғұмырының кезекті бір биік те мәртебелі белесімен – тал-түсімен – алпыс жаспен қауыштырып отыр.

Жасаған Ием ғұмыр берсе, кім – кім де бұл жасқа келер, қызығын да көрер. Мәселе, бұл мерейлі жасқа адамның қалай келуінде, қандай істер атқарып, қандай абыроймен жетуінде ғой. Иә, мәселе сонда!

Темірханның дүлдүл жерлесі, «жырдария» (Жұбан Молдағалиев) ақын Әбділда Тәжібаев біз сөз еткелі отырған жасқа келгенде:

Міне енді алпысқа таяумын,
Ұққышпын сырларын бояудың.
Білемін кімнен жөн сұрауды,
Білемін кім үшін жылауды.
Мен босқа алпысқа келгем жоқ! –

деп жазған екен ағынан ақтарылып.

Абыз ақынның осынау ақжарма сөзін ғалым, педагог інімізге қатысты сәл өзгерте қайталап біз де: «Темірхан босқа алпысқа келген жоқ!» деп сенімді түрде айта аламыз. Бұған дәлел – дәйегіміз жетерлік.

Ол өзінің осынау мерейлі белесін шығармашылық күш – қуаты толысқан, республиканың ғылыми – әдеби жұртшылығына танымал әдебиетші – ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, еліміздегі тұңғыш оқу орны – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметінде, жоғары мектепке арналған 7 оқу құралы мен типтік оқу бағдарламаларының, әлденеше монографиялық зерттеу еңбектің, 400-ден аса әдебиеттануға, фольклортануға, қоғамдық – әлеуметтік сан алуан мәселелерге арналған мақалалардың авторы, ең бастысы, 37 жыл (орта жәгне жоғары мектептердегі ұстаздық қызметін қоса алғанда) педагогикалық еңбек өтілі бар тәжірибелі, білікті, әріптестері мен шәкірттеріне бірдей сыйлы педагог ұстаз тұлғасында, оқу – тәрбие саласындағы елеулі еңбегімен, азаматтық абыройлы қалпымен лайықты қарсы алып отыр.

Бұл – бір адам үшін аз еңбек емес. Иә, ол туған халқының сөз өнерін сүйеді, бұлай деу аз, ол – халқының сөз өнеріне ғашық жан. Оның бір-ақ себебі бар. Оның туған жері – Сыр сүлейлерінің үлкен бір шоғыры – Қорқыт Ата дәстүрінен басталған ақын – жыраулар мекен еткен даңқты Қармақшы өңірі. Мектеп жасынан бастап туған ауылында ән мен тербе – жырлардың бесігінде тербеліп өскен зерделі, сезімтал жастың сөз өнеріне қызығып-құмартуы – заңдылық. Осы құмарлық қызығу Қызылорда пединститутында филфакта оқыған студенттік дәуренді шақтарда жалғаса дами түсті. Ол қолына гармонь, домбыра алып, ән терме – жырлар айтты, ақындыққа бет бұрып, балауса жырлар жазды, студенттік конференцияларда баяндамалар жасап көзге түсті. Осының бәрі туған жердегі әдеби ортаның, сондай-ақ, сөз өнерінің қырларына баулыған профессор Ә.Қоңыратбаев сынды, т.б. ұстаздар тағылымының әсер – ықпалы. Бұл – оның келешекте әдебиетші – ғалымдық жолды таңдауына себепші болған факторлар.

Бір сыпыра жыл орта мектепте ұстаздық еткен ол Қызылорда пединститутына (қазіргі Қорқыт Ата атындағы университет) оқытушылыққа ауысып, ғылыммен айналысуға да уақыт табады.

1987 жылы «Ақындық дәстүр және Нартай Бекежанов поэзиясының өзіндік ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады.

1989 – 1991 жылдары Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Қызылорда облыстық ұйымының төрағасы, республикалық басқарманың мүшесі болып сайланды.

1991 жылы Темірхан Сақаұлы Алматыға қоныс аударып, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасына доценттік оқытушылық қызметке орналасты. Елгезек, жайдары, жігерлі жігіт жаңа ортаға тез сіңісіп, көп ұзамай-ақ оқу – тәрбие саласында өзін жақсы жағынан танытып үлгірді, ғылыми ізденістерін де жемісті жалғастыра білді. 2002 жылы докторлық диссертациясын «Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі» деген тың тақырыпта табысты қорғады, профессор атағын иеленді. Көп жылдар кафедра жанындағы диссертациялық кеңестің мүшесі қызметін атқарса, 2003 – 2006 жылдары ҚР Жоғары Аттестациялық Комитетінің филология және өнертану мамандықтары бойынша сараптау кеңесінің мүшесі болды. Қазіргі кезде ғылыми – әдістемелік «Қазақ және әлем әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті қазақ, орыс сыныптарында», «Білім технологиялары», әдеби – мәдени, тарихи – танымдық «Рухнама», «Әлім сақ» журналдары редакция алқаларының мүшесі.

Бұл күндері оның ғылыми жетекшілігімен 10 шақты аспиранттар, ізденушілер кандидаттық, біреуі магистрлік диссертацияларын қорғады, бірсыпырасы зерттеу жұмыстарын аяқтау үстінде.

Темірхан – тегінде ізденгіш, қоғам өміріндегі, әдебиет әлеміндегі өзекті мәселелерді тез танып, жедел жазып көпшілік талқысына ұсынып отыруда елгезектігі ересен қалам иесі. Жұртшылық назарына іліге қоймаған жаңа туынды жайлы немесе аға, замандас әдебиетші ғалымдардың тың зерттеу еңбегі туралы болсын олардың ізін суытпай, жедел, баспасөз

беттерінде байыпты сын пікір айту, баспасөздегі немесе теледидардағы түрлі әдеби, мәдени, саяси пікірталастарына батыл, белсенді атсалысып, өзіндік позициясын, талғамын ашық танытып отыруда Темірханның әдебиетші – ғалымдық, публицистік, педагогтік, азаматтық дағдылы ісі.

Ғалым – ұстаздың бірқатар мақалалары шетелдерде (Түркия, Қытай, Татарстан, Қарақалпақстан, т.б.) жарияланған, оларда қазақ әдебиетінің ақтаңдақтары, сондай-ақ, шетелдердегі қазақ ақын – жазушыларының (Ақыт Үлімжіұлы, Көдек Маралбайұлы т.б.) мұралары қарастырылған.

Кейінгі жылдарда ол М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институты ұжымының қазақ әдебиеті тарихының көптомдығын шығару жұмыстарына (6 – томға енген Тайыр Жомартбаев, Тұрмағамбет Ізтілеуов туралы монографиялық тарауларды жазды), сондай-ақ осы институттың «Абай және қазіргі қазақ әдебиеті» (2009 жыл) атты ұжымдық монографиясының жекелеген тарауларын жазуға белсене атсалысты. Қазіргі кезде Темірхан аталған ғылыми мекеме ғалымдары тобымен бірге «XIX ғасыр және XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті шығармаларындағы тәуелсіздік идеясы», ҚазҰПУ-дың әдебиетші ғалымдарымен бірлесіп, «Түркі халықтары әдебиеті» ғылыми жобаларын орындау жолында шығармашылық ізденіс үстінде.

Проф. Т.Тебегенов «Қазақ әдебиетінің тарихы» (XX ғ. әдебиеті), «Шетел әдебиеттері тарихы» курстарынан студенттерге дәріс оқиды, семинар сабақтарын жүргізеді.

Педагог ретіндегі ерекшелігі – білім, тәрбие беруге жауапкершілікпен қарауы, ізденімпаздығы, әдеби – мәдени, саяси, ғылыми, оқу – әдістемелік әдебиеттерді, басылымдарды үнемі қадағалап қарап отыруы, оқу – әдістемелік талдауларды, оқу құралдарын даярлауға ерекше мән беруі, әріптестерімен, шәкірттерімен тығыз сыйластық қарым – қатынасты ұстануы. Көп жылдар бойы факультеттегі С.Сейфуллин атындағы студенттердің әдеби бірлестігіне жетекшілік еткен ол өнерлі, шығармашылық бейімі бар шәкірттерін үнемі есте ұстап, олардың өмірдегі, өнердегі жетіктіктерін қуана бөліседі, ұстаздық кеңесін, көмегін аямайды.

Темірхан Сақаұлы – бастамашыл педагог басшы. Қашан да жастарға білім, тәрбие берудің, оқытудың оңтайлы, ұтымды жолдарын іздестіріп, табуға ұмтылады. Табады да. Ол 80 – жылдары Қызылорда пединститутында кафедра меңгерушісі қызметінде жүргенде республикамызда бірінші болып «Шетел халықтары әдебиетін» жоғары оқу орындарында қазақ тілінде оқыту мәселесін көтеріп оны іске асырса, бұл мәселе 1992 жылдан бері Темірханның бастамасымен Абай атындағы ҚазҰПУ-да да өз жалғасын тауып отыр. Педагог – ғалым шетел әдебиетін оқыту мұқтаждығын өтеу мақсатымен өзі бас боп, алғаш рет «Шетел әдебиеті тарихы» (1996), «Әлем әдебиеті» (2004, I, II кітаптар) атты оқу құралдарын жазып шығарды, типтік оқу бағдарламаларын даярлады. Ғалым – педагогтың ендігі бір көтеріп жүрген ұсынысы да құптауға әбден лайық. Ол – республикамыздың жоғары оқу орындарының барлық факультеттерінде қазақ әдебиеті пәнін оқыту мәселесі. Бұған профессордың айтатын уәжі де салмақты. Біріншіден, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көріп жатқан фольклор мен әдебиет мұраларын қамтыған көптомдықтар негізінде оңтайлы оқу құралдарын жасаудың мол мүмкіндігі бар, екіншіден, бұл ең бастысы, еліміздегі бауырлас ұлт өкілдерін, жас буынды болашақ мамандықтарына қарамастан, республика азаматтары болғандықтан, қазақ мәдениетінің іргетасы – қазақ сөз өнерінің арғы – бергі тарихынан хабардар болуға, білуге міндеттейді (мұның бір жақсы бастамасының көрінісіндей болып, биылғы оқу жылынан бастап ҚазҰПУ-дың барлық факультеттерінде (қазақ, орыс бөлімдері түгел «Абайтану» пәні оқытылуда), үшіншіден, құрамында төрт ғылым докторы, оннан аса ғылым кандидаттары бар байырғы кафедраның пәнді оқытуға ғылыми әлеуеті еркін жететіні де ақиқат.

Кафедра басшысы болған соң оның ерекше қолға алған бір мәселесі – мектептермен байланысты жандандыру, оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстары. Кафедраның бір топ профессор-оқытушылары осы мақсатпен Алматыдағы №12 мектептің тілші-әдебиетші

ұстаздарымен кездесіп, әдістемелік кеңес берді. Келешекте мұндай кездесулерді қала, облыс аудандары мектептерінде өткізу жоспарда тұр. Өткен оқу жылында кафедрада тағы бір дәстүр жалғасын тапты. Ол жыл сайын кафедраның профессор-оқытушыларының ғылыми – зерттеу және әдістемелік мақалалары жинағын шығарып отыру мәселесі. Бұл іс биыл орындалып, «Қазақ әдебиеті: зерттеу мен оқытудың өзекті мәселелері» атты көлемі 15, 5 б.т. ғылыми жинақ жарық көрді. Жинақ қала мектептеріне әдістемелік көмек ретінде таратылды.

Темірхан Сақаұлы – балаларын да ғылым жолына баули білген әке. Оның отбасын ғалымдар отбасы десе де артық емес. Аяулы жары Сапура мезгілсіз дүниеден озып, бақилық болып кетсе де, екеуі бірігіп жаққан өнегелі отбасы отын өшірмей уақыт көшімен бірге алға өрлеп келеді. «Қазақстан – Zaman» Халықаралық газеті жариялаған байқаудың қорытындысы бойынша 2007 жылы «Ең үлгілі отбасы» атағына ие болып, арнайы сыйлықтармен марапатталды. Алтынарайы – филология ғылымдарының кандидаты, мектеп оқулығы авторларының бірі. Эльвирасы болса, мәдениет тарихы саласы бойынша кандидаттық жұмысын тәмамдап, қорғау қамында. Екеуі де Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінде ұстаздық қызмет атқарды. Дастаны мен Нұршаты мектепті үздік бітіріп, қазір колледжде оқиды, өнерге ықыластары жоғары. Мұның бәрі елеулі жетістіктерге жеткен әке өнегесі, тағылымы десек, орынды болмақшы.

Сөз соңында, Алпыстың арғымағына мінген, өзінің азаматтық, адамдық, ғалымдық, ұстаздық кемел шағына көтерілген профессор Темірхан Сақаұлын мерейтойын құттықтай келе, оған ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілейміз!

Бақтияр Сманов
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ҰСТАЗДЫҚТЫ ҒЫЛЫММЕН ҰШТАСТЫРҒАН ҒАЛЫМ

Халқымыздың мақтанышы, ұлы ойшыл-ақын Абай:
Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға, - деген тарихи өлеңінің осы жолдарын профессор Темірхан Сақаұлы Тебегеновке де арнап айтуға болатындай. Өйткені, ол да балаға білім беруден жалықпай, елу жылға тарта ақырын жүріп анық басып, ұстаздық еңбек етіп келе жатқан азамат. Сонау Сыр өңірінің шалғайдағы Ақжар мен Қуаңдарияның ауылдық мектептерінен басталған оның мұғалімдік қызмет жолы Қызылорда қаласындағы №10 Ы.Алтынсарин атындағы мектепте, сосын өзі тәмәмдаған жоғары оқу орны – Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының «Бастауыш мектепте оқытудың педагогикасы мен методикасы», «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедраларындағы оқытушы, аға оқытушы қызметтерімен жалғасты. Ол онда сол жоғары оқу орнындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ әдебиеті және араб тілі» кафедраларында конкурстық сайлау негізінде меңгерушілік лауазымды да ойдағыдай атқарды.

Бұл кезең кеңестік идеологияның нағыз дәуірлеп тұрған шақтары болатын. Ол кезеңнің ғылымға талаптанған жастарының көбісінің жолы қазіргідей емес, сонау төменнен басталатын. Мәселен, мұғалімдік мамандық иелері Оқу министрлігінің жолдамасымен ауыл мектептерінде тәжірибе жинақтап, аспирантураға түсетін немесе ғылыми ізденуші ретінде тіркеліп, ғылыми жұмысын жазумен айналысатын. Ал енді бірқатары жоғары оқу орындарына, не ғылыми зерттеу институттарына орналасып, өз зерттеулерін еңбек ете жүріп жалғастыратын.

Темкең де осы жолдардан абыроймен өтті. Өмірлік тәжірибе көрді, мұғалімдік мамандықтың да қыры мен сырына қанығып қалаға оралды. Одан соң сол кездегі астанамыз Алматы қаласындағы қарашаңырақ жоғары оқу орны Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне конкурстан сайлау арқылы өтіп, доцент қызметіне келді. Мұнда да ғалым-ұстаз еңбек ете жүріп, докторлық диссертациясын сәтті қорғап, ғылым докторы, профессор атанды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, екі бірдей қоғамдық (Гуманитарлық және Қазақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр) академиялардың академигі, Жамбыл атындағы және «Бейбітшілік әлемі», Түркі әлемі «Қызыл алма» халықаралық сыйлықтарының лауреаты болды. Университеттің «Қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиеті және журналистика» кафедраларын басқарды. Бұл жеке бір адамның ғұмырындағы қол жеткізген аз шаруалар, оңай табыстар емес.

Профессор Т.С.Тебегеновтің ұстаздық еңбек пен ғылым жолындағы бағындырған биіктері, осынау жетістіктері тек санамалап айтуға ғана жеңіл. Әйтпесе оның жарты ғасырға жуық мерзімдегі еткен еселі еңбегі мен төккен маңдай терінің көлемі қаншама қажыр-қайратты, ерік-жігерді, қисапсыз михнатты танытатынын айтпай-ақ білуге болады.

Темірхан Сақаұлы, тегінде, көпшіл, қоғамшыл, халықшыл, нағыз елжанды азамат. Оның ұстаздық қызмет ете жүріп, облыстық құрылтайда халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі болып сайланып, Қызылорда облыстық қоғамының төрағасы қызметтерін атқаруынан оның өмірлік ұстанымының белсенділігін танимыз. «Туған жерге туың тік» демекші, ол кісі осы күнге дейін туған ел, өскен жерінен алыс жүрсе де бүкіл Сыр өңірі облысының, сондай-ақ өзі туып өскен Қармақшы ауданының, білім алған оқу ордаларының, бүкіл ел-жұртының қоғамдық-саяси, рухани-мәдени, әдеби-көпшілік іс-шараларын ұйымдастыру жұмыстарына белсене араласып келеді.

Бұл қаламгер-ғалым, қайраткер-ұстаздың өн бойындағы биік елжандылық қасиетін, үлкен патриоттық сезімін, туған елі мен өскен жұртына деген жанашырлық пайым-парасаты мен перзенттік махаббатын көрсететін адамгершілік сапалық белгі екені даусыз.

«Шәкіртсіз ұстаз – тұл» демекші, ол студенттер мен магистранттарға, докоранттарға сабақ берумен қатар жоғары білікті кәсіби мамандар даярлауда да елеулі үлес қосып келеді. Осы күнге дейін профессор Т.С.Тебегеновтің ғылыми жетекшілігімен 1 докторлық, 13 кандидаттық, 10-нан астам магистрлік диссертациялар қорғалып, бұл шәкірттері бүгінде еліміздің әр тарабында, әр салада еңбек етіп жүр.

Темірхан Сақаұлы ұстаздық қызметімен қоса оқулықтар,оқу құралдары мен оқу-әдістемелік еңбектер жазып, типтік оқу бағдарламалар әзірлеу жұмысына да белсене атсалысып келеді. Бүгінде оның қаламынан туған 500-ден астам ғылыми еңбектер, тарихи-танымдық, әдеби-публицистикалық мақалалар студенттер жұртшылығы мен ұстаздар қауымының кәдесіне жарап жүр. Олардың ішінде 30-дан астам оқу-кітаптары – 11 монография, 2 оқулық, 17 оқу құралдары мен ҚР БҒМ бекіткен 5 оқу пәнінің типтік бағдарламаларын айрықша атап айтуға тұрарлық. 15-тен астам ғылыми еңбектері Ресей, Татарстан, Башқұртстан, Қытай, Түркия, Болгария, Өзбекстан, Қырғызстан секілді т.б. алыс-жақын шет елдерде жарияланған.

Ғалым-ұстаз университеттегі қоғамдық-мәдени іс-шараларға араласып, оқу ордасының С.Сейфулин атындағы әдеби-шығармашылық өнер бірлестігінің жетекшісі ретінде де бірқатар қоғамдық-рухани, әдеби-ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізіп жүр. Ол талай-талай жас талаптардың қабілет-қарымының қалыптасып дамуына игі ықпал етіп, олардың әдеби-көркем шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік жасады. Көптеген жас шәкірттерінің дарынын ашып, бағыт-бағдар берді, жазу өнеріне тәрбиеледі.

Темкеңнің өзі де «Қазақстан» ұлттық телеарнасы өткізген «Аламан айтыс» телешоуы (2006-2011ж.ж) мен «Хабар» телеарнасынан берілген «Жастар жырлайды» бағдарламаларын сараптау комиссияларының, Республикалық ақындар айтыстары, жыршы-термешілер конкурсы қазылар алқасының құрамында сарапшылық етіп, барша көрермен жұртшылықтың ризашылығына, бүкіл елдің ықыласына бөленді.

Тәжірибелі ұстаз шет елдердің де университеттеріне арнайы шақыртумен барып, дәрістер оқиды, магистрлік, Phd диссертациялар қорғау кеңестерінің жұмыстарына мүше ретінде қатысып тұрады. Айталық, 2016 жылдың мамыр-маусым айларында Қытай Халық Республикасының астанасы Бейжіңдегі Орталық ұлттар университетіне барып «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ әдебиетінің эстетикалық табиғаты», «Шетел әдебиетінің тарихы» атты бірқатар пәндер бойынша дәрістер оқып,магистрлік, Phd диссертацияларының қорғауына қатысып қайтты.

Профессор Т.С.Тебегенов кезінде еліміздің Жоғары Аттестациялық Комитетінің филология және өнертану мамандандықтары бойынша сараптау комиссиясының мүшесі де болды.

Темірхан Сақаұлы Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы»,Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ-дегі «Ай-Ару», «Сүлеймен Демирел университеті Хабаршысы», «Қазақ және әлем әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті қазақ,орыс сыныптарында», әдеби-танымдық «Тұрмағамбет» «Әлімсақ», «Дәстүр» журналдары редакция алқаларының мүшесі, «Қазақ және әлем әдебиеті» журналының (2009-2010ж.ж), «Жамбыл әлемі» газетінің (2016ж.) Бас редакторы болып келеді. 2009 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Ақжар ауылындағы №28 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті педагогикалық кеңестің шешімімен «Профессор Темірхан Тебегенов атындағы кабинет» болып аталды.

Қаламгер-ғалымның ұстаздық еңбегі жайлы әңгіме қозғағанда оның оқу-әдістемелік еңбектеріне тоқталмай кетуге болмайды. Оның әдістемелік еңбектерінің басы жоғарыда біз атаған бес оқу пәні бойынша (қазақ әдебиетінің тарихы (XIX ғ.); 2. Қазіргі қазақ әдебиеті (XX ғ. 70-90 жж. және XXI ғ. басы); 3. Шетел әдебиеттерінің тарихы (Барлық кезеңдері бойынша); 4.Шығыс әдебиетінің тарихы; 5. Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері (магистратура) типтік бағдармалардан тартып, әр жылдары жарық көрген «Әдебиет тарихы» (1999 ж.), «Әлем әдебиеті» (XIX-XX ғасырлар. 2 кітап, 2004 ж.), «Түркі халықтарының әдебиеті» (2009 ж.), «Өлең сөздегі дәстүр жалғастығы» (2010 ж.), «Шетел әдебиетінің тарихы» (2010 ж.), «Абайтану ұлағаты» (2013 ж.), «Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті» (XX ғ. 90 жылдары және XXI ғ. бас кезі. 2011 ж.), «Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті» (XX ғ. 90 жылдары және XXI ғ. бас кезі. 2013 ж.), «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» (2015 ж.) деп аталатын бірқатар оқулықтары, оқу құралдары, монографиялары пайдалануға берілді. Аталған еңбектер бүгінде жоғары оқу орындары студенттері мен магистранттарының, оқытушы-профессорлар құрамының қолынан түспейтін көмекші оқу құралына айналып, жалпы көпшіліктің қажетіне жарап келеді.

Профессор Т.С.Тебегеновтің жарық көрген еңбектерін бір-бірінен бөліп-жарып қарауға болмайды. Бұлардың барлығы да бір-бірімен сабақтасқан, тұтас жүйені құрайды. Біз атаған еңбектердің қай-қайсы да қазақ әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихының, халық ауыз әдебиетінің, сондай-ақ, шетел әдебиетінің сан алуан өзекті мәселелерін қарастыруымен құнды. Сонымен бірге аталған типтік оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдары өздеріне тиісті ғылыми-әдістемелік міндеттерін атқарған. Мұны олардың әрқайсысымен танысу барысында оқу материалдарының жүйелеп берілуінен, дидактикалық мағлұматтардың қамтылу жайынан анық байқаймыз.

ҒАЛЫМ ТЕМІРХАН ТЕБЕГЕНОВТІҢ ҒЫЛЫМИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Ханкелді Әбжанов
ҰҒА академигі

ТӘРТІБІ ТЕМІРДЕЙ ТЕМІРХАН

Өткен ғасырдың 90-жылдары басында отандық зиялы қауымның күнкөрісі ауырлап кетті. Жұмыссыздық, инфляция, тіпті қайыршылық етек жайды. Қымбатшылық шектен шығып кетті. Қиыншылықтар Ғылым академиясының қызметкерлеріне де жетті. Өзі мардымсыз еңбекақы айлар бойы қолымызға тимей жататын. Осындай қиналыста жүрген күндердің бірінде Абай университетінің ректоры, тарихшы Т.Садықовқа жолыға қалдым. Бұрыннан азды-көпті таныстығым бар еді. Іскер азамат қой, әңгімені бірден төтесінен қойды;

-Ханкелді, докторлық диссертацияңды қорғапсың, құтты болсын! Сен маған жұмысқа кел, - деді.

Жиырма жылға жуық еңбек еткен жерді тастай салу оңай ма! Енді мен қиналдым. Әрі ойланып, бері ойланып, педагогикалық қызметке баруға бел будым. 2-3 күннен кейін Тоқаңның үлкен кабинетіне имене кіріп, ұсынысын риза көңілмен қабылдайтынымды айттым. Ректор архивтану мамандығы бойынша студенттер қабылдайтынын, тарихнама және деректану кафедрасын ашатынын, соған меңгерушілікке баруым керектігін егжей-тегжейлі түсіндірді. Осылайша 1993 жылдың жазында Абай университетінің қабырғасындағы алты жылға созылған еңбек жолым басталды.

Жаңа орта, жаңа талап, жаңа әріптестер. Алғашқыда ЖОО-дағы қағазбастылыққа, бастықтар мен жиналыстардың көптігіне үйрене алмай жүрдім. Ғылым академиясында жұмыс уақытының 80 пайызы шығармашылық ізденіске кетсе, мұнда керісінше екен. Басты назар оқу-тәрбие үдерісіне аударылады. Ақиқатын айтсам, ЖОО талаптарына әлі күнге дейін үйрене алмай келемін.

Бір күні кафедрамызға мұнтаздай киінген, орта бойлы қара жігіт келді. Өзін Темірхан Тебегенов деп таныстырды. Филология факультетінде еңбек етеді екен. Қимылынан, сөзінен ысылған сақа жігіт екені, темірдей тәртіпті өмір салтына айналдырғаны көрініп тұрды.

Уақыт өте берді. Көп мәселеде көзқарасымыз жақын болғандықтан өзара сыйластығымыз да арта түсті. Сондай жылышырайлы кездесулердің бірінде қызы Эльвираның кандидаттық диссертация тақырыбын анықтауға және ғылыми жетекшісі болуыма өтініш білдірді. Бірден келістім. Есіме ұстазым академик Рамазан Сүлейменовтың осындайда қолданатын әдісі түсті. Ол кісі ізденушілеріне тақырып берерде қандай ортада өскенін, ауыл баласы ма, қала баласы ма – бәрін ескеруші еді. Ғылыми жетекшісі М. Әуезов туралы тебірене сөйлейтін. Мәдениет тарихын зерттеуге бағыт-бағдар бергенін дән ризашылықпен еске алатын. Сол уақыттан бері Әуезовтың мәдениет тарихына көзқарасын неге зерттемеске деген ой санада жүруші еді. Ойды іске асырудың сәті түскендей көрінді. Әкесі әдебиеттің профессоры болса, өзі Абай университетін тәмамдаса, жобаны қолға алуға қандай бөгесін бар.

Эльвираға диссертациялық жоба ретінде «Мұхтар Әуезов – мәдениет тарихын зерттеуші» тақырыбын ұсынғым келетінін Темкеңе айттым. Бар ықыласымен қолдады.

Енді шығармашылық ынтымақтастығымыз басталды. Эльвира да үмітімізді ақтады. 2018 жылы көлемі 200 беттен асатын «Мұхтар Әуезов – мәдениет тарихын зерттеуші» монографиясын сыйлады. Онда: «Өзіңіз ұсынған тақырыпты игерген жетістікті құрметпен ұсынамын» деген сөздер жазылыпты.

Тап осы жылы экс-президент Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы жарияланғаны белгілі. Бұл уақытта мен Қазақ ұлттық аграрлық университетіндегі «Рухани жаңғыру» институтын басқарып отырған едім. Темкең бұрынғысынша Абай университетінде еңбек етіп жатты. Қазақстанға танымал ғалым, ақын биігіне көтерілген-тін. Шығармалары

үшін Түркі әлемі халықаралық «Қызыл алма» сыйлығымен, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықпен марапатталғанына қоса, ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі лауазымына өткені бар. Толайым табыстармен 70 жылдық мерейтойын дүбірлетіп тойлады. Той дастарханына шақырылғанмен, тоқтатуға болмайтын себеппен бара алмағаныма осы күнге дейін өкінемін.

2019-2020 жылдары ҰҒА академигі Көпжасар Нәрібаевтың басшылығымен бір топ ғалым Абай университетінің қабырғасында «Ұлы дала тұлғалары» жобасымен айналыстық. Әрқайсымыз 2-3 кітаптан жазатын болдық. Қысқа мерзім ішінде Темкең «Қазақтың бишешендері» кітабының қолжазбасын алып келді. Оқыдық, талқыладық. Баспаға ұсындық. Қолжазбаға профессорлар Ж.Дәдебаев пен Б.Әбдіғазиұлы оң пікір берді. Мұнда XII-XIX ғасырлар арасындағы сөз дәлмарларының өмір жолы мен мұралары талданған. Майқы бимен басталып Ноғайбай Дәулетбақұлымен аяқталады.

Ұзын-ырғасы 10 кітап жарияладық. Оқырман қауым жылы қабылдады. Әлі бес кітап жариялау жоспарда тұр еді. Бірақ университеттің жаңа басшылығы жобаға қолдау көрсетпегендіктен игі іс тоқтады. Бұдан да ауыры біз күтпеген жерден ауыр қайғыға душар болдық. 2020 жылы дүниеден К.Нәрібаев озды. 2021 жылы жобаның белсенді авторы Талас Омарбеков қайтыс болды. 2022 жылдың басында ауыр науқастан кейін Темірхан Тебегенов марқұм болды. Темкеңмен қоштасу рәсімі Қазақстан жазушылар одағының ғимаратында өтті. Халық көп жиналды. Студент жастар шоғыры қалың еді. Ұстазға құрметтің бір көрінісі осы шығар, сірә. Қайғырдық, қимадық, бір-бірімізге көңіл айттық. Ажалға қиятын жан ба еді Темкең.

Шығармашыл жанды көзінің тірісінде бағалағанға не жетсін. Темкең әріптестері арасында үлкен бедел иесі болғанын көзіммен көрген жанмын. Абай университетінде өткен халықаралық ғылыми форумда Жамбыл мұрасы жайлы оқыған баяндамасы, ҚР Ұлттық кітапханасында жазушы Н.Қапалбекұлының «Кек» романына орай ұйымдастырылған дөңгелек үстелдегі сөйлеген сөзі, БАҚ бетіндегі мақалалары осынау пайым-тұжырымдарымды одан әрі бекемдей түсті. Ғылымға берілгендігі, ізденістегі ұқыптылығы, жүйелі жұмысты дағдысына айналдырғаны, бір сөзбен айтқанда темірдей тәртіпті өмір салтына жеккені көрініп тұратын.

Кейбір мінездері баладай аңғалдығын да аңғартушы еді. 2015 жылы дәріс оқуға Пекиндегі халықтар университетіне шақырылдым. Бірде қолымның бостығын пайдаланып, қаланы аралауға шыққан едім. Қытайдың бас қаласының орталық көшесінде, сенесіз бе, Темірханмен ұшыраса кеттім. Сан миллион адамның ішінде жүріп екі қазақтың жолдары түйіскеніне қайран қалғаны бар. Сол таңғалысын кездесе қалсақ міндетті түрде еске алатын.

Жаның жәннатта шалқысын, Темірхан досым!

Хайролла Нышанұлы Жанбеков., *[1]* ***Асан Адасбекұлы Сәтмырзаев[2]***

[1]Абай атындағы ҚазҰПУ Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, жер ғылымдарының докторы, профессор

[2]ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚР Еңбек сіңірген қызметкері,ҚР Алтын жұлдыз медаль иегері, экономика ғылымдарының докторы, профессор

ҒАЛЫМ-ПЕДАГОГ Т.ТЕБЕГЕНОВ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Дана халқымызда: «Жақсылық қылсаң халқыңа бір қайырымын аларсың, жамандық қылсаң халқыңа айдалада қаларсың» – деген ұлағатты сөз бар. Бұл бүкіл саналы ғұмырын туған елінің ертеңіне арнаған парасат иелеріне қарата айтылған сөз. Қазақ мемлекеті өзінің қалыптасу жолында сан қилы бұрылыстар мен соқпақтан өткендігі тарихтан белгілі. Міне, сол кезеңдерде еліміздің басына қара бұлт үйіріліп, қалың тұманнан жол таппай абдырағанда,

елінің еркіндігі мен азаттығы үшін өз басын өлімге тіккен азаматтар өзіне тәуекелді серік етіп, елінің көшін жарық сәулеге қарай сүйреді. Ел үшін үлкен тәуекелге бас тіккен текті бабаларымыздың арқасында біз бүгінгі XXI ғасыр төріне жұтылып кетпей аман жеттік.

Жалпы кешегі Орта ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы бөлігіндегі ұлы дүрбелеңдерде халқымыздың төтеннен төнген сын-қатерлер мен тарихи қасіреттерден аман өтуі ел ертеңін ойлаған азаматтардың арқасы. Ал сол бабаларымыздың жанқиярлық еңбегі мен азаматтық болмысын өскелең ұрпаққа насихаттау бүгінгі аға буынның перзенттік борышы. Жастарымыз өткен тарихты, тіліміз бен салт-дәстүрімізді ерекше қадірлеп, ғасырдан-ғасырға аман жетуіне аянбай қызмет етсін десек, оның біз әрқашанда наисхаттап отырғанымыз абзал. Бұл бүгінгі ұстаздар мен ғалымдардың үлкен міндеті екені сөзсіз. Осы орайда қазақ білімінің қара шаңырағы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ұзақ жыл қызмет етіп, кешегі қазақ тарихы мен әдебиетінің болашақ ұрпаққа сарқылмай жетуіне аянбай еңбек еткен аяулы азаматтардың бірі Темірхан Тебегенов.

Темірхан Тебегенов қазақ әдебиеті кафедрасы мен Абай университетінде ғана емес, отандық ғылымда өзіндік мектебін қалыптастырған қаламгер-ұстаз. Оның қаламынан туған қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелеріне арналған құнды дүниелер мен зерттеулер қазақ әдебиеттану ғылымының жаңаша бағытта қанат жаюына өзіндік ықпал етті. Әсіресе, қазақ әдебиетінің әлем әдебиеті озық туындыларымен үндестігі шешендік-ақындық мектептің қазақ тарихындағы орны деген сүбелі зерттеулері мен ауызша авторлық әдебиет өкілдері мен XIX ғасырдағы әнші-ақын, сал-серілер, сол кезеңдегі ел билеген датқалар мен билер жайындағы ғылыми монографиялық зерттеулері төл мұрамыз қазақ әдебиетіне қосылған соны еңбектер болғаны сөзсіз.

Темірхан Сақаұлының зерттеу еңбектері бүгінде жас зерттеушілер мен студенттеріміздің ғылыми жолын айқындауға қол ұшын беретін бағдаршамға айналып отыр.

Филология ғылымдарының докторы, профессор деген үлкен ғылыми дәрежеге шаң түсірмей, қайта өзінің осы сала бойынша нағыз ғалым екендігін өзінің қажырлы еңбегімен дәлелдей алды.

Бүгінде академик Серік Қирабаевтың есемін иеленген қазақ әдебиеті кафедрасында ұзақ жыл басшылық қызметте болған тұста профессор Т.Тебегенов өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында кафедраның оқу-әдістемелік жұмыстарын бір жүйеге келтіріп, ғылыми әлеуетінің артуына да өлшеусіз үлес қосты. Бұған дейін Қызылорда қаласындағы орта мектептерде мектеп директоры, Қызылорда педагогикалық институтта қазақ әдебиеті мен араб тілі кафедрасының меңгерушісі, Халықаралық қазақ тілі қоғамы республикалық басқармасының мүшесі, Қызылорда облысы ұйымы басқармасының төрағасы сияқты жауапты қызметтерде абырой-биігінен көрінген оған қарашаңырақтағы қазақ әдебиеті кафедрасын басқару қиынға түспеді.

Қайта еліміз Тәуелсіздігін алған алғашқы тұстарда қазақ әдебиеті кафедрасына елімізге танымал оқулық авторлары мен білікті ғалымдардың көптеп шоғырлануына аянбай тер төкті. Темірхан Сақаұлы басқарған тұста қазақ әдебиеті ғылымының жаңа зерттеулер және оқулықтармен толығуына кафедра ұжымы үлкен табандылық көрсетті. Педагогикалық ЖОО-лардың ұстаханасы деген ұлы есімді иеленген Абай университетінің басқа оқу орындарына бағдар болуына да Т.Тебегенов сияқты білікті ұстаздарымыздың еңбегі зор.

Өзінің ізденушілік және еңбекқорлық қасиеттері биік адамгершілікпен үйлесімін тапқан Темірхан Сақаұлы қат-қабат кафедраның жұмысына қарамастан университеттің қоғамдық өміріне де үнемі атсалысып отыратын. Университетте ұйымдастырылатын Халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар ол кісінің қатысуынсыз өткен емес. Әсіресе, кезінде университетте «Тұлғатану» орталығы болып іргесі қаланып, кейіннен «Ұлы дала тұлғалары» деп кеңейтілген ғылыми орталықта өткізілетін еліміздің көшін алға сүйреген тұлғалар жайындағы естеліктер мен ол кісілердің азаматтық қырлары туралы Темірхан Сақаұлының мамақалары өскелең ұрпақтың бабаларымызды жаңа қырынан танытуға зор мүмкіндіктер берді.

Бар ғұмыры ұрпақ тәрбиесі мен еліміздің білім саласын дамыту жолымен ұштасып жатқан Темірхан Сақаұлының қажырлы еңбегі жоғары бағаланып, Қызылорда облысы «Қармақшы ауданының Құрметті азаматы», «Ыбырай Алтынсарин» медалінің иегері, ТҮРКСОЙ-дың «Тоқтағұл Сатылғанов – 150» медалінің иегері, Түркі Әлемі Халықаралық «Қызыл Алма» сыйлығының лауреаты, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың «Үздік Түлек» медалінің иегері, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Ана тілі» арнайы медалімен және Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының, кәсіподақ ұйымының шешімімен «Үздік Ұстаз» төсбелгісімен марапатталды.

Темірхан Тебегенов тек білікті ғалым, өнегелі басшы ғана емес сонымен қатар шәкірт жүрегіне жол тапқан ұлағатты ұстаз. Оның тәлімін алған кез-келген жастың жүрегінде оған деген биік құрметті аңғаруға болады. Бүгінде Тәуелсіз еліміздің түрлі саласында қызмет атқарып жатқан Абай университетінен түлеп ұшқан білікті жастарымыз Т.Тебегеновтің тәлімімен қанаттанды десек артық айтқандық емес. Оны ұстазға деген шәкірттерінің ыстық ықыласынан да аңғаруымызға болады. Сонымен қатар Қазақстан Жазушылар Одағында да өзіндік орны бар ғалым-профессордың көп еңбегі тек педагогикалық қызметпен айналысып қана қоймай, еліміздің рухани өміріне де белсене араласқанын көрсетеді.

Еліміздің рухани мұрасын қайта жаңғыртуға өлшеусіз үлес қосқан Темірхан Тебегеновтің есімі Абай университетінің тарихында мәңгі сақталмақ. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген бабалар сөзі Т.Тебегеновтей азаматтарымызға арналғаны анық. Артында қалыптастырған мектебі мен шәкірттері барда Темірхан ағамыздың дара жолы ешқашан сөнбеді деп білемін.

Мауен Хамзин
Филология ғылымдарының докторы, профессор
«Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы

ҒАЛЫМ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӨЛ ӘДЕБИЕТІМІЗДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(*профессор Т.Тебегеновтің ғылыми дүниелері жайлы ой-толғам*)

Асылы, жанр ұғымының тарихи категорияға жататынын ескерсек, профессор, әдебиеттанушы ғалым Темірхан Тебегеновтің туғанына 75 жыл толуына орай ұлтымыздың рухани қара шаңырағы Қазақтың Абай атындағы ұлттық педагогика университеті ұйымдастырып отырған Халықаралық ғылыми конференцияға жолдап отырған осынау шағын жазбамды оқырман қауым бірнеше жайтты ескере отырып, танысса екен дегіміз келеді:

- біріншіден, Темірхан Тебегенов жайлы аталмыш жазбада жанрдың ішкі-сыртқы иірімдері сияқты естелік, ғылыми еңбектеріне баға бере отырып, саралау, азаматтық ажары мен кісілік келбетіне қатысты өз көзқарасымызды айту т.б. тұтаса келіп, ғылыми мәжілістің негізгі талаптарына сай келмей қала ма деген күдігіміздің бар екенін де жасырғымыз келмейді. Қаншалықты тырысқанымызбен қазірде арамызда жоқ осынау азаматтың ғылыми еңбектері жайлы өз шама-шарқымызша ой айта отырып, адами қасиеттерін айтпай кетуді жөн көрмедік...
- екіншіден бір қағида бар ғой, жақсы қызметкер, ғалым болады, алайда адамгершілік жағы аздап ақсап жатады немесе, керісінше, ғалым, қызметкердің кәсіби қасиеттері ақсап жатуы мүмкін, алайда адамгершілігі жоғары болады...

Темірхан Тебегенов екеуіміз құрдас едік. Жас жағынан менен бір айдан сәл ғана астам кішілігі бар-тын. Сонау тоқсаныншы жылдардан бастап таныс едік. Екеуіміздің танысуымызға дәнекер болған танымал ғалым Балтабай Әбдіғазиұлы еді. Ол аузын ашса, көкірегі көрінетін ашық, жайдары, өзгеге жәрдем қолын созуға дайын тұратын жан еді. Ғылыми жетекшілігімізбен сол жылдары екі ізденушім кандидаттық диссертация

қорғағанда, алдын ала талқылау барысында ол мейлінше әділ болып, жетістіктерін де, өзі үшін сәл кемістеу болып көрінетін тұстарына да ғылыми дәйектелген пікірін ортаға салып еді. Ал, өз басымыз 1997 жылдың қарашасында докторлық диссертация қорғар алдында жектекші ұйым сол Алматы мемлекеттік университеті болғандықтан, талқыдан өткенім бар еді, сонда басы Нығмет аға Ғабдуллин бар, кафедра меңгерушісі Б. Әбдіғазиұлы бар, Т.Рахымжанов, Т.Тебегенов т.б. ғалымдар бар, сәтті талқылаудан өтіп ек... Бұның бәрін сол азаматтың бізге, шәкірттерше тигізген жәрдемі мол болғандықтан айтып отырған жоқпыз (әрине, ондай жәрдемі үшін алғысымыз шексіз еді), осынау азаматтың төл әдебиетімізге, оның зерттелуіне ықыласты боп, жақсы еңбектерге балаша қуанатын асыл қасиеттерін көрсету үшін жазып отырмыз. Бір – бірімізге деген құрмет, терең сыйласым «мен-саған, сен-маған» принципімен емес, өзіміз еңбек етіп, зерттеулер жазып жүрген әдебиеттану ғылымына байланысты қалыптасқан еді. Перзенті Алтынарай диссертация қорғағанда мен ҚарМУ-де кафедра меңгерушісі едім, жұмысты кеңінен талқылаудан өткізіп, тиісті пікір арқылы оң баға бергеніміз есімде қалыпты. Сол бір әділетті бағамызға разы болғаны шығар, Темекең әр хабарласқан сайын «әлгі Алтынарай қызыңыз аман-есен жүріп жатыр, Сізге алғысымыз шексіз» деп отырушы еді. Бір шәкірті докторлық диссертация қорғағанда оппонент ретінде мені шақыртқаны да бар-тын.

Әрине өмір атты Көш-Керуенде адамдар дүниеге келіп жатады, дәм-тұзы таусылғанда бақиға аттанып жатады. Қазір ортамызда Темірхан жоқ, алайда бір жайтқа шүкіршілік етеміз. Артында жақсы ұрпақтары, тамаша шәкірттері, өзімен қызметтес, әріптес болған замандастары, достары, бауырлары барда оның есімі ұмытылмақ емес. Кезінде ұлылар мен ірілер қызмет істеген қасиетті қара шаңырақ, білім мен ғылымның іргелі ордасы - Қазақ ұлттық педагогика университетін шама-шарқынша көтеруге Темірхан тырысса, өз кезегінде сол оқу орны оны көтерді, биіктетті дегеніміз жөн болар... Тым әріге бармай-ақ қояйық, бертіндегі әйгілі тұлғалар Қ.Жұмалиев, С.Қирабаев, Н.Ғабдулин т.б. танымал жандардың игі істерін жалғастыру С.Мақпыров, Т.Рақымжанов, Б. Әбдіғазиұлы, Т.Сыздықов, Т.Тебегенов т.б. ғалымдардың еншісіне тиген еді, демек, титей бір жетістік, жаңашылдық көрсек, сол абыройлы миссияның лайықты орындалып жатқаны дегеніміз абзал.

Оның қаламынан тұшымды ғылыми еңбектер туды. «Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиеті», «Абайтану ұлағаты», «Нартай ақынның әдеби мұрасы», «Біртұтас қазақ әдебиеті», «Әлем әдебиеті» т.б. еңбектер туды. Бұл еңбектерді жариялау қазақ әдебиеттануына елеулі үлес қосты және автор зерттеулеріне тән негізгі идеяны аңғартады, атап айтсақ,

- ғалым ұлттық әдебиетімізде ғылыми тұрғыдан жаңаша саралауға тырысқан;

- төл әдебиетімізді дәуірлеу қағида, ережелеріне сай, түрлі кезеңдерге бөліп жүрміз ғой, алайда олардың бәріне ортақ нендей сипаттар басым, әр кезеңге бөлініп, оқытылатын қазақ әдебиетінің негізгі өзегіне арқау болған ұлттық болмыс иірімдері десек, олар несімен дараланып тұр, міне тұтастық сырына ғалым осы тұрғыдан үңіле алған;

- XIX ғасырда ғұмыр кешіп, ғаламат ренессанс жасаған Абай ұлағаты бүгінде жүзеге асып жатыр ма, автор осы мәселеге назар аударған;

- өзіміз шетел әдебиеті деп атап жүрген басқа ел әдебиеті туралы сөз қозғағанда, ол әдебиеттердегі өзіндік ұлттық ерекшеліктерді төл әдебиетімізбен салыстыру, сол арқылы түрлі халықтар әдебиетіндегі өзгеге ұқсамас сипаттарды ғалым дөп басып, көрсете алған.

Сөз жоқ, «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» атты сүбелі еңбек Т.Тебегеновтің басты зерттеу еңбегі дер едік. Автор халық ақындары шығармаларын қарастырғанда, жаңа бір қырынан келгені байқалып тұр. Танымдық, тәлімдік ерекшеліктерді басты назарға ұстай отырып, автор халық ақындары деген мәртебеге лайық шайырларды тек хронологиялық тұрғыдан шолып қана шығуды мақсат етпей, олар тудырған дүниелерді әдеби және фольклорлық дәстүрлер аясында талдауы бұл саладағы ертелі-кеш жазылған, қорғалған ғылыми еңбектерге кең тыныстылық, жаңаша талғам сипаттарын айырықша дарытып еді дегенді баса айтқымыз келеді. Демек, поэзиясы алдымен туып, уақыт өте келе, әдебиеттің басқа да жанрлары дами бастаған ұлттық сөз өнеріміздегі дәстүр

сабақтастығы мен жалғастығын ғалым асқан дәлдікпен, ғылыми тұжырымдармен кеңінен саралай алған. Сондықтан да болса керек, ұлттық рухани мұраларымыздың өміршеңдігі, оның өзегіндегі негізгі идеяның өз бастауын фольклор мен әдебиеттің ең үздік арналарынан алуы, фольклор мен әдебиеттің ең үздік арналарынан асуы, фольклор мен әдебиеттің арасындағы алтын көпір т.б. тұтасып келіп, қазақ топырағындағы рухани шүйгіндіктің құндылық сипаттарынан молынан хабар береді дер едік.

Шағын жазбамда әмбебап ғалым Т.Тебегеновтің сан қырлы мұрасын жан-жақты талдап, саралап шығу мүмкін емес, біз тек баста-басты деген жайттарға ғана қысқаша тоқталуды жөн көрдік.

Әсия Шоқбарова
ҚР еңбегі сіңген Халық Мұғалімі

АУЫЛЫМНЫҢ ҚҰРМЕТТІ ДЕ АСЫЛ АЗАМАТЫ

Темірхан - менің Сапура сіңілімнің жолдасы. Қармақшы ауданының құрметті де асыл, абзал азаматы. Ол жанындағы адамзатты өзіне баурап алатын ашық мінезді, түсінігі мол жан. Сонымен қатар, аса мәдениетті де бауырмал жан. Туысқандарымен үнемі хабарласып, мереке күндері құттықтау айтуды еш қалт жібермейтін. Кездескенде жүрегі жарылардай қуанатын. Сапура сіңілім екеуі бақытты өмір сүрді. Дүниеге ұлды да, қызды да әкелді. Балаларына жақсы тәрбие мен жоғары білім беріп оқытты. Олардың әрі қарай дамуына өз көмектерін аянбады. Баланың жаны мен тәнінің тазалығы, рухани бай жетіліп, еңбекке деген сүйіспеншілігі, ақылдылығы – ата-анасының тынымсыз еңбегінің жемісі болары ақиқат. Темірхан алғыр да аса зерек, шапшаң қимылмен жылдам жүріп бәріне үлгере білетін өте ізденімпаз жан еді. Оның жоғарыдан қолдаушысы, еш демеушісі болмады. Арман қуып, қалаға оқуға түсіп, Алладан келген тіл байлығымен, біліктілігімен, білімділігімен, тынымсыз еңбекқорлылығымен, халықтың құрметіне бөленді. Еңбегі еш кетпей, еленіп, бірнеше атаққа ие болды. Оны ағайын-туыс, бауырлары, жора-жолдастары, адамгершілік, бауырмалдық қасиеттерімен, аққөңіл, мәрт мінезімен, нағыз азамат тұрғысынан таныды. Ол ең бірінші өз ұлтын сүйді, елін сүйді. Ең бастысы, өз мамандығын қатты сүйді. 1974 жылы Қызылорда қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ-орыс орта мектебінде ұстаздық етіп жүргенде ауылын сағынып, «Ауылым» атты өлеңі облыстық газетке шыққан.

Тұрады көңілім өзіңе ғана бұрылып,
Тасқын боп ағып, таралып жатыр, күй-арман...
Өзіңнен ұшқан арманшыл өрендеріңнен,
Ауылым менің, кезің жоқ әлі ұялған.
Алыста жүрсем, сағынып айтап әнімсің!
Жанында жүрсем, көңілге қонар сәнімсің!
Ауылым, сенен алсам да қуат жаныма,
Бере алмай келем ешнәрсе саған,кәміл шын!
Жарқыра! Жайна! Өзімнің өскен тұрағым!
Теңіз боп көлің, дария боп ақсын бұлағың.
Уақытша ұзақ өзіңнен алыс жүрсем де,
Ауылым менің! Сенсің ғой айтар жыр, әнім!

(Т.Тебегенов. Қызылорда қаласы, Ы. Алтынсарин атындағы №10 орта мектептің мұғалімі, 1974 жыл)

Темірхан туған елімен жиі хабарласып, жүрегінің түкпіріндегі туған жерге деген сағыныш сезімін мақалаларымен де, осындай өлең шумақтарымен де білдіретін. Кейіннен Ақжар ауылының 60 жылдығына арнап, «Ауылым –алтын бесігім» атты кітапты да шығарды.

Беу, жалған дүние - ай... Сапура сіңілім өмірден өткеннен кейін Темірхан көпке дейін еңсесін көтере алмай көп жүрді. Балаларын әрі қарай ешкімнен кем қылмай жеткізу керек

екендігін ой елегінен өткізді. Ауыр жүкті тек нар көтереді ғой. Сол Алланың салған ауыр жүгін қасқайып , қиындыққа қарсы жүріп, басына салған ауыртпалықты өзі көтерді. Темірхан өз отының анасы, панасы, қамқоршы, қолдаушы, қорғаушы, қорғаны болды... Жақында Темірханның шәкірті Лаура Бақтыбайдың «Қармақшы таңы» газетіне «Төр ойсырап, төбе босап қалғандай» мақаласы шықты. (16.04.2022) Бұдан да басқа республикалық газеттерде шәкірттерінен мақалалар будақтап шығып жатыр. Міне, осыдан-ақ бұл кісінің шәкірттерінің алдында аса беделді, абыройлы да қимас жан екенін көруге болды... Жаратқанның жарлығынсыз бір жапырақ жерге түспейді ғой. Алланың ісіне не шара? Суық хабарды естігенде қабырғамыз қайысты. Амалымыз жоқ... Жаратқан ендігі жерде балаларына береке, бірлік, амандық беріп, ардақты да асыл әкелерінің игі істерін әрі қарай жалғастырсын деп тілейміз. Ауылымның құрметті да асыл азаматы Темірхан іниміздің алды жарық, орны пейіштен болсын!

Рыскүл Байділдақызы Бораш
педагогика ғылымдарының кандидаты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

АҒАЙДАН ҚАЛҒАН ҮЛГІ КӨП...

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, Түркі Әлемі Халықаралық «Қызыл Алма» сыйлығының лауреаты ардақты ұстазымыз Темірхан Сақаұлы Тебегеновтің өмірден озғанына да біршама уақыт өтті. Өлмейтұғын артына мұрасы қалған Темірхан ағайдың жарқын жүзі мен аңқылдаған бейнесі ағайды білетін әр адамның жадында қалып қойды.

«Аққөңілділік пен аңқылдақтық – адалдық нышаны. Арам пікірлі адамдар аққөңіл де, аңқылдақ та емес»,- деп ақын Төлеген Айбергенов айтқандай Темірхан ағай туралы айта бастасақ, ол бір «аққөңіл, аңқылдақ» кісі еді ғой деп еске аламыз. Бұл ағайдың шынайы келбеті еді. Жақсыда жаттық жоқ демекші ағай ешкімді жат, бөтен санамайтын. Филология институтының төртінші этажын бір өзі толтырып, жан- жағына амандасқан шәкірттерін ерте жүріп, кафедраға кіріп келгенде ағаймен қоса көтеріңкі көңіл күй, әдемі әзіл, шат күлкі қоса кіретін. Әріптестерінің бірін құрдас, бірін іні, бірін қарындасым деп қал-жағдайыңды сұрап, бәйек болатын. Ағайдың өмірге құштарлығы, талпынысы, алға қойған жазатын жоспарлары оны бітірем деп шапқылап жүретін шапшаңдығына риза болатынбыз. Ағайға қарап көш түзейтін едік... Темірхан ағайдың өзімсініп айтатын «бала - ау» деген сөзі кейде жетпей тұрады...

Темірхан ағаймен академик С.Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті кафедрасында жиырма жылға жуық бірге қызмет атқарған жылдарда ұстаздық, әдебиеттанушы ғалымдық тұлғасымен қоса адами болмысындағы жақсы қасиеттеріне, шәкірттерінің бойындағы жылт еткен шығармашылығын көрсе тұтатқысы келіп тұратын жанашырлығына, қамқорлығына риза едік. Бұл ағайдың игі жаратылысы, ізгілік адамгершілігі мен кісілік қасиеттерінде жатса керек. Ағай өзінің бар болмысымен, ұстаздық тұлғасымен үлкен кішіге жақсы үлгі бола білді.

Темірхан ағай үлкен ғалым, әдебиет ауылындағы айбын беделі бар тұлға, уақыты тығыз болса да, айналасына шапағатын шашудан шаршамайтын еді.

Менің әкем Басанов Байділда жас кезінен өлең- жырға құмар, ақындығы бар, артына мұрасын қалдырған, оны маған, қызына, кітап қылып шығар деп табыстаған еді. Әкем дүниеден озғаннан кейін аманаты ойымнан кетпей, ағайға бар жайымды айтып, әкемнің өлеңдерін оқып, талдап мақала жазып бересіз бе, деп өтіндім. Сондағы ағайымның қуанғаны « бала –ау, әкел, әкел» деп балаша аңқылдап, қалай болады деген ойымның күл- талқанын

шығарды емес пе? Нәтижесінде әкемнің өлеңдер жинағының алғашқы бетінде Филология ғылымдарының докторы, профессор, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, Түркі Әлемі Халықаралық «Қызыл Алма» сыйлығының лауреаты Темірхан Сақаұлы Тебегеновтің «Сүлейлер дәстүрін жалғастырған жырлар ұлағаты» атты мақаласы менің әкемнің өлеңдерін еліне жақын таныстырды.

Лев Толстойдың «Тәрбие дегеніміз - бір адамның екінші адамға белгілі жақсы әдеттерді үйренуге ықпал жасауы»,- деген сөзіне бойлап қарасақ Темірхан ағайдың бізге қалдырған үлгісі көп екен ғой. Адам дүниеден озса да, артына қалдырған жақсы ісі оны ұмыттырмайды екен. Темірхан ағай өзінің жаратылысымен, ұстаздық, ғалымдық бар болмысымен, үлкен-кіші замандастарына үлгі бола білді.

Мұратбек Кенжебайұлы Айтимов
филология ғылымдарының докторы,профессор
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

ӨМІРІ – ӨНЕГЕ, ІСІ – ҮЛГІ

Өмір атты дарияның толқынымен ағып өткен уақыт адам баласының ырқына бағынбайтындығын уақыт өткен сайын мойындайды екенсің. Иа, өмір өте тәтті, бірақ қаншалықты тәтті болғанымен, өмір де өлімге орын береді. Бәрі жаратқанның қолында екен... «Дүние үлкен көл, замана соққан жел, алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер, кезекпен елітер, Баяғыдай көрінер» деп Абай атамыз айтқандай, өмір заңына, заман сағатына бір Алладан басқа ешкім үстемдік жасай алмайды. Ал адам баласының тек қана жақсыға қуанып, мезгілсіз соққан дауылға, мезгілсіз өткен өмірге куә болғаннан басқа қолдан келері жоқ. Бұл өмірдің жалғандығы, өткінші екендігі де шындық. Менің мұны айтып отырғаным, кезінде баршамызға қадірлі аға болған ұстаз, қазір дос туыстарының жүрегінде ұмытылмай отырған асыл азамат, белгілі ғалым – Темірхан Сақаұлы.

Қанша уақыт өтсе де, өмірде орны толмайтын, еш уақытта ұмытылмайтын тұлғалар болады. Бірақ, өзі бізден қанша алыстағанымен, оның рухы, бейнесі, өмірдегі жақсы істері, әзілі мен үлкен де ақылды тұлғасы қасымызда, шәкірттері мен бауырларының жүрегінде, көңілінде жүргені ақиқат.

Ғұлама – ақын, ойшыл ғалым Жүсіп Баласағұн жазып қалдырғандай «Дүниенің қызығы ақылда, ақыл болса, ардақталар атың да» дегендей өз ақыл – парасатымен халқына танымал азаматтар ел арасында баршылық. Осындай есімі мен өмірі – өнеге, ісі – үлгі болар азаматтардың бірі болған – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, қызылордалық Темірхан Сақаұлы Тебегенов.

Тәуелсіз жаңа Қазақстанның тарихындағы көрнекті ғалым, қайраткер ұстаз, аяулы ағамыз Тебегенов Темірхан Сақаұлының фәниден бақиға аттанып кеткені менің де жан – жүйемді қайғыға толтырып кетті.

Отбасының ұйытқысы, тамаша азамат көзі тірісінде тек жақындарына ғана емес, өзін қоршаған бүкіл ортаның жанашыры еді. Ағамыз зейнеткерлікке шықса да үйде отырып қалмай, аға ұрпақтың өнегесін бүгінгіге жеткізуші, береке – бірлікке бастаушы болды. Темірхан ағамыз қазақтың өресі биік, әділ, ар – ұяты жоғары, кең міңезді, сегіз қырлы бір сырлы азаматтарының бірі болатын.

Іргесі сонау 1937 жылы қаланған Сыр өңіріндегі білім ордасы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінен жыл сайын мыңдаған жас мамандар қанат қағып, үлкен өмірге жолдама алады. Олар еліміздің ғана емес, әлем елдерінің де мәдени – рухани салаларын дамытып, өркендетуге өз үлестерін қосуда. Міне, осы киелі шаңырақтың 1972 жылғы түлектерінің бірі Темірхан ағамыз. Ол ұзақ жылғы еңбек өтілі жылдарында

республикамыздың орта мектептері мен жоғары білім беретін оқу ордаларында қазақ жастарына қазақ тілі мен әдебиеті, әлем әдебиеті пәндерінен дәріс береді. Сөз маржанын жіпке тізіп, ұлттық руханиятымызды көтеруде елеулі еңбегімен үлес қосқан ғалым – ұстаз ана тіліміздің абыройын асқақтатып жүрген тау тұлғалар қатарында республика жұртшылығының құрметіне бөленді.

Иә, өмір бес күндік. Осы Алланың өлшеулі ғұмырында артына өшпес із, жарқын естелік қалдырған Темірхан ағамыздың аяулы бейнесі ұмытылмақ емес.

Темірхан Сақаұлы Тебегенов 1949 жылдың 18 қарашасында Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты Ақжар ауылында өмірге келген. Туған жеріндегі №28 орта мектепті 1968 жылы тәмамдайды. Алтын ұя мектебіндегі онжылдықты бітірісімен, арман қуып жоғары оқу орнына облыс орталығына аттанған ол Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бөліміне қабылданып, осы оқу орнын 1972 жылы үздік бағалармен бітірген.

Жоғары оқу орнын бітірген жас маман еңбек жолын Қармақшы ауданы, Қуаңдария ауылындағы №186 орта мектепте мұғалім боп бастайды (1972-1974 жылдары). 1974-1981 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы №10 орта мектепте алдымен қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болса, кейін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған.

1981-1989 жылдары Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының «Бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедраларында конкурстық сайлаумен оқытушы, аға оқытушы қызметтері бойынша жұмыс істейді. Дәл осындай сайлау түрімен 1989-1991 жылдары аталған институттың «Қазақ тілі мен әдебиеті және араб тілі» кафедраларының меңгерушілігіне тағайындалды. Осы жылдары ол Қызылорда облысының қоғамдық өміріне қатысты азаматтық – қайраткерлік ынталылық танытып, облыстық Құрылтайдың шешімімен «Қазақ тілі» қоғамының республикалық басқарма мүшесі, облыстық басқарманың төрағасы қоғамдық қызметтерін де атқарды.

1991 жылы конкурстық сайлаумен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазақ тілі мен әдебиеті (1991-2016ж.) кафедраларында ұстаздық қызмет етеді. Оның ішінде 1991-2003 жылдары университеттің «Қазақ әдебиеті» кафедрасында доцент болса, 2004 жылдан профессоры, 2008-2015 жылдары әуелі «Қазақ әдебиеті», одан кейін «Қазақ әдебиеті және журналистика» кафедраларының меңгерушісі қызметтерінде болды. Сонымен қатар, 2003-2005 жылдары ҚР БҒМ Жоғары Аттестациялық Комитетінің филология және өнертану сараптау комиссиясының мүшесі болды. 2006-2016 жылдар аралығында айтыс ақындарының сайысын саралайтын «Қазақстан» Ұлттық телеарнасындағы «Аламан айтыс» телешоуында, «Айтуға оңай», «Хабар» телеарнасындағы «Жастар жырлайды», «Алтын домбыра» бағдарламалары мен Қазақ хандығының 550 жылдығына, Сүйінбай Аронұлының 200 жылдығына, ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған республикалық, халықаралық ақындар айтыстарының, жыршы – термешілер сайыстарының сараптау комиссиясының құрамында қазылық – сарапшылық, төрағалық етті. 2016 жылы планетамыздың барлық территорияларындағы қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын ғылыми – зерттеу Халықаралық «Таңжарық» қоғамдық қорының Ғылыми Кеңесшісі болып сайланды. Ол Республикамыздың (Астана, Алматы, Түркістан, Семей, Өскемен, Талдықорған, Шымкент, Ақтау, Қызылорда), шетелдер (Анкара, Стамбул, Эрзурум, Баку, Бейжің) қалаларындағы, аудан, ауыл орталықтарындағы республикалық, халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, тарихи танымдық өзекті мәселелер бойынша үздіксіз баяндамалар жасап келеді. Әдебиет пен фольклор, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени мұралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында (газет, теледидар, радио) үнемі сұхбат – баяндамалар жасайды.

Темірхан Сақаұлы Тебегенов ғылыми – педагогикалық Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы», Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі «Ай-Ару», «Сүлейман Демирел

университеті Хабаршысы», «Қазақ және әлем әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті қазақ, орыс сыныптарында», әдеби – танымдық «Тұрмағамбет», «Әлімсақ», «Дәстүр» журналдарында редакциялық алқаның мүшесі. Ол әдеби өмірдегі 2009-2010 жылдардағы қызметі бойынша «Қазақ және әлем әдебиеті» журналын басқарса, өмірінің соңғы күніне дейін «Жамбыл әлемі» газетінде Бас редакторлық қызметін атқарды. Сондай-ақ, ҚР БҒМ бекіткен 5 оқу пәндерінің типтік бағдарламаларының авторы. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, сонан соң XX ғ. 70-90 жж. және XXI ғ. басын қамтитын қазіргі қазақ әдебиеті, барлық кезеңдері бойынша шетел әдебиетінің тарихы, шығыс әдебиетінің тарихы мен әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері (магистратура) пәндерінен жоғары оқу орындарына арналған типтік бағдарламаларын тұрақты қолдануды жүзеге асыруда зор еңбек сіңірді. Мұның барлығы оның жан – жақты дүниетанымды тұлға және зор қабілет иесі екенін айғақтайды.

Темірхан Сақаұлы 700-ден астам жарияланымдардың авторы. Әдебиеттану, фольклортану, тіл білімі өзекті мәселелерін зерттеп жүрген танымал ғалым ретінде сөз өнері және қоғамдық – әлеуметтік түрлі мәселелер бойынша 8 монографияның, 2 оқулық – хрестоматияның, одан кейін 10 оқу құралының авторы. Темірхан Тебегеновтің әдеби сын, зерттеу еңбектері, өлеңдері республикалық басылымдар мен ғылыми жинақтарда жарық көрген. «Қазақ энциклопедиясында» бірқатар еңбектері басылды. Ғалымның соңғы еңбектерінің бірі Қазақ әдебиетінің тарихына арналған XII томдық шығармалар жинағы 2019 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ – нің «Ұлағат» баспасынан жарық көрді. Сонымен қатар, Түркия, Қытай, Ресей, Татарстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Башқұртстан, Болгария тәрізді мемлекеттерде жарық көрген еңбектерімен де танымал. 2013 жылдың қазан, қараша айларында Қытай Халық Республикасының астанасы Бейжіңдегі Орталық Ұлттар университетіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетінде «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Шетел әдебиетінің тарихы» пәндері бойынша арнайы шақыртылыммен дәрістер оқыды, магистрлік, докторлық (PhD) диссертациялар қорғау кеңестерінің мүшелігі жұмыстарына қатысты.

Профессор Т.С.Тебегеновтің ғылыми жетекшілігімен 1 докторлық, 13 кандидаттық, 10 магистрлік диссертациялар сәтті қорғалған.

Ұстаздық қызметті ғылыми жұмыстарымен қатар жүргізуі, жас ұстаздарға үлгі болатындығы шындық. Темірхан ағамыздың еңбекқорлығы, табандылығы, ғылым жолындағы талмай ізденістерінің нәтижесінде 1986 жылы ол филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін, 2002 жылы филология ғылымының докторы атанды.

Ұлы жазушы Ғабит Мүсірепов «Жазушы жазуын қойған күні өлгені» дегені бар. Сол секілді оқытушы – ғалым оқуын, тоқуын тоқтатқан күні, университет табалдырығын аттамағаны абзал. Күнделікті оқу, іздену арқылы ойы мен бойына білім қорын жинауы тиіс. Сонда ғана ұстаз беделі артады, студенттердің ілтипатына бөленеді.

Темірхан ағайдың терең білімі жылдар бойы жинақтаған педагогикалық тәжірбиесі, ойының ұшқырлығы, сапалы дәрісі мен саналы тәрбиесін өмірінің соңғы күндеріне дейін шәкірттеріне берді. Ағайдың өзінен бастап өзгеге де қатаң – қатаң талап қойғыштығы, студенттерді ғылымға баулуы, үнемі тынбай ізденісте жүретіні, балаша аққөңілділігі бізді таң қалдыратын еді. Шындығында, Темірхан ағайдың бойындағы педагогикалық талантты бір – екі сөйлеммен жеткізу мүмкін емес, ағай ұстаз болып қалыптасқан, ұстаз болып дүниеге келіп, ұстаз болып фәни дүниеден өткен ғалым – ұстаз.

«Шәкіртсіз ұстаз – тұл» дейді халық даналығы. Осындай ұлағатты ұстазымның жемісті еңбектерінің нәтижесі менің талабыма қанат бітіріп, ғылымды серік етуіме бағыт, себеп болды.

Өмірдің мәні – көп жасағанда емес, көпті көргенде. Шығыста «Бір жылыңды ойласаң күріш ек, он жылыңды ойласаң – ағаш ек, жүз жылыңды ойласаң – адам тәрбиеле» дейді екен бабалар аманаты.

Адамды бір Алла жаратқан. Ендеше, оны жақсы, не жаман деп бөлуге болмайтыны рас. Әйтсе де, көңіл тазалығы, адалдығы, жүріс – тұрысы басқа да адами қасиеттері жағынан ерекшеленіп тұратын жандар болады. Себебі, олар өзінің қарапайымдылығымен, айналасына төгер шуағымен тәнті етеді. Адамға үнемі кеңес қажет бола бермейді, кейде адамға көмек қолын созатын қол, тындайтын құлақ, түсінетін жүрек керек.

Темірхан ағамыздың адамгершілік пен ілтипатқа толы жүрегімен өзгелерге деген шынайы көңілі, сенімі бөлек жан болатын. Өзінен көмек сұрай келген жанды байыппен, сабырмен тыңдап, сонан соң барып, өз білгенін айтып, ақылы мен көмегін аямайтын жан еді.

Қазақта елді ағартушылықпен айналысқан тұлғаларды қараңғыда сәуле шашқан тұлға ретінде біледі. Сонау дәуірлерде Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырай Алтынсарин, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар қалың ұйқыдағы қазақты ағартушылық ықпалдарымен рухани оянуға үндеп, елді білім алуға, ізденуге шақырған еді. Ғылымдағы жаңашыл ізденістерімен, ұстаздық ұлағатты қызметімен ұрпақтың ыстық ықыласын иеленген Темірхан Тебегеновтей тұлғаны бүгінгінің қайраткер ғалымы, қайсар рухты ағартушысы деп бағалауға болады. Саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеп, баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңірумен айналысқан ұстаздың ұлағат жолы ұрпақтарға үлгі. Оның тәрбиелеген шәкірттері бұл күнде өздері ұстаз болып жүр. Демек, ұстаздардың ұстазына айналған ғалымның мына қоғамға сіңірген еңбегі орасан. Ол жүздеген шәкіртке өмірлік жолды үйретсе, оның шәкірттері ұстаздың салған сара жолымен болашаққа жалғастыру бағдарымен жүріп келеді. Демек, оны бүгінгі қоғамға жарық сыйлаған ағартушы деп айтуға толық негіз бар.

Ардақты Темірхан Сақаұлы – біз үшін алдымен қадірлі ұстаз, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеп, жүйелеген көрнекті ғалымдардың бірі.

Темірхан Тебегенов – елі үшін туған жан еді. Ол Қармақшы ауданының «Құрметті Азаматы», ұстаздардың зор беделге ие марапаты «Ы.Алтынсарин» медалі ҚР БҒМ тарапынан табысталған. ТҮРКСОЙ-дың, Қырғыз Республикасының «Тоқтағұл Сатылғанов – 150» мерейтойлық медалімен, «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігінің «Ел ардақтысы» медалімен марапатталған. Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың, Түркі Әлемі Халықаралық «Қызыл Алма» сыйлығының лауреаты. Мұнша атақ – абырой мен мансапты арқалап жүрген ардақты ағамыздың жүрегі халқына арналып соғып тұрушы еді.

Ұстаздық жолдағы ұлы істе өзінің даралық болмысын көрсете білген ғалым, ұстаз ағамыз ел аузында жүретін өнегелі отбасының негізін қалаған. Өмірлік жары, марқұм Сапура Махамбетқызы екеуі сыйластықтың жарқын үлгісін көрсете білді. Қызылорда облысының мәдениеті саласында жемісті еңбек еткен жары екеуі өмірге ұл – қыз әкеліп, қанаттандырды. Қыздары Эльвира, Алтынарай, Ақнұршат жоғары оқу орындарын бітіріп, өз мамандықтары бойынша жемісті еңбек етіп келеді. Ұлы Ақдастан болса, суретші – өнертанушы. 2008 жылы «Қазақстан – Zaman» газеті жариялаған республикалық конкурс нәтижесінде ғалым Темірхан Тебегеновтің отбасы «Үлгілі отбасы» атағына ие болды. Мұның өзі ғылыми және ұстаздық қызметте көкке өрлеп, биік шыңды бағындырған жанның отбасы құндылықтарын да жоғары қоятынын көрсетеді. Мәуелі жемістерімен тіршілік ортасына бақыт сыйлаған киелі бақыт бақшасы секілді ғалым – ұстаз Темірхан Тебегенов те ұрпағымен тамырын тереңге жайған жан.

Шыңдары көк тіреген асқар таудың да алыстаған сайын тұлғаланып, мұнарланып биіктей түсетіні сияқты уақыт өткен сайын Темірхан ағамыздың қадір – қасиеті биіктеп, кезінде бірге жүргендердің, қызметтестері мен шәкірттерінің, ағайын – туыстардың сағыныш сезімін тудыратыны ақиқат.

Халқымыз барлық уақытта асылын ардақтап, жақсысын мадақтап, «Ой, азамат екен», - деп әрдайым олардың өнегелі істерін, өсиетті сөздерін үлгі еткен. Сондықтан да болар: жылқыда да жүйрік көп, қазанаты бір бөлек, жігерлі де жігіт көп, азаматы бір бөлек, - деген нақыл сөздер қосарлана жүреді. Халық сондай жақсыларын, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар

шыққан дарабоздарының жарқын бейнелерін ұрпақтан – ұрпаққа өнеге етіп жеткізіп, естерінде сақтаған.

«Адамда үш қуаныш болады» деген халықтың даналық сөзі бар. Олар – алғыс алу, өзіңді көптің іздеуі және ісіңнің өшпеуі екен. Бүгінде біз осының бәрін марқұм Темірхан ағайдың өз басынан, отбасынан, өз ортасынан көріп жүрміз.

Темірхан ағамыз өте қарапайым, жалғандықты жаны сүймейтін, рухани дүниесі өте бай парасат – пайым иесі болды. Сондықтан да оның жарқын бейнесі біздің жүрегіміздің мәңгіге орын алады.

Адам баласының жасаған жақсылығы да, жамандығы да о дүниеге өзімен кетпейді деп жатады. Жақсылыққа ағамның жаны құштар еді, бар жасаған жақсылықтарыңыздың сауабы артыңызда қалған ұл – қыздарыңызға, немерелеріңізге жазылсын!

Саналы ғұмырымыздың салиқалы көші ұрпақтарыңыз арқылы жалғаса берсін! Сіз әр уақытта біздің есіміздесіз! Жатқан жеріңіз жайлы, мекеніңіз жәннатта, топырағыңыз торқа, иманыңыз жолдас болсын деп тілеймін.

Орынай Жұбай
филол.ғыл.докторы. профессор м.а.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Ғалымдық пен ұстаздықты шебер ұштастыра білген, өмірі өнегеге толы, шәкірттеріне үміт отын сыйлап, ғылым жолында әрдайым қолдау білдірген Тебегенов Темірхан ағайымыз туралы өткен шақта сөйлеп, естелік жазу өте ауыр екен. Жарқылдаған күлкісімен ортаны шуаққа толтыратын ағамыздың оралмас сапарға аттанғанына сенгіміз келмейді. Ағайымыздың орны ойсырап тұр: әлі де іздейміз, әлі де жоқтаймыз...

Ұстазымыз – Тебегенов Темірхан ағайымыз Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіне 1991 жылы, 3-курста оқып жүргенімізде келді. Профессор Немат Келімбетов ағайымыз аудиторияға ертіп келіп, таныстырғаннан кейін ол кезде жігіт ағасы боп қалған Темірхан ағайымыз бірден кең-дархан көңілімен, елгезек, аққөңілділігімен бәрімізді де баурап алды. Әсіресе ағайымыздың ұйымдастырушылық қабілетіне тәнті болдық. Әдеби кештер, жарыстарды жиі ұйымдастыратын. Сөйтсек, ол кісі біздің университетке келгенге дейін-ақ Қызылорда облысы Қармақшы ауданының «Куандария» кеңшарында №186 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, Қызылорда қаласындағы №10 ЫБырай Алтынсарин, атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, тәрбие жұмыстарының меңгерушісі (директордың орынбасары), Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде еңбек еткен жылдары шебер әдіскер, білікті педагог ретінде танылған екен. Қызылорда облысы Қармақшы ауданының «Куандария» кеңшарында қызмет етіп жүрген кезінде көркемөнерпаздардың күшімен ауылдағы клубтың сахнасында пьесалар қойылымдарын, концерттер ұйымдастырыпты, Зейнолла Шүкіров атындағы әдеби бірлестік мүшелерінің шығармашылық ізденістеріне жетекшілік еткен. Бізге ағайымыздың батылдығы, еркіндігі ұнады, студенттермен жанашыр ағасындай тіл табысып, қолдан келген көмегін аямады. Сабақ үстінде де тақырыпқа қатысты ой-пікірімізді еркін айтуға, пікір таластыруға шақыратын. Универсиетте ұйымдастырылып жатқан шаралардың ешқайсысынан сырт қалмай, студенттердің ғылыми жобасын, ақындар айтысын, түрлі сайыстарды ұйымдастыруға мұрындық болды. Еліміз тәуелсіздік алып, бұрынғы жүйе жойылып, жаңаша беталыс, жаңа ұстаным қарқындап жатқан кезеңде ұстазымыз қазақ әдебиеті бойынша білім нәрімен сусындатып, ұлттық әдебиетімізді бағалай білуге, құндылықтарды бағалай білуге үйретті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аспирантурасында оқып, «Ақындық дәстүр және Нартай Бекежанов поэзиясының өзіндік ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған ағайымыз студенттерді де ғылым жолына баулыды. Ақын-жыраулардың толғау, жырларын жатқа айтатын Темірхан ағайымыздың есте сақтау қабілетіне сүйсініп, өз ісіне шынайы берілгеніне тәнті болатынбыз. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы республикалық басқармасының мүшесі болған ағайымыздың баспасөз бетінде жарияланған қазақ тілінің жай-күй, болашағы, мемлекеттік мәртебесі туралы мақалаларын оқып, қанаттанатынбыз.

Қызылорда педагогикалық институтында бастауыш оқудың педагогикасы мен методикасы, қазақ тілі және әдебиеті кафедраларында оқытушы, аға оқытушы, доцент, қазақ тілі және әдебиеті, қазақ әдебиеті және араб тілі кафедраларының меңгерушісі болып қызмет еткен ағайымыз Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 1991-2003 жылдары доцент, 2004 жылдан бастап профессор, 2008-2011 жылдары «Қазақ әдебиеті» кафедрасының, 2011-2014 жылдары «Қазақ әдебиеті және журналистика» кафедраларының меңгерушісі болып қызмет етті. Қазіргі кезде академик С.Қирабаев атындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры болып еңбек етіп келеді. Ұстаз әрі ғалым ретінде ағайымыз 30 кітап, 11 монография, 2 оқулық, 17 оқу құралын, бірнеше мақала жариялап, 1 докторлық, 13 кандидаттық, 10 магистрлік диссертацияға жетекшілік етті.

1997 жылы жарық көрген «Халық ақындары» атты кітабында XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің жай-күйі, дамуы туралы сөз етіп, Шортанбай Қанайұлы, Ерімбет Көлдейбекұлы сынды ақындардың әдеби мұрасы, ұстанымдары мен дүниетанымы, насихат, терме-толғау, арнау, жоқтау, айтыс өлеңдері, дастан жанрындағы шығармалары жан-жақты талданған, сол кездегі тарихи жағдайды көрсете отырып, өмір жолы, шығармашылығына әсер еткен факторлар көрсетілген.

Қазақ әдебиетіндегі ақындық дәстүрге ерекше мән берген ғалым кандидаттық, докторлық диссертацияларында да, 1997 жылы жариялаған «Халық ақындары» атты кітабында да, 1998 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихының мәселелері», 1999 жылғы «Әдебиет тарихы», 2001 жылғы «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» осы бағыттағы ізденістерін жалғастырып, әрі қарай дендей түсті. Ислам өркениетінің қазақ әдебиетіне ықпалын талдай отырып, ғалым қазақ ақындарының шығармаларындағы тағылымға толы философиялық, дидактикалық еңбектерін, лирикалық, эпикалық сарынды ерекшеліктерін сөз етеді. Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын талдау арқылы ақындардың еңбектеріндегі ислами-діни ұстанымдарды көрсетті. Сонымен қатар Омар Шораяқұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Сәкен Сейфуллин, Ғабит Мүсірепов, Асқар Тоқмағамбетов, Қалижан Бекхожин шығармаларын талдап, қазақ әдебиетіндегі көркемдік сабақтастықты көрсетті.

Халық ақындарының шығармашылығын сөз еткенде ғалым Темірхан Тебегенов қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен сабақтастыққа ерекше мән беріп, әдебиет тарихын да қоса қамтып отырады. Халық ақындарының қалыптасуына ықпал еткен мектептерді көрсете отырып, қазақ даласындағы ақындық мектептің өзіндік ерекшелігін талдайды. Профессордың бұл бағыттағы еңбектері тіл біліміндегі қазақ әдеби тілінің тарихы бағытындағы зерттеулермен ұштасып жатыр.

Қазақ тіл білімінде қазақ әдеби тілінің тарихын кезеңдерге бөлу, бастау-бұлағын көрсету мәселелері ұзақ жыл ғалымдар арасында талас тудырып келгені мәлім. Бірқатар зерттеушілер қазақ әдеби тілінің тарихын қазан төңкерісімен байланыстырса, енді бірқатары Абай Құнанбайұлы шығармашылығымен байланыстырды. Орыс тілінің үлгісімен қазақ әдеби тілінің тарихын жазумен байланыстыра қараған зерттеушілер де болды. Осыған байланысты ҰР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор Рәбиға Сыздықова бір тілге тән меже, ұстанымдарды басқа тілдерге де сол қалпында қолдануға болмайтынын дәлелдеп, қазақта жазба әдеби тілге дейін ауызша тараған әдеби тілі болғанын, көрнекті өкілдерін нақты мысалдармен айқындап берді. Қазақ тіліндегі әдеби тілдің өзіндік критерийлерін

көрсетіп, XY-XIX ғасырлардағы әдеби үлгілердің тілдік-көркемдік белгілерін сипаттады, өз тарапынан «қазақтың жазба тілі алдындағы әдеби тілі», «ауызша әдеби тіл» деген терминдерді ұсынды. 2014 жылы жарық көрген еңбегі «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» деп аталды. Бұл орайда профессор Темірхан Тебегеновтің әдебиет тарихына қатысты ұстанымдарының академик Р.Сыздықованың еңбектерін басшылыққа алғаны, сабақтастық байқалады. «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде ғалым қазақтың ақындық өнерінің өзіндік ерекшелігін көрсетіп, Базар Оңдасұлы, Бұдабай Қабылұлы, Нартай Бекежанов сынды әдебиет өкілдерінің шығармаларын өнер психологиясы, этнопсихология, этнопедагогика, дінтану философиясы тұрғысынан сипаттайды. Сол арқылы ғалым қазақ ғылымында жаңа бағыттардың қалыптасуына түрткі болып, қазақ әдебиетінің тарихын инновациялық парадигмалар негізінде талдайды.

Профессор Т.Тебегеновтің авторлық тұлға, автор мен адресаттық нысан арасындағы психологиялық байланыс, психологиялық уақыт пен кеңістікті құрайтын шежірелік, болжалдық, мұсылмандық-мінәжаттық және пантеистикалық өлеңдерді талдауы қазақ тіл біліміндегі функционалды лингвистика, коммуникативті синтаксис бағытындағы зерттеулер үшін де өте маңызды. Яғни ғалым зерттеулері қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ тіл білімінің, қазақ тарихының да келелі мәселелеріне арналған.

Зерттеуші энциклопедия, көптомдық еңбектер құрастыру ісіне де белсене қатысып келеді. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының 5, 6, 7-томдарындағы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіне қатысты мақалалары, «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты көптомдығында Тайыр Жомартбаев, Тұрмағамбет Ізтілеуов шығармашылығын талдаған бөліктер осы сөздеріміздің айғағы бола алады. Қазақ сахарасындағы ақындық дәстүрдің өзіндік сипатын көрсете отырып, ақын-жыршылардың дүниетанымын, ұстанымдарын талдау барысында ғалым ислам өркениетімен сабақтастықты көрсетеді, мұсылмандық-ағартушылық, еларалық-ұлтаралық сипатын танытады.

Профессор Т.Тебегенов қазақ әдебиетін шет ел әдебиетімен салыстырып, байланыстырып талдаумен қатар арнайы шет мемлекеттердің әдебиетін, көрнекті өкілдерінің шығармаларын талдаған еңбектері – өз алдына бір төбе. 1996, 2006 жылдары жарық көрген «Шетел әдебиеттері тарихы» атты кітабында XIX-XX ғасырлардағы Түркия, Иран, Үндістан елдеріндегі әдебиетті сөз етіп, Назым Хикмет Ран (түрік әдебиеті), Әбілқасым (Ғасем), Лахути (Иран-Тәжікстан), Рабиндранат Тагордың (Үндістан) өмірі мен шығармашылығын талдаса, 2016 жылы жариялаған «Әлем әдебиеті (XIX-XX ғасырлар)» екі кітаптан тұратын оқулық-хрестоматиясының бірінші тарауында Азия, Африка елдерінің, екінші кітабында Еуропа, Америка құрлықтарындағы халықтардың әдебиетін талдайды. Сондай-ақ «Әлем әдебиеті» (XIX-XX ғ.) атты хрестоматиялық оқу құралының 1-кітабында түрік, парсы, қытай, жапон, үнді, монғол, т.б., 2-кітабында неміс, ағылшын, француз, поляк, венгер, американдықтардың ақын-жазушыларының шығармаларын сипаттайды. Мақалаларында да Тоқтағұл Сатылғанов, С.Қадышев, Р.Тагор, Дж. Г.Байрон, А.С.Пушкин, Л.Соболев т.с.с. әлем әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын талдайды.

Профессор Т.Тебегенов Түркия, Ауғанстан, Қытай, Монғолия, т.с.с. елдерде тұратын қазақтардың әдебиетін де назардан тыс қалдырмаған. Оған ғалымның «Қазақ әдебиеті: шетелдегі және Атажұртқа орныққан отандас, қандас ақын-жазушылар» (2018); «Біртұтас қазақ әдебиеті: Қытайдағы және Атажұртқа оралған ақын-жазушылар шығармашылығы» (2018) атты монографиялары, Ақыт Үлімжіұлы, Көдек Маралбайұлы мұралары туралы мақалалары еңбектері – дәлел. Зерттеуші қазақ әдебиетін тарихи тұрғыдан талдаумен қатар тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы ұлттық әдебиеттің дамуын көрсетіп, ұлттық аудармадағы жаңа туындыларды да сөз етті.

Қазақ әдебиетінің құнарлы арналарының бірі болып отырған шетелдегі қазақтардың әдебиетін талдаумен қатар ғалым 2013, 2016 жылдары Қытай Халық Республикасының астанасы – Бейжің қаласындағы Орталық Ұлттар университетінің арнайы шақыруымен «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетінде «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Әдебиет теориясы

зерттеулерінің методологиясы», «Қазақ әдебиетінің эстетикалық табиғаты», «Шетел әдебиетінің тарихы» пәндері бойынша дәріс оқыды, магистрлік, PhD диссертация қорғау кеңестерінің жұмыстарына ат салысты.

Ағайымыздың мәңгілік сапарға аттанғанын естігенде төбемізден жай түскендей болды. «Әлі де ортамызда жүріп, қуанышымызды бірге бөліседі, қиналғанда ақылшымыз, сүйеніш-тірегіміз болады» деп, жас көріп жүретінбіз. Себебі ағайымыз ешқашан көкірек керіп, жасын бұлдаған емес. Қашан да еркін сөйлесіп, хал-жағдайымызды біліп жүретін. Жан-жаққа түлеп ұшқан шәкірттері туралы сұрайтын, жетістіктеріне қуанатын, сүрінсе – демейтін. Ағайымыздың кішіпейіл, көркем мінезі жадымызда мәңгілік сақталады. Ұстазымыз әрдайым «Біздің түлектеріміз!» деп мақтап жүретін, кейінгі буын шәкірттеріне үлгі ететін. Ұстазымызға лайық шәкірт болуға әрдайым тырысамыз. Ағайыздың жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын! «Құран» сауаптары тие берсін!

Ұлжан Жанбершиева
филология ғылымдарының кандидаты, профессор
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

СЫР ЕЛІ ЕШ ҰМЫТПАС АЗАМАТЫН...

Өнегелі өмірмен тарих беттерінде өшпестей із салып, «жақсының аты, ғалымның хатының» куәсіндей болып, артында мол мұра қалдырған жанның бірі – Темірхан Сақаұлы Тебегенов. Жүсіп Баласағұнның: Көңілді аудар даналардың сөзіне, Адал жанды өнеге тұт өзіңе, - дегендей [1] менің ұстаздық жолымда үлгілі-өнеге қалдырып, өзінің жеткен жетістігімен қызықтырған Темірхан ағай болатын.

Т.Тебегеновпен таныстығымыз 1970-75 жылдары Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтта оқып жүргенде басталды. Екеумізді жақындастыратын ұқсастық біріншіден, бір жердің тумасымыз, яғни, Қармақшы ауданынан, екіншіден, бір жоғары оқу орнында білім алдық, үшіншіден, қаладағы орта мектептерде бірге ұстаздық қызмет атқардық, төртіншіден, 1980 жылы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың «Қазақ әдебиеті» кафедрасына қатар жұмысқа орналастық, бесіншіден, әл-Фараби атындағы (бұрынғы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) университетінде екеуміз профессор Х.Ж.Сүйіншәлиевтің жетекшілігімен Сыр сүлейлерін зерттеп, мен «Т.Ізтілеуовтің ақындық мұрасы», Темірхан ағай «Ақындық дәстүр және Н.Бекежанов поэззиясының көркемдік ерекшіліктері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғадық.

Темірхан Сақаұлы Қызылордадағы Қорқыт Ата атындағы университетте «Қазақ әдебиеті және араб тілі кафедрасын» басқарып, 1991 жылы Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетіне ауысқанда, ол басқарған кафедраны меңгеру маған жүктелді.

Өмірге құштар, өмірге ынтық, өзінің сергек қалпын сақтай білген Темірхан ағай қапияда келместің кемесіне мініп кетіпті, - дегенде біраз абдырап қалдық. Ажал мен Алланың ісіне ешкім қарсы тұра алмайды. «Жазмыштан озмыш жоқ», - деген қатігез сұм ажал қапыда келетінін тағы бір ескерткендей...

Сыр өңіріндегі іргелі білім ордасы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің дамуына үлес қосқан абзал азаматты біз белгілі ғалым, биік тұлға ретінде танидық.

Іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары болатын, өзіне де, өзгеге де талап қоя білетін, сыйлы азамат еді. Ол үнемі ізденіс үстінде жүретін, ғылым мен білімді тоғыстыра отырып, шығармашылық жолда зиялылық бен тектілігін көрсететін.

Абыройлы да берекелі еңбек еткен ғалымның зертеулерінің ішінде Сыр өңірі әдебиетіне байланысты ізденістері нағыз ғалым, білікті маман екендігін дәлелдеді.

Қашаннан мәдениет пен өнердің тамырын тереңге жайған қасиетті Сыр елінде шайырлар мен сүлейлер, ақындар мен жыраулар, әншілер мен күйшілер көп болған. Тарих қойнауынан

тамыр тартқан әдебиет пен мәдениет өрлеу дәуіріне ұласып, халқымыздың баға жетпес асыл қазынасына айналған.

Қазақ әдебиетіндегі өзекті мәселенің бірі – өлке әдебиетіндегі рухани дүниетаным түркілік және исламдық эстетикалық көзқарастардың қатар жүруі болып отыр. Сыр сүлейлері шығармашылығының тарихын тұтастай қазақ әдебиетіне сай қарастыру, шығармалардың бағасын беру – бүгінгі уақыт қажетінен туындаған. Темірхан Тебегеновтің бірқатар зерттеулері Сыр сүлейлері шығармаларын зерттеуге арналған. Қазақтың жыраулық өнері мен Қорқыт сарынымен үндестіре жырлап, ғасырлар бойы жалғап келе жатқан Сыр сүлейлері: Базар жырау, Бұдабай Қабылұлы, Тұрмағамбет, Нартай, Қарасақал Ерімбет, Шораяқтың Омары т.б. өлке әдебиетіндегі өзіндік орнын, ерекшеліктерін зерттеп, бүгінгі әдебиеттану ғылымының талаптарына сай қарастырған ғалым Т.Тебегенов Сыр сүлейлерін зерттеуде өзінің ізін қалдырды.

Жаһандану жағдайында Сыр сүлейлерінің шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың тәлім-тәрбиедегі ғылыми негіздерін жасап зерттеп, зерделеген ол өз ойларын ортаға салып, біраз тың пікірлер айтқан. Осы орайда аталмыш мәселені шешудің бірден-бір жолы Н.Бекежановтың шығармашылығын егжей-тегжейлі зерттеу арқылы, бүгінгі ұрпақ бойына адами қасиеттерді сіңіруге ұмтылған. Ғалымның арнайы зерттеп, пікір айтқан жұмысының бірі – Нартай Бекежановтың ақындық мұрасы. 1987 жылы «Ақындық дәстүр және Н.Бекежанов поэзиясының көркемдік ерекшеліктері» тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазған диссертациясындағы терең тұжырымын ақынның даралық сипатын саралайды. Нартай өлеңінен мынандай үзінді келтіре отырып:

Бағамды көрсететін өлеңменен,
Не пайда мен пәленмін дегенменен,
Ілгері өтіп кеткен ақындарша,
Істейін бір қызмет төбемменен [2,14б.] – деп Нартай ақынды танып-білуге үлкен үлес қосқан.

«Нартай өзі тәлім алған ақындық ортаның дәстүрімен өзінің туып-өскен ортасынан халықтың ауыз әдебиеті мұраларынан және қазақ даласындағы ақындық мектептерден үлгі алған», - [3, 99б.] деп ой түйген.

Нартай ақынның қазақтың халық поэзиясында өзіндік шығармашылық ерекшелігімен танылған ақындық, әншілік, сазгерлік қасиеттерін жинақтап, үлкен тұлға ретінде танытқан. Оның шығармаларының тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін ашып көрсеткен. Нартай ақынның шығармаларын тақырыптық жүйеге түсіріп, бөлген:

1. Әлеуметтік теңсіздік, әйел теңсіздігі, «Кірісу», «Үміт сұлу», «Жесір дауы», «Мырзалық емес», т.б.

2. 1917 жыл оқиғасы «Қуаныш хабары», «Арнау», «Қызыл Москва», т.б.

3. Еңбек тақырыбы: «Шат өмір», «Көңіл қуанышы», «Қыруар табыс».

4. Тарихи тұлғаларға арнау өлеңдер: «Бауыржанға», «Ахметовке», «Алтай батыр», т.б.

5. Майдан ерлеріне: «Қызыл әскер», «Ойлағанымыз ел қамы», «Майдангерлерге мың сәлем», т.б.

6. Ұлы Отан соғысы тақырыбы: «Біз жеңеміз», «Ел сыйлығы майданға» сияқты шығармалар арқылы Т.Тебегенов Н. Бекежанов шығармаларының жанрлық сипатын ашқан. Лирикалық өлең, толғау, арнау, мадақ өлең, терме, айтыс, мысал өлеңдер - поэтикалық поэма деп жүйелеген. Зерттеу еңбекте Нартай шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін даралап, нақты мысалдар келтіре отырып, дәлелдеп береді.

Сыр сүлейлерінің көрнекті өкілі – Базар жырау жайлы зерттеулерінде жырау шығармаларының құдіреті, терең иірімін, көркем нақышын ашқан. Базар толғауларындағы басты сарын – халық тағдыры екенін дәлелдеген.

Дастандарындағы гуманистік ойлар, Шығыстық дәстүрге лайықты тағылымдық-тәрбиелік мәнін талдаған. Шығыс елдеріне кең тараған ертегілік, аңыздық оқиғаларды өзінің тәлімдік ойларына арқау еткендігін көрсетеді.

Базар жырау - жыраулық және ауызша ақындық әдебиетіміздің арасында тұрған ірі тұлға. Ақындық дәстүр табиғатына тән лирикалары махаббат, табиғат, көңіл-күй сияқты сезім әуеніне бай. Базардың өз тұлғасын даралап жырлауы деп жүйелей келе, ақынның «Бір кезде Базар едім...» өлеңіндегі өзінің бала кезден қарттық шаққа дейін бейнесін суреттеуін келтірген. Жырау бейнесін даралай отырып, оның шығармаларындағы азаматтық, ойшылдық халықтық тәлім-тәрбие жатқандығын аңғартады. Жыраудың шығармаларындағы басты орын алатын халық тағдыры дей келе, елдік, ерлік, бірлік халық үшін қызмет ету деген тұжырым жасаған.

Ғалымның 1999 жылы шыққан «Әдебиет тарихы» атты кітабын Нартай Бекежанов, Бұдабай Қабылұлы, Базар жырау шығармаларына арналған. Кітаптың беташары ретінде «Ақындық дәстүр табиғаты» тарауында дәстүрдің халықтық ұғым екенін айта келіп, сөз өнерінің ең негізгі түрі халық поэзиясындағы ақындық дәстүрді дәлелдеген. Ойын жинақтай келе: «Халқының басынан кешірген тарихи оқиғалардың барлығын халық ақындарының үздіксіз жырлаған тақырыптары» сөз өнерінің ежелден қалыптасқан дәстүрлері көркемдік идеялық ықпалы әсер етті» [3, 20б.] деп ой қорытады.

Т.Тебегенов бұлардан да басқа бірнеше Сыр сүлейлерінің шығармаларын, әдеби бағытын ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді. Оның Тұрмағамбет Ізтілеуов жөніндегі жазған мақалаларының бірі «Тұрмағамбет - қазақ өркениетіндегі классик ақын» атты мақаласында: «Тұрмағамбет шығармаларының тақырыптық-идеялық, жанрлық, көркемдік, стилдік ерекшеліктері қазақ сөз өнері мұраларына тән классикалық үрдісте дамыта жырлағанында. Ақынның барлық шығармаларынан қазақ ұлттық дүниетанымы, мінез-құлқы, психологиясы, көркемдік ойлау дәстүріндегі жалпы азаматтық гуманистік-эстетикалық көзқарастары көркем шындықпен өрнектелген» [4, 14б.] деп жазды.

Мақалада Тұрмағамбет ақынның «Лұқпан хакім», «Төрт дос», «Дарақ пен сая», «Жолаушы мен дана» мысалдарының кейіпкерлері арқылы тәлім-тәрбиелік ғибрат айтады. Ғалымның көркемдік түйіні азаматты өмір шындығын тануға жетелейді.

Ақынның «Мәрді диқан», «Рауа бану», «Тұтқын қыз», «Данышпан қарт» дастандарының классикалық әдебиет сипатын танытқан. Дастандардың композициялық бөліктерін жүйелеп, мынандай етіп бөліп көрсеткен:

1. Дастандардың басталуы, арнау толғаныстар;
2. Негізгі сюжеттің жырлануы;
3. Дастан аяқталуындағы авторлық түйін

- дей келіп, осы айтқан пікірлерін Тұрмағамбет дастандары арқылы ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді.

Тұрмағамбет дастандарының соңында ғибратты ой айтып, адамгершілік тағылымының мәнін ұқтырады, өз ойын ортаға салып, біраз тың пікірлер айтқан деп ой түйген.

Бұдабай Қабылұлының шығармаларын зерттеп, оның ақындық қуатын танытқан атақты «Әйекенің жоқтауының» шығуы туралы тың деректер береді.

Ғалымның пікірінше «Жоқтаудағы негізгі мақсат, әрине «Әйеке» атты халық сүйген үлкен тұлғаның әдеби бейнесін сомдауға арналған. Елінің, ағайындарының ортасында жарқырап жүрген арыстай азаматтың, ел ағасының шағын ауыл-аймақ арасында ғана емес, исі қазаққа ортақ қымбат жан екендігін даралап, айқындай жырлайды» [3, 88б.] деп жазады.

Қазақ халық әдебиетіндегі жоқтау жырларының дамуы, қалыптасуына дәлелдеме келтірген. Сонан соң Бұдабай ақын шығармаларын жанрлық түрге бөліп, көркемдік құрылысы жағынан өзіне тән ерекшеліктерін тұжырымдаған.

Ақынның «Өмір атты» терме-толғауына әдеби-теориялық талдау жасап, үш тирадаға бірінші – бөбектік, екінші - жігіттік, үшіншісі - қарттық кезең деп бөліп көрсетеді.

Толғаудың соңындағы ақынның сөзімен қорыта келе:

Талайлар жүріп тоздырған,
Қиын да екен, жолы да,
Кәрілік бізді қақпайлап,
Түсірді сөйтіп соңына, -

Тіршіліктің шынайы суретін Бұдабай ақынның ойымен сабақтастырған.

Б. Қабылұлының арнаулары, айтыстары, мысалдары ұтымды сөздерін талдап, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиетіндегі жазбаша ақындық пен ауызша әдеби фольклорлық дәстүрді ұштастырушы деп баға береді.

Сыр сүлейлерін зерттеуде Т.Тебегенов еңбектері көп болғанымен, біз соның кейбіреулеріне ғана тоқталдық. Бір мақалада барлығын қамту мүмкін емес. Ол тек шолудан аспайды. Сондықтан ғалымның зерттеулеріндегі жыраулық, жыршылық, термешілдік, дастаншылдық мәселелерге назар аударды. Оның бұл саладағы зерттеулеріне арнайы көңіл аударып, қазақтың әдебиеттану ғылымына қосқан үлесін аша түсуді жөн көрдік.

Т.Тебегенов зерттеулері болашақ ұрпақ үшін өз мәнділігін жоймаған, құнды дүниелер болары сөзсіз.

Қорыта келе, Темірхан Тебегеновтің өмір өткелдері, ғылым жолындағы жүріп өткен жолдарын тұжырымдап айтсақ, ол - азамат, ғалым, ұстаз, оның ұлағатын көрген ұрпақ ғылыми-педагогикалық ісін жалғастыра бермек.

Біз үшін де, келер ұрпақтар үшін де тарих қойнауына енген тұлға болып қала бермек.

Сыр елі еш ұмытпас азаматын, өшпес ізі бар ғалымның есімін оны білетіндер есінде сақталады.

Әдебиеттер:

1. *Баласағұн Ж. Құдатғу білік. - Алматы: Жазушы. -1986. – 616 бет.*
2. *Бекежанов Н. Өсиет өлеңдер, айтыстар, дастандар. - Алматы: Жазушы, -1962. – 144 бет.*
3. *Тебегенов Т. Әдебиет тарихы. -Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қаз.білім академ. баспа кабинеті, - 1999. – 205 бет.*
4. *Тебегенов Т. Тұрмағамбет қазақ өркениетіндегі классик ақын. //«Тұрмағамбет» журналы, - 2012. №1(4) саны, 3-15 беттер.*
5. *Бекежанов Н. Шығармалар жинағы. -Астана: Фолиант, - 2009. – 380 бет.*

Рыскүл Бораш

педагогика ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ МЕН ЗЕРТТЕУДІҢ ЗЕРДЕЛІ ҒАЛЫМЫ

Әдебиеттанушы ғалым Темірхан Сақаұлы Тебегеновтің ұстаздық-педагогтік еңбек жолын зерделей қарасақ, осы саладағы өнімді шығармашылық еңбегін байқаймыз. Ұстаздық ете жүріп, тәжірибе мен ғылымды шығармашылықпен ұштастырған ғалымның 2 оқулығы, 17 оқу құралы, әдебиетті оқытудың өзекті мәселелерін көтерген маңызды мақалалары осыны байқатады.

Қызылорда облысындағы Қармақшы ауданының «Куандария» кеңшарындағы №186 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып алғашқы еңбек жолын бастаған 1972 жылдан бергі 50 жылдық ғұмырында ұстаздық пен ғылым жолын қатар алып келді.

Ұлы Абайдың:

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға,-[1,150]деген сөзі әдебиеттанушы ғалым, Ы.Алтынсарин медалінің иегері Т.С.Тебеновтің ұстаздық еңбегінің жарқын үлгісіндей.

Әдебиетші ғалымның қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми-шығармашылықпен зерттеген қыры жайында ойлы пікірлер айтылып, мазмұнды зерттеулер жазылып та келеді. Дегенмен, Темірхан Сақаұлының ұстаздық еңбегі, педагогикалық бағыттағы ізденістері жайында жазу міндетті дер едік. Ұстаздық еңбегін қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімінен бастаған Темірхан Сақаұлы қазіргі уақытта ЖОО-да осы мамандықты дайындайтын кафедраның профессоры және оқу-әдістемелік құралдарының, оқу бағдарламаларының авторы. Профессор Т.С.Тебегенов ҚР БҒМ бекіткен 5 оқу пәндері типтік бағдарламаларының авторы: 1. Қазақ әдебиетінің тарихы (XIX ғ.); 2. Қазіргі қазақ әдебиеті (XX ғ. 70-90 жж. және XXI ғ. басы); 3. Шетел әдебиеттерінің тарихы (Барлық кезеңдері бойынша); 4. Шығыс әдебиетінің тарихы; 5. Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері (магистратура). Бұл бағдарламалар болашақ тіл мен әдебиетші мұғалімге теориялық білім негіздерін қалыптастыратын негізгі пәндер болып табылады.

Қазақстан Республикасының өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі саяси, әлеуметтік, мәдени және білім беру саласында пайда болған түбегейлі өзгерістер елімізде ұлттық мәдениетті меңгерген, білікті де қабілетті мамандардың қажеттілігін айқындайды.

Жас ұрпақты халқымыздың рухани байлығымен және қазіргі заманауи біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың жан-жақты дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгертуде әдебиет пәні ерекшелене түседі.

Әдебиет – ой, ойлау, ойланту сабағы. Басқа пәнге қарағанда бұнда сезім, эмоция, әсер, шабыттану, қиялдау, армандау, еліктеу, ерекше байқалады. Әдебиет – адамның жан дүниесін жаулап, оны өз еркіне жетелеп алатын қасиетті дүние. Көркем әдебиет – халық тарихын, оның кешегісі мен бүгінін, болашағын дәстүрлі мәдениетін бойға сіңіруге, адамның қоғамдық-эстетикалық таным-түсінігін тәрбиелеуге, сол арқылы жалпы адамзаттың ойлау биігіне көтерілуіне ықпал ететін бірден-бір қуатты күш.

Сондықтан әдебиетті оқытудың күрделілігі теориялық біліммен бірге ұстаздан көркем дүние табиғатын сезетін сезімталдық пен танымдық ой қуатын талап етумен ерекшеленеді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Т.С.Тебегенов осы қызық та қиын пәнді оқыту жолдарын үйретудің ғылыми негіздеріне тәжірибемен ой салып, әдебиетші мұғалімнің жасампаз үлгісін шәкірттеріне көрсетіп кетті. Әдебиетші ұстаз көркем шығарма оқытудың қиындығы теориялық білімнің жетімсіздігінде екендігін айта жүріп, тіл мен әдебиеттің қазіргі уақытта оқытылу жағының осал тұстарын баса айтып, шешу жолдарын нұсқаған мазмұнды мақалалар мен оқу құралдарының авторы да болды.

Ғалым «Қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің іргелі орталығы» кітабында өзі қызмет жасайтын білім ордасы, қара шаңырақ Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының өткен тарихы мен бүгінгі жетістігіне терең тоқталады. Алғашқы педагогикалық оқу орны болуымен бірге 80жылдық тарихы бар қазақ әдебиеті кафедрасының алғашқы ұстаздары А.Байтұрсынов, М.Жолдыбаев, С.Сейфуллин, Ө.Тұрманжанов,С.Ерубаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Х.Есенжановтар туралы терең толғаныспен жазылған деректер білімгерлер үшін танымы мол дүниелер. Кітапта кафедраның кешегісі мен бүгіні аралығындағы білім мен өнеге ұстатқан ұстаздар шеруіне тоқталып, теориялық білім мен оны игертудің жолдарын нұсқаған шығармашылық еңбектеріне талдау жасап өтеді. Кітапта әдебиеттік оқу мен әдебиет тарихын жүйелеп оқытуда 1928 жылдан басталып жасалған ғылыми әдістемелік еңбектер, мектеп оқулықтары, бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулықтар тізбесі жылдар мен кезеңдерге бөлініп толық қамтылған. Тарихи деректерге толы кафедраның әр жылдардағы еңбек тынысы тұтас қамтылған бұл еңбек сонысымен бағалы, кафедра тарихының шежіресі деуге болады және автордың білім ордасына деген құрметі деп ұғынылады. Ғалым «қазақ әдебиеті кафедрасы оқытушы–ұстаздары жоғары адамгершілік-имандылық қасиеттерімен білім мен білік тұтасқан кәсіби істерін жетілдірумен жоғары сапалы мамандар даярлауға белсене жұмыс істеуде. Бұл - біздің ұлттық өркендеуіміздің өзегі оқыту мен зерттеу тұтастығының көрінісі», -деп кафедраның маман дайындау мұратын танытады [2.166].

Қазақ әдебиетінің пән ретінде таным мен тәрбиелік мәнінің жоғары екендігін ғалым «Қазақ әдебиеті пәнін қалай оқытып жүрміз?», «Әдебиет-қуатты құрал», «Қазақ әдебиетін оқыту- ұлттық дамудың ықпалды құралы», «Жаңаша ізденіске тың серпін» мақаларында маңызды ой қозғап, өзекті тұстарына тоқталып, тұжырымды ой айтады. «Қазақ әдебиеті пәнін қалай оқытып жүрміз?» мақаласында қазақ әдебиеті пәнінің жоғары оқу орындарында тек осы мамандықтар үшін ғана оқытылатынын айта отырып, қазақ ұлтының мыңдаған жылдардан құралған Ұлы тарихы, тілі, мәдениет мұраларын жүйелеп оқыту арқылы тәуелсіз еліміздің әлемдік тұғырнамасын нығайтамыз деген ой түйеді. Әдіскер ғалымның тұжырымынан қазақ әдебиеті пәнінің тек қазақ баласы үшін ғана оқытылмай, қазақстандағы халықаралық оқу орындарында (қазақ-американ, қазақ–британ, қазақ-араб, қазақ-түрік унииверситеті, институттары мен лицей, колледжінде) қазақ тілінде оқытылуына көшу керек деген батыл ойын танимыз[2,144].

Темірхан Сақаұлы 2008-2011 жылдары қазақ әдебиеті кафедрасының ғалым, зерттеуші оқытушыларымен бірге әдебиеттің тарихы мен оны оқытудың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған ұжымдық мақалалар жинағын шығаруды қолға алды. Бұл іс нәтижелі болып осы жылдар аралығында төл әдебиетіміздің арғы-бергі тарихын, теориялық проблемаларын және оқытудың өзектілігін көтерген ұжымдық мақалалар жинағы шығып тұрды. Аталған жинақтың бір саны Абай Құнанбаев шығармашылығына арналып, ақын әлемінен оқырмандарға біраз сыр бөлісті оны оқытудың жолдарымен таныстырды. Т.Тебегенов өзі бастама көтеріп «Хакім Абай қарасөздерінің поэтикалық ерекшеліктері» тақырыбымен әлем өркениеті тарихындағы ұлы ойшылдың қара сөздерінің мәнін талдап, саралап, келелі ой түйеді. Абай қарасөздерін талдауда ғалым «Хакімнің өзіне қойған сауалдары – қазақтың әлеуметтік дүниетанымындағы дағдарыстың көрінісі. Елді, малды, ғылымды, бағу істерінің жүзеге асуы үшін соларды қабылдайтын, мақұлдайтын, жалғастыра ілгерілететін халық ділінің дайын еместігі сыншыл тілмен дәйектелген», деп Абайдың сыни көзқарасының мәнін ұқтырады[3,7]. Ғалым Абай қарасөздеріндегі сыншыл ойдың бірі – қазақтағы орынсыз күлкінің орнын, зардаптарын айтып, Хакімнің адамтанудағы сыншылдық шынайылығына тәнті болады. Осы жинақта Абай әлеміне бойлаған Ж.Шойынбеттің «Абай жұмбағын шешуге талпыныс», Н.Керімбаевтың «Абайдан қалған атамұра», Т.Жұмажановаңың «Абайды таныту жолдары», Шәкәрім шығармашылығына қатысты Б.Әбдіғазиұлының «Шәкәрімнің көркемдік әлемі», С.Сыздықовтың «Шәкәрім және Алашорда» мақалалары Абайтануға қосылған үлес деуге болар еді. Темірхан Сақаұлы бастаған кафедрадағы осындай игілікті іс Ұлы Абайдың 175 жылдығы қарсаңында жалғасын тапса деген ниеттеміз.

Қазақ сөз өнерінің дамуындағы биік баспалдақтың бірі - XIX ғасырдағы ақындар поэзиясы. Бұл кезең ақындарын зар заман ақындары деп атап, оның алғашқы буыны Абылай заманынан басталып, арты Абайға келіп тірелетін жүз жылдық дәуірі бар әдебиет деп М.Әуезов сипаттағаны белгілі[4,192]. Ендеше, ғалым ұстаздың «Қазақ әдебиетін оқыту – ұлттық дамудың ықпалды құралы» мақаласында осы кезең әдебиетін ЖОО-да оқыту жолдарын көтерген. Осы кезең шығармаларын оқытудағы басты бағытын: «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының мазмұнындағы романтизм, реализм көркемдік әдістерінің ақындар шығармаларынан орын алғандығын таныту. Ауызша және жазбаша ақындық дәстүр табиғаты, жыраулар поэзиясы сілемдерінің сақталғаны, ежелгі түркілік, шығыстық жазба әдеби дәстүрлердің сабақтастығы поэтикалық заңдылықтар қисындары аясында түсіндіріледі» және «XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ақындар өлеңдерін А.Байтұрсынов қисындары жүйесімен оқыту-өзекті мәселе», -деп тұжырымдайды[2,164].

Академик С.Қирабаевтың «Бүгінгі мұғалім білімімен ғана емес, барлық жағынан шын мәніндегі ұстаз болуы керек»[5], -деген ойы білім, ғылым, көркем әдебиет жолына студенттерін жұмылдыра жүрген Темірхан Сақаұлындай білікті ұстаздарға арналса керек. Ойымызды түйіндей келе, Тебегенов Темірхан Сақаұлы білім мен білік ұштасқан, адамгершілік жолын нұсқаған кәсібі - ұстаздық пен ғалымдық жолын тең ұстаған ұстаз, ғалым, профессор.

Әдебиеттер:

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы.Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. –Алматы: Жазушы, 2005.-296бет.

2. Тебегенов Т.С. Т31 Қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің іргелі орталығы. –Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2008.-168бет

3. Қазақ әдебиеті: зерттеу мен оқытудың өзекті мәселелері. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасы профессор-оқытушыларының ғылыми-зерттеу және әдістемелік мақалалар жинағы. 1 кітап. –Алматы, ҚазҰПУ, 200. -248 бет

4. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1991.-192 бет

5. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. –Алматы: "Қазығұрт Баспасы", 2007. Т.8. -448бет.

Алпысбай Тамаев
педагогика ғылымдарының кандидаты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ҚОҢЫР ӘУЕНДІ ЖЫРЛАР

(Т. Тебегенов өлеңдері хақында)

Қазақ поэзиясы қоғамдық құбылыстарды, адам жан-дүниесінің құпия-қалтарыстарын жырлауда өз заманына лайық тереңдік танытып келеді. «Ардың ісі» (М.Шолохов) әдебиеттің негізгі арнасы адам баласының өмір отын өшірмей оның мәңгілігін қамтамасыз ету жолындағы күрес-тартыстарын көркем бейнелеуге құрылған. Қалай алып қарастырсақ та «Қайткенде адам қалады адам болып» (Қ.Мұхамеджанов) деген алтын тиек идея сөз өнерін пір тұтқан кез-келген қаламгердің шығармасында насихатталатын санасына салмақ салар, жүрек отын лаулататын қуатты күш. Оның ішінде поэзияға келсек айтары бар өлең ғана оқырман ой-санасында, жүрегінде ұзақ уақыт өмір сүре алады. Тебегенов өлеңдерінде де өмірдегі адам бейнесі оның мәңгілік мұраттары жырланғандығы байқалады. Ақын өлеңдерінің тақырыптары да сан алуан. «Өзім туралы сыр», «Қызмет етем еліме», «Жылдар, жылдар», «Ар шыңы», «Ер қаруын серт ұстап», «Мен сүйемін жарқын жанды адамды», «Туған жер», «Мәңгілік алау алдындағы ой»... айта берсе көп...

Ақынның лирикалық геройы өзінің елі мен жерін түлетуге қызмет еткісі келетін жаны жарқын тұлға бейнесінде көрінеді:

Заманың мынау!
Қарқыны ерен ғаламат!
Бүгінгі ісің-болашақ күнге аманат.
Бақыттың кілті-іздену, алға ұмтылу!
Күресу керек!
Күйбеңді етпей қанағат!

Мазасыз көңіл жүрек сарайын түрткілеп біресе өткенге үңіледі, біресе болашақ туралы толғанады. Еңбексіз өткен әрбір күн жел үрлеген бос қуыс сияқты ізсіз кететіндігін ойлап қамығады. Шабыттың әрі тәтті әрі ащы күйі жан әлемін толық билеген сәтінде Мұқағалидың «Өмір өтіп барады ертеңменен, қайтем оны жанбаған, өртенбеген»,-деген жолдарын құлағына біреу күбірлеп айтып отыр ма болмаса өзі қайталап отыр ма өзі де біле бермейді. Өзін ақ қар басқан елсіз далада келе жатқан салт атты жалғыз жолаушыдай сезініп - ақ қағазға сөзден өрнек сала бастайды.

... Қарасам артқа тындырған ісім тамшыдай,
Сондықтан келем жігерді сүйреп қамшылай.
Не керек шіркін, найзағай болып жарқылдап,
Қыран боп көктен, құлдилап өрге шаншылмай..,

...Мұңым бұл менің, тұтанбай әлі келемін,
Бір игі ерлік жасайтыныма сенемін.
Қуаныштарым халқыма жетсе шуақ боп,
«Өмірім менің өткен жоқ босқа!»,- дер едім.

«Аспанынан жоғалған қай заманда ай!» (С. Мәуленов) Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!» деп күңірене күрсінгені, Сұлтанмахмұттың «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам!» дегеніне де ғасырдан астам уақыт өтсе де әр ұрпақ өз ұлтын көктетіп-көгерту жолына өмірін арнауды парыз санайтыны ақиқат. Темірхан Сақаұлы өмірдегі адамдық миссиясы халыққа адал қызмет ету екендігін өлең тілімен өзінше айтқан Жылтырақ сөзге құмарта бермейтін, арзан сөзге алдана бермейтін алғаусыз көңілімен айтқан. Қай ақынды алсақ та «Соғады өз дүкені сөз асылын!» (Қасым Аманжолов) екенін білгесін сөйтеді. Муза туралы «Тойға да бардым, ойға да қалдым мен сені, Келемін іздеп әдемі сурет, мұңды ырғақ!» (Жарасқан Әбдірашев) деген ақын сөзі рас. Күн райы сияқты ақын көңілі де үнемі бірқалыпты бола бермейді. Кейде ұзақ уақыт бұлттанғанмен жауа бермейтіні бар. Осындай сәттердің бірінде ақын жүрегі музасын іздеп шартарапқа шарқ ұрады. Осы негізде өлең иесінің:

...Кезім осы шаршамай жүгіретін,
Бөгелетін сірә жоқ түк ретім.
Мен өзіңе қайрылмай кеттім біраз,
Кешір, Муза!
Жебеуші құдіретім!,-дегеніне еріксіз иланасыз. (Шабыттана шамырқанып, жыр Пегасын ерттеп мініп, қасиетті Музасына арқа сүйемеген жан ақын емес).

Дүниеде ана бейнесіне өлең арнамаған ақын жоқ шығар! Мұқағали Мақатаевтың:

Арулар - аяулылар, ардақтылар,
Өмірдің жылуы боп қалмақ бұлар.
Арулар - тіршілікке күре тамыр,
Өмірді бір-біріне жалғап тұрар,- деген жолдары көптеген ақындардың жырларымен үндестік тауып қазақ поэзиясындағы ару-ананың қайталанбас бейнесіне арқау болды. Осы үндестік Тебегенов жырларында да көрініс тапқандығы аңғарылады. Сондықтан да ақын:

Ақылмен адам көңілін аулатқандар,
Талас боп талай елді жаулатқандар!
Келін боп араз елді табыстырған,
Арулар–өмір отын лаулатқандар!,- деп тебіренеді. Әйел-ана туралы жазылған ақын өлеңдері одан әрі жастық, махаббат тақырыптарына ұласқан. Ақын үшін қазақ қызының бейнесі тек жастықтың, сұлулықтың ғана символы емес сонымен бірге ақыл-парасаттың, сұңғылалықтың, адамшылықтың да белгісі. «Арулар да кетеді қайталанбай» (С. Ақсұңқарұлы) дейтіндей өзіне тән әсем болмысымен адамды баурайтын ғажайып әлем. Өлең авторының адал сезімге құштарлығы махаббат туралы өлеңдерінде көрініс тапқан. «Қыз туралы жыр», «Бір сені сүйіп...», «Махаббат куәгерімен сөйлесу», «Келеміз бірге...», «Жүдеме, жаным!» тағы да басқа өлеңдері осы айтқанымызға куә.

Алаулы күндер, аяулы жылдар алыстап,
Сағынтып жүрсің, сағыныш сазы жаныштап.
Айлы түндер, құшаққа алған әлдилеп,
Қайдасың сонау көкжасыл, сұлу таныс бақ?
Махаббат күйі жүректі кернеп сыздатып,
Оңаша сәтте өзіңе ғана тыңдатып.
Тұрушы ек саған сүйеніп, маңғаз қара тал,
Ғашықтар саған жүр ме әлі үнсіз тіл қатып?..

Қазақ поэзиясында арнау өлеңдердің сан алуан үлгілері бар. Тебегенов өлеңдерінің ішінде де ондайлар баршылық. Әсіресе, халқымызға белгілі, өнер, ғылым саласындағы біртуар тұлғаларға арнаған өлеңдерінің жөні бөлек. Белгілі жазушы, құрыш қазақ Зейнолла

Шүкіровке, энциклопедист ғалым Әуелбек Қоңыратбаевқа, өмірден қыршын кеткен даңғайыр жырау Көшеней Рүстембековке басқа да тұлғаларға арнаған өлеңдерінде оларды жалаң мақтауға салынбай, әрқайсысының халық алдындағы еңбегін, үлгі-өнегесін өлеңмен өрнектейді.

Тебегенов өлеңдерінде интермәтінділік сипаттар да ұшырасады. Белгілі ақын Қалижан Бекхожиннің балалық шағы өткен «Тәттімбет» жайлауы туралы өлеңіндегі

Шуағындай балғын бөбек жазымның,
Тәттімбеттің тәтті лебін сағындым.
Желмен ойнап жүгіріп ем ұстауға,
Жарқылдаған сәулесінен сағымның.
Көк майсада көбелектей ойнадым,
Жалғыз ғана сол бақытты ойладым.
Ол бақытым өткен сенде ойыным,
Жалғыз ғана сол қызыққа тоймадым,- деген балалық шақты аңсау, сағынуы Тебегенов өлеңдерінде де еске алынып, қайталанады.

«Жылдар, жылдар» өлеңінде:

... Ойлап кетсем артта қалған кезеңді,
Кезең асау елестетер өзенді.
Бұрқ-сарқ еткен толқыны бар өмірден,
Жүрегім-ау!
Өмір күйін сез енді...

Балалық шақ, мөлдір кезім бұлақтай,
Балғын кезім өрімталдай, құрақтай.
Жайдары жүз, тәтті сөзді мінезбен,
Ойнаушы едім тентек, ерке лақтай! ,- деп балалық шағын ақтарыла жырлап еске алады. Темірхан Сақаұлы өлеңдерінде өлеңге әр берер теңеулер мен метафоралар да баршылық. «Бағбандай», «керуен-тарих»,» «қырандай», «таңғы шықтай», «өмір-мұхит», «алдаспандай» тағы да басқа метафоралар өлеңдердің шырайын шығаруға қызмет етіп тұр. Ақын өлеңдері көбінесе сегіз, тоғыз және он бір, он үш буынды өлең үлгілерінен тұрады. Кей-кейде қара өлеңнен - ақ өлең формасына түсіп кететін тұстары да жоқ емес. Өлеңдерінің көбі он бір буынды болып келетіндіктен көбінесе он бір буынды тармақтан, үш, төрт буынды бунақтардан құралған:

3 4 4
/Өтем-ау/ /талай қиын/ /сан асудан/
3 4 4
/Көңілім/ /бейне тұлпар/ /таң асырған/
3 4 4
/Келемін/ /ар туымен/ /алға өрлеп/
3 4 4
/Адалдық/ /күш-қуатым/ /саған сенем/

Өлеңдерінің буын санының әртүрлі болуына қарамастан ақын негізінен қара өлең ұйқастарын пайдаланады:

Әрдайым жақсы пейіл, ақ тілекпен, - а
Ағалық аңқылдаған пәк жүрекпен, - а
Жүресіз адам жанын жадыратып, - б
Бағбандай жанымызға ақ гүл еккен.- а

Тебегенов өлеңдерінің тілі қарапайым. Асыра сілтеген қызыл сөз де, төменшіктеген тақыл-тұқыл қарабайырлық та аңғарыла бермейді. Қай тақырыпты жырласа да шынайы

қалпында бейнелеп, қанасынан шықпауға тырысады. «Тал жібектей таза сөз, еш жеріңді жырмайды» (Тұрмағамбет) деген осы.

Жалпы алғанда Тебегенов жырларында өмірдің қызылды-жасылды жағы, дырду-думанын суреттеу кездесе бермейді. «Ей, думан-той қызықтырма сен де мені дүрлігіп, Айналаңның бәрі өтірік, сәні өтірік тұр күліп» (Хафиз) үнімен әуендес болғандығынан болар. Ақынның қоңыр әуен, қоңыр мұңға құрылған жырлары баяу, бабымен лықситын дала өзендеріндей жүрек кемерін сипай ағады. Өз жүрегінің қоңыр әуеніне бөленген қоңыр жырдың айтары көп.

Әдебиеттер:

1. *Тебегенов Т. Шығармалары; Астана, «Фолиант» баспасы, 2009 ж.*
2. *Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар; Екінші том; Сөз өнері; Алматы, 1983 ж.*
3. *Әдебиеттану терминдерінің сөздігі Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1998 ж.*
4. *Мақатаев М. 1-том /Екі томдық шығармалары; Алматы, «Жазушы» баспасы, 1982 ж.*

Бидана Қабатай

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

БОЛАШАҚ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ПРОФЕССОР Т.ТЕБЕГЕНОВТІҢ ТҰЖЫРЫМДЫ ОЙЛАРЫ МЕН ПІКІРЛЕРІ

Ұлағатты жолы тынымсыз еңбекпен ерекшеленетін, саналы өмірін жас ұрпақты оқытып-тәрбиелеуге арнап, білім саласында, соның ішінде әдебиет ғылымында өзіндік авторлық орнын қалыптастырған профессор Темірхан Тебегенов қазақ әдебиеті мұғалімдеріне қажетті, құнды теориялық және әдістемелік еңбектер жазып қалдырды. Әсіресе болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырып, арттыруда ғалым-ұстаздың тұжырымды ойлары мен пікірлері, терең талдаулары маңызды нұсқаулық, білім-біліктерін көтеру құралы болып табылады.

Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті курстарынан білім беру бағдарламасының мақсаты – орта мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие, төмендегідей бағыттар бойынша жоғары білікті мамандар даярлау:

- жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеу;
- орта мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті салалары бойынша жүйелі білім қалыптастыру;
- орта мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетінен оқу үрдісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру;
- ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру.

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- қоғамның әлеуметтік тапсырысына және білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес орта мектептердегі болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін сапалы кәсіби дайындықпен қамтамасыз ету;
- орта мектептердегі болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің негізгі басым құзыреттіліктерінің жүйесін, жалпы ғылыми және арнайы білімдік дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру;
- рухани және интеллектуалды өзіндік даму жолдарын, психологиялық сауатын, ойлау және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру [1].

Осы салада болашақ филолог мамандар теориялық, әдістемелік, тәжірибелік бағытта дайындалады. Аталған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру аясында теориядан Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің филолог мамандар дайындайтын институтында «Әдебиеттануға кіріспе», «Халық ауыз әдебиеті», «Әдебиет теориясы» курстарынан бастап, «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Хандық дәуірдегі әдебиет» болып әрі қарай тарихи-монографиялық ұстанымға сай қазақ әдебиеті дәуірлерге сай кезең-кезеңімен сатылай оқылады. Міне, осы тұста профессор Темірхан Тебегеновтің қазақ әдебиетінің салаларына қатысты еңбектерін пайдалану жас маман үшін де, жалпы дәрістердің танымдық құндылығын арттыруда, білім алушылардың әдебиетті сөз өнері ретінде игеруіне септігін тигізері анық. Мәселен, ғалымның 1998 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихының мәселелері» еңбегін алайық [2].

Зерттеуші ғалым осы еңбегінде Дулат ақын тілге тиек еткен адамдық мінез-құлық қасиеттерді жинақтап бір ізге түсірген: қиялы жүйрік-жеңілтек; күншілдікпен ісі жоқ үндемес-аузын буған өгіз; атлас, қамқа ішік киіп, жорға мініп бұлғақтаған-жыртиған сорлы; миллиондарды сапырған саудагер-тиын көрген тілемсек, алдаушы; топқа қосылғысы келмейтін-зәресі жоқ қорқақ т.б. Мұндай дайын тұрған талдауларды дәріс, семинар сабақтарында Қазіргі заманның адамында осы сипаттар бар ма? Досыңның бойында осы сипаттардың қайсы бар? Өзіңде ше? деген сұрақтар төңірегінде Дулат ақынның шығармаларын талдап, интерпретациялау арқылы білім саласындағы саясат құзыреттілікке қол жеткізуге болады [2, 6б.].

Кітаптың «Ұстаздық парасат тағылымы» деп аталатын бөлімшесі Ыбырай Алтынсарин шығармашылығына арналған [2, 25-32б.]. Мұнда да жазушының кейінгі кездері тілге тиек етіліп жүрген «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегінің жан-жақты талдануы ыбырайтанушы жас ғалымдарға құнды дүние болмақ.

Қазақ әдебиетінде Абайдың өмірі мен шығармашылығы, әдебиеттегі алатын орны, адамгершілік мұраттары туралы зерттеулер бар. Бүкіл саналы өмірін Абайды зерттеуге арнаған М. Әуезовтің өзі «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген ғой. Заман талабына сай жазылған «Абай жолында» Абай мен әкесінің арасында салқынқандылық басымырақ айтылса, профессор Т.Тебегеновтің осы оқу құралында ұлы ақын басқа қырынан сипатталған. Ақынның мұсылманшылық жолын биік ұстаған Құнанбай қажы әкесін дәріптеп, өнеге еткен жырлары таңдалған және талданған [2, 14-40б.]. Тақырыптың өзі «Мұсылмандық ұлылық дүниетанымы» деген айдармен берілуі білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырады деп ойлаймыз.

Оқу құралында өмірінің ақырына дейін мейірімсіз ажалдың тырнағы жанына қанша батса да, қолынан қаламын түсірмей, өмірді сүйген, өр рухтың қуатын әлсіретпеген күрескер ақын Омар Шораяқұлының шығармашылығы терең талданған. «Омар Шораяқұлының шығармашылығы-қазақ әдебиетінің ежелегі дәуірлік кезеңдерінен бері қалыптасқан мұсылманшылық-ағартушылық әдебиет дәстүрінің заңды жалғасы. Замандастары және кейінгі толқын ұрпақтары «Шораяқтың дүр Омары» деп атаған ақынның шығармашылық мұрасы-бүгінгі және келешек керуенінің көш басында жүретін қымбат бағалы қазынасы» [2, 41-42б.] деп жасаған ғалым тұжырымы болашақ ғылыми зерттеулерге мұрындық болары анық.

Кітаптағы ұлттық сөз өнерінің адамгершілік ұлағатын танытатын Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Әкім-бір ұлттікі, ақын бар жұрттікі», «Арыстан аш, доңыз тоқ болады», «Ақылдыға біткен сақал- жөн, ақылсызға біткен сақал- жүн», «Әкімің залым болса, жердің асты жақсы», «Қарныңнан қиың кетсе, басыңнан миың кетеді», «Жатық айтсаң «жағымпаз» дейді, тік айтсаң «тұрпайы» дейді» деп келетін нақыл, ақыл сөздері филолог маманның, жалпы жұртшылықтың қойын дәптеріне жазып алатын, бүгінгі күні маңызын жоймаған қанатты сөздер десек артық айтқандық емес. Профессор Т. Тебегеновтің әдебиет алыптарын талдап, зерттеуде осындай тұлға ретіндегі рөлін айрықша даралайтын сипаттарын дөп басып

айтып, жаза алуы- көп іздену мен тынымсыз еңбектің нәтижесі деп бағалаймыз. Дәрісті қызықты, танымды, есте қаларлықтай етудің интербелсенді тәсілі деп танимыз.

Бұдан басқа осы еңбекте Сәкен Сейфуллин, Ғабит Мүсірепов, Асқар Тоқмағамбетов, Қалижан Бекқожин туралы да тың мәліметтер берілген. Оқу құралында келтірілген шығармашылық тұлғалардың бір-біріне ұқсамайтын өзіндік даралық келбеттерін саралай отырып, әдебиет тарихы кезеңдеріндегі көркемдік дәстүр жалғастығы табиғатын түсінуге қол жеткіземіз. Себебі, «көркемдік дәстүр жалғастығы-мәңгілік тоқталмайтын сөз өнері дамуының ұлы заңдылығы» [2, 83б.].

Әр шығармашыл тұлға туралы зерттеушінің тұжырымы, қорытындысы, берген бағасы осы кезең туралы дәріс оқушы болсын, тыңдаушы болсын ойына қазық, қиялына қанат етіп байлайтындай пікірлерінің құндылығымен ерекшеленеді. Мәселен, ғалымның «Сәкен-ұлтымыздың тарихындағы асыл мұраларды әлемдік сөз қазынасымен біртұтас мазмұнда қарауды ұстанған ғалым-әдебиетші. «Асау тұлпар» деген мақаласында махаббат лирикасын жазудағы ұлы Абайдың өлеңдерін өнеге тұтатынын ашық айта отырып талдайды, ұлы ақынның қазақ өнеріндегі биік мәртебесін: «Қазақ ақындарының ішінде Абайдан өлеңге шебері жоқ екені рас,»-деген пікірімен түйіндейді» [2, 60б.] деп ұлы ақынды пір тұтқан Сәкен туралы ой қорытындысын оның Абаймен рухани үндестігі, шығармашылық байланысы туралы жаңа зерттеулер мен танымды дәрістердің тақырыптары етіп алуға әбден тұрарлық. Сондай-ақ ғалым белгілі қаламгер Асқар Тоқмағамбетовтің шығармаларының ең қуатты саласы сатиралық шығармаларын терең талдай отырып, «ақын Асқар сатираның уытты күшін халықаралық тақырыптарға арнаған пафлеттерінде де көрсетеді. Пафлеттерінде отаршылдық, соғысқұмарлық пиғылды саясаткер айыпталады» [2, 75б.] деп әдемі ой айтады. А. Тоқмағамбетов шығармашылығының өміршеңдегін, бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен астасып жатқандығын айтқыңыз келсе, осы тұжырымды әрі қарай дамытып, көсіле сөйлей беруіңізге болады.

Ал кітаптағы мына жолдарға назар аударған білім алушы өз зерттеуінде ақын Қ.Бекхожин шығармаларын арқау етіп осы айтылғандардың әрқайсына мысал жинақтаса болды тәп-тәуір ғылыми жұмыс жазылатыны анық: «Қалижан Бекхожин-дала жыршысы. Қазақ жеріндегі жазық далалар, жалпақ жондар, белестер, музарт шыңды асқар таулар, мөлдір сулы айдын көлдер, адуынды және сабырлы ағысты өзендер, ну ормандар, қазақтылықты мәңгі жоғалтпаған ауылдарымыз-бәрі де ақын жырларының негізгі тақырыптары» [2, 77б.].

Міне, айта берсек, профессор Темірхан Тебегеновтің «Әдебиет тарихының мәселелері» деген еңбегінде айтылған ойлар мен ғылыми пікірлерді, терең талдауларды болашақ филолог мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарының қазақ әдебиеті курстарында тиімді пайдалану кәсіби маман келбетін қалыптастыруда тиісті нәтижеге жеткізеді деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде, әдебиетші ғалым Темірхан Тебегеновтің «Әдебиет тарихының мәселелері» атты оқу құралында XIX-XX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихын құрайтын ақын-жазушылардың мұралары талданған. Аталған еңбектің болашақ филолог мамандарды кәсіби дайындауда маңызы жоғары. Өйткені филолог маманның ең алдымен қазақ әдебиетінен теориялық білімі жоғары, ақын-жазушылардың шығармаларының эстетикалық құндылығын көре де, сезе алатын шығармашыл тұлға болып қалыптасуы міндетті. Осы жолда аталған еңбектің берері мол.

Әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы

2. Тебегенов Т. Әдебиет тарихының мәселелері. - Алматы, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 1998-85 б.

М.И.Уюкбаева., [1] ***Е.А.Ломова*** [2]
[1]*профессор,* [2]*к.ф.н, доцент*
[1,2] *Казахский Национальный педагогический университет имени Абая*

ПАТРИАРХ КАЗАХСКОЙ СЛОВЕСНОСТИ

Профессор, доктор филологических наук, Тебегенов Темирхан родился в Кызылординской области Кармакшинского района. В 1987 году защитил кандидатскую диссертацию, в 1991 году стал доцентом, а в 2002 году защитил докторскую диссертацию. В 2004 году стал профессором. С 1991 года Тебегенов Темирхан успешно работал в КазНПУ им. Абая на кафедре казахской литературы и преподавал историю казахской литературы, историю зарубежной литературы. Под руководством профессора Тебегенова Темирхана защищены одна докторская, 13 кандидатских и 10 магистерских диссертации. Общее количество публикации профессора Тебегенова Темирхана – более 600. Из них 20 опубликованы за рубежом: Россия (Татарстан, Башкирия), Китай, Турция, Болгария, Узбекистан, Киргизия и др. С 2013 -2016 года Тебегенов Темирхан читал лекции в Центральном педагогическом университете Китая по дисциплинам: история казахской литературы, методология теоретических исследований, природа эстетики казахской литературы, история зарубежной литературы.

Тебегенов Темирхан опубликовал 30 книг, из которых 11 монографии, 2 пособия, 17 учебников, 280 статей в казахстанских научных журналах, 292 статьи в газетах, 5 учебных программ, рекомендованных МОН РК (История казахской литературы 19 века, Современная казахская литература (70-90 годы), История зарубежной литературы, История восточной литературы, Основы теории литературы.

В книге «Народные поэты» (1997 год) исследовано творчество видного поэта Кожабергена Толыбаева (1663-1773), а также проанализировано творчество талантливых поэтов 18 века. В данной книге, автором показаны идейно-стилистические и сюжетно – композиционные особенности дастанов «Елим – ай!», «Баба тыл». Здесь же говорится о творчестве Шортанбая Канайулы (1818 -1881), поэта 19 века с его своеобразным мировоззрением и философией, воплощенной в разных жанрах: терме- толгау, арнау, жоктау, айтысы, дастаны. В этой книге также есть страницы, посвященные поэзии Еримбета Колдейбекулы (1844-1916), его биографии, творческому пути, поэтическому наследию.

«История зарубежной литературы» (1996,2006гг.) — это книга, посвященная проблемам развития реалистической литературы Турции, Ирана, Индии, а также достижениям словесного творчества в этих странах. Тут особое внимание уделено творчеству турецкого поэта Назыма Хекмета, Абылкасыма (Гасема) Лахути (Иран), Рабиндраната Тагора (Индии).

Книга «Мировая литература 19 -20 веков» состоит из 2 частей (2016год) – это хрестоматия, в первой части которой содержатся произведения писателей Азии и Африки, а во второй части - произведения писателей Европы и Америки.

«Вопросы литературной истории» (1998 г.) - это книга о казахской и мировой литературе, ее эстетическом и дидактическом значении. Важное место здесь занимает изучение поэзии Абая, его мировоззрения, религиозно-философских взглядов. Также исследуется творческое наследия Ыбрая Алтынсарина, Омара Шораяколына, Турмагамбета Изтлеуова, Сакена Сейфулина, Габита Мусрепова, Аскара Токмагамбетова, Калижана Бекхожина.

В 1999 году профессор Тебегенов Темирхан опубликовал книгу «История литературы», в которой уделил большое внимание творчеству известных казахских поэтов, а также научным теоретическим вопросам казахской словесности. Особое внимание в этой книге уделено акынам Базару Ойдасулы, Будабайю Кабылулину, Нартаю Бекежанаву и др.

Профессор Тебегенов Темирхан в своих научных публикациях исследовал также творчество Ахмета Байтурсынова, Мухтара Ауэзова, Кажыма Жумалиеева, Малика Габдулина, Ныгмета Габдулина, Кайнекея Жармагамбетова и многих других.

Трудно переоценить педагогическое значение деятельности профессора Тебегенова Темирхана, воспитавшего несколько поколении педагогов, молодых ученных, для которых он был примером для подражания во всем. Профессор Тебегенов Темирхан был образцовым семьянином, воспитавшим достойных детей.

Профессор Тебегенов Темирхан вел активную общественную жизнь, принимал участие в многочисленных культурных мероприятиях в масштабах университета, города и республики. Его обширные знания в области мировой литературы способствовали его взаимосвязям с зарубежными специалистами – филологами. Кругозор позволял профессору Тебегенову Темирхану мыслить глубоко и быть патриотом Казахстана, пропагандистом казахской литературы в разных странах мира.

Научное наследие профессора Тебегенова Темирхана входит в историю казахской науки и служит молодому поколению примером в его научных изысканиях, являясь подспорьем в исследованиях отечественной и зарубежной литературы.

Профессор Тебегенов Темирхан в своих научных исследованиях показал высокую морально-нравственную, эстетическую, духовную значимость казахской литературы, ставшей неотъемлемой частью мировой литературы с ее высокими достижениями.

Профессора Тебегенова Темирхана отличало трудолюбие, ответственность, профессионализм, отзывчивость и стремление к достижению новых целей в науке. Он был яркой личностью и навсегда оставил след в памяти коллег и студентов.

Д.Сатемирова[1]., Э.Қансейітова[2]
[1, 2]филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ТЕРЕҢ ТАНЫМ МЕН ПАЙЫМНАН ТУҒАН ІРГЕЛІ ЗЕРТТЕУ

Профессор Темірхан Тебегеновтің тынымсыз ізденімпаздығы мен өрелі ой желісінен туған зерттеулері – «Нартай ақынның әдеби мұрасы», «Халық ақындары», «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі», «Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті», «Қазақ халқының ұлағатты ұрпақтар өркені», «Нияз молда Тасболатұлы» терең ғылыми әлеуетін таныта алатын дүниелер.

Қазақ әдебиетінің тарихы мәселелеріне арналған «Халық ақындары» кітабында қазақ әдебиеті тарихының көрнекті тұлғаларының бірі Қожаберген Толыбайұлының (1663–1773) толғаулары, ән-өлеңдері, дастандары қарастырылған. Жырау шығармаларының XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуы үдерісіндегі мәніне баға берілген. Қожабергеннің қоғамдық-әлеуметтік қызметі (жорық жауынгері, би-шешен) мен ақындық-жыраулық шығармашылық тұтасқан тұлғасының ұлттық рухани мәдениет тарихындағы маңызы көрсетілген. «Елім-ай!», «Баба тіл» дастандарының тақырыптық-идеялық, сюжеттік-композициялық, стильдік-көркемдік ерекшеліктері сараланған. Кітаптағы Шортанбай Қанайұлы (1818–1881) шығармашылығына арналған тарауда ақынның XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде діни-исламдық өркениеттегі сопылық-философиялық дүниетаным мен зар заманды поэзия сарындарын тұтастырған ерекшеліктері қарастырылған. Шортанбайдың мұрасындағы насихат, терме-толғау, арнау, жоқтау, айтыс өлеңдері, дастан жанрындағы шығармалары талданған.

Кітапта XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихының көрнекті тұлғасы Ерімбет Көлдейбекұлы (1844–1916) шығармашылығы да арнайы тарауда қарастырылған. Ақынның өмірбаяндық-дерекнамалық жолы мен дидактикалық-философиялық толғау-термелерінің, жазбаша айтыстарының, дастандарының поэтикалық ерекшеліктері талданған. Аталған тұлғалар шығармаларының халықтық-

эстетикалық сипатына, ұлттық әдебиет үдерісіндегі көркемдік жалғастықтың дамытылуына тарихи поэтика заңдылықтары тұрғысында бағалаулар жасалған.

«Әдебиет тарихының мәселелері» кітабындағы шығармалар қазақ және әлем халықтары сөз өнері мұраларының көркемдік жалғастық жолы заңдылығы бойынша қарастырылған. Ислам өркениеті дүниетанымы негізіндегі классикалық әдебиет тұлғалары шығармаларының дидактикалық-философиялық, лирикалық, эпикалық сарынды ерекшеліктері байыпталған. XIX–XX ғғ. қазақ әдебиеті тарихы көрнекті тұлғаларының әдеби мұралары арнайы қарастырылған. Хакім Абай шығармаларындағы діни-исламдық дүниетаным болмысы жалпыадамзатқа ортақ гуманистік-эстетикалық көзқарастар тұрғысында дәлелденген. Ыбырай Алтынсарин мұрасындағы діни-исламдық көзқарастар («Мұсылманшылықтың тұтқасы» («Шариат-ул-ислам»), Омар Шораяқұлының, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының, Сәкен Сейфуллиннің, Ғабит Мүсіреповтің, Асқар Тоқмағамбетовтің, Қалижан Бекхожиннің шығармалары жеке-жеке ғылыми очерктер түрінде жазылған. Кітап әдебиет тарихының әртүрлі кезеңдеріндегі ақын-жазушылар мұраларының үздіксіз жалғасқан көркемдік дәстүр сабақтастығын танытуға арналған.

«Әдебиет тарихы» кітабында қазақтың ақындық өнері табиғаты ғылыми-теориялық тұрғыда сипатталған. Дәстүрлі ақындық поэзия өкілдері шығармашылығының бірнеше өнер тұтастығынан құралатыны, әлем халықтары мұраларымен поэтикалық үндестігі, ауызша және жазбаша ақындық өнеріндегі көркемдік-стильдік шеберлік дәстүрі жалғастығы айтылған. Осындай өзекті мәселелер аясында ақындардың тарихи жырлары, дастандары, XIX–XX ғ. көрнекті ақындар Базар Оңдасұлының, Бұдабай Қабылұлының, Нартай Бекежановтың әдеби мұралары біршама толық қамтыла қарастырылып, ғылыми-теориялық талдаулармен бағаланған.

Әдебиет тарихына қатысты мәселелрді ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырған зерделі зерттеулері – ұлттық әдебиеттанудың ғылыми өресін танытар іргелі еңбектердің қатарында. Ғалымның басты ғылыми бағдары қазақ әдебиетінің тарихының мәселелері, халық ақындары шығармаларындағы ерекшеліктер, әдеби даму үрдістері сынды бағыттарды зерттеумен байланысты болғанын осы еңбектерде зерделенген рухани мұраның мазмұнынан аңғаруға болады.

Еліміздің егемендік алуы әдебиетімізді ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік берді. Осы кезеңдегіәсіресе әдебиет тарихының мәселелерін көтерген ғылыми еңбектер, жалпыұлттық өзекті проблемаларға арналғандығымен ерекшеленеді. Қазақ әдебиеттану ғылымында А.Байтұрсынұлы мен М.Әуезовтен бастау алып, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә. Марғұланмен жалғасқан, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, А.Нұрқатов, С.Қирабаев, З.Ахметов, Н. Келімбетов сынды алпауыт ғалымдар дәстүрі еліміз тәуелсіздік алған жылдары ерекше қарқынмен дамыды. Атап айтар болсақ, Ж.Тілеповтің «XIV-XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихилығы» С.Негимовтің «Ақын-жыраулық поэзияның бейнелілік-көркемдік жүйесі» тақырыбындағы жұмысы, У.Қалижановтың «Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы)» атты докторлық диссертациясы, Б.Омаровтың «Қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымы (генезис, типология, поэтика)» және А.Шәріптің «Қазақ поэзиясында ұлттық идеяның көркем бейнеленуі: генезисі, эволюциясы және трансформациясы», Т.Тебегеновтің «Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстары ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына зор үлес қосқан іргелі зерттеулер болды. Бұлардың қай-қайсысы болмасын сан ғасырлық тарихы бар қазақ әдебиетінің мәселелерін жаңаша пайымдаған тың дүниелер еді.

Ғалым Т. Тебегеновтің «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» (2001) атты монографиясы ұлт әдебиетінің өзекті тақырыбын қозғаған ғылыми құндылығы зор іргелі зерттеу болып табылады.

Монографиялық еңбекте дәстүрлі халық ақындарының шығармалары әдеби процесті құрайтын авторлық әдебиет өкілдері ретінде әдебиеттану ғылымында алғаш рет өнер

психологиясы, этнопсихология, этнопедагогика, дінтану философиясы мәселелерінің аясында қарастырылған. Дәстүрлі ақындық поэзиядағы авторлық тұлға, автор мен адресаттық нысан арасындағы психологиялық байланыс, психологиялық уақыт пен кеңістікті құрайтын шежірелік, болжалдық, мұсылмандық-мүнәжаттық және пантеистикалық өлеңдер ғылыми-танымдық негізде сараланған. Сонымен қатар, мұсылмандық-ағартушылық пен еларалық-ұлтаралық, осымен бірге жазбаша айтыстар авторлық әдеби шығармашылық заңдылықтары тұрғысында әдебиеттанудың жаңа көзқарастарымен тұңғыш рет талданған.«Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» әдебиет тарихына қатысты жаңаша көзқараспен зерделенген күрделі сауалдарға жауап бере алатын академиялық толымды ғылыми-зерттеу болып табылады.

Ғалымның «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» еңбегі халық ақындарының шығармаларындағы авторлық тұлға, автор мен адресаттық нысан арасындағы психологиялық байланыс, психологиялық уақыт пен кеңістікті құрайтын шежірелік, болжал, мұсылмандық-мінажаттық және пантеистикалық өлеңдерді ғылыми тұрғыдан пайымдаған ауқымды зерттеу. Зерттеу «Әдеби процесс – рухани құндылықтар тарихы», «Авторлық – әдеби процесс өзегі», «Халық ақындарының лирикалық өлеңдері және олардың тұрмыстық-салттық негіздері», «Ақындар айтыстарының әдеби шығармашылық сипаты» атты тараулардан құралған.

Еңбектің «Әдеби процесс – рухани құндылықтар тарихы» деп аталған бірінші тарауында халық ақындары атауының танымдық тұрғыда қалыптасуының заңдылықтары, дәстүр жалғастығы, әдеби мектептер мәселелері ұлттық дүниетаным тұрғысынан жан-жақты қарастырылады. Зерттеуші әдеби процесс – ұлттық мәдениеттің негізгі өзегін құрайтын ерекше шығармашылық құбылыс ретінде танып, өзінің ойларын ғылыми дәлелдермен тұжырымдайды. «Фольклордың эстетикалық негіздерімен суарылған ақындар халықтық ұлы сезімдерді жырлаудағы азаматтық-философиялық, гуманистік сарындардың аса өміршең арналарын қалыптастырды» [1, 27б.] дей келіп, фольклордағы шынайылылық, халықтың арман-мұратымен үндескен көңіл-күйі, халық тілінің шұрайлылылығы халық ақындарының поэзиясына ұлттық бояу, реңк дарытатын ерекшелік ретінде пайымдайды. Ұлттың эстетикалық ұғым-түсініктері, мінез-құлқы, ырым-нанымы, салт-дәстүріндегі ерекшеліктер әдеби процесс аясында қарастырылады.

«Авторлық – әдеби процесс өзегі» атты екінші тарауда авторлық әдеби процеске өзек болатын негізгі категория ретінде қарастырылады. Бұл бөлімде әдеби процестегі автордың әдеби бейнесі басты нысанға алынады. Осы тарауда қазақ әдебиеттану ғылымында халық ақындары шығармашылығындағы психологиялық уақыт мәселесі алғаш рет ұлттық сөз өнері тұрғысынан қарастырылады. Халық ақындарының шығармашылық психологиясына тән ерекшеліктердің поэзиядағы көрінісін нақты талдаулармен таныта білген.

«Халық ақындарының лирикалық өлеңдері және олардың тұрмыстық-салттық негіздері» атты тарауындағы ғылыми-танымдық пайымдаулар да алғаш рет халық ақындары шығармашылығындағы этнопедагогикалық, этнопсихологиялық өлеңдер деп топтастыруымен құнды деуге болады. Әрине халық ақындары туралы айтқанда, айтыс өнері туралы сөз болмауы мүмкін емес. Ғалымның еңбегінде қазақ поэзиясындағы ерекше құбылыс айтыс өнері жан-жақты ізденістен туған тың тұжырымдарымен толықты. Мұнда айтыстың әдеби шығармашылық сипатын айқындай келіп, мұсылмандық ағартушылық айтыстар, еларалық-ұлтаралық айтыстар, жазбаша айтыстар деп өз жіктеулерін ұсынды.

Ғалымның «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» атты зерттеуі қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған іргелі зерттеулердің бірі. Зерттеушінің жан-жақты ізденісі мен терең пайымдауларының нәтижесінде әдебиет тарихына қатысты тұжырымдалған: «авторлық және адресат», «әдеби процесс және авторлық тұлға», «психологиялық уақыт», «халық ақындары шығармашылығындағы этнопсихологиялық, этнопедагогикалық өлеңдер» сынды ұғымдар ғылыми тұрғыдан орнықты деуге болады.

Темірхан Тебегенов – қазақ әдебиеттану ғылымының барлық саласына қалам тербеген және зерделі зерттеулерін арнаған үлкен ғалым. Негізгі ғылыми-зерттеу нысаны – қазақ әдебиетінің тарихына қатысты болғанымен, әлем әдебиеті, әдеби байланыстар мәселелерін де арнайы зерттеді.

Темірхан Тебегенов З.Ахметов, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, М.Ғабдулин, Р.Бердібай, С.Қирабаев, Н.Келімбетовтей заңғар тұлғалардың алдын көріп біріне шәкірт, біріне әріптес бола жүріп, ғылыми ортаның тағылымын көрді.

Әдебиеттер:

1. «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі». Монография.- Алматы: Білім, 2001. -332 б.

Гульмира Каримова
Ph.D., қауымдастырылған профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ТЕМІРХАН ТЕБЕГЕНОВ – ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІР ӘДЕБИЕТІН ЗЕРТТЕУШІ

Қазақ әдебиеттануы ғылымының тарихындағы көрнекті ғалымдар қалыптастырған ғылыми-шығармашылық дәстүр-әдеби үдеріс шығармаларын көркемдік жалғастық поэтикасы заңдылығымен жүйелеп зерттеу. Әбу-Насыр Әл-Фараби, Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев, Әуелбек Қоңыратбаев, Әлкей Марғұлан, Бейсенбай Кенжебаев, Зейнолла Қабдоллов, Зәки Ахметов, Тұрсынбек Кәкішев, Рахманқұл Бердібаев, Серік Қирабаев және т.б. кейінгі толқын зерттеушілер қалыптастырған осы үрдіс аясында әдеби даму үдерісі жаңа ізденістермен дамытылып келеді. Көркемдік жалғастық арқылы әдеби дамудың нақты шығармашылық қозғалысын зерттеу-зерделеу – аса өзекті мәселе. Академик З.Қабдоловтың ғылыми тұжырымы шығармашылық үдерістің поэтикалық-психологиялық әлемін айқын елестетеді.

«Әдеби даму да бір ағысты өзен: шымырлап өнген қайнар көзі, яки мөлдір бастауы, оған жалғас толқынды арнасы. Одан әрі құяр сағасы бар. Халық өмірінің өзі, оның тарихи тағдырлары, оқиғалар мен құбылыстар, қайшылықтар мен тартыстар, қоғамдық қарым-қатынастар мен қарама-қарсылықтар, адамның рухани бітімі, моральдық кескіні, қысқасы, ақиқат шындықтың алуан-алуан саласы әдебиеттің тегін туғызады, қалыптастырады. Ендеше, қандай да болсын, әдебиеттің тегі, тектің түрлері - ақиқат шындықтың өз қажетінен туған «арналы тасқындары» екені даусыз. Бұлардың бәрін жалпы алып қарасақ, біз орасан күрделі тарихи процеске кездесеміз; ал әрқайсысын жеке тексере қалсақ, әрбір әдеби түрдің туу, қалыптасу тарихы, бәрінен бұрын мазмұнды түрдің даму жолдары бар екенін байқаймыз» [1, 402б.].

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі тарихының материалдық және рухани мәдениет салаларындағы жетістіктері қазіргі рухани жаңғыру бағдарындағы жаңашыл нәтижелердің жалғаса дамуы арқылы жүзеге асырылып келеді. Әсіресе, көп жанрлы қазақ әдебиетінің поэзия, проза, драматургия салаларындағы көркем туындылардың жазылуы мен оларды әдеби-ғылыми танымдық тұрғыда бағалаудың шығармашылық үдерісі қазіргі кезде жаңашылдық сипатымен айрықша байқалып отыр. Әлем әдебиетінің қалыптасуы, дамуы тарихының әуелгі бастауынан қазіргі дәуірге ұласқан кезеңдерінің бәрінде де әдеби тек түрлері (эпос, лирика, драма) жанрларының театр сахналарында қойылуы мен сол туындылардың өнернамалық болмысы туралы бағалаулардың үздіксіз жалғасқан шығармашылық үдерісін көреміз.

Әдеби шығармашылық дамуы үдерісін зерттеу - сөз өнері дамуының алтын желісі. Қазақстан Республикасының жаңа тарихындағы әдеби-ғылыми тұтастықтағы осы шығармашылық еңбек үдерісінде көрнекті әдебиеттанушы ғалым Темірхан Сақаұлы Тебегеновтің тынымсыз ізденістегі еңбектерін айрықша бағалаймыз. Профессор Т.С.Тебегеновтің қазақ сөз өнерінің және әлем халықтары әдебиетінің өзекті мәселелеріне арналған іргелі еңбектері (монографиялары, оқулықтары, оқу құралдары, мақалалары)

зерттеушілерге мәлім: «Әдебиет тарихы», «Ақындық дәстүр және Нартай Бекежанов поэзиясының өзіндік сипаты», «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі», «Өлеңсөздегі дәстүр жалғастығы», «Әлем әдебиеті» (1-2-кітаптар), «Біртұтас қазақ әдебиеті: Қытайдағы және Атажұртқа оралған ақын-жазушылар шығармашылығы» және т.б.

Әдеби шығармашылық үдерістегі аса зәру өзекті мәселелерді арнайы қарастыру-зерделеу-зерттеушінің басты мұраты. Бұл орайда, ғалым-ұстаз Т.Тебегенов Қазақстан Республикасының әдеби-тарихи дамуы желісіндегі поэзия, проза, драматургия салаларындағы көрнекті ақын-жазушылардың [2, 11-357бб.] шығармашылығын арнайы зерттеулері арқылы жоғары оқу орындарының оқу үдерісіндегі бакалавриат, магистратура, докторантура бөлімдері мамандықтарында «Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиеті» атты жаңа пән тұрақты оқытыла бастады. Осы пәннің типтік бағдарламасын жасады. Осы пән бағдарламасы бойынша арнайы жазған «Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті (XX ғ.90-жылдары және XXI ғ. бас кезі)» атты монографиясын [3, 378б.] жазып жариялады. Қазақ сөз өнерінің көп ғасырлық тарихына арналған жүйелі зерттеулерінің қатарындағы осы монографиясындағы тақырыптық бөлімдерінде Қазақстанның Тәуелсіздігі жылдарындағы әдеби үдерістің әдеби тек салалары бойынша дамуын танытатын көрнекті ақын-жазушылардың туындылары талданған.

Ғалым қазіргі қазақ поэзиясындағы діни-исламдық сарынды туындылары мен оқырмандар ықыласын иеленген көрнекті ақындардың (Темірхан Медетбек, Нұрлан Оразалин, Есенбай Дүйсенбайұлы, Баянғали Әлімжанов, Серік Ақсұңқарұлы, Дәулетбек Байтұрсынұлы, Серік Қалиев, Нұрперзент Домбай т.б.) өлеңдеріне жасалған поэтикалық талдауларымен әдеби үдерістегі адамгершілік-имандылық ұстанымы жырлануының халықтық тағылымына баға берген. Зерттеуші қазіргі қазақ поэзиясындағы көрнекті ақындардың (Рафаэль Ниязбек, Жәркен Бөдешұлы, Темірше Сарыбайұлы, Өтеген Оралбайұлы, Оразалы Досбосынов т.б.) лирикалық, эпикалық шығармаларының көркемдік сипатына талдаулар жасаған.

Әдеби үдерістегі жаңа прозалық туындылардың (әңгіме, повесть, роман) арқауына алынған өмір шындығының көркем шындықпен өрнектелуін бағалау-зерттеушінің басты ұстанымы. Ғалым қазіргі қазақ прозасындағы көрнекті жазушылардың (Адам Мекебаев, Ұзақбай Доспанбетов, Қажығали Мұхаметқалиұлы, Сәбит Досанов, Нағашыбек Қапалбекұлы, Серік Асылбекұлы, Жолтай Әлмашұлы, Жәди Шәкенұлы) өмір шындығын көркем бейнелеген туындыларындағы уақыт пен кеңістік ауқымындағы эпикалық баяндаулардың, басты кейіпкерлердің даралана мінезделуін, тілдік-стильдік өрілімдер сырларын жүйелеп талдап қарастырған.

Зерттеушінің арнайы даралап қарастырған өзекті мәселесі - қазіргі драматургиядағы өмір шындығы және көркемдік шешім поэтикасының ерекшеліктері. Талдаулар нысанындағы көрнекті драматургтердің (Дулат Исабеков, Сұлтанәлі Балғабаев, Серік Асылбекұлы, Жолтай Әлмашұлы т.б.) пьесаларындағы дәуір, заман және адамдар психологиясындағы қарама-қайшылықтар драматургия поэтикасы заңдылықтары аясында жүйелене бағаланған. Тәуелсіздік дәуірінің әдеби үдерісіндегі Қазақстанды мекендейтін туысқан этностар (ұйғыр, курд, орыс, неміс т.б.) фольклоры мен әдебиетін де бағалап зерделеуі де уақыт талабына сәйкестігімен ерекшеленді.

Қазақстанның қазіргі рухани жаңғырудағы дамуы жетістіктері қатарында сөз арқауында айтылған ғалым-ұстаздың іргелі зерттеулерді үздіксіз жалғастырып келе жатқанын айтамыз. Қазіргі әдеби үдерістегі поэзияның, прозаның, драматургияның әрқайсысына арналған жеке-жеке монографиялық оқу құралдарын да жариялады. Қазіргі кезеңдегі әдеби үдеріс бойынша ғылыми жетекшілігімен қорғалған докторлық («М.Әйтімов. Қазіргі қазақ романы: тарихи шындық және көркемдік шешім», 2010), қазақ әдебиетінің тарихы бойынша кандидаттық, магистрлік диссертацияларда және дипломдық жұмыстарда-бәрінде де ұлттық сөз өнерінің бұрынғы-соңғы әдеби үдерісінің шығармалары жаңаша талданып бағаланып келді.

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З.Сөз өнері: Оқулық-монография. -Алматы:Өлке,2014.-496 б.

2. Қазақстан жазушылары.XX ғасыр: Анықтамалық. -Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2004. -392 б.

3.Тебегенов Т.С. Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті (XX ғ.90-жылдары және XXI ғ.бас кезі): Монография. -Семей: «Үш биік» баспасы, 2013.-380 б.

Жанат Оңалбаева

№28 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, бірлестік жетекшісі
Қызылорда облысы, Ақжар ауылы

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ ТЕМІРХАН САҚАҰЛЫ ТЕБЕГЕНОВТІҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ МӘҢГІ ӨШПЕЙДІ

«Орташа ұстаз – баяндайды. Жақсы ұстаз түсіндіреді, тәжірибелі ұстаз көрсетеді. Ал, ұлы ұстаз шабыттандырады» деген сөз халық арасында кең тараған. Осы ғибратты сөздің ішіндегі ұлы ұстаз деген сөз тіркесін мен өзіміздің жерлесіміз, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақжар ауылының тумасы, ұстаз, профессор, филология ғылымдарының докторы Темірхан Сақаұлы Тебегеновке арнап айтар едім. Себебі, шәкірттерінің жүрегінен жол тапқан, өзінің адал еңбегінің арқасында үлкен жетістікке жеткен, өмірге құштар, бойындағы үлкен күш-қуат пен табандылықтың арқасында барлық қиындықты жеңе білген үлгілі ұстаз, ұстаздардың ұстазы дер едім. Ұстаздың алдынан қаншама шәкірттер білім мен тәрбие алды, ақыл-өсиетін, өнегесін алды. Өкінішке орай, 2021 жылы Темірхан Сақаұлын бүкіл ауыл-аймақ ғана емес, республика жұртшылығы қимастық сезіммен мәңгілік мекеніне аттандырды. Тағдырдың ісіне не шара, ол кісінің орындалмай қалған қаншама жоспарлары, мақсаттары бары анық. Бүкіл өмірін білім мен ғылымға арналған ол кісінің еңбегін айтып жеткізу мүмкін емес.

Қарапайым отбасында дүниеге келген Темірхан Сақаұлы Тебегенов білімге жастайынан құштар болды. Өзінің білімге құмарлығының арқасында Қызылода қаласындағы кезіндегі Н.В.Гологь атындағы институт, қазіргі Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университутқа түсті. Еңбек жолын ауыл мектебінен ұстаз болудан бастап, өзі білім алған институттың қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында аға оқытушысы, қазақ әдебиеті мен араб кафедрасының меңгерушісі, 1991 жылдан өмірінің соңына дейін Абай атындағы ұлттық университеттің қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушы қызметтерін атқарды. 300-дей ғылыми мақала, 9 кітап жазған.

Темірхан Сақаұлы Тебегенов –әдебиеттанушы, ғалым, педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор. Бүкіл Түркі еліне есімі белгілі, қазақ әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосқан өзіндік орны бар үлкен тұлға

2010 жылы педагогикалық кеңестің қаулысымен қазақ тілі мен әдебиеті кабинетіне Қармақшы ауданының Құрметті азаматы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, Түркі Әлемі Халықаралық «Қызыл Алма» сыйлығының лауреаты Темірхан Сақаұлы Тебегеновтің есімі берілген болатын. Араға біраз уақыт салып жақында ғана ұрпақтары, соның ішінде қызы Алтынарай Тебегенова әкесінің кабинетін жабдықтап, үлкен игілікті іс жасады.

Темірхан Сақаұлының атындағы кабинетті ашылу салтанатына байланысты мектебімізде қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жарқын бейне» атты әдеби-сазды кеш өткізді. Кеш барысында 8,9-сынып оқушыларының домбырамен тартқан Тұрмағамбет Ізтелеуовтің «Тәлім» термесімен басталып, одан кейін 5-сынып ұландары бүгінгі кештің қонақтарын әдемі өлең шумақтарымен арнау арнады. Қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінің

ашылу салтанатында бірлестік жетекшісі Оңалбаева Жанат пен Темірхан Сақаұлының өмірде сыйласқан досы Қуаныш Біртаевтарға лента қию рәсімі берілді. Бұдан кейін қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінде «Жарқын бейне» атты әдеби-сазды кеш жалғасын тапты. «Жарқын бейне» атты шара барысында 8-сынып оқушылары Темірхан Сақаұлының өмірі мен шығармалары туралы сыр шертсе, 10-сынып оқушылары ұстазға арнап арнау өлеңдерін оқыды. 9-сынып оқушылары Темірхан Сақаұлының өлең шумақтарын мәнерлеп, нақышына келтіріп айтып, кеш қонақтары риза болды. Аяулы ұстаз бен жан жары Сапураның ролінде 10- сынып оқушылары Қанағат Мағжан мен Тоқтар Аружанның шебер ойнауы әдеби-сазды кешті әсерлендіріп жіберді. Кеш соңында ұстаздың Алматыдан, Астанадан келген шәкірттері, ағайын-туыстары сөз сөйлеп, естеліктерін, ерекше есте қалған оқиғаларымен бөлісті. Кеш соңында Алматыдан арнайы келіп, осы шараның өтуіне ат салысқан ұстаздың қызы Алтынарай Тебегенова мектеп ұжымына, қазақ тілі мен әдебиеті бірлестік мүшелеріне, алыстан келген ағайын-туыстарына үлкен алғысын айтып, көңілінен шыққан соң келген қонақтарға, осы шараның жоғары дәрежеде өтуіне ат салысқан мектеп дирекциясына, қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі мүшелеріне арнайы сыйлықтарын табыс етті. Бұдан кейін ауылдың «Айнель» тойханасында қызы Алтынарай Тебегенова әкесіне, Темірхан Сақаұлы Тебегеновке арнап, құран бағыштап ас берді.

Барлық саналы ғұмырын ғылым мен білімге арнаған Қармақшы ауданының Құрметті азаматы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, Түркі Әлемі Халықаралық «Қызыл Алма» сыйлығының лауреаты Темірхан Сақаұлы Тебегеновтің есімін өзінің туып-өскен ауылы, ұстаздар қауымы, шәкірттері мәңгі есінде сақтайды.

Б.М.Сұлтанова
ф.ғ.к., профессор м.а.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Т.ТЕБЕГЕНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ СҰЛТАНӘЛІ БАЛҒАБАЕВ ДРАМАТУРГИЯСЫ

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, Түркі Әлемі Халықаралық «Қызыл Алма» сыйлығының лауреаты Темірхан Сақаұлы Тебегеновтің маңызды мәселелерді қозғаған, жүйелі талдаулар жүргізген еңбектерінің бірі қазіргі драматургияға қатысты еңбектері деуге болады. Ғалымның «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналында жарық көрген «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі драматургия» атты зерттеуінде қазақ әдебиетіндегі драма жанрының даму тарихына қысқаша тоқталады. Мақалада ХХ ғасыр басында тың жанрда қалам тартқан алғашқы драматургтер туралы «Қазақ топырағында драматургияны дамытқандар қатарында Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Жұмат Шанин пьесалары ұлттық классикалық дәстүр жолын қалыптастырды және т.б. кейінгі толқын драматург-қаламгерлер шығармашылығы арқылы жалғасты» (Тебегенов Т. «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі драматургия») дейді де ғалым одан әрі жарық көрген драмалық шығармалар мен сол драмалық шығармаларға қатысты сын-пікір айтқан сыншылардың, әдебиетшілердің, театртанушылардың «өнертану тұрғысындағы негізделе, теориялық-тәжірибелік тұтастықпен өрілген зерттеулер, танымдық бағалаулар да үздіксіз жазылумен келеді» деп тұжырымдайды. Драмаға қатысты шығармалар мен сын-пікірлердің көркемдік, идеялық, стильдік, эстетикалық, сандық және сапалық жағынан өсуі мәселесіне тоқталады.

Ғалым еңбегінде драматургияға, театр өнеріне қатысты отандық зерттеушілердің «С.Сейфуллин, М. Әуезов, Ж. Шанин, А. Тоқпанов, Ә. Тәжібаев, С. Ордалиев, Б. Құндақбаев, Р. Нұрғалиев, Р. Рүстембекова, Ә. Сығаев, Ә. Бөпежанова және т.б.» еңбектерімен шектелмей «Аристотельдің «Поэтика», Никола Буалоның (1636-1711), «Поэтикалық өнер» (1674), Дени Дидроның «Актер туралы парадокс» (1773-1778 жылы жазылып, 1830 ж. жарық көрген), «Драмалық поэзия туралы», Гатхохольд Эфраим Лессингтің «Гамбургтік драматургия» (1767-1769) атты еңбектерінде классикалық драматургияның поэтикалық табиғаты туралы бағалаулар жазылды. Георг Вильгельм Фридрих Гегельдің (1770-1831), В. Г. Белинскийдің (1811-1848) еңбектерінде де драматургия мәселелеріне байланысты пікірлері бар» - деп олардың еңбектеріне шолу жасап өтеді. Әдебиеттану ғылымы туралы айтқанда А.Байтұрсыновсыз пікір айту мүскін емес. Ғалым Т.Тебегенов те бұл дәстүрді аттап өтпейді. Ұлы Ағартушы ғалым А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі драма өнеріне қатысты пікірлермен ойын, пікірін тұжырымдап отырады.

Ғалым Т.Тебегенов XX ғасыр басындағы ұлы дарындар шығармаларына тоқтала отырып, XX ғасырдың 60-70-80 жылдардағы қазақ драматургиясына өз үлестерін қосқан белгілі драмашылар Қалтай Мұхамеджанов, Қанабек Байсейітов, Қуандық Шаңғытбаев, Тахауи Ахтанов, Сәкен Жүнісов, Әкім Тарази (Әкім Әшімов), бұлармен ілесе Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкеев, Софы Сматаев, Төлен Әбдіков Қалихан Ысқақов, Оразбек Бодықов, Асқар Сүлейменов, Дулат Исабеков, Бақкожа Мұқаев, Иранбек Оразбаев, Нұрлан Оразалин, Сұлтанәлі Балғабаев, Роза Мұканова, Жолтай Әлмашұлы, т.б. драмашылардың қазақ драматургиясының көкжиегін кеңейтіп, рухани қазынасын мол үлес қосқанын айтып өтеді.

Зерттеуші мақаласында Қалихан Ысқақтың жиырмаға жуық пьесасы бар дейді де одан әрі Дулат Исабековтің, Иранбек Оразбаевтың (Иранғайып) Нұрлан Оразалин пьесаларының лирикалық, психологиялық драматизмнің күштілігімен ерекшеленетініне тоқталады.

Бұл еңбекте арнайы зерттеу нысанына айналған қазіргі казақ әдебиетіндегі белгілі драматург-қаламгер, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, шетел қазақтарына арналған «Алтын бесік» журналының редакторы, Жазушылар одағындағы Драматургия кеңесінің төрағасы - Сұлтанәлі Балғабаевтың пьесалары.

Драматург Сұлтанәлі Балғабаевтың драма жанрында жазылып, жарық көрген идеялық мазмұны салмақты, қым-қуыт күрестер мен шиеленістерге толы, күрделі оқиғаларға құрылған, философиялық ойлары терең пьесалар көрермен көңілінен шығып жүргені белгілі. Атап айтқанда көп актілі - «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ғашықсыз ғасыр», «Қыз жиырмаға толғанда», «Ең әдемі келіншек», «Қазақша күрес» (Қазақстан Мәдениет министрлігінің жабық бәйгесінде жүлде алған), «Әйелдер әлемі немесе ең жақсы еркек», «Біз де ғашық болғанбыз», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Сағыныш пен елес», «Өтірік айтпайтын адам», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі», «Менің әжем – сиқыршы», «Бостандық алар күн туса...», «Енелер мен келіндер» комедиясы, пьесалары.

Драматургтің пьесалары Қазақстандағы барлық республикалық, облыстық театрларда қойылды. Күні бүгінге дейін сахналардан түскен жоқ. Мұндай жағдай – қазақ сахна өнерінде сирек болған. Оның пьесаларының ішіндегі шоқтығы биік тұрған «Ең әдемі келіншек», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Қазақша күрес», «Біз де ғашық болғанбыз», «Әйелдер әлемі», «Ғашықсыз ғасыр» пьесаларын сахналамаған театрды жоқ деуге болады. Драматург Сұлтанәлі Балғабаев шығармаларын көрші елдер – Өзбекстан, Қырғызстан және Қарақалпақ-стан театрлары да жарыса қойды.

Сұлтанәлі Балғабаев пьесаларының ерекшелігі онда қазіргі замандағы отбасылық-тұрмыстық маңызды мәселелер драмалық, трагедиялық, комедиялық сипаттар біртұтастықта беріледі.

Жалпы алғанда драматург Сұлтанәлі Балғабаевтың халық көңілінен шыққан, өзіне де түрлі ой салған артиске арнап пьеса жазатын жақсы әдеті бар. «Ғашықсыз ғасыр» драмасын қазақ сахна өнері саңлақтарының бірі, КСРО халық артисі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының

лауреаты Фарида Шәріповаға арнап жазған. Бас кейіпкердің аты да - Фарида. Сол тәрізді Көрерменге енелер мен келіндер туралы сыр шертетін «Енелер мен келіндер» комедиясын жазушы-драматург Сұлтанәлі Балғабаев өнерге өмірін арнаған сахна саңлағы Роза Әшірбековаға арнайы жазғандығын автордың өзі айтып, комедия тарихы туралы былай дейді:

– Бүгінгі қазақ театры өнеріндегі жарық жұлдыздардың бірі – Роза Әшірбековамен 80-жылдардың ортасынан бастап, ұзақ жыл бірге жұмыс істедім. Ол осы өнер ордасында актриса болды. Мен театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқардым.

Шығармашылығымдағы пьесалардың бірнешеуін театр актрисаларына арнап жаздым. Атап айтсақ, Лидия Кәденоваға арналған «Ең әдемі келіншек» драмасы осы театрда сахналанды. Ал Фарида Шәріповаға арналған «Ғашықсыз ғасыр» драмасы М.Әуезов театрында қойылды. «Ғашықсыз ғасырдың» жазылуында Роза Әшірбекованың тікелей әсері болды. Осыдан 20 жыл бұрын Дүние жүзі қазақтары қауымдастығында жұмыс істеп жүрген кезімде бір күні кеңсеге Роза Әшірбекова мен Фарида Шәріпова кіріп келді. Біз біраз әңгімелесіп отырдық. Фарида Шәріпованың 60 жылдық мерейтойына арналған пьеса жазу керек екен. Екі актриса сахнада бірге өнер көрсеткісі келетін ниетін білдірді. Фарида Шәріповаға арналған «Ғашықсыз ғасыр» спектаклі М.Әуезов театрында сахналанғандықтан, Роза Әшірбекова ол қойылымға қатыса алмады. Сол кезде «мен сізге арнап пьеса жазамын» деген уәде менің мойнымда қарыз болып қалған еді. Әр түрлі себептермен уәдемді орындай алмай жүргенімде биыл Ғ.Мүсірепов атындағы театр басшысы Сәбит Әбдіқалықов пен театрдың көркемдік жетекшісі Еркін Жуасбек Роза Әшірбековаға арнап пьеса жазсаңыз деген өтініш айтты. Бұл комедияның қысқаша тарихы, міне, осындай. Бүгінгі таңда келіндер мәселесін көбінесе сатиралық жанрда көрсетеді. Ал негізі, келіндер қазақ халқының болашағында үлкен рөл атқарады. Жаңа ұрпақты дүниеге әкелетін біздің осы келіндеріміз ғой. Қазақ халқының болашағы, ұлт ретінде өсіп-өркендеуі келіндерге тікелей байланысты. Бізде мақтан тұтатын жақсы келіндер бар. Біз түскен үйінің түтінін түзу шығару үшін күндіз-түні тынымсыз еңбек етіп жүрген көркем мінезді келіндерімізді көрсетуіміз керек. Қойылымға өнерсүйер қауым өз бағасын беріп жатар, – дейді Сұлтанәлі Балғабаев.

«Ең әдемі келіншек» пьесасы да белгілі актриса, әнші Лидия Каденоваға арналып жазылған.

«Ең әдемі келіншек» пьесасының жазылу тарихы туралы автордың өзі былай дейді: "Ең әдемі келіншекті» осыдан он сегіз жыл бұрын жаздым. Бұл пьесаны жазуға түрткі болған – Лидия Каденнің тағдыры, шығармашылық жолы. Мен Ғ.Мүсірепов атындағы академиялық жастар мен балалар театрында 1985 жылдан бастап істедім, сонда театр әртістерінің бәрін әбден зерттедім. Сонда әртістердің ішінде кәсіби актриса ретінде, талантты әртіс ретінде ең бағы ашылмаған – Лидия Каден деп ойладым. Неге? Өйткені Лидия табиғатынан лирикалық пландағы актриса. Өте сезімтал адам. Оның жан-дүниесі, әншілік өнері, сыр-сымбаты... Бәрі-бәрі лирикаға, драмаға лайық. Бір әттеген-айы, «Тамаша» арқылы Лидия халық санасында, көркемөнердің қабылдауында тек комедиялық пландағы актриса болып қалыптасты. Содан мен «Лидияның басқа ампуладағы артист екенін қалай көрсетсем екен?...» деп көп ойландым. Ақыры Лидияға арнап пьеса жазуды ұйғардым. Нәтижесінде «Ең әдемі келіншек» өмірге келді. Шығарма марқұм Райымбек Сейітметовтың көңілінен шыққан болса керек, 1985 жылы осы театрда қойды".

«Ең әдемі келіншек» лирикалық-психологиялық әуенді пьесасындағы кейіпкерлер тағдыры қайшылықты тіршілік келбетін, әралуан адамдар тағдырларын романтикалық және реалистік болмысымен көз алдымызға әкеледі» - дейді. Расында да

Мұның себебі, біздіңше, Сұлтанәлі Балғабаевтың драмалық шығармаларының көркемдік деңгейінің жоғарылығына, мазмұнының тереңдігіне байланысты. Оның пьесалары уақытпен үндес, заманауи мәселелерді дер кезінде көтеруімен құнды.

«Ең әдемі келіншек» пьесасының негізгі идеясы - жастарды адам сезімінің табиғи шыншылдығы содан туған қалтықсыз сүйіспеншілік бақыты үшін күреске үндеу. Пьесаның

басты кейіпкері – Гүлбаршын. Осыдан он жыл бұрын Алматыдағы жоғары оқу орнын бітіргендер сол айтулы күнді атап өту үшін жиналып, тойлап жатқан сәттен басталады. Шығарма кейіпкерлері Гүлбаршын, Абдолла, Алтай, Жиенбай, Мадина, Зухра монологтары мен диалогтары арқылы – әйелдер мен ер адамдар арасындағы шынайы сезім, махаббат пен тұрмыстық психология арасындағы қайшылық шығармаға арқау болған.

Шындық өмірді, оның қарама-қайшылықтарын бейнелеуде ең маңызды құрал болып есептелетін тартыс және кейіпкерлер драматургтің шеберлігі арқасында дамиды. Әрбір қоғамның өзіне тән қайшылықтары бар, сондықтан тартыстың пайда болуы мен дамуы, өту барысы, шешімі әр түрлі болады. Күшті әрекет, қимыл, әсерлі де мазмұнды диалогтер, динамикаға толы тартыстар – драманың көркемдік дәрежесінің көрсеткіші. драматург Сұлтанәлі Балғабаев қазіргі кезеңнің өзіне тән қайшылығын драмалық тартысқа негіз етіп ала білген.

Жалпы пьеса Гүлбаршынның бесінші қабат, отыз сегізінші бөлмеге келуімен басталып, кездейсоқ кездескен Абдолла екеуінің арасындағы достық пейілдегі әңгімесін маскүнем Жиенбайдың бөлуімен ары қарай өрбиді. Пьеса соңы нені болса да ақылмен ойлап, парықпен болжап шешкен Гүлбаршынның Жиенбаймен қосылуымен аяқталады.

«Ең әдемі келіншек» пьесасының - бағы жанған шығарма екендігін айтады театр артистері. Шындығында да осы спектакль қойылымына менің бірге оқыған құрбым сонау 90 жылдары 27 рет барғандығын айтып отырады бұл күнде. Шығарманың театр сахнасынан түспей, жыл сайын өз көермендеріне ұсынылуы – театр ұжымының қажырлы еңбегінің нәтижесі. Шығарма өте өзекті мәселелерді көтереді, сондықтан да ол ғұмырлы. Әйел тағдырын сөз етіп, әйел затының жоқтығын жоқтап, мұңын мұңдайтын, көкейтесті мәселелерін ортаға салып, ойландыратын, толғандыратын шығарма.

Сұлтанәлі Балғабаев драмаларындағы ерекшелік – бүгінгі заман тынысын, бүгінгі кейіпкер бейнесін, әсіресе әйелдер образын ашудағы, әйел жанын, психологиялық иірімдерін суреттеп, оның жан дүниесіне үңіле білуін айқындап, оны оқырман және көрермен көзқарастарымен толықтыру. С. Балғабаев әйелдер жайында пьесаларын жазуда тағдыр, сезім, махаббат, адамгершілік сыңайлы қасиетті сезімдерді бір арнаға тоғыстырып, сол арқылы әйелдердің шынайы бейнесін ашуға тырысқан. Драматург пьесаларындағы әйелдер образы олардың жан дүниелерімен астарлас келеді. Әр драматург заман бейнесін, адам бейнесін жасауда өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін болса, Сұлтанәлі Балғабаев драматургиясы әйел жанының дүниесін, ішкі күйзелісін шынайы және шебер бейнелеумен ерекшеленеді.

Әдебиет деген ең қиын сала, оның ішінде драматургия – ең күрделі жанр. Ол – қасиетті жанр. Драматургияға шынайы таланты бар, жазуы әбден ысылған адамдар келуі керек» - дейді драматург Сұлтанәлі Балғабаев. Драматург Сұлтанәлі Балғабаев шығармаларының өміршеңдігі, он жеті жыл сахнадан түспеуі «талантты, тәжірибесі мол, әбден ысылған» автор қолынан шыққандығынан болса керек.

Әдебиеттер:

1. Тебегенов Т.Қазіргі қазақ әдебиетіндегі драматургия // «Ақиқат, 2011,№10, 05.12.2008.

2. Қалиева А. Жаңа ғасыр және қазақ драматургиясы. Бүгінгі драма және заман.Алматы:Арда, 2011.-205б

3. Балғабаев С. Ең әдемі келіншек. Әңгімелер мен пьесалар. – Алматы:Ана тілі, 2006. - 280б.

4. Сұлтанова Б. XX ғасыр басындағы ұлттық драматургия, Алматы –2017ж., 307 б.

5. Каримова Г. Қазіргі қазақ драматургиясы және оны оқыту әдістемесі // Философия докторы (PhD)дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация қолжасбасы. Алматы – 2016ж.

Гүлбану Түленқызы Тебегенова
Тебегенов Темірхан Сақаұлының қарындасы, шәкірті, «Абай» атындағы үш тілде тереңдетіп оқытатын мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қызылорда қаласы

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ ТЕМІРХАН КӨКЕМНІҢ ҰЛАҒАТТЫ ҒҰМЫРНАМАСЫ

«Біз аға ұрпақтың абыройлы істерін одан әрі
жалғап, бізден кейінгі ұрпақ
жаңылмай жүретін жол саламыз».

«Өзің үшін еңбек етсең, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, ал адамшылықтың қарызын өтеу үшін еңбек етсең, Алланың сүйген құлы боласың» – деп дана Абай он жетінші қара сөзін арқау еткені ұлтқа мәлім. Адамшылық қарызын өтеу деген, жалпы адамның өмірлік миссиясын жасау деген мағынаны пайымдайды. Адамның өмірдегі миссиясын Құраннан іздеп қарайтын болсақ, Алла тағала бірқатар Құран аяттарында адамды халифа етіп жаратқанын білдірткен. «Бақара» сүресінің 30-шы аяты. Ұлы жаратушының жаратқандарын танып-біліп, ғалам атты ұлы көрмелері әрбір теңдессіз көркем туындыға тамсанып, Ұлы шебердің құдіретіне бас иіп, өзіне берілген нығметтерге шүкіршілік етіп, жер бетін гүлдендіріп, көркейту. Алла өз атынан берген өкілеттілікті өңірдің тарихын жасап, ел-жұртының игілікті жолында аянбай қызмет етіп, ел-халықтың ықыласы мен алғысына бөленетін біртуар арда азаматтар да бар. Сондай артына өшпес ізін, жақсы атын, жасампаз істерін қалдырғандардың бірі – Темірхан Сақаұлы Тебегенов.

Менің көкем – Тебегенов Темірхан Сақаұлы 1949 жылдың 18-ші қарашасында – қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты, халқы жомарт, тарихы терең – Ақжар мекенінде жарық дүниенің есігін ашқан.

Отбасында үш баланың кенжесі болды. Әкесі Сақа Қожаназаров ауылдағы халық ағарту саласында ұстаздық қызмет атқарған.

Сақа атамыздың ағасы Тебеген Қожаназарұлы туған халқының жаңа заман талабына сай өмір сүріп, өніп–өсуіне бар саналы өмірін арнап, еңбек еткен жан.

1935-1938 жылдары Қармақшы ауданы, Қуаңдария болыстық атқару комитетіне қарасты №6 ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет істеген кезінде аудандағы отырықшылықты, егін егу мен мал өсіруді дамытуға, ұжымдық еңбек етудегі жаңа дәстүрдің қалыптасуын ұйымдастыруға елеулі ықпал жасаған.

Сондай-ақ, ол өңірде өткізілген түрлі қоғамдық жұмыстардың басы-қасында жүріп, Қармақшы аудандық ревкомның мүшесі, атқару комитетінің төрағасы қызметтерін абыроймен атқарып, ел тұрмысының өркендеуіне тер төге еңбек сіңірген.

1938 жылы 8 қазанда Тебеген саяси қуғын-сүргіннің салдарынан жазықсыз жазаланып, аудандағы көрнекті басшы қызметкерлерімен бірге Сібірге жер аударылған, 1940 жылы жазықсыздығы дәлелденіп ақталған. Есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Жосалы кентінде Тебеген Қожаназарұлы атында көше берілді.

Сақа атамыз Тебеген ағасының аты өшпесін деген оймен үш ұлын сол кісінің атына көзі тірісінде жаздырып кеткен.

1958 жылы Сақа атамыз кенеттен қайтыс болғаннан кейін әжеміз Күләмза Дайырқызы – от басы, ошақ қасында жүріп, балаларын тәрбиелеп өсірген. Әкеміздің үлкен ағасы Әлсүйеу де, әкем Төлепберген (Төлен) де отбасылық тұрмыстық жағдайға байланысты мектептегі оқуларын тоқтатып, ауыл шаруашылығына ерте араласқан. Ал Темірхан көкеміз «Ақжар» кеңшарындағы №28 орта мектебінде онжылдық оқуын толық аяқтап шыққан. Ғылым мен білімге ынтық болып өскен Темірханның оқудан қол үзбеуіне екі ағасы мен анасы бар мүмкіндігін жасап баққан. Әулеттің отын сөндірмей, балаларына лайықты өнегелі өмір сүруіне ықпал еткен әжемізді біз үнемі құрметпен еске алып отырамыз.

Темірхан көкеміз алдымен ауыл мектебінде оқып, ауыл ұстаздары Таян Жүсіпов, Тұрмахан Тұңғышбаев, Шәкизада Шоқбаров, Айдарбек Әбдіраманов, Зинали Ыбыраев, Жұпар Аяпова, Мәдина Сүйінбаева, Сәден Нұртаев, Әсия Шоқбарова және тағы басқа да ұстаздарынан терең білім алып, адамгершілік тәлім-тәрбие ұлағатын бойына сіңіреді.

Мектептен кейін 1968–1972 жылдары Қызылорда қаласындағы Н. В. Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқып, жоғары білім негіздерін игереді. 1972–1974 жылдары Қармақшы ауданының «Куаңдария» кеңшарындағы №186 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып алғашқы еңбек жолын бастайды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудағы озық әдістемелік шеберлігі мен іскерлігі, білімі жағынан аудандық, облыстық оқу бөлімі тарапынан жоғары бағаланады. Ауыл мектебінде ұстаздық ете жүріп, ауыл клубында өтетін түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға зор үлесін қосты.

Тумысынан еңбексүйгіш, ізденімпаз, жаңалыққа жаны құмар көкеміз ауылда қалып қоймай, облыс орталығына отбасымен көшіп келеді. Қалаға келгеннен кейін 1974–1981 жылдардың арасында Қызылорда қаласындағы №10 Ыбырай Алтынсарин, атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі және тәрбие жұмыстарының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Қай қызметте жүрсе де, өзінің білімділігімен, біліктілігімен және жауапкершілігімен дараланды.

Темірхан Сақаұлының сан қырлы ғылыми, педагогикалық қызметі сол кездегі Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтымен тікелей байланысты. Институттың аспирантурасында оқыды. «Ақындық дәстүр және Нартай Бекежанов поэзиясының өзіндік ерекшеліктері» тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Аталған пединститутты бастауыш оқудың педагогикасы мен методикасы, қазақ тілі және әдебиеті кафедраларында оқытушы, аға оқытушы, доцент, қазақ тілі және әдебиеті кафедраларының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Педагогикалық институттағы барлық факультеттерде қазақ тілі пәнінің оқытылу бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастырды.

Темірхан Сақаұлының қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеде қолданылуын нығайтуға арналған мақалалары республикалық, облыстық, аудандық баспасөздерде жиі жарияланып тұрды.

1991 жылдың қазан айынан бастап, өмірінің соңына дейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде доцент, профессор, қазақ әдебиеті және журналистика кафедраларының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Осы жылдар ішінде профессор Т.С.Тебегеновтің ғылыми жетекшілігімен 1 докторлық, 13 кандидаттық, 10 магистрлік диссертациялар қорғалған. Жарияланған еңбектерінің жалпы саны – 600-ден астам.

Темірхан Сақаұлы студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамының білімі мен ұстаздық ісінде шынайылықтың қалыптасуына, университеттің беделінің биік болуына, зиялылық нышандарының айқын көрінуіне барынша мән берді. Жастардың ғылыммен шұғылдануына жеткілікті жағдай жасады. Ол кісінің ұйымдастырушылық қабілеті, біркелкілігі, аса мәдениеттілігі, сондай-ақ өзіне де, өзгеге де талап қойғыштық қасиеттерімен ерекшеленетін.

Адам баласы-зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің де иесі демей ме? Туған жер - әркімнің шыр етіп жерге түскен, қаз басқан қасиетті жері талай жанның өмір бақи ұмытпайтын мекені. Оны қайда жүрсе де, жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан болмайтын шығар. Темірхан көкеміз туған жері мен ондағы бауырларынан еш күшін аямаған асыл жанның бірі. Сөзімен емес, ісімен бәрімізге тәрбиесін берді. Туған жерінің адал перзенті ауылдастарына әрқашан көмек қолын созды. Жомарттық, мейірімділік, кеңпейілділік деген сияқты асыл қасиеттерді кірлетпей ұстап, адам деген қастерлі атты ұғындырды.

Ел игілігін еселеген ер болмысына сай саналы ұрпақ өрбітті. «Жақсы әке балаға қырық жыл азық» дейді халық даналығы. Төрт баланы Сапура жеңгемізбен бірге тәрбиелеп өсірді. Олардың бойларына адал еңбек пен рухани дамудың дәнін сеуіп, өмір бойы азық болар мол

қазына жиып берген әке мен ана мерейі әрқашан да үстем. Қазіргі күнде Эльвира, Алтынарай әке жолын жалғап, ұстаздық қызмет атқаруда. Жары (1952-2006) Сапура Махамбетқызын да өз алдына бір тұлға дер едім. Жоғары білімді ұстаздық-тәрбиешілік қызметімен көптеген шәкірттерін баулыған білікті маман болды. Ол балаларының бақытты, берекелі тұрмысын дамытуға, туған-туысқа, ауыл-аймаққа ізеті мен ибасы ұнаған жанның бірі болған. Тәрбиесін көрдім, ол кісінің үйреткендері маған өмір бойы азық, өнеге болып келеді. Көкем екеуі халыққа сүйкімді тұлғасымен және ұлағатымен сұлу өмір сүрген жандар.

«Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта оны біл.
Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз, өнерсіз,
Болады өмір тұл.
Мақтанға салынба,
Мансаптың тағы үшін,
Нәпсіңе билетпе,
Басыңның бағы үшін.
Өміріңді сарп қыл өлгеніңше,
Жоба тап, жол көрсет,
Келешек қамы үшін.
Қайтадан қайырылып,
Қауымға келмейсің.
Барыңды, нәріңді
Тірлікте бергейсің.
Ғибрат алар артына із қалдырсаң–
Шын бақыт,
Осыны ұқ,

Мәңгілік өлмейсің» – деп Шәкәрім данышпан пенде баласын адами борышын өтеуге, ал оны өтеу үшін, білімді, ғылымды, өнерді игеруге шақырды. Қорыта айтқанда, Сырдың сырлы топырағының ғұлама ұлы, ғалым-ұстаз, Темірхан ағамыздың ұлағатты ғұмырнамасы – қазақтың ата-бабалық киелі дәстүріне негізделген өнегелі жолының жалғасы. Ол кісілердің өнегелі өмір жолы кейінгі буын ұрпақтары арқылы мәңгілікке ұласа бермек. Келер күннің келбеті өткен күннің өнегесімен өрнектеледі десек, өмірдің мәні КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ деген үш ұғымның өнеге өлшемімен таразылағанда ғана қымбат. Ендеше, біз көкеміздің туғандарына, туған халқына, туған жеріне және ғылым жолында қалдырған мол мұрасын, жасаған жанкешті еңбегін ешқашанда ұмытпауға тиіспіз.

Багила Абеновна Ускенбаева
магистр педагогики, старший преподаватель
Центра мультидисциплинарного образования Университета имени Сулеймана Демиреля

ОН БЫЛ ПО-ОТЦОВСКИ БЛИЗОК...

С великой глыбой научного мира казахского языка и литературы Тебегеновым Темирханом Сакаевичем я впервые встретилась благодаря его старшей дочери Алтынарай Темирхановне. На кафедре казахского и русского языков мы были коллегами, и, в принципе, неплохо сработались. В преддверии 70-летнего юбилея своего отца Алтынарай Темирхановна пригласила нас на это мероприятие. Конечно, это было высокой честью, оказанной нам, и я понимала, что буду гостем у одного из известных и уважаемых людей сферы филологии. Но я не ожидала, что Темирхан Сакаевич будет настолько простым и внимательным человеком, которому не важны определенные регалии и достижения. После юбилея он в моей памяти остался настолько добрым и позитивным человеком, казалось, что мы знакомы уже долгие годы.

В следующий раз наша встреча была недолгой, буквально 5-10 минут. Перед Днем учителя он специально приехал в университет, поднялся на наш пятый этаж для того, чтобы поздравить и сказать много добрых слов, пожеланий и наставлений, неравным по педагогическому и научному опыту ему, коллегам. Темирхан Сакович стоял перед нами не в роли какой-то недосягаемой личности, а, наоборот, он был по-отцовски близок, и его позитивная энергия заряжала нас.

В жизни люди встречаются не случайно … Каждый раз, когда судьба дает возможность познакомиться с новым человеком, она предоставляет тебе шанс проявить себя. И Тебегенов Темирхан Сакович не упускал такой возможности, он использовал этот шанс для того, чтобы еще раз доказать, что «мир не без добрых людей», что, даже имея такие достижения, ты всегда можешь оставаться настоящим человеком.

Шолпан Сабитовна Туралиева
магистр педагогический наук, майор в отставке

ЗВЕЗДА ЕГО НИКОГДА НЕ ПОГАСНЕТ

В 1990 году мне было 18 лет, я поступила на филологический факультет в Кзылординский педагогический институт им Н.В. Гоголя. В группе было две подгруппы, одна с русским языком обучения, в которой оказалась я со своей школьной подругой Гульмирой, и вторая, с казахским языком обучения, в которой мы сразу заметили яркую, большеглазую красавицу с очень длинными ресницами по имени Алтынарай, и как это всегда бывает в жизни, близких по духу или по каким-то другим причинам нас потянуло друг к другу, мы подружились и стали дружить втроем. Арай почти сразу познакомила нас со своими родителями и сестрой, пригласив к себе домой. Сапура апай очень тепло нас встретила, чуть позже пришел Темирхан ага, и тоже был очень рад нам, в семье чувствовалось душевное тепло, взаимопонимание, огромная любовь к дочерям, и еще очень редкое по тем временам дружба между родителями и детьми. Тогда они нам казались глубоко взрослыми людьми, а им тогда было всего по 40 лет. Вообщем с тех пор мы часто были желанными гостями в их дружном светлом доме. Прошел год, пошел второй ... Нам Было весело и интересно вместе, было много забавных, веселых моментов, ну вообщем все как у студентов, и вдруг как-то резко, неожиданно Арай сообщила, что папу переводят в Алмату, преподавать в КазПИ им Абая, и они переезжают навсегда. Арай уехала, мы, конечно, были расстроены, нам всем троим было очень грустно, мы скучали писали письма друг другу. Прошло полгода и обожаемая папой

доча сказала, что хочет чтобы Шолпан и Гульмира тоже учились вместе с ней в АГУ им Абая, что все не такие, и ей не нравится девочки в группе. И тут начались чудеса, Темирхан ага, преподаватель, не проработавший в новом коллективе даже года, все-таки перевел нас обоих из Кзылординского педагогического института в знаменитый Алматинский Государственный педагогический университет имени Абая. К чему было это долгое предисловие, хочу поделится со всеми, что Темирхан ага будучи совсем молодым просто преподавателем делал дела на уровне ректора. Все, кто работают в сфере образования поймут меня.

Так мы опять стали учится в одной группе. Потом много раз он предлагал нам стать соискателями, чтобы впоследствии защитить кандидатскую диссертацию. Время было тяжелое, у преподавателей на тот момент была маленькая зарплата, и мы с Гульмирой решили получить еще второе финансовое образование и дальше пошли работать в финансовую сферу. Несмотря на это мы всегда помним, то чудо которое подарил нам Темирхан ага! Темирхан ага для меня, это гениальный, целеустремленный, сильный, решительный, высоко роботоспособный, фанатично-преданный своему делу, с блестящим чувством юмора, он всегда был живее всех живых. А еще он очень трепетно относился к своей семье, очень преданно любил Сапуру апай, и как-то по особенному обожал своих детей, очень тепло и по родному относился и к нам...

Светлая память Темирхан ага, звезда его никогда не погаснет!

Гүлазия Жағыпбарқызы Ахантаева
«Қазақ және орыс тілдері» кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі
Қазақ Ұлттық Аграрлы Зерттеу университеті

ҰСТАЗЫ МЫҚТЫНЫҢ ҰСТАНЫМЫ МЫҚТЫ

Ұстаз - ата-анаңнан кейінгі ең қадірлі де қастерлі тұлға. Әрбір азамат сол ұстаздардан білім алып, алған білімінің арқасында өмірден өз орындарын табады. Маған сабақ берген Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің әрбір ұстазы мен үшін үлкен тұлға. «Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» - деп қазақ халқы бекер айтпаса керек. Шәкірттерінің санасына ой салған бар ғұмырын ұрпақ тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаз Тебегенов Темірхан Сақаұлы ағайымыз білікті де білімді ғалым-ұстаз еді. «Ұстаз» деген ұлағатты атқа лайық Темірхан ағамыз өзінің саналы ғұмырында мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, оларға үлкен өмірге жолдама берген жан еді. Өкінішке орай қазірде ортамызда жоқ. Жүзінен шуағы мен мейірімділігі, әр сөзі жаныңа жылылық ұялатып, жігер беретін ұстазың туралы жүрекжарды жылы лебізімді білдіру шәкірт үшін – заңдылық та шығар.

Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтының филология факультетінде оқығанымда Темірхан ағайымыз бізге сабақ беріп, әрі біздің топтың тәлімгері болды. Сол жылы Қызылорда педагогикалық институтынан (Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті) келіп, институтқа орналасқан кезі болатын. Темірхан ағайымыз аудиторияға кіріп келгенде жүзі жарқын, орта бойлы, бұйра, қара шашты, жинақы, түп-түзу тұрысы сыртқы келбетіне қарап нағыз ұстаз деген атқа лайықты жанды көріп едік. Темірхан ағайымыз адаммен тез тіл табысатын, жанындағы адамды өзіне баурап алатын ашық мінезді, түсінігі мол, адамгершілігі бір бөлек аққөңіл жан еді.

Тәлімгер ағайымыз тобымызды театрда болып жатқан барлық қойылымдарға, айтыстарға жиі алып баратын. Ағайымыз басымызды жиі қосқандықтан біздің топ ұйымшыл болды. Содан бері отыз жылдан аса уақыт өтсе де, тобымызбен араласып, кездесіп тұрамыз. Әрбір студентпен емен-жарқын араласып, ақылын айтып, жол көрсетуден еш жалықпайтын.

Темірхан ағайымыздың бір ерекшелігі әдебиет сабағында бір ақын немесе жазушының өмірбаяны мен шығармашылығы жөнінде сабақ өтсек сол кісі туралы және олардың

шығармаларының қызықты тұстарын тереңінен айтып, түсіндіріп беретін, ары қарай оқиға не болды екен деп сол шығарманы тауып оқуға тырысатынбыз. Бізге ылғи кітап оқыңдар деп отыратын, кітап оқыған адамның сана-сезімі терең, ойы ұшқыр, өресі кең, талғамы биік болып қалыптасады деп айтатын. Сабақ түсіндіріп тұрғанда бір баланың назары басқа жақта екенін білсе соның атын атап, «Солай емес па еді?» деп сабақты жалғастырып түсіндіріп кете беретін, қазір қарап отырсам ол ағайымыздың педагогикалық шеберлігінің бір қыры екен. Сабақ арасында шәкірттерін қолдап қолпаштап, « осы сенен жақсы азамат, ғалым анық шығады» , - деп отыратын.

Ағайымның арқасында менің әдебиетке деген қызығушылығым оянып көптеген қазақтың ақын-жазушыларының еңбектерімен танысып рухани азық алдым, ұстаздық қызметімде сол азығымның пайдасын да көріп жатырмын деп айта аламын. Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Қазақ және орыс тілдері» кафедрасында ұстаздық қызмет атқарып келемін. Кафедраны ағайымыздың қызы Тебегенова Алтынарай Темірханқызы басқарады. Университет, кафедра көлемінде өтетін ауқымды іс-шараларға өзімен бірге ғалымдарды ертіп келіп, студенттерге тағылымы мол ой-пікірін айтып, білім нәрімен сусындатып кетуші еді.

Темірхан ағайымыздың алдынан қанаттанып ұшқан шәкірттері бүгінде тәуелсіз Қазақстанның көркейіп өсіп-өнуі үшін еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүр. Шәкірттері бүгінде елге сыйлы, ғылымға, білімге, әдебиетке, жалпы рухани кеңістікке өз үлестерін қосып жүрген танымал талант иелеріне айналған. Осындай шәкірттері барда Темірхан ағамыздың жарқын бейнесі мәңгі жадымызда сақталады.

Гүлназ Тоқшылықова
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕГЕН ҒАЛЫМ

Тамыры тереңге кеткен қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихын қатар зерттеп келе жатқан Темірхан Сақаұлының зерттеушілік келбеті хақында профессор Қансейіт Әбдезұлының: «Қазақтың бағына біткен ғалым Бейсенбай Кенжебаев сияқты Темірхан да әдебиеттің барлық дәуірін бірдей қарастырып, қалам сілтей беретін жан-жақты ғалым» деген сөзі бар. Расында Т.С.Тебегенов – қазақ әдебиетінің бір саласын қарастырумен ғана шектелмей, ежелгі дәуір, жыраулық поэзия, зар заман поэзиясы, тәуелсіздік дәуірі әдебиеті, әдебиеттегі дәстүр мен жалғастық, шетел әдебиеті, шығыс және түркі халықтарының әдебиеті, Абайтану салаларына қатысты зерттеу еңбектерін жазып, монография, оқу құралдарын жариялап жүрген ғалым. Темірхан Сақаұлының қаламы жүйрік, ойы ұшқыр, жылдам әрі тез жазады. XVII ғасырда бүкіл испан халқы «ұлылықтың дәні секілді» деп баға берген Лопе де Вега есімді өте қуатты, оптимист жазушы болған. Ол әртүрлі жанрда: комедия, поэма, проза, сонеттер жазып, өз бағын сынап көрген. Оның еркін, оңай әрі тез жазғандығы соншалық, бүгінде оның артында зерттеушілердің айтуынша, 50 мың өлеңі, 42 мың өлең жолынан тұратын 2989 сонеті, 426 комедиясы және қырықтан аса «аутосы» («қасиетті қимыл») қалған екен. Көрнекті ғалым Т.Сақаұлының да монография, оқу құралдарын айтпағанда, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, өнеріне қатысты 400-ге тарта ғылыми мақалалары бар. Соның бірқатарына тоқталып, талдап өтсек.

«Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі: Әдеби процесс. Авторлық позиция. Ақындық өнер психологиясы» атты еңбегі ғалымның сан жылдардан бері шұғылданып, айналысып келе жатқан ұлттық сөз өнерінің негізгі арнасы – қазақтың ауызша және жазбаша ақындық өнерін тұтастандыра ұстанған дәстүрлі поэзиясы жайындағы зерттеулерінің түйініндей салмақты еңбек. Аталған еңбекте дәстүрлі ауызша авторлық ақындар поэзиясы әдеби үдерісті құрайтын рухани құндылық ретінде этнопсихология, этнопедагогика, дінтану философиясы, өнер психологиясы мәселелерінің аясында

қарастырылған. Ғалым мұнда халық ақындарының шығармаларындағы авторлық тұлға, автор мен адресаттық нысан арасындағы психологиялық уақыт пен кеңістік, психологиялық байланысты құрайтын шежірелік, болжалдық, мұсылмандық-мүнәжаттық және пантеистік өлеңдерді ғылыми-танымдық негізде саралап көрсеткен. Қазақ әдебиетінің көркемдік негізі – фольклор деп танитын Т.Сақаұлының әдебиет пен фольклорды ақын-жыраулар мұрасындағы ажырамас арна деп көрсеткендігін орынды деп білеміз. Өйткені, ақын-жыраулардың халық ақындары екені түсінікті, ал халық әдебиетін жасаушы халық ақындарының өз туындыларында әдебиеттік, фольклорлық сапаларды сақтайтын бірден-бір шығармашылық тұлғалар екендігі талас тудырмайтыны ақиқат. Осы ақиқатты басты бағдар етіп ұстанған әрі «халық ақындарының шығармалары – ұлттық әдебиет тарихын құрайтын негізгі арна» [1, 8б.] деп ой түйген ғалым халық ақындарының шығармашылық мұраларын ұлттық әдеби үдеріс дамуы жолымен сабақтастыра зерттеуді мақсат еткен. Өз мақсатына толық жеткен еңбектің тағы бір артықшылығы – қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет авторлық поэзия өкілдерінің еңбектері «халық ақындары» атауымен ұлттық әдеби үдеріс дамуы заңдылықтары аясында, дәстүр жалғастығы тұрғысында қарастырылып, ақындар айтысының бұрын ғылыми айналымда қарастырылмаған әрі қамтылмаған түрлеріне ғылыми-теориялық пайымдаулар жасалуы дер едік. Дәлірек айтқанда, ақындар айтысының әдеби шығармашылық сипатына кеңінен тоқталған ғалым оны *мұсылмандық-ағартушылық айтыстар, еларалық-ұлтаралық айтыстар, жазбаша айтыстар* деп үшке бөле отырып, әрқайсысының жанрлық ерекшелігін нақтылай, мысалдар негізінде дәлелдеп көрсетеді. Қазақтың ұлттық рухани мәдениеті өз алдына жеке дара дамыған дүние емес, әлемдік философиялық дүниетаным бағдарларымен үндестік тауып, сабақтаса дамыған дүние екендігін зерделеген Т.Сақаұлы қазақ халқының «философиялық ойлау кеңістігіндегі дүниетанымдық дәстүрлердің барлығында да Ислам дінінің негізгі сипат алатынын, бірақ ежелгі замандардан қалыптасқан Көктәңірілік және мұсылмандық көзқарастарының тұтастық жағдайында қалыптасқандығын» [1, 307б.] тануы А.Ержиласун, Қ.Ш.Нұрланова, Г.Көкебаева сынды ғалымдар көзқарасымен сай келеді. Түркі халықтарының Тәңірлік дүниетанымындағы табиғат құбылыстарына сыйынған наным-сенімдері шынайылығымен көрінетін әрі табиғатқа табынған халықтың реалистік дүниетаным көзқарастары жүйесі танылатын айтыстардың санатына Махмуд Қашқаридың «Түрік тілдерінің сөздігіндегі» «Қыс пен жаздың айтысын», Қожа Ахмет Иассауидің «Ақыл кітабындағы» «50-хикметін», «Ұлбике мен Күдері Қожа айтысын», «Қыз Болық пен Елентай айтысын», «Жүсіпбек пен Шәкей қыздың айтысын», Шортанбай ақынның Шөжемен, Асанбұғымен айтысын жатқызады. Айтыстың бұл түрінің ерекшелігі ретінде мұнда табиғат құбылыстарына тән психологиялық ахуал айқындалатынын, табиғат пен адамның мінез-құлық психологиясына сай ортақ үндестік сипаттар танылатынын, адамның ішкі жан-жүйелік құрылысында өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасы байқалып, жарыса, қатарлас жүріп жататын екіұдай сезімдік толғаныстардың сайысы екенін, адамның ішкі психологиялық күйін: мінез-құлық толғанысын, құбылысын танытатынын, жалпы жаратылыс құбылыстарын адамзат тіршілігімен біртұтас жырлаған туындылардың халықтық көркемдік тағылымы жоғары екенін пайымдаған. Т.Сақаұлының зерттеу еңбектерін бағамдап қарағанда әдебиеттегі мұсылмандық мәселесіне көптен қалам тартып, ой безбеніне салғаны аңғарылады. Көрнекті ақындардың көпшілігі «құдай», «тәңірі», «Алла» деп жырлап, көңіл-күйлік, философиялық туындыларында жаратушының құдіретіне бас иетіндіктерін ашық мәлімдеп, өзіндік ойларын даралай жырлайтындығына Темірхан Сақаұлы көңіл бөліп, зерттеу нысаны етті. Мұсылмандықтың әрбір халықтың наным-сенімдерімен араласа дамығанына, әсіресе қазақтарда бұрынғы бақсылық-шамандық наным-сенімдерімен араласа қолданыста екендігіне мән берген. Сөз өнеріміздің тарихындағы желілі тақырып болып, үзілмей жырланып келе жатқан мұсылманшылықты дәріптеп, аят, хадистерді уағыздай жырлау үлгісінің Иассауи, Иүгінеки, Бақырғани, одан кейінгі замандағы Шортанбай, Әбубәкір, Шәді ақындар шығармашылығындағы тұрақты желіге айналғандығына, оның «қазақ әдебиетіндегі

имандылық, гуманистік, адамгершілік мәселелерін жырлаудың дәстүрлі үлгілерінің бірі» [2, 15б.] екендігіне жан-жақты тоқталды.

Екінші, көпшіліктің атынан «өнернамалық-тарихнамалық жыр толғап, поэзияның эстетикалық танымдық бағдарлы мұраттары азаматтық, парасаттылық тағылымымен бағалана көрінетін» әрі әдебиеттің ұлттық сипатын айқындайтын *еларалық-ұлтаралық айтыстар* қатарына «Сүйінбай мен Қатағанның», «Құлмамбет пен қырғыз қызы Қаламқастың», «Сарыбас пен қырғыз ақыны Қалмырзаның», «Әбубәкір Боранқұлұлы мен Нұрымның», «Мансұр мен Дәменің», «Әжінияз бен қыз Меңештің», «Әжінияз бен Ырыстының», «Құлымбет пен Әбубәкір Кердерінің», «Сейдәлі мен Алтынның» айтысын; Халық Акиев пен Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібаевтың қағысу өлеңдерін; көңіл айту мен жоқтауды тұтастыра толғаған қырғыз ақындары Оспанқұл мен Әлімқұлдардың лирикалық толғауларын жатқызды. Аталған айтыстарды талдай келе, зерттеуші әдеби байланыс мәселесіне «әлемдік сөз өнері дамуындағы қуатты шығармашылық арна» деп баға берген. Үшінші, қазақ әдебиетіндегі өзгеше құбылыс, жаңалық түр ретінде саналатын *жазбаша айтыстардың* құрылысында ең негізгі орын алатын нәрсе – жұмбақты ұсыну және оны шешу деп нақтылай көрсете отырып, жазба айтыстың негізгі тобын құрайтын жұмбақ айтыстың негізгі үлгілері ретінде Әбубәкір мен Құлымбеттің, Қожахмет пен Әбубәкірдің, Сапарғали мен Нұржанның, Ырысты мен он алты ақынның, Шәкей сал мен алты ақынның, Ешниязұлы Жүсіп пен Баймағамбетов Қуаныштың, Көлдейбекұлы Ерімбет пен Шораяқтың Омарының, Ізтілеуов Тұрмағамбет пен Кенжебекұлы Даңмұрынның, Кәдірбергенұлы Жүсіп пен Төлеген ақындардың айтыстарын ұсынды. Қазақ сөз өнерінің елеулі мұралары саналатын жазба айтыстарды зерттеуші қатысатын ақындарының санына қарай жеті топқа бөліп көрсеткен:

1. Екі ақынның айтысы: «Тұрмағамбет пен Шәді төре», «Тұрмағамбет пен Ермұрат», «Қаңлы Жүсіп пен Төлеген», «Қарасақал Ерімбет пен Жекей қыз», «Сапарғали мен Нұржан» айтыстары және т.б.

2. Үш ақынның айтысы: «Кете Жүсіп, Жұманияз және Құлназар», «Кете Жүсіп, Тұрымбет жырау, Жиенбай жырау» айтысы және т.б.

3. Төрт ақынның айтысы: «Қарасақал Ерімбет пен Шораяқтың Омарының жұмбақ айтысы».

4. Алты ақынның өмір туралы айтысы: Тұрмағамбет, Омар, Кете Жүсіп, Кете Шахар, Керейт Шәді, Сарықасқа Молдағали ақын.

5. Жеті ақынның жұмбақ айтысы: Шәкей сал, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Қаратамыр Ыспан, Найман Жұманазар, Керейт Даң-мұрын, Шораяқтың Омары.

6. Тоғыз ақын қатысқан «Сегіз сал мен Ұлбай қыз айтысы» және төрелік айтуға алты ақын қатысқан «Кете Жүсіп пен Нақып қожа айтысы».

7. Бір ақын мен он алты ақынның айтысы: «Ырысты мен он алты ақынның айтысы» [1, 375б.].

Зерттеушінің пайымдауынша, білімдік, дүниетанымдық пікір алысу, ой жарыстыру қалпында танылатын, халықтың сауаттанған кезеңіне тән шығармашылық осы бір құбылыс ұлттық сөз өнерінің ойшылдық, эстетикалық тағылым тереңдігін құрайды. Жоғарыда аталған жазба айтыстардың бірқатар үлгілеріне кеңінен талдау арқылы оның қисса-дастанға ұқсастық жағдайында жазылатын кейбір үлгілерін шартты түрде айтыс-дастан деп атап көрсетті. Сонымен бірге, жазба айтыстың композициялық құрылымының ерекшелігі ретінде – мысал-хикаяттардың жырлануын және ұсынылған жұмбақтарды белгілі бір сюжеттік желіге құра жырлау дәстүрі бар екендігін негіздейді. Әрі оны жазба айтыс жанрының дидактикалық-насихаттық қуатын күшейтетін эстетикалық, сыншылдық, тәрбиешілік мұрат бағдарындағы көркемдік тәсіл ретінде қарастырды. Ал астарлы ойлардың терең мағыналарға сілтейтін көркемдік құралдары ретінде мақал-мәтел, идиома, айқындау, теңеулерді көрсетеді. Жазба айтыстардың қазақ даласы үшін бұқаралық-ақпараттық байланыс қызметін көрсетуі де

жаңалық екені сөзсіз. Міне, айтыс жанрының осынша қадау-қадау ерекшеліктерін салмақты мысалдар негізінде дәлелдей көрсетуі – жұмыстың құндылығын айқындай түседі.

«Әдебиет тарихы» атты оқу құралында қазақтың ақындық өнері табиғаты ғылыми-теориялық тұрғыда сипатталып, ақындар шығармашылығының бірнеше өнер тұтастығынан құралатыны, әлем халықтары мұраларымен туыстық, тектестік, суырып салмалық қабілет мәселелері қарастырылған [3]. Еңбекте ауызша және жазба ақындық өнеріндегі дәстүр жалғастығы, көркемдік-стильдік шеберлік мәселесі сөз болып, XIX-XX ғасырлардағы көрнекті ақындар Базар Оңдасұлының, Бұдабай Қабылұлының, Қашаған Күржіманұлының, Оңғар Дырқайұлының, Қырбай сал Бозымбекұлының, Нартай Бекежановтың шығармашылық мұралары, Кенесары хан Қасымұлының әдебиеттегі бейнесі талданған. Негізінде зерттеуші қазақ әдебиетіндегі ақын-жыраулар поэзиясының жыр алыбы Жамбыл дәстүрін дамытушылар қатарындағы көрнекті халық ақыны Нартай Бекежановтың әдеби мұрасын көркемдік дәстүр жалғастығы аясында жан-жақты зерделеп, жеке қарастырған [4].

«Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті» атты монография – егемендік алған 1991-2013 жылдар аралығындағы қазіргі қазақ әдебиеті мәселелерін, соның ішінде поэзия, проза, драматургия салаларындағы көркем шығармаларды әдеби үдеріс пен өмір шындығы сабақтастығы заңдылықтары тұрғысынан жүйелеген құнды еңбек [5]. Мұнда ғалым тәуелсіздік жылдарындағы поэзия, проза, драматургияның даму сипатын жүйелеп, жанрлық табиғатын саралап, поэтикалық ерекшеліктерін көрсетіп берді.

Т.С.Тебегенов – қазақ және әлем халықтары әдебиетінің тарихын зерттеп-зерделеуге күш-жігерін аянбай жұмсады. Осы бағытта еліміздің жоғары оқу орындарында көп жылдардан бері орыс тілінде оқытылып келе жатқан «Шетел әдебиетінің тарихы» пәнін қазақ балаларына ана тілінде оқыту мәселесін түбегейлі қолға алып, оң нәтижелерге жеткендігі белгілі. Шетел әдебиеті тарихын зерттеуге өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап кірісіп, ЖОО-ның «филология», «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарына арналған типтік бағдарламалар мен оқу құралдарын, хрестоматияларды жарыққа шығарды. Зерттеушінің әлем әдебиетінің тарихына қатысты еңбектерін жүйелеп, үш топқа бөлуге болады:

1. Шығыс әдебиетінің тарихына қатысты зерттеу еңбектері
2. Батыс әдебиеті жайындағы зерттеулері
3. Түркі халықтары әдебиетін зерттеуі

Шығыс әдебиетіне қатысты еңбектерінің ішіндегі көрнектісі – үнді әдебиетінің көрнекті өкілі Рабиндранат Тагор шығармашылығына қатысты зерттеулері. Заңғар жазушы М.Әуезовтің өзі «Тагордың кемеңгерлігі» деген мақаласын арнап, қаламгерлік кемел тұлғасына лайықты бағасын беріп, Батыс пен Шығыс мәдениетінің тұтаса тоғысқан бір әлеміндей таныған үнді жазушысы, әлем тарихындағы аса көрнекті тұлға Рабиндранат Тагор шығармашылығы да ғалым назарынан тыс қалған жоқ. Тәжірибелі мұғалімдер отбасында дүниеге келген ұшқыр ойлы, зерек Тагордың шығармашылық жолының қалыптасуына, суреткер ретінде танылуына әсер еткен негізгі факторларға тоқталады. Алғашқы туындыларымен үнді халқының ауыр тұрмысындағы шындықты реализм өрнектерімен шебер байланыстырып, астастыра суреттеген жазушы ерекшелігін көрсетеді. Бүкіл шығармашылығында романтикалық және реалистік көркемдік әдіс қатар өріліп отыратын Тагор шығармаларының ішінен С.Шаймерденов аударып бастырған Тагордың «Алтын сағым» атты әңгімелер жинағына енген туындылардың ішінен үнді әйелдерінің тағдырына арналған «Қаңқа сүйегі», «Судья» әңгімелерін талдап, ондағы психологизмге тоқталады. Осы әңгімелері арқылы әйел жанын тереңінен түсініп, нәзік те шебер суреттей білген жазушының суреткерлік қабілетін жарқырата ашып көрсетті.

Үнді елінің ұлттық, әлеуметтік, азаттық жолындағы қажырлы да табанды күресі шынайы бейнеленген «Гәуірмаһан» романы және әйел мен еркек арасындағы табиғи сезім өрнектерін шынайы реалистік сипатпен суреттеген «Күйреу» романына тоқталды. Екі романның поэтикасын кеңінен сөз ете отырып, Р.Тагордың прозалық шығармалары «шынайы суреткерлік шеберліктің үлгілері. Адам бейнелерін сомдау ішкі жан жүйелік терең

иірімдерді, тебіреністерді табиғи қалпымен оқырман жүрегіне жеткізеді. Үнділік ұлттық мінез-құлық сипаттары жазушы қаламымен шынайы табиғи қалыппен суреттеледі» [6, 169б.] деп түйеді.

Батыс әдебиеті туындыларының ішінен зерттеуші Иоганн Вольфганг Гете, Джордж Ноэль Гордон Байрон шығармашылығын талдап, қазақ әдебиетімен байланыстыра қарастырады. XIX ғасырдағы ағылшын романтизмінің белді ақыны Байронның саяхат сапарлары кезінде жазылған туындыларын зерттеуші екі кезеңге бөліп қарастырады: 1) 1807-1816 жж. Еуропа елдеріне саяхаттап, сол елдердің саяси-әлеуметтік оқиғаларына өз туындылары арқылы үн қосқан кезі; 2) 1817-1824 жж. аралығында өзі барған елдерінің саяси оқиғаларына белсене араласып, әлем әдебиетінің қазынасына қосылған көркем туындылары. Және лорд Байронның романтик лирик, эпик ақын болып қалыптасуы осы елдердегі саяси жағдайлармен тығыз байланысты екендігін пайымдайды. Байрон ғана емес, онымен замандас ақындар шығармашылығынан ақын Перси Биши Шеллидің ұстанған бағытын, олардың эстетикалық дүниетаным үндестігін сөз етеді.

Т.Тебегеновті жалпытүркілік тарихты толықтыру жұмыстарының жаңашыл үрдіс жолын қалыптастырушылардың бірі деп тануымызға болады. Түркі тілдес халықтар тарихының құрамдас саласына жататын татар, қарақалпақ әдеби байланыстарына зерделей үңіліп, қазақ әдебиетімен тектестігі мен ортақ сипаттарын анықтап берді. «Тарих көшінің асу-белестерінен Тұран, Түркістан атты айбарлы алып атақтарын сақтап, бүгінгі күндері ұлы бірігу, қайта тұтасу жолына бет алған түркі халықтарының болашағы жарқын» екендігіне сенімді ғалым қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, татар, башқұрт сынды түркі халықтарының әдебиет үлгілерін қиын болса да, зерттеп оқудың әдебиетші мамандығын ақтайтын сапа қосады деп түйеді. Сонымен бірге бүгінге дейін қазақ әдебиетінде сөз болмаған хакас әдебиеті жайында, хайджысы (жыршы-ақыны) Семен Кадышевтің шығармашылығын жан-жақты қарастыра отырып, оны түркі халықтарының жыршы-ақындық дәстүрімен сабақтастықта қарайды. Мақаласында ғалым хакас халқын ежелгі сақ, ғұн, түркі дәуірлеріндегі байырғы тайпалар негізінде қалыптасқан халық ұрпақтары негізінде тани отырып, хакастың халық жыршыларын – хайджыларының ұлттың ежелден сақталған бақсылық-шамандық наным-сенімдерін негізге ала жырлаған, халықтық салт-дәстүрлерді сақтаушылар деп таниды [7]. Автор хайджы Семен Кадышевтың эпостық жырларды, халық ертегілерін немесе өзінің төл шығармаларын орындағанда түркі әлеміндегі рухани құндылықтар дәстүрінің атасы Қорқыт тағылымын ұстанғанын алға тартады.

Еліміздегі жоғары оқу орындарына шетел әдебиетін қазақ тілінде оқытуды жетілдіре түсу мақсатында Азия, Африка құрлықтарындағы халықтар (түрік, парсы, қытай, жапон, үнді, монғол) ақын-жазушыларының шығармалары енгізілген «Әлем әдебиеті» хрестоматиясы жариялады. Оның бірінші томына түрік әдебиетінің көрнекті жазушысы, ақын, прозашы, драматург Назым Хикмет Ранның «Абақтыда отыратын адамға айтар ақылым», «Сендердің қолдарың хақында һәм жалғандық жайлы өлең», «Хош келдің, Жарым!», «Құрыш білектер», «Доктор Фаусттың үйі», «Теңіз», «Өсиет» өлеңдері; түрік халқының көрнекті жазушысы, сықақшы-юморист, драматург Әзиз Несиннің (Махмуд Нусрет) «Дамбалыңа бау алуды ұмытпа!», «Кім не дейді»: «Ақын мен әйел», «Жендет пен әйелі», «Молашы мен әйелі», «Журналист пен әйелі», «Полицей мен әйелі», «Аптекашы мен әйелі», «Дәрігер мен әйел», «Адвокат пен әйелі», «Шерменде қашан туған»; парсы әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, иран мен тәжік поэзиясы тұтасқан егіз халық мәдениетінің ортақ өкілі Әбілқасым Лахутидің «1909-1922жж.», «Орындалған уәде», «Керемет қой адам бұл», «Шығыс», «Шырағдан мен көбелек», «Отанға қайтып оралу», «Иран қызына» туындыларымен қатар Садек С.Хедаят, Б.Бозорга Алявидің әңгімелері; Го Мо-Жо, Эми Сяо, Ай Цин, Люй Цзянь, Цзян Кэ-Цзя т.б. қытай ақындарының өлеңдері; жапон жазушылары Исикава Тацудзо, Эдогава Ранпоның әңгімелері; үнді қаламгері Рабиндранат Тагордың, монғол жазушыларының прозалық туындылары; Ангола әдебиетінің көрнекті ақыны Агостино Нетоның; ал екінші томына батыс әдебиетін жазушыларының қазақ тіліне аударылған туындылары енген. «Қазақтың

ұлттық рухани мәдениеті мен әлем халықтарының әдеби-фольклорлық мұраларын сабақтастыру арқылы біз өсу, кемелдену биіктігіне өрлей береміз» [8, 5б.] деп санаған ғалым әлем халықтары әдебиеті мұралары білім алушылардың ұлттық дүниетанымын байытумен қатар ұлттық сөз өнеріміздің де көркемдік арналары әлем әдебиетімен сабақтастықта дамитынын дәл таныған. Байқағанымыз – зерттеуші әлем әдебиеті өкілдерінің қай-қайсысын сөз етсе де, олардың шығармашылығын өз заманындағы әдеби үдеріспен өзектес қарастырады.

Профессор Т.С.Тебегенов өзі қызмет атқарған, дамудың жаңа жетістіктерімен өркендеген еліміздегі жоғары білім берудің тұңғыш білім ордасы – қара шаңырақтың имиджін көтерген ғалым екендігінің негізгі көрсеткіші – «Абайтану ұлағаты» атты еңбегін университетіміздің 85 жылдық мерейтойына арнап шығаруы деуге болады [9]. Аталған еңбекте ғалым Абай шығармашылығының өзекті мәселелеріне, атап айтқанда, ұлттық-этнографиялық, діни-исламдық сипаты, әлем әдебиеті классиктерімен үндестігі, поэзиясының, қарасөздерінің философиялық-психологиялық ерекшеліктері мәселелерін қазіргі уақыт талаптарына сәйкес қарастырады. Абайтану ғылымының – қазақтың ұлттық мәдениетінің өркениет деңгейіндегі биік көрсеткіші ғана емес, рухани мәдениетін зерделеудің кешенді саласы екендігін нақты көрсетіп берген ғалым қазақ әдебиеті ғылымындағы көрнекті ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып әрі оларға талдау жасай отырып, Абайтанудың қалыптасу, даму кезеңдерін жүйелеп көрсетеді. Сонымен бірге Абайтанудың қазіргі заманғы өзекті мәселелерінің қатарында жаңа зерттеулердің жеті түрлі бағдарын айқындап береді. Т.Тебегеновтің айқындап берген бағдары академик С.С.Қирабаевтың нақтылап көрсетіп берген Абайтану ғылымының қазіргі және болашақтағы кең ауқымды жұмыстарымен өзектес, сабақтас келетіндігі – аталған ғылымның дұрыс бағытта, жүйелі түрде дамып келе жатқанын аңғартып, мемлекетіміздің ұлттық идеологиясының басты бағдарын кеңейте, тереңдете түсетіндігін көрсетеді. Мерзімді баспасөз беттерінде хакімнің қарасөздерін жүйелі түрде талдап келе жатқан ғалымның аталған еңбегінде Абайдың әкесі Құнанбай қажының тағылымы, Абай мен неміс ақыны Гете дүниетанымының үндестігі, Абай өлеңдерінің – ұлттық тәлім-тәрбие құралы екендігі жан-жақты талдана отырып, Абай – тек қазақтың ғана емес, түркі өркениетінің классигі екендігі тереңдетіледі. Ұлы ақынның даналыққа толы шығармашылық мұрасын игеру – жалпыадамзаттық ортақ мұрат екенін мойындасақ, Т.Тебегеновтің сол мұрат жолында еңбек еткен ғалым екендігі өз-өзінен айқындалады.

Тынымсыз оқып, ізденіп, өзін-өзі шыңдаумен жүретін ғалым қазақ әдебиеті дейтін алып бәйтеректің көптеген елдерде өркен жайып, дамығандығын назардан тыс қалдырған жоқ. «Шетелдердегі қазақ әдебиетін оқулықтар мен бағдарламаларға енгізу керек» деген идеяны көтере жүріп, «біртұтас қазақ әдебиеті» деген ұғым қалыптастыруға тырысты. Өзбек, қырғыз, қарақалпақ, қытай, монғол, түрік еліндегі қандас бауырларымыздың әдебиетіне қолдау білдіріп, бағыт-бағдар сілтеп, жанашырлық танытып отырды. Саналы ғұмырын әдебиет тарихын зерттеуге арнаған ғалым қазақ әдебиетіне лайықты, дәл бағасын бере отырып, қол жеткізген жетістік пен жаңалықты сөз өнерінің табысы деп қарады. Т.С.Тебегеновтің адамтану өнерінің болашағы үшін жасап кеткен тағылымды дүниелерін зерттеп, зерделеу болашақтың еншісінде.

Әдебиеттер:

1. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі: Әдеби процесс. Авторлық поэзия. Ақындық өнер психологиясы: Монография. –Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2015. -432б.

2. Тебегенов Т. Әдебиет тарихының мәселелері. Оқу құралы. –Алматы: Абай атындағы АлМУ, 1998. -84б.

3. Тебегенов Т. Әдебиет тарихы: Оқу құралы. –Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2014. -308б.

4. Тебегенов Т. Нартай ақынның әдеби мұрасы: Монография. –Қызылорда, «Тұмар», 2010. -164б.

5. Тебегенов Т. Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті (XX ғ. 90-жылдары және XXI ғ. бас кезі): Монография. –Семей: «Үш биік» баспасы, 2013. -380б.

6. Тебегенов Т. Рабиндранат Тагор шығармашылығы // Таңшолпан, 2011. №2 .

7. Тебегенов Т. Семен Кадышев

8. Тебегенов Т. Әлем әдебиеті (XIX-XX ғасырлар). Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. –Алматы; «Арыс» баспасы, 2004. -168б.

10. Тебегенов Т. Абайтану ұлағаты: жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы (2-басылым). –Қарағанды: «Ақнұр» баспасы, 2016. -265б.

Гүлжан Қажымұратқызы Тулекова
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
«Тұран» университеті

СІЗДІҢ БЕЙНЕ - МОТИВАТОР

Сіздің бейне кеткелі ортамызда сіздей үлгі беретін қайталанбас тұлғаны әр барған орыннан сізді жоқтап іздеуіннен сеземіз. Осы кеште, я осы дәрісте, я осы орында ағай болғанда ғой… бәлкім басқа болар ма еді. Бұл сауалдың жауабын Темірхан Тебегеновтың өмір жолына зейін салсаңыз, 1972 жылы Қармақшы ауданындағы Қуаңдария атындағы №186 орта мектепте алғашқы еңбек жолын ұстаздықтан бастаған, 1974-1981 жылдары облыс орталығындағы №10 ЫБырай Алтынсарин орта мектебінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды. Орта мектептегі қызметтік өсу жолы 1981-1991 жылдары Қызылорда педагогикалық институтында жалғасады. Бұдан білімнің ұшы тәрбиенің арнасында толатындығын бойына сіңіре дамытуды қалыпты дағдыға айналдыра білген шебер педагог Темірхан Тебегенов деп тануға болады. Бұл – бір.

Ал қоғамдық ұйымдарға мүше болу, басшылық қызметтерді қоса бірге атқару, университеттің асқан ғылыми іс-шараларымен қатар қазаны қайнап жатқан ғылыми орталықтардың ғылыми қызметкері болу аса бір талап пен талант иесіне ғана тән қасиет. Айталық, Қызылорда педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында аға оқытушы, қазақ әдебиеті мен араб тілі кафедрасының меңгерушісі болады. 1992 жылы Халықаралық қазақ тілі қоғамы республикалық басқармасының мүшесі, Қызылорда облысы ұйымы басқармасының төрағасы қызметін де абыроймен атқарды. Бұл - екі.

Өзін ылғи дамытудан шаршамаған Темірхан Тебегенов 1991 жылдан Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушы, кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. Тағы да қоғамдық байланыс еш үзілмей «Ұлы дала тұлғалары» орталығының ғылыми қызметкері, Академик Серік Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры сияқты қызметтерді атқарды. Осы еңбектері өсу жолының негіздері болған. Бұл - үш.

Педагогикалық қызметті ғылыммен тығыз ұштастырған ол 600-ден астам ғылыми еңбек, оның ішінде Ауызша авторлық поэзия, Әдеби шығармашылық өнер психологиясы, Әлем әдебиеттерінің поэтикалық үндестіктері мен ұлттық ерекшеліктері, Тәуелсіздік дәуірі әдебиеті, Шетелдердегі қазақ әдебиеті мұраларын жинау және зерттеу сияқты мазмұнды еңбектері 2002 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-де докторлық диссертациясын қорғап, академик дәрежесіне нақты қадам болғандығының белгісі. «Шетел әдебиетінің тарихы», «Әдебиет тарихы», «Әлем әдебиеті» 2 том, «Түркі халықтарының әдебиеті» тағлымды зерттеулері бұл -төрт.

Осындай қарқындылықтан еш шаршауды білмейтін, жаңашылдыққа жаны құмар Темірхан Тебегеновтың өмір өренгі бүгінгі маман педагогтердің моделін қалыптастырудың үлгісі болып табылады. Бұл - бес.

Әдебиеттің әр бетінде саралана талданып жатқан өзектілік Темірхан Тебегеновты еш айналып өтпеген. Біте қайнасқан өмір өлшеуінде сыймай қалатын, зерттеудің терең парадигмасына жаңалықтармен келуді, жаңаша ой өрбітудің еркін шебері екендігіне, ғылыми -30 кітап, 11 -монография, 2 -оқулық, 17 -оқу құралы, шетелдік басылымларда -20, отандық басылымдарда- 280, отандық газеттерде -292 мақаласы жарық көргені ғылым саласына берген өнімі. Демек, өзіне талапшыл, еркін, ұлттық құндылықтың жан ашыры деген сөз. Бұл-алты.

Осы аталған ерекшеліктерді тізбектей келе, өмір жолындағы тоғысулардан із қалдыру біздің міндет болып отыр.

Шынайы жүрген өмірдің қонақтары аз ба, көп пе? Әдебиет әлемінде өзіндік қолтаңбасы мен өнегесі өшпес із қалдырған Темірхан ағамыздың орны ерекше. Абай атындағы педагоикалық университетінің қазақ әдебиеті деген кезде бірден Темірхан аға көз алдымызға оралады. Өмірде сүйіспеншілігін еш жасыра алмайтын, қашан қарасаң даму үстінде жастармен үзеңгілесе парласа жүретін, кеуде тасқынының дөп баса үлгі ізеттілігі еш жалықтырмаймаушы еді. Кейде түсінбейтін жандар сыртынан, қашан қарасаң барлық жерде осы ағай жүреді, деп қарайтындар жоқ емес-ті еді. Оның себебін түсіндіру, өз қоғамында әдебиеттің әр парағына түсетін сәулелі жарықтың ұза сонарын байқай пайымына жүрген Темірхан Сақаұлы өз қолтаңбаларын қалдыра отыру ізгілігіне айналған. Осы тұрғыдан келгенде «Ұлы дала тұлғалары» орталығының ғылыми қызметкері екендігін ескерсек, таным мектебінің жетекші болары сөзсіз. Бұл – жеті.

«Абайтану тұлғаты», «Нартай ақынның әдеби мұрасы», «Нияз Молда Тасболатұлы», «Кете -Байсары», «Халық ақындары» атты әдеби мұралары Темірхан Тебегенов ізденістерінің сара жолы әдебиет зерттеушісі бұл - сегіз.

Сонымен қатар жаңалықтың жаршысындай үлесін әр қашан нағыз ұстаз, әдебиетші, педагог ретінде өзін жетелеп, өзгеге өнегесін дарытқан тұлға болып орын алады. Бұл - тоғыз.

Олай дейтінім, ағайды алғаш студент кезімде 1991 жылдары Жазушылар Одағында Жұмекен Нажмеденовтың өлеңдерін оқу кезінде кездестірдім. Ф.ғ.к., доцент Замзамия Бейсенбаевна маған өлең оқып, сахна төрінен ЖенПи-дің атынан шығасың, Гүлжан деген еді. Сол кеште Жазушылар Одағында алғаш рет Жұмекен Нажмеденовтың өлеңін алып шыққан сәтім болатын. Ұстаздарымның жүзі нұрланып, арқаларын кеңге салған кезде, көзім ағайдың мейірлі жүзі мен рухани әлемінің ерекше сезілгенін байқадым. Көптің ортасынан бірден көзге іліне түсетін, сарынды ырғағы ерекше сақылдаған дауысымен, қимыл әрекеті жылдам таза баладай мұнтаздығы, көксия костюміне қыл тигізбей, қырлы шалбарын бір түзеп, маңдайдан оңға жатқыза тараған шашы жылтырап тұратын Темірхан Тебегенов болатын. Орта бойлы, екі бетінің ұшы қызара тартып, сарғыш жүзі реңдене түсетін. Кішкентай көздері, дауыс ырғағындағы жылдам сөйлейтін, ойы бұрын кетіп, сөз соңын қуып жетерлік ойы, дауысының ырғақты келуі де өзгеге ұқсамайтын еді. Жылдар өтіп талай кештер мен кездесулерде, театр қойылымдардан соң, қалың жұртшылық гардироптан киім аларда ағайды көріп қалушы едім. Қаншама уақыт өтті, өзіміз де ұстаз болып, шәкірт жетектеп жүретін шаққа жеттік.

2010 жылы АГУ-де кандидаттық диссертациямды қорғау алдында ағайды тура сол баяғы қалпында көріп, амандасып қалдым. Мені танымаса да, қарапайым адамгершілік қасиеті байқалып тұрды. Қасындағы шәкірттерінің ортасынан өзіне жарасымды томпақтау қарынды жапқан ақшыл-сарғыш костюмін сол баяғыша медальін сол жағынан тастамайтын ерекше стилідік бояуы бар Темірхан аға оң қолын орта тұсқа сәл көтере сөйлеп тұрған жерінен амандасып өттім. Шәкіртті кез-келген ұстаз жетектей ала ма? Мейлі дәрісте жетектер, бірақ сабақтан кейін кездесу мен пайдалы іс-шараларда бірге болуда ағай жан саламай атқара

жүретіндігі кештерден көрініп тұратын. Серкелеу мінезі сахна мінбесіне шығып, жасар баяндамасының алдында кіріспе сөзде байқалып отырушы еді. Әлі есімде ұлттық кітапхананың көркем шығармалар бөлімінің меңгерушісі Жанар бірде маған өтініш білдірді: «Нұтфолла Шакеновты ел біле бермейді. Көзі тірісінде Москвадан білім алған ағамыздың 100 әні бар. «Су тасушы қыз», «Махаббат вальсі» халық ән десіп кеткен көпшілік, халық әртісі Роза Рымбаеваның көп әні осы Нұтфолла Шакенов ағамыздыкі. Гулеке, сіздің шәкірт ертіп жүрген жылдарыңызға рахмет айтамыз». Жаппай дайындыққа көшкен студенттерге өте қызық поэма Айгүл есімді қыздың махаббатын сахналау болды. 2018 жылы 14 қарашада мен «Тұран» университетінің журналистика мамандығының 1-2 курс студенттерін Нұтфолла Шакеновтың туғанына 90 жыл толуына орай бір ай дайындықпен «Айгүл» атты шығармалар жинағынан үзінді қойып, студенттердің орындауындағы әндер тыңдалып, Республикалық іс-шараның модераторы болып кешті алып шыққан болатынбыз. Сырттан шақырылған қонақтармен зал тола жазушы, ақын, ғалымдар қатарында ең бірінші төрдің оң жағында медалі жарқырап Темірхан аға сөз алды. Бірінші сұрағы қай университет, «Тұран» деп танып, маған алғыс білдіріп, өлең оқыған 1-2 курс алғыр студенттеріне ризашылығын білдірді. Бал-бұл жанып, Нұтфолла Шакеновтың өмірбаянына сұрақтар қойылып ашық-жарқын дөңгеленк үстел басында ой бөлісті. Ұлттық кітапхананың ұйымдастыруымен өтетін көптеген іс -шаралары осындай әдебиет жан ашырларының бас қосатын ордасына айналуы жастардың тарихи жолдары болып қала бермек. Сондай бір есте қаларлық кездесу осы журанлистика мамандығынан құрылған топтың ән-жыр шашуымен, өлеңдер топтамасынан Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына арналаған халықаралық іс-шарасына менің жетекшілігіммен поэзиядан жырлар арналды. Тағы да сол төрден орын алатын Темірхан ағамыз толқына, Фариза Оңғарыновасының өлеңдеріндегі ерекшеліктерге тоқталып, жастардың сарай санасына кеңес қалдырды. Әлі есімде 2018 жылдың 12 желтоқсанында Жазушылар Одағының төрінде Бақыт Беделхан даланың жеті қыраны "Ауадағы жазу "кітабының тұсау кесері өтті. Ұлттың ақындары мен ағалары тілек-бата білдіріп жатты. Сонда Темірхан аға: «Бақыт өзіміздің АГУ-дің түлегі, студент кезінен алғыр, қайсар таланты тасып жүретін еді, - деп жүрек жарды педагогикалық тұрғыдан Бақыттың шығармаларына ғылыми талдаулар жасалып, талай құнды диссертацияларға тақырып болары сөзсіз, ақын туындыларына философиялық талдау қажеттігін айтып өткен еді. Ғалым, әдебиетші, Жазушылар Одағының мүшесі, зерттеуші зерттеуден еш шаршамайтын Темірхан Тебегенов 2022 жылы желтоқсан айында жазушы, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері Нағашыбек Қапалбекұлының 40 томдық кітабы мен «Кек» романының тұсау кесерінде Ұлттық кітапханада соңғы баяндама жасап шыққан еді.

Өз ортасын тапқан, әдебиет әлемінде ерекше орны бар, ұстаздықтың мотиваторы бұл – он.

Жазушылар Одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулетов, М.Әуезов атындағы өнер және әдебиет институтының бас ғылыми қызметкері Нұрдаулет Ақыш т.б. ағаларымыздың қатарында отырған бейнеңіз біздің мәңгі есімізде қала береді, қала береді...

Бойында әдебиетке деген таусылмас қазынасы қайтып келмеске кеткен Темірхан ағамызды сағынамыз, орын толмас ортасы хатын жалғастыра береді.

Айзат Ибраева
ф.ғ.к., қауымд проф. м.а.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ Т.ТЕБЕГЕНОВТІҢ ЕҢБЕКТЕРІ

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті және зерттеу салалары ұлттық рухани құндылықтарымыздың уақыт өзгерістерімен үндесе даму болмысын танытты. Т.Тебегеновтің әдебиеттану ғылымындағы еңбегі Нартай Бекежановтың әдеби мұрасын қарастырумен тікелей байланысты. 1986 жылы «Ақындық дәстүр және Нартай Бекежанов поэзиясының өзіндік ерекшеліктері» деген атпен кандидаттық диссертациясын қорғады. Зерттеуші халық ақындарын қазақтың көп ғасырлық тарихының негізін салған бастамашы ретінде көрсетеді. Ұлттық сөз өнеріміздің байырғы дүниетанымынан тарап, шариғатпен ұштасқан ойлары осы халық ақындарының шығармашылығында көрініс табатыны белгілі. Осы салада жылдар бойы жүргізген ғылыми ізденістерінің нәтижелерін жинақтап, зерттеуші 2002 жылы «Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі» деген тақырыпта докторлық еңбегін қорғағаны белгілі. «Халық ақындары шығармаларын оқыту», 1990; «Шетел әдебиеттері тарихы», 1996;«Халық ақындары», 1997; «Әдебиет тарихының мәселелері», 1998, «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі», 2001; «Ұлт әдебиетінің өркені», 2004; «Әлем әдебиеті», 2004; «Қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің іргелі орталығы», 2008; «Әдебиет тарихындағы көркемдік мұра дәстүрінің жалғастығы», 2009, т.т. «Халық ақындары шығармаларын оқыту», 1990; «Шетел әдебиеттері тарихы», 1996; «Халық ақындары» 1997; «Әдебиеттарихының мәселелері», 1998, «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі», 2001; «Ұлт әдебиетінің өркені», 2004; «Әлем әдебиеті», 2004; «Қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің іргелі орталығы», 2008; «Әдебиет тарихындағы көркемдік мұра дәстүрінің жалғастығы», 2009, т.т. Аталған еңбектердің қай-қайсысы болса зерттеушінің сан қырлығын дәлелдесе керек. «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» (Әдеби процесс. Авторлық поэзия. Ақындық өнер психологиясы) атты монографиясы халық ақындары мен ауыз әдебиеті, дәстүр және жаңашылдық, ақындық тұлға мен айтыс өнері деген мәселелер жан-жақты қарастырылады. Әдебиеттің дамуына қоғамның әсері, ақындар дәстүрі, әдеби бағыттар ерекшелігі халық мұрасымен сабақтастыра сараланған. Халық ақындар шығармашылығымен қатар, дүниетаным иірімдері, елдік мұраттың көркемдік тұрғыдан бейнеленуі зерделенген. Айтыстың халық ақындарына тән ерекшелігіне баса назар аударылған. Авторлық тұлға мәселесі ақындық шабыт, әдеби дәстүр аясында берілген. Лирикалық өлеңдер мен халық ауыз әдебиетімен сабақтастығы қазақ мәдениетінің ежелгі замандардан бүгінге жеткен, болашаққа танылатын шығармашылық мұраларын танытуға негізделген.

«Халық ақындары» (1997) еңбегі қазақтың ақындық поэзиясында орны бар Қожаберген Толыбайұлының, Шортанбай Қанайұлы, Ерімбет Көлдейбекұлы тәрізді көрнекті халық ақындарының шығармашылығына арналған.

«Әдебиет тарихының мәселелері» (1998) еңбегі XIX–XX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының әдеби мұралары негізінде авторлық дүниетаным мен көркемдік дәстүр, жаңашылдық мәселелеріне талдау берілген. Ғалымның «Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті» (XX ғ. 90-жылдары және XXI ғ. бас кезі) монографиясы 2013 жылы жарық көрді. Ғылыми еңбектің алғашқы тарауында тәуелсіздік жылдар поэзиясының сипаттары, идеялық-тақырыптық ерекшеліктері, көркемдік қырлары қарастырылып, діни-мінәжат жырлары, азаматтық лирика, табиғат-атажұрт толғаулары, махаббат лирикасы, патриоттық-қаһармандық сарындар, философиялық поэзия төркіндері жан-жақты қарастырылған. Келесі тарауларда ғалым Адам Мекебаев, Ұзақбай Доспанбетов, Қажығали Мұқанбетқалиұлы, Сәбит Досанов, Жанат Ахмади, Нағашыбек Қапалбекұлы, Серік Асылбекұлы, Жолтай

Әлмашұлы, Жәди Шәкенұлы шығармаларының идеялық арқауы, кейіпкер характері, көркемдік кестесі тұрғысынан пайымдалған. Зерттеудің келесі тарауында театр сахналарында қойылып жүрген Қ.Ысқақов, Д.Исабеков, И.Оразбаев, Н.Оразалин, С.Балғабаев, С.Асылбекұлы, Ж.Әлмашұлының пьессаларындағы заман болмысы, оны суреттеу ерекшелігі деген мәселелерге тоқталған.

Абай атындағы Қазақ ҰПУ, «Ұлағат» баспасынан 2013 жылы жарыққа шыққан «Абайтану ұлағаты» атты оқу құралында ұлы ақынның шығармалары жалпы адамзаттық және адамгершілік гуманизм мәселелерімен ұштастыра талданады. Абай туындыларының тарихи-әдеби негіздері мен жанрлық сипаты мен қатар, қарасөздерінің өзіндік ерекшеліктерін, өзге де ұлттар ақындарының арасындағы рухани жақындықтар мен ұқсастықтар саралана талданады.

Қазақ әдебиеттану ғылымын зерттеуші ғалым Т.Тебегенов еңбектері әлі жан-жақты қарастырылары хақ.

Л.Ғ.Бақтыбаева
пед. ғыл. магистрі,
Ш.Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназия

ТЕМІРХАН ТЕБЕГЕНОВТІҢ ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

Темірхан Тебегенов – қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдеби сынында өзіндік орны бар көрнекті ғалым, сыншы, педагог. Оның ғылыми еңбектері қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясын, әдебиеттегі жанрлық ерекшеліктерді зерттеуге, ұлттық рухани құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған. Ғалымның шығармашылық мұрасы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосты.

Темірхан Тебегенов – қазақтың ұлттық әдебиеттануының көрнекті өкілдерінің бірі. Ол әдебиетті зерттеудің жаңа әдістерін қолданып, қазақ әдебиетінің барлық саласына қатысты еңбектер жазды. Ғалым әдебиеттің ұлттық ерекшеліктеріне, тарихилығына және жаңашылдығына ерекше назар аударды.

Темірхан Тебегеновтің ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерін қамтиды:

- Қазақ фольклоры: Ғалым қазақ халық ауыз әдебиетінің жанрлары мен көркемдік ерекшеліктерін зерттеп, олардың әдебиеттегі маңызын ашты.
- Әдебиет тарихы: Ол әдебиеттегі тарихи тұлғалар мен оқиғалардың көркемдік бейнесін талдап, қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін жүйеледі.
- Поэзия жанры: Қазақ поэзиясындағы бейнелеу құралдарын, стильдік ерекшеліктерін және идеялық бағыттарын қарастырған.

Темірхан Тебегенов әдебиет сыншысы ретінде қазіргі заманғы қазақ әдебиетіндегі жанрлық ізденістер мен тақырыптық жаңашылдықтарды талдады. Оның зерттеулерінде қазақ әдебиетіндегі романтизм, реализм және модернизм бағыттары терең қамтылған.

Ғалым тек зерттеуші ғана емес, сондай-ақ болашақ әдебиеттанушыларды тәрбиелеген ұстаз болды. Оның дәрістері әдебиеттің теориясы мен тарихын үйретіп, студенттерді шығармашылыққа баулуға бағытталды. Осы мақсатта ғалым-ұстаз Сәкен Сейфуллин атындағы әдеби-өнер бірлестігін құрып, студенттермен етене қарым-қатынаста болды. Әрдайым әдебиеттанушы, сыншы, ғалым, ақын, жазушы сынды белгілі тұлғалармен кездесулер өткізіп, аға буын мен өскелең ұрпақтың арасына алтын көпір, рухани байланыс жолын орнатты. Студенттердің шығармашылығына қолдау білдіріп, олардың әрбір өлең, әңгімелерінің баспасөз бетінде жариялануына тікелей өзі мұрындық бола білді. Темірхан Тебегеновтен дәріс алған барлық студент ұстаз шарапатын көрді деп айтуға толық негіз бар.

Профессор Тебегенов студенттердің ғылыми және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлді. Ол жетекшілік еткен үйірмелерден танымал ақындар мен әдебиеттанушылар, мысалы, Нұрлыбек Сафин, Саят Қамшыгер, Шұғайып Сезімхан, Алтыншапақ Хаутай, Смағұл Жұмаділ, т.б. жазушы, ақын, айтыскер тұлғалар шықты. Оның ғылыми жетекшілігімен жазылған докторлық және кандидаттық диссертациялар қазақ әдебиеттануында ерекше орын алады.

Алғаш еңбек жолын орта мектепте ұстаздық қызметтен бастаған ғалым-ұстаздың бағындырған белестері мен асқан асулары аз емес. Ғылымға деген ынтызар көңілі мен тынымсыз еңбегінің арқасында жоғары оқу орнының оқытушысы, ғылым кандидаты, ғылым докторы, профессор атақтарын иеленіп, «Қазақ тілі» қоғамының республикалық басқарма мүшесі, Қызылорда облыстық басқармасының төрағасы қоғамдық қызметін, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ әдебиеті және араб тілі», Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Қазақ әдебиеті» кафедраларының меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды. Сонымен бірге ҚР БҒМ Жоғары Аттестациялық Комитетінің филологоя және өнертану сараптау комиссиясының, «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы «Аламан айтыс» теле-шоу бағдарламасының сараптау комиссиясының мүшесі міндетін атқарғаны да көпшілік қауымға белгілі. Өзі дүние есігін ашқан Сыр өңірінің «Құрметті азаматы» атанған тұлға жоғары оқу орындарында «Шетел әдебиеті», «Абайтану», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «XIX ғасыр әдебиеті» пәндерінен студенттерге дәріс оқып, алыс-жақын шетелдердегі конференция жұмыстарына де белсене қатысты. Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері мен шетелдердегі қандас ақын-жазушылар шығармашылығын тереңінен талдаған еңбектері ғалым-ұстазды жаңа қырынан таныта білді. Оның ғылыми мақалалары халықаралық конференцияларда, шетелдік басылымдарда жарық көрді.

Темірхан Тебегеновтің ғылыми еңбектері қазақ әдебиеттануының түрлі бағыттарына зор үлес қосты. Ол XX ғасырдағы қазақ драматургиясы мен қазіргі қазақ әдебиетінің негізгі даму бағыттарын терең зерттеді. Оның зерттеулері қазақ әдебиетінің жанрлық және мазмұндық өзгерістерін анықтауға, сондай-ақ ұлттық әдебиеттің әлемдік классикалық әдебиетпен байланысын зерделеуге бағытталды.

Темірхан Тебегеновтің драматургия саласындағы еңбектері қазақ әдебиетінің осы жанрын тереңірек түсінуге айрықша үлес қосты. Оның зерттеулері XX ғасыр басындағы және қазіргі қазақ драматургиясының тарихи-әдеби негіздерін, жанрлық ерекшеліктерін және қоғамдағы рөлін қарастырады. Ғалымның еңбектерінде қазақ драматургиясының алғашқы кезеңі жан-жақты зерттелген. Ғалым Қошке Кемеңгеров, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезовтің драмалық шығармаларын талдай отырып, олардың ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы рөлін ашып көрсетті [1].

Ғалым қазақ драматургиясының әлемдік драматургия үлгілерімен байланысын терең зерттеді. Ол драмалық шығармалардағы мәдениеттердің өзара ықпалдастығы мен қазақ драматургиясына сыртқы әсерлерді талдады. Қазақ трагедиясы мен комедиясының тарихи дамуын, олардың идеялық мазмұнын және көркемдік құрылымын ашып көрсетті.

Мысалы, ол трагедия жанрындағы қоғам мен адамның өзара байланысын айқындап, қазақ қоғамының рухани ізденістерін суреттеудегі драмалық шығармалардың маңыздылығына айрықша тоқталды [2, 67б.].

Ғалым Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» және «Қарагөз» пьесаларының тарихи-мәдени және көркемдік ерекшеліктерін зерттеп, олардың қазақ драматургиясының негізін қалаудағы рөлін айқындады.

Тебегенов драмалық шығармалардың қоғамды тәрбиелеудегі рөлін ерекше атап көрсетті. Оның пікірінше, қазақ драматургиясы ұлттық сананы қалыптастырудың құралы болып табылады. Бұл бағыттағы еңбектері драматургияның тек әдеби жанр емес, қоғамның мәдени-әлеуметтік әселелерін шешудегі маңызды құрал екенін дәлелдей түседі [3, 46б.].

Ғалымның драматургия саласындағы зерттеулері қазақ әдебиетінің бұл бағытын терең түсінуге мүмкіндік береді. Оның еңбектері қазақ драматургиясын зерттеушілер үшін маңызды дереккөз және осы жанрдың әрі қарай дамуына ғылыми негіз болады.

Темірхан Тебегенов – қазіргі қазақ драматургиясының даму бағыттарын зерттеуде маңызды рөл атқарған ғалымдардың бірі. Ол өз еңбектерінде қазақ драматургиясының жанрлық, тақырыптық, идеялық ерекшеліктерін және оның қазіргі әдебиеттегі орнын терең зерделеді.

Ғалымның пікірінше, қазіргі драматургия:

- Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани өзгерістерін көрсетеді;
- Ұлттық дәстүр мен жаһандану үдерісін үйлестіруге тырысады;
- Жаңа жанрлар мен формаларды іздеумен сипатталады.

Темірхан Тебегенов драматургияны тек әдеби жанр ретінде ғана емес, халықтың рухани жаңғыруы мен ұлттық сана қалыптастырудағы маңызды құрал ретінде қарастырды. Ол драма шығармаларының қазақ мәдениеті мен тілін сақтап қалудағы маңыздылығын ерекше атады.

Ғалым қазіргі қазақ драматургиясының негізгі өкілдерін, олардың шығармашылығын талдауға көп көңіл бөлген. Мысалы:

- Дулат Исабеков, Әкім Тарази және Рақымжан Отарбаев пьесаларындағы адамгершілік пен ұлттық болмыстыі бейнеленуі;
- Олардың шығармаларындағы уақыт пен кеңістік категорияларының драмалық шығарманы құрудағы рөлі.

Темірхан Тебегенов қазіргі драматургияның қоғамдағы өзекті мәселелерді, соның ішінде экологиялық, әлеуметтік әділетсіздік, ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелерін талқылаудағы маңыздылығына тоқталды.

Ғалымның пікірінше, қазіргі қазақ драматургиясы дәстүрлі тақырыптар мен жаңашылдықты үйлестіре отырып, көркемдік құралдардың жаңа тәсілдерін іздеуде. Ол ұлттық фольклор элементтерін қазіргі драматургияға енгізудің маңыздылығын атап көрсетті [3, 48б.].

Темірхан Тебегенов қазіргі қазақ драматургиясын зерттеу арқылы ұлттық әдебиеттің бұл жанрының дамуына теориялық негіз қалап, оның көркемдік құндылығын айқындауға елеулі үлес қосты. Оның еңбектері қазіргі заманғы қазақ драматургиясын терең түсінуге мүмкіндік береді және драматургия саласын зерттеушілер үшін маңызды дереккөз болып табылады.

Темірхан Тебегеновтің еңбектері қазақ әдебиеттануында үлгі болып қала береді. Ол өзінің зерттеулерінде ұлттық болмысты, әдебиеттегі эстетикалық идеяларды және тарихи контексттерді шеберлікпен ұштастырды.

Сонымен қатар ұстаз-ғалым Абай Құнанбайұлының шығармаларын зерттеп, оның философиялық, эстетикалық және этикалық көзқарастарын талдауға ерекше мән берді. Абай өлеңдеріндегі ұлттық рух пен жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесімін анықтап, оларды қазіргі заман тұрғысынан зерделеді. Ғалым Абай шығармашылығын қазақ әдебиетінің басқа кезеңдерімен байланыстыра отырып қарастырған.

Тебегенов Абай поэзиясындағы жанрлық жаңашылдықтарды зерттеп, оның өлеңдеріндегі қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиеті мен классикалық шығыс поэзиясының ықпалына ерекше назар аударды. Абай өлеңдерінің құрылысы мен мазмұндық ерекшеліктерін жаңаша талдады. Ғалым Абайдың адамгершілік, әділдік, еңбек, білім, махаббат туралы философиялық идеяларын қазақ әдебиетінің дамуындағы негізгі бағыт ретінде қарастырды. Абайдың «Толық адам» ілімін зерттеп, оның қазіргі қазақ қоғамындағы маңыздылығын ашып көрсетті.

Темірхан Тебегенов Абай шығармаларын мектеп пен жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесін жетілдіруге үлес қосты. Абайдың қазақ әдебиетіндегі реформаторлық рөлін жан-жақты зерттеп, оның кейінгі әдебиет өкілдеріне ықпалын көрсетті. Абай шығармашылығының қазақ әдебиетінің заманауи бағыттарымен сабақтастығын дәлелдеді. Абайдың білім мен тәрбие туралы көзқарастарын зерделеп, оның қазіргі педагогикадағы

рөліне тоқталды. Абайдың оқу-ағарту идеяларын ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы негізгі құрал ретінде бағалады.

Темірхан Тебегеновтің абайтануға қосқан үлесі – Абай шығармаларын жан-жақты, терең әрі заманауи тұрғыда зерттеуінде жатыр. Оның еңбектері Абай мұрасын жаңа қырынан түсінуге және оны әдебиеттану ғылымында қолдануға зор мүмкіндік береді.

Темірхан Тебегеновтің ғылыми еңбектерінің маңызы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуын терең зерттеп, ұлттық әдеби мұраны жүйелеуінде ерекше орынға ие. Ғалымның зерттеулері әдебиеттің теориясы, тарихы және жанрлық ерекшеліктері сияқты салаларды қамтиды. Оның ғылыми мұрасы бүгінгі әдебиеттану ғылымы мен педагогика саласы үшін маңызды. Ол тек зерттеуші ғана емес, қазақ әдебиеті мен ғылымының дамуына зор ықпал еткен ұстаз ретінде де есте қалады.

Темірхан Тебегеновтің ғылыми-шығармашылық мұрасы қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына үлкен үлес қосты. Оның зерттеулері қазіргі қазақ әдебиетінің терең мәнін түсінуге және әдеби мұраны жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді. Ғалымның еңбектері ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, қазақ мәдениетінің өркендеуіне септігін тигізері сөзсіз.

Темірхан Сақаұлы – еліміздің алып шаһары Алматыда тұрса да өмірінің ақтық сәтіне дейін туған жерінен қол үзбеген жан. Кіндік қаны тамған ауылынан бастап, аудандық, облыстық көлемде өткізілген әрбір шараға бей-жай қарамай, өзінің перзенттік борышын адал атқара білді. Тіпті алтын ұя мектебі мен оның түлектері жайлы кітап жазды. Жолдың қашықтығына, жұмысының ауыр әрі тығыз екендігіне қарамастан, туған жердің төсінде өтетін жауапты іс-шаралардан бойын алып қашпай, қисынын тауып, уақытын қиып келіп қатысып, азаматтық келбетімен айрықша көрінді. Елім деген ел перзентіне елі де ерекше құрмет көрсетіп, өзінің туған ауылындағы білім ордасында «Темірхан Тебегенов атындағы кабинет» ашылды. Еліміздің түпкір-түпкірінде орналасқан білім ошақтарында осындай үлгілі, өнегелі жұмыстар жалғасын таба берсе екен дейміз.

Әдебиеттер:

1. Тебегенов Т.С. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі драматургия// https://adebiportal.kz /kz/news/view/temirxan-tebegenov-qazirgi-qazaq-adebietindegi-dramaturgiia__15827

2. Тебегенов Т.С. Әдебиет тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2014. – 308 б.

3. Тебегенов Т. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі драматургия// Ақиқат. – 2011. - № 10. - 44-51-б.

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Тұрғынов Е.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННІҢ ОҚУ-АҒАРТУДАҒЫ «ШАЛА САУАТТЫЛАР ҮШІН ОҚУ КІТАБЫ» МӘТІНДЕРІН КӨРКЕМДІК ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Бейімбет Майлиннің әлі ғылыми айналымға енбеген, әдіскер-ғалымдар тарапынан назарға алынбаған «Шала сауаттылар үшін оқу кітабында» қолданылған мәтіндерге көркемдік және лингвистикалық талдау жүргізіледі. Ондағы мәтіндердің берілуі және қолдануындағы ерекшеліктер талданатын болады. Мәтіннің тіл жүйесіндегі орны туралы тіл білімінде атқаратын қызметтері оның ішінде лингвистикалық талдаула туралы түрлі көзқарастар назарға алынады. Мәтінді сөйлеу бірлігі ретінде түсіндіретін ғалымдар, оның белгілерінің сипаты қандай, мәтінді сөйлеу үдерісі деп атай ма, әлде мәтінді сөйлеу үрдісінің нәтижесі деп түсіндіру керек пе, мәтінді байланыстыра зерттеу қажеттілігі қарастырылады. Мәтін – лингвистикалық талдаудың нысаны ретінде мәтіннің түрлері, олардың жалпы және ерекше белгілері, мәтінге лингвистикалық талдау, әдіснамалық принциптер, мәтін жасаудың мәселелері, мәнерлеу құралдарын таңдау және олардың мәтін құрылымындағы рөлі сияқты өзекті мәселелер келтірілген мысалдар арқылы қарастырылады.

Бүгінге дейін жазушы, публицист, драматург, киносцерист ретінде есімі аталып келген Бейімбет Майлиннің оқу-ағарту ісімен белсене айналысқандығы халықтың сауатсыздығын жоюдағы еңбектері жарыққа шыға бастады. Жазушы ретінде зерттеуден өткен Майлиннің елеусіз қалған еңбектерінің бірі «Шала сауаттылар үшін оқу кітабы». Надандық кесірі мал өсіру кәсібіне де тиеді, Сары май, Май артелі, Күйініш қуаныш, Сиыр, Сиырдың өлшемей салмағаны білу, Қазақстанда мал бағу, Пішеннің азабы, Ресей жылқысы, Қазақ жылқысы, Қара шаруаға арналған ат керек, Ағыбай ақсақал, Жылқы мен сиыр сүтін іске асыр, Қой, Түйе, Түйені жыл сайын боталатуға болады, Шаруа қайткенде түзеледі?, Мал шаруасының ұйымы, Мал шаруасының дамуы, Малды асырау жөні, Малға қанша тамақ керек? Малға қанша жайылым керек? Шаруа көрмесі, Малды асылдандырудың бір жолы, Апат, Трактор жайында не білу керке? Ресейде егіншілік, Қазақстанның жері, Егістік жерлерді пайдалану түрлері, Парлы егіс, Ауыспалы егіс, Күзде қарай бидей егіңдер, Таңдаулы егіс, Күнбе қонақ, Өсімдіктер қалай өседі, Жер өңдеу, Тұқым таза болсын, Шаруашылық машиналары, Отақты құрту керек, Егіннің жаулары, Зиянды жәндіктермен күрес, Жау, егіннің көгі өссін!, Құрғақшылыққа қарсы шаралар, Жоңыршқаның пайдасы, Мақта егу, Кендір, Салмақбай, Каператтшы, Тұрыну кәперетсесі, Ауыл шаруашылық кәперетсесі, Кәперетипті қалай ашуға болады? Кәператип шаруаның өсуі, Кәператип қалай ұйымдастырылады? Қазақстанның жаратылыс байлықтары, Өнерлі кәсіп, Тас көмір, Тоқымашылық өнерлі кәсібі, Күн күнкіреу, Найзағай, Електр жұмысы, Саулық сақтау жұмысына үкімет көмегі, Надандық күшті жерде өлім де күшті болады... деп оқу құралы сан саладан саналы мәтіндермен тапсырмалармен қатар өріліп жалғаса береді. Көрсетілген тақырыптар бүгінгі оқырман үшін қызықсыз болу мүмкін. Алайда, сол кездегі адамдар мен қоғам үшін оқулықта берілген мәтіндердің мағынасы терең. Кітаптан ақпарат алу үдерісін қалыптастырған оқулықтағы мәтіндерді көркемдік және лингвистикалық талдау және оның дидактикалық мәнін ұғынуын қарастырылды.

Кілт сөздер: Бейімбет Майлин, Шала сауаттылар үшін оқу кітабы, мәтін, лингвистикалық талдау, көркем мәтін

Майлы ұлы Бейімбет

Шала сауаттылар үшін оқу кітабы
Кеңес одағындағы елдердің кіндік баспасы
Мәскеу – 1929
Бұл кітаптың мұқаба бетіндегі жазулар.
Кітап 160 беттен тұрады.

Бұл Б.Майлиннің оқу-ағарту саласында жазған ең алғашқы оқулығы. Оқу-ағарту бойынша күнделікті айтып яки мақалаларда қолданып жүретіндей ережелер мен анықтамалық сөздер қалдырмаса да, Б.Майлиннің елеусіз қыры ағартушылықтағы еңбегін жекелеп талдауды жөн көрдік. Ең әуелі «Шала сауаттылар үшін оқу кітабының» [1] ішкі мазмұнына енбес бұрын «Шала сауаттылар» кімдер? – деген сұраққа жауап ізделік. «Тіл құралында» тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: Әуелі Сауатты адамға анықтама береді: Оқи да, жаза да білетін адамды *сауатты адам* дейді. Ал сауаттылық оқу ма, жазу ма? – деп өз сауалының тереңіне үңіледі: Сауаттау әдісі яғни сауатсыздықты жою әрекеті – сауаттылықтың негізіне үңілу арқылы сауаттау әдісін білуге тырысамыз. Тек қана оқуға қабілетті ал, жазуды білмейтін адамды, Байтұрсынұлы шала сауатты адамдар деп анықтама берген [2, 244-245-бб.]. Сондай адамға арналған кітап 1929 жылы Б.Майлин авторлығында «Шала сауаттылар үшін оқу кітабы» деген атта жарық көрген. Баршаға аян бұл жылы қазақ даласы ең алғаш рет араб жазуына негізделген төте жазудан латын әліпбиіне өткен жыл еді. Бұл кітап сол латын әліпбиімен жазылған. Төте жазудан қалған қағида болса керек, оқу кітабында бас әріп ұғымы мүлдем жоқ, яғни қолданылмаған. Бас әріп Б.Майлиннің 1931 жылы жарық көрген кітаптарынан басталғанын байқалды. Кітапта екінші көзге түскен жәйт, «Қазақстан» сөзі «Қазағыстан» болып жазылған.

XX ғасырдың екінші жартысында тіл білімінде жаңа бағыт – «Мәтін лингвистикасы» пайда болды. Бұл салыстырмалы түрде жас сала болғандықтан, оның ішкі құрылымындағы кейбір теорияларға қатысты ғылыми шешімдер кезең-кезеңімен қабылданып келеді. Көркем шығарманы лингвистикалық талдау ондағы образдардың ерекшеліктерінің өзіне тән күрделілігін ашады. Қазіргі таңда әлемдік тіл білімінде мәтін мен оның тілдік табиғатын зерттеуге бағытталған зерттеулер лингвистикалық мектептердің мысалында көре аламыз. Соңғы кездері тіл білімінде сөз өнері өкілдерінің шығармашылық туындысы көркем шығарма тілінің ерекшелігі тұрғысынан зерттеу үдерісі ғылыми жолға қойылған. Тілші ғалымдардың тындырымды зерттеулерінің арқасында адамзат дамуының әртүрлі кезеңдерінде ол өз болмысын таныту үшін тілді қолданудың және бар сөйлеу фрагменттерін байланыстырудың осындай тәсілдерін ойлап тапты, нәтижесінде ол көркем сөз деп аталатын ғажайып өнер түрін жасаушы болды. Әдебиет – сөз өнері екені баршаға аян, оның негізгі құралы – тіл екені даусыз шындық.

Оқу-ағарту бойынша жазған шығармаларынан қолға алғанда мына жайт ерекше көзге басылды. Көсемсөз бен көркем мәтіннің шебері Б.Майлин сала-құлаш мысалдар қолданудан алыс, мүмкіндігінше өз еңбегімен, қарымды қаламынан туған туындылармен құрастырған. Ондағы көркем мәтіндерде шынайы сөз бен қарапайым көріністер басқа артық ештеңе жоқ. Жұп-жұмыр мәтін оқушының зейінін шашыратпай, білімге деген ынтасын асқақтатып әкететіндей болып тұрады. Ал, аталған еңбегінде Байтұрсынұлы: «Біз сияқты мәдениет жемісіне ауызы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздердің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек [2, 235-б.]. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының салты орындалған болады.

Мақаланың зерттеу әдістері: Б.Майлиннің аталған еңбегіндегі мәтіндерге көркемдік, стилдік және лингвистикалық талдау жүргізе отырып, сол замандағы халықтың тұрмыс-тіршілігі, жаңашылдыққа ұмтылысы мен сауатсыздыққа қарсы әрекетін пайымдау, тұжырымдау жасалады. Жалпыұлттық қозғалыс пен көнеден жеткен түсініктер арасында

абдырап қалған халықтың әрекетіне салыстырмалы талдау (анализ), синтез (тұтастандыру), индукция мен дедукциядағы тұжырымдар әдістері жасалып, ортақ ғылыми әдістерге сүйену көбірек орын алды.

Шала сауаттылар үшін оқу кітабында 182 тақырыпта сан алуан саладан мәтін берілген. Бұл мақалада әрбір тақырыпты және сол тақырыптағы мәтіннен бір-екі сөйлем келтіріп, оқу құралының мәні мен маңызын жан-жақты ашып көрсетуге тырысамыз. Осынау оқулық мәніндегі кітапта негізінен ақпараттық, дидактикалық және ағартушылық мәтіндер берілген. Яғни мәтіннің мақсаты өте ауқымды. Типіне қарай саралап, зерттеуге шығарғанда тек лингвистикалық жағынан ғана қарастыруға болмайды. Аталған оқу құралындағы көркем мәндегі туындылар көркем стилдік жағына қарағанда жазушының шеберлігімен ақпараттық және ағартушылық қызмет атқарып тұр. Автордың көзқарасымен мәтін мағынасы тұтастықты білдіретіндіктен лингвистикалық қағидаттар негізінде талдаумен әрі категориялауды ұштастыру қажеттілігі туады [3, 17-б.]. Алғашқы мәтін тақырыбы **«Сары май»** деп аталады: *Майды тез шайқайтын мәшине болады. Ондай құралды қолдан ағаштан істеп алу да қиын емес. Қолы ебсекті адам май шайқайтын мәшинені бір көрсе, сондай қылып істеп алуына да болады.* Ондай кейін «Май әртелі» деген тақырыптан: *«Май әртелін ашқанда, сол аудандағы сиырдың аз-көбіне қарау керек. Аз сиыр мен* (Б.Майлиннің осы және басқа оқу кітаптарында көмектес септігінің жалғауы әрдайым бөлек жазылған.) *әртел ашамын деп, шығынға батып қалуға мүмкін. Әртел ашатын ауданда кемі 200 сиыр болсын.»* [1, 6-б.] – депті Жармұхамбетұлы Бейімбет. Оқу құралында Майлы ұлы деп көрсетіпті... Сол Жармұхамбетұлы Бимұхамбет (Бейімбеттің шын есімі) көркем әдеби әңгіме, оның ішінде қысқа әңгіме жазуша Б.Майлинге тең келер жазушы аз. Онысын келесі «Күйініш-қуаныш» деген тақырыптағы мәтіннен көруге болады. (Жалғыз сиырға күні қарап отырған Талқабай және Тайбағар есімді екі кейіпкердің үйінен көрініс)

– *Өлмей қайтсын: мал деп қарау жоқ; қорасы аңғал-саңғал; жататын жері көк тайғақ, керек десе астына көң салуды да білмейді, – деді қатыны жыламсырап.*

Талқабай кейіп кетті:

– *Өй, ит, қолтықтап шөп сала ғой дегенге «арам қатқырлап» зарлаушы едің, сенің қарғысың өлтіріп отыр!.. деді* [1, 7-8-бб.]. Мәтіннің мағынасына бойлау үшін оқырман оның өз қабылдауынан өткізсе, жазушының айтпақ болған ойына жақындай түседі. Көркем мәтінде интерпретациялық ұғыну және рецепсиялық шартты Майлин шығармаларында ұмытды қолданып отырады. Келесі бөліге өтпес бұрын мәтіндегі қарама-қайшылық тартысты мысал ету арқылы рецепсия бойынша сол кездегі адамдардың эмоционалдық күйзеліс көрсете отырып сабақ алуға қорытынды шығаруға жетелейді [4, 12-б.].

Майлин заманының ағартушы-психолог жазушы болғанын осы типтес салыстырмалы-салғастырмалы көркем мәтіндерінен көруге болады. Ғалым Қ.Т.Жанұзақова интерпретация көркем шығарманы бүтіндей мәнін, мазмұнын, жетекші ойын, тұжырымын білуге, тереңіне бойлауға мүмкіндік береді десек, оның жалпыға ортақ негізгі қағидаттары бар. Олар: а) оқырмандық интерпретация адамның шығарманы оқып шыққаннан кейінгі алғашқы әсеріне, көңіл-күйіне, сезіміне негізделеді; ә) ғылыми интерпретация – оқырман ретіндегі алғашқы әсерін ғылыми негізде жинақтап, нақтылап, әдеби талдаумен тексереді; б) шығармашылық-образдық интерпретация әдеби шығарманы көркемөнердің басқа түріне көшіру (мысалы, әдеби шығарма негізінде көркем фильм түсіру, сахналық қойылым, опера немесе балет жасау т.т.), [5, 2013]. Шығарма ары қарай былай жалғасады: «*Бұзаулады! деп Тайбағар насаттанып сөйледі: Жалғыз сиыр болған соң, желіндегеннен бері барелеп, (мәнелеп –* Е.Т.*) қора суық болған соң, лапасқа байлап, астынан көпіртіп салам төсеп, көк шөптен мезгіл-мезгіл беріп тұрушы едім. Кеше желіні жеткенін білген соң түні мен күзетіп, таң алдында бұзаулады.*

Тайбағар сөзін бітіре бергенде, қара табаққа уызды толтыра құйып, қатыны ортаға әкеліп қойды:

– *Түні мен шаршап едің, терлеп бір ішсі! – деді.»* [1, 7-б.] Мәтін мен шығарманың

ауылы қатар қонғанымен екеуіне барар жол бөлек. Сондықтан да екеуінің арасындағы «экспрессивті қызмет» «тілдің поэтикалық қызметі», «тілдің көркемдік қызметі», «тілдің эстетикалық қызметі» сияқты терминдер де кездеседі. Эстетикалық міндет ұғымының аясы одан әлдеқайда кең. Кез келген көркем шығармада тілдің басқа міндеттері жүзеге асады, бірақ эстетикалық міндет алдыңғы қатарда тұрады. Лингвистикалық әдебиетте бұл жағдайға ерекше мән беріледі: «Көркем мәтін кез келген көркем емес мәтінге қарағанда, ол жеке тапсырманы – эстетикалық тапсырманы орындайды, ол коммуникативтік міндет пен күрделі өзара байланыста көрінеді. Түрі мен типіне қарамай ортақ қарастырар дүниенің бірі мәтін көптеген аспектілері ие. Мәтіндегі ағартушылық мәнді талдау, ақпараттық бейнеге жетуге және жазушының үгіт-насихатына жетуге болады. Қандай да бір мәтінде талдаудың бірізді өрнегі жоқ. Дегенмен, мәтінді қажетіне қарай талдау зерттеушінің мақсаты аясында ашылады Көркем мәтін формасы жағынан да, мазмұны жағынан да ерекше, күрделі де көп қабатты эстетикалық тұтастық екені мәлім. Мазмұны пішін сияқты маңызды. Б.Майлин шығармаларындағы ең ерекшелік оның көлемінде, шағын, жұп-жұмыр болып келеді. Пішін мен мазмұнның ашық немесе жасырын үйлесімділігі автордың көркемдік ниетінің айқын әрі толық көрінуіне байыпты негіз [6, 3-б.]. Бұл бір, екіншісі де сол арқылы зерттеу нысанында тұрған мәтіннің ерекшеліктері ортаға шығады.

«Сиыр» атты келесі мәтіннен: *«...қазақы сиыр мен қалмақ сиырлардың қасиеттері: күштілігі, еттілігі, етке тез шыққыштығы, күтімі болса сүтке тәуірлігі. ...Өкрайнаның (Украина) көк сиыры мен немістің ірімшіктеу қызыл сиырын ресейден келген қара шаруалар әкелген». делінген.* Белгілі бейімбеттанушы С.Байменше Майлиннің оқу құралдарын ішкі мазмұнына қатысты былай дейді: «Қазіргі оқырманға, әрине мұның артық кеңес екені аян. Алайда, отызыншы жылдардың қара шаруасы үшін мұндай ақыл кеңестер ауадай қажет еді» [7, 50-б.] – дейді. Б.Майлин алдыңғы толқын алаштықтардың ұлт жолындағы ұлы істерін жалғастырушы тұлға екенін белгілі. Ол ана тілін дүниені тану құралы және шындықты таныту құралы, сонымен қатар басқа тіл мен сана, тіл мен ойлау, тіл мен мәдениет ұғымдарының ажырамас бірлігін тамаша түсіндіру. Ана тіліндегі тілдік бірліктердің мәні мен қызметін толық түсінуге, ана тіліндегі құбылыстар мен фактілерді талдауға аса мән берген.

«Сиырдың өлшемей салмағын білу» тақырыбындағы мәтінінде сол замандағы сиырдың салмағын білудің үйретін әдісті көрсеткен. *...Мәселен сиырдың тұрқы 27, өкпелігі 26 бұршық болса, тірідей салмағы 27*26=702 қадақ (17 бұт 22 қадақ) шамасында болады.* Кейбір мәтіннен кейін «сұрау» немесе «оқушыларға жұмыс» деп пысықтау тапсырмасын беріп отырған. Мәселен осы мәтіннен кейін «оқушыларға жұмыс» деп мынадай тапсырма берген: *«Сиырдың салмағын тірідей өлшеп қараңдар»* – деген.

Оқу кітабы дегенімен еңбекте саяси және ұлттық ағартушылық мәтіндер өте көп. Солардың бірі келесі тақырып: **«Қазақстанның мал бағуы».** Мәтінінен үзінді: *Ел шаруашылығының түріне қарай Қазақстанды үш ауданға бөлуге болады. 1) Арқалық жақтағы егінші аудан. Мұнда 387.400 шаршы шақырымдай жер бар. Бұл бүтін Қазақстан жерінің 20 пурсенті (пайызы). 2) орталықтағы мал бағу мен егіншілікті қатар жүргізетін аудан. Мұндай 360.200 шаршы шақырымдай жер бар. Бұл бүтін Қазақстан жерінің 19 пурсенті болады. 3) оң түстіктегі көшіп жүріп мал бағатын аудан. 1.192.400 шаршы шақырым жер бар. Бұл Қазақстан жерінің 61 пурсенті болады.*

Мәтіннен кейінгі «Сұрау»: *Қазақстанның қай ауданы мал мен кәсіп қылады? Өзің қай ауданға қосыласың?* [1, 10-б.]

Шығарманың тілін, әсіресе тарихи тақырыптағы шығармалардың немесе аударылған шығармалардың тілдік ерекшеліктерін тексеру кезінде тиісті сөздіктерге жүгіну қажет. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау (көркем мәтіннің фонетикалық-фонологиялық ерекшеліктері, лексикалық -көркем мәтіннің мағыналық ерекшеліктері, көркем мәтіннің морфологиялық ерекшеліктері, көркем мәтіннің синтаксистік ерекшеліктері), көркем мәтіндегі орын ауыстырулар сияқты мәселелер жөнінде мағлұмат береді. «Пішеншінің (шөпші) азабы» әлеуметтік мәнге құрылған шығарма оқырманға терең ой салады: «– *Әй*

біздің қазақ-ай, жайшылықта ойламаймыз ғой! Орыстардың көлігін қарашы, семіз болған соң, қаншама жүкті ауырсынбай, сырыптып өте шығады. Бір мықты семіз ат болса, осы күнгі қырылып жатқан көр жылқыдан артық екен... Көктем кезінде жаяулап-жалпылап, орыстар келіп еді. Жаздай бейнеттеніп, қора-қопсысын түзеп алды да, енді қыс бойы рахаттанып мал тауып жатқаны мынау!.. Біздің қазақ қымыздың мастығымен алты айғы жаз шаруаға қарамай, ақырында жазасын тартып отыр. Мына тұрмыспен біз қалай ел боламыз? Тегінде орыстардан үлгі алу керек шығар дейтін...» [1, 11-б.] көркем мәтіндегі коммуникативтік қызметті зерттеу арқылы шығармадағы адресант пен адресаттың аялық және тілдік білімі, ұлттық мәдениеті, тәрбиесі, өскен ортасынан ақпарат алуға болады. Бұл сала көркем шығарма оқиғалар желісінен ғана тұрмайтының, онда тілдік категориялардың түрлі қатынастары, яғни адресант пен адресат арасындағы тілдік қатынастың, кейіпкерлердің ұлттық мәдениетінің, автор мен кейіпкерлер байланысының болатынын түсіндіреді [8, 338-б.].

...Қасиет жағынан да Ресей жылқысы батыс аурыпа (Еуропа) жылқысынан төмен, Еуропада «персерон», «суппелік» деген жылқы тұқымдарының тірілей салмағы 30-40 бұт келеді. Бұлар қара жол мен 300 бұттай жүк алып жүреді. Күніне 200 шақырым жүруге шамасы келеді.

Орыс мәстегінің тірілей салмағы 21-25 бұттай, қара жолмен 50 бұттай жүк тартады. Ең мықты деген аты ғана 100 бұттай жүк алып жүреді. Күніне 80-100 шақырымнан артық жер жүре алмайды.

Батыс аурыпа жылқысының тағы бір қасиеті ерте шыйрап, ерте жұмысқа шығады. [1, 12-б.] Бұл **«Ресей жылқысы»** деген тақырыптан алынған үзінді. Ауыз әдебиеті мен тілінде жазушылардың бұл күнде ұмыт болуға айналған яки қолданудан шығып қалған, я мағынасы өзгерген сөздер мен сөз тіркестерінің кездесуі табиғи құбылыс Мәтіндерде сабақтас сөздердің жұптасып қолданылуына қатысты да қолдануға болады. Бұл талдау әдісінің нәтижесі шығарма тілінің көркемдігін, сенімділігін, жазушының авторлығын анықтауда қолданылады. Шығармада қолданылған сөздерді немесе сөз тіркестерін, сөйлемдерді қайта құрылымдап, ұқсас сөздермен алмастырып, осы негізде баға беруді көздейді. Кез келген мәтінді ондағы берілген ақпараттың көлеміне қарай мазмұн тұтастығы арқылы саралауға болады [9, 93-б.].. Жалпы мәтінді лингвистикалық талдау оқушыдан байыпты функционалдық сауаттылық қажет етеді. Өйткені көркем мәтін шығармашылық ойлаудың өнімі ретінде формасы мен мазмұны жағынан өте күрделі көркем эстетикалық тұтастық екені белгілі.

Оқу құралындағы келесі тақырып: **«Қазақ жылқысы»** деп аталады. *«Қазақ жылқысы салт мінуге, жеңіл жүк салған арбаға жегуге жақсы. Қазақ жылқысының артықша қасиеттері – ұзаққа талмай шапсаң жүретіндігі, от пен суды талғамайтындығы, жұмысқа беріктігі, етке шыққыштығы, суық пен ыстыққа көнбістігі»* [1, 14-б.] – Б.Майлиннің қаламынан туған оқу кітаптарындағы басты ерекшелік ақпар беруде де көркемдік стилді керемет қолдануында жатыр. Осынау мәтіндерді көркем лингвистикалық талдау мазмұнын анықтау тұтастық ретінде бағалау болуы керек. Көркем мәтінге лингвистикалық талдау арнайы қағидалар негізінде жүргізіліп, көркем мәтіндегі поэтикалық өзектілігі тұтастық ретіндегі туындайды.

Майлиннің осынау еңбегінде ақпараттық-коммуникативті яки эстетикалық мәтіндер арасындағы қайсысының жетекші орын алатынына байланысты мәтіндердің екі түрі көруге болады. Көркем мәтін және көркем мәтін негізіндегі ақпарттық мәтін. Айналып келгенде әңгіме көркем мәтінге тіреліп отыр. Олай болса, көркем мәтін дегеніміз не деген сұраққа келер болсақ, эстетикалық қызметі өзінің негізгі мақсаты-мағынасы бойынша жетекші болатын мәтінді көркем мәтін деп атауға болады.

Көркем мәтіннің жасалу негізіне көркем стиль элементтері жатады. Көркем стиль қазақ тілінің функционалдық стильдерінің ішінде ерекше орынға ие және сонымен бірге оның өзіндік ерекше стандарттары бар. Көркем стильдің басты ерекшелігі – тілдік материалды

қамту мүмкіндіктерінің кеңдігі, ұлттық тілде бар барлық тілдік бірліктердің, басқа да функционалдық стильдерге тән элементтердің қолданылуы және олардың тілдік тілдік материалды қамту үшін маңызды міндет атқаруы. көркемдік-эстетикалық тапсырманы орындау. Мәтін иесінің айтпақ идеясын, көрсетпек образдарын және жеткізбек суреттерін тіл арқылы білдіреді. Көркем шығармада ненің суреттелгені емес, қалай суреттелгенінің маңызы зор. Сол «қалай»-ды көрсету – стилистиканың міндеті – дейді академик Р. Сыздық. Аталған оқу кітабынан кезекті «Ағыбай ақсақал» деп аталатын тақырыптағы әңгіме типіндегі мәтіннен: *«...біз жайланып отырған соң, Ағыбай ақсақал сөзді қайтадан бастады:*

– *...көлік, мәшине бізден, орыстың салт басы. Екі купине бізге, бір купине орыстікі.*

Бізге тиегенін купинелеп береді. Өзіне тиегенін біздің көлік пен қаласына тасып алады. 600 купине шауыпты. Екі жүз купинені өзіне тасып алыпты... бұл бәлекет адал қарасы жоқ, шөпті не қылмақшы екен?» [1, 15-17-бб.] мәтіннің соңында қазақтар қыстың көзі қырауда малға шөп іздеп жолға шығып, арып-ашып алтыбасар поселкесіне жетеді, бораннан үйінде іші пысып отырған нестір жолаушыларды қуана күтіп алады... Қайталап айтсақ, стилистика сөз эстетикасын, сөздің контекстегі рөлін зерттейтінін жеткізеді – Р. Сыздық: демек, лингвостилистика ұлттық көркем тіл мәдениеті дамуының негіздерін көрсететін ғылым саласы болады. Стилистиканың лингвистикалық міндеті стильдік әсердің өзін емес, сол әсерді туғызатын тілдік *механизмді* зерттеу екенін баяндайды, [10, 242-б.]. Яғни Майлиннің мәтіндері кез келген бүтін сияқты оны құрайтын элементтерден, нақты бірліктерді толық қамтып көруге болады.

Көркем мәтіннің тілдік ерекшеліктерін зерттегенде ондағы әрбір оқиғаға кеңістік пен уақыт бірлігі ұғымын ескере отырып қарау керек. Кез келген шығарма уақыт пен кеңістікке байланысты туындайды. Тарихи тақырыптағы шығарманың тіліне белгілі бір уақыттың рухын жеткізетін оқиғалардың қай жерде, қай ортада болып жатқанын айшықтайтын лексика-грамматикалық бірліктер жатады. Кеңістік пен уақыт бірлігі ұғымы көркем шығармаға тән қасиет емес. Ол кез келген мәтін көрінісіне қолданылады. Осы қағидаға сүйене отырып, мәтіннің жазылу кезеңіне, мәтінде көтерілген тақырыпқа, мәтін бірліктерінің сипатына қарай диахрондық және синхрондық аспектілердің бірі таңдалуы керек. Бұл тұрғыда келесі тұжырым негізінде ғылыми тұжырымдалған жалпы ортақ деңгейлік мәтін міндеттері мен талдауларын саралап көрелік:

– мәтінді қабылдау;

– мәтінді тану және оның белгілі бір тілдегі жалпы мағынасын түсіну;

– мәтіннің белгілі бір мәдениет аясындағы мағынасын түсіну;

– оның құрылымына сәйкес диалогтік мәнін ұғыну [11, 361-б.]

Қазақ баласының замана көшінен қалмай сауатты да, білгір болғанын қалаған Майлин **«Жылқы мен сиыр жүнін іске асыр»** деген мәтінде былай депті: «*Қазақ шаруасы жылқының жал-құйрығын күзеп алғаны болмаса, жүнін керек деп білмейді, сиыр жүнін де керексіз деп санайды, мұнысы қате. Кентті жер жылқы мен сиыр жүнін де пайдаға асырады. Сондықтан жылқы мен сиыр жүнін далаға тастамай жинау керек.*

Жиналған жүнді қаладағы жүн жиятын мекемелерге әкеліп табыс қылса, олар дұрыс нарық пен сатып алады.

Малдан жүнді тарап алғанда тазалық жағын өте ескеру керек. Таза болса қымбатырақ сатылады.» [1, 18-б.] – осындай қысқа ғана мәтінде қаншама мәліметтер жатыр. **«Түйені жыл сайын боталатуға болады» (ел шаруаларының тәжірибесінен)** деген тақырыпта берілген мәтінде былай дейді: *Түйе, басқа малдардай емес, жыл аралатып барып боталайды. Сондықтан түйе өсімтал болмайды.*

Тәжірибелі шаруалар осы күні түйені де жыл сайын боталатуға болады деп жүр. Бұл жөнде шаруалардың істейтіні мынау: Түйені жастан жұмыс басты қылып арықтатпау керек. Семіз, жақсы күтілген інген боталаса, 15-20 күннен кейін тағы күйлейді. Сол кезде шаруа басылмаған бураға, я үлекке шөгере қойға інген қайып кетеді. Ботаның өсуіне бұдан келетін кемшілік жоқ. Боталы күнінде қайып кеткен түйе күземге дейін суалмайды.

Боталаған түйе арық болса, ол күйлемейді де, қайымайды да. Азық індеунің боталаған ботасы да нашар болады [1, 22-б.]

Антропоөзектілік парадигма бойынша адам басқы орында. Тіл болса адамның ары қарай өмір сүруіне арналған қажеттілігі. Яғни бір ғасырға жуық уақыт бұрын жазылған еңбектегі мәтінді талдау арқылы ұлттық тіл мен әдеби тілге қатысын анықтау ұстанымы – талданатын мәтін тілінің халық тілі мен әдеби тілге қатысын қарастырып отырмыз. Көркем әдебиет тілінің тарихи қозғалысын халық тілінің тарихынан және оның әртүрлі салаларынан толық оқшаулап зерттеу мүмкін емес. «Сөз – танымдағы ойды таңбалау үшін қолданылатын атау. Тіл – барлық адам баласының іс-әрекетінінің, таным-түсінігінің қиялы жеткен күллі мәдениет түрінің негізі, адам рухының басты қызметі.» – дейді ғалым А.Салқынбай [12, 136-б.]. Яғни, ой – адамның ішкі әлемінің айнасы, ойдың сыртқы қалпы, формасы – сөз. «**Шаруа қайткенде түзеледі?»** оқулықтағы келесі мәтін осындай тақырыпта: *«Қара топырақсыз жердің шаруасын түзетуге жалғыз-ақ сол бар, ол – мал бағу». Мал бағуды күшейтсе, шаруа түзеледі. Жоңырышқа сияқты шөп ексең, жайылым мен тоғайда оңдасаң шаруа түзеледі. Тұрған жеріне үйренген малдың тұқымын сұрыптасаң, төлін дұрыс күтіп асырасаң, шаруа түзеледі. Мал тұқымын асылдандыратын серіктіктер ашылса, мал шаруасы алға басады. Шаруа жайында шығып жатқан кітаптарды, газет-журналдағы мақалаларды көп оқысаң, сол оқығандарыңды өмірге асыра білсең, белсеніп іс істесең шаруаң түзеледі. Бұл айтылғандардың ішінен осы қолдан келеді-ау деген біреуін таңдап алып, соны істеп көр. Алған тәжірибеңді көптің ортасына салып, үлгі қылып отыр. Міне сонда ғана тамағың тоқ, көйлегің көк болады. Екінші жағынан мемлекетке мықты пайда келтірген боласың* [1, 22-б.]. Мәндік, мағыналық жақтан толық мәтін ешуақытта өзектілігін жоймайтынын осы мәтіннен көруге болады.

«Мал шаруасының дамуы» *Қазақстанда жыл санап малдың саны артып келеді. Саны мен бірге сапасын арттырып жатқан жерлер де бар.*

1925-26 жылы Қазақстанда 26500 000 мал, 1926-27 жылы 29 100 000 мал болған. Жылына үш мүлійеннен (миллионнан) артық қосылып қалғанын көреміз. Бұл – сан басына ½ шамасынан келеді. Келесі тақырып «**Шаруа көрмесі»** *Өнерлі елдер істеген ісін әлісін-әлі көптің алдына тартып, сынына салады. Жиылған жұрт алдына тартылған затты сынап, кемдігі бар десе, оны айтады; ұнатса, баға береді, мақтайды.*

Ел шаруалары шаруашылық көрмесіне нем құрайды қарамай, жақсы болсын-жаман болсын – бәрін апарып көрмеге салып, көптің соңына түсіп отыруы керек. (көптің соңына түсіп отыруы керек) **«Малды асылдандырудың бір жолы»** *Шаруалардың көбі малдың көбейгеніне мәз. Малдың санын арттыру мен бірге сапасын да өсіру жағына көбі көңіл бөлмейді. Жақсы тұқымды мал базарда 100 сом тұрса, жаман тұқымды мал 50 сомға жетпей де қалады.*

Жақсы тұқымды малды жеке шаруа ұстап тәжірибелей алмауы мүмкін. Сондықтан бұл жұмысқа көбіне қарыз серіктері басшылық қылуы керек. Ең болмағанда 20-30 үй бірігіп алуларына болады.

Жаман тұқымды салды үйірге салмау туралы ел арасында үгіт жүргізу керек [1, 25-26-бб.]. Кейде форма тіпті мазмұн деңгейіне дейін көтеріліп, мазмұн мәртебесін алып, нақты мазмұнның мәніне әсер етуі мүмкін. Көркем мәтінде автордың мазмұнды қалыптастырудағы шеберлігі, ондағы дара сипаттар ерекше құндылыққа ие. Көркем мәтінде ең алдымен осы аспекті, яғни форма мен мазмұн бірлігі басты ұстаным ретінде қарастырылады. Әңгіме типіндегі **«Апат»** атты мәтінде: «*Берекең ауылы қан сасиды. Ауылдың маңы толған өліктік, қара құс үймелеп, ит жілігін мүжіп жатыр. Ауылдың малдары өліктіктің арасында жайылып жүр.*

– Әттең мылтық жоғау, атарма еді?!. Тағы да мал өлтірейін деп жүргенін көрдің бе?.. дейді.

Аспанда жүрген қара құр «Құдаймен» сырласып Берекеңе өшігіп, осы ауылдың малын сол қырып жатқан секілді...»

Індет өздігінен көтерілмейді. Мал дәрігеріне қ(х)абарлануы керек. Болыстың кеңсесінде мал қарайтын дәрігерлер болады. Жаңа өліmтікті жайсыз тастаған екенсіздер, қан-жыны шашылып жатыр. Мал араласып оттап жүр. Өлімтікте аурудың құрты болады. Ол құрт шөп арқылы сау малдың ішіне түссе, дереу ауырып, ұзамай өліп қалады. Мәтінді лингвистикалық талдаудың бірнеше әдістері бар: Қолдануы сирек сөздердің, көнерген сөздердің, кәсіби сөздердің сөздіктегі және қолданыстағы мағынасын, грамматикалық құбылыстар мен басқа да тілдік фактілерды анықтау; Мәтіннің көркемдік қуаты оқырманға эстетикалық әсері, тілінің айшықталағын талдау. Талдаудың негізгі нысаны – троп пен фигураның түрлері деп те қарастыруға болады; Көркем мәтінді әмбебап, көпқырлы филологиялық тұрғыда зерттеу. Бұл талдаудың негізгі әдісі көркем шығарманы образдық поэтикалық құрылымын идеялық мазмұнымен және тілінің көркемдік жүйесімен біртұтас алып зерттеу. Автор образының категориясы да осы талдаудың негізіне енеді [13, 25-б.].

Кешке қарай бір әйелдің зарлаған даусы шықты. Сұрастыра келсек, байы өлген жесір әйел екен, байын жоқтап отыр екен. Бұдан бір жеті бұрын байы күйдіргіден өліпті. Біз таңданып күйдіргінің жамандатқан малдың етінен жұғатынын айтып едік, Берекең тағы мысқылдай күліп:

– Ыбырай марқұм да күйдіргіден өлді сол ауырғанда ауылдың малы сау-ақ еді... Бәрі «Құдайдан» да. Бір келген «апат» ғой деді. (Малай) [1, 30-31-бб.].

«Егістік жерлерді пайдалану түрі» *Негізгі кәсібі егістік болған өнерлі елдер егістік жерді төменгідей түрде қолданады. Кезекті егіс; 2. Парлы егіс; 3. Ауыспалы егіс; 4. Таңдаулы егіс.* [1, 35-б.] Б.Майлин егістіктің осы төрт түрін жеке-жеке түсіндіріп, арнайы тақырып арнаған. Егістің бұл түрлеріне қоса, «таңдаулы егіс» дегені түріне де анықтама беріп өтеді. Мәтін соңында былай дейді: *«жоғарғы аталған егістік түрлерінен қазақ егіншілеріне әзірге қолайлы түрі парлы егіс»* дейді. Ал парлы егіс туралы қандай анықтама берген екен. Соны көрелік: *Парлы егісті қолданушылар егістік жерді үшке бөледі: бір бөліміне күзді күні қара бидай, я жай бидай себеді; екінші бөліміне жаз егеді. Бұл соңғы бөліміне егетін астықтардың қай түрін болса да талғаусыз еге береді.*

Жердің үшінші бөлімін екпей, пар қылып жыртып тастайды. Пар айырған жер тез тыңаяды. Тұқымы жақсы болса, парға егін жақсы шығады. Егіншіліктің бұл түрін қолданушылар егістік жерін ылғи пар жыртумен тыңайтады. Сондықтан мұны «парлы егіс» деп атайды» – деген анықтама мәтін берген екен.

«Өсімдіктер қалай өседі» атауындағы мәтінде: *Шаруалар өсімдіктің қалай өсетінін біле қоймайды. Өсімдіктің өсуінде мән бар. Өсімдікке керекті қышқылтымдар: азот, күкірт, фасфор, калций, темір қышқылы. Осы қышқылтымдар суда ерісе, өсімдіктер өздеріне тартып алады. Бұлардың әсіресе керектігі азот фасфор, калий тұздары. Осының бірі кеміс болса, Өсімдік шықпайды, я кем шығады. Құнтты шаруа өсімдікке керекті осы заттарды да біліп алулары керек* [1, 41-б.]. **Тұқым таза болсын» мәтіні:** *«Не сепсең, соны орарсың» деген мақал дұрыс егіннің шығуы тұқымынан. Тұқымның жақсы-жаманын айыру оңай. Салмағынан айыруға да болады: нашар тұқымның мың бүртігі 26 гирам (грамм) келеді. Жақсы тұқымның мың бүртігі 50 грамм келеді. Мұндай тұқымның өнімі де жақсы болады.*

Таза, салмақты тұқым себу үшін себілетін тұқымды мәшинеге салып тазалау керек. Ондай тұқым тазалайтын мәшине орыс қалаларының қай-қайсысынан болса да табылады. Осы күні қазақ аудандарынан да табуға болады [1, 42-б.].

«Қазақстан Республикасы» атты мәтінінде бұдан бір ғасыр бұрындағы еліміздің саяси әкімшілік бөлісінен ресми ақпар береді: *Қазақстан жерінің кеңдігі жағынан кеңес одағындағы ең үлкен республика. Қазақстан Республикасы: бір автомниялы облыс (қара қалпақ), 13 округ 193 ауданға бөлінеді. Округ аттары: Орал, Үйшік, Адай, Ақтөбе, Қостанай, Қызыл жар, Ақмола Сырдария, Қызыл орда Кереку, Семей, Қарағанды, Алматы. Халқының саны 5 миллион 726 мың. Қазақ ұлты 55,5%* [1, 86-б.].

1929 жылы қабылданған латын әліпбиіне қатысты жаңалық пен үкімет қаулысы да Б.Майлин назарынан тыс қалмапты. **«Жаңа әліп туралы үкімет қаулысы»** деген тақырыптағы мәтіннен соны аңғаруға болады: *Жаңа әліп туралы Қазақстан орталық кеңес комитеті президиумы мен халық кемесерлер (комиссарлар) кеңесінің қаулысы.*

1929 жыл, қаңтар 24. Қызыл орда.

Қазақстан орталық кеңес комитетінің IV сессиясының қаулысы бойынша орталық кеңес комитеті президиумы мен халық комиссарлар кеңесі мынадай қаулы қылады:

1. Бірлестік негізіне құрылған жаңа қазақ әліпбиі мына түрде алынсын:

2. Осы әліпбиге қарай емле мәселесін жөндеу үшін осы үстіміздегі жылдың әпірелінен кешіктірмей әдейі білім кәнперенсесін (конференциясын) шақыру жұмысы халық ағарту комиссариаты мен жаңа әріптің орталық комитетіне тапсырылсын.

3. Баспахауаларды (Баспаханаларды) жаңа әріп пен қамсыздандыру жұмысы Қазақстан баспасына, орталық халық шаруашылық кеңесіне, жаңа әліптің орталық комитетіне жүктелсін.

4. Бас әріптердің хат тану жұмысына қиындықтан басқа пайдасы жоқ. Сондықтан жаңа әліпке бас әріптер алынбасын.

5. Осы еңбек «Еңбекші қазақ» пен «сап істеп» газеттерінде жарияланғандықтан бастап, жаңа әліп мемлекет әліпбиі болып қолданылады – күшіне кіреді.

Қазақстан орталық кеңес комитетінің ағасы: Ерназар ұлы Елтай

Халық комиссарлар кеңесінің ағасы: Нұрмах ұлы Нығымет

Орталық кеңес комитетінің хатшысы: Асылбек ұлы Аболда [1, 133-б.]

«Оқу жұмысына үкімет көмегі» мәтінінен сол уақыттағы үкіметтің білім саласына жасаған жақсылығы мен қамқорлығын көруге болады.

Соңғы үш жылдың ішінде Қазақстанда оқу жұмысын ілгері бастыру үшін үкімет қазынасынан 43 миллион 700 мың сом жұмсалған.

1915 жылы патша үкіметі кезінде, қазақ балаларына арналған бірінші басқыш мектептердің саны 500 еді, онда оқитын балалардың саны 13 мыңға зорға жететін.

Қазірде қазақ балаларына арналған бірінші басқыш мектептердің саны 1.680 мұнда оқушы қазақ балаларының саны 69.896

Сұрау: ауылдарыңда мектеп бар ма? қанша бала оқиды? Мектеп салынды ма? үкімет орнының оқу жөнінде тағы қандай көмегі болды? **[14, 11-б.].**

Көркем шығармадағы дидактикалық орны әсер етумен қатар, өзіндік ұстаным қалыптастырға жол ашады. Көркем шығарманың шексіз мүмкіндігі жақсы игерген Майлин әрқашанда білім алушыны көркем шығарма арқылы сауаттандыруға, білімді болуға жетелейтін заманына сай жол тапқан. Оның оқу-ағарту мен сауатсыздықты жою жолындағы қажырлы еңбегі мен ниеті әрбір шығармасында көрініп тұрады. Шала сауаттылар үшін оқу кітабынан басқа да Б.Майлиннің оқу-ағарту, сауатсыздықты жоюға арналған үш оқулығы бар. [15, 43-б.]. Мектептің ел өміріндегі орнын терең тебіреніспен жазғанын байқау қиын емес. Сондай әңгімелерінің бірі «Ленин мектебі». Әрине соншама уақыт өткеннен кейін Лениннің атын жазу мен мысал ретінде көрсету әбестік болуы мүмкін. Біздің мақсатымыз әңгімедегі мектепке деген сол кездегі құрметті көрсету, ескі заманнан есті естелік көрсету екенін айтқымыз келеді. Әңгіме қыстың борандың күнін суреттеумен басталады. Буалдырмаған тұман бар үскіріп, аяз. Тұлданған күн.

Ауыл. Үй саны 20 шақты. Ортасында мектеп. Ұзыншалау салынған аласа жер үй. Мектеп маңы шұбырып кіріп-шығып жүрген жұрт: үлкен-кіші, бала-шаға...

– *Жиналды ма?*

– *Жиналды.*

– *Қашан басталады?*

– *Қазір...*

Аласа қараңғы мектеп аузы-мұрнынан шығып толып тұр.

– Әлгі шаманат рас болды ма?

– Рас көрінеді...

Ғалым Д. Әлкебаева: «тілдік сана жеке тұлғаның ұлттық санасындағы ана сүтімен бойына дарыған табиғат сыйы» деген анықтама береді. Тілдік сана ұғымы тілдік түйсіну, тілдік ойлау мәселесі аясында қарастырады. Тілдегі кез келген үдеріс ұлттық ұғымның туындысы ретінде көрініс беріп отырады. Зиялы қауымның ұлттық тұрғыдағы әрекеті уақыт пен кеңістік негізінде қалыптасатын тілдік сана мен ойлау даралығы арқылы шығармада көрініс тауып, оқырманға әсер етеді. Әрине қай деңгейде жететіні оқырманның санасына байланысты.

...Жәмила Ауылнайдың үйіне кіріп келді. Жүзінде ашу-кейістік бар. Жасырапжатқан көзін жаулығының ұшы мен сүртті.

- *Ауылнай қайным, мына бәледен мені құтқар! – деді.*
- *Қайдағы бәле, Жәмила ау!*
- *Ерігіп жүрген адам бар дейсін бе, қол бос болса тағы бір сәрі, шаршап*

үйге келсең, оңдап тұрған жүрміз: кіріңді жуарсын ба, балаңды бағасын ба, малыңды қарарсын ба? - қайсысын істерсін?! Оқу дегенді шығарып алыпты, мен енді бара алмаймын, аналарына айт!

- *Ойбай-ау, мектеп туралы ма еді?!*
- *Енді не деп едің...*
- *Жәмила, ашуынды бас, жөнге кел, тыңда, түсіндірейін, - деді: елдегі*

есті әйел дегеннің бірі сенсің, сенің оқымаймын дегенің мүлде ұят, оқу оқып, білім алсаң өзіңе пайда, өзіңнен асса, бала-шаға, үй ішіңе пайда. Қазір кеңес заманы. Кеңес заманында әйелдің еркек пен дәрежесі тең. Үкімет ішіне жұртшылық жұмысына еркек пен бірге әйелдердің де қатынасуы керек. Оның үшін әйелдердің хат танитын болуы керек. Мектептерің жақсы, екі-үш ай оқу болады. Өзіндей Мағрипа осы күні қол қоятын болып қалды...

Жәмила жұлып алғандай болып:

- *Е, оның несі бар дейсін, қол қоюды мен Мағрипадан да әдемі білем деді.*
- *Ендеше ашуыңа жол болсын!*
- *Әлгі, Абдолла қағынғыр: «қатындарды оқытып, қалаға жұмыс істетуге*

алады екен» деген соң қорқып едім...

Ауылнай күліп жіберді:

- *Өй, тәңір алсын, ойнап айтқанға нанғаның ба?.. үкіметтің мақсұты сендерді оқытып адам қылу. Сендер оқып хат таңысаңдар, еркектер мен бірге жұмысқа араласаңдар, жұртшылық жұмысы сонда көркейеді... оқыңдар, адам боласыңдар, басқаларға үлгі болуға тырысындар!..*

Жәмила ашуланып кірсе де, Ауылнайдың сөзін есітіп жібіді. Үйден шығарында күлімсіреп:

Оқысам оқиын! – деді. (Мәтіннің соңында автор ретінде, «Ерғали» деп көрсетілген.)

Бұл мәтіннен Майлиннің ақпарат саласындағы қолтаңбасын байқауға болады. Сол заманның ақпараттық-насихат жұмысына ұлттық боямен беру әдісі өз алдына бөлек бір тақырып. Көркем мәтін ол автордың жеке туындысы, жеке пікірі. Көркем мәтінде автордың бүкіл болмысы жатады. Ол бойынша автордың жетелеп отырған қорытындысына келудегі мақсатын білеміз. Автор мақсат пен міндеті автор қағидасы көрініс береді. Көркем мәтіннің негізгі қасиеті оқырманды, қоғамды ойлануға жетелеу, белгілі мақсатта білімдар болуға әкелу. Осынау жолда автор өзінің шеберлігі мен қайраткерлігін яғни «Менін» көрсетуі тиіс. Көрсете алмаса, мәтін де, автор да ұзақ жасамайды. [16, 173 б.]. Көріп отырғанымыздай Майлин қаламынан туған шығармалар бүгінге дейін жасап келеді. Яғни Майлин мәтіндері мені мен мәнін, мағынасы мен мақсатын толық атқарып келеді.

Көркем мәтін – көркем шығарманың мазмұнын білдіретін, функционалдық жағынан толық, тілдің образдық мүмкіндіктері негізінде қалыптасатын, автордың қалауы бойынша әртүрлі стильдерді еркін үйлестіре алатын, қабілеті бар аса күрделі тұтастық. профессор Г. Смағұлованың көркем мәтін лингвистикасы еңбегіндегі бата-тілектердің суггестиялық

қасиеттері туралы пікірі құнды. Басқа стиль мәтіндеріндегідей көркем мәтінде де қатаң логика, қарапайымдылық, түсініктілік, нормалық сияқты заңдылықтар толық сақталмайды. Көркем мәтін көркемдік стильдің талаптары мен үлгілері негізінде қалыптасады, сондықтан онда поэтикалық, романтикалық, салтанатты өрнек түрлері кеңінен қолданылады. Көркем мәтіннің тілдік ерекшеліктерінің ең маңыздысы – оның құрамында эмоционалды бояуы бар сөздер, диалект сөздер, тарихи және көне сөздер, ниет, пиғыл және жаргон, бейнелі сөздер, синонимдер, формалар, айтылуы ұқсас және мағыналары қарама-қарсы сөздер, сонымен қатар идиомалар, мақал-мәтелдер, афоризмдер сияқты бірліктерге кең орын берілген [17, 120-121-бб.].

«Малшы мен мен шарт, қағаз жүзінде жасалсын» деген мәтін келесідей: *Заң бойынша қоғам яки жалдаушылардың бір бөлегі өздерінің өкілдері арқылы шартты малшымен қағаз жүзінде жасасуға мәндетті. Ол шарттың кәсіпшілер одағында жасалуы тағы міндет. Еш бір малшының шарт қағазсыз жұмыс қылмауына және бұл шартты малшылардың жанына барып жасауға кәсіпшілер одағы бекем болсын.* **«Малшылардың еңбек ақысы»** мәтінінде малшыларға еңбек ақыны малдың тұяғына төлеген жақсы екенін айтады: *Мал бағатын уақыттың (маусым) бітуіне деп те төлеуге болады. Ол уақытта бағатын малшының саны айтылып, одан басқа жаңадан қосылатын малдың тұяғына төленетін баға да көрсетілу керек. Еңбек ақының ақшадай төлегені жақсы. Ақының заттай төленуі, мүмкін болғанша, сирек болып, кішкене бір қоғам мен я қоғамның азғана бір бөлігі мен шарт жасасқан уақытта ғана қолдану ыңғайлы Ақы заттай төленгенде, ол заттардың түрі мен шамасы көрсетіліп, баға тағайындалсын.*

Майлиннің қоғамның дамуы мен кері кету үдерісін надандыққа байланыстырады. Ендеше осы **«Надандық күшті жерде өлім де күшті болады»** деген мәтінін түгелімен ұсыналық: *«Хат білушілік – түрлі аурулар мен күресуге мықты құрал. Хат білген кісі аурудан сақтана біледі. Түрлі кітап оқып, аурудың неден болғанын түсенеді. Хат білмеушілік аурудың таралуына жол ашады. Өйткені ондай кісі аурудың неден болғанын білмейді. Ауырса – күнә сұмдықтан болды деп, түсінеді. Молдаларға, ишандарға бақсыларға қаратады. Үшіртеді, түкіртеді. Тұмар алып тағып жазылмақшы болады. Сөйтіп, аурудан жазылмақшы болады. Әрине бұл надандық. Үшіріп, түшкіріп – ауруды басқа кісіге жұқтырады. Бірден-бірге жұқтырып, ақырында бүкіл елге таралуына себеп болады. Ресей елдің басқа елдерге қарағанда хат білмейтіні көбірек. Сондықтан мұнда жұқпал аурулар да көп. Содан өлушілер де көп. Төменде көрсетілген сұраулар соны көрсетеді. ... Нүрбегие (Норвегия) мен Шиветсие (Швеция) елі сияқты өлім-жітім 100 мың кісінің 140-қы ғана болса, Ресейде әр жылы бір милиен(миллион) 600 мың кісі сау болар еді. Ресейде саулық сақтау шартының нашарлығынан әр жыл милиеннен астам кісі өледі»* [1, 75-б.]. 1929 жылы шыққан оқу құралында қандай мәселе көтерген?!

Тақырыптың, жүйелік жағынан да оқулық барлық талаптарға сай жасалғаны көруге болады. Оқулық ары қарай келесідей тақырыптармен жалғасып кете береді: *Бір жылда неше бала өледі, Баланы сиыр сүтімен асырудың жөні, Бала баққан әйелге, Мерез – теңге қотыр, Сөз жұқпалы ауру, Бит ауру жұқтырады, Асығыс жәрдемдер, Мұрын қанау, Аяқ-қол шығу, қайрылу, Тісіңді таза ұста, Иіс тию, иет (йод)...* бұл аталған кітаптағы жалпы мәтіндердің жартысы ғана... Қолына алған адам кітап бойынша білімін жетілдіру мен жан-жақты білім көтеру мақсатында түрлі ақпараттармен таныса алады.

Қорыта айтқанда, көркем шығарма тілін зерттеудегі лингвопоэтикалық бағыт тілдің сол эстетикалық қызметін зерттеуге бағытталған. Айта кету керек, тілдің эстетикалық қызметінің негізгі көрінісі көркем шығарманың мәтіні болғандықтан, бұл қызметтің ерекше белгілерін тек тіл білімі немесе тек әдебиеттану ғылымының шеңберінде ғана зерттеу қиын. Жазушының көркемдік шеберлігі мен көркем образдарды шебер беруінің арқасында қаншалықты жанды, әсерлі бейнелер қалыптастырған. Мәтінде автор оқырманның қолдауына иеленуі, шығармада баяндалған автордың пікірлерімен бірден келісе кетуі қиын үдеріс. Б.Майлин халықтық таным деңгейін көтеру дейін көтеруге тынбай еңбектенгенін

көруге болады. Оның шығармаларынан мектеп ісіне деген құрметі мен мұндалап көрініп тұрады. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау ойлау заңдылықтарына негізделгендіктен адамның теориялық және практикалық іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру мәтіндерде көрініс беріп отырады. Оқулықтағы көркем мәтінде берілген мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін кеңістік пен уақыт бірлігі қарастыра отырып, тарих қатпарындағы тақырыптарды заманауи анықтамалар негізінде сараланды. Уақыт рухын арқау ететін оқиғалардың қай жерде, қандай ортада болып жатқанын айшықтайтын лексика-грамматикалық бірліктер жіктелді. Пішін мен мазмұнның бір-бірімен астасып жататын Майлиннің оқу-ағартудағы мәтіндеріне шолу жасау арқылы тасада қалған бір еңбектің ғылыми айналысқа енуіне үлес қостық. Пішіні мен мазмұны автордың ниеті барынша ашып көрсету арқылы ондағы мәтін мен оның жанрлық ерекшеліктері зерттелді.

Әдебиеттер:

1. *Майлин Б. Шала сауаттылар үшін оқу кітабы. – Мәскеу: Кеңес одағындағы елдердің кіндік баспасы. 1929. – 160 б.*
2. *Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.*
3. *Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы: 2002. – 348 б.*
4. *Абдуллаева Ж.Т. Көркем шығарманы аудару және талқылау: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.*
5. *Жанұзакова К.Т. Герменевтика – интерпретация теориясы. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, 2013*
6. *Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы: 2001.*
7. *Байменше С. Майлының Бейітбеті. Алматы: Білім. 1994. – 156.*
8. *Аккузова А.А. Көркем мәтіндегі коммуникативтік қызметтің прагматикалық сипаты. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – № 6/2. – 334-340.*
9. *Исаева Ж.И., және басқалар. М.Ж. Көпейұлы шығармашылық мұрасындағы лингвомәдени бірліктердің ұлттық сипаты // Ясауи Университетінің Хабаршысы. – 2023. – No1 (127). Б. 87–96. https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.07*
10. *Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көп-томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, – 2014.*
11. *Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1979. – 424 с.*
12. *Салқынбай А. Ойлау мен таным: Сөз мағынасының тарихи тектілігі мен бүтіндігі ҚазҰУ хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы, №4 (120). 2009*
13. *Заурбекова Л.Ж. Көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілері // Әл-Фараби ат. ҚазҰУ. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – 2010 – 139*
14. *Turgunov Ye., Koch K. Eliminating illiteracy in the early twentieth century: a review of the history of the alphabet and scripture // Al-Farabi Kazakh National University Bulletin-orientalism.kaznu.kz. – 2023. – №3(106). – Б. 4–12. https://doi.org/10.26577/JOS.2023.v106.i3.01*
15. *Коч К., және басқалар. Бейімбет майлин оқу құралдарындағы мәтіндердің көркемдік және ағартушылық ерекшеліктері // Әл Фараби атынд. ҚазҰУ Филология сериясы. – 2023. – №4 (192). – Б. 41–49. https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph4*
16. *Тымболова А. Драматургия тіліндегі авторлық «Мен»-нің көрінісі // ҚазҰПУ Филология ғылымдары сериясы. – 2010. – №3 (33). – Б.172-175*
17. *Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы: Оқулық. – Алматы: Триумф, 2007. –*

B.Tleubekova
Candidate of Philological Sciences
Kazakh National Pedagogical University named after Abai

AUTHOR'S IDENTITY AND ITS REFLECTION IN ARTISTIC CREATIVITY: AN ANALYSIS OF GENRES AND STYLE

A personality concept problem studying is one of the important questions of literary criticism nowadays as at its studying the ideological and philosophical basis and the art world of a fiction work as well as an author's angle and the point of view of his era are revealed. If a work of fiction is an artistic reflection of its time, then it is natural that with the disclosure of its deep ideological basis the causes of various social phenomena in the era which is contemporary to an author are displayed.

Chingiz Aitmatov's oeuvre is included in secondary schools curricula. That is why the author's identity concept analysis is considered to be a rather topical matter. If all «world fiction represents infinite variations of only thirty two main story lines, each of which represents the unique art world», then it is natural that when studying this world the reader at first perceives a plot, a composition of a work and heroes' actions. And only at the repeated reading of a fiction text the reader, finding out art features, gradually penetrates into conceptual aspects of a work. In the combination of a composition, a plot, an author's statement style as well as a world of heroes and the philosophical idea of a work are reflected. They are the main idea of an author which he aims to transfer to his readers. That is, the idea is an ultimate goal of the creative work of both the writer and the reader which consists in paying people's attention to a modern society problems and revealing the existing reality through magnifying property of the art text. However creative efforts are necessary to be made for decoding a work of fiction. They are need to be made by both the writer, literary critics and the reader for the reader's ability to think creatively depends on the writer's imaginative skill.

Studying the novel «Plaha» («Scaffold») written by Chingiz Aitmatov we try to investigate deep philosophical layers again despite a huge number of the researches devoted to Ch.Aitmatov's oeuvre. Many researchers owing to novel features have seen a nature environmental problem in it (the story about a she-wolf Akbar), some of them have found out the spirit 'ecology' matter (Grishan and Obadiah Kalistratov), however the author of the novel rises also the political (the procurator Pontius Pilate and Jesus) and social (state detachment from society problems) problems of society in 1980. But one should not neglect the fact that various story lines are united in the novel in a single composition. The art text symbolics as a system of the novel language as a whole is also should be taken into account. The consideration of a work of fiction as a single organism allows to reveal not only the author's concept, but the whole historical period as well. The personality is the reflection of an era, and in the concept of the identity of the fiction author moral estimates of a society can be traced.

In the 1980-s there appeared politically and socially active people offering new moral values one of which was the freedom of spirit. Scientific and technical progress and globalization developed so rapidly that the human being became powerful and helpless at the same time. Social need in the responsible and educated personality became vital. The concept of such kind of personality was reflected in the C.Aitmatov's novel «Plaha».

«The external composition is an author's division of a verbal material into the isolated parts as well as the direct graphic registration and the fiction text framing … The title of a fiction text is its face» [1] . The novel «Plaha» indicates the dedication of the personality immolating oneself for the sake of Life, Justice, World, and one can see a personal choice of the hero at this point.

The composition of the novel consists of independent subject branchings and represents the logical chain which is the destiny of the wolves, the drug takers, Obadiah Kalistratov, the Sixs and the seventh, Pontius Pilate and Jesus, Boston and Bazarbay. The historical past is connected with

the plot about the sixs and the seventh the meaning of which is based on the following postulate: «The good cannot be constructed on the evil». The subject line of Pontius Pilate and Jesus, in our opinion, lies in a centuries-old wisdom about impossibility of freedom spirit suppressing. The present closely bound with the past naturally appears at this point: it is the wolves destiny and the drug addiction stemming from the philosophical idea of both nature and spirit ecology. The author suggests to the reader the idea of an incommensurability of the evil. He shows the fact that whatever is the evil manifestation its consequences are consistently destructive. The idea is illustrated by the fight of Boston and Bazarbay. The novel composition sense consists in the basic need of turning away from cruelty even for the sake of justice establishment.

The author passes to the main plot, beginning it with the nature description, introducing the reader with the mood of the novel.

«Soon after a short easy as a child's breath afternoon giving on the hillsides turned to the sun the weather imperceptibly changed – the wind began blowing from glaciers, and everywhere in gorges the sharp early twilight carrying a slate-grey cold of the forthcoming snowy night was already creeping in». The main character becomes the witness of a terrible evil – the drug addiction and he asks himself: what will it lead the mankind to? The question haunts the hero, he conceives the divine revelation, sees the future and desperately tries to prevent the Calamity. In these global philosophical reflections Ch.Aitmatov's creative style is shown where each detail of the fiction work serves for casting a vision of the main idea of a mankind salvation. In the examples given above the author's point of view is traced according to which an important step in a human-being's life is his acceptance of God-Tomorrow (Bog-Zavtra). The author's angle is that self-renunciation for the sake of future generations should be embraced by each human-being and that is the love. That is the love to life and belief in the high mission of a human. «Now he has apperceived that God, manifesting himself through love, grants the human with the highest happiness of life, and the generosity of God is just as infinite as a flow of time, and the mission of love is unique in each case and in each human-being...» [2, 89p].

In the novel «Plaha» Obadiah constantly communicates with his Beloved, he addresses his thoughts to her and through this feeling the author's main concept is brightly revealed. «Then I thought for many days, whether initial words of my letter had shocked you: «In the name of the Father and the Son and the Holy Spirit!» I wrote them because had been brought up in these traditions: the words are always as a tuning fork for me before a serious conversation, they adjust me to a prayful condition of spirit». This address displaying the sense of the novel expresses the author's hope for the revival of the Belief in a human soul. This fruitful creative method reveals the ideological and art basis of the fiction work and is also used in comments of a church music by the protagonist. These lines contain the condemnation of blind belief in the help from the outside, denial of God in a human soul which is its creating essence. It is time for the Person-Creator to come and throw his weight behind the good and the humanity. The same ideas are repeated in all art creations however its sense has not been comprehended yet. The given examples allow the reader to reassure himself in a thought that all mankind history is a fight of the Good against the Evil as the Good is Life. Initially the art had the sacral force of a catharsis improving human souls; it was capable to engender in them those fine feelings which fed the creative forces on the earth. The fragments given above are the ideological kernel which comprises the sense of the novel in a whole.

Images of Obadiah, Boston, Sandro, Pontius Pilate in the novel are conceived through their monologues, dialogues, the subject world and the author's descriptions as well. The protagonist Sandro image of «the Sixs and the Seventh» subject line is represented as a confused person being in search of the optimum decision during the difficult revolutionary period.

«Literature deals with properties, characters, actions – various forms of the generalized human behavior. And in a matter of behavior, any vital values become at the same time ethical ones. Therefore, there is an indissoluble communication between literature and ethics. The creation of a human image in a work of fiction is at the same time the assessment of that image building it from within. Any literature could never escape its moral appraisal functions – neither proclaiming high

impassivity of the writer nor reshuffling the good and the evil criteria» [3, 22p]. The moral appraisal functions of Ch.Aitmatov's novel are shown in the character of Obadiah Kalistratov in whom a sacrificial love to a human-being, the fear for his future and the aspiration to prevent the Apocalypse are combined integrally. However the protagonist is not lonely, there are plenty of his adherents, 'bostons'; thus the humanistic optimism of the writer can be perceived at this point. During the last decade of the XX-th century the ideas of a self-perceived worthiness of a person and an individual appeared to be prominently urgent. The leader capable of embracing the burden of responsibility for the destiny of a Humankind, the educated governor was required for the society of the time. Such kind of a leader was expected by the society, and the social and political concept of this type of individual is shown in the novel. Summing up the analysis of a work of fiction, it should be noted that in Ch.Aitmatov's philosophical novel «Plaha» the concept of socially active personality who is able to think globally is characterized, the general humanistic values of a mankind are approved.

References

1. Aitmatov Ch. T. Collected works: in 7 t. Bishkek: Turkestan,1998.T.4.495 p.
2. Ginzburg L. About psychological prose. 2nd prod. L. : Litas. 1977.443 p.
3. Page Sigua. Myth and logic: structure of prose of K.Gamsakhurdy. Merani, 1984. 336 p.

А.А.Көшекова
ф.ғ.к., профессор м.а.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

БИЛЕР ШЕШЕНДІГІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Қазақ даласын құдіретті сөзімен оятқан, даналығымен тәнті еткен атақты шешендердің, хандар мен билердің арасында үш жүздің атынан сөйлеп, билік жүргізген халқымыздың біртуар перзенттері Төле би Әлібекұлының, Қазыбек би Келдібекұлының, Әйтеке би Байбекұлының есімдері ерекше аталады. Бұл үш би де халықтың арасында «әз Тәуке» атанған, елді ақыл-парасаттың, даналық шешен сөздің құдіретімен басқарған Тәуке ханның заманында өмір сүрді. Тәуке хан қазақ хандығын басқару ісіне көп өзгерістер енгізген билеуші.

Тәуке хан тұрақты жұмыс істеп тұрған мемлекеттік органдарды: хан кеңесін, билер кеңесін құрды. Билер кеңесі - қазақ қоғамында өкілетті негізде қызмет атқарып тұрған ең жоғарғы кеңесші орган болды. Оған хан, сұлтандар, үш жүздің елге сыйлы, әділдігімен, ақыл-парасатымен, шешендігімен даңқы шыққан билері, батырлары қатысқан. Билер кеңесінің құрамында Ұлы жүзден үйсін Төле би Әлібекұлы, Орта жүзден арғын Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүзден алшын Әйтеке би болды. Бұлардан бөлек әрі батыр, әрі би болған Шақшақ Жәнібек, Сәмеке би, Едіге би, Сасық би, Тайкелтір би, Байдалы би, Шеген би сияқты шешендігімен, көсемдігімен елге танылған билер болған.

Билер кеңесінің шешімдерін ешкім бұза алмаған, хан да, қара да оны міндетті түрде орындаған. Тәуке хан орнықтырған осы демократиялық-құқықтық қағиданы қазақ даласын билеген кейінгі хандар да қатаң ұстанған. Билер кеңесі, әдетте, ел жайлауға көшіп болған соң өткізілді. Билер көбінесе, Сайрам маңындағы Мартөбеге, Сырдариядағы Күлтөбеге не Түркістан жанындағы Битөбеге шақырылды. Қазақтың ру-тайпалары арасындағы өзара дау-жанжалды доғару, елді әділетті негізде біріктіру, мемлекетті нығайту үшін Тәуке хан билер кеңесіарқылы қазақ халқының заң кодексі - «Жеті Жарғыны» қабылдатты. «Жеті жарғы» Қасым хан елді билеген кездері (1511-23) қолданылған «Қасым ханның қасқа жолы» заңдаржинағы және Есім хандық құрған тұстағы қолданылған (1598-1645) «Есім ханның ескі жолы» заңдарының негізінде жасалды. Отыз жылдан астам елді билеген Тәуке ханның ішкі,

сыртқы саясатының ең басты мақсаты - қазақ елінің бірлігімен қазақ жерінің тұтастығын сақтау болды. Тәуке хан құрған билер кеңесінің мүшесі, қазақ халқының ардақты тұлғаларының бірі Әлібекұлы Төле би (1663-1756) оқыған, көзі ашық, халқының ақындық шешендік өнерінентәлім алған дана адам еді. Ол жастайынан билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен ел-жұртқа кеңінен танылады. Төлеби ұзақ ғұмыр сүрген, бүкіл өмір бойы қазақ халқы үшін, оның мемлекеттілігін, тәуелсіздігін сақтау үшін арыстандай айқасып өткен адам. Ол қазақтың Тәуке, Болат, Әбілмәмбет, Жолбарыс, Абылай хандары тұсында мемлекет басқару ісіне араласқан аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері. Төле бидің өзі де ұлы жүздің ханы Жолбарыс қайтыс болған соң, алтыжыл бойы Тәшкентті биледі.

Халық ауыз әдебиетінде Төле би айтты деген билік айту үлгілері, жыр-толғаулар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер өте көп. Солардың бірінде атақты батыр Қанкелді өзінің баласы Райымбек он алты жасқа толғанда «Сәлем беріп, батасын алыпқайт» деп Төле биге жібереді. Төле биге сәлем беріп, елдің сәлем-сауқатын жеткізіп, қонақ болған Райымбек қайтатын кезінде дана қарттан:

Жер дегенім немене?
Ел дегенім немене?
Жер сәні деген немене?
Ел сәні деген немене?
Жерді не көтереді?
Елді кім көтереді? - деп сұрапты.
Жас жігіттің сауалдарының сырын аңғарған Төле би:
Жер дегенің - тірішілік,
Ел дегенің - қара халқың.
Жердің сәні - ұшқан құс пен жүгірген аңы,
Аққан суы, жайқалған шалғыны, ну орманы,
Ел сәні - өркендеп өскен ұлы мен қызы.
Жерді су көтереді.
Елді ер көтереді, - деп жауап береді. [1, 90].

Төле би қазақ халқы ауызбірлікті болса ғана жауын жеңіп, бейбіт өмір сүре алатынын насихаттап өтті. Төле би қартайған шағында Қазыбек, Көкі, Мәлік, Ержан билер оның көңілін сұрап келеді, және одан «еліңізге қандай өсиет қалдырасыз» деп сұрайды. Сонда Төле би: «Жүзге бөлінгендердің жүзі қара. Руға бөлінгендердің құруға асыққаны. Атаға бөлінгендер адыра қалады. Көпті қорлаған көмусіз қалады. Хан азса, халқын сатады. Халық азса, хандыққа таласады» деп жауап берген екен. Қазақ елін ешқашан жүзге, руға бөліп, шеттетіп көрмеген Төле биді бүкіл үш жүздің адамдары қатты құрметтеген. Төле бидің замандасы, тағдырласы Қаз дауысты Қазыбек би «Төле би дүниеден өтті» деген суық хабарды естігенде: «Төле өлді дегенше, дүниеден әділет өлді десейші. Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім жеткен, бұл екеуіне кім жеткен?» деп, жер таянып, көзіне жас алып, күңіренген екен.

Тәуке, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандардың тұсында елді басқару ісіне араласқан мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ халқының тағы бір ұлы тұлғасы Келдібекұлы Қазыбек би (1665-1765) бүкіл ғұмырын ел мүддесіне арнаған әрі батыр, әрі шешен адам болған. Қазыбек би қазақ халқы үшін ауыр кезеңде, жаугершілік аласапыран заманда өмір сүрді. Ел басына күн туған «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» аталған жылдарды да көзі көрді. Жоңғарларға қарсы соғыста қазақ халқының үш жүзінің әскери күшін топтастыруда Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер үлкен рөл атқарды. Қаз дауысты Қазыбектің қай жерде оқығаны, алған білімі туралы нақты дерек жоқ. Бірақ, халықтың арасында сақталып қалған Қазыбек би туралы аңыз-әңгімелер, ол айтыпты деген шешендік сөздер, оның жүргізген билік шешімдері, «алты алаштың ардағы» атанған бидің халықтың салт-дәстүрін, ата жолы заңдарын терең білгенін, озық ойлы, әділ де көреген, батыр адам болғандығын дәлелдейді. Әділдігі мен даналығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің Бас биі еткен. Шоқан Уәлиханов өзінің «XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз-әңгімелер»

деген еңбегінде: «Абылайдан үш жүздің батырларының ішінде кімді қатты құрметтейсің деп сұрағанда, ол былай деп жауап береді: «Өзімнен бұрынғылардан Қалданның тұтқынынан 90 адамды алып шыққан қаракесек Қазыбек пен өз адамдарын тұтқыннан босатып алған уақ Дербісәліге қатты таңғаламын. Біріншісі Қалданның алдына өзі барса, екіншісі аулында отырып, жауын ықтырған…» деп жазады [2, 188б.].

Аңыз-әңгімелерде жастайынан шешендігімен көзге түскен Қазыбек би қалмақ қонтайшыларына үш рет елші болып барған дейді. Алғаш он төрт жасында қалмақтарға барып билік айтқан екен. Тәуке хан жіберген қазақ билері қалмақтың қаһарлы қонтайшысы Цэван Рабданның алдында барғанда, күмілжіп, айтуға сөз таппай тұрғанда бала Қазыбек алға шығып: «Дат, тақсыр!» деп сөз бастап:

Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын
Жеріміздің шетін жау баспасын деп
Найзасына жылқының қылын таққан елміз.
Дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзын ақтай білген елміз.
Бірақ, асқақтаған хан болса - хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса - құл боламын деп тумайды,
Анадан қыз туса күң боламын деп тумайды,
Ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын
Сен темір болсаң, біз көмірміз - еріткелі келгенбіз,
Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз,
Танысуға көнбесең шабысқалы келгенбіз.
Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз,
Тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз.
Бітім берсең жөніңді айт, бермесең тұрысатын жеріңді айт!- деген екен.

Қазыбектің бұл сөздерінен қазақтардың жауласса жауласуға дайын, татуласып, бітімге келсе ымырашыл, бірлікке дайын екенін ұққан қонтайшы жас та болса бас шешеннің өжеттігі мен даналығына риза болып: «Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын», - деген екен. Қазыбек бидің өресі биік шешендігінің арқасында қазақ елшілері жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай қайтарып алып, елге олжалы оралыпты. Қазақты үш жүзінің бірлігінің, татулығыны символындай болған ұлы үш бидің бірі Әйтеке би Байбекұлы өз заманындағы қазақ қоғамын басқаруға белсене қатысқан, мемлекет қайраткері, дүлдүл шешен, білімді, ақыл-парасаты мол тұлға болған.

Әйтеке бес жасында ауыл молдасынан сауатын ашады. Жеті жасынан бастап Әйтеке өзінің даңқты аталары Ақша хан мен Жалаңтөс батырдың тәрбиесіне болады. Ол әуелі Самарқандағы Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс батыр салдырған «Тіллә-кари» (Алтынмен апталған), «Шердор» (Арыстанды) медреселерінде оқып, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шығады. Математика, география, тарих, құқық, астрономия пәндерінен білім алып шығады. Әкесі Байбек пен Қосуақ би Әйтекенің кеменгер шешен болып қалыптасуына ерекше ықпал етеді. Әйтеке оқуын бітірген соң туған жеріне қайтып келіп, әкесі Байбекпен, ұстазы Қосуақ бимен бірге ел басқару істеріне араласады. Ол жиырма бір жасында бүкіл Бұқара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақтардың бас биі болды. Жиырма бес жасында бүкіл Кіші жүздің бас би болып сайланады.

Қазанғап Байболұлы өзінің «Төле бидің тарихы» атты дастанында Төле биге, Қаз дауысты Қазыбекке мінездеме береді, содан соң Әйтеке биді былай сипаттайды:

Онан да өткен Әйтеке,
Құдан ұшқыр, құланнан,
Мұндай шешен болмайды,

Бір сөзін жүз мақалдап,
Сипаттап қандай тіркейді.
Түршіктіріп денеңді,
Барған сайын өрлейді.
Таудай сөзге тарыдай,
Қию тауып сөйлейді.
Ерегіссе біреумен,
Қара жерге теңейді.
Қанша ділмәр дегендер
Ширегіне келмейді [3].

Халық арасында Әйтеке би айтыпты деген билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Әйтеке бидің артында қалған шешендік мұраларынан оның ең алдымен елдің қамын, туған халқының жағдайын ойлайтын кемеңгер жан екенін аңғарамыз. Әйтеке бидің Ормамбетке айтқан мына сөзін соның дәлелі деуге болады:

Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін.
Батыр болсаң, жауға найзаң тисін.
Бай болып елге пайдаң тимесе,
Батыр болып жауға найзаң тимесе,
Елден бөтен үйің күйсін!…

Әйтеке билікті мақал-нақыл сөздермен көрікін келтіріп айтатын, дауды әділ шешетін, кесек сөйлейтін өте әділетті, білгір би болған. Әйтеке туралы айтылатын көп аңыздардың бірінде мынандай оқиға баяндалады. «Ұлы жүздің жігітіне атастырып қойған орта жүздің бір қызы өз елінің бір жігітімен қашып кетеді. Соған байланысты ұлы жүз жағының жігіттері орта жүз ауылдарынан барымталап, жылқы айдап алады. Ақыры, ұлы жүздің биі Төле мен орта жүздің биі Қазыбек айтысады.

Аға болып алдымен туасың,
Алдымнан жылқымды неге қуасың? - дейді Қаз дауысты Қазыбек би.
Артымнан ерген еркемсің,
Ағаңның көзі тірісінде
Жеңгеңді неге ертесің? - дейді Төле би ашуланып.
Сонда екі жағының сөзін тыңдап отырған Әйтеке би былай депті:
Сабыр етіңдер билер!
Ашу бар жерде ақыл тұрмайды.
Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған пәлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады,
Төле, сен жылқыны қайыр,
Қазыбек сен жесірін қайыр!

Әйтекенің төрелігін екі жағы да қабыл алып, ауысқан адамды, малдарын біріне-бірі қайтарып, ел арасы тыныш болыпты.

Қорыта айтқанда, билер шешендігінің келешек ұрпаққа берер тәлім-тәрбиелік мәні өте зор.

Әдебиеттер:

1. Төле би. Әңгімелер, аңыздар, қанатты сөздер және шешендік толғаулар. Құрастырған С.Қалиұлы. «Жалын» баспасы. 1992. 195 б.

2. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. 1 том. Алматы. «Толағай групп». 2010. 376 б.

3. «Қазақ әдебиеті», қаңтар, 2011.

Т.Қалибекұлы[1], Г.Тоқшылықова[2]

[1]ф.ғ.к., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

[2]магистр, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

ЖЫЛҚЫ ТҮЛІГІ БЕЙНЕЛЕНУІНІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ

Әр халықтың байырғы қазынасын бүгінгі үдеріспен байланыстыратын рухани тәжірибесі ұлтты сақтау үшін қажет. Біздің ұлттық құндылығымыздың бірі көшпелі қоғамда ерекше орны болған Қамбар ата түлігі деуге болады. Рухани құндылықтарымыз ұлтымыздың әлем мәдениеті мен өркениетіндегі өзіндік орны, мәні мен маңызын саралап, орнықтыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде еуроцентристік стереотиптерге негізделген қазақ тарихына және оның ішінде атқа міну мәдениетінің озық үлгілеріне деген біржақты бағалауларды жоққа шығарып, жаңаша тәуелсіз ғылыми деректерге негізделген көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді [1]. Адамзат ақыл-ойының қазынасына үлкен олжа салып, рухани дамуға тың серпін берген мәдениеттің мұрагері екенімізді сезіндіретін мәні, күші бар әдеби туындылар ұлттық әдебиетімізде аз емес. Сөз өнері мұраларында көрініс тапқан идея еуразиялық кеңістіктегі тарихи-мәдени үдерістерді жүйелеп, оған жаңаша көзқарас тұрғысынан қарауға жетелейді.

Қазақ қаламгерлері жылқы малының ішкі дүниесіне тереңдей еніп, қазақы дүниетаныммен суреттей отырып, жалпыадамзаттық ұғыммен сәйкестендіре алды. Прозада жылқы табиғаты жан-жақты ашылған деуге болады. «Жылқы малы – көңіл-күйдің түлігі» деген этнограф А.Сейдімбек сөзінің ақиқатын Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесіндегі тақымына ат тиген кедей қызы Күнікей бойындағы өзгерістен байқаймыз. Жігіт қана емес қыз баланың да көңіл-күйі көтеріліп, делебесі қозатындығы, жалынды, жаңа, жат дүниеге кіргендей, тамыр біткені, жүрегі оттай заулап, көтеріңкі, асқақ сезім кернеп, анау көгершін аспанмен ағып келе жатқандай болған ерекше күйінен байқалады. Кешегі ұяң қыз қамшыны бір сермеп, құйғыта берді, бойында қорқыныш жоқ: ерлік, өжеттік пайда болған тәрізді. «Жігіттің сорлысын аттың жалдысы теңейді» деп атам қазақ бекер айтпаған.

Жазушы І.Есенберлиннің тарихи мазмұндағы «Көшпенділер» романында жылқы малына ерекше орын беріліп, шығарманың өн бойында кеңінен сипатталып, желі болып тартылуы түсінікті. Қазақ батырларының ұланғайыр территорияны бағындыруда жылқының шешуші рөл атқарғаны белгілі. Автор жылқы табиғатына жан-жақты қырынан келіп, халық өмірімен, тарихымен тығыз байланыста бере білген. Жылқының сол замандағы қазақ өміріндегі ең тиімді, ең қажетті құрал, көлік, сенімді дос екендігін тарихи оқиғалармен бірлікте көрсете алған. Соның ішінде маңыздысы – ел қорғаған батырлардың астындағы тұлпарының өздеріне сай болуы, тегеурінділігі мен қуаттылығы.

Көшпелілер үшін соғыс даласынан атсыз оралу – қорлық. Қазақ рулары көк шалғынды, саумал көлді, ежелгі қонысын ел болып қайтадан өзі билеп-төстеудегі алғашқы адымын жасап, көшкен кезде Әбілқайыр хан оларды қырып тастау үшін соңдарынан он мың қарулы лашкарын жібереді. Бірақ хан бұйрығы орындалмады. Арқаның жазық даласында бауырын жазып шапқанға әбден үйренген кілең тоқпақ жал, қамыс құлақ, бөрте мінген қазақ рулары ерекше жылдамдықпен, қыпшақ шабуылшыларының ежелгі тәсілін пайдаланып, заматта жау жасағын қоршап алады. Бітім сұраған лашкарларға қойылған талап біреу: «қосылғысы келген лашкарлар қосылсын, қосылғысы келмегендері екеуара бір ат мініп, қалған аттарын тастап елдеріне қайтсын. Босаған аттардың бәрі Жәнібекке қалу тиіс» [2 , 186б.]. Он мың адамның төрт мыңы Жәнібекке қосылып, алты мыңы екі-екіден атқа мінгесіп, кейін қайтты. Бұл жер

содан «Атқамінгескен» деп аталды. Әскердің масқара боп атқа мінгесіп қайтуының өзі – үлкен, ауыр жеңіліс. Заманындағы ең мықты көлік құралы, ер қанаты саналатын аттан айрылудың өзі – үлкен қорлық, масқаралық, жеңіліс саналған. Бұған әрине Әбілқайыр хан жаман қорланды.

Қазақ қаламгерлерінің тағы бір ізденісі немесе шеберлігі десе де болғандай: жылқы малын адамша сезімге ие етіп, адамша ойландырып сөйлету, сипаттау тәсілін енгізуі. Оның жарқын мысалы С.Жүнісов пен Ә.Кекілбаевта кездеседі. Ш.Мұртаза да «Сол бір күз» әңгімесінде жуасып қалған торы тайды ой шырмауында беретін тұстары бар. Өте еңселі, тұлғалы бие – енесін соғысқа алып кеткелі «торы тай енесін сағынатын болу керек, анда-санда адамша күрсінеді» [3, 14б.] «Ақан сері» романының экспозициясында автор Торбестінің атынан сөйлеп, барымтаға шыққандардың жайынан хабардар етеді. Торбесті – торат жаздай табында құр жүрген, оқтаудай шайпау, алақашпа асаулығына басып, оқтай атылатын. Тораттың төңкерулі қазандай жаясына қарап, көрген адам жаз бойы мінілмеген құрат екенін түсінетін. Ә.Кекілбаевтың «Бәйгеторы» повесі де – жылқы психологиясын тереңнен суреттеген туынды. Жылқыны автор тура адамша сипаттайды. Оның әрбір әрекеті адаммен бірдей: өз егесін бірден таниды, шапқанда арқасы қозады, барын салады, миы дыңылдап кетеді, көзінен жас парлайды, аракідік кіжінеді, кейде жалығып кетеді, құлағын жыма түседі. Жылқының сезімін автор барынша нәзік суреттейді. Егесінің даусын естіген сәтін «құлағына жағып бара жатқан сияқты» деп береді.

С.Жүнісовтің «Ақан сері» романы – санаға зіл батпан салмақ салатын туынды. Романда қазақ болмысы, санасы, даласы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігін отарлаудың барлық жолдары мен әдіс-тәсілдері айқын сипатталған. «Біз тарихы жазылмай келген халықпыз» деп Р.Бердібай айтқандай, ұлт тарихы жазылмаған заманда оның көлеңкелі кезеңдері аталған туынды бетінде анық бедерленді. Сол дәуірдің атмосферасын, халықтың жағдайын танып-түсінуде бұл шығарма маңызды рөл атқарады.

Рухты қазақтың жылқысын алудағы мақсат екеу: бірі – арда қазақты аттан түсіру арқылы отаршылдыққа көндіру, басын идіру болса; екіншісі – кең байтақ жеріне келімсектерді қоныстандыру. Тарихшы К.Нұрпейісовтің: «Ұлттық рухтан айрылған халық ел болудан қалып, жігерсіз, еріксіз тобырға айналмақ. Басқаның құрығына мойынсұнып, оның жетегінде кете береді» [4, 18б.] дегеніндей, аталған екі мақсаттың қазақтың ұлттық болмысы мен таным-түсінігіне қаншалықты негативті сипат әкелгені романның өн бойында тұнып тұр. Бодандық қазақ рухын қалғытты.

«Жылқыны – тәңірдің жердегі елшісіне» балаған халқымыз оны қатты құрметтеген. Ұлттық мұрат жолында тарихи ерлік жасаған батырларымыздың әрекеті көп жағдайда тұлпарларымен байланысты болып келеді. Сылаң қаққан жүйрік тұлпардың көмегімен қаптаған қалың қолды сақтап қалатын жағдай да тарихымызда орын алған. Аттың сұлу мүсінінің өзі қаншама қазақты қырылып қалудан сақтағандығына дәлел дерек Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романында кездеседі. Автордың романға енгізген әлеуметтік-рухани салмағы зор, рецепиентке әсері ерекше оқиғасы жылқының сүтіне қатысты.

Қазақ жылқыға табынған жоқ, қадірледі. Оған қызмет етуді өзіне ар санаған жоқ. Туған перзентін «құлыным» деп атауы да содан. Ата-бабамыздың жылқыға деген игі қарым-қатынасы ойдың тереңдігін, сөздің қуаттылығын байқатып, тілдің шұрайын кіргізген Т.Әлімқұловтың туындысы – «Ақбоз ат» романындағы Біркімбай ақсақал бейнесі арқылы көрінеді. Мұнда Қаратаудың теріскейін мекендеген қыр қазақтарының жылқы малымен тығыз байланысты өмірі суреттеледі. Коммунизм ұрандарын қалтқысыз орындауда жылқы малының кеңестік кезеңде де аз құқай көрмегені осы романның экспозициясынан байқалады. Нақтылай айтқанда, орасан жұт болып, совхоздың он мыңға жуық қойы қырылып қалғанда, үкіметке берген мал санын толтыру үшін колхоз басшылары оның орнын жылқы етімен толтырмақ болады.

Адам бойындағы ізгі қасиеттердің бірі әрі бірегейі – адалдық. Кей адамдардың бойынан табыла бермейтін осы қасиетке ие жылқы баласы ерекше қадірлі. Осы абзал қасиеті арқылы

есімі тарихта, халық жадында қалған тұлпарлар аз емес. Заманында Жәмеңке батырға қырғыз досы келіп, қонақ болып, кетерінде астындағы тұлпары Керкекілді сұрап, қолқа салады. Досының көңілін қимай Жәмеңке атын бергенімен, ол бір емес, екі рет еліне (Қарқара) қашып келіпті. Сонда мың шақырымнан артық жерді (Ташкент пен Қарқараның арасы) екі рет артқа тастаған есті жануар күндіз тығылып, тек түнде жүріп отырыпты. Туған жеріне, иесіне, өз үйіріне деген адалдығын сақтаған ақылды жануардың бұл әрекеті жөнінде А.Сматуллаева: «Жат жерге барған аттың көзіне туған жерінің бейнесі елестейтін көрінеді. Оны ұмыттыру үшін баяғыда айнаға қаратып кірпігін жұлады екен» [5, 4б.] деген деректі келтіреді. Екінші дүниежүзілік соғыста қатты жарақаттан аттың үстінен түсіп қалған солдатты шылбырын үзіп тастап кетуге қимаған, өзі аштықтан әбден титықтап тұраласа да мәйіт жатқан жердегі шөпке тиіспеген аттың адалдығы мен жанкештілігі де сөз етуге тұрарлық [6]. Досан-Қарабаста бас бәйгені бермейтін торы атты екінші дүниежүзілік соғыс басталған уақытта басқа аттармен қосып, эшелонмен майдан даласына алып кетеді. Жолда Сарытау маңында Еділ өзеніне өтер тұста жау самолеті поезды бомбалап, жылқының аман қалғаны қайыру бермей, ауа жайылып, қашқанда бәйгеторы арып-ашып туған жеріне жеткен екен. Кейін бұл атты Әскерторы деп атап кеткенін А.Нысаналин жазып көрсеткен.

Жылқы жануарына қатысты қазіргі прозада жазылған салмақты туындылардың бірі – жазушы Несіпбек Дәутайұлының «Айғыркісі» әңгімесі ұлттық рух бояуын сіңірген. Туындыда жылқы әдеби фон ретінде алынып, қазақ халқының рухани құндылықтары, тектілік, киенің құдіреті пайымдалып, өткеннің асыл қазынасы бүгінмен сабақтастырылады. Әлдиі ат үстінде айтылған қазақ үшін жылқының рөлі жоғары. «Бізден кетіп қалған кісілік киені құдай сол жануардың деніне салған шығар» деген бір ауыз сөз арқылы автор көркем шығарманың мәнін ашады. Иесі қорадан құлап ес-түссіз жатқанда, жанының садақасы үшін таңға дейін тосып, буаз биелерінің іш тастағаны; құлын шағынан баптап өсірген Жалғас бақилық болғанда қабір басында аза тұтып тұрғаны – бәрі-бәрі айғырдың кісі қасиетіне ие екеніне дәлел.

Әңгіменің құндылығы жылқының тектілігі мен адалдығын дәріптеуінде. Бүгінгі адамзат баласының кей өкілдерінің рухани деградацияға ұшырап, материалдық құндылықтың құлына айналған тұста халқымыздың «жеті қазынаның» бірі санаған жануардың кісілік танытуы, адам баласының бойынан жоғалған мейірімділіктің жануардың бойынан табылуы – шығармаға өзек болған.

Жылқы жануарының тектілігі сонда ол ешуақытта иесін жау қолында қалдырмайды. Тіпті кейде егесінің ішкі ниеті мен алға қойған мақсатын түйсініп, сезіп, соны жүзеге асыруға жанұшыра көмектесетіндей. А.Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесінде бала Кенжебек тағдырының бақытты аяқталуына себепкер болған Жылқышы ата – қаңлыдан тараған Тасқұл қарияның кеудесіне шерменде боп қатқан өкінішін жеңілдетіп, түрікменнен кегін қайтаруға мүмкіндік берген де жылқы болды.

«Қазақтар киеге үлкен мән береді. Сондай құдіретті күші бар жан-жануарлардың киесі бар дейді, ал олардың өзін киелі атайды. Жан-жануарлардың киесін қадірлемеу – киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары – кесір деп аталады» [7, 34б.]. Тумысынан жылқымен жағаласып, жарысып өскен қазақ оны ұрып-соқпақ түгілі киесі атады деп желіден, жылқышы ұстайтын құрықтан, бақанның үстінен аттап өтпеген. Ел арасында «бақан аттаған байымайды, балта аттаған жарымайды» деген сенім де бар. Расында жылқы – дала халқының жан серігі. Ол ұлтымыздың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мәдениеті мен өнері, сана-сезімі, рухани болмысының тұтас бір айрылмас бөлігіне айналып кеткен. Жылқыда кие бар деп түсінген халқымыз оны сатқанда немесе сыйға бергенде бас жібін (ноқтасын) бермей, алып қалады. Кие өз шаңырағында қалуы үшін сілекейін немесе жалынан бір тал үзіп алып қалады. Яғни, текті жануармен бірге келген береке, киені өз отбасында алып қалуға ниеттенеді. Оның жарқын мысалы Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романында суреттелген.

Қазақ атты қадірлеп, қастерлеп өткен халықтың ұрпағы болса да, оның обал-сауабына қалып, қинап, қорлап, киесіне ұшыраған азғындар аз емес. Жамбас айғырдың айбыны мен

қаһарынан қорқып, ұрлықты тастап, таксист болып, жан бағып, мал асырап, түзелгендер де жоқ емес. Бірақ тақымына көнбеген асау, киелі, қанатты тұлпарды қорлайтындар да кездеседі. Олардың дені бақсақ, қолына билік тиген шолақ белсенділер болып келеді. Осы мазмұнда жазылған туындыларды оқып отырып, жылқы баласының тазалығы мен сезімталдығына тәнті боламыз. Олардың қара ниетті адамдардан қашатындығын аңғарамыз. Жанболат Башардың «Қос боз» әңгімесінде Ақтан байдың әрбір қазаққа арман болған сүліктей мінсіз екі бозының соқаға жегіліп, пұшайман болған күйі баяндалады. Қазақ жерінде орын алған ұжымдастыру науқанының салдарынан аласапыран күйге ұшыраған заман, оның ұлт өміріне, қала берді жан-жануарларына тигізген зардабы жөнінде жазылған шағын дүниенің идеясы айқын. Т.Әсемқұловтың «Кәрі ат» әңгімесінде де заманы өткен жүйрік тұлпардың аянышты жайына куә боламыз.

Осы туындылардан түйгеніміз тағдыры бір адамның тағдырындай тұлпарлар қазақ тарихында аз болмаған екен. Рецепиенттің жан-дүниесіне, санасына, қала берді көңіл-күйіне әсер ететін бұл әңгімелер өткен заман шындығынан хабат берумен қатар, мейірімділікке, имандылыққа тәрбиелейтіні сөзсіз. Халқымызда осы айтылған Тарақбай, Мыңбай, Бұлды сынды жандарға жаны қас, керісінше ат десе ішкен асын жерге қоятын, олардың бабын жасап, баласындай күтетін жандар да аз болмаған. Ғ.Мүсірепов очеркі арқылы қалың қазаққа аты тараған, Ғ.Қайырбеков, К.Салықов, Ф.Оңғарсынова сынды ақындар жырдан шашу шашқан, Абай мен Жамбыл ақынның мерейтойларында бас бәйгені иемденген Бұланқара, Құланқара, Желмая сынды жүйрік тұлпарлардың иесі әрі бапкері соғыс ардагері (мүгедегі), еңбек ері Бошай Кітапбаев, Біркімбай ақсақал («Ақбоз ат»), Зейнелқабден қария («Дайағашшы») сынды атбегілерді еңбегі ерен.

Халқымыздың «Тұлпарға қас қылғанның тұқымы құриды» деген сөзінің ақиқаты А.Рақыштың «Көк биенің киесі» әңгімесінде ашыла түседі. Кие ұрған шаңырақтың бір тұраласа, қайтадан бой көтере алмайтыны менмен, тәкаппар Таласбай отбасының тағдыры арқылы тарқатылады. Оның қызғаншақтық, менмендік, көрсеқызарлығынан қос жүйрік қана емес, өз отбасы да толықтай зардап шегеді.

Жылқы тақырыбы – тұтас ұлттың көкейінде, жан-дүниесінде сайрап, тұнып жатқандығына ел арасында кеңінен тараған күйлер де куәлік ете алады («Бозінген», «Желмая», «Ақсақ құлан» т.б.). Жылқыны дәріптеу арқылы ұлтты дәріптеп, ұлт құндылықтарын халық санасына сіңдіріп, түп-тамырымызды жете тану арқылы ұлттық сана көкжиегін кеңейте аламыз. Оның халық жадында жаңғыруы – ұлттық сананы бекітіп, ұлттық намысты жанып, жастарды елжандылық рухта тәрбиелеуге мүмкіндік береді және өмірлік ұстанымына әсер етеді.

Қазақ жазушыларының жылқы бейнесін өз шығармаларына негізгі арқау еткен туындыларында тақырыпты игеру мүмкіндігі мен жетістігін бүгінгі күн тұрғысынан зерделей отырып байқағанымыз: жаугершілік заманда жылқы – қазақтың жаны, ер қанаты деп танылса, бүгін де сол құндылығы мен қасиетін жоғалтқан жоқ. Керісінше, жылқы бойында сақталған түрлі адалдық, тазалық, бауырмалдық, мейірімділік сынды ізгі қасиеттерден адам баласы айрылып қалып жатқанын жазды қаламгерлер. Олардың жылқы бейнесін, тағдырын өз шығармаларында пайдаланудағы басты мақсаты – оқырмандарына ой салу, жанын ізгілендіру болды. Жылқының бойындағы тазалық арқылы адамдарды рухани деградацияға ұшыраудан сақтандыруды көздеді. Сондай-ақ, обал, сауап ұғымдарын ұмытпауға шақырады. «Судың да сұрауы бар» деген танымды ұстанатын бабамыз тілі жоқ болса да адамға деген адалдығынан арылмаған жылқы малының басқа жануарлардан ерекшелігін, артықшылығын жақсы білген.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің №AP14872341 «Қазақ көшпелілерінің өміріндегі жылқының рөлі және оның ұлттық әдебиеттегі көркем репрезентациялануы» атты 2022-2024 жылдарға арналған гранттық жобасы негізінде жарияланды.

Әдебиеттер:

1. Сүлейменова Ж.Д. Көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі адам және әлем модельдері. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. Алматы, 2011. 171 бет.

2. Есенберлин І. Көшпенділер. -Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2014. -896 бет.

3. Мұртаза Ш. Таңдамалы. -Алматы: Жазушы, 2019.

4. Нұрпейіс К. Еуроцентризм, жаһандану және ұлттық рух хақында // Қазақ тарихы, 2005. №2. -16-21бб.

5. Сматуллаева А. Қазақ ұмытпайтын сәйгүліктер // Қазақтар XXI. 2014, 20 ақпан (№8). -4бет.

6. Нысаналин А. Адамдар мен арғымақтар. Тұлпарлар толғауы // Жамбыл. №3. 2010. 163-181бб.

7. Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. -Алматы, 2008. -448 бет.

Б.М.Сұлтанова

Филология ғылымдарының кандидаты, қауымд.профессор м.а.,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қожа Ахмет Ясауи – ақын, ойшыл, ұстаз, бүкіл түркі жұртына имандылық нұрын шашқан діни қайраткер, ағартушы, жаңа сопылық ағымның ғұламасы. Күллі түркі жұртына «Түркістан пірі» деген атпен танымал болған Ахмет Ясауи дің «Диуани хикмет» атты шығармасының түркі жазба әдебиетінде алар орны ерекше. Кемелдікті жырлаған сопы-шайырдың асыл мұрасы бүгінгі түркі тілдерінде бірнеше рет жарық көрді, ғылыми зерттеу жұмыстарға өзек болды. Соның нәтижесінде Ясауи шығармашылығы мен тариқатын зерттеуге арналған иасауитану саласы қалыптасты. Басқа түркі халықтары секілді қазақ ғалымдары да баба мұрасын зерттеуде өз үлесін қосып келеді. Қазақ әдебиеттануда ғылымы ғана емес, әлемдік әдебиеттану ғылымында Қожа Ахмет Ясауи ілімі мен шығармашылығы жайлы зерттеулер аз емес.

Ясауи танудағы алғашқы ғылыми зерттеуші авторлар, орыс шығыстанушылары – Е.Э.Бертельс, А.Н.Самойлович, А.К.Боровков, Г.Ф.Благова, Ә.Наджиб В.В.Бартольд, В.А.Гордлевский еңбектерінде-ақ «Диуани хикметтің» әдебиет туындысы ретіндегі ерекшеліктеріне назар аударыла бастаған болатын. Иасауи есімін тарихта қалдырған оның «Диуани хикмет» атты поэзиялық туындысы болғандықтан, отандық ғылымда ақын шығармашылығы өзге қырынан гөрі әдеби тұрғыдан көбірек зерттелді. Ұлт әдебиетіндегі Иасауи жайлы зерттеулердің алғашқы бастамасы өз тұсында сопы ақынға қатысты көптеген аңыз-әңгімелерді жинақтаған М.Ж.Көпейұлы шығармашылығынан басталады. Қазақ топырағындағы алғашқы иасауитанушы деп М.Ж.Көпейұлын айтуға болады. Одан кейін кеңестік кезең саясаты Ясауи дің ақындық тұлғасы жайлы лайықты пікір білдіруге мүмкіндік бермегенімен, Ж.Аймауытов, М.Дулатов секілді көрнекті қаламгерлер танымдық мақалалары арқылы ақын есімінің ұлт жадынан өшпеуіне өзіндік үлес қосты. Белгілі қоғам қайраткері жазушы Міржақып Дулатов болды. Ясауи тақырыбына қалам тартқан ол өзінің «Қазақ» газетіне баылған «Хазірет Сұлтан» атты мақаласында тек Әзірет Сұлтан жөнінде ғана емес, жалпы қазақ тарихынан, Түркістанда билік құрған хандар жайында да келелі сөз қозғады.

Ясауи шығармашылығын әдебиет тарихында берік орнықтыруды көздеген белгілі ғалымдар Х.Сүйіншәлиев пен Ә.Қоңыратбаев аталмыш тақырыпта толымды зерттеу мақалаларын жазды.

Кеңес дәуіріндегі Ясауи жайындағы үнсіздікті тек 1957 жыла ғана ғалым Ханғали Сүйіншәлиев бұзды. Ол Ясауидің биік дәрежедегі ақын екендігін «Қазақ әдебиетінің қалыптасуы кезеңдері» деген еңбегінде жазып, ақынның әдебиетіміздегі орнын белгілеп, шығармашылығына әдеби тұрғыдан баға берді. Ясауи Шығыс Ренессанысымен байланыстыра зерттеу мәселесіне қойған ғалым Ә.Қоңыратбаев болды. Қазіргі кезде Н.Келімбетов, Р.Бердібаев, М.Жармұхамедов, Ә.Дербісалиев, М.Шафиғов, С.Дәуітов сияқты әдебиетші ғалымдар және Б.Сағындықов, Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, Ә.Қайдаров сияқты тілші ғалымдарымыз ясауитануға ат салысуда. Ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, оған тарихи, әдеби, тілдік тұрғыдан түсінік берген ғалым – М.Жармұхамедұлы. К.Х.Тәжікова Ясауидің дүние танымдық көзқарасын, сопылық оқуын танытуда еңбек етіп келеді. Ясауитануға Түркия ғалымдарының сіңірген еңбегі орасан зор . К.Ераслан Ясауидың хикметтерін түрік тіліне аударып, «Диуани хикмет сечмелер» атпен Анкарадан жеке кітап етіп шығарды. Ясауи поэзиясын зерттеуге өзбек ғалымдарынан Э.Р.Рустамов, Н.М.Малаев, В.И.Захидов, М.Хаққұловтар да үлестерін қосты. А.К.Боровков, Э.Наджип сияқты ғалым – түркологтар «Диуани Хикметтің» тілін зерттеп, хикметтер XII ғасырдағы оғыз-қыпшақ тілінде жазылған деген анықтама жасады.

«Диуани хикметке» қатысты аударма жұмыстары мен ғылыми зерттеулерді қатар атқарған ғалым М.Жармұхамедұлы еңбектерінде Ясауи хикметтеріндегі идеялық мазмұн, образдық жүйе, айтыс үлгілері мен дидактизм көріністері тәрізді бірқатар мәселе қарастырылған. Хикметтерді аудару ісіне елеулі үлес қосқан ғалым С.Дәуітұлы сопы ақын поэзиясының болмыс-бітіміне мазмұндық-идеялық тұрғыда талдау жасай отырып, қазақ поэзиясындағы Ясауи дәстүрлерінің даму жолдарын айқындап берді. Әдебиеттанушы А.Ахметбектің зерттеуі сопы ақын Қожа Ахмет Ясауидің өмір салты мен шығармашылық мұрасын тығыз байланыста қарастырып, хикметтерге осы тұрғыдан терең де байыпты талдау жасауымен ерекшеленеді. Иасауи шығармашылығын ежелгі дәуір әдебиетінің көркемдік жүйесі контексінде қарастырған ғалым А.Егеубаев сопы ақынды өзінен кейін дәстүр қалдырған шығармашылық иесі ретінде даралап танытса, жас ғалым Т.Қыдырдың зерттеуінде ислами әдебиет іштей жүйеленіп, Ясауи және Бақырғани шығармашылығы талдау назарына алынған.

Қожа Ахмет Ясауи поэзиясын әдеби тұрғыдан зерттеудің негізгі бағыт-бағдарын, басшылыққа алынатын әдіс-тәсілдерін айқындаған әдебиеттанушы Т.Есембековтің, Ясауи хикметтерінің функциялық ерекшеліктерін, олардағы діни мазмұнның көрініс табу жолдарын талдаған ғалым А.Жақсылықовтың, «Диуани хикмет» тілінің көркемдік сипатын тереңдете қарастырған академик Р.Сыздықованың, қазақ агиографиясын Ясауи тұлғасымен байланыста зерттеген Ш.Құсайыновтың, тарихи-филологиялық бағытта зерттеу жүргізген А.И.Пылев еңбектерінің отандық Ясауитану ғылымында елеулі орны бар.

Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде Иасауи поэзиясына қатысты қалам тербеп, өзекті мәселелерді қозғаған белгілі ғалымдар Р.Бердібай, М.Мырзахметов, Р.Нұрғалиев, Т.Кәкішев, Ә.Дербісәлиев, Н.Келімбетов, Ө.Күмісбаев, А.Қыраубаева, И.Жеменей мақалаларында «сопылық әдебиет» аталатын көркемдік әлем ерекшеліктері әр қырынан ашылып, сопылық дүниетанымның көркем әдебиеттегі көрінісі төл әдебиет мысалдарында талдап-таразыланған, әдебиет зерттеушілерінің алдағы ізденіс бағыттарын белгілейтін бірқатар тұжырымдар айтылғандығын» айтады Назгүл Сафуллина.

Бүкіл дүние жүзі бойынша Ясауи туралы кемінде 300-ден аса зерттеу еңбегі жазылған екендігін айтады академик Р.Сыздықова. Ғалым одан әрі «Диуани Хикметтің» көркемдік тілі туралы зерттеулер өте аз болғанын айтады. Орыс ғалымдары, түркітанушылар оның тіліне де назар аударған. «Диуани Хикмет» кітабының жалғыз көркемдік жағынан ғана емес, лексика грамматикалық түр-тұрпаты жағынан да зерттеп жазған академик Р.Сыздық.

Дегенмен Ясауи хикметтері мен қазақ фольклоры арасындағы байланыс түрен тимеген күйінде еді. Біз бұл мақалада зерттелуі кемшін бір тақырыпқа – иасауитану саласының білгірі, осы салаға үлкен үлес қосып жүрген Болат Қорғанбековтің «Қожа Ахмет Ясауидің Диуани Хикметі және қазақ фольклоры» атты зерттеу еңбегіне назар аударамақпыз.

Ғылыми еңбек «Рухани және шығармашылық байланыстың далалық негіздері», «Дүниетанымдық және мазмұндық байланыс», «Жанрлық түбірлестік және көркем бейнесалаластығы», «Қ.А.Ясауи туралы қазақ аңыз-әпсаналары», «Қазақ халық прозасындағы және «Диуани хикметтегі» Ясауи бейнесі», «Тілдік қолданыс пен өлең құрылысындағы туыстық» атты тараулардан тұрады. Бұл тарауларда Ясауи ілімі халқымыздың ең абзал қасиеттерін қалыптастырғандығы сөз болады. «Адамсүйгіштік, бауырмалдық, кеңпейілділік, кішіпейілділік, қонақжайлық, дархандық, отансүйгіштік, ержүректілік сияқты ұлттық қасиеттеріміздің қайнар көзі – Ясауи ілімі болды» [3] -дейді ғалым Б.Қорғанбеков. Одан әрі ғалым «Ясауи ілімі – барлық пайғамбарлар насихаттаған хал ілімі еді. Ол «батини ілім» («ішкі»), «ладуни ілім» («рухани») деп те аталады. Барлық пайғамбарлардан жетсе, неге «Ясауи жолы», «Ясауи ілімі» деп аталады деген сұрақ туындауы да мүмкін. Бұл – шартты атау. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар үйреткен батини (ішкі әлем, жүрек ілімі) ілімді біз Ясауи арқылы танығандықтан, осындай атау қалыптасқан болатын. Өзбек профессоры Н.Комилов бұл жөнінде: «Ақырында Ясауидің кие тұтқан пірі Арыстанбап төрт жүз жылдан кейін тілінің астында сақтап Ахметке жеткізген құрма қазіреті Пайғамбардың үлесі еді, яғни Ясауи – Мұхаммед фақырдың, Мұхаммед сүндетінің және Мұхаммед тариқатының мирасқоры» [3], – десе, түрік профессоры M.Tahрали осы туралы: «...Құрма рәмізін Арслан баба арқылы Хз. Пайғамбардан тікелей аманат болып келіп, өзіне берілген рухани құндылық деп ұғыну керек. Өйткені бұл «құрма» «Екі әлемнен өтіп, мас қылғанына» қарағанда, кәдуілгі құрма емес. Құрани кәрімде айтылған «құрма» сөзінің сопылар қолданған «ишари» (символдық) мағынасын ой елегінен өткізсек, мұны «Илаһи мағрифат пен хақиқаттар», «жүрек түкпіріндегі, рухани халдер, Илаһи сипаттардың көрінуі», олардың мадақталуы және руханият жемісі түріндегі сый, перделердің ашылуы, тазару және ішкі әлемдегі халдер» деп ұғыну керек» [4], – дейді. Ислам ғұламалары да, халқымыз да Ясауиді Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың тікелей мирасқоры деп есептетеген.

Сопылықтың, оның ішінде, Ясауи ілімінің ең түпкі мақсаты – Алламен қауышу. Адамның Жаратушыға жетуіндегі қозғаушы күш – ғашықтық. Сондықтан да Ясауи: «Не қылсаң да, ғашық қылшы, Пәруардигар», – деп жалбарынады. Абай айтқан «имани гүлге» негіз болатын ғашықтық Алланы, барлық адам баласын және әділет жолын сүюден тұрады. Алланы сүю Оны танудан басталса, сопы үшін адам мен әлем – Ғашығының мүлкі ретінде қадірленетін құндылық. Сондай-ақ олар Алланы танудағы гносеологиялық саты да. «Өзін таныған, Алланы да таниды» деген пайғамбар хадисін Ясауи да басшылыққа алады. Сондықтан да Ясауи жолы үшін дүние тәркілік (аскеттік) жат. Оның 63 жасында қылуетке (жер асты мешіттіне) түсуі – дүниеден безудің емес, керісінше, Пайғамбарға деген, содан туатын адам баласына деген махаббаттың белгісі екендігі жан-жақты сөз болады.

Әдебиеттер:

1. *Қорғанбеков Б. Қожа Ахмет Ясауидің Диуани Хикметі және қазақ фольклоры. Астана: Сарыарқа, 2012, 258 б.*
2. *Қорғанбеков Б. Ясауи ілімі: кеше, бүгін және ертең // www.masa.kz*
3. *Комилов Н. Тасаввуф. Иккинчи китоб. Тавхид асрори. Тошкент: Ғафур Ғулом номидоги Адабиёт ва санъат нашриётлари, 1999, 84 б.*
4. *Mustafa Tahrali. Ahmed Yesevi'nin Divan-i Hikmet'inde Dini-Tasavvufi unsurlar \\ Ahmed-i Yesevi: hayati-eserleri-fikirleri-tesirleri. Istanbul: Sena Nesriyat ve Ticaret a.s. 1996, 421 s.*
5. *Ильин И.А. О русском национализме. Москва: Российский Фонд Культуры, 2007, с. 109.*

С.Б.Бегманова.,[1] М.Г.Ганиева[2]
[1]ф.ғ.к., қауым. профессор, [2]магистр
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҰСТАНЫМ

Қазақ әдебиетінде Махамбет Өтемісұлының бейнесі ерекше орын алады. Ол – батыр, ақын, азаттықты аңсаған күрескер. Махамбет бейнесі тек оның жеке тұлғасының қырларын ашумен шектелмей, ұлттың арман-мұраты мен еркіндікке деген ұмтылысының символына айналған. Қазақ тарихи прозасында жазушылар Махамбеттің қайраткерлік және шығармашылық болмысын көркемдік шеберлікпен бейнелеп, оның образын ұлт рухының көрінісі ретінде қалыптастыра білді. Махамбет Өтемісұлы – Исатай Таймануғлы бастаған көтерілістің белді мүшесі, ақын әрі халық үшін күрескен қайраткер. Оның өмірі XIX ғасырдың басында қазақ халқының отаршылдық езгіге қарсы күресімен тікелей байланысты. Махамбеттің өлеңдері мен қоғамдық қызметі оны өз заманындағы батырлар мен шешендер қатарынан ерекшелендірді. Ол қазақ халқының азаттығы үшін күрескен ұлтшыл ақын ретінде танылды. Махамбеттің өмір жолы – ерлік пен адалдықтың үлгісі, ал оның бейнесі кейінгі ұрпақ үшін батылдық пен елдікті ұлықтайтын символға айналды[1].

Тарихи проза жанрындағы Махамбеттің бейнесі көбінесе шығармаларда күрескер, халықтың жаршысы ретінде суреттеледі. Бұл ретте мына шығармаларды атап өтуге болады:

Ә.Кекілбаевтың «Шандоз» романдары, С.Бақбергенов «Дауылдан кейін» повестьі, Әнуар Әлімжанов «Махамбеттің жебесі» романы, Т.Әлімқұлов «Қараой» әңгімесі [2].

«Қараой» әңгімесі қазақ әдебиетінің алтын қорына енген туынды. Бұл әңгімеде Махамбет Өтемісұлының бейнесі ерекше трагедиялық реңде көрсетіліп, оның өмірінің соңғы күндері сипатталады. Тәкен Әлімқұлов Махамбетті тек батыр, жыршы ретінде емес, күрделі рухани әлемі бар тұлға ретінде бейнелейді. Әңгімеде Махамбеттің ішкі жан-дүниесі терең ашылады. Ол тек күрескер, хан-сұлтандарға қарсы шыққан батыр ғана емес, әділдік іздеген ойшыл. «Қараойдағы» жалғыздық Махамбеттің өмірдегі шындықпен бетпе-бет қалғанын көрсетеді. Оның достарына, туған халқына деген сенімі шайқалмайды, бірақ әділетсіздік пен сатқындық оның жанын күйзелтеді. Бұл арқылы автор Махамбеттің рухани беріктігін, қайсарлығын көрсетеді.

Тәкен Әлімқұловтың шығармасында Махамбет тек тарихи тұлға емес, ол – мәңгілік әділеттің символы. Автордың кейіпкер бейнесін беруі оқырманды ойландырып, оның күрескерлік рухына құрметпен қарауға мәжбүр етеді. Әңгімедегі табиғат суреттері де Махамбеттің ішкі күйзелісін тереңдетеді. «Қараойдың» суығы Махамбеттің соңғы күндеріндегі жалғыздығы мен қайғысын аша түседі. Бұл тәсіл арқылы Әлімқұлов кейіпкердің трагедиясын одан әрі күшейтеді. Әңгіме арқылы автор ұлы тұлғаның рухани күшін, оның азаттыққа деген сүйіспеншілігін көрсетіп қана қоймай, оқырманға ұлттық рух пен тарихи жадының маңыздылығын жеткізеді.

Әнуар Әлімжановтың “Махамбеттің жебесі” романындағы Махамбеттің бейнесі — күрделі әрі терең. Автор оны еркіндік пен әділеттілік жолында жанын пида еткен ұлт қаһарманы, халықтың рухани жаршысы ретінде бейнелейді. Бұл роман тек Махамбеттің тұлғасын ашып қана қоймай, оқырманды оның ерлігінен үлгі алуға шақырады. Әлімжановтың Махамбетті бейнелеуі — қазақ әдебиетінде ұлттық рух пен патриотизмді көркемдік тұрғыда дәріптеудің жарқын үлгісі.

Әнуар Әлімжанов өз шығармаларында Махамбеттің көрегендігі мен патриоттық қасиеттерін бейнеледі. Оның шығармаларында Махамбет тек қана батыр емес, өз халқының азаттығы үшін жаны күйзелген, ақиқат пен еркіндікке ұмтылған қайраткер ретінде көрінеді. Романда Махамбеттің бейнесі тек жеңімпаз күрескер ғана емес, сонымен бірге трагедиялық тұлға ретінде көрінеді. Оның өмірі ауыр сынақтар мен жеке қайғыларға толы. Туған халқының азаттығы үшін барын бергенімен, Махамбеттің арманы толық жүзеге аспайды.

Оның қазасы халықтың мұңына айналғанымен, ерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі болады. Әлімжанов осы қайғылы оқиға арқылы Махамбеттің ұлттық тұлға ретіндегі шексіз биіктігін көрсетеді[3].

Тарихи прозада Махамбеттің бейнесін ашу үшін жазушылар әртүрлі көркемдік шешімдер мен әдеби тәсілдер қолданған. Олардың қатарында тарихи оқиғаларды, батырдың ішкі толғаныстарын, халқымен байланысын сипаттайтын метафоралар мен эпитеттер көптеп кездеседі. Махамбеттің азаттыққа деген ұмтылысын көрсету үшін жазушылар оның тұлғасын халықтың батырлық рухын білдіретін символ ретінде бейнелейді[4].

Махамбет Өтемісұлы – қазақ тарихындағы ерекше тұлға. Оның ерлікке толы өмірі мен азаттық жолындағы күресі қазақ тарихи прозасында кеңінен көрініс тапты. Әбіш Кекілбаев сияқты қаламгерлер тарихи оқиғалар арқылы Махамбеттің күрескерлік бейнесін сомдаса, Рахымжан Отарбаевтың «Бас» романы оның ішкі әлемін, рухани драмасын ерекше суреттейді.

Бұл шығармаларда Махамбет – әділет жолындағы ерлік пен күрес символы. Рахымжан Отарбаевтың «Бас» романы Махамбеттің өмірінің соңғы кезеңдерін және оның өлімінен кейінгі тағдырын ерекше стильде суреттейді. Бұл шығармада:

Отарбаев Махамбеттің жеке басындағы қайғы-қасіретті, оның әділетсіздікпен бетпе-бет келген кездегі жан дүниесін терең ашқан. Романның басты символы – Махамбеттің кесілген басы. Ол арқылы автор ұлттың рухани жадын, азаттық үшін күрестің мәңгілігін көрсетеді.

Отарбаев шығармасында Махамбеттің ақындық әлемі ерекше орын алады. Оның жырларының халықтың азаттық аңсаған рухын көтерудегі маңызы көркем сипатталған. Отарбаев романы Махамбеттің күрескер бейнесін ғана емес, оның ішкі әлемін, рухани тереңдігін көрсетіп, ұлттық азаттық идеясының мәңгілік екенін ерекше ашқан.

Әнуар Әлімжановтың “Махамбеттің жебесі” мен Рахымжан Отарбаевтың “Бас” романдарындағы Махамбеттің тұлғасы: салыстырмалы талдау.

Әнуар Әлімжановтың “Махамбеттің жебесі” және Рахымжан Отарбаевтың “Бас” романдары Махамбет Өтемісұлының тұлғасын әр қырынан ашып көрсеткен, тарихи және көркемдік тұрғыдан маңызды шығармалар. Әр автордың Махамбетті бейнелеу тәсілі оның дәуіріне, көзқарасына және көркемдік әдісіне байланысты ерекшеленеді. Бұл мақалада екі романдағы Махамбеттің тұлғасы салыстырылады.

Әнуар Әлімжановтың “Махамбеттің жебесі” романында Махамбет алдымен ұлт-азаттық күрестің рухани көсемі ретінде бейнеленеді. Оның Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістегі рөлі, отаршылдыққа қарсы күреске қосқан үлесі басты назарда. Әлімжанов Махамбеттің күрескерлігін оның халықты рухтандыратын өлеңдері мен батырлығын көрсету арқылы ашады[5].

Ал, Рахымжан Отарбаевтың “Бас” романында Махамбеттің күрескерлік бейнесі одан да терең философиялық тұрғыдан беріледі. Романда Махамбеттің басы (өлтірілгеннен кейінгі бас сүйегі) арқылы тарихи әділетсіздікке назар аударылады. Махамбет тек күрескер емес, оның тұлғасы халықтың рухани тұтастығының символы ретінде көрініс табады.

Әлімжанов шығармасында Махамбет өмір сүрген кезеңнің тарихи оқиғалары кеңінен суреттелсе, Отарбаевтың романында оның қайтыс болғаннан кейінгі тағдыры арқылы рухани күрестің мәңгілігіне басымдық беріледі.

Әлімжанов Махамбетті реалистік тұрғыда суреттесе, Отарбаев символикалық әрі метафоралық тәсілді қолданады.

Әлімжановтың романында Махамбеттің ақындық қыры оның күрескерлігімен тығыз байланыста ашылады. Оның өлеңдері көтерілістің ұраны, халықты жігерлендіретін құрал ретінде бейнеленеді. Автор оның поэзиясын күрескерлік пен халық мүддесін қорғау жолындағы маңызды құрал ретінде қарастырады.

Отарбаевтың романында Махамбеттің ақындығы оның рухани тереңдігін көрсетеді. Оның шығармашылығы арқылы қазақтың бостандыққа деген ұмтылысы ғана емес, адамзатқа ортақ

философиялық құндылықтар ашылады. Махамбет поэзиясы мәңгілік, оның сөздері тек көтерілістің ұраны емес, уақыттан тыс рухани мұра ретінде сипатталады.

Әлімжанов Махамбетті жырау, көтерілісшілердің рухани жетекшісі ретінде бейнелесе, Отарбаев оның ақындық болмысын метафоралық деңгейде тереңдете түседі.

Әлімжанов Махамбеттің трагедиясын көтерілістің сәтсіздігі, Исатайдың өлімі және өзінің қуғын-сүргінде жүруімен байланыстырады. Автор оның өмірінің соңғы кезеңдерінде бастан кешкен қиыншылықтарын шынайы сипаттайды.

Отарбаевтың "Бас" романында трагедия Махамбеттің өлімінен кейінгі тағдыры арқылы бейнеленеді. Оның басының ұрлануы, тарихи әділетсіздікке ұшырауы және рухының тыныштық таппауы – ұлттық трагедияның көрінісі. Автор Махамбеттің өлімі арқылы халықтың рухани отарлануын тереңдете көрсетеді[6].

Әлімжанов трагедияны жеке тұлғаның өмірі мен күресі аясында қарастырса, Отарбаев оны халықтық деңгейдегі символдық мағынаға көтереді.

Отарбаевтың шығармасы тарихи әділетсіздікке ерекше көңіл аударады.

Әнуар Әлімжановтың "Махамбеттің жебесі" мен Рахымжан Отарбаевтың "Бас" романдары Махамбеттің тұлғасын екі түрлі тәсілмен бейнелеген. Әлімжанов оны ұлт-азаттық күрестің көшбасшысы, батыр және ақын ретінде реалистік тұрғыдан сипаттайды. Ал Отарбаевтың шығармасында Махамбеттің тұлғасы символикалық және метафоралық деңгейде, ұлт рухының мәңгілік бейнесі ретінде көрінеді. Екі шығарма да Махамбеттің күрескерлік рухын, ақындық болмысын және ұлттық трагедиясын терең ашып көрсетеді [7].

Қорыта келе, Қазақ тарихи прозасындағы Махамбет бейнесі – батырлық пен рухтың символы. Ал Рахымжан Отарбаевтың «Бас» романында Махамбет тұлғасы философиялық деңгейде, оның трагедиясы мен рухани мұрасы арқылы бейнеленеді. Бұл екі қырынан қарастыру Махамбет бейнесін толыққанды түсінуге мүмкіндік береді.

Махамбет бейнесі қазақ тарихи прозасында рухани күрес пен батырлықтың символына айналды. Әдеби шығармалар арқылы ұлт тарихындағы Махамбеттің рөлі мен маңызы кеңінен насихатталуда. Бұл жазушылардың тарихи тұлғаны көркем бейнелеудегі шеберлігін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. *Мырзахметов М. «Қазақ әдебиетінің тарихи тұлғалары». – Алматы: Ана тілі, 1993.*
2. *Нұрқатов, А. Махамбет поэзиясы және тарихи шындық. Алматы: Ғылым, 1980.*
3. *Қирабаев, С. Әдебиет және дәуір. Алматы: Мектеп, 1983.*
4. *Ахметов, З. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Рауан, 1994.*
5. *Қирабаев, С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы: Ғылым, 2001.*
6. *Отарбаев, Р. Бас. Алматы: Қаламгер, 2012*
7. *Әлімжанов, Әнуар. "Махамбеттің жебесі". — Алматы: Жазушы, 1969*

Қ.Е.Абиыр

Филология магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ РАЙЫМБЕК БАТЫР ОБРАЗЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» дәуіріндегі қасіретке қабырғасы қайысқан елдің өз үмітін ақтар ұландарды тілегені анық. Тұтас бір ұлт өз тағдыр-талайы құрдымға бет алған шақта ендігі үмітін өскелең ұрпаққа артуы Райымбектей ұландарды айрықша алапат күш иесі ретінде шынықтырып шығарды. Астана қаласында 2005 жылы жарық көрген «Райымбек» атты жинақтың «Ерлігіңе – мәңгілік тағзым» атты үшінші бөліміне бір топ

ақынның Райымбек батыр рухына бағышталған өлең-жырлары енген [3]. Мақалада Е.Ібітанов, О.Асқар, Ж.Тұрлыбайұлы, Ш.Әлдибеков, Н.Қалқа, т.б. арнау өлеңдерін жүйелі түрде талдап шықтық.

«Тарихи тұрғыдан ел үшін, халық үшін маңызы орасан зор, тарихи мәні терең, іс-әрекеттерге барған, немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айырықша орны болған адамға халықтың өзі осындай тұлғалық деңгейге көтеретін бағаны беріп отырған» [2, 158 б], - дейді әдебиеттанушы Қ.Әбдезұлы. Олай болса, Райымбек батырға бағышталған арнау өлеңдерді осы ғылыми пайым шеңберіндегі халықтың тарихи тұлғаға берген бағасы ретінде саралауға толық негіз бар.

Өтепберген Ақыпбекұлының «Тәңіртаудай зор тұлға» атты көлемді толғауы – тіл шұрайы, өлең өрнегі жағынан оқшау тұрған туындылардың бірі. Жер жаннаты – Жетісудың жасыл желегін күл етіп, ұл-қызын күң етіп, зәрін төгіп жеткен жоңғар шапқыншыларына төтеп беру үшін бас көтерген Райымбек сынды ұлт ұландарының жанқиярлықпен жүргізген шайқасы жырда білектің күшімен ғана емес, ақыл мен айланың ұштасуы ретінде бағамдалады. Ұрыс сценаралының динамикасын қоса қамтып суреттейтін жыр жолдары аңыздық сюжетті арқау ете отырып, Райымбек жасағының Ілені кешіп өту хикаясын баяндайды.

«Тықсырды жоңғар құрғандай торды,
Маңдайды тасқа ұрғандай болды:
Алды – жау,
Арты – ағынды Іле,
Ібіліс қияс бұрғандай болды» [3, 318 б], -

деген жолдарда топты жасақты психологиялық сарсаңға түсірер тығырықты жағдай бейнеленеді. Соғыс ойынына шыныққан, болаттай берік сарбаздардың бұған да дес бермей, дарияны жүзіп өтіп кетуі жоңғарарды сан соқтырады. Эпикалық баяндау дәстүрі батыр баба жайлы аңыздық баянның бір сілемін қызғылықты жеткізеді. Автор қолбасшы Райымбектің жасақ тағдыры үшін жауапкершілікті сезінген күйзелісті сәтін назардан тыс қалдырмайды:

«Түтігіп жүзі, қаны да ысып,
Дұшпанға кегі даныға түсіп:
Бас болып өзі күмп берді суға,
Тұлпардың күлте жалынын құшып» [3, 318 б].

Осылайша, эпостық жыр мен жазба поэзиясының алтын аралығындағы стильде көркем бедер тапқан жыр жолдары тарих қойнауында қалған батыр баба бейнесіне жан бітіреді. Қасіреттен көз ашпаған халқына жеңістің тәтті дәмін татырған арыстың осы Ойрантөбе шайқасынан кейін хас батыр әрі әулие атанғаны белгілі. Автор Райымбек батырдың ұлттық санадағы орнын да айқындап,: «Райымбек батыр айналды бүгін Тәңір тау сынды бір тауға өзі» деп бірде оны тауға теңесе, енді бірде айласы ақыл, қайраты батыр қыранға балайды.

«Ұран – Баба!» атты арнауында ақын Еркін Ібітанов ұрпақтардан ұрпақтарға үзілмей жалғасып келе жатқан баба ұранын бойтұмардай қастерлеп, өлең жолдарына қосады. Қиын-қыстау сәттерде жанына қуат, бойына қайрат бітірер қасиетті ұранның тылсым күшіне сыйына сыр шертеді. Осынау баба рухымен жалғаған сөз магиясының құдіретін ақын ерекше жауынгерлік рухтағы өлең өрнегімен былайша жеткізеді:

«Албанды атқа қондырды да ол бабам,
Өз ұраны өзін жебеп қолдаған.
Қара пиғыл қараулықтан тазартып,
Жетісуін – жерұйығын қорғаған» [3, 312 б], - деп жырлаған ақын бір рулы елдің жігерін жанып, намысын қоздырған «Райымбек! Райымбек!» ұранының өзіндік феноменін зерделейді. Бейбіт жатқан меймандос елдің тынышын бұзып, берекесін алған дұшпан әскеріне қарсы әскер құрудағы батыр бабаның ерен қайраткерлік еңбегі тілге тиек болған.

«Әппақ күмбез бой түзеді» атты өлеңінде ақын Оразақын Асқар баба бейітінің басында өзіне лайық кесенесі бой көтергеніне шаттанып, Өлеңнің әр шумағы Райымбек баба өмірінің бел- белестеріне шарлатып әкетеді.

«Елімді басым жаудан еткен азат,
Ерлігің батыр баба неткен ғажап.
Іленің суы тоқтап жол берген соң,
Әулие деп аңыз қып кеткен қазақ.
Мекен боп ақ түйенің шөккен жері,
Болашақ астанамен дөп келгені.
Болса да әулиелік өсиетің,
Елеусіз жатыр едің көптен бері» [3, 313 б], - деп ой сабақтаған ақын Райымбек Түкеұлы жайлы аңыз-әңгімелердің басын шалып өтеді. Осы орайда поэтикалық суреткерліктің пафосты мифологизацияға арқа сүйгендігін аңғарамыз. Ақын Ілені кешіп өту хикаясының реалистік сипатын біле тұра, халықтың осы сюжетті әулиелік құдіретпен байланыстыруға мейлінше құмбыл екендігін назарға алады. Өз өсиеті бойынша ақ атанның шөккен жеріне жамбасы тиген бабаның бейіті ұзақ уақыт елеусіз қалғанына ақын қынжылыс білдіреді. Төңірегін айнала үйлер салынып, тоғыз жолдың торабында қалған қасиетті кесененің кеңестік дәуірдегі тарихы да туындыгердің жіті назарынан тыс қалмайды. Қазағының басын біріктіруді аңсап өткен батырдың әппақ кесенесін ақын Хантәңірге теңеп, асқақтата бейнелейді.

«Райымбек батыр» сынды роман-дилогияның авторы Ж.Тұрлыбайұлының батыр һәм әулие баба рухына бағышталған «Ұрпаққа ұран есімің» атты ән-өлеңінің сөз кестесі эпикалық жүйелі ой динамикасымен ерекшеленеді. Осы орайда автор батыр тұлғасын «қалың жаудан қайтпаған алып жүрек» сынды айрықша метафоралық оралыммен сомдайды. Осы тұстағы метафораның өзіндік поэтикалық өрнегі кездейсоқ сөз кестесі емес, бұндай эстетикалық бейнелі ойдың Райымбек батырдың алып қаһармандық тұлғасынан шығандайтыны сөзсіз:

«Қол бастаған ер бабам Райымбек,
Алатаудай еліңе болдың тірек.
Тұлпар мініп, ту ұстап, сарбаз құрып,
Қалың жаудан қайтпаған алып жүрек» [3, 314 б].

Өлең авторы батырдың туған елі үшін күллі ғұмырын арналған елжандылығын әске естен шығармай, халықты алып Алатауға теңейді. Ән қайырмасы жауынгерлік рухтағы әсерлі пафосқа құрылып, көтеріңкі көңіл-күйде айтылады:

«Үрейін алып ойраттың,
Төбеден жасын ойнаттың.
Дұшпанға тізе бүктіріп,
Халқыңа тойды тойлаттың.
Райымбек, ер бабам Райымбек!» [1, 314 б]

Айбынды батырдың қолындағы семсер жарқылы образды түрде гиперболалық ұлғайту арқылы «Төбеден жасын ойнаттың» деп келетін бейнелі суретке ұласқан. Әннің оптимистік жеңіл сарыны Райымбек батырдың жалынды жорықтарын еске түсіреді.

Әннің келесі шумақтарында жоңғардың ордасын ойрандаған даңқты қолбасшының дара тұлғасы ғасырлар төрінен асқақтап көрінеді. Әннің лейтмотиві батыр бабаның ұран есімі болғандықтан да, автор батырдың жасампаздық рухын ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұран негізінде пайымдап, ой қорытады:

«Ұран болып ұрпаққа қалды есімің,
«Әулие» деп атады халқың сүйіп» [3, 314 б].

С.Медеубекұлы: «Ұлт болашағы үшін күрескен кез келген тұлғаның бойында ...әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-философиялық үш категория тоғысып жатады» [6,241б], - дей келе, ұлтқандылық, ұлтжандылық, ұлтмәнділік деген үш категорияға анықтама береді. Ұлтының алындағы перзенттік парызын жан-ділімен орындауға ғұмырын арнаған қайраткер тұлғалардың болмысы осы үш ұғымның аясында адалдығымен, парасат-пайымымен, еңбекқорлығымен өлшенеді. Ғұмыр жолы қазақ тарихындағы аса талмауыр

кезеңге сәйкес келген Абылай, Әбілқайыр, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек сынды айбынды азаматтардың жеке тағдырын халықтың тағдырынан бөліп қарау мүмкін емес. Ш.Әлдибековтің «Батыр ата» өлеңінде жас ақын Райымбектің отаншыл, халықшыл тұлғасын жан-жақты ашады. Туындыгер жан-жақтан қаумалаған дұшпан әскерлерінің жолына тосқауыл болып кеудесін тосқан батырдың орасан зор күш-қуатын автор «Өзің едің алапат селді бөгеп, Жоңғарлардың қайтарған күшін тасқан» [5, 315 б], - деп өрнектейді. Өлең бүгінгі байтақ ел мен ұланғайыр жерді ұрпаққа аманат ету үшін батыр бабалардың толарсақтан қан кешіп жүріп, әрбір сүйем жерді азат етудегі ақ-адал еңбегі жайлы терең толғаныстарға бастайды. Осы орайда ол «қорғадың қарыс аттам жеріңді де, басынан сор кетпеген еліңді де» деп сөз сабақтайды. Ең бастысы, жас ақынның Райымбектей нар тұлғаны рудың мақтанышына айналдырмай, ұлт қайраткері ретінде бағалай білгендігі көңілге қонымды:

«Ақтабан шұбырынды... шұбады елің,
«Елім-айлап» көз жасын бұлады елің.
Қаралы көш қай жерге тұрақ теппек,
Сұп-сұр болып мұнартты құба белің.
Қабырғаңды бұл сенің қайыстырды,
Күтіп мың сан алдыңда шабыс тұрды.
Бәрінде де дем беріп батырлығың,
Сәттілікпен сәт сайын табыстырды» [3, 315 б].

Шағын ғана өлеңде қасіретті дәуірдің қайғылы картинасын жасай білген туындыгердің шығармашылық ұмтылысы Райымбектің көркем бейнесін реалды-тарихи тұлғасына сай шынайы сомдауға бағытталған. Әрбір жеткен жеңісін батырлық болмысымен ұштастырған автор жаугершілік дәуірінің даңқты перзентінің тарихи-философиялық миссиясын сәтті тұжырымдайды.

«Райымбек батыр ...мүмкіндік болған жағдайда өзіне де, дұшпанына да қол бастатпауға, соғыс аштырмауға елдің тыныштығын, ағайынның аманшылығын сақтауға ұмтылды. Райымбек батыр бүкіл әлем болып бірнеше жыл таласқан күре жолдың үштен бір бөлігін қамтыған қасиетті қазақ жерін бөтендерден қорғау күзетінде ақылын асырды, айбатын танытты» [4, 199 б]. Бейбіт өмірді қалаған батырдың меймандостық мінез қыры оның өмірлік стихиясын анықтады. Сөйтіп ол ел қамқорына, жер қорғаушысы айналды. «Жан алыстың алты алаш – арысты ойлап» атты арнау өлеңіде А.Исабек Райымбектің қаһармандық жолын жүйелі баяндап, батырлық рухтың құдіреті жайлы толғайды.

«Тұрған кезде Байрағым құлайын деп,
Тұрған кезде намысым сынайын деп,
Талайсыз жұрт үгіліп, уайым жеп,
Тұрған кезде тоз-тоз боп шұбайын деп,
Ел бағына тудың сен, Райымбек!» [3, 320 б], - деген өлең жолдарында ақын ұлт тағдырындағы шешуші сәтті бейнелі түрде байрақтың құлауымен, намыстың біржола сынуымен сабақтастырады. Ақын тарихи, мемлекеткіш санадағы байрақ ұғымының символдық мәнін пайымдайды. Байрақтың құлауы – тұтастай бір мемлекеттің тарих сахнасындағы ғұмырының аяқталуын білдіреді. Ал өлең өрнегінде соған егіздес берілген намыстың сынуы тіркесі рухтың құлдыруын бедерлеген сәтті бейне болып табылады. Осы орайда авторлық толғамда намыстың сынуы қайта айналып келмейтін құндылық санатында зерделенген. Ел тарихындағы «Ақтабан шұбырынды» оқиғасының шын мәніндегі ішкі рухани мазмұны осылайша ұлт басынан кешкен алапат трагедия ретінде терең пайымдалады. Өлең жалғасына назар аударайық:

«Қазақ үшін кек, намыс лапылдарда,
Қара нардай күш қосып батырларға,
Қаршығадай шүйліктің басым жауға.
Қаратаудай бұза алмас бөгет болдың,
Қаптал тұстан қалың жау жақындарда!» [3, 320 б]

Осы шумақта Райымбектің тарихи тұлғалық ролі нақты дерекнамалық тұрғыда да, образды суреттеу жағынан да орынды бағамдалған. Жас батырдың ұлт намысын қорғайтын тағдыршешті кезеңде Қабанбай, Бөгенбай, Қангелді батырлармен иық тіресе елі мен жерін қорғауы эпикалық дәстүрлі сарында жырланған. Ақынның осы орайда Мұқағали Мақатаевтың «Райымбек! Райымбек!» поэмасы мен Ж.Тұрлыбайұлының «Райымбек батыр» романының әсерімен, ізімен сөз сабақтағаны тілге тиек қылған деректерінен қылаң беріп қалғандай болатыны рас. «Қангелді – қажырың мен қабай зердең, Қараша үйді өскен ең маңайлаумен», - дейді ақын. Қос туындыда да әлдеқайда кейін өмір сүрген Қабай жыраудың көркемдік шешім тауып, батырдың рухани қолдаушы ретінде бейнеленгені белгілі.

Жыр жолдарында фольклорлық поэтика үлгісімен жас батырдың жаужүрек тұлғасы қаршығадай алғыр құстың бейнесі арқылы сомдалады. Шапқыншылық жылдарында Жетісудың шығысынан төнер қауіпке тосқауыл болған батырдың реалды-тарихи ролін автор «Қаратаудай бұза бөгет болдың» деп, оны алып тауға теңей отырып айқындайды.

Енді бірде А.Исабек батыр бабасының әулиелігіне тоқталып өтеді: «Әр ісің елге арналған ақ болған соң, әз халқың атап кетті Әулие деп». Ақын осы орайда ол туралы ел жадында сақталып күні бүгінге дейін ауыздан ауызға айтылып келе жатқан аңыз-әңгімелердің өзін ұлттың қасиетті қазынасы деп қабылдайды. «Аңыздар көп сен жайлы аққа оранған» деуі осыны аңғартады.

Естеу Нүсіпбековтың «Көрген жанға ой салдың» атты арнау өлеңі ақынның батырға арналған ескерткіш алдындағы толғанысы ретінде берілген екен. Өлең авторы Райымбектің батырлық, әулиелік тұлғасының мәнін оған деген жаратқан құдірет иесінің айрықша пейілімен байланыстырады. Алты алаштың мақтанышына айналған қайраткердің тас мүсініне ақын осы орайда «Екі жарым ғасырдан қарғып асып, Көкойнаққа Сарыжазда тізгін тарттың» дейді. Толғау жанрын еске салатын өлеңде автор ой-толғаныстары Райымбек батыр жасаған дәуір мен бүгінгі күнгі кеңістікті еркін шарлайды. Батырдың табаны, тұлпарының тұяғы тиген жердің қадіріне жете тебірене ой түйген ақын сол жерлердің қандай орасан зор еңбекпен ұрпаққа жеткенін айтады.

Төте асуға орнатылған ескерткіштен ақын батырдың өзін көргендей айрықша әсерге бөленгенін жасырмайды. «Найзалы, атты, сауытты, ер-тұрманды, Танытып тұр бейнең нақ ер тұлғаңды» деп тамсана көз тастаған автор оның айбынды тұлғасынан қаһармандық рухты асқақ үлгісін көргенін алға тартады. Ел үшін үлкен арман мен міндетті арқалап батырлық жолына түскен бабаның көркем бейнесін сөзбен сомдаған ақиық ақын Мұқағали мен жазушы Ж.Тұрлыбайұлына және көз қарықтырар тас мүсіннің авторына алғыс жаудырумен өлең тамамдалады.

Баба рухына бір емес, бірнеше жыр арнаған ақынның «Райымбек батыр рухымен тілдесу» атты туындысында Е.Нүсіпбеков Райымбекті Қабанбай, қарт Бөгенбай, әкесі Хангелді батырлар мен Төле, Әйтеке, Қазыбек сынды аузы дуалы билермен бір қатарда суреттеп, оның қазақ тарихындағы орны мен ролі жайындағы толғаныстарымен бөліседі.

Ақын:

Өр, қайсар жорықтасың көп болатын,
Жанары от жайнаған шоқ болатын.
Бел буса, өшіккен жау жекпе-жекке,
Бастары иығынан жоқ болатын [5], - дей келе, Райымбекпен замандас, үзеңгілес, тағдырлас Сатай, Бөлек, Баян, Төлек сынды тұлғаларды еске алады. Ел еңсесі езіліп, көз өкрген жаққа босып, «Ақтабан шұбырынды» қасіреті орын алған кезде жасақ құрып, жауға аттанған жаужүрек бабаның көшбасшылық қасиеттері келесі жолдарда ашылған:

«Жоңғарды қуғанында атажұрттан,
Атағың жерді жарды Алла жебеп.
Солардың арасынан дара шықтың,
Атыңды ұран етіп ала шықтың.
Соңынан саған сеніп, жасағыңа

Қосылды жау жарағы жарасып мың…» [5].

Ел аузындағы естеліктерге сенсек, өзі қатарлас жас ұландардың жігерін жанып, қайратына қайрат қосып, әскер құрап «дұшпан, қайдасың?» деп бес қаруын асынып жорыққа аттанғанда Райымбек небары 15-16 жастағы бозбала екен. Шын мәнінде, Райымбектің қайраткерлік, батырлық қасиеттерінің қалыптасып, «дара шығуында», бірінші аталары Биеке, Қангелді мен әкесі Түкенің, екінші жаугершілік заманның әсері мықты болды. Ол – өзінің бүкіл өмірін саналы түрде халқына арнаған, қаһармандық жолға бағыттаған, ер мен жерді қорғау ісін халық перзенті ретіндегі қасиетті парызы санаған айрықша батыр. Өлеңнің тұтас мазмұны осыған саяды.

Ақын халқының бұдан кейінгі дәуірлердегі бастан кешірген қасіреттерін тізбектеп, ұлттың төзімділігі жайлы ой қозғайды. Авторлық наррация көркемдік пайым тұрғысында архетиптік сана деңгейіне дейін ұласып, халықтық, ұлттық сана позициясынан сөз сабақталады.

Дүбек Мұсанов дәстүрлі толғау жанрындағы «Найзалы жерде - намысым» атты туындысын «Бисмилладан бастадым мен жол болсын, Райымбек Бабам қолданыс» деп, әуелі Аллаға, содан кейін батыр баба аруағына сыйынудан бастайды. Сөз саптасы мен ой экспрессиясы, екпін мен ұйқас тұрғысында батырдың өзінің ұранымен ассоциативтік сабақтастық табатын өлең:

«Райымбек Бабам, Райымбек!

Айқайлы жерде – Арысым!

Найзалы жерде – Намысым» [3, 321 б], - деген жалынды жолдармен бастау алып, ары қарай да осы үрдіспен өрбіп отырады. Райымбектің батырлық тұлғасын философиялық-эстетикалық зерделеу нәтижесінде туындаған «намыс» образы түптеп келгенде қаһарманның болмысын концептуалдық дәрежеде бағалайды. Сөйтіп поэтикалық сөз өрнегінде метонимиялық сөз-бейне пайда болған. Ішкі рухани-дүниетанымдық қырын дәл сипаттайтын намысшылдық мінезінің осылайша өзекті сипат алуы тұтастай тұлға жайлы ой тұжырымдауда шешуші мәнге ие болған. Сом бейненің осы көркемдік-стильдік формула бойынша қорытылған сипаттары ары қарай:

«Ұранды елдің – Ұлысың,

Қиялай шапқан қылышым.

Ақылға салса – қазақтың,

Қылышын сақтар қынысың.

Қобызға салса қоңырқай,

Қорқыттың қалған мұңысың.

Көл шайқаған қоңыр қаз

Домбырада үнісің.

Мұңлы әуені мұңайтпас,

Мұқағали жырысың» [3, 321 б], - деп, жалғасын таба береді. Батыр бейнесін ұранымен ұштастыра жадыда сақтаған автор оның ержүректің болмыс-бітімінің басты сипаты ретінде алапат күші мен өткірлігін, қара қылды қақ жарған әділдігін негізге ала отырып, «қылыш» сөз арқылы көркем бейне жасайды. Қылыш – өз бойында жаугершілік дәуірдің табын сақтаған қастерлі бұйым, қаһармандықтың символы. Піріндей сыйынып, аруағына табынған ақын Райымбек батырдың өзін осылайша қылышқа теңеп, ұтымды көркем фигураға жол ашады. Қазақ даласының архетиптік сана деңгейінде ұлттық танымда бедер тапқан картинасы арқылы Райымбек батырдың ұлттық рухани әлемдегі орнын айқындауға сәтті ұмтылыс жасалған. Батыр тағдырын қобыз тіліндегі Қорқыттың мұңды күйімен, домбыраның үнімен, ақиық ақын Мұқағалидің жырымен, яғни поэзия тілімен сабақтастықта түйсінуге тырысу сынды көркемдік талап шын мәнінде әсерлі поэтикалық қалыбын тапқан. Бұдан кейінгі жыр жолдары да әуелгі сарыннан ауытқымай, поэтикалық-стильдік бүтіндік пен ой тұтастығын мұрат тұтқан ақынның шығармашылық ізденісіне сай айшықты формада көрініс тауып отырады. «Көк байрақты Туға» теңеу ізденісі батыр бабаның тұлғалық арман-мұратын, ерлік рухы мен елдік санасын патриоттық пафоспен өрнектейді.

Сюжеттік жүйелі мазмұны мен композициясы жағынан Райымбек батырдың өміріндегі тұтас бір эпизодтық оқиғаны суреттейтін Тоқтасын Сүгірбековтің өлеңдер миниклы ақынның өзі суреттеп отырған дәуір мен қаһарман жайлы жеке көзқарас-пайымдарын арқау еткен. Ойрантөбедегі қалмақтың Қорын атты батырымен жекпе-жегін баяндайтын үш өлеңнен тұратын шағын топтама драмалық туынды іспеттес. Райымбектің Қоренді (Қорынды) жекпе-жекке шақырудағы соғыс өнерінің осы бір айтулы дәстүрінің психологиялық тартысы терең суреттелген. Екінші өлеңіне арқау болған әкесі Түкенің Райымбекке берге батасы негізінен ешбір тарихи деректе айтылмайды. Сондықтан мұны ақынның тарихи ситуацияны зерделеу барысында шығармашылық фантазиямен ұштастыра жасаған көркемдік шешімі деп қабылдаймыз.

Циклдың үшінші өлеңі Қорын батырдың өкінішін баяндауға арналған.

«Сүйегіміз шашылды да,
Қалды менің басым құмда...
Шарт кететін күні туды-ау,
Жарқ ететін асылдың да» [3, 324 б], - деген шумақта автор жеңіліс тапқан Қорынның өкінішін өзгеше көркемдік сипатта бейнелеген. Автор осы орайда басы құмда қалған қалмақ батырдың өкінішін логикалық тұрғыда драмалық ситуацияға бағындырып, оның бақиға аттанғаннан кейінгі ойы ретінде ұсынады.

Осылайша, ұлттық поэзияда батыр ұраны көркемдік-мәдени құбылыс деңгейінде пайымдалды. Райымбек ұраны қазақ тарихында отаншылдық пен азаттық рухын арқау еткен мәдени феномен ретінде сақталып қалғанын келтірілген жыр жолдарынан көруге болады.

Әдебиеттер:

1. *Орда Г. Поэмадағы ұлт-азаттың идеясының көріністері (1960-1980 жылдар) // XX ғасырдағы тәуелсіздік идеясының көркемдік шешімі. – Ұжымдық монография. – Алматы: Арда, 2011. – Б. 230-248.*
2. *Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. – Алматы: Қазығұрт, 2004. - 204 б.*
3. *Ерлігіңе – мәңгілік тағзым. Арнау өлеңдер // Райымбек. Ұжымдық жинақ. – Астана, 2005.– Б. 312-340.*
4. *Бопаев Қ. Райымбек – ел қамқоры // Райымбек. Ұжымдық жинақ. – Астана, 2005.– Б. 191-198.*
5. *Естеу Нүсіпбеков. Райымбек батырға арналған өлең-жырлар http://www.yesteu.kz /2010/06/rajymbek-batyr-ruxymen-tildesu/*
6. *Медеубекұлы С. Ауызша тараған мұралардағы Райымбек бейнесі // Райымбек. Ұжымдық жинақ. – Астана: Елорда, 2005. –Б. 239-278.*

Ә.С.Нұрмұхан.,[1] Б.Әбдіғазиұлы[2]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің 2-курс докторанты, [2]ф.ғ.д., профессор

АСҚАР АЛТАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Әдебиеттегі бүгінгі жаңашылдықты шығармаларында көркем түрде қолданып жүрген жазушылардың бірі – Асқар Алтай. Жазушы шығармашылығы кең қырлы: тарихи жанр, реализм, постмодернизм, романтизм. Бұл туралы Ж.Әлиманның «Табыттың тақсіреті» [1], А.Меңтебаеваның «Былғары табыт – рух жыры» [2], Б.Ө. Жолдасбекованың «Интертексты романа Аскара Алтая «Алтайская новелла» [3] сынды мақалаларында кеңінен жазылған. Қаламгер шығармалары постмодернизм бағытында жан-жақты талданып келеді. Жазушы дәстүрлі сюжеттік желіге құрылған баяндаудан гөрі, оқиға ішіндегі оқиға, кейіпкердің ішкі «менінің екіге бөлінуі», авторлық жеке көзқарастан гөрі шығарма кейіпкерлерінің ішкі ой-

толғанысы, өзіндік тұжырымдары сынды мәселелерге айрықша ден қояды. Өзіндік қолтаңбасы бар қаламгер лабораториясы жан-жақты талдауды қажет етеді. Бұл еңбекте жазушы шығармаларындағы суреттеуге, көркемдік қолданыстар мен интермәтіндік ерекшеліктерге назар аударылады.

Интертекстуалдылықты зерттеу теориялық және практикалық қатынастарда аса маңызды. Интермәтінділікті аса күрделі категория деп танимыз. Қазақ әдебиеттану ғылымында да бұл мәселе кеңінен қарастырылып жүр. Ж.Әскербекқызы: «Интермәтіндік функция атқара алатын элементтердің сипаты мен түрі сан алуан» деп көрсетеді [4, 67б.].

Көркемдік тәсілдің қай-қайсысы да кейіпкер табиғатының жұмбақ сырын ашу, сол арқылы шығарманың идеялық көркемдік салмағын арттыру мақсатында қолданылады. Әр түрлі тәсілдің қолданылуы шығармадағы оқиғалар динамикасының ішкі қажеттілігіне байланысты. Бұл ретте қаламгер өз қаһармандарының ішкі болмысына үнемі үңіле отырып олардың мінезін шебер суреттейді.

Әдеби туындының тұтастық жүйесін құрауға елеулі үлес қосатын, тұрақты өлшемге айналған ежелгі көркемдік межелердің бірі – портрет.

Портрет – тек сыртқы сурет емес, адам тұлғасының, мінез-құлқының жанды көрінісі. В.Г.Белинский портрет жайында: «Изобразились во всей полноте своей и целости, со своими родовыми приметами, от цвета волос до родимого пятнышка на лице, от звука голоса до покроя платья» [5,17б.] деп бұл құралдың образ жасаудағы қажеттілігін айрықша сипаттаған. Портрет – кейіпкердің сырт тұлғасын сипаттау болып көрінгенімен, ол іс-әрекетті, мінез-құлықты да қамтиды.

Жоғарыда айтылған көркемдік құралдардың жазушы шығармаларында кеңінен қолданылуы, көркем шығармада сюжеттік желіге сай кіріктіруі жазушы шеберлігін көрсетеді. Бұл жұмыста қаламгер қолданысындағы көркемдік құралдарға талдау жасалынады.

Асқар Алтай – 1963 жылы шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласында өмірге келген. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

«Алтай балладасы» роман-миф деп аталатын шығармасы қазақ әдебиетінде үлкен жаңалық болды. Автор бұл шығармада интермәтінділік, суреттеу, портрет және басқа да құбылтудың сан түрін шебер кіріктіре білді. Ал «Былғары табыт» романы бүгінгі қазақ интеллигенциясының, қазақ қоғамының шынайы кесін-келбетін суреттейтін көркем туынды. Бұл шығармада да портреттеу, постмодернизм сынды тақырыптар да келтірілді. Екі шығарма екі түрлі тақырыпта жазылғанымен ортақ мәселесі де бар. Алдымен айшықты қолданыстарды келтірудегі ұқсастық, кейіпкер бейнесін сипаттаудағы мәселелер және ең бастысы қазақ тарихына қатысты аңыз-әңгімелерді интермәтінділік ретінде кіріктіруі. Төменде келтірілген мысалдар соны айғақтайды.

Негізгі мәтінге кіріге берілетін екінші мәтінді қолдану арқылы автор оқырманға жаңа ақпарат береді әрі сюжеттік желіні кеңейте түседі. Мұндағы басты назар аударатын мәселе екінші мәтіннің бірінші мәтінмен мазмұндық ұқсастықта болуы. Қаламгер негізгі сюжеттік желіге қоса екінші мәтін беруі арқылы оқырманға жаңа ой салады, оқырманды тәрбиелейді, осы бір мәтін негізінде жаңа ақпарат тарқатады. Мәселен, «Алтайдың алқызыл модағайы» романында аңшылыққа шыққан аңшылар мен бақсының әңгімесінде автор бір әлқиссаны қосымша кіріктіреді. *«Табиғатта осындай ғажап жайлар болады екен. Кісікиік пен аңшы араларында аңсар сезім күш алып, жарық дүниеге жүндес ұрпақ келеді. Бірақ осы бір жай адамдар жарынан қалыс қалмаған…Жаны ышқынған Кісікиік-қатын жүндес сәбиін қолын қол, бұтын бұт қып айырып, қан-қан күйі құм ішіне лақтырып жіберіп, дөйдалаға безе жөнеліпті. Аңшы жігіт болса, ат жалын уыстап зар құшқан екен»* [6, 159б.]. Автор осы бір әлқиссаны беру арқылы адамзаттың табиғатқа төндірген қаншама қауіп-қатері мен залалы туралы айтқысы келген сияқты. «Өр Алтайда аюдан басқа да жыртқыш бар, ол жыртқыштың аты – адам» деген жолдардан автор адам баласының табиғат заңына бағынбай, өзі үстемдік

еткісі келетінін, бірақ түбі оның дұрыс болмайтындығын жеткізгісі келеді. Бұның астарында автор үлкен мәселені көтеріп отыр. Осы ойын «Кентавр», «Құланның ажалы», «Қызыл бөлтірік» шығармаларында да кеңінен тарқатады.

Кейіпкердің кескін-келбетін әр жазушы өзінше әр түрлі жолмен жеткізеді. Жазушы Асқар Алтай кейіпкер психологиясын ашуда портретті көркем тәсіл ретінде шебер қолдана біледі. «Былғары табыт» (Марқа сұлу симфониясы) романы бас қаһарман Толғанбайды суреттеумен басталады да, оқиға желісі кейіпкер портретін сипаттаумен өрбиді. «Мың жылға татыр замандық ғұмыр кешіпті... Замани екен. Таң қараңғысы жауар қансонар дүние кезіпті... Кезбе екен. Жалған сөз жадын жаттай жаулапты... Жады екен. Ол – жапан түз бен жаһан таулар қоршаған мұзарт мекеннің тұрғыны. «Замани Толы – Жады Толик – Кезбе Толу» деген лақап атқа санасы сүрленіп кеткен» [7, 7б.]. Шығарма осылай бас кейіпкерге шолу жасалу негізінде басталады. Шығарма мазмұнына үңіле қарайтын болсақ, Толғанбай қасында үнемі екінші бас кейіпкер Отан жүреді. «Қасында он үш жасар қалақтай бала. Ол да тілсіз. Мақау. Аты – Отан. Ерсе – желмаядай Кезбе Толуға ғана ереді [7, 7б.]. Автор оқырманды екінші кейіпкермен осылай ғана таныстырады. Неге мылқау екені, неге елден бөлектеніп жүретіні бірден айтылмайды. «Мыңжылдық Замани Толы көрмегенді – Отан көреді, білмегенді – бала біледі, сезбегенді – мақау сезеді...Аруақпен сана тілінде сөйлеседі, белгісіз бас жұмбағын шешіседі. Жады Толикке серік, рухтарға жуық Мақау болса да, жұмбақ жан ғой!» [7, 17б.]. Мына сипаттау тіпті таңғаларлық. Автор қолданысындағы портрет сюжеттік желіні қызықтыра жалғастыру тәсілі ретінде қолданылған құрал ма деген ой келеді.

Өмір шындығына сүйенбеген, содан нәрленбеген әдеби шындықтың бәрі де жалған болса керек. Ал шығарманың шыншыл болып түйілуіне суреткердің өмірден көрген-түйгені, өз басынан кешкен оқиғалары әсер етеді. Өмірдің ащы шындығын нақты іс-әрекетімен көрсететін келесі кейіпкер – Сұңғат. «Қытайлар шрупты тап Былғары табыттың ту сыртындағы Былғары сайдан салған. Сұңғат аға рұқсат етіпті. Астанадан лицензия алған екен. Сұңғат аға сайдың аузын бөгеп тастады... Неге деріңіз бар ма?! Ешкім білмейді. Білсе – облыс басшысы сияқты «неприкасаемый» мықтылар білер... Былай жұрт хабарсыз. Сұңғат Алтайдың нағыз «Крестный отеці» [7, 191б.]. Бұл жолдардан бірден парақор, берген уәдесінде тұрмайтын, ақша жымқырған «ел шенеуніктері», өз қара басын ойлаған жергілікті жердің әкімі емес «құдайы» боп жүрген басшылар бейнесі ойға түседі. Әдеби бейне өмірден алынғанда да шынайы болатынын бір көрінісі осы. Сұңғат секілді «жемқорлар» елде бар, бірақ олардың жүрісі алысқа бармайтынын автор шығармасында дөп суреттеген.

Жоғарыда жазушы Асқар Алтайдың екі романына қысқаша талдай жасай отырып, постмодернизм төңірегінде қолданылатын терминдерді таптық. Постмодернизм бағытының қазақ әдебиетінде орын теуіп жатқандығының дәлелі ретінде Асқар Алтай әңгімелеріндегі оқиға желісі, кейіпкер көзқарасы, кейіпкердің түс көруі, жанама оқиғалардың сюжетке әсері т.с.с. мәселерді автор ұтымды қолдана отырып, жаңа бағыттың элементтерін көркем кірістіргенін анықтай алдық.

Әлем әдебиетіндегі заманауи өзгерістер мен үрдістерді қазақ әдебиетіне көркем түрде кіріктіріп, өзіндік дара стилін қалыптастырған жазушы Асқар Алтай шығармашылығы кең қырлы. Тарихи шығарма мен бүгінгі реализмді кіріктіре суреттей отырып заман көрінісін жырлайтын жазушы шығармалары құнды зерттеу еңбектеріне айналған.

Жоғарыда автордың «Алтай балладасы» мен «Былғары табыт» романына қысқаша талдай жасау негізінде автор қолданысындағы көркемдік әлем, авторлық жеке қолданыс, автордың жазу стилі мәселесі қарастырылды.

Әдебиеттер:

1. Әлиман Ж. «Табыттың тақсіреті», https://www.ar.egemen.kz/article/335356-tabyttynh-taqsireti (қазақ)

2. Меңтебаева А. «Былғары табыт – рух жыры», https://qazaqadebieti.kz/36111/byl-ary-tabyt-ruh-zhyry (қазақ)

3. Жолдасбекова Б.Ө. «Интертексты романа Аскара Алтая «Алтайская новелла» // Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршысы. Алматы, 2018. №1, Т-169. Б. 23-27. https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/2139

4. Аймұхамбет Ж. Сөз өнеріндегі мәтін мен шығарма кеңістігі. Монография – Астана: Мағжан, 2018. – 128 бет.

5. Белинский В.Г. Сочинение в трех томах. Т.2. С. 17-18.

6. Алтай А. Алтай новелласы. Роман, повесть, новелла. Алматы: Атамаұра, 2003. – 304б.

7. Алтай А. Былғары табыт (Марқа сұлу симфониясы). –Астана: «Фолиант», 2022. – 328б.

З.Е.Айтбенбетова., *[1]* ***Э.Д.Сатаева.,*** *[2]* ***А.Б.Абдрешова*** *[3]*

[1,2,3]Каспийский Общественный Университет

Кафедра ВШГН, г.Алматы

РАЗНООБРАЗИЕ ЖАНРОВ В СОВРЕМЕННОЙ РУССКОЯЗЫЧНОЙ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ КАЗАХСТАНА

Мировая детская литература представляет собой сказки, рассказы, стихотворения, энциклопедии, эпосы. Жанры многообразны и красочны, издания изобилуют живописными картинками для привлечения и удержания детского внимания.

Детей повсеместно захватил мир фэнтези, чародейства и волшебства. Практически все дети, а в некоторых случаях и взрослые буквально зачитывается серией знаменитых романов о мальчике Гарри Поттере, написанной английской писательницей Дж.К.Роулинг.

А как же обстоит ситуация с детской литературой Казахстана? Литература для детей развивается в Казахстане поступательно, однако на прилавках книжных магазинов еще достаточное количество переводной зарубежной литературы, много переизданных книг, изданий на казахском языке еще не значительное количество. Некоторые сказки на казахском языке издаются за рубежом, и одна из них — сказка о Золушке.

Среди казахстанских издательств, выпускающих детскую литературу можно назвать такие, как «Алматыкитап баспасы», «Атамура», «Аруна», «Мектеп».

Администрация книжных магазинов выкладывает на показ, как правило, произведения раскрученных авторов, среди которых львиную долю занимают российские и зарубежные писатели.

А каково состояние русскоязычной детской литературы в Казахстане? В каком жанре пишутся произведения? В каком направлении читается больше всего произведений ? Давайте рассмотрим эти вопросы в этой главе.

В Казахстане сегодня выпускается множество детских книг разных жанров, таких как сказки, стихи, фэнтези, романы, фантастика, детективы, очерки и новеллы. Однако в современных условиях роль книг в нашей жизни уменьшилась. Это связано с развитием информационных и коммуникационных технологий, что, к сожалению, снижает спрос на книги.

Современная детская литература выполняет несколько важных функций:

- Обеспечение развлечения (книги должны быть увлекательными, иначе ребенок не будет читать или будет делать это с неохотой).

- Содействие воспитанию (важно читать детям "правильные книги," которые помогут им учиться добру и бороться со злом).

- Формирование художественного вкуса у детей (литература должна знакомить их с лучшими образцами художественного слова).

- Поддержание познавательной активности (до семи лет человек усваивает 70% своих знаний, поэтому этот возрастной период является особенно важным для познавательной функции современной детской литературы).

Касательно современных детских писателей Казахстана, стоит отметить Дарию Джумагельдинову, Ольгу Марк, Дину Ораз, Фархата Тамендарова, Лилю Калаус, Зиру Наурызбай, Зауре Туреханову, ЕленуКлепикову, Ксению Рогожникову, Юрия Серебрянского, Нурайну Сатпаеву, Тоню Шипулину, Ольгу Гумирову, Каната Букежанова, Гульнару Жандыбаеву, Мади Нусупбаеву, Ольгу Малышеву, Маржана Ершу, Аделию Амраевуи других.

Акулы пера пишут сказки, рассказы, в том числе фантастические, стихи, являются составителями словарей, энциклопедий для детей, переводят детские произведения на русский и казахский языки, ищут и экспериментируют.

Например, современные писательницы Зира Наурзбаева и Лиля Калаус написали книгу для детей «В поисках Золотой чаши. Приключения Бату и его друзей». Произведение о мальчике Бату и алматинских подростках 11-12 лет с переплетением казахской мифологии, что привносит чтиву познавательный характер.

Среди маститых русскоязычных писателей выделяется Дария Джумагельдинова, выпустившая около двадцати книг для детей младшего возраста, среди которых повесть «Еркегали по прозвищу Кошмарик», «Асель кисель» или «Отцы не разводятся с детьми», «Отличница плебейка», сборник сказок, стихов и легенд. В 2018 году издано три сборника стихов и сказок для детей младшего, среднего и старшего возраста, а также книга «Фэнтези и мистика».

Познавательно увлечение Маржан Ершу — члена Союза писателей Казахстана, Евразийского союза писателей, обладателя Гран-при международного конкурса «Шабыт», автора многих книг и сборников сказкотерапией. Это некое лечение сказками, которое широко практикуется за рубежом, а именно в Европе, а в последние годы в России.

По мнению М. Ершу, сказкотерапия или «лечение сказкой» — один из продуктивных методов корректировки поведения и сознания ребенка. Это «Сказка о мальчике и собаке», «Сказка о необыкновенном кобызе», «Сказка об окошке» и многие другие произведения.

Полки библиотек республики периодически пополняются детской литературой молодых казахстанских авторов.

Например, в фонде Детской библиотеки, открытой директором Национальной академической библиотеки РК Умитхан Муналбаевой 23 апреля 2018 года в Астане на данный момент порядка 13000 детских изданий. Количество детей в возрасте от 6 до 14 лет, интересующихся книгами библиотеки также неизменно растет, на сегодняшний день более 17000 зарегистрированных пользователей [1].

Фонд Детской библиотеки представлен в основном литературой на казахском языке, много переводной классической литературы на государственный язык, на русском языке - произведения русских классиков, на английском языке - в основном словари.

Проводя исследования жанров современной детской литературы, мы выяснили, что наибольшее количество пишется сказок, рассказов, в том числе фантастических рассказов, сказаний-легенд, стихов, повестей. Среди них, прежде всего, сказочный жанр. Остановимся на вопросе, кто пишет современные сказки, какие виды сказок пишутся.

Молодые писатели Казахстана выстраивают свои писательские стратегии в соответствии с современными представлениями о литературной репутации, ориентированной на медиапространство, в категориях стратегий успеха, терминах «брендов» и «имиджей». Так, размышляя о стратегии современных авторов сказок для детей и взрослых, Лиля Калаус подчеркивает, что работа с издательствами – самый серьезный в плане заработка вариант для писателей-сказочников. «Детская литература давно выделилась в обширный и весьма прибыльный сегмент книжного и издательского рынка. Есть издательства (в Казахстане их

несколько), которые специализируются на книгах для детей, а в книжных магазинах – детские отделы, которые никогда не пустуют» [2].

На сайте «Академия сказочных наук» (автор Л.Н.Мананникова) публикуются сказки, придуманные детьми и взрослыми, предлагаются методика сочинения сказок, уроки сказкотерапии [3]. Писатель Ксения Рогожникова в интервью «Лето с книгой: что пишут для детей казахстанские авторы» рекомендует включить в список книг на лето для казахстанских подростков следующих авторов: Елену Клепикову, Аделию Амраеву, Лилию Калаус, Тоню Шипулину, Светлану Познякову, Альфию Макаримову, Викторию Прохоренко, Юрия Серебрянского [4]. В русскоязычной детской литературе Казахстана наблюдается своеобразный «сказочный бум».

В основу предлагаемой Л. В. Овчинниковой систематизации литературной сказки положены следующие принципы: своеобразие фольклоризма, жанровый синтез, функциональные характеристики, авторская позиция и некоторые другие особенности поэтики. Внутри общего понятия «авторская сказка» возможно многоступенчатое выделение функционально-тематических групп: философские, приключенческие, социальные, научно-фантастические, игровые, познавательные сказки [5].

Рассматривая проблему определения литературной сказки и ее классификацию, современные исследователи отмечают синтетическую природу жанра, связанного как с фольклором, так и с литературой. В частности, С. А. Маслова обобщает опыт классификации литературных сказок, базирующихся на различных принципах: «близость – отдаленность от фольклорного канона; эволюция жанра с учетом историко-литературной ситуации (хронологическая классификация); выделение функционально-тематических групп внутри понятия “авторская сказка” – философская, приключенческо-социальная, романтическая, игровая, познавательная. Фольклорные истоки литературной сказки позволяют выделять в последней – по аналогии с народными сказками – сказки о животных, волшебные, бытовые, авантюрные» [6].

Литературная сказка XX–XXI веков – новый синтетический жанр, в структуру которого входят «обновленный» волшебно-сказочный хронотоп и игровая атмосфера, трансформировавшиеся под влиянием конкретной культурно-исторической ситуации и особенностей стиля каждого отдельного писателя. Как утверждает М. Н. Липовецкий, «в целом художественные миры литературных сказок всегда формируются в результате взаимодействия волшебно-сказочной жанровой памяти с моделями мира, свойственными “новым” жанрам» [7]. В сочетании с формальными носителями «памяти жанра» волшебной сказки эти содержательные элементы формируют литературную сказку как жанр.

Рассмотрим некоторые новые детские сказки казахстанских писателей в фольклорномифологическом контексте, в аспекте авторской позиции и поэтики, которые определяются взаимодействием фольклорно-сказочной «памяти жанра», творческой индивидуальности писателя и включенности в детскую субкультуру.

К рейтинговым казахстанским писателям, пишущим для детей, принадлежат следующие авторы: Елена Зейферт (сказочная повесть «Волшебное подземное царство Караганда, или Приключения Куата Мусатая», сказки «Зеркальные чары. Сказка для тех, чья душа похожа на розу без шипов», «Якорь-птица», «Заколдованный сахар»), Ольга Марк (книга для детей младшего и среднего школьного возраста «Курирури, или Большой поход»), Зира Наурзбаева и Лиля Калаус (сказочная повесть для детей «В поисках Золотой чаши. Приключения Бату»), Дария Джумагельдинова (сказки «Том и Джерри», «Мальчик-облако», «Приключения Армана в королевстве Шоколандия»), Нурсулу Шаймерденова (сказки «Принцесса цветов», «Прекрасные птицы фламинго», «Delfi и солнышко», «Первое путешествие Глоссика»), Елена Гомер и Есимбек Амренов (сказка «Страна синего волка»), Виктория Прохоренко (сказки «Про мышек и их башмачный город», «Сказки с хвостиками» – байки-засыпайки), Альфия Макаримова (сказки и рассказы «Сказочное путешествие в лето», сказки про солдатиков «Чужонки и своенки»), Елена Клепикова («Тайна синей

паутины», «Сказка о волшебном ковре», «Сказка о Мертвом озере», «Сказка о плотине», «Сказка о поющем бархане»), Людмила Мананникова («Сказки старого трамвая», «Путешествие в страну Фантазия», «Тайна старинного портрета» (для взрослых), «Новогодние сказки, придуманные детьми», «Сиреневая долина»), Тоня Шипулина (сказки «Волшебные жёлуди. Одно удивительное приключение трусливого рюма и глупого норика», «Три чайных дракона и сверкающая пыль», «Ведьма Страны Туманов», «Тайна ведьмы Урсулы (Ведьма Страны Туманов – 2)»), Светлана Познякова («Сказки странствий», «Рыжие ангелы», «И мой сурок со мной»), Юрий Серебрянский («Казахстанские сказки»).

Выделяются авторские «филологические» сказки, в которых ярко выражена именно писательская стратегия автора – профессионального филолога, знакомого с законами сложения сказки. Так, Нурсулу Шаймерденова, автор сказки «Первое путешествие Глоссика», – филолог, изучающий глоссы – толкования непонятных, малопонятных, неупотребительных слов и выражений, встречающихся в древних письменных текстах. Имя Глоссик иназвание страны Глоссария образованы от этого научного термина. Герой сказки – малыш по имени Глоссик, который живет в двух мирах – в стране Глоссария и в Новом свете, перемещаясь из реальной жизни в мир книг. В этой сказке отчетливо выражены игровая атмосфера, интертекстуальная игра и авторская установка.

В её же сборнике «Мамины сказки: читаем и рисуем вместе», изданном в 2016 году, три сказки: «Delfi и солнышко», «Принцесса цветов», «Прекрасные птицы фламинго». Это философские и мифопоэтические повествования с ярко выраженной дидактической и нравственной доминантой. Так, «Прекрасные птицы фламинго» написана в жанре волшебной традиционной сказки о невинно гонимой девушке и злой мачехе. Мифологическую окраску придают мотивы превращения героев в птиц фламинго, появления соленого озера из слез героини. Сказка «Принцесса цветов» – о принцессе цветов Кызгалдак, о любви, об обычаях и культуре казахского народа, о легенде появления тюльпанов в мире. В сказках представлены казахские хронотопы (Астана, степь, Тенгиз-Кургальджинская долина, Кургальджино, лето 1830 г., Акмолинск, Шымкент), действуют боги – Аллах, Тенгри и Умай; люди – джигиты, девушки; растения – перекати-поле, тюльпаны; птицы – фламинго. В сказках разрабатываются мифологические мотивы и образы, предлагается этиологическое объяснение появления розовых фламинго – қызыл қаз, хранителей домашнего очага, воссоздаются национальные обряды: қыз-ұзату – проводы невесты из родного дома, дорожка из белой ткани – ақ жол, той – свадьба и другие.

Жанровая специфика книги филолога Елены Зейферт «Волшебное подземное царство Караганда, или Приключения Куата Мусатая» отличается ярко выраженной литературностью и интертекстуальностью. Сюжетно-композиционная структура сказочной повести соотносится с композицией народной волшебной сказки, герои которой проходят испытание и демонстрируют правильный тип поведения. Героиня сказочной повести Аруна проходит трудный путь от краеведческого музея до мемориала «Вечный огонь», чтобы спасти возлюбленного. Роллан Сейсенбаев отмечает, что «сказочный сюжет здесь тесно переплетён с этномифом, улицы современного города плавно перекликаются с древней степью. Читатель попадает в художественный мир, где царит сказка, но остаётся реальной жизнь таинственной Караганды, её очертания. Такие умные и предельно честные книги очень нужны не только детям, но и всем нам» [8].

Детская книга Лили Калаус и Зиры Наурзбаевой «В поисках Золотой чаши. Приключения Бату и его друзей», написанная в соавторстве мифологом и прозаиком в жанре фэнтези с элементами экшн и детского детектива, рассказывает о приключениях современного городского мальчика Бату и его друзей. В тексте присутствует волшебно-сказочный и мифологический хронотоп. Герои современного города – мальчики-школьники знакомятся с царевичем массагетов Аспарой и вместе с ним отправляются искать таинственно исчезнувшую в древности священную Золотую чашу мудрости и справедливости. В ходе поисков они встречают чудесных помощников, мифологических персонажей. Волшебная

птица Самрук помогает детям преодолеть козни врагов-антагонистов. Неожиданные находки и потери, предательство и обретение друзей, самое главное, обретение самих себя – более взрослых, ответственных, смелых – ожидает героев книги.

В фольклорно-мифологической сказке Тони Шипулиной «Ведьма Страны Туманов» действуют герои славянской мифологии и фольклора – ведьма, чудесный кот, леший, полевая русалка Шишига, оборотень и другие демонологические персонажи. Сюжет выстроен по структуре волшебной сказки: героиня, девочка Юсинь, попадает в иной мир, в Страну Туманов, встречает там антагонистов и помощников (ведьму Урсулу, подземного жителя Межевика, похожего на котенка мальчика, Чердачника, Навью), проходит испытания и возвращается обратно, поскольку сделала правильный выбор. «Герои славянской мифологии присутствуют только в двух моих книгах. И они не каноничные.

Кроме волшебных фольклорно-мифологических сказок на литературной детской карте Казахстана появляются сказки с ярко выраженной познавательной составляющей (природоведческие, экологические). Так, в познавательных сказках Елены Клепиковой предлагаютсяобъяснительные мифы о появлении озера («Сказка о Мертвом озере»), в художественной форме рассказывается о борьбе плотины с селем («Сказке о плотине»).

Представители молодёжного крыла – Виктория Прохоренко и Альфия Макаримова – пишут сказки, ориентированные на детей младшего возраста. В 2015 году Альфия Макаримова и Виктория Прохоренко выпустили совместный сборник «Книжка в кармашек». Герои рассказов Альфии Макаримовой, своенки и чужонки, играют в войну «понарошку», в которой побеждают добро и разум.

В 2016 году в журнале «Дружба народов» опубликованы «Казахстанские сказки» прозаика Юрия Серебрянского («Ехал на черепахе», «Замок Кок-Тобе», «Король-изобретатель», «Пастухи-близнецы», «Балхаш», «Золотой орёл», «Куда ушло Аральское море?», «Яблоки», «Пагода (Предание острова Пулау Сабах)», «Добрые глаза»). «Казахстанские сказки» – интересное событие в нашей литературе. «Эти сказки – не совсем сказки. Эта философская быль, в которой всё родное и знакомое становится волшебным и непредсказуемым: замок Кок-Тобе строится рыцарями, алматинский художник катается на черепахе (вы сразу узнаете его), Аральское море отправляется на поиски своего отца-океана, а тюбетейка пастуха превращается в дом для всей семьи» [8]. Несомненно, это авторские философские сказки, созданные с ориентацией на фольклор, на казахстанские легенды и предания, с использованием современных реалий – названий местности, лиц, ситуаций.

Таким образом, детская литературная сказка Казахстана отличается жанровой новизной, поиском новых стилевых тенденций и формированием современных форм репрезентации художественного текста. Литературные сказки создают авторы, имеющие филологическое или социально-гуманитарное образование. В данном случае срабатывает профессиональное знание архетипов мифа и фольклора, законов сложения сказки. «Память жанра» и ориентация на детскую субкультуру является основной доминантой в сказках, написанных авторами, пришедшими в детскую литературу из негуманитарных сфер деятельности.

Далее рассмотрим самый читаемый жанр среди юных читателей - жанр фэнтези. В литературе рубежа XX–XXI вв. заметно возрастает роль условно-фантастических форм. Эта тенденция наиболее очевидна на примере активного развития жанра, получившего название «фэнтези». Возникнув как реакция на засилье западноевропейских образцов, он удачно интегрировал элементы народного эпоса, мифологии, литературной сказки, историко-приключенческого романа и научной фантастики, вследствие чего сформировалась широкая жанровая палитра исследуемого феномена [8, с.153].

Интенсивная работа в направлении исследования особенностей жанра позволяет говорить о некой обобщенной модели фэнтези: об особом типе сюжета, специфическом хронотопе, функции героя и т. д. При этом каждое конкретное произведение фэнтези представляет индивидуально-авторский вариант этой модели, в котором названные компоненты всякий раз воплощаются по-своему [9, с. 156].

Каковы общие черты мирообраза? Для всех произведений жанра фэнтези характерны фантастическая картина мира, сказочно-мифологическая основа и жанровый синтез [10, с.17]. Фэнтези вбирает в себя элементы героического эпоса, легенд, рыцарского романа, литературной сказки, романтической повести, готического романа; в обязательном порядке соединяет сказочный вымысел с отчетливо выраженным мифологическим началом. Некоторые исследователи напрямую возводят фэнтези к мифу. Но если в мифе, компоненты которого трансформируются в сказке, действия героя сакрально значимы, выстраиваются в логике инициации, то в произведениях фэнтези предельно актуализируется развлекательная функция, значимым становится само количество испытаний как приключений. Приобретший необычайную популярность в литературе рубежа XX–XXI вв. жанр фэнтези продолжает уверенно завоевывать всё новые и новые пространства.

В целом, жанровое разнообразие современной детской литературы Казахстана отражает культурное богатство страны и творческий потенциал ее авторов. Благодаря разнообразию стилей и тем повествования эти книги предоставляют юным читателям возможности для исследования, обучения и получения удовольствия.

Литература:

1. Детская литература в Казахстане. https://adebiportal.kz/detskaia-literatura-v-kazaxstane__21744 дата 17.05.2019

2. Как живется авторам сказок для детей и взрослых // [Электронный ресурс]: forbes.kz/woman/ skazochnyie_dengi_1

3. Сайт «Академия сказочных наук» // [Электронный ресурс]: teacher-almaty.clan.su/news/2011...

4. Рогожникова К. Лето с книгой: что пишут для детей казахстанские авторы» [Электронный ресурс]: ktk.kz/ru/blog/blog/78931

5. Овчинникова Л. В. Русская литературная сказка XX века. История, классификация, поэтика. М., 2003.

6. Маслова С. А. Художественный мир русской современной литературной сказки для детей: на материале сказок Э. Н. Успенского, А. А. Усачева, Л. Е. Улицкой: Дис. ... канд. филол. наук. Москва, 2014

7. Липовецкий М. Н. Поэтика литературной сказки (на материале русской литературы 1920– 1980-х годов). Свердловск, 1992.

8. Маркова Т. Н. Жанровая природа романов М. Семеновой // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. 2017. № 8. С. 152–156.

9. Королькова Я. В. Две модели фэнтези в современной русской литературе (романы М. В. Семеновой о Волкодаве, М. Г. Успенского о Жихаре): автореф. дис. ... канд. филол. наук. Томск, 2012. 26 с

10. Ковтун Е. Н. Поэтика необычайного: Художественные миры фантастики, волшебной сказки, утопии, притчи и мифа (На материале европейской литературы первой половины XX века): М.: Изд-во МГУ, 1999. 308 с.

Айымжан Казтаева
«Әдебиеттану» мамандығының докторанты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ПОСТКОЛОНИАЛДЫҚ ДИСКУРС: АДАМ МЕН ТАБИҒАТ ҚАТЫНАСЫ

Қазіргі қазақ прозасының әлемдік постколониалдық ізденістермен тақырыптық үндестігін және оның өзіндік ерекшеліктерін зерттеу бүгінгі өзекті мәселенің бірі. Сол арқылы отаршылдық кезеңнің қазақ әдебиетіне тигізген әсерін түсініп, ұлттық бірегейлікті танып-біліп, оны қалпына келтіру жолдарын бағамдай аламыз. Қазақ даласының ұзақ уақыт бойы отаршылдықтың және кеңестік үстемдіктің ықпалында болғандығын ескерсек, қазақ қоғамы мен мәдениетінде осы кезеңдердің терең іздері қалуы заңды екенін түсінеміз. Отарлық саясат ұлттық бірегейлік пен мәдениетке елеулі әсер етті, сондықтан деколонизация процестері бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Әдебиет бұл үдерістерді бейнелеп, оларға жаңаша көзқарас ұсынады. Постколониалдық сыншы Э.Боэмердің пікірінше, «әдебиет қоғам мен саяси шындықты жай бейнелеп қана қоймайды, ол отаршылдықты суреттей отырып, оған белсенді түрде қатысып, бақылап, отаршылдықтан құтылу және ұлттық бірегейліктің қалыптасу үдерісін де қамтиды» [1, 9б.].

Біз өз мақаламызды отарлық езгінің ұлттың мәдениеті мен тірлігіне қаншалықты әсер еткенін анималистік проза арқылы зерделеуді мақсат еттік. Қазақ әдебиетінде ойсылқара тұқымының тарихын суреттеген шығармалар шоғыры бір төбе. Бүгінде жануарлар бейнесі көркем кеңістікті еркін игеріп, қазақы тұрмыс-тіршілік, салт-сананың бейнесі дәрежесіне көтерілді. Қазақтың тұрмыс-тіршілігінде өзіндік орны бар түйе мен жылқы түлігінің әдебиетте те салмақты орны бары байқалады. Қорқыт бабаның өлімнен Желмаяға мініп қашуы, елі үшін Жерұйықты іздеген Асан қайғының да желмаямен сар даланы желуі, Әзірет әлі, Ахмед Яссауи сынды діни тұлғалардың ақ түйеге мініп жүруі, үш жүздің басын қосқан Абылай ханның киелі ақ түйесіне деген сенімі – осының айғағы. Оның үстіне төрт түліктің ішіндегі ең тату, ең мейірімді жануар – түйе екендігін білген халқымыз «төрт аяқтыда бота тату» деп бағалаған. Тай-құлынның тебісіп, лақ, бұзаудың сүзіскенін айтпағанда, момын деген қозылардың өзі ара-тұра енеге таласатынын көріп-білген бабамыз ботаның татулығына тәнті болған. Ұлттың танымында ерекше орны бар түліктің ұлтпен бірге мәңгі жасайтыны ақиқат болса, әдебиетінде көрініс табуын – заңдылық дер едік.

Көшпелі халықтың адал серігіне айналған түйе жануары жөнінде әдебиетте С.Санбаев («Ақ аруана»), С.Досанов («Аруана»), О.Бөкей («Бура»), Т.Рахымжанов («Бураның ақыры»), С.Елубай («Ойсылқара»), Д.Әшімхан («Жер аңсаған сарыатан»), А.Алтай («Қара бура») сынды жазушылар, Т.Айбергенов «Аруана ақ түйе», М.Мақатаев «Сахараның шұбырған түйелері», Қ.Мырзалиев «Қара нар» атты туындыларында қалам тербеп қана қойған жоқ, бұл қасиетті жануардың ұлт өміріндегі маңызы мен мәнін де тереңінен көрсете білді. Халқымыздың өткен тарихы айғақтағандай, қазақ өмір бойы көшіп-қонып жүрген, отырықшылықты мүлде танып-білмеген ел емес. Көшпелілік – қазақтың шаруа жайына не сыртқы жауының қысымына байланысты қолданған стратегиясы болған. Күшті жаудан ел-жұртын қорғау қажет болғанда алыс өлкеге көшіріп, көз тасалау қамын жасағанда түйе малының орны зор болды.

Түйе бағу – қазақтың ата кәсібі болғандықтан да оның тарихы мен тағдыры да қазақтың басынан кешірген тарихымен тығыз байланыста болатыны белгілі. Қазақ тарихында төрт түлік малдың ішінде әсіресе, түйе мен жылқыға анық опат келген замандар дүркін-дүркін қайталанып отырған. Ұлттың көп ғасырлық ата кәсібіне мысқылмен, менсінбеушілікпен қараудың алдарынан кеңестік идеология бойынша етке өткізудің құрбандары болған да осы екі жануар болған. Зерттеуші А.Мұқышева айтқандай, үйірі бұзылған айғыр, құлыны жоғалған бие, ботасы өлген інген кең даланы адамша күңіренткен. Мал басына қайғы орнап, «Туған жер, асқақ бел!» деп адам орнына аруана зарлаған. Халықтың маңдайына басқан

жылқы баласы мыңдап, жүз мыңдап, мүмкін миллиондап жыл құстарындай әлдебір ыстық жақтарға тоқтаусыз жылжып, босып көшіп жатқан. Байтақ далада қой тастардың орнына ағараңдап жылқы бастары қалған» [2, 120б.].

Біз С.Жүнісов, Т.Әлімқұлов шығармалары арқылы кеңестік заман тұсында жылқы малына жасалған қастық пен қиянатты білсек, ойсылқара тұқымының да сол зауалдан айналып өтпегенін, оның да басын қара бұлттың шалғанын О.Бөкей, Т.Рахымжанов, А.Алтай шығармаларынан түсінеміз. Ойсылқара ғана емес, сан жылдар бойы түйе бағумен айналысқан жандардың да туған жерін тастап, ауа көшіп кеткен талайсыз тағдырын көреміз. Оған себеп болған биліктің соқыр саясаты мен соның қолшоқпарлары, орындаушылары – шолақбелсенділер. Жалаң идеологияның салдарынан қазақтың асыл тұяқты қаншама төрт түлігінің қор болғанына қарт тарих куә. Қазақтың ғасырлар бойғы бар тауқыметін қасқая көтерген сахараның қара нарын аяусыз қырған, тұқымының азаюына әкелген шолақбелсенділік әрекет зерттеу нысанымызға алынған шығармаларда кездесіп отырады. О.Бөкейдің «Бурасында» табиғаты қатал Алтай алабына теміржол салуға тартылып, қыруар жұмыстың салмағын көтерген қара бура жалғыз қалды. Адамдар оның маңдай терін, еңбегін бағаламады. Оның көз алдында енесін сойып жеді, келедегі барлық бауырларын Бұқтырмадан өткізіп, арғы бетке айдап жіберді. Ақыры жалғыздық шеріне шыдай алмаған, өмірден баз кешкен бура сайын дала төсіне өзі әкелген паравоздың астына түсіп мерт болды. Авторлар соның себебін іздеп, халық өмірімен тығыз байланыста көрсетеді.

Жазушылар түйе жануарын көркемдік-символдық бейнеге айналдыра отырып, рухани қалыпты аңдатады. Халық бойындағы күрескерлік рухқа дем берер, соның символындай көрінетін алып күш пен қайтпас қайрат қана ұлттық болмыстың берік қорғаны екенін бағамдайды. О.Бөкей «Бура» атты замана келбетін айшықтап көрсететін әңгімесінде де жалғыз бураның аянышты тағдыры арқылы қазақ қалпын танытады.

Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтуға тілі жоқ - деп Мұқағали ақын жырлағандай, адам сайын дала төсінде шойын жолды төсеп алды. Паравоз бар, енді түйенің керегі жоқ, комбайн бар, егін егеміз, енді мал бағудың керегі жоқ деп шолақ түсінді. Өзінің де табиғаттың бір бөлшегі екенін ұмытты. Қолмен жасаған алпауыт күштері табиғаттың төл перзенттерін қаталдықпен жұтып, жойып жатқанына мән бермеді. Адам мен табиғат арасындағы қайшылық түйенің жалғыз қалуымен шарықтау шегіне жетіп жатты. Әбден жалғызсыраған, өз ортасын жатсынған бура туғанын іздеп, Қазанқап аулынан қашып шықты. Жанына желеу болып, туғанына қоспаған адамдардан көңілі қалды, оларды тәрк етіп кете барды. Адамнан түңілген бура ішіндегі зәбір-запасын, көрген қорлығы мен зорлығын табиғат-анаға айтып, боздап келеді, жоқтап келеді. Оның даусының зарын тыңдап, көтеру табиғат-анаға да ауыр екендігін тәкаппар таудың өзі сағыныш үнінің алдында қауқарсыздығы сонша кербез басын иіп, тынып қалды. Бураның тыңдағанның сай-сүйегін сырқыратқан боздауы – «жүректің, сағыныштың, аңсардың ардақты зары» екендігін де автор қалт жібермеген. Билікке, күштілердің қатігез әрекетіне деген қарсылығын автор символикалық бейнелеумен осылайша көркем жеткізген. Бәрінен баз кешсе де, туған жерінен айрылмайтын түйенің бұл жайға тап болуын – табиғаттың үйлесімділігінің бұзылуы деп түсіндіреді.

Жазушы Т.Рахымжановтың «Бураның ақыры» повесінде ойсылқара тұқымына жасалған қиянаттың салдарынан түйелері боздап, қатын-балалары шулап, мұржа, жер ошақтарынан шыққан түтіні аспанға ширатыла көтеріліп жататын берекелі, ақарлы-шақарлы ауыл қаңырап бос қалады. Шаш ал десе, бас алатын әпербақан, бір жылдық тірліктен арғыны ойлай алмайтын орашолақ, шаруашылықтан, халықтың салт-санасынан, ата кәсібінен хабары аз белсенді Алданов келе сала реформа жасап, «кеңестер елі ғарышқа қол созған заманда, «Көктал» ұжымшарына түйе малы неменеге керек. Жермай құйсаң жердің түбіне жеткізетін машина мен самолет тұрғанда, шабан түйе кімнің шікірәсі. Көшпенділікпен өмір сүрген феодалдық заман келмеске кетті. Ендеше түйе де жойылсын!» деп №3 түйе фермасын таратып, біраз малды етке өткізеді [3, 114 б.]. Ұлттық құндылықты дәріптеуден ада, көшпелілік салтымызды феодалдық деп түсінетін дүмше жанның елге тигізген қиянаты аз

болған жоқ. Есіктен кіре сала, төр менікі деген шолақ белсендінің дүмді, дөңайбат мінезіне ауыл адамдары қарсы келген жоқ. Жалпы Шаманбай ауылының адамдары тұқым қуалаған түйешілер болатын. Олар ата кәсібінен айрылған соң, таныстарын, туған-туыстарын сағалап, қоныс аударуға мәжбүр болды.

«Қара бура» әңгімесінде қаламгер Асқар Алтай да 1950-жылдардың соңын ала қазақ даласында жергілікті халықтың көзқарас, талап-тілегі ескерілмей, орын алған осындай бассыздықтар мен есіл малдың жайрап қалуы мәселесіне тереңдеп барады. Оның халық тіршілігіне аса қажет, географиялық аймағына аса қолайлы жануар екені ескерілмеді. Түйе мен жылқыға жаудай тиіп, әлдебір жоғарыдан келгендер екі мыңдай жануарды пышаққа іліктірместен мылтықпен атып, атылған түйелерді Алтайдың қызыл қарағайынан ойылған үлкен итшаналарға екіден артып, атандармен ауданға тартқызып, ойына келген сорақылықты істеді. Уақыты келіп, ақпан айында буралар жын түкіріп, келе-келеге түсе, шыдамай шарпысып қалған буыршындар бұрқылы көбейген уақта ауданнан арнайы тапсырмамен оқшантайы мығым мылтық, ұңғысы терең қосауыздығымен он шақты жігіт келеді. Келе кәрі бура Сарышуды атып салғанда, ол ащы дауыспен бір бақырып қалып, өзінің ауыр денесін ұстай алмай, жас ботадай тірсектері дірілдеп шөге берді. Ескендір үн-түнсіз иегі қалшылдап кеп, кәрі бураның күре тамыры тұсынан, сағағының астынан қол сиярдай тесік тесті. Өйткені, мал үшін жанын жалдайтын атам қазақ малды арам өлтірмеген, кие, обалынан қорыққан.

Партия бұйрығын орындаушылардың жазықсыз жануарларды адалынан бауыздап алуға да уақыты жетпеді. Келе түйені талдай отап, бөрідей атты. Онның үстіндегі келені, 400-ден астам түйені үш күннің ішінде бармақтай қорғасынмен жығып, итшаналармен Қасқырбайға тасыды. «Түйелердің терісі де ірелмей, сұрп еттері – қолдары қолдай, сандары сандай бөлшектеліп, қаңқалары мен бастары түбітті терілерімен пұшпақ-пұшпақ болып аттанды» [4, 66б.]. Иркутск лагерінде шошқаларды осылай атып, бітеудей түгін үйітіп, сосын ғана қарнын жарып алатынын көрген Ескендір қарт олардың әрекетін «кәпір болып кетті ғой оңбағандар» деп кіжінеді. Көнбеген, қарсы шыққан Ескендір түйешінің аяқ-қолын байлап, қосқа апарып тастады. Суық ауаны жара дүркін-дүркін дүрсілдеген мылтық даусының соңынан ащы қышқырған, жаны қиналғаннан бақырған, әлсіз боздаған үндер үш күн бойы үзілмеді.

Бұл қырғыннан жасы тоғызға енді толған, келеге түсіп, құмары қозғанда қалыңнан жырақтап кететін әдеті бар, келесіне тірі жан атаулыны жолатпайтын сойқанды, буыршын, бураның ішінде орасан зоры да; аңылжыған аптапта маңқиған маңғаз болса, ақырған ақпанда аң сезімі оянып, келесін жан аяғы баспас жапанға қуып, күндіз-түні кірпік ілмей қарауылдайтын Ақбас бураның келесі ғана аман қалды. Бұл да болса Ескендірдің құлазыған көңіліне, ширығып ауырған жанынан дауа болып, үміті үзілмеген. Өз дегенімен жүрген ойсылқара тұқымы иенде иесіз түлікке айналып, 4-5 жылдың ішінде жүзге жетті.

Түлік төресінің Алтай жерінің қатал табиғатына шыдамды, күш-көлікке қолайлы, малшылар үшін аса қажетті екенін басшылар елеп, ескерген жоқ. Қымыз, қымыран ашыту керек, мал шаруашылығын жандандыру керек деген қаулы қабылданғанда ғана басшылар Ескендірге қолқа салып, Ақбас бураның келесін алдырды. 60-жылдардың аяғына дейін Ақбас бураның тұқымы Ақшиде 200-ден асты. 70-жылдардың ортасындағы «ет өткізу» науқанында момын түлік біржолата жойылып кетті. Бүкіл өңірде тігерге тұяқ болып, Ескендір қолында ұстаған Қара бура ғана қалды.

Бірақ, жалғыз қалған бура ғана емес екенін, аборигендердің де тағдыры жетісіп тұрмағанын автор өңірдегі соңғы түйеші Ескендір тағдыры арқылы көрсетеді. Өз тағдырына билігі жоқ елдің малы да талан-таражға түсуі заңдылық екенін салқынқандылықпен сездіреді.

Тұнжыраған жүзі қап-қара болып күлбеттеніп алған үндемес шалдың өмірі де – қазақтың кештеу жазылған тарихы. Заман: еркін билемес, еркінді билер. Ой өз-өзінен шайқалған майдай орала береді, алыстан орағытқан ойлар арқылы қазақ тарихы тарқатылады. Ескендір үкімет болып, Еңсе байдың өңі түгіл түсінде елес бермеген қызы сұлу Ақнәрмен бас қосты.

Ажарлы қыз шөлмектей тез солды, ескі шүберектей тез оңды. Өзін-өзі іштей мүжіген ой жеді, қара көзін мұң тұтып, бетінің қызылы сөнді, жүрегі мұз боп қатты. Ақыры жан азабына шыдамай, құрсағындағы баласын да ойламай, құздан секіріп өлді. Соры қайнаған Ескендір қайғыға жалғыз мойынсұнып, өз көйлегіне сәбиді орап, алдына асып, жон арқасына әйелін салып әкеліп, қара жер қойнына тапсырды. Иін көтертпеген қайғы-қасіреттен есі кіресілі-шығасылы ауруға шалдықты. Ой атаулыдан құтыла алмай, айналсоқтап жүріп, тұңғиық иіріміне шым-шымдап батыра бастады. 32-нің алапат аштығы, шыбындай қырылған халықтың тең жартысы Қытай ауып, ол жақтан теперіш көріп, көп уақыттан соң кері қайтты. Қайта алмағаны қаншама. Ескендірдің інісі Еркендір де жұртпен Қытай ауып, елге кейіннен келді. 37-нің қара суық күзінде өзі Иркутск айдалды. Мәңгіріп жүруден арылса да, үнсіздіктен арыла алмады. Бірақ, жындысүрей болып жүрсе де, түйені қорып, аман алып қалды. Жаны қиналған қара бура мен Ескендірдің күйін автор параллель алып отырады. Қарттың есіне қай-қайдағы құйындай оралып, ауа жетпегендей көкірегі қысылып, жүрегі қатты соғып, аузына тығылғандай күйге түсуі – отарлықтың езгісі. Бас кейіпкердің тар кеудесінде талай көкжал ойлар тайталасқан күрсінісі көп күндері арқылы біз бүкіл қазақтың басындағы ауыр жағдайын түсінеміз.

Партия тапсырмасы экономиканы күшейту үшін бос жатқан Ақжал жерін жыртып, дәнді дақыл егу болды. Жайылымды қысқартып, елде агротехниканы дамытып, ендігі күш-көлік – трактор, машина, комбайн болу керек. Алтайдың қиын табиғатында, қалың қар жауғанда барлық жерге трактор, машинаның аяғы жете бермейтіні ескерілмеді. Ескі соқпақпен жүре бермей, жаңа сүрлеуге түсу ғанибет танылды. Түйе мен жылқы күні өткен ескінің қалдығы саналды. Ал оның ата-бабадан қалған кәсіп, сан ғасырлық сынақтан өткен тәжірибесі, ұлт үшін негізгі күнкөріс екені қаперге алынған жоқ. Салдарынан түйеге ғасырлар бойы тиесілі болып келген Ақжалдың құйқалы өңірі кепкен тулақтай жемтір-жемтір жыртылып, жүгері егілгенімен, тырбиып өспей қалды. Бер-екі жылдан кейін құрғақ аңыз, құмдауытқа айналып, Ақжал қаңырап бос қалды. Яғни, түйені етке өткізіп, ұлттық кәсіптен бас тартқанымен, егін шаруашылығы дамып кеткен жоқ.

Ерекше назар аударатын дүние – барлық жалғыз қалған *түйенің іздеушісі бар.* Қыстың суықтығына, ақпанның ысқырған аязына қарамастан, қабағына мұз қатып, соңынан еріп, іздеп жүрген жоқтаушысы, іздеушісі бар. Яғни, қазақ өзінің түп бастауын, ата кәсібін ұмытқан жоқ, ешуақытта тәрк етпейді де. Қандай дамыған технология заманы болса да адамның табиғатсыз күні жоқ екенін біледі. Адам бойынан жоғалған ізгі қасиеттерді жануарға телуде де авторлардың мақсаты – осы болатын.

Қазақ жазушылары талданған туындылары арқылы «отарлық шындыққа үнсіз көнудің» салдарын көрсетті. Шығарма шешімінде авторлар түйенің трагедиясы арқылы адамның қаттылығы мен қайырымсыздығына наразылығын танытып, тежеу салуға әрекет жасайды. Г.Хагган мен Х.Тиффиннің адамзат баласының жануарларды тауарға айналдыру мен қанауын, пайдалануын сынға алып, оның отаршылдықтың сипатымен тығыз байланысты әрі тым ұқсас екенін атап берген болатын. «Үнінен, тілінен, жерінен, дінінен айрылған халық жер бетінен жойылып кетеді» деген әл-Фарабидің сөзі бар. Өткен тарихты анық біліп, сабақ алып, қазақтың қанқұйлы қасіретке толы тағдырын терең біліп, жарқын болашақтың көкжиегін көруде анималистік сипаттағы туындыларды талдау маңызды рөл атқарады. Ұзақ уақыт бодан ел болғандықтан ұлттық болмысымыз бен ұлттық құндылықтарымызды оқырманға түсіндіріп, жеткізуде әдебиетшілердің алдында тұрған іс көп. Расында қазақтың дәстүрі, мәдениеті ғана емес, психологиясы да оның күнкөріс көзі болған – малымен байланысты. Расында түйе мен жылқы – қазақтың этникалық құндылығы екенін отаршылдар жақсы білді. Отарлық езгіге түсу қазақ халқының эволюциялық үдерісін тоқтатып, дәстүрлі өмір сүру мәдениетінен айырып, рухани дағдарысқа түсірді [5; 6]. Салдарынан ұлттың сан ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тілі мен ділі, этногенетикалық тегі, төл мәдениеті державаның көлеңкесінде қалып, қағажу көрді. Көне шежіре көмескі тартты. Отарлау саясатына қазақ зиялылары мен ақсүйектері қарсы тұра алмады, оған тегеурінді империя

ешқандай мүмкіндік бермегеніне қазақ тарихындағы түрлі қанды оқиғалар куә. Бұл туындыларда көшпелі өркениетінен, атакәсібінен айрылған елдің әрі қарай ұлт болып ұйысып өмір сүру жолындағы әрекеті көрініс тапқан. Тегеурінді күшпен қазақтың басы иілсе де, рухы, жүрегі иілмегені айқын. Ұлт зиялылары отаршылардың зардабын көрді, түсінді. Олардың әрекеті әлсіз күреспен ашық күреске (С.Қирабаев) шығу болған жоқ, елді оқыту, сауықтыру арқылы отаршылармен теңесу арқылы құтылу болды.

Әдебиеттер:

1. Boehmer E. Colonial and Postcolonial Literature: Migrant Metaphors. Oxford university Press. 2005. P.9.

2. Мұқышева А.Н. Қазақ әдебиетіндегі тұлпарлар бейнесі (Өмір шындығы. Кейіпкер тағдыры. Көркемдік мұрат). Филол.ғылымд.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. -Алматы, 2005, -136б.

3. Рахымжанов Т. Қыран қия. Повестер мен әңгімелер. -Алматы: «Дайк-Пресс», 2021. -272 бет.

4. Алтай А. Таңдамалы. Повестер мен әңгімелер. Том 2. Ред. А.Оразбекова. -Алматы: Арда+7. 2022. -400 бет.

5. Куцио Т. Посткеңестік отаршылдық кеңістіктегі тарих, жады және ұлт құрылысы. Ұлттар туралы құжаттар, 30(2), 2002. -241-264 бет.

6. Martin, V., 2012. Law and custom in the steppe: the Kazakhs of the Middle Horde and Russian colonialism in the nineteenth century. Routledge. 2012., p. 244.

Б.М.Сұлтанова
ф.ғ.к., профессор м.а.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ СЫРЫМ БАТЫР БЕЙНЕСІ

Халық басына түскен ауыртпалықтың қордалана түсуі, әділдік іздеуші ерлер алдында өлшеусіз кедергі-қамалдар тууы-осылардың бәрі қашан да қай елде болмасын тарихи тұлғалар туралы шығармалар әдебиетте қанат жаюына ықпал еткені мәлім. Қазақ қоғамында әдеби проңестер ауызекі шығармашылық пен жазбша бағытта өрбіді. Әдеби шығармаларға арқау болған сондай тарихи тұлғалардың бірі де бірегейі Сырым Датұлы - Отандық тарихтағы ұлт-азаттық көтеріліс қолбасшыларының ішіндегі ерекше тұлғалардың бірі. Сырым батырдың өміріне, ол бастаған ұлт-азаттық көтеріліске арналған бірнеше еңбектер [1, 2] мен іргелі зерттеулер бар [3]. Сырым Датұлы хақында қазақ әдебиеті тарихында оның жағымды бейнесі ақын- жыраулардың жырлары мен дастандарында, жазушылардың көркем туындыларында ерекше атап өтіледі. Оның басты себебі Сырым Датұлының есімі мен даңқы халықтың есінде уақыт өткен сайын жаңғырып отыруынан деп түсінген абзал. Кешегі патша заманында, одан бергісі кеңес заманы мен бүгінгі тәуелсіздік заманында да Сырымның есімі әдебиет тарихында ерекше орын алады. Қазақ әдебиеті тарихындағы Сырым Датұлы бейнесінің сабақтастығы ерекше құбылыс. Оның айқын дәлелі халқымыздың Сырым батыр туралы даланың ауызша тарихы мен ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де мол мұралармен қамтылғанымен де құнды.

Рухы мықты, еркіндікті аңсайтын қазақтың қас батыры туралы көркем туындылардың ішіндегі ең сүбелісі – «Тар кезең» романы [4]. Орыстың зиялы адамдарының бірі, белгілі тарихшы Михаил Порфирьевич Вяткин: «Тарих мынаны айқын көрсетеді. Ол – Сырымның өз халқына білдірген асқан сүйіспеншілігі; өз халқын сатқан ел басшыларымен ешқашан ымыраласпайтындығы; өз Отанының бостандығы үшін, оның мемлекеттігі нығайып, дамуы үшін жанын аямай күрескені… Қазақтар халық қамы үшін күрескен осы бір батырды

ешқашан есінен шығармақ емес» [2], – деп дұрыс жазып еді. Романмен бір кезеңде жазылған көркем шығармалардың бірі Рахымжан Отарбаевтың «Сырым батыр» – тарихи драмасы [5].

Сырым Датұлы өмірі Нұралы ханмен де тығыз байланыста болды. Ол Сырымға тіпті де бөтен адам емес еді. Қазақшалап айтқанда, құйрық-бауыр жескен туған құдасы. Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры қойған Рахымжан Отарбаевтың «Сырым батыр» тарихи драмасына батыр өмірінің соңғы он жылын қамтитын осындай қым-қиғаш әрі шым-шытырық кезең өзек болып тартылыпты. Аласапыран дүниенің ортасында қалған Сырымды автор батырлығын да, көсемдігі мен шешендігін де емес Сырым батырдың адамдық келбетін, адамгершілігін, мансапқа қызықпайтынын көрсетуді басты мақсат еткен. Драматургиялық туындыға ең алдымен динамика, интрига, талас-тартыс, іс-әрекет, қимыл-қозғалыс пен қарама-қайшылық тән десек, бұл талаптардың барлығы да пьесада да толығымен ескерілгенін көреміз.

Мұндай жағдайды ескермей сахнада басты кейіпкердің көсемдігі мен шешендігін дәріптеймін деп, бас-көзге қарамай зуылдатып отырса, ол пьеса боламайтындығы ақиқат. Жазушының жаңа драматургиялық еңбегінде орыс патшайымының жарлығымен Сырымның бас старшын болып сайланған сәті бейнеленген. Шен-шекпенге жақын өзге атаққұмар біреу болса, бұған әжептәуір масайрар еді. Пьесаның басты кейіпкері олай істемейді. Бұл шен оған зымиян, сайқал есеппен беріліп отырғанын бірден аңғарған спектакльдің басты кейіпкері одан әрі іштей серпіліп, ширыға түседі.

Ел, халық мүддесі, отаршыл саясат салдарынан орын алған озбырлықтар оның жанын бәрібір жәй таптырмайды. Сөйтіп, орыс патшайымы берген атақ пен шен-шекпенді өз ақылы мен айласын сарп ете отырып, елдікті қорғап, ауызбіршілікті нығайтуға, ел намысын жықпауға, халықтың сағын сындырмауға ұтымды пайдалана біледі. Мүмкін, көсемдік деп жүргеніміздің де бір мысалы осы шығар. Автордың айтайын деген басты ойының бірі де осы төңіректен туындаған деп айтуға болады.

Әдетте, халық дана деп жатамыз. Бірақ қоғам мен дүниенің тегершігін дөңгелететіндер тек дара тұлғалар, ұлы Абай айтқандай «толық адам» дәрежесіне жеткен қайраткерлер. Пьеса авторы Сырымның осындай тарихи дара тұлға ретіндегі сахналық бейнесі мен орамды образын аша алған. Сырым Датұлы Ресей отаршылдарымен үздіксіз он бес жылға жуық уақыт бойы күрескеніне тарих куә. Ал, осы күрес аз ғана уақытпен шектелсе, немесе күрт тоқтаса не болар еді? Сөз жоқ, мұндай жағдайда отаршылдар қазақ сахарасына кеулей еніп, сұғына кіріп, олардың елге тигізетін зияны мен сойқаны бұдан да гөрі тереңірек, молырақ болар еді. Сырым бастаған көтеріліс сол зардаптың уытын азайта алуымен әрі тежеу салуымен де құнды.

Пьесада көрсетілгендей, жасы жетпіске жақындаған Сырымның бір басына жететін дәулеті де, билігі де болды. Батырлығы, көсемдігі мен шешендігі тағы бар. Сонда оған не жетпейді? Құдасы Нұралы ханмен төс соғыстырып, тып-тыныш, мамыражай, қызықты өмір сүруіне әбден болар еді. Алайда, Сырым бұлайша өмір сүре алмайды. Бұлай істеу қолынан келмейді. Қандай қым-қиғаш жағдайда да халық қамын көксеу – оның басты мұраты. Сондықтан да ол осы мақсатын іске асыру үшін басын тауға да, тасқа да соқты. Міне, тарихи драманың айтайын деген басты ойы осындай десек, шындықтан алшақ кетпейміз.

Ең алдымен айтарымыз, Р.Отарбаевтың спектаклінің де идеясы – аса шымыр. Қоғамдағы қайнап тұрған мәселені көтереді. Адам «қып-қызыл майдан» ішінде. Бұл өзі өмір сүріп отырған ортамен келісе алмай, ішкі шындығын іздеп жүрген жандар. Автор көрерменге аяушылықпен қарамайды. Талмау тұсын тауып алып, тап сол сыздаған жерге тұз себеді. Ашындырады. Ашындыра біледі. Ашындыру арқылы көрерменнің саңлауына ой сәулесін түсіреді. Р.Отарбаевтың драматургиялық шығармаларының мақсаты да ой тастауға, ойландыруға құрылған.

Р.Отарбаевтың тілі де табиғи, құнарлы. әдеби шығармаларында оның тілдік ерекшелігін көрсететін көріктеу құралдары көптеп кездеседі. Соның бірі – теңеу. Академик Р.Сыздық: «Теңеу – таным нәтижесі, сондықтан теңеулердің дені этнографиялық, ұлттық

сипатта болады» дейді. Пьесада тіл үшін дәстүрлі саналатын –дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы жасалған теңеулер мол.

Образға барар алғашқы баспалдақ - суретті сөз болып табылады. Метафора табиғатында бейнелік ұқсастық құндылықтары жатса керек, өйткені, сол ұлттың өкілі ғана метафораны жылы қабылдаса, ал басқа ұлт өкілі селт етпеуі мүмкін. Мәдени, рухани ұлттық құндылықтар сөздердің бір-біріне сәуле түсіріп, ауысуына қашанда өз әсерін тигізіп отырады десек артық айтқандық болмас. Құбылыстар ұлттық санада тоғысқан метафоралық қолданыстың өмір сүруіне алып келеді. Тілдегі құбылыстарды ауыстыру шексіз процесс. Сол себепті метафоралық қолданыс қоғамдық өмір, құрылыс өзгеріп, дамыған сайын жаңаша рең ала береді. Бұл көріктеу тәсілін де драматург сәтті, молынан қолданған.

ХХ ғасырдың басында ағартушы ақын, ойшыл, публиңист Ғұмар Қараштың (1875-1921) 1911 жылы Уфа қаласында басылып шыққан «Бала тұлпар» жинағында «Сырым батыр» тарихи жыры жарияланды. Ақын батырдың болмысын былайша жырлайды:

Сырым деген ер болған
Халқының қамын жер болған [6, 258, 306 бб.].

Ғұмар Қараштың тарихи дастанныда Сырым батырдың Үргенішке барған кезін, жат жерде өзін мойындата білген ақылдылығы сөз болады. Дастанның көлемі шағын болғанмен батыр образын аша білген. Х.Досмұхамедов «Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет» және «Таймануұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» атты мақалаларында: «1785-1800 жылдардағы байұлы Сырым батырдың көтерілісі барысында Сырым Нұралы ханды тақтан түсіріп қуды, Есім ханды өлтірді, патша өкіметімен жауласты. Сырым ақырында жеңілді деп қысқаша мағлұмат береді. Сырым он бес жылдай (1782-1797) күресті. Сырымның уақытында орыс үкіметі қазақ ішінде күшті емес еді. Саясатын ойдағыдай қылып ел ішінде жүргізе алмайтын еді. Бір қолымен хандарды сүйесе, екінші қолымен елді алдау үшін сипайтын еді. Патша үкіметі Сырымды әуелгі уақытта сипады. Сырымның арғы сырына түсінген соң-ақ, үкімет жалт беріп, Сырымға теріс айналды. Сырым патша үкіметінің сипағанына иланып қалды. Осы иланuы елден айырылуға себеп болды. Әуелгі уақытта Кіші жүз Сырымға тегіс-ақ еріп еді. Ақырында Сырым Үргенішке жаңғыз барды десе болғандай болып барып, дұшпандарының қолынан құрметсіз өлім тапты», - деп жазды [7, 51-52 бб.] Х.Досмұхамедов Сырым бастаған ұлт-азаттық көтерілістің негізгі себебі отарлауға қарсылық деп өзінің көзқарасын айқындайды.

1924 жылы жазылған Ығылман Шөрековтің (1876-1931/32) «Исатай-Махамбет» дастанында Сырым туралы:

Хан-ие сонда сөйлейді:
-Исатай, мені аяма! Күнім туса көрермін,
Алла салса көнермін.
Келсе де ажал ерте-кеш,
Тағдырменен өлермін.
Қашаннан қазақ қайырсыз,
Қай ісіне сенермін?
Қарға қазақ шулаған,
Қастассам сені жеңермін.
Шаптым деп ханды мақтанба,
Үргеніште қалған Сырымдай
Сүйегіңді шетке көмермін,

- деген жыр жолдары бар [8, 35 б]. Ақын Сырымның Хиуа хандығында жүріп қаза болғаны туралы Жәңгір ханның ауызына сөз салады.

Сырым Датов туралы қалам тартқан қазақ жазушыларының бірі - Сәбит Мұқанов. С.Мұқанов (1900-1970) «Сырым Датұлы туралы» атты мақаласында Сырым батырды кезінде халық ақындары, тамаша халық батыры образында түрлі себептермен жырлаған жоқ- деген пікірін білдіреді. Жазушы Сырым туралы әдебиеттік материалдар жөнді болмағанымен,

«Қазақтың XYIII-XIX ғасырлардағы әдебиет тарихынан очерктеріне» (1942) оның атын мына төмендегі себептермен кіргізгенін атап өтеді: «...Біріншіден, Сырымнан ілгерірек өткен Бұқар жырау, патша үкіметінің отаршылдық саясатынан соққан ызғардың алыстағы деміне қалтыраса. Сырым батыр, сол ызғардың түтеген боранынан тұншықты, аязынан үсіді. ...Сырым батыр ол өртке шарпылып, оны сөндіруге жанталасты. Екіншіден, Сырымның көтерілісі, одан кейін, екі жүз жылға созылған қазақ халқының азаттық жолындағы ұлы күресінің басы»,-деп әділ бағасын береді [6, 56 б]. Жазушы аталған кітапта осы дәуірлер әдебиеті бойынша жиналған мол материалдарды жүйелеп, әдеби құбылыстарды халық тарихымен салыстыра қарайды. Жасыратыны жоқ С.Мұқанов Сырымның тұлғасын таптық көзқарас тұрғысынан талдады.

1967, 1989 жылдары «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Шешендік сөздер», «Ел аузынан» жинақтарында Сырымның шешендік сөздері берілген. Жинақтардағы Сырымның шешендік сөздері халықтың жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан ауызша аңыз, әңгімелерге сүйеніп жазылған бұл еңбекті Сырымтану бағытындаңы мәнді еңбектердің қатарына жатқызуға болады. Бұл аңыз, шешендік сөздерден қоғам мен адам арасындағы қатынасты, байды, биді, төре-төлеңгіттер мен қарапайым халықты, ұлт мәселесін, татулық мәнін, кәрі-жас орнын, елдік пен ерлік жайын, қысқасы өмірдің алуан қыр-сырын, уақыт сөзін жеткізді. Ұлт пен ұрпаққа қатысты кемел ойлап, кеңінен толғанды.

Өткен ғасырда және кейінгі тәуелсіздік кезеңінде қабырғалы қаламгерлеріміз бен ақын-жыршыларымыз І.Жансүгіров, С.Мұқанов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Жамбыл Жабаев, Иса Байзақов, Нүрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбаев, Қалижан Бекхожин, т.б. өз шығармаларының негізгі кейіпкерлері етіп батырлар тұлғасына қол артуында терең сыр бар. Қара қыпшақ Қобыланды, Қара қасқа атты Қамбар батыр, Ер Тарғын, Абылай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Батыр Баян, Қарасай, Өтеген, Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Райымбек, Махамбет, Исатай, Сырым, Кенесары, Наурызбай, Амангелді, Бекболат, т.б. есімі елге белгілі, қол бастаған немесе ұлт-азаттық күрестің ұйтқысы, басшысы болған батырларымыз бен хандарымыздың көркем әдебиеттегі соқталы бейнесі сап түзеп, осы арқылы қазақтың рухани әлемі жаңа белеске көтерілді, байтақ кеңістікке шықты.

Ә. Кекілбаев, М.Мағауин, Ш.Мұртаза, Софы Сыматаев, Ә.Әлімжанов, С.Жүнісов, Қ.Исабаев т.б. шығармаларының бас кейіпкерлері ретінде тарихи тұлғаларды алды.

…Арыдағы даңқты тарихымызды айтпағанда, бергі, XYIII, XIX ғасырлардағы оқиғалардың өзі, Сырым батыр қозғалысы біздің ұлы халық екендігімізге айғақ. Ата бабаларымыз Қазақ Ордасы аталатын айбынды мемлекет құрды. Бұл қуатты ұлыс кең даланы еркін жайлап, өзгеше тұрпатты озық мәдениет жасады. Бай болды, бағлан болды. Сырым тәрізді батырлардың арқасында елімізді, жерімізді еркін сақтап тұрдық, олар ешкімге кеудесін бастырған жоқ. Нәтижесінде, осыншама бай, ұлан-байтақ жерді иеленді, өзіне лайық ұрпақ өсірді.

Әдебиеттер:

1. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. Алматы: Санат, 1996. -656 с;

2. Вяткин М.П. Батыр Срым. Учебное пособие. –Алматы: Санат, 1998. -344 с;

3. Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за наңиональную независимость казахского народа(1797-1838г.). В 2-х книгах, Кызыл-Орда, 1926;

4. Мұқанбетқалиұлы Қ. Тар кезең, - Алматы 2012 ж.

5. Отарбаев Р. Айна-ғұмыр. Пьесалар. - Астана: Фолиант, 2013, 512 б.

6. Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш: өмірі мен шығармашылығы. –Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004.-384 б.

7. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы(Избранное). –Алматы: Ана тілі, 1998. -348 б.

8. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. Дастан мен өлеңдер. (Құрастырған Б.Амашин.) – Алматы: «Жазушы», 1976. -160 б.

Ә. Жолдасқалиқызы
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2-курс магистранты

«АҚ ШАҒЫЛ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ХАРАКТЕРЛЕР ТАБИҒАТЫ

1960-1990 жылдардағы әдебиетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ірі тұлға – Жұмекен Нәжімеденов. Ж.Нәжімеденовтің шығармалары өзі өмір сүрген дәуірдің тұтас бейнесін қамтыған. Қаламгердің «Ақ шағыл», «Кішкентай», «Менің әкем», «Ән бұлағы», «Келін», «Қанды сүт», «Жаңғырық» т.б. секілді эпикалық туындыларының бәрі дерлік соғыс тақырыбына арналған. Майданда қан кешкен батырлардың ерлік істері мен оларды елінде тағатсыздана күткен жақындарының тағдыры негізге алынған. Поэзиядан прозаға ауысып, шығармашылық жолында тың жанрды байқап көрген тұлғаның бұл әрекетіне өз кезегінде әртүрлі баға берілді. «Ақ шағыл» романы жазушының тырнақалды прозалық туындысы боп жарық көрген шағында Б.Сахариев, Т.Тінәлиев, М.Сқақбаев сынды бірсыпыра сыншылардың мақалалары жарық көрді. Жазушының стиліне, кейіпкерлерінің сомдалуына, сюжеттің жалпы құрылысына қатысты пікірлерін ортаға салды. Бәрі де Ж.Нәжімеденовтің көркем тілі мен образдарды құрастыруға қатысты шеберлігін атап өтті. Ал «Ақ шағыл» романының өзектілігі мен әдебиеттегі орны туралы пікірлер бертін келе С.Қирабаев, Г.Орда, М.Аташұлы зерттеулерінде көрініс тапты. Белгілі сыншы Т.Тоқбергенов: «Жұмекен үлкен прозаға ат ауыстырып мінгенде сол соғыс деген сұмдықтың бар зардабын елге, азаматқа, тіпті пенде атаулыға аяусыз салған салмағын, кесір-залалын байыпты, жан-жақты жеткізсем деген ойды мақсат еткен» деген пікірі Жұмекен шығармашылығындағы үлкен бетбұрыстың себебін ашып тұрғандай [1].

«Ақ шағыл» романы жазушының басынан өткерген, өзіне етене таныс құм елінің шындық оқиғасына құрылған. Шығарманың жазылуына Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Дыңғызылдың қойнауында жатқан ауылдың тыныс-тіршілігі арқау болған. «Ақ шағыл» әдебиетіміздегі жиырманшы ғасырдың 60-70 жылдарына тән майдандағы соғыс, тылдағы қызу қайнап жатқан еңбекшілер өмірі секілді социалистік реализм әдісімен жазылған шығармалардан айтар ойы мүлдем ерекшеленеді. Қаламгер сол кезеңде әдеби шығармаларға қойылған қатаң бұйрықтан бас тартып, өзінің прозалық туынды алдындағы ұстанымына біржола бекінген. Колхоз өміріндегі қиындықтар мен ауыртпашылықтарды, қарапайым тұрмыстың шынайы бет-болмысын барынша ашуға тырысты. Ғалым Г.Орданың «Соғыс шындығы роман беттерінде: майдан мен ел өмірі» мақаласында айтылған: «Соғысқа қатысқандар сияқты, тылда соғыс мүддесі үшін қажырлы еңбек еткендер де елдіктің үлкен емтиханын тапсырды. Осы дәуірдің қатаң шындығын суреттеу арқылы көркем әдебиет адам тағдырын әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талдауға, оның сырын ұғынуға тырысты. Ел ішіндегі қысаң тіршілік, жоқшылық кімнің кім екенін, адам тағдырына қалай әсер еткенін көрсетті. Мұнда да соғыстағыдай адам ар алдында сыналды. Ел мүддесін биік қойып, адамдықты сақтап қалған азаматтар мен күнкөрісті ғана күйттеген опасыздар сыры ашылды. Мұның бәрі адамды тану жолы болатын», – деген пікірді негізге ала отырып Жұмекеннің таңдап алған кейіпкерлерінің де кездейсоқ адамдар еместігін айта кеткеніміз жөн [2, 269б.]. Автордың сонау балалық шағында көзбен көрген, ерекше әсер еткен адамдары шығарманың негізгі кейіпкерлеріне айналған. Атап айтсақ Әжімгерей образының жасалуына автордың туған атасы Нәжімеден түрткі болса [3, 15б.], ауылдағы сақау танысы Хисмет шығармада Сейсімет боп берілген [3, 15б.]. Ал пошташы Оразғали есімі еш өзгертілместен, тап сол күйінде шығармаға енгізілген [3, 15б.]. Романда жекелеген кейіпкерлердің іс-әрекеті негізінде оқиға желісі өрбіп, түрлі талас-тартыстың арқасында дамып отырады. Автор әр кейіпкерінің образын ашу үшін диалог, монолог, іс-әрекет, мінездеу секілді психологиялық тәсілдердің мүмкіндігін жан-жақты пайдаланған. Соның бірі шығармадағы басты кейіпкерлердің бірі Сейсімет образы кейіпкердің диалогтарынан айқындала түседі. Шығарманың басталуындағы нағашысының үйіне «- Нағашеке-ай, құйыдық қой, құйыдым ғой!» деп апыл-ғұпыл, көз

алдындағы шылапшын мен құманды құлата ебедейсіз қимылдап кіріп келуінен қандай адам екенін байқауымызға болады [4, 5б.]. Бұл автордың басты кейіпкерін характерологиялық бейнелеу барысында жасаған алғашқы қадамы. Арғы ата-бабалары туралы шындыққа жанаспайтын қайдағы бір аңызды желеу етіп өз-өзіне күш беріп соғысқа аттануы, қараңғы мен жәндіктен қорқатын, «р»-ға тілі келмейтін сақаудың өзін «айыстай азамат» атауы, еш нәрсенің парқын айырып білмейтін топастығы оның тұтас болмысын танытады. Соғыстан ес кіріп оралды-ау деген үкілеген үміттің де шығармадағы «Медаль тағып, көк киіп қатып тұрған «айыстай азамат» екі ауыз сөз айтқанда, ар жағынан баяғы Сейсімет шыға келді», – деген сөйлемнен соң оты өшеді [4, 169б.]. Сейсіметтің кей қылығы кейде адамды еріксіз күлдірсе, кей қылығын көріп аяғаннан басқа амалың қалмайды. Табиғатында пенде баласына қастығы жоқ Сейсіметті айналасындағылар реті келсе күлкі қылып, сақаулығын бетіне басып қалуға тырысады. Суреткердің бейнелеуінде қаперіне ешнәрсе кіріп-шықпайтын ессіз жанның кез келген жағдайда «Тойы айғый, тоқпақ жалды тоғайда бай, қыздайдың ең жақсысы ноғайда бай», – деген өлеңін айтып лағып жүре беретін әрекеті оның орашолақ жан екенінен хабар береді [4, 199б.]. Ешқандай әсірелеусіз, боямасыз берілген надан әрі аңқау Сейсімет жазушы жасап шыққан ең сәтті образ десек қателеспейміз.

Романдағы ең бір тартымды кейіпкердің бірі – Әжімгерей. Сақау жиенінің қылығын күлкі етіп отыратын әзілкеш шалдың да шығармада өз басына жүк болар мұңы бар. Жалғыз баласын майданға аттандырып, қара хабар алған Әжімгерей қарт пен қызыл кемпірдің образынан сол кезеңде перзентін соғысқа жіберіп, жанын шүберекке түйген кемпір-шалдардың тұтас бейнесі көрінеді. Оқиғаның анық-қанығын білмей жатып түйін жасамайтын парасатты адам Темірәлі секілді арлы азаматқа жабылған жалаға да сенбейді. Адамдар арасына іріткі салып өсек, өтіріктен қолдары тимейтін Сандыбай, Сағынай, Сисенбай сықылдылардың қатарына қосылмай іргесін аулақ салуы Әжімгерейдің адамның парқын сезетін көрегендігінен. Әдетте кейіпкер тілі образ реңкін қоюлатып, даралауға көмектеседі. Сол үшін болса керек туындыда Әжімгерей образы жиені Сейсіметтің соғысқа аттанарда айтқан ертегісін меселін қайтармас үшін қостап, үнсіз тыңдауынан, үнемі қызыл кемпірінің әрекетіне күліп, сөзін күлкіге айналдырып уытты тілімен шымшып отыруынан одан сайын ашыла түседі. Жалғыз ұлды соғысқа жіберген жанның одан қалған жалғыз тұяқты қатты мәпелейтіні түсінікті жайт. Алайда атбегі Сақал-Сатым Әжімгерейден немересі Идаятты бәйгеге сұрай келгендегі келісімі оның түпкі санасындағы қазақы салтқа деген құрметінен, ер баланы жас күнінен атқа баулып өсіруге деген көзқарасының дұрыстығынан еді. Бұл байырғыға тән Әжімгерейдің бойынан табылған қазақы мінез. Алғаш «Ақ шағыл» романы шыға салысымен сыншы Т.Тінәлиевтің шығармаға қатысты сыны газет бетінде жарық көрген еді. Т.Тінәлиев мақаласында осы Әжімгерейдің образына қатысты: «Елі үшін, Отаны үшін құрбан болған ұлының қазасын қайсарлықпен көтерген қарт барлық кезде де ақылға жеңгізеді. Ол кейде «Қан мен тердегі» Сүйеу қарт бейнесін еске түсіреді» деп жазған болатын [5]. Пікірдің негізіне сүйене отырып Әжімгерей қарттың уытты тілі де, шығармадағы кейбір шешімдері мен өзгелерден ерек ойлары да оның өмірден түйгені көп дана адам екендігін көрсетеді. Тіпті жанындағы қызыл кемпірімен диалогтарындағы кемпірдің көп нәрсенің байыбын ұғына бермейтін аңқылдақ мінезіне кейде қарттың сүйсініп, ал кейде келемеж қылуы секілді юморы да кейіпкер тұлғалығын даралай түскен.

Шығармада өзгелерден оқ бойы озық тұратын ерек кейіпкер – Темірәлі басқарма. Ж.Нәжімеденов прозасындағы ерекшелік те осы образдың жасалауында жатыр. Өйткені Темірәлі социалистік дәуірдегі шығармалардың бірсыпырасында бейнеленетін колхоз бастықтарының типтік бейнесінен мүлдем айрықша, соны образ. Ғалым Б.Сахариевтің «Соны да сонар із» мақаласындағы мына пікір ойымызды одан әрмен дәлелдей түседі: «Тағы бір ескеретін жай – Отан соғысы жылдарындағы ауыл өміріне арналған шығармалардың көбінде колхоз бастықтарын ауылдағы қыз-келіншектерге қырындап, мемлекет мүлкін судай сапырып, қолынан келген соң қонышынан басып жүрген, әбден шектен шығып асқынған адам ретінде суреттеу салтқа айналып кеткен таптаурын сияқты еді. Жұмекен осы бір

стандартқа мүлдем қарама-қарсы тұлға жасапты» [6, 218б.]. Қу, жылпос Сағынайдың кесірінен әділетсіздікке ұшыраған Темірәлі шын мәнінде елінің қамын жеген ардақты азамат. Ері майданға аттанған жас әйел Мәруәнің ұстамсыздығына ашуланып оны сабауы, ауданға жалған ақпарат беруден сақтанып шоқалдарды қайта-қайта санатуы, ертеңгі ел жайын, мал шығынын ойлап күйінуі Темірәлінің бейнесін одан сайын асқақтата түседі. Романда Темірәлі аты аталған сәтте Сағынай мен Оразғали пошташының есімі де қатар жүреді. Әншейінде «Темақа! Темақа!» деп жалпылдап жүретін Сағынайдың бастығының арқасына пышақ сұғып, үстінен арыз жазуынан оның қаншалықты пасық адам екенін білеміз. Ортаға сауатсыз, аңғал Оразғали пошташыны салу арқылы арам ойын жүзеге асырады. Зерттеуші Г.Орданың «Ж.Нәжімеденовтің романдары» атты мақаласында: «Темірәлінің үстінен жазылған арыздарды берерде жік-жапар болып пошташыны қонақ еткен Сағынай өз шаруасы біткен соң онымен сөйлескісі де келмейді», – деген пікірінен кейіпкердің екіжүзді әрекетін көреміз [7, 126б.]. Осындай жекелеген сюжеттер арқылы автор Сағынайдың табиғи болмысын ашуға күш салған. Мұның бұйрығын орындауға бекінген Оразғали пошташының да ісін бір қарағанда ақтап алуға келмейді. Алайда бұл да заманның басқа салған тауқыметі, шарасыздықтан жасалған әрекет. Қылмысы үшін алған ақшасын қалтасына салып жатқанда да әйелінің не айтарын ойлаған Оразғали романда ортасына қадірсіз, ешкіммен жұмысы жоқ момын адам. Надандықпен жасаған әрекетінің салдарын түсінген шал шығарманың соңында Сағынай бұйрығын орындамай Темірәлінің атын жетектеп иесінің үйіне апарып береді. Аталмыш оқиғаны қаламгер шығармада: «Бұл қарттың Совет үкіметі келгелі бергі орындамаған бірінші бұйрығы еді», – деп суреттейді [4, 327б.].

Романдағы айрықша көзге түсетін образдың бірі – Сақал-Сатым. Бұл Сейсімет секілді аузын ашса жүрегі көрінетін, надандығын, сақаулығын ашық көрсетіп жүрген аңқылдақ жан емес. Бір қарағанда «р»-ға соқпай өтетін сөздерді келістіріп айтуы оны сөзге шешен адамдай көрсетеді. Алайда мұның бәрі сақаулығын жасыруға тырысып баққандығынан. Романдағы кесек образдың бірі де осы – Сақал-Сатым бейнесі. Сыншы М.Сқақбаевтың: «Жазушының суреткерлік қырын айқынырақ танытатын – Сақал-Сатым бейнесі. Ол тумысынан сақау кісі, бірақ бойына біткен табиғи тәкаппар мінезі, ұшқыр ақылы осы бір кішкентай мінін жасырып, елге сездірмей ғұмыр кешуіне себеп болады», – деген пікірі алдыңғы ойымызды толықтыра түседі [8]. Романда Сақал-Сатымның айрықша талантына қатысты мінездеу былайша жасалады: «Бақса ешқайсысы Сатымның ішінде «р»-ы бар сөзді аузына алғанын естімепті. Оның елден ерек тоғынағаш (шаңырақ), көз ағаш (кереге), бас таңғыш (басқұр) сияқты атау сөздері сол баяғы «р»-дан қашып жасағаны-тын. Бір нәрсені «түсі түндей» деп жып еткізгенде «қарадан» гөрі ажарлырақ, бейнелірек шығатын. Әсіресе малдың түр-түсіне байланысты: жирен, сары, шұбар, күрең, сұр деген сөздер былай қарағанда, басқаша айтуға көнбейтін сияқты. Ал Сақал-Сатым оны: «құм қызыл», «құм құла», «ала бажақ», «шоқ түсті», «күл түсті» деп соға салады» [4, 55б.]. Алайда Сақал-Сатым бейнесі Сейсіметке қарағанда әлдеқайда жағымдырақ көрініс тапқан. Себебі Сейсімет өзінің сақаулығын жасыруға тырыспайды да, аңғал көңілінің артындағы ақымақ кейпін жұрт бірден түсініп қояды. Ал Сақал-Сатым ақылды әрі сөзшең адам. Ол өмір бойы айналасындағыларға өзінің сақаулығын білдірмеді, «р» қатысатын сөздің бәріне балама тапты. Тек кейбір Сандыбай секілді елдің мінін тергендердің өсегі арқылы сыры елге мәлім болды. Ғалым Ғ. Есім «Жалғыздық метафорасы» атты зерттеуінде автордың неліктен сақау адамдар образын романға кіріктіргеніне қатысты ойын былайша түсіндіреді: «Ақ шағылда аты белгісіз қоғам орнықты. Ойлаймын, Жұмекен «Аллегорияны» да, «Эзоп тілін» де пайдаланған. Романда Сейсімет және Сақал-Сатым деген екі сақау бар. Сейсіметтің «р» әрпіне тілі келмейді. Сейсімет бейнесі арқылы жазушының қоғамдағы сақаулықты меңзеуі аңғарылады. Екінші сақау Сақал-Сатым, оның да тілі «р» әріпіне келмейді, бірақ оны ешкім аңғармайды, себебі ол «р» әрпі бар сөзді мүлдем айтпайды. Мәселен оған СССР деген сөзді айтқызсаң, ол тайып шығып «әлемдегі әділетті ел» дейді. Сақау екенін білдірмейді. Өтірік айтады. Бұл да аллегория, өтірік қоғамды меңзеу» [9, 395-396б.].

Социализм қалыптастырған сананың сарқыншағы туындыда Сандыбай, Сисенбай секілді кейіпкерлерден айқын көрінеді. Қос кейіпкер қайда барса да бір-бірінен қалмай қатарласып жүреді. Олар жоғарыда аталған Әжімгерей сияқты аяулы қартқа характері қайшы кейіпкерлер. Сандыбайдың портреті романда: «Сандыбай Сисенбайға қарағанда іш қалтарысы бар, түкпір-түбі көлеңкелеу жан-ды. Мұндай адамның көбінесе бүкіл жұлын-жүйкесінен бастап, қара тырнағына шейін түгел есептеп тұрады. Дүниенің бәріне сол есептің көзімен қарайды, сол есептің көзімен баға береді», – деп суреттеледі [4, 93]. Бұл портреттік бейнелеу кейіпкердің өзіне қатысы жоқтың бәріне мұрнын сұғып тіміскіленіп жүретін, кез келген нәрсені бас пайдасына шешетін, өсек-аяңға жақын жан екенін білдіреді. Ал осы Сандыбайдың сөйлеген сөзі мен істеген ісін қайталап жүрсе де көлеңкесінен көрінбей қалуға намыстанатын Сисенбайдың тұлғасы шығармада Әжімгерейдің сөзіне ренжіп, іштей өзін-өзі ақтап алған монологінен білінеді: «...Әжекең: «Сен өзің бір қасиетсіз қарт екенсің» – дейді-ау. Өзіне, бүкіл «Жаңа өмір» колхозына аты белгілі Сисенбайға, Темірәліден бастап Еділханға шейін «Сисеке» деп сөйлесетін Сисенбайға «қасиетсіз қарт екенсің деп»...Сисенбай мықтап ренжіді» [4, 95б.].

Соғыс кезеңінде колхоз жұмысына белсенді атсалысқан жандар әйелдер болды. Автор шығармадағы әйел кейіпкерлерді суреттеу барысында терең психологиялық талдау жасап, оларды іс-әрекеттері арқылы сипаттайды. Ішкі сезім иірімдеріне бойлап, адам жанының тұңғиық қатпарларына ену арқылы Қарашаш, Талжібек, Мәруә, Әжімгерейдің келіні секілді әйел образдарын жасап шығады.

Қоғамнан оқшау, айналасынан жырақ жалғыз кейіпкер – Әжімгерейдің келіні. Күллі жұрт оны «жаман келін» атайды. Оның характерлік кейпі шығармадағы ішкі монолог пен айналасындағы адамдардың оған жасаған қарым-қатынасынан білінеді. Бұл кейіпкерге тұтас романның бас-аяғында айрықша мән берілмегенмен шығарманың соңына қарай кейіпкердің образы ашылады. Зерттеуші Б.Сахариев Мұғзима образының жасалауына қатысты: «Автор Мұғзима тағдырын романның соңғы жағында лирикалық шегініспен баяндайды. Бұл тұсқа дейін ол шығарма кейіпкері ретінде бір-екі рет аталғаны болмаса, сахна төрінен көрінген емес-тін», – деген болатын [6, 223б.]. Алайда Жұмекен шығарманың сюжеттік линиясында кейіпкерлеріне арнайы тоқталу үшін оқиғаларды әр тарауда жеке-жеке өрбітіп отырады. Бұл арқылы бір образдың екінші образға қабаттаспай дараланып шығуына жағдай туғызған. Келін Мұғзиманың да тағдыры екінші тарауда бекерден-бекер қозғалмаса керек-ті. Бұл бір жағынан автордың елеусіздеу кейіпкерінің сырын ашуы болса, бір тұсынан Мұғзима образы арқылы қазақ келіндерінің әлеуметтегі орнын көрсетуі. Бұл мәселе кейін автордың «Келін» поэмасында да айтылады. Шығармадағы «Келін – келін болмас бұрын біреудің Мұғзима атты жалғыз қызы-тын» деп басталатын анықтаманың өзі бізге сыры енді мәлім болар образдың бүкіл реңін ашып тұрған іспетті [4, 287б.]. Жиырмасыншы ғасырдың басынан әдебиетте ірі проблемаға айналған қазақ қоғамындағы қыз тағдырының жалғасы боп шығармада Әжімгерейдің жаман келіні Мұғзиманың өмірі суреттеледі. Ол өзі танымайтын, сүймеген адамына аяққа тұсау салған ауыр тұрмыстың кесірінен зорлықпен күйеуге тиеді. Келін боп түскен шаңырағына да, ауылдың кәрі-жасына да тегіс жаман келін атанады. «Жаман» деген сөздің қосарланып жүруі Мұғзиманың жамандығынан емес жасықтығынан. Бұл жүрген жерде қырсық бірге жүреді. Торы байтал қазыққа жарылып өлсе де, қасқыр қойға шапса да, құдық құлап, нан күйсе де бәріне кінәлі – осы. Осылайша ері соғысқа кетіп өзін одан бетер жаман сезінген әйелдің қайғысына қайғы қосылады. Мұғзима негізінен сол дәуірдегі ерін соғысқа аттандырып, баласын құшақтап қалған көптеген қазақ әйелдерінің типтік бейнесі. Өзін суық адамдардың ортасында артық сезінген оның өмірі ылғи да бақытсыздыққа толы әрі ол ылғи да жалғыз. Тіпті бара-бара айналасындағы адамның бәрі мұны жылататындай, қандай қателік жасалса бұған жауып жіберетіндей зорлықшыл көрінеді. Кедей тұқымнан шыққандығы оның осынау дүниеде өзін тек мазаққа жаралған жандай сезінуіне себеп болады. Кемшілігіне күлмейтін, жетістігін күндемейтін серігі қарала бұзаумен табысады. Романда Мұғзиманың қарала бұзаумен достасуы, бұзауды құшақтау арқылы бақытты күй

кешуі жаралы жанына медеу болар бір жаратылыстың бұл әлемде барына шын жүрегімен қуанған сәтінен білінеді. Мұғзиманың жаны жетім, оған демеу болған бұзау да жетім. Екі жетімді табыстырған – қатал тағдыр, қатігез қоғам. Өмір бойы туған балаларына «жаман қатын» дегізіп келемеж қылған қайын сіңлілерін де, немереге жан-тәнімен беріліп, анадан бөліп алған ата-енені де ойында қанша ақтап алса да, өз балаларының жатбауырлығын, сәби жүректерінің туған анасын іздемей жатсынған қылықтарын Мұғзима ақтай алмады. Ең сорақысы Идаяттың Мұғзиманы шеше деп мойындамай, бүкіл жан дүниесімен одан жиренуі, өзін одан туған бала екенін ойлап қор санауы келіннің жүрегін ауыртып, жанына батады. Автор шығармада Идаяттың туған шешесіне қатысты ойын: «Үстіне ілінгенді киіп, қалғанды ішетін келін, қолы күйе мен жарықтан босамайтын сүмсік...» деп береді [4, 299б.]. Өзі секілді жұмырбасты пенделерден мейірім көрмей күйеуінің жылы сөзіне зар болған мұңлықтың сорлы тағдыры романда кеңінен тыныс алған. Қазақ тұрмысындағы келіндердің әлеуметтік рөлі автордың «Келін» поэмасында жалғасын тапқандай. Белгілі ғалым Қадір Жүсіптің «Ж.Нәжімеденовтің ақындығы» зерттеу еңбегінде ақынның «Келін» поэмасына қатысты: «... Келін төрт жыл бойы соғыс салған салмақты қасірет жасын ішіп, көтеріп шыға білді. Төрт жыл бойы күнгейіне көлеңке, арына дақ түсірген жоқ. Төрт жыл бойы ол да соғысты. Келін үшін ол соғыс - ар мен ождан үшін соғыс болатын. Оның бұл соғыста мерейі үстем болып шықты. Сондықтан да келін ерлігі - ар ерлігі, ождан ерлігі. Сондықтан да келін адалдық пен тазалық символы» деген болатын [10, 121б.]. Поэмада сомдалған келін бейнесінің жалғасы боп прозада Мұғзиманың образы жасалған. Өйткені Мұғзима да қан кешкен соғыс жылдарында жарына адал боп, ата-енесіне қызмет етті, айналасынан қанша мазақ көрсе де шыдап бақты. Қос шығармадағы келін бейнесі соғыстың ауыр салмағын абыроймен көтере алған ибалы адам.

«Ақ шағылдағы» әйел кейіпкерлердің ішінде дараланып шығатын кесек образ – Қарашаш. Күйеуінен ерте айырылған, жалғыз баласын әскерге аттандырып, қызын құшақтап қалған ана. Туындыда жаратылысынан еркекшора, намысшыл жанның болмысы ситуациялар арқылы ашылып отырады. Бір адамның сөзі я қылығы ұнамаса «Хақымақсың-ау анаңды...» деп дүңк еткізетін әйелмен ауылдағы көп адам сөз таластыруға сескенеді. Зерттеуші-ғалым Г.Балтабаеваның пікірі осы айтылған ойымызды дәлелдей түседі: «Кейіпкер сөзі – образды ашатын шығарманы шындыққа жанастыратын құрал» [11, 34б.]. Оның бойында өзге ешкімде кездеспейтін алып күш бар. Атқа шапқаны да, мал айдап, колхоз жұмысын тындырғаны да өзгелерден ерек. «Көзіне айтпаса да, сыртынан жұрт мұны «еркек қатын» атайды. Шынында желкесіне ғана өлшеп қиған қара бурыл шашы, қалың қабағы, жуан, мыртық саусақтары, түк қаптаған көнтек ерні, ойнақылықтан жұрдай суық, сұрқай көздері «еркек» деген сөзді қолданбасыңа болмайды. Ал қатын дегізетін: көпшік құшақтағандай тоқ омырауы мен бес батпан бөксесі...» деген сипаттау кейіпкеріміздің бітім-болмысын анықтай түседі [4, 20б.]. Күллі ауыл «еркек қатын» атаған ердің де, қатынның да шаруасын қатар атқаратын Қарашашқа қызы Талжібектің қолын сұрауға ешкімнің бата алмауы да оның характерлік реңкін қоюлатып тұрғандай. Ерінен жастайынан жесір қалса да тағдыр тауқыметіне мойымай тірлік еткен әйелдің жалғыз жұбанышы – қызы Талжібек. Елдің бәріне «Сіңілімнің қызы еді, қырқынан шықпай тұрып асырап алдым» деген құпиясы шығарманың соңына қарай Талжібектің ұзақ үнсіздігінің әсерінен мәлім болады [4, 19б.]. Мұндай ащы сырды ақтара салу да Қарашаш секілді жалтару мен жасқануды білмейтін ер мінезді әйел үшін қиынға соғады. Тағдырдың тауқыметіне қатал да қатқыл мінезінің арқасында қанша төтеп беруге тырысса да автор Қарашаштың әйел болмысына сай нәзік қырларын да суреттеуді ұмытпаған. Ауыл адамдарымен етене жақын араласпаса да үйіне келген қонақты баласындай күтіп, сыйлап жіберетін Қарашаштың бойындағы бұл қонақжайлылық ертеден қазақ әйелдеріне тән қасиет. Мінезі шайпау болса да еркелеуді білетін Қарашашқа Темірәлінің жас күнінде қырындауы да бекер емес.

Бірі ерінен, бірі баласынан айрылып соғыстың зардабы тиген кейіпкерлердің қатарына ері кебенек киген Мәруә да жатады. Сейсіметтің де майданға аттануы Мәруәға оңай тиген жоқ.

Оның да ерін аңсаумен күндері өтіп жатты. Алайда Қарашаш, Мұғзима, Мәруәнің тағдырлары ұқсас болғанымен болмыстары бөлек, мінездері әрқилы. Мұғзима ерін күтіп жалғыздық кешсе, Қарашаш өмірдің сынағына амалсыз көндіккен. Мәруә болса нәпсісін тия алмаған бейбақ. Сейсімет соғысқа аттанғанда үйіне жөн сұраса келген Темірәліге қылмыңдаймын деп таяқ жейді. Бірақ бұның өзі Мәруәға сабақ болған жоқ, бұл оқиғадан кейін де ол ауылдағы желік қуған бозбала Еділханмен көңіл жарастырады. Жазушы Мәруә секілді кейіпкерді шығармаға бекер қоспаған. Пендешілігі бір басына жетіп артылатын мұндай әйелдердің арсыз тірліктері сұрапыл соғыс уақытында да орын алғаны анық.

Әдеби шығарманың оқырманға жол тартқан сәттен бастап алдына қоятын мақсаты – адам жаны мен сезімдерінің иіріміне бойлап, оған ой салу. Өмірден түйгенін өнеріне арқау етіп, тың образ, өзгеше ырғақта шығарма жазған Ж.Нәжімеденовтің прозалары қазақ әдебиетіне қосылған үлкен үлес деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Тоқбергенов Т. Үш тоғыс. – Алматы, 1977.

2. Орда Г. Қазақ романы: Өткені мен бүгіні: Ұжымдық монография. – Алматы: «Алматы баспа үйі», 2009. – 644 б.

3. Жанизин Е. Қошалақтың қоңыр ұлы / Е.Жанизин // Алтын орда. – 2008. – 4-10 желтоқсан (№49). – 15 б.

4. Нәжімеденов Ж. Ақ шағыл: роман / Жұмекен Нәжімеденов. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2015. – 432 б.

5. Тінәлиев Т. «Ақ шағыл» романы («Ақ шағыл» романына сын). // Коммунистік еңбек, 1973, 5 желтоқсан.

6. Сахариев Б. Соны да сонар із. (Ақын Ж.Нәжімеденовтің «Ақ шағыл» романы туралы). Кіт.: Сахариев Б. Күрескер тұлғасы. – Алматы, Жазушы. – 1979. – 214-224 бб.

7. Орда Г. Жұмекен Нәжімеденов романдары. // Абай. - 2010. - №3. -124-133 бб.

8. Сқақбаев М. Шығарма шырайы – шындық («Кішкентай» романы туралы) // Қазақ әдебиеті. – 1976. – 26 наурыз.

9. Есім Ғ. Жалғыздық философиясы / Ғ.Есім // Таң-Шолпан. – 2015. – №4. – 152-190 б.

10. Юсупов Қ. Ж.Нәжімеденовтің ақындығы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 240 б.

11. Балтабаева Г. Қазіргі қазақ әңгімесі (1980-1990). – Алматы, 1999. – 120 б.

А.Тұрғымбай

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 2-курс магистранты

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ АДАМЗАТ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ОРНЫ

Қазіргі қоғам үшін ең керекті құндылықтар – рухани-адамгершілік тәрбие мен аса жоғары мәдениеттілік. Әрине, осы құндылықтарды бойға сіңіруде көмекке келетін басты құрал – кітап. Кітап болғанда да, әдеби көркем шығармалар. Көркем шығармалар адамды айналасын терең тануға, адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты үйренуге, адам мен табиғат арасындағы тылсымды тануға, жалпы жан жағына ізгі көзқараспен қарауға, бір ұлттың рухани мәдениетін түсінуге жол ашады. Қандай да бір әдеби туындының дүниеге келуі кездейсоқтық нәрсе емес. Әрбір әдеби көркем шығарма – адамзат мәдениетінің асыл қазынасы, жалпы мәдениетті қалыптастырудың негізгі көздерінің бірі. Әрбірі адамдардың жүрегінде жоғары сезімдерді оятып, ізгілендіре алады.

В.А.Сухомлинский: «Кітаптар әлеміндегі өмір – бұл ойдың сұлулығымен таныстыру, мәдени байлықтан ләззат алу, өзін көтеру» [1, 109б.] дейді. Әрбір тұлғаның кітап әлемінде өмір сүру қабілетін қалыптастыру, оқырман мәдениетін тәрбиелеу бүгінде мемлекеттік маңызы бар іске айналуда.

Көркем әдебиет – қоғамдық сананың бір түрі және адамның шындыққа эстетикалық қатынасын білдіру ретінде өнердің органикалық бөлігі. Ол өнердің барлық түрлерімен байланысты, театр мен кино сияқты өнерге өмір сыйласа, бейнелеу өнері мен хореография оны кеңінен қолданады. Шынайы әдеби шығарманы қабылдау және түсіну үдерісі оқырманға эстетикалық ләззат береді, тұлғаның рухани әлеміне әсер етеді, оның қажеттіліктерін, мінез-құлық мотивтерін қалыптастырады, оның ойлау процестерінің дамуына ықпал етеді, адамның ой-өрісін кеңейтеді, білімін тереңдетеді.

Әдебиет – образды ойлау. Әдебиет нысаны – адам. Сол себепті әдеби шығармадағы образдардың көбі ұлттың және бүкіл адамзаттың қоғамдық жадынан орын алады. Ал көркем шығармаларда оқиғаға тікелей қатысып әрекет ететін немесе эпизодтарда жай ғана аталып өтетін тұлға – кейіпкер. Кейіпкер – әдеби туынды құрылымындағы аса маңызды элементтің бірі әрі бірегейі, өйткені ол оқиғаның немесе басқа да маңызды көркемдік функциялардың дамып, орындалуына ықпалын тигізеді. Сондай-ақ әдеби шығармадағы образдар адамзат мәдениетіне де тікелей әсер етеді. Бұл турасында әдебиет зерттеушісі Ж.Ә.Аймұхамбет: «Образдар адамзаттық мәдени-рухани жадта ұлттық шеңберден шығып, күллі әлемдік бейнеге айналып, адамзаттың мәдени қорын байытып, әлі күнге дейін жеке тұлға санасында өмір сүріп келеді. Біз Отелло туралы ойлағанда қызғанышты еске алсақ, риясыз қиялшылдықты Дон Кихт есімімен, күштілікті Илья Муромец, өлімнен қашуды Қорқыт ата, жайлы қоныс – Жерұйықты іздеуді Асан қайғы, «отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын, атса оқ өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін» ғажайып жаратылысты Алпамыс батыр, сән-салтанаты келіскен айрықша сұлулықты Қыз Жібек атымен қатар еске түсіреміз» [2, 11б.] дейді. Осы пікірге ұқсас ойды Г.Хазагеров та айтады: «Мұндай образдар ұлттық-мәдени негізіміздің нығаюына ерекше қызмет етеді. Бұл бағытта ұлттық мәдени жадымызда ғасырлар бойы сақталып келе жатқан көркем бейнелер жүйесін айтуға болады. Олардың қатарында Одиссей, Елена ару, Ахиллес, Прометей, Отелло, Ромео мен Джульетта, Гамлет, Дон Кихот, Фауст, т.б. атауға болады. Түркі дүниесідегі даңқы кең жайылған кейіпкер туралы ойласақ Қорқыт ата бейнесін еске аламыз» [3]. Жоғарыдағы пікірлерден біздің тілдік-мәдени қоғамдастығымызда әр кейіпкердің өзіндік маңызды орны бар екенін аңғарамыз.

Белгілі бір автордың ойдан шығарған кейіпкерлерінің адамдар жан-дүниесіне жол тауып, орныгатын себебі – олар белгілі бір этностық мінездің жекелеген белгілерін өз бойына жинақтаған, ұлттың концептуалды жадынан, мәдени өмірінен бөлінбейтін бейнелер. Әдеби шығармалар сол ұлттың тілі арқылы жасалатындықтан, мәдениетінен ажырағысыз өмір сүреді. Яғни, әдеби шығармалар арқылы сол халықтың мәдениетінен хабардар боламыз. Халық тарихын да, мәдениетінің дамуын да, халықтық ойлаудың қалыптасуын да біз тек тіл арқылы анықтаймыз. Соның ішінде көркем әдеби шығармалар тілінде жеке адамның немесе бір халықтың өмірлік мақсат-мұраты, құндылық жүйесі, айналамен қарым-қатынасы, дүниетанымы кодталып тұрады. Қарап отырсақ, мұның бәрі адамзат мәдениетіне тіреледі.

Мәдениет дегеніміз – адам жасаған «екінші табиғат». Яғни, әр халық не ұлт өз мәдениетін өз қолымен, ақыл-есімен және рухани ізденісі нәтижесінде жаратты. Кез келген *мәдениет* – ұлттық, оның ұлттық сипаты тілде, әсіресе, әдебиетінде көрініс беріп жатады. Қазақ ғалымы, әдебиеттанушы, «Сөз өнері» еңбегінің авторы Зейнолла Қабдолов: «Қандай сұрақ болсын, жауап біреу-ақ: адам туралы, адамның әсемдігі мен асылдығы жөнінде, адам рухының керемет күші мен қасиеті жайлы... Өнер туындысының бәріне ортақ мазмұн – адамның ойы, арманы, құштарлығы, мұраты; өнер туындысының қандай түрі болсын, әрқайсысы өз тілінде өмірдегі, қоғамдағы тіршілігінің мәні мен мағынасын ғана баяндап жатады. Кез келген әдеби шығарманың бетін ашсақ болғаны, іздеп табарымыз, тауып толғанарымыз – адам тағдыры, адамгершілік сыры» [4, 86б.],-дейді. Ғалым пікірінен өнер туындысы – сөз өнері, әдебиеті екенін, кез келген әдеби шығарманың мәні – адамзат тағдырына байланысты екенін пайымдаймыз. Яғни, әдеби шығармалар түрлі бейнелер мен ұғымдар арқылы жасалып жеке тұлғаның бағытын анықтайды, құндылық бағдарларын қалыптастыра отырып адамзат мәдениетінде ерекше орын алады.

Көркем әдебиет өнер түрі ретінде мәдениеттің өзіндік микро моделі болып табылады, өйткені ол мәдениеттің бүкіл палитрасын көрсетеді. Мәселен, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Құнанбай, Абай сынды ұлт тарихы мен мәдениетіндегі ірі тұлғалардың көркем болмысын бейнелесе, сөз зергері Ғ.Мүсірепов халықтық лиро-эпос сюжетінің негізінде жазылған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасы арқылы Қозы мен Баянды ұлттық мәдени танымымызда ғашықтықтың, шынайы махаббаттың жарқын бейнелері ретінде орнықтыра білді.

Мәдениет адамның өмір сүру тәсілін, өмірдегі материалды және рухани құндылықтарының жиынтығын қамтиды. Мәдениеттің осы екі формасы әрдайым біртұтастықта болуы керек. Материалды мәдениет дамығанда рухани мәдениет дамиды. Ел қалыпты дамуы үшін осы екі формасына да бірдей көңіл бөлуі керек. Материалдық мәдениет жеке адам не халықтың тағам, киім-кешегі,үй жабдықтары, мініс көліктері, т.б. зат түріндегі құндылықтарынан көрінеді. Ал рухани мәдениеті жеке адам не халықтың ой-өресінен, дүниетанымынан, сезімінен, салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан, мінезінен, т.б. құндылықтар жүйесінен көрінеді. Зерттеуші Г.Оспанова өзінің «Қазақ әңгімесі: этномәдени құндылықтар» атты мақаласында қазақ халқының салт-дәстүрін құндылық ретінде дәріптеп, өз шығармаларына көркем енгізіп жүрген танымал жазушы Қуандық Түменбайдың «Қоңсы» атты әңгімесін этномәдени және діни құндылықтарды шебер үйлестіре алуымен ерекшеленетінін айтады. Зерттеуші әңгімедегі «Ерулік» дәстүрі мен рухани-адамгершілік қасиеттерді, тәрбиелілікті, бас кейіпкердің иманжүзділігін, жеке тұлғаның мәдени өмірін нақты мысалдар арқылы талдап көрсетеді. Сондай-ақ жазушы Қ.Түменбайдың материалдық байлық пен рухани байлықты, өмір мен өлімді салыстырмалы түрде алып, оқырманына өмірдегі нағыз құнды нәрселерді ашып көрсетуімен әңгіме өте құнды екенін тілге тиек етеді [5].

Ендеше біз де қазақ әдеби көркем шығармаларында халық мәдениетінің қалай көрініс беретініне бірнеше мысалдар келтіргеніміз жөн.

Қазақ ұлтының рухани мәдениетіне тән ғұрыптардың бірі –«бауырына салу» ғұрпы. Баласы жоқ адамдар біреудің баласын асырап алуы яғни, «бауырына салуы» ежелден бар қағида. Қазақтың ежелгі заңы бойынша асыраушы адам жаңа туған балаға атын қойып, оң қолына асық жілік ұстатады. Асық жілік ұстаған бала сол үйдің баласы деп есептеледі. Алайда, бала қайтыс болған жағдайда оның туған әке-шешесінің аты айтылып, жаназасы шығарылады. Кейде ата, әже өзінің бірінші немересін «байырына салып» алады. Бірақ ол асырап алғанға жатпайды. [6, 12б.]. Бұл ғұрып Т.Әсемқұловтың «Талтүс» романында кездеседі: *«Ақылың бар ғой, түсінерсің. Сені анаңның емшегінен айырып бауырыма басқанда, өнерімді ғана ойлап едім. Жасым болса келді. Шәкірт жоқ. Өнерімді ұстап қалатын бір адам табылмады. Енді не істеймін. Жатсам-тұрсам ойлағаным осы қайғы. Ауылдың өнерлі-ау деген балаларын баулып көрдім. Ештеңе шықпады. Міне, сені анаңнан тартқандай қылып алып кеткенде, асылық айтты деме, мені Құдайдың өзі жетелеген сияқты. Білем, өміріңді өксіттім. Кеш мені, қарағым. Мен енді саған ештеңе де айтпаймын. Өзің білесің. Қайтадан анаңмен табысасың ба, әлде... мына адаммен қаласың ба, менің шаңырағымды ұстайсың ба - өз еркің. Орнымды басып қал деп қолқаласам, менің кім болғаным. Бірақ, қайда жүрсең де өнерімнің қара шаңырағы сенде. Есіңде болсын, құлыным, сен менің қанатымсың»* [7]. Аталған романдағы күйші Сабыт қарт өзінің күйшілік өнерін сақтап қалу үшін өзінің жиен немересі Әжігерейді асырып алады. Жоғарыдағы үзіндіден байқағанымыздай, қарттың баланы асырап алғандағы бар мақсаты –өзінің күйшілік өнерін сақтап қалу, жаңғырту. Бұл мысал қазақтың мәдени өмірінде ежелден жалғасып келе жатқан «бауырына салу» ғұрпын танытады. Жазушы Т.Әсемқұлов осындай салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды еске түсіре отырып, соның айналасында кейіпкерлердің мінезін, кейіпкерлер болмысын, өмір шындығын ашады.

Соғым сою (салт). Соғым сою, соғым – қысқы азық қорына арналып дайындалған ет. Қазақ халқының бұлжымас салты. Мал союдың жөн жосығы, тәртібі болады. Соған орай

әрбір жілік, омыртқа, қабырға, қазы тағы басқа кәделі мүшелер тиісті ет майымен бірге бөлінуі керек. Олай болмаған жағдайда қасапшыға да, табақ тартқанда үй иесіне де мін [8]. Бұл салт Т.Әсемқұловтың «Талтүс» романында сипатталады:

«– Ата, биыл соғымға не соямыз? – деді Әжігерей.

– Қара тайға тиіспейік, – деді атасы, - Тұрқына қарағанда нағыз мама бие болатын мал. Анау қызыл өгізшені сояйық». Бұл үзіндідегі Сабыт қария мен немересі Әжігерейдің диалогінен қазақтар жыл сайын арнайы соғым соятынын, соғымға ірі қара мал (тай, өгіз) сойылатынын көреміз. Мұндағы кейіпкер атасының сөзінен қазақтың ірі қара болса болды деп кез келгенін соя бермей, ішінен бие болатын, сүт беретінін алдын-ала аңғарып, орнына басқа малды соғымға арнағанын байқаймыз. Бұл үзінді қазақ халқының малсақтығын, тектілігін де танытады.

Қолға су құю (дәстүр). Қазақ халқында үйге қонақ келгенде жас баланың қолына құман беріп, ас ішердің алдын қонақтың қолына су құйғызатын дәстүр бар. Аңыздарда бұл дәстүр Сүлеймен пайғамбардан қалған деседі. Қолға су құю функциясының жас балаларға жүктелуі де тегін емес. Өйткені үлкен өмірге бет алған жас баланың үлкеннің батасын алуы өте маңызды. [9]. Бұл дәстүр де жазушы Т.Әсемқұловтың «Талтүс» романында көрініс береді: *«– Ана кісілерді оятып, қолдарына су құйып жібер. Әжігерей иығына орамал асып, жез құман мен легенді алып қарияның жанына келді. ...Алдына тартылған легеннің үстіне қолын баппен шылады, қалтасынан алған бәкісінің шаппасын ашып жақсылап жуды»* [8]. Бұл үзіндіден үй иесінің ас берер алдындағы кісінің қолына су құю дәстүрінің өзіндік әдебін көруге болады. Яғни, иыққа орамал асу,бір қолға жез құманды, екінші қолға легенді ұстап, Сәруар қарияның жанына өзі келген жас бала Әжігерейдің ақсақалдың қолына баппен су құюы көркем суреттелген. Мұнан үй иелерінің кісі сыйлау, қонақ қадірлеу, үлкенге ізет көрсету сияқты көптеген мәні терең мінезімен қатар, жас балаға су құйғызуынан ұрпақ тәрбиелеудегі рөлі мен мәдениетінің ерекше екенін аңғарамыз.

Киім – әрбір халықтың материалдық және рухани мәдениетінің құрамдас бөлігі. Бір жағынан бұл адамдардың еңбегімен жасалған және кейбір қажеттілікті қанағаттандыратын материалдық құндылықтар болса, екіншіден – ол адамның келбетін эстетикалық жағынан өзгертетін қолданбалы сән өнері. Жазушы Т.Әсемқұлов «Талтүс» романында Сабыт қарттың жас кезін, киім үлгісін керемет бедерлейлі: *«Баяғыда деймін, Сабаң біздің ауылға келді ғой. Бұлғақтаған байдың ұлы. Үстіндегі шапаны тазадан тіккен. Тазадан. Басында құндыз бөрік. Аяқта санжұтқан саптама»* [8]. Осы үзінділердегі құндыз бөрік – қазақтың ертеден қалыптасқан ұлттық бас киімі, оны ең бағалы аң – құндыз терісінен тігеді. Мұны ерлер де, әйелдер де киетін болған. Бөріктің төбелері төртсайлы, алты сайлы болып тігіле береді. Ал шапан - қазақтың ежелгі әрі кәделі киімі. Ол – арасына жүн немесе мақта салынып, сыртын шұға, барқыт сияқты әдемі әрі мықты матамен қапталып, ішін астарлап тігетін жылы киім.

Киім-кешек атаулары, оның әр түрлі ерекшеліктері жөнінде профессор Ж. Манкеева: «Киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік процестер туралы «ақпарат» беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі қазынасы» іспетті. Талғаммен салтанаты жарасқан қазақтың киімі - ұлттық мәдениеттің жарқын көрінісі» [10, 222б.] деп тұжырымдайды.

Ұмытылып бара жатқан әдет-ғұрып, наным-сенімдердің барлығын осы бір прозалық шығармалардағы кейіпкерлер бейнесінен анық байқай аламыз. Бұл турасында әдебиеттанушы ғалым, профессор Темірхан Тебегенов былай дейді: «Әдеби процестің негізі сайып келгенде рухани құндылықтарға баулиды. Әдеби шығарма болса, халықың өткені мен бүгінінен сыр шертетін, болашақы тұтастай зерделей алатын тағылымы мол ұлт тарихының мұрасы» [11]. Расында да, әдеби шығармалардың басым көпшілігі ұлт тарихының, ұлт мәдениетінің, ұлт тұрмыс-тіршілігінің, қоғамдық болмысының сипатын танытуға тікелей қызмет етеді.

Сонымен әрбір халықтың мәдениетін білу үшін сол ұлт турасында жазылған әдеби көркем туындыларын оқу әлдеқайда көп нәтиже береді екен. Мәдениет дегеніміз – адам жасаған «екінші табиғат». Яғни, әр халық не ұлт өз мәдениетін өз қолымен, ақыл-есімен және рухани ізденісі нәтижесінде жаратты. Кез келген *мәдениет* – ұлттық, оның ұлттық сипаты тілде, әсіресе, әдебиетінде көрініс беріп жатады.

Белгілі бір автордың ойдан шығарған кейіпкерлерінің адамдар жан-дүниесіне жол тауып, орныгатын себебі – олар белгілі бір этностық мінездің жекелеген белгілерін өз бойына жинақтаған, ұлттың концептуалды жадынан, мәдени өмірінен бөлінбейтін бейнелер. Әдеби шығармалар сол ұлттың тілі арқылы жасалатындықтан, мәдениетінен ажырағысыз өмір сүреді. Яғни, әдеби шығармалар арқылы сол халықтың мәдениетінен хабардар боламыз. Халық тарихын да, мәдениетінің дамуын да, халықтық ойлаудың қалыптасуын да біз тек тіл арқылы анықтаймыз. Соның ішінде көркем әдеби шығармалар тілінде жеке адамның немесе бір халықтың өмірлік мақсат-мұраты, құндылық жүйесі, салт-санасы, әдеп-ғұрпы, көзқарасы, жалпы айтқанда рухани және материалдық мәдениеттері біртұтастықта айқын көрініс береді екен. Оған мақалада талданған қазақ жазушы Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс» романынан алынған үзінділер дәлел. Мұндай дәлелдерді қазақ жазушыларының кез келген әдеби туындыларынан табуға болады.

Әдебиеттер:

1. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 465 б.

2. Ж.Ә.Аймұхамбет, А.С. Ахметқалиева. Көркем әдебиеттегі кейіпкер және ұлттық-мәдени танымдағы персоносфера жүйесі/ Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы № 1 (92) 2013/ 10-13 б.б.

3. Хазагеров Г.Г. Два свойства персоносферы. http://www.litmir.net/br/

4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «TST-Company», 2006. – 360 б.

5. https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11424

6. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: монография / С. Сейіт. Кенжеахметов. - Алматы: Ана тілі, 1994. - 79 б7

7. Әсемқұлов, Т. Талтүс: роман / Т. Әсемқұлов. - Алматы, 2003 . - 272 б.

8. Соғым сою https://kk.wikipedia.org/wiki/соғым

9. Қолға су құю https://qazaly.kz/zanalyk/ruhaniyt/15329-ola-su-yu-ndyly.html

10. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. - Алматы, 1997.- 272 б.

11. Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. Алматы, 1994, РБК, -74б.

А.Абдул Рахманұлы

Сүлеймен Демирел университеті Қашықтан оқыту бөлімінің меңгерушісі,
PhD докторант

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫ БЕЙНЕСІ

Жырауларға дейінгі ауыз әдебиетінде, әсіресе батырлық эпостарда жылқы образы көбіне мифтік кейіпте көрініс береді. Батырлар жырында қаһармандардың жаяу болуы, тұлпарының болмауы, жауға сенімді серігінсіз шабуы ақылға сыйымсыз, қайта керісінше жылқы батырдың досы, керек кезде кеңесетін ақылшысы, сырласатын серігін, жаудың қоршауынан алып шығар айлалы әріптесі. Осынау ауыз әдебиетінің өнегісінен өсіп шыққан жыраулардың поэзиясын да жылқысыз, кем дегенде жылқыға қатысты теңеулерсіз, тіркестерсіз елестету мүмкін емес. Оның үстіне, адамның дәулеті оның жиған алтын-күмістерімен емес малымен, әсіресе жылқысының санымен өлшенетін көшпелі қазақ даласы үшін шығармашылығының негізгі обьектілерінің бірі жылқы болатыны заңдылық. Алайда батырлық пен серілікті, билік пен білекті, қайраткерлік пен шығармашылықты қатар ұстаған қазақ қоғамының ерекше

өкілдерінің тобы жыраулар үшін жылқы тек қана шаруашылық, әлеуметтік-экономикалық деңгейдегі ғана ұғым болып табылмағаны анық. Қай жыраудың шығармашылығын алсақ та жылқы қоғамдағы олардың дәрежесін, сыны мен сырын көрсетуге қауқарлы обьект болып қарастырылғанын түсінеміз. Біз жылқының жыраулар поэзиясындағы бейнесін жан-жақты талдай келе, төрт түрлі заңдылықты анықтадық. Енді олардың әрбіріне жеке-жеке тоқталсақ.

1. Ер сыны мен ат сыны егіз ұғым. Ұлы Даланың нәзік лирикасы мен жорықтық ерлік жырларының негізін қалаушылардың бірі Қазтуған жыраудың шығармаларында батырлық, ерлік пен тектіктілікке жылқы образын қатар суреттеу арқылы сипаттама беріп отырғанын көреміз. Мысалы, Қазтуған жырау өзінің "Белгілі биік көк сеңгір" деп басталатын жырында:

Арғымақтың баласы
Арыған сайын тың жортар,
Арқа мен қосым қалар деп;
…Азамат ердің баласы
Жабыққанын білдірмес,

Жамандар мазақ қылар деп! - деп келетін жолдардан, ер жігіттің сыны мен арғымақтың сыны тең қарастырылатынын байқаймыз, тікелей паралеллизмді көреміз. Әрине бұл үстірт қарағанның өзінде бірден көрінетін ой болмақ, алайда терең талдап қарағанда жылқының *тың жортуының* да себебі болуы, оның "*қалар деп*" ойлауы да жыраудың жылқыға деген көзқарасында жылқының тек теңеу ретінде қолданылатын обьект деңгейінде емес, өзіндік интеллекті бар субьект екенін, "*азамат ердің баласымен*" бір қатарда қарастырылытанын көреміз. Бұл бір жағынан батырлар жырындағы дәстүрдің жыраулар поэзиясындағы әдемі жалғасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы жігіт пеп жылқының қатар суреттелуі, теңдей сипатталуы басқа да жыраулардың поэзиясында кең көрініс табады. Өмірі ат үстінде өткен, жаугершілік заманда өмір сүріп, әскерді рухтандырып, қар кешіп, қыр кезіп өмір сүрген жыраулар үшін атынан жақын, жылқысынан жақсы жолдас, сырлас болмағаны белгілі. Сондықтан да, Шалкиіз жыраудың:

Жебелей жебе жүгірген
Ерлердің арғымақтан игі малы болар ма;
Жағаласса, жыртылмас,
Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма - деген жолдарынан ер жігітің, батырдың арғымақтан асқан сенімді серігі болмайтынын түсінеміз. Басқа да жыраулар жылқыны айтқанда ерлік пен айқасты қатар айтатынын, лирикалық паралеллизмнің көп қолданатынын байқаймыз. Айқаста жігіттің жылқысына оқ тигені оның өзіне оқ тигеннен кем болмайтынын байқаймыз. Доспамбет жыраудың:

Арғымаққа оқ тиді
Қыл майқанның түбінен.
Аймадетке оқ тиді

Отыз екі омыртқаның буынынан - деп арғымақ пен Аймадеттің жарақатын қатар сипаттауынан соғыстағы жарақаттың жігіттің өзіне немесе жолдасында болуының ешқандай айырмашылығы жоқ екен, бірдей қиын екенін, маңызды екенін түсінеміз. Кейбір жырауларда осы ер жігіт пен оның атының арасындағы қашықтық тіптен жойылып, олардың бір образға айналып кетіп жататынын байқаймыз. Мысалы, Жиембет жыраудың "Өрлігімді сұрасаң, жылқыдағы асау тайыңдай" деп өзінің мінезін, асаулығын жылқы мінезбен сипаттайтыны, Ақтамберді жыраудың "Салпаң да салпаң жортармын, сары азбанға қосымды артармын" жылқы болып жортуы, Шалкиіздің "алп, алп басқан, алп басқан, арабы торым өзіңсің" Би Темірге арабы текті торыдай қарап сүйсінуі, Бұқар жыраудың:

Алыстан қара, шаң көрсе,
Тұлпар шабар тігіліп.
Ел шетіне жау келсе,

Ерлер шығар түрініп - деп ер мен тұлпардың мінезіндегі, іс-әрекетіндегі ұқсастығын көрсетуі, қазақ түсінігіндегі "ерлік", "батырлық" концепциялары жыраулар поэзиясында

жылқы бейнесімен тікелей байланысты екені, өзара ұштасып жататыны көрінеді, батырлықты, ерлікті айтқанда жылқыны айтпай, арғымақты айтқанда жаугершілік заманды, қайраткерлікті айтпай кету мүмкін болмай қалады. Жыраулық мектептің Ақтамберді, Шалкиіз, Бұқардан кейінгі өкілдерінде де ер жігіт пен аттың сыны қатар келетін үстіртін қарағанның өзінде байқай аламыз. Мысалы, Жанақ ақын “ат биеден туады, алып анадан” алыптық пен атты қатар суреттесе, Махамбет “шамдансам, шалқамнан түсер асаумын” өз лирикасында мінезін аттың асаулығымен жеткізеді және тағы бірде “Ат — жігіттің майданы, қылыш — жанның дәрмені” деп жігіт үшін соғыстың ат үстінде ғана өтетінін ұран етеді, ал Абыл ақын:

Арғымақ атта сын болмас,
Қиған қамыс құлақсыз.
Азаматта сын болмас,
Арты болса тұяқсыз - деп арғымақ пен азаматтың сынын бірдей тізбектеуі де тек қана ақынның теңеу іздеудегі, сөз ұйқастырудағы шешімі ғана емес, ұлтымыз үшін таным деңгейіндегі концепциялардың, мәдени-этнографиялық, әлеуметтік көзқарастырдың жемісі екені, ер азаматтың, ерліктің, батырлықтың сыны мен жылқының сынының ұлтымыздың түсінігінде бір бірінен алыс ұғымдар емес екенін көрсетеді.

2. Ару және ат

Жасынан жаугершілік өмір сүріп, майданда шыныққан жыраулар үшін аттың ерлікпен, батырлықпен егіз ұғым болары түсінікті, бірақ жыраулардың білектері қандай мықты болса, жыр тудырар жүректері лирикаға толы нәзік болып келеді. Олардың жыр тудыратын жүректері тек жігер мен қайратты ғана емес ыстық сезімді де, терең лириканы да сыйдыру керек екені мәлім. Олай болмаған күнде жүректерге жететін, мінездерді қайрайтын лириканың да туындауы екі талай болар еді. Жырау болған соң ерлік пен серілікті бірге алып жүру де табиғи құбылыс болса керек. Сондықтан да, жыраулық поэзияда аттың алдымен ерлікпен, батырлықпен егіз ұғым болғанын айтсақ, екінші кезекте аттың жыраудың жүрегінде арумен, үйінде оны сағына күткен асыл жарымен үндес ұғым екенін байқалады. Доспамбет жыраудың:

Май қаңбақта ағалардың аты жусап жатыр деп,
Ақ шандақты құрып қойған шатыр деп,
Жазыда көп-ақ жортқан екенбіз -
Арғымақтың талдай мойнын талдырып,
Үйде қалған арудың

Ал иіндігін аудырып - деп жыраудың жүрегі өзінде далада мойнын талдырып жортқан арғымағын да үйде қалған аруын да сыйдырып, екеуіне де салған жүгін, өзіндегі жауапкершілігін сезініп жырлайтынын көреміз. Шалкиіз жыраудың “Алаштан байтақ озбаса, арабыдан атты сайлап мінбен-ді! …Алғаным ару болмаса, алдыма алып сүймен-ді!” - деп, ат мінсе тек арабыдан мінетінін, әйел алса аруды ғана алатынын бір жағынан серілік талғампаздықпен көрсетсе, екінші жағынан ат пен аруды ер кісінің екі басты өмірлік жолдастары ретінде танытады, себебі жырау бұл тізбекті “Дулығамның төбесі туған айдай болмаса, Батыршылық сүрмен-ді” деген жолдармен аяқтайды, яғни жыраудың батыршылық өмір сүруінің тіректері аты мен арунан басталып дулығасымен түгелденбек. Алайда жаугершілік күн кешкен жыраулар өмірінде аруы қарсы шапқан жауларының ауылынан да кездесіп жатуы таң қаларлық дүние болмаса керек. Сондықтан да, Жиембет жыраудың “қыналы бозға мінген ер, қыз қалмақты құшқан ер” деп жырлауы, ердің атқа мінуі мен қыз қалмақты құшуы бір тізбекте тұрғаны табиғи-логикалық үйлесімді болып көрінеді.

Жоғарыда жылқының жыраулар танымында ерлік пен батырлық ұғымдарымен үзенгілесіп келетінін айтқан болатынбыз, осы ретте жортқанда жолдас болған жандар үшін сынақтың да қиындықтың да қатарласып келуі ойға сыйымды. Ақтамберді жырауда:

Жігіт мойнын қыз кесер,
Сартылдаған сары аяз,

Жылқының мойнын мұз кесер - деген үзіндісінде жігіттің сынағы сұлудан болса, жылқының сынағы сары аязбен келеді. Осы тармақтардан жырау танымында жігіттің және ару мен аттың жақын ұғымдар екенін көз жеткізе аламыз, бұл жыр жолдарын олардың үшбірлігіне тағы бір дәлел ретінде алға тарта аламыз. Жырау үшін төрт құбыласы түгелдену жақсы жүйрік атсыз және әдемі арусыз мүмкін емес болғанына көз жеткізсек, олардың ақындық лирикаға толы жүректері бұл түсініктерді романтизацияламай қоймайтыны да белгілі. Алысқа бармай Бұқар жыраудың:

Жүйрік жарау атта бар,
Бәйгені жылда қоймаған.
Қиыла қарап жымиған,

Бұралған бикеш тағы бар - деген жыр тармақтарында бұл дүние айқын көзге түседі, жырау жүрегі жүйрік атқа, бұралған бикешке тамсанады, қызыға қарап жырлайды. Бірақ жырау тек осымен тоқтамайды, ортада сөз сөйлейтін шешен, майданда орда бұзар, қол бастар батыр, тек сырттай сүйсінумен тоймайды, ақын жүрек жүйрік жылқыға мініп жортусыз, сұлуды сүюсіз тынып таппайды, сондықтан да ендігі бірде:

Күлдір - күлдір кісінетіп,
Күреңді мінген жиырма бес,
Күрек тісін қасқайтып,

Сұлуды құшқан жиырма бес - деп жүйрігімен шауып, сұлуымен қауышып жатады. Алайда осы тармақтарға қарап жырауларда ат пен ару тек романтикалық идеал образдар ретінде кездеседі деп қабылдауға асықпауымыз қажет. Себебі Мұхтар Әуезов айтқандай: «жыраудың мақсаты, міндеті не болса сол, көңілашар, әлдене дерлік сөзді айту емес. Ол заман сынын, дәуір болжалын, тарихи оқиғаның мазмұнын, бағасын сөз қылады», одан бөлек ол халыққа өсиет, ханға дат айтады, бағыт береді, пәтуалы-баталы сөздің бастаушысы болады. Сондықтан да жырауларда жоғарыдағы ат пен арудың идеалдандырылған романтикалық образдармен қатар төмендегідей реалистік образдарының да кездесуі табиғи құбылыс:

Жал, құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз!
Қалын малы арзан деп,

Жаман қатын алмаңыз! - яғни ат пен арудың жаманы да, жабысы да болады, қалыңмалы арзаны да, жал, құйрығы қабасы да болады. Романтикалық, идеалдық образдарда ат пен ару позитивті кейіпте тізбектеліп қолданылады. Мұнда жыраулардың көбіне рефлективті, өзіндік бастан кешкен оқиғаларына экспрессивті-эмоционалдық лириканың көрінісін байқаймыз. Бұл деңгейде жыраулар өзіндік өмір сүру стильдерін дәріптейді, идеалдарын танытады немесе өздері идеал тұтатын обьектісін мақтайды, мадақтайды. Ал елге өсиет, даналық сөз ретінде шыққан туындыларда, ат пен ару реалистік образдар, кейде негативті тізбектегі параллельдер ретінде келетінін байқаймыз. Алысқа бармай ақ Бұқар жыраудың өзінде “қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар” деп басталатын тізбектің “жаман болса алғаның” деп жалғасатынын көреміз. Дәл осындай тізбек Шал ақында:

Қызы қылықсыз болар.
Келіні керенау болар.
Қатыны салақ болар,
Ат мінсе, жалақ болар.

Адамы қырсыз болар - қылықсыз қыз, керенау келін, салақ қатын тіркестері жалақ атпен толыққанды негативті контексте жалғасатынын көреміз. Алайда осы үзінділерге қарап барлық позитивті теңеулер жыраудың өздерін таныстыруда қолданылып, барлық негативті тіркестер елге өсиет айтылған жырларда кездеседі деп қабылдау, оларға сол биіктен баға беру қате болмақ. Себебі жыраулардың шығармаларындағы бұл феномен олардың өз ортасына, қоғамына қарап содан туған өзіндік тәжірибелері деп түсінсек болады, яғни жақсы жар мен жүйрік мініп үйренген, олардың жігіт, азамат үшін бағасын білген жырау, еліне де соны қаламақ, сондықтан өсиет даналық жырларында ат пен арудың сынын тізбектеп шығу

арқылы көзін ашуды мақсат тұтатынын байқаймыз. Одан бөлек ат пен арудың негативті контекстте суреттелуі кейде жыраудың өз басына қатысты жырларында да кездесіп жатады, мысалы Махамбет Өтемісұлының:

Қосылған жаста арудың
Көре алмай кеттім құлашын.
Арпа жемес арғымақ

Ақ селеу отқа зар болар - деген өлең жолдарында ақынның өз өкінішін, арпа жемес арғымағының ақ селеуге жете алмай қалғандығын көреміз, тікелей де символдық мәнде де ару мен аттың ақын тағдырындағы орны мен өкінішінің себебі екенін түсінеміз. Қазтуған, Ақтамбер, Доспамбет сияқты жыраулардың дәуірі мен Махамбет Өтемісұлының уақыт пен кеңістігі ерекше екенін, соңғысында дәурені сауық сауранға, хан сарайындағы ұзағынан созылған кеңестерге толы болмағаны белгілі, жаугершілік заманның өзінде бұрынғы жыраулардай хан бастаған қалың қолдың ортасында емес, ұлт азаттық көтеріліспен қыр кешкен партизандық соғыстың бел ортасында жүргенін білеміз. Осындай қиындықтарды көріп өмір сүрген жыраудың ару мен атқа деген жырындағы романтиканың өзі өкінішке ұласып жататыны түсінікті.

3. Өткенді аңсау, болашақтан үміт, бүгінге толғау

Жыраулар өздерінің табиғатынан шығармашылық пен қайраткерлікті қатар алып жүргендіктен өз заманының алды болған прогрессивті адамдар екенін түсінемін. Ат үстінде, саптың алдында, әскердің басында, орта мен мәжілістің төрінде болып, саналы дәуірінде серілік құрып аттың асылын мініп, арудың тектісіне қол жеткізіп үйренген көңіл үшін ерлік, батырлық пен жастық шақ ару және атпен ассоциялағандығын жоғарыдағы бөлікте атап өттік. Алайда, уақыт өз орнында тұрмайды, жастық дәурен мен серілік те мәңгілік жыраудың жолдастары болмаса керек. Сондай уақытта туындаған жырларда жылқы бейнесі көбіне өткенді аңсау, жыраудың берекелі мерекелі қуанышты күндерінің белгісіндей болып көрініс береді, суреттеледі. Мысалы, Доспамбет жырау:

Күмбір, күмбір кісінетіп,
Күренді мінер күн қайда?!...
Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынға бие біз байлап,
Орындықтай қара сабадан
Бозбаламен күліп-ойнап,

Қымыз ішер күн қайда?! - деп келетін өлең жолдарында күреңді мінген күндерін еске алып, биені байлап қымыз ішетін күндерін аңсап отырғандай көрінеді. Қалай болғанда да жыраулар дәуірінде қымыз да күрең де көшпелі қазақ даласы үшін қолға түсе бермейтін дүние емес, орташа деген ауылдың өзінде мың-мыңдап өрістеп жүргенін білеміз. Бұл жерден көретініміз жырау үшін кісінетіп мінген күрен де, бозбаламен бие байлап ішкен қымыз да оның жастығының символы, атмосферасы, қайтып келмейтін дәуренінің елесі іспетті қызмет атқарады. Алайда, жастайынан ел жүгін өз жүгіндей көріп, халқым деп қан кешіп, елдің бейбітшілігі мен берекесі үшін жауға шауып үйренген жырау үшін өкініші, уайымы мен әттеңі ұлттық мұңымен үндесіп, үзеңгілесіп жатпауы мүмкін емес. Сондықтан да, Бұқар жыраудың:

Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгірткен заман -ай.
Азаматың құлапты,
Жұрт талық болған заман - ай.
Арғымақтың жалы жоқ,
Жабылар жалымен теңелер.
Жақсылардың малы жоқ,
Жамандар малымен теңелер.

Арғымақ жалсыз, ер малсыз - осы жыр жолдары арқылы, арғымықтық жоғалуын, жалының болмауын заманның бұрынғыдай емес екенімен салыстыра отырып, оның тарлығын, берекенің қашқаның, жақсылардың азайғанын, жамандар оларға теңелгенін айтып мұң шертеді. Осы орайда жыраудың жерұйығы суреттелгенде аттың хәлімен параллель жүруі, ұлтымыз танымындағы жылқы образының қаншалықты тереңде жатқанына тағы бір дәлел бола алады.

Жыраулар поэзиясында атқа міну, қону түсініктері жастық шақ, қайраткерлік дәуірі болса, аттан түскен кезі қартайған, бойдан қуат кеткен кезімен суреттеледі. Сондықтан да, жыраулар атқа мінуді өткен шақпен суреттесе көбінесе жырдың ақынның өткенді аңсау, заманға көңілі толмау түсінігімен, өнеге-өсиетті ниет еткен жыр жолдарымен байланыстыруға болады. Жиембет жыраудың:

Бас кессе де басылмай,
Ақ ісімді жасырмай,
Атқа мінген ер едік,
Қашырды бүйтіп елімнен

Күйеуден безген қатындай - деген жолдарынан атқа мінген кезінде қайсар да, қайтпас мінезді болғанын, бас кессе де басылмай ерлік көрсете алғанын білсек, қазірде ел ішінен аулақтап қалғанын атқа мінген кезімен салыстыра жырлайтынын көреміз. Бұқар жырауда да жылқы образы жастық шақтағы дәуренмен, береке байлықпен, жақсы жармен салыстыра суреттелетінін алдыңғы бөлімдерде айтқан болатынбыз, сол себепті мінген атының шабуға жарамай қалуы, ашып аруы, көздің көру қуатымен салыстыратын жыр жолдарын көргенімізде, сол тізбекте қарттықтың, қиындық қатар келуі символдық мәнге ие болады, оған дәлел осы келесі жолдарда айқын көрінеді:

Мінген атың арыса,
Көз көрім жер мұң болар.
Қара көзден нұр тайса,
Бір көруің зар болар.

Дәуренін сүріп, ортаның дүлділі болған жыраулар, ақындар үшін қартаю, олар мінетін атты жастар мініп, олар сүрер қызықты өзгелер сүріп жатқанынан талай жырдың туындайтыны рас. Көтеш ақынның:

Қартайғанда қатының қазба дейді,
Келін менен балаға жазба дейді.
Ат болса, айғыр болса, солар мініп,

Шолақ байтал қақбасқа аз ба дейді - деп өзінің хәлі мен қарттықтың қиындығына сырттан қарап, биіктен бақылап баға беріп, өмірдің шындығын суреттеп шығады. Бұл жолдардан ақын үшін жылқының, айғыр мен аттың жастық дәуреннің символы қызметінде жүргенін көреміз. Махамбетке дейінгі жыраулардың көпшілігінде байқалатындай жырдағы жылқының көркемдік бейнесі жақсы сәттерді аңсауды, қолда болып, уақыт өте келе уыстан шығып қалған үзеңгінің мұңын білдіреді. Алайда, жастық шағын ел мүддесі үшін дала кешіп, қырда қонып, әскер жиып өткізген, отарлауға, халықты қанауға қарсы тұрған Махамбетте өкінішін көреміз. Өзге жыраулар жақсы күнін көбіне өздерінің өткенінен іздесе, Махамбетті үміті болашақта, алдағы күнде екенін түсінеміз, айқын мақсатын көреміз, осы айтқанымызды, келесі ақынның жыр жолдары әдемі әрлейтін сияқты:

Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген,
Арғымақтан туған асылды
Баптап мінер күн қайда?

4. Кентавр феномені

Қазақтың жыраулық дәстүрінде жылқы бейнесі кеңінен қолданатынын түсіндік. Жылқының жыраулар танымында, ерлік, батырлық, жаугершілікпен үзенгілес ұғым екенін, жыраудың жүрегінде сүйген аруы мен арғымағының арасында алшақтық жоқ екенін, екеуі де

оның мақтанышы мен жан жолдасы екенін, сондықтан да қартайған шағында аңсайтын дүниесі атқа мінген дәурені болып келетінін айттық. Осы деңгейде аттың қазақ танымында, жырау шығармашылығындағы орны үлкен, символдық мәні орасан екенін түсінеміз. Жырау үшін ат жауға шапса жолдасы, ел араласа серігі, қиналғанда сырласы, қуанғанда досы болып табылады, сондықтан да жыр жолдарында ат пен оның үстіндегі адамның бірлесіп, екеуінің әрекеті бөлініп жарылмай суреттеліп жататынын көп байқаймыз. Мысалы, Қазтуған жырауда:

Белгілі биік көк сеңгір
Басынан қарға ұшырмас,
Ер қарауыл қарар деп,
Алыстан қара шалар деп;
Балдағы алтын құрыш болат
Ашылып шапса дем тартар,

Сусының қанға қанар деп - деп келетін жолдарда көк сеңгір басынан құс ұшырмауы, сусыны жаудың қанына қанар деп ашылып шауып дем тартуы оның иесімен бөліп жаруға келмейтін іс әрекеті іспетті суреттеледі. Жырауларда тағы бір байқалатын тіркес, шабу, жорту түсінігі көбінде бірінші жақта, яғни жырау өз атынан суреттеледі, мысалы, Доспамбет жырау “жазыда көп-ақ жортқан екенбіз” десе, Ақтамберді жырау “салпаң да салпаң жортармын” дейді, ал Үмбетей жырау “тасырқап па едің шаба алмай!?” деп батырдың майдандағы іс-әрекетіне сұрақ қойып, баға береді. Шалкиіз жырауда “ойда қазақ көп жортса” ұлттың өзі жылқыша жорта алатындай, үшінші жақта да суреттеледі, енді бірде “алп, алп басқан, алп басқан, арабы торым өзіңсің” екінші жақта адамның ат кейпінде суреттелетінін көреміз. Екінші жақта суреттелген жағдайда, жыраулар көбіне жылқыға би-төрені, сұлтанды, ханды теңейді, солардың тағы бір мысалы ретінде, Бұқар жыраудың Абылай ханға:

От орнындай тұяқтым,
Қиғаш қамыс құлақтым,
Саптыаяқтай еріндім,
Сарымсақтай азулым,
Сауырысын кере жараған,
Кекілін қыздай тараған,
Тостаған көзді торыны…
…Кең Абылай, кең Ием!
Шұбарағаш, құба жоң,
Мекен еткен шөлді, Ием!
Телі менен тентегің

Иіліп алдыңа келді, Ием! - дейтін жолдарынан жыраудың Абылайдың бейнесін сипаттауды, оны дәріптеуде, мадақтауда жылқы образын қолданғанын көреміз. Басқа жырларында, “алыстан қара, шаң көрсе, *тұлпар шабар* тігіліп” немесе “*мінген атың* арыса, көз көрім жер мұң болар” сияқты ат пен адамды бөліп жарып суреттейтін жырау үшін, Абылай ханға келгенде аттың бейнесін тікелей адам кейпінде қолдану жыраудың ханға берген үлкен бағасы ретінде қарауға болады.

Саналы өмірін ат үстінде, халық қамы үшін қару асынып елді қанаушы, отарлаушы және оларға қол қанат болып отырған топтарға қарсы күрес жолына арнаған Махамбет Өтемісұлының шығармашылығында да аттың және оның үстіндегі жыршының ажырамас бірлік болып үйлестіріліп суреттелетінін көреміз. Қазақ даласындағы аттың үстінде еркін шауып, бірлесіп кеткендері, шабу шеберліктері соншалық ежелгі гректер аңызға балап, кентавр (ат адам) бейнесін жасағанын білеміз. Әр аңыздың артында, оның туындауына себеп болған шындықтың болатынын білеміз. Ес білгенінен ат үстінде шауып, елді қорып, шекараны торып, ортаны бастап жүрген жыраулар үшін, өздерінің жан серіктері, бағалы өткені, болашақтан үміті, бүгінгі халі атының жағдайымен тікелей байланысты болған адамдардың кентаврдан еш айырмашылығы болмаса керек. Сондықтан Махамбеттегі:

Мен ақсұңқардан туған құмаймын
Бір сұңқарға жұбаймын.
Сауырыма қамшы тигізіп,
Шаппай неғып шыдайын?!
немесе:
Жайықтың бойы көк шалғын -
Күзерміз де жайлармыз.

Күлісті-сынды күреңді - деп келетін жолдарынан, жылқы бейнесінің суреттелуін кентавр феноменімен түсіндіре аламыз. Себебі атына тиген қамшы ақынның өзіне салған қамшысы, оны жаны ауырса иесі шыдап отыра алмайды, шаппай жата алмайды, жайық бойында дем алмайды, күреңді күлісті болып жайлайды. Жыраулар поэзиясындағы жылқының бейнесін айтқанда жылқы жыраудың өзі деумен қорытындыласақ, себебі одан артық айта алмасақ керек.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің №AP14872341 «Қазақ көшпелілерінің өміріндегі жылқының рөлі және оның ұлттық әдебиеттегі көркем репрезентациялануы» атты 2022-2024 жылдарға арналған гранттық жобасы негізінде жарияланды.

А.Айдарқызы
«Әдебиеттану» мамандығының 3-курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ

РАҚЫМЖАН ОТАРБАЕВТЫҢ «БАС» РОМАНЫНДАҒЫ КӨРКЕМ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Антропология адам туралы ғылым екені ежелден белгілі, ал XX ғасырда ол философиялық антропология, әлеуметтік антропология, саяси антропология, діни антропология, мәдени антропология, педагогикалық антропологияя, психологиялық антрополгия, көркем антропология сияқты бағыттарға жіктелді. Көркем шығармалардың осы аспектісін зерттейтін көркем антропология XXI ғасырдағы әдебиеттанудың перспективалы бағыттарының бірі болып табылады. Әдебиетте адам өзінің дәстүрлі мағынасында көрінеді. Көркем шығармалардың авторлары адамзатты өзінің алуан түрлілігімен ұсынады: әр түрлі ішкі және сыртқы қасиеттері бар адамдар, олардың іс-әрекеттерін анықтайтын өмірлік көзқарастар т.б.

В.В. Савельева былай дейді: «каждый автор создаёт свой образ человека, то есть свою художественную антропологию, которая может быть выделена в отдельную отрасль знаний, подобно религиозной, философской, педагогической, психологической антропологии» (Савельева, 1999: 7). Автор қазіргі әдебиеттанудың көркем мәтінді талдауда, әдеби шығарманың көркем әлемін зерттеуде антропологиялық аспектке ерекше назар аударатынын атап көрсетеді.

Қазіргі заманғы әдебиеттанудағы дереккөздерді талдау нәтижесінде «әдеби (көркем) антропология», «антропологиялық поэтика», «әдеби антропология» ұғымдарының қолданылатыны байқалады. Әдеби (көркем) антропология саласы шығарма әлемінде (әлем бейнесі) шоғырланған және автордың көзқарасы мен оның кейіпкерге деген көзқарасы арқылы қалыптасады.

Қазіргі қазақ прозасындағы көркем антропологиялық ерекшеліктер алуан қырынан ашылып жатыр. Әр жазушы өзіне тән қолтаңбасымен ерекшеленеді. Қазақ көркем туындыларының арасында адамның жеке дене мүшесіне көркемдік салмақ арту арқылы ұлттық дүниетаным шеңберінде жазатын жазушы көзқарастары байқалып жатыр. Олар Г.Шойбекованың «Бұрым» және «Бүйрек» әңгімелері, М.Балмолданың «Көшпендінің жүрегі», Төлен Әбдікұлының «Бас сүйек», Мақсат Мәліктің «Бассыз бөрі» шығармалары. Бұл туындылардың сюжеті де, идеялық өзегі де бір-бірін қайталамайды, әрқайсысындағы

«адам дене мүшелерін» көркемдік тәсіл ретінде қолданылған өз мақсаттары мен мүдделері бар. Олардың басқа шығармалардан басты айырмасы – әр қаламгердің «жүрек, бүйрек, бұрым, бас» тұжырымдамасын көркемдік деталь ретінде ала отырып, символдық рәмізге айналдыра білулерінде, ұлтық идея мен мүддеге, қазақы танымға шығарма өзегін құруында деп атап өтуге болады.

Рақымжан Отарбаевтың көркем шығармашылығы жылдар бойы тұрақты ғылыми-зерттеу қызығушылығын тудырып келеді. Десек те, осы күнге дейін жазушының шығармашылығы ғылыми тұрғыдан әдебиеттанушылардың тарапынан аз қарастырылған.

Әдебиеттанудың антропологиялық саласын нәзік дамыған құралдармен дамыту қазақ жазушысының өзіне, басқаларға, қоғамға, табиғатқа және ғаламға деген көзқарасы туралы идеясын жүйелі және нақтырақ түрде зерттеуге мүмкіндік береді.

Ал біз осы мақалада Р. Отарбаевтың «Бас» романындағы көркем антропологиялық ерекшеліктерді қарастырамыз. Р. Отарбаевтың «Бас» романы антропологиялық негізде күрделі жанрда жазылған көркем туынды болып табылады. Біріншіден, тарих пен бүгінгі күннің оногенетикалық тамырластығын тануымен, авторлық танымның философиялық антропологияға құрылуы болса, екіншісі – шығарманың негізгі өзегі ұлттық құндылық, сауап, киеге әкеліп тірелетіні, үшіншіден, суреткер кейіпкерлерінің жан дүниесі мен ішкі танымы. Сонымен бірге ұлттың ұлттылығын айқындап, бедерлей түсетін этнографиялық сипаттардың молдығы да Р.Отарбаев шығармашылығына тән эстетикалық факторлардың бірі болып табылады. Ұлттық таным, ұлттық рух тұрғысынан киелі бас культін ұсынады.

Көркем антропология мен этнопоэтикаға байланысты мәселелерді зерттеу кезінде біз отандық және қазақ әдебиеттанушыларының еңбектеріндегі ережелерді ескердік. Олардың еңбектері Р. Отарбаевтың көркемдік антропологиясын зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін дайындауда маңызды рөл атқарды.

Р. Отарбаевтың көркемдік антропологиясын зерттеу тұрғысынан өз назарымызды жазушының қоғамдағы болған және болып жатқан хал-ақуалға қатысты көзқарастарын шығармасына негіз еткеніне аударамыз. Көркем туындыда қарапайым қағидалармен қатар ислам дініне, қазақ халқының аруақты қадір тұту дәстүріне қатысты басты көрден қазып алу әрекетінің суреттелуіне де мән беріледі. Әлемдік әдебиетте антропологтардың жұмыстары қалыпты жағдай ретінде түсінілсе, ал қазақ әдебиетінде және қазақ ұғымында ата-баба жерленген қабірден бас сүйекті қазып шығару, аруаққа тыныштық бермеу деп ұғынылады.

Біздің мақаламыз арнайы «Бас» романына арналғандықтан толық сипаттама беруді жөн көрдік. Роман туралы жазушының замандастары, әдебиет саласының өкілдері білдірген пікірлер, роман қанша рет басылып шықты, роман басқа қандай тілдерге аударылды және автордың роман туралы жеке пікірі қарастырылды. Енді жеке-жеке тоқталатын болсақ. Жазушының көркем туындысы өзінің көзі тірісінде жарық көрмеді. Алғаш рет «Бас» романы «Ұлт болмысы» журналының 2019 жылғы наурыз айындағы № 3(68) санында жарияланған (Ұлт болмысы: 2019). Содан кейін отбасы мүшелерінің мұрындық болуымен жеке кітап болып «BRK Press» баспасынан басылып шықты. Бұл кітаптың ішінде «Бас» пьесасы да берілген (Отарбаев: 2019).

Роман Қазақстанда жарыққа шықпай жатып өзге түркі тілдес халықтар әдебиеті өкілдерінің тарапынан бірқатар түркі тілдеріне аударылып, кітап болып басылып шыққан. Сонымен «Бас» романы түрік тілінде «Baş» 2016 жылы Анкарада, ал әзірбайжан тіліндегі нұсқасы2017 жылы Бакуде жарық көрді. Бауырлас түркі әдебиетінде қырғыз тіліне Болотбек Таштаналиев және моңғол тіліне ақын, философ Сұраған Рахмет аударып оқырмандарға ұсынды. 2020 жылы «Der Schadel» Берлинде (Германия) неміс тілінде басылса, орыс, ағылшын, француз тілдеріне аударылып әлемдік әдебиет қатарынан да орын алды. Жазушының романы классикалық шығармалардың қатарына қосылды, оның өмірдің мәні, рухани құндылықтар мен адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас туралы идеялары тілі мен ділі бөлек оқырмандардың да жүрегінен орын алады деп ойлаймыз.

Жалпы, Рахымжан Отарбаевтың шығармашылығын зерттеушілер қатары өте аз. Соның ішінде «Бас» романы туралы ақын-жазушылар, ғалымдардың, зерттеушілердің газет-журнал беттеріне, ғылыми конференция жинақтарына шыққан зерттеу еңбектерінің тізімі мынадай: ақын С. Рахмет «Рахымжан Отарбаевтың «Басы», А. Мирзахметов «Эпикалық прозадағы архитиптік бастаулар (Р. Отарбаевтың «Бас» романындағы мономифтік әмбебап құрылымдық бөлшектері)», Д. Әлімақын «Қазақы мінез, «Бас» және Рахымжан Отарбаев», Г.Аяпова «Р. Отарбаевтың «Бас» драмасы хақында» атты ғылыми мақалалары. Г. Ниетқалиева «Бас» романындағы мифтік-фольклорлық сарын», А. Төлеу «Бас», А. Мырзахмет «Архетиптік желілер (Рахымжан Отарбаевтың «Бас» романы туралы аз-кем сөз)» әдебиеттанушылар мен зерттеушілер тарапынан романның көркемдік әлеміне, басты кейіпкерледің сомдалуына қатысты өз ойлары, тұжырымдары, пайымдаулары сараланған, бағалары берілген.

Р. Отарбаевтың ұлы Махамбет Өтемісұлы туралы жазған «Бас» атты романы туралы кеңінен тарқатып айтсақ. Оның суреткерлік әлемі өз алдына бөлек, ерекше. Қаламгердің көркем шығармаларының басты мақсаты – адам мен қоғам, алдағы болашақ өмір. Отарбаев Бейбарыс, Махамбет сияқты ұлы тұлғаларды сомдады. Жас буын, болашақ ұрпақтың танымын мен көкжиегін кеңейту мақсатында тарихи тұлғалардың ерлігін сипаттады.

Романның өн бойындағы сарындар, құрылымдық соны тәсілдер нақты берілген. Суреттеудегі шеберлік, нақтылық пен көркемдік қаламгердің өзіне ғана тән екенін байқатады. Кейіпкердің өмірінде кездескен түрлі қайшылықтар роман желісінде ырғақпен сюжет, бейнелі кейіппен көрініс тапқан. Ноэльдің бейнесі салмақты. «Бас» романындағы уақыт, кеңістік, көркемдік ой жүйесі, көркем өрнектелген шешімдер шебер көрсетілген. Романдағы әрбір образдардың қимылы, характері, болмысы сан алуан бояулы. Суреткердің көркем шығарманы тудырудағы еңбегі, қажырлығы, күш-қуаты, бейнетқорлығы, ізденпаздығы романның өн бойынан көрініп отырады. Қоғамдағы келеңсіз жағдайларды, құбылыстарды жан-жақты саралау арқылы оқырман пайымына әсер қалдырады.

Роман желісі мынадай: Ноэль Мәскеуден білім алған антрополог ғалым. Басы кесілген Махамбеттің зиратын қазу үшін қазақ жеріне келеді. Махамбет XIX ғасырда Ресейдің отарлау саясатына қарсы шығып, еркіндік үшін күрескен қазақ батыры. Автор мұнда Махамбеттің басын іздеу арқылы, тұтас қазақ ұлтының отарлық саясаттан жоғалтқан ұлттық мінезін, ұлттық рухын табуға тырысады. Қазақ ақынының жоғалған басына миллион доллар қаражат тігіледі. Ақшақұмар арам ниетті жандардың ақынның басын іздеуге әрекеті, жаман пиғылдары суреттеледі. Қаламгер бастың, әруақтың киесін, ұлттық құндылықтарды санасынан шығарып тастап, ақшаның құлы болған қазіргі нарықтық қоғамның бейнесін ашып көрсетеді. Романда шынайы тарихи деректерді барынша ашық сипаттайды.

Қазақ түсінігінде бас – символикалық тұрғыдан билікті, еркіндікті білдіреді. Бас, құбас, денесіз бас, кесілген бас шығыстық және әлемдік әдебиетте де сипатталады, әдеби туындыларда оларға тіл бітіп сөйлейді. Шығыстық үлгідегі дастандарда бас адамның тойымсыз нәпсісін бейнелесе, отарланған халықтың әдебиетінде бас еркіндік пен отарлық езгіні көрсететін символ болып танылады.

Романның көркемдік идеясы қазақ халқының ұлттық құндылықтарын суреттелу арқылы ашылады. Рахымжан Отарбаевтың суреткерлік әлемінің ерекшелігі қаламынан туған көркем дүниелердің саны көп. Барлық жазушығы адам тағдырын өзі өмір сүріп жатқан қоғамның әлеуметтік шындығымен байланыстыра суреттеу тән. Қоғамның шындығын кейіпкерлердің ойымен, іс-әркетімен аша түседі. Жазушы қаламынан шыққан өнер туындысында өмірдің жалған көрінісін де әшкерелеп өтеді.

Р. Отарбаев «Адырнаға» берген сұқбатында романның жазылуы туралы былай сыр шертеді: ««Бас» деген романым жарық көргелі жатыр. Махамбет жайлы. Ішінде тірі Махамбет жоқ. Бүгінгі заман көрінісі және Алматы қаласында жоғалып кетіп, 17 жылдан кейін әзер табылған батырдың кәлласы жайлы хикая».

«Атырау» газетіне берген сұқбатында толығырақ толғайды: «Осы аттас романымды аяқтадым. Оның ішінде тірі Махамбет жоқ. Айқай соғыс жоқ. Бүгінгі күннің пенделік тірлігі

суреттеледі. Оқиға былайша өрбиді: Махамбеттің сүйегін Қаройдан кезінде антрополог Ноэль Шаяхметов қазып алған. Бас сүйегіне қарап мүсінін жасаған. Хош. Сосын Мәскеуге көшетін боп, «Махамбеттің бас сүйегін алып қалыңдар» деп талай құзырлы мекемелерді жағалаған. Бәрі де ат-тонын ала қашқан. Демек, бұ қазаққа Махамбеттің ақындығы, атақ-даңқы керек. Күйі керек. Ал, бас сүйегі қажет емес. Солай ғой. Сөйтіп бас жоғалды. Өзге сүйегі бөлек жатқан, ол да жоғалды. Екеуі екі жертөледен бөлек-бөлек 14 жылдан соң табылды. Міне, біздің ұлы тұлғаға деген құрметіміздің түрі. Осыдан соң тәуекел етіп бұ қазаққа сеніп өліп көр».

Автордың сұқбатынан тарихи тұлғалардың қазылып алынған бас сүйегі арқылы олардың нағыз, шынайы келбетін жасап шығару керек екенін түсінуге болады. Дінге және қазақ ұғымына қайшы болғанымен, қазіргі антропология ғылымының жетістіктерін қолдана отырып батырлардың, хандардың, билердің бет-бейнесін қалпына келтіру.

Романда бас кейіпкердің табиғатының өзі сезім, қозғалыс динамикасын танытатын диалогтар арқылы беріледі. Жазушы өз шығармаларында өмірдің, тіршіліктің бәрі де сана арқылы ашылатын үлкен бір әлем екендігін философиялық оймен, суреткерлік сезімталдықпен оқырмандарға көркемдік ойлау жүйесі арқылы айқындап беруге тырысқан. Әдеби туынды арқылы адамзаттың бастан кешірген тарихын келесі буынға табыстауы, көркем шығарма арқылы өсиет айтуы да қаламгер шеберлігінің бір қыры десек болады.

Ақын С. Рахметұлы басты кейіпкер туралы мынадай пікір білдіреді: «...Бейнетқор кейіпкер Ноэль көркем бейне емес, басқа бір психологиялық арнадағы кейіпкер. Көзбен көруге, қолмен ұстауға келмейтін ішкі ағым. Әбден титықтаған ғалымның көне мен ежелгі ескінің аражігіндегі өтпелі ғұмыры өрімделіп жатыр. Мұндағы ішкі мағына мен мазмұндар иірімі ежелден келе жатқан таптаурын, жаттанды қалыптан әлдеқашан құтылып кеткен. Кейіпкердің өмірінде кездескен түрлі қайшылықтар роман желісінде ырғақпен сюжет, бейнелі кейіппен көрінеді» (Рахметұлы: 2016).

Бұл романда автор тек бір елдің проблемасына ғана емес, сонымен бірге бүкіл адамзат қоғамына дерт сияқты тараған нәрсеге назар аударуға тырысады. Олардың ішіндегі ең үлкені – мансап, билік, бірақ екеуінен де жоғары ақша. Р. Отарбаевтың әйгілі «Бас» романы Қазақстанда жарық көрген кезде көп уақыт өтпеді, сондықтан жазушының бұл романына деген қызығушылығы да басым. Бұл роман Махамбеттің басы, ол өз елінің тәуелсіздігі үшін күрескен кезде, оның бүкіл халықтың рухын оята алатын нышан дәрежесіндегі рөлі, сондай-ақ жоғары рухты қажет етпейтін және ата-баба рухын құрметтемейтін, ұлттың тұтастығына мән бермей бөлінген немқұрайлы қоғамның ауқымын кеңейтуден басталады. Дүние жүзінде кең таралған азғындықтың басым болуы, керісінше руханилықтың болмауы және жеке пайданы қамтамасыз ету үшін моральдық қасиеттерден бас тарту сияқты адам бойындағы жаман қасиеттерді ашып көрсетеді. Автор өзі көтерген мәселені бүкіл адамзат деңгейіне біреуден жалпыға, тар шеңберден масштабқа дейін өсіру арқылы шығарады. Оқиғалар тізбегі бір-бірінің серпілісі мен жалғасы болып табылады.

Д. Әлімақын «Қазақы мінез, «Бас» және Рахымжан Отарбаев» деген мақаласында: «Оның көркем шығармаларының басты мақсаты – адам мен қоғам, болашақ. Осы үш өзек оның әр туындысын оқыған жанның санасына рухтың дәнін себеді. Адам дегеніміз, кешегі ер бабалар, анығын айтқанда, Отарбаев қаламы жазған Бейбарыс, Махамбет сияқты тұлғалар. Ал қоғам дегеніміз – сол қайраткерлер өмір сүрген кезең, уақыт, орта. Ал болашақ келесі ұрпақтың танымы мен көкжиегі, ертеңгі елдің ту ұстарларының тұлғалар өмірінен нәр алуы, сусындауы» (Әлімақын: 2021).

Мәселе – жоғалған Махамбеттің басын іздеу. Негізгі іздеушілер екі жалпы топқа бөлінеді – жағымды кейіпкерлер (Ноэль, Құрақ қарт, Дәурен, Айым, Имаш, Герасимов және т. б.), екіншісі – ақын басына тігілген миллиондаған доллар сыйақы алуға ұмтылатын жаман ниетті адамдар (Баймахан, Қайып Есімұлы, Қашқария, Дүрия және т.б.).

«Бас» романында автор Ықас, Қайып, Қашқария сияқты кейіпкерлердің мінез - құлқын олардың әрекеттеріне сәйкес сарказммен, әзілмен және әртүрлі жағымсыз сипаттармен бейнелейді, ал Құрақ шал кейіпкері ұлттық кейіпкер.

«Бас» романында 25-ке тарта кейіпкердің есімі аталады. Бас қаһарман – Ноэль және жанама түрде Махамбеттің басы. Бұл кейіпкерлердің басты міндеттерінің бірі – жұмбақ шешуге көмектесу. Ол тылсым күштің иесі ретінде де сипатталады. «Бас» романында Махамбеттің басы жанама тұрғыда «тәлімгер» образын өз бойына сыйдырған (Мизахметов: 2021: 27-28).

Отандық белгілі ақын, жазушылар мен әдебиетшілер, зерттеушілер қаламгердің қайталанбас туындыларындағы шеберлік пен шындықты, шығармаларындағы көркемдікті, көркем шығармаларындағы ерекшеліктер туралы жазды, пікір білдірді.

Батырдың бас сүйегі екі адаммен «сөйлеседі». Ол антрополог Ноэлға: «- Әй, Ноэль, мені Алматыға лақтырып кету үшін көрімнен қазып алдың ба? Бұл не сұмдығың?» (Отарбаев: 2019: 3) - деп тіл қатса, ал қала әкімі Имашқа: «– Оян, ботам! - десін қаһарлы дауыс. – Оян, ботам!» - деп түсінде аян береді (Отарбаев: 2019: 85).

Сонымен қатар романда Махамбет пен Жәңгір хан айтысады. Тарихи бейнелер өз заманындағы қазақ халқының басына түскен ауыртпалықты, патшаның озбырлығы, ұлт азаттық көтерілістің басталуы туралы баяндалады. Бұл әңгіме жалпы тарихи әңгімелерден мүлдем өзгеше. Әсіресе, дала батыры мен қазақ халқының соңғы ханы Жәңгірдің диалогына байланысты жекпе-жектің өтуі де роман сюжетін қоюландыра түседі. Ақ патшанаң жер саласындағы әділетсіз әрекеттеріне қарсы шыққан Махамбет Өтемісұлының халық қамын тереңнен ойлауы, жерден айырылса қазақтың тоз-тоз болып шашырып кету қаупі бар екені де қазіргі заманға сабақ болары сөзсіз.

Yilmaz Bacakli мен Yalçin Altay «Rahimcan Otarbayev'in baş adli romaninda fantastik unsurlar üzerinden tarihi hesaplaşma» атты мақаласы жарық көрген. Түрік әдебиетшілері қазақ жазушысының романда тарихи шындықты бейнелеу үшін фантастикалық элементтер қолданылғанын, қазақ тарихының екі маңызды тұлғасы Махамбет Өтемісұлы мен Жәңгір Хан арасындағы диалог арқылы есеп айырысу әрекеті тарихты жалпы түсінуге әсер етуге бағытталған деп айтуға болады дейді (Bacakli: 2021).

Романның фантастикалық бөліктері ретінде қабылданатын Махамбет пен Баймағамбет арасындағы диалогтардан да сол замандағы тарихи көріністер көз алдыңа келеді. Оның орыстармен ынтымақтастығы, сұлтанның Санкт-Петербургтен генерал-майор атағын алуы т.б. жағдайлар суреттеледі.

Ғалым Р. Әлмұханова романдағы тарихи сипаттарды қарастыра отырып, ойын былай тұжырымдайды: «Романда елестерді «сөйлету» Махамбет – Жәңгір, Махамбет –Баймағамбет, Махамбет – Жәңгір – Ықылас – Баймағамбет арасында қолданылды. Егер Махамбеттің бас сүйегі Ноэльге зиялы қауымның өкілі ретінде назын «жеткізсе», өз замандастары Жәңгір, Баймағамбетке айтқызған сөздер арқылы жазушы «шындық, бәрібір, айтылады» дегенді мойындатады» (Р. Әлмұханова: 2020).

Осы фантастикалық эпизодтарда Отарбаев Жәңгір хан, Баймағамбет сұлтан, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлының әртүрлі себептермен саясаттың құрбаны болғаны, олардың артында тұрған қалың орман қазақ халқы да бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара алмай бір шешімге келе алмағаны да сезіледі. Осыған сәйкес, қай қоғамда болмасын қазақ халқының арасында да шешімсіз, жаман істермен айналысатын, құрғақ қыңырлығы басым тұратын адамдар бар екені даусыз. Оны Абай атамыз да айтып, елді сөзбен түзеуге атсалысқан.

Романда жас кейіпкерлер Даурен мен Айым да ата-баба тарихын, салт-дәстүрін бойына сіңіріп өскен адал жандар. Баба рухын қастерлеп, аманатқа қиянат жасамай, әсіресе, ар-намысты ақшаға жеңдірмей Махамбеттің басын өз иесіне қайтарып беруі де жастарға үлгі-өнеге болары сөзсіз. Автор туындысында образ-кейіпкерлерді, адамды қиялдан жаңадан

сомдау немесе трансформациялау (өзгерту) нәтижесінде тудыра білген. Сонымен қатар қаламгер өзі ұғынған көркем әлемді жан-жақты көрсетуге тырысқан.

Жазушы, драматург Р.Отарбаев адами құндылықтарға ие әдеби антропологиялық кеңістік құрды. Р.Отарбаев ұлттық және рухани құндылықтарды дәріптеді, оның шығармаларының кейіпкерлері де жер бетінде адами қарым-қатынастарды жоғалтпау үшін өмір сүреді. Қаламгердің шығармаларында жоғары рухани-адамгершілік әлеует бар. Жазушының көркемдік антропологиясы тек адам мен қоғамды ғана емес, бүкіл әлемді құтқаруға бағытталған.

Әдебиеттер:

1.Савельева, В.В. Художественная антропология. – Алматы: Изд-во Алмат. гос. ун-та, 1999. – 281 с.

2.Отарбаев Р. «Бас» - Алматы: BRK Press, 2019, – 200б

3. Барнард А. Антропология тарихы мен теориясы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл - 240 бет

4. Тоқсамбаева А. Р.Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы хан-сұлтандар мен батырлар бейнесі //Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы – 2023. №3, 242-259 бб.

5. Yalçin Altay «Rahimcan Otarbayev'in baş isimli romaninda yabancilaşma» Yüksek lisans tezi Türk dili ve edebiyati Karabük 2022 s. 60 http://acikerisim. karabuk.edu.tr:8080/ xmlui/bitstream/handle/123456789/2094/10423408.pdf?sequence=1&isAllowed=y(соңғы қаралым 06.07.2024)

6. Отарбаев Р. Бас: роман /Р. Отарбаев // Ұлт болмысы. - 2019. - № 3. – наурыз. – 72 –127 б.

7. Рахметұлы С. «Бас» романы хақында /С. Рахметұлы // Қазақ әдебиеті. - 2016. - № 43 (3521). - 28 қазан - 3 қараша. - 26-27 б.

8. Әлімақын Д. «Қазақы мінез, «Бас» және Рахымжан Отарбаев» https://egemen.kz/article/295242-qazaqy-minez-bas-dgane-rakhymdgan-otarbaev (соңғы қаралым 06.07.2024)

9. Әлмұханова Р. «БАС» және НАМЫС (Рахымжан Отарбаевтың «Бас» романы: әлемдік және қазақ әдебиетіндегі орны) Qalamger.kz әдеби-танымдық портал, 07.09.2020жыл. https://qalamger.kz/literature/debiet/bas-zh-ne-namys/409

*10. Художественная антропология и творчество писателя / [В. В. Савельева, Л.И. Абдуллина, М. Г. Васильева и др. ; под ред. В. В. Савельевой, Л. И. Абдуллиной] ; Восточно-Казахстанский гос. ун-т им. С. Аманжолова, Казах*ский нац. пед. ун-т им. Абая. - Усть-Каменогорск [и др. : б. и.], 2007. - 407, [2] с.

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ АЯСЫНДА КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУДІҢ, ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

З. Ш. Ерназарова
филология ғылымдарының докторы, профессор
Абылай хан атындағы ҚазХҚж ӘТУ

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ: ҚАЗАҚ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА ТҰЖЫРЫМДАРЫН ҚАБЫЛДАУЫ, ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУЫ

Қазақ тілі пәні бойынша дайындалған жаңартылған бағдарлама конструктивистік педагогикаға негізделді. Ол бойынша:

1. Білім беруге (қазақ тілін оқытуға) белсенді әрекет ретінде қарау керек.
2. Білім қоры тәжірибе негізінде қалыптасады деген ұстанымды басшылыққа алу керек.
3. Білім алуды жеке сипатқа ие үдеріс ретінде бағалау керек. Әр оқушының әлем туралы өз көзқарасы, өз қабылдау ұстанымдары бары назарда болуы тиіс.
4. Қазақ тілін оқыту аутентті сипатқа ие болуы тиіс. Сондықтан ол аутентті материалдарға құрылады. Оқыту мақсаты мен мазмұнын мұғалім мен оқушының бірлесе отырып, анықтай алады.Түпкі қол жеткізетін нәтижені алдын ала белгілеуге болады.
5. Оқыту нәтижеге бағытталған үдеріс болып табылады. Оқыту үдерісі тану, талдау, жинақтау, қолдану, бағалау сияқты таным үдерісіне құрылады, тұтастықта қаралады.

Жаңартылған бағдарлама қазақ тілін оқыту саласында реформа болды деп айтуға болады.

Білім беру сапасын қадағалау және жақсарту мақсатында мониторингтер жүргізіліп отырады.Мониторинг бірнеше компоненттерден тұрады: білім беру үдерісінің объектісі, субъектісі, білім сапасын айқындайтын көрсеткіштер, талдау жасау құралы,ақпаратты жинау базасы. Мониторингті жүргізу мақсаты ақпараттық, диагностикалық, салыстырмалы және болжам жасау болуы мүмкін.Оқу бағдарламасының мазмұны мен құрылымы туралы мұғалімдердің пікірлерін білу диагностикалық сауалнамасы (Abigail Adin-Surkis,201:2), грамматиканы оқытудың әдістерін анықтау сауалнамасы (Roger Barnard & Davin Scampton.2008:59),мұғалімдердің ,ғылыми-әдістемелік әлеуетін анықтайтын ақпараттық (Nesrin Kutlay.2013: 188) сауалнамалары үлгілері бойынша сұрақ түрлері мен мазмұны зерттеу мақсатына қарай құрастырылды. Біз жүргізген сауалнама ақпараттық мониторинг қатарына жатады. Өйткені мақсатымыз жаңартылған бағдарламаның қағидаларыны оқу үдерісінде сақталуы және орындалуы деңгейін бағалау мақсатын көздейді [Фиофанова. 2020 : 111].

Ақпараттық мәліметтерге қарай отырып, оқыту үдерісінде жиі кездесетін сабақтың құрылымын, мұғалімнің кәсіби біліктілік деңгейін анықтауға болады.Сауалнама сұрақтарын құрастыруда, жауап түрлеріне сараптама жасауда тілдерді оқытудың когнитивті - коммуникативті әдістемесінің негізгі қағидалары басшылыққа алды [Қадашева. 2005 : 29)

1-кесте. Сауалнамаға 64 адам қатысты. Мұғалімдердің біліктілік көрсеткіштері

1-санат	2 -санатты	3-санат	модератор	Эксперт	Мұғалім
28,1%	0	0	10,9%	37,5%	20,3%

Педагогикалық тәжірибелері жағынан 93,5 қатысушының педагогикалық тәжірибесі 10-15 жылды құрайды.

Қазақ тілі пәні бойынша Жаңартылған бағдарламаның негізгі мақсаты - оқушының коммуникативті құзыретін қалыптастыру, дамыту болып табылады. Сауалнаманың алғашқы сұрағына назар аударайық.

2-кесте 1.Қазақ тілін оқытуда неге басты назар аудару керек?

оқылымға	коммуникацияға	жазылымға	Жаңа сөздерге	Тыңдалымға
10,9%	54,7%	23,4%	-	-

Жаңартылған бағдарламаның негізгі ұстанымын сипаттайтын бұл сауалнама сұрағына берілген жауаптар 54,7% мұғалімнің қазақ тілін оқытудың негізгі мақсатын толық айқындағанын, қабылдағандығын көрсетсе, санымен қатар пәнді оқыту мақсаты мен сабақ мақсатын толыққанды түсінбей жүрген мұғалімдердің барын байқатады. «жазылымға назар аудару» жауабын таңдау сабақтың соңғы кезеңінде жүргізілетін жұмыс түрін пәннің мақсаты ретінде бағалап отыр.Әлі де болса, мұғалімдер арасында қазақ тілі пәнін оқытудың түпкі мақсатын түсінбейтіндердің барын байқатады.

3-кесте. Сіз қай оқыту әдісін жиі қолданасыз?

дәстүрлі	коммуникативті	аралас	грамматикалық аударма тәсілі
14,1%	40,6%	34,4%	

Бұл сауалнама қорытындысы әлі де болса, дәстүрлі әдісті қолданушылардың барын көрсетеді. Дәстүрлі деп жаңартылған бағдарлама енгенге дейін қолданылған грамматикалық категорияларды таза лингвистикалық тақырып ретінде түсіндіру, оқушының белсенді әрекетін туғызбайтын жаттығу жұмыстарын (үнсіз табу, жазу, көшіру) орындататын мұғалімдер қатарының барын байқатады.

Жаңартылған бағдарламаның лексикалық тақырыптарға құрылуын мұғалімдер де, әдіскерлер де бірден қабылдап, түсініп кете алмады. Олар бағдарлама білім мен ғылымның интеграциясы болуы керек. Ал тақырыптық интеграция бұл қажеттілікке жауап бермейді деп есептейді [Серікқызы. 2020, 6 қараша]. Лексикалық тақырыптар мәтін түрінде (оқылым, тыңдалым, айтылым) ұсынылады.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту оқылым алды жұмыстарында мүмкін болатын лексикалық қиындықтардың алдына алады. Басқаша айтқанда жаңа сөздермен жұмыс жүргізу,мәтіннің тақырыбына сай оқу шының білім қорын барлау жасау, оқушыны мәтінде берілген ақпаратты өзінде бар білім қоры негізінде қабылдауға дайындау. Сауалнама қорытындысы болжам жасау, мәтіналды сұрақтарымен жұмыс түрлерінің мұғалімдердің басым көпшілігі қолданатынын байқатып отыр. Сонымен қатар « мәтіналды жұмыс түрі» деген терминнің мағынасын мен қызметін түсінбейтін топтың да барын байқатады. Ол «мәтінді бөліктерге бөлу», «оқу және аудару» жауап түрлерінің қамтылуынан көрінеді.

4-кесте.

Грамматикалық жұмыс түрлері	Көрнекі құралдармен жұмыс	Мәтінді бөліктерге бөліп оқыту	Мұғалімнің оқуы және аударуы
9,4%	15,6%	7,8%	9,4%

Сөздермен жұмыс жауабын 9,4 % қатысушының таңдауы бұл жұмыс түрінің белсенді қолданылмайтынын байқатса, ал көрнекі құралдармен жұмыс жасау жауабының көрсеткіші (15,6%) мұғалімдер арасында көрнекі құралдардың қолдану мақсатын толық түсіне бермейтіндігін байқатады. Яғни мәтіналды жұмыс түрлерінің мақсаты көрнекі құралдарды пайдалану емес, көрнекі құралдар белгілі бір мақсатты (болжам жасау, сөздерді таныстыру) қызмет етуі керек. Бірақ ол мәтіналды жұмыстарының бір түрі ретінде қарастырыла алмайды.

Коммуникативті құзыретті қалыптастыруда мақсатты сөйлеу іскерлігін дамыту өте маңызды. Мақсатты сөйлеу сөйлеу жағдаятына қарай тілдік құралдарды орынды , нақты қолдану дағдысын дамытуды керек етеді. Тілдерді оқыту әдістемесінде жаттығу жұмыстарының қабылданған түрлері, адам танымымен,қабылдау механизмімен байланысты ұсынылу алгоритмі бар. Әр жаттығу жұмысының өз мақсаты, қызметі болады. Сөйлуе бірліктерін меңгерту, сұхбат түрлеріне қарай тілдік бірліктерді қолдану жаттығулары оқушыда дағдыны дамытады. Сондықтан жаттығу жұмыстары кемінде 3 түрлі жұмысты қамтуы керек. Содан кейін оқушы коммуникацияға дайындықсыз еркін шыға алады.

Қазақ тілін оқытуда айтылым іскерлігі оқылым және тыңдалым бойынша жүргізілетін жұмыстарға тәуелді. Айтылым мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жуап беру деп түсіну оның қызметін мен мақсатын төмендетеді. Айтылым сөйлеушінің белгілі ібір сөйлеу мақсатына коммуникацияға қатысушы екінші бір коммуниканттарға жеткізу болып табылады. Сұрақ - жауап әдісі – оқушының белгілі бір ақпаратты түсінген – түсінбегенін анықтау мақсатын көздейді. Айтылым - пікірді дәлелді жеткізу, сұхбатқа қатысу, қарсы пікір айту,сипаттау, әңгімелеу, баяндау, өтініші айту, ақапарт алу және т.б. сөйлеу мақсаттарының сөйлеу жағдаятында орындалуы болып табылады.

Жаңа сөздерді меңгертумен байланысты жүргізілетін жұмыстар қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда ғана емес,қазақтілін ана тілі ретінде оқытуда да өте маңызды.Өйткені қазір қазақ мектептерінде де оқушылардың сөздік қорының аздығы назараудартады. Көркем әдебиетті оқымау,көптілді орта оқушыларды басқа тілдерді үйренуге уақыт бөлуін керек етеді. Сауалнама қорытындысы жаңа сөздерді меңгертетін жаттығу жұмыстарының оқулықтарда керекті деңгейде ұсынылмайтынын көрсетіп отыр. 51,6 % пайыз қатысушы жаттығу жұмыстар ының аздығын басты мәселе ретінде атаған. Сонымен қатар бір сабақта берілетін жаңа сөздер санның көптігі (17,2) өзекті мәселе болып табылады. Егер ұсынылған мәтінде оқушыға таныс емес сөздер саны 5-тен жоғары болса, бұндай мәтінді оқып түсіну қиындық туғызады. Өйткені уақыт әр сөздің мағынасын анықтауға, мәнмәтіндегі мағынасын түсінуге жұмсалады. Ал мәтіннің мазмұны бойынша жасалатын жұмыс түрлеріне уақыт тапшы болады.

Жаңартылған бағдарламаға қатысты ең даулы пікірталас тілдік бағдар компонентінде грамматикалық тақырыптардың құрылымдық лингвистикаға сай берілуімен байланысты дамыды (https://ped.kz). Жаңартылған бағдарлама коммуникацияның негізі - лексикалық тақырыптарға құрылды да, сөйлеу әрекетінің түрлері (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым) бойынша әртүрлі оқу мақсаттарына қол жеткізу көзделді. Оқу мақсаттары бір-бірін толықтырушы,дамытушы бағытта ұсынылды. Ал тілдік білім мазмұны коммуникативті мақсатқа сай анықталды. Сондықтан грамматикалық категорияларды беруде тілдің жүйелі – құрылымдық сипаты сақталмады. Бұл, әрине, қазақ тілін оқытудың дәстүрлі бағытына қайшы келді.

Грамматиканы қалай оқыту керек? Грамматиканы не үшін оқыту керек? деген сұрақтарға әртүрлі жауап алатынымыз анық. Бір әдіскерлер тобы грамматиканы ашық түрде меңгерту керек деп есептейді. Бұл топтың пікірінше, грамматикалық құрылымдар алдын ала түсіндіріліп, оқушыда қазақ тілінің грамматикалық құрылысы туралы түсінік қалыптасуы керек. Ал екінші топтың пікірі бойынша, грамматика жасырын түрде коммуникация барысында ұсынылуы керек. Грамматикалық категориялар туралы білім тілдің құрылымы туралы ақпарат беру үшін емес, тіл үйренушіні коммуникацияға шығару үшін қызмет етуі

керек. Грамматикалық тақырыптар жалаң емес, қарым -қатынас барысында белгілі бір сөйлеу жағдаятын мен сөйлеу мақсатымен байланысты берілсе, оқушы танымында қазақ тілінің грамматикалық құрылысы туралы білім қоры ассоциациялық байланысқа негізделіп жинақталады.ьТілдік формалар оқушының белсенді білім қорына айналады [Күзекова.2021:5; Қадашева. 2001.145]

Лингвистикалық білімді қазақ тілін екінші тіл ретінде қалай беру керек мәселе арнайы талдау тақырыбы болмаса да, аталған зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне жасалған талдау ғылыми ұстанымдарына қарай олардың екі бағытты қалыптастырғанын байқатады.

Қайшылықтың туу себептеріне талдау жасап көрейік.

Коммуникацияда тілдің әртүрлі деңгейдегі бірліктері өзара байланыста қолданысқа түседі. Бір ғана грамматкиалық форма коммуникативті мақсатты жеткізе алмайды. Ол лексикалық бірліктердің қатысуын, синтаксистік құрылымдардың қатысуымен қарым-қатынасты қалыптастырады. Бұл мәселені тіл білімінде коммуникативті - функционалды лингвистка салалары қарастырады. Ең басты мәселе аталған саланың қазақ тілі білімінде кештеу дамуында жатыр. Тілдерді оқытудың әлемдік тәжірибесі, халықаралық стандарттар мен бағдарламаларға жасалған шолу тілдік білімнің функционалды аспектіде ұсынылатынын анықтады. Қазақ тілі білімінде фнкционалды грамматика саласы (жұмсалымдық грамматика) соңғы 10-15 жылда дамып отыр. Алайда бұл зерттеулер терең теориялық зерттеулер болып табылады. Қазақ тілін оқыту үдерісі практикалық грамматикаға негізделуі керек. Практикалық грамматика теориялық зерттеулердің негізінде құрылады.

Практикалық грамматика тіл үйренушінің коммуникативті құзыретін қалыптастыруға жеткілікті лексика-грамматикалық минимумнан құралуы керек. Тілдік білімді ұсыну коммуникативті –функционалдық - құрылымдық тұжырымдамаға негізделуі керек.

Тілдің грамматикалық категориялары - адам танымының нәтижесі. Грамматикалық формалардың қолданыстағы қызметіне де құрылымдық – жүйелілік сипат тән. Грамматикалық категориялардың арасында таным үдерісімен байланысты өзара туындаушы иерархиялық байланыс бар. Сол сияқты әр грамматикалық форманың әртүрлі қызметі арасында да өзара туындаушы, бірін-бірі анықтаушы байланыс бар. Егер тілдің грамматикалық құрылысы адам танымының туындысы деген ұстанымды басшылыққа алатын болсақ, грамматикалық категорияларды ұсынуда адам танымында қалыптасуға тиіс когнитивті модельдерін анықтап алуымыз керек. Когнитивті - коммуникативті ұстаным тіл үйренуші танымында тілдің құрылымдық жүйесінің когнитивті модельдерін - білім қорларын қалыптастырудың моделін анықтап береді.

Ал практикалық грамматика қазақ тілінің лингводидактикасын дамытады. Өйткені нені үйретініміз анықталған соң, қалай үйрету керек деген сұрақ туады. Бұл қазақ тілінің оқыту лингводидактикасын қоғамдық маңызын арттырады. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысы туралы жүйелі білімді қалыптастыру қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі болуы керек. Сонда қазақ тілі пән ретінде өз мәртебесін жоғалтпайды.

Жаңартылған бағдарламаның толыққанды енуінде қандай кедергілер, шектеулер бар? Бұл шектеулерді қалай өзгертуге болады?

1. Жаңартылған бағдарламаны қолданысқа енуіндегі бірінші кедергі – пәндік мазмұнды, пәнді оқыту мақсатын анықтаумен, түсінумен байланысты. Дәстүрлі оқытуда қазақ тілі сабақтары грамматикалық тақырыптарды түсіндіру, жаттығу жұмыстарын орындаудан тұрды. Ал жаңартылған бағдарлама тілдік білімді сөйлеу әрекеті түрлерімен - жазылым, оқылым, тыңдалым,айтылым – байланыста қарастырады. Грамматикалық тақырыптар белгілі бір сөйлеу мақсатына құрылған мәтіндер құрамында функционалды аспектіде ұсынылады. Алайда қазақ тілі сабақтарында мәтіндерді мазмұндауға басымдылық берілді де, ал тілдік бірліктердің қызметі назардан тыс қалды. Соның нәтижесінде мұғалімдерге қазақ тілі пән ретінде өзін жоғалтқандай көрінді.Оның басты себебі бағдарлама бойынша жазылған оқулықтарда мәтін лингвистикасының, функционалды грамматиканың қағидалары басшылыққа алынбады [Утебалиева. 2009: 129, Левицкий. 2006: 56]. Бұл мұғалімдердің қазақ

тілі маманы ретінде біліктілігін шектеді. Олар маман ретінде өз білімін қолданудың жолдарын білмеді.Бұл жағдай олардың бағдарлама туралы қарсы пікірін туғызды. Аталған шектеуді жою үшін белгілі бір тақырып бойынша құрылған мәтіннің коммуникативті мақсаты мен тілдік ұйымдасуы арасындағы байланысты анықтаудың, талдаудың әдістемесін қалыптастыру керек. Тілдік бірліктерді ұсынуда құрылымдық және коммуникативті - функционалдық аспектілерді үйлестіре берудің жолдарын - практикалық грамматиканы қалыптастырукерек.

2. Жаңартылған бағдарламаның қолданылуымен қалыптасқан екінші шектеу қазақ тілін оқыту қалыптасқан әдістемесінің білім берудің жаңа мазмұнымен толық үндестік таппауында жатыр.Дәстүрлі жаттауға, анықтауға құрылған оқыту әдістерін оқушының белсенді әрекетін туғызатын әдістермен ауыстыру сабақта кейбір элементтерді қолданумен шектеліп жатыр. Ал толығымен оқытуды әрекетке негіздеу деген ұстанымды мұғалімдер арасында түсінбейтіндер қатары бар. Шектеу мұғалімдердің кәсіби құзыретінде тілдерді оқытудың әдістемесі туралы жүйелі білім қорының қалыптаспауынан көрінеді. Жаңартылған білім беру мазмұны мұғалімнен өз ісіне жаңаша қарауды, үнемі дамуды керек етеді. Әрекетке бағытталған оқу үдерісін модельдеу іскерлігі жетпейді

Жаңартылған оқу бағдарламасының оқу үдерісіне енуі - өтпелі кезеңді қамтитыны, оның түсінбестік пен қиындықтар туғызатыны алдын ала күтілген жағдай. Алайда осы қалыптасқан қайшылықты жағдайды шешу үшін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеретін курстарда тәжірибеге, талдауға басты назар аудару керек. Сонымен қатар біліктілікті көтеру курстарына қатар қазақ тілі мұғалімдеріне бағдарлама негізінде жатқан лингвитсикалық жаңа бағыттарды теориялық аспектіде түсіндіретін лингвистикалық курстарды енгізу керек.

Әдебиеттер:

1. *Abigail Adin-SurkisTeachers Evaluate the New Curriculum in English: Views regarding Evaluationan d Evaluation Tools//Research in Education January 2014.-2 p*
2. *Адамова М.Е. Некоторые трудности в практике учителя в условиях перехода на обновленное содержание образованяи и пути их решения.// 12 жылдық білім беру.-2019.- No1.- 3 - б*
3. *Бектурганов Р.Ч. «За» и «против» обновленнного содержания образования// 12 жылдық білім беру.-2019.- No 4.- 3 – 7 - б*
4. *«Болонский процесс: результаты обучения и компетентностный подход (книга-приложение 1) / Под научн. ред. д-ра пед наук, профессора В.И. Байденко.- М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов. 2009. – С. 482-492*
5. *Джефф Петти.Современное обучение.Москва.-ЛомоносовЪ.-2010, 56 – 62 стр*
6. *Жұмақаева Б.Д.,Өтеген Н. Жаңартылған білім мазмұны: оңтайлылық пен олқылықтар // СДУ Хабрашысы.-2019. - No 2.-106 – 110 - б*
7. *Ерхожина Ш. Жаңартылған білім негізі оқу іс- әрекеттерін белсендіру құралы.//Хабаршы, Филология сериясы 2018. - No 3 (117).-.170 -175 б*
8. *Есепбай Ж.,Құлмағамбетова А., Аубакирова Ж.. Қазақ тілін коммуникативті тұрғыда оқыту//12 жылдық білім беру.-2019. No 4.- 26-б.*
9. *Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.Алматы.-Мұрагер.- 2005 .- 29-53 б*
10. *Қажығалиева Ж. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында қазақт ілді емес сыныптарда қазақ тілін оқыту ерекшеліктері // Қазақстан мектебі.2019. - No3.-23-27 б.*
11. *Караев. Роль приемов мыслительной деятельности и педагогической технологии /Открытая школа. № 10 - 2020 . 11 - 17 стр.*
12. *Күзекова З.С. Грамматиканы оқытудағы функционалдық бағыт // «Оқыту бағдарламалары мен мазмұны, оқыту технологиясын жетілдіру». – Астана, 2012.-24-25*
13. *Левицкий Ю.А. Линвистика текста. М.: «Высшая школа, 2006.- 207 с.*
14. *Мынбаева А.К..З.М.Садвакасова.Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения.Учебное пособие.Алматы, 2012.- 25-26 стр*

15. Мынбаева А.К. Педагогика 2.0 и конструктивизм в образовании. «Открытая школа», №1, 2020.- 3 - 5 стр.

16. Нажмадинова Ш.Г. Современный урок в рамках обновлённого содержания образования – индивидуальная стратегия профессионального роста// Сборник материалов Всероссийской научной конференции «Smart Student Science - 2019» – с. 280 - 285.

17. Nesrin Kutlay. A survey of English language teachers' views of research// Procedia - Social and Behavioral Sciences 70 (2013)188. – 206

18. Обновление содержания среднего образования: вопросы и ответы. – Астана, 2017 г. – 18 стр.

19. Roger Barnard & Davin Scampton.Teaching grammar: a survey of eap teachers in new Zealand // New Zealand Studies in Applied Linguistics, 2008, 14 (2) 59-82 p

20. Современные способы активизации обучения:учеб. Пособие./ Т.С.Панина, Л.Н. Вавилова; под ред. Т.С.Паниной.-3-еизд.,стер.-М.:Академия: 2007.-176 стр.

21. Хусаинов. Қазақстан –Zaman 2017;жыл, 24 тамыз)

22. Щукин А.Н.Обучение иностранным языкам.Теория и практика. Москва, Омега:2010.- 410 с.

23. Фиофанова О.А.Методы анализа образовательных данных и способы их применения в педагогической и управленческой практике в сфере образования //Школьные технологии №- 2020.- 111 - 127

24. Утебалиева.Г.Е. Усвоение неродного языка: коммуникативно-когнитивная модель Алматы, Қазақ университеті. -2009.-129-133 –стр.

Куляш Кенжебековна Енсебаева
филология ғылымдарының кандидаты, PhD, қауымдастырылған профессор
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАР

Тілдік бейне түріндегі концептуалды жүйе этностың заттық, мәдени тәжірибесіне тәуелді. Дүниенің концептуалды бейнесі логикалық-прагматикалық позитивтік танымға, әлеуметтік тәжірибеге негізделеді. Дүниенің тілдік бейнесі эмпирикалық танымммен байланыста. Әрбір тіл, дүниені өзінше жүйелеп бөледі, яғни оны концептуализациялаудың өзіне тән тәсілдері болады. Ақиқат дүниедегі заттарды, құбылыстарды, уақиғаларды белгілі бір концептіге топтастырады. Дүниенің концептуалды бейнесі логикалық-прагматикалық позитивтік танымға, әлеуметтік тәжірибеге негізделеді. Дүниенің қарапайым бейнесінде дәмбейне, иісбейне, көзбейне, тәнбейне (ыстық, суық, қатты, жұмсақ т.б.), естілімбейне, яғни сенсорлық қабылдау басым болады. Сөйтіп сөйлеушілердің бәріне ортақ ұжымдық философиясы тәрізді көзқарастар жүйесін жасайды. Мысалы, *қамшының сабындай қысқа өмір*; дүниедегі ең жаман нәрсе – *жалғыздық пен жаяулық; бала – бақыт, ер қанаты – ат,* т.б.Тілдік ұжымның когнитивтік санасында мағыналар кеңістігі, яғни дүние туралы тілде бекітілген дәстүрлі білімдер типі пайда болады. Әр халық дүние алуандығын өз таным-түсінігінше таптастырып, топтастырады, дүниенің үзіктерін өздерінше атайды. Дүниенің өзіндік конструкцияланған бейнесінде индивидуалды, топтық және ұлттық тәжірибенің табы жатады. *Дүниеде ең жаман – жаяулық* деген тұжырым, қазаққа түсінікті, ал жер көлемі атшаптырым ғана шағын ел (тілдік ұжым) оны түсінбес еді. [1, 7б.]

Нақты табиғи тіл әлемді өзінше жіктейді, яғни әр тілдің өзіне тән дүниені концептуализациялау тәсілі бар. Әр тілдің өзіндік дүние бейнесі бар. Дүниенің тілдік бейнесін жасайтын да, оның кіндігі де адам. Тілдің семантикасы мен прагматикасында адамның өзін - өзі және айналаны тануының ерекшеліктері мен нәтижелері таңбаланған. Дүниенің тілдік бейнесінің өзі адамның үздіксіз рухани лингвошығармашылық әрекетінің

нәтижесі. Бұны В.Н.Телияның айтқан «дүние бейнесі адамға таныс емес тілде қалыптаспайды әрі адам өзіне белгісіз, ұғынбаған құбылысты өн бойына тарта алмайды» деген пікірімен нақтылаймыз. Осыдан барып адамның дүниені қабылдауы қалыптасады. Адамның өзіндік рухани санасында сыртқы, физикалық, ішкі, рухани дүние орналасқан. Әрбір тілде дүние бейнесі түрліше, соған сәйкес дүниені концептуализациялауы да әрқалай болып келеді [2,32б.].

Оның түрліше болуы заңдылық. Антропоцентристік парадигма аясында тілді тіл иесі мен оның тұрмыс тіршілігіне, салт-дәстүріне, мәдениетіне қатысты қарастыру қаншалықты маңызды болса, дүниенің тілдік бейнесіндегі концептің рөлі де соншалықты маңызды. Себебі адам кез келген нәрсені тіл арқылы сыртқа шығармас бұрын, оны өзінше ойлайды, ментальдық лексикон іске қосылады, сол оқиғаға немесе нысан мен құбылысқа қатысты ой-бейне, сурет не схеманы адам өн бойынан өткізеді. Содан кейін барып жарыққа шығарады. Бұл жерден концептің менталдық құбылыс, ал дүниенің концептуалдық бейнесінің тілдік бейнеге қарағанда барынша бай, кең әрі жан-жақты, сондай- ақ концептуалдық бейне тілдік бейнеден бұрын жүреді деген қорытындыға келеміз.

Әрбір ұлттың тілі сол тілде сөйлеуші адамдардың санасында ұғымдардың семантикалық жүйесі ретінде қалыптасқан, сол ұлтқа ғана тән белгілі бір дүние бейнесін жасайды. Әрбір жеке тұлғаның өзіне тән ұлттық тілі, мәдениеті, тарихы, әдебиеті, әдет-ғұрпы мен салт-санасы болғандықтан, дүниені өзінше қабылдап, өзінше тануы заңды құбылыс. Бұл ретте В.В.Красныхтың «ұлттық мәдени кеңістік» терминін әбден қолдануға болады. Қорыта айтқанда, дүниенің тілдік бейнесінде этнос менталитеті мәдени тірек концептілері арқылы көрініс табады. Өйткені концептер тілдік қауымның ментальдық ерекшеліктерін вербаль және бейвербаль әдіс-тәсілдердің көмегімен жеткізетін маңызды, мәдени реңктегі көпқырлы құбылыс [3,12б.].

Қазақ тіл білімінде халықтың болмысын, тұрмыс-тіршілігін оның тілі арқылы тану қағидасына сай зерттеу тіл біліміндегі жаңа бағыт ретінде қалыптасты. Адам қоршаған ортаны ой қабілеті арқылы танып біледі. Ал тіл ой қызметін бейнеге, модельге түсіреді. Адамзат баласының шындық болмысты танып-білуі барлық халықта бірдей екендігі анық. Яғни таным-түсінік тіл арқылы емес, ми қызметі арқылы жүзеге асады. Соның нәтижесінде тілдік бірліктер объективті дүниемен байланысады. Ми қызметі арқылы адам дүниені таниды. Ал осы адам танымының нәтижелері дыбыстық кешендер, яғни тілдік таңбалар арқылы тілден көрініс табады. Ал дыбыстардың тілде белгіленуі таңба болып табылады. Осыдан барып тілдің мазмұндық және тұрпаттық межелері айқындалады. Олай болса, тіл – ойлаудың құралы, ал ойлау, яғни таным – шындық дүниенің бейнесі. Бұл ғалам бейнесінің тілден көрініс табуы, яғни ғалам туралы ақпаратты тілдік таңбалар арқылы айқындау – ғаламның тілдік бейнесі деген ұғымды тудырады. Тіл – ғалам бейнесін объективтендіретін форма. Демек, «ғаламның тілдік бейнесі» дегеніміз – тілдік жүйеде таңбаланған, тіл арқылы көрінетін тіл иесінің ғалам туралы түсініктері ғана емес, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі сияқты ұлттық дүниетанымы да көрініс тауып отырады.

Тіл – дүниетаныммен тығыз байланысты ұғым. Кез келген ұлттың өзіне ғана тән дүниетанымдық түсініктері болады. Ұлттық дүниетаным – қандай да бір ұлттың басқаларға ұқсамайтын өмір сүру дағдысы, адам және оның сол дүниедегі тіршілігіне деген көзқарасы.

Қазіргі тіл білімінде тілтанымдық зерттеулер негізінде көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерімен қоса дүниетанымдық ерекшеліктерін де зерттеу қолға алынды. Бұл көркем мәтін шығарма авторының тілі мен дүниетанымдық ой-пікірін, көзқарасын тұтас ұлт тілі, ұлттық ерекшелік ретінде танып білуге әкелді. Ұлттық дүниетаным мен жазушының қиял дүниесі, яғни автор дүниетанымы астасып жатады. Біздің зерттеуіміздегі көркем мәтіндегі ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Олар: ұлттық психология, ұлттық тұрмыс-салт, ұлттық өлшем, ұлттық мәдениет, ұлттық өнер, діни дүниетаным [4,122б.].

Мәтінде ұлттық дүниетанымды көрсететін тілдік құралдар мол қолданылған. Солардың бірі ұлттық салт-дәстүр де тұрмыс салтымыздың ажырамас бір бөлшегі іспеттес. Соғыс уақытындағы ауыл тіршілігінің көрінісін берсе де, жиын болған жерде ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді шығарма мазмұнына енгізіп, көркем шығарманың ұлттық нышанын сақтап отырады. Мысалы, «Және жаңа етігімді киіп келем, *байғазысын* әзірлей берсін».

Көркем мәтіннің ұлттық тілді барлық бітім-болмысымен, өзіндік ерекшеліктерімен, байлығымен жан-жақты байлығымен толық ашып көрсететіні белгілі. Тілдік тұлға оның ұлттық белгісінің ең маңызды көрсеткіші болып табылады.

Көркем мәтін жазылған уақыттың мәдени, әлеуметтік және тарихи контекстері мәтінде сақталатын кілт ретінде тілдік тұлғаның ұлттық ғалам бейнесін танытатын тіл бірліктерін, әсіресе «ертеден сақталған мәдени ақпараттардың мәнін» анықтауға мүмкіндік беретін тілдік мағыналардағы лингвомәдени бірліктерді танимыз. Зерттеуімізде ұлттық болмыста танытатын тіл бірліктері мағыналарының прагматикалық мәні ұлттың дәстүрі, салт-жоралғысы, тарихы, өзіндік ерекшеліктері туралы ақпараттардың бейнеленуінен көрінеді [5, 74б.]. Мысалы, «Аузыңа қарап отырмыз-ау... Әй, менің шашымның ағында не әкеңнің құны бар?!.. – Қатша да бір адамнан кем түспес көк долының өзі болатын. Дір-дір етіп, көзі жасаурап қарғыстың қара қапшығының аузын ағытып қоя берді. Қатша жаманат хабарды естіген сәтте не болғанын білмей есеңгіреп отырды да қалды. Ертеңгі өзінің Сыммен ұрысқаны, оны қарғап-сілегені есіне түскенде, өзін қоярға жер таппай зәре-құты ұшты. «Ойпырмай, *кием* бар екен-ау» - деп ойлаған өзі жайлы» (Құданың «фокусы», 235б.). Кие зат.миф. – 1. Қандай да бір заттың немесе тіршілік иесігің ерекше тылсым күшке ие қасиеті. 2. Қазақы наным-сенім бойынша, өзен-көл, орман-тау, мал-құстардың қорғаушысы, пірі болады деген түсінік, қорғаушы, желеп жебеуші. *Киесі атты* – қарғысқа ұшырады. Мәтінде *кие* сөзінің алғашқы мағынасы қолданылған.

Кеусен – диқандар арасында орта ғасырдан сақталған дәндей берілетін садақа, төленетін ақы, алым (Қазақ сөздігі. 639 б.). Ағайын-туғандарының үйінде қонақта болып, олардың бұған деп сақтаған сыбағаларын жеп, сый-сияпаттарын көріп өзі де қарап қалмай, біріне «*кеусен*» деп, біріне «кигізген көйлегім» деп мырза қолымен қаттасқан ақшаның ортасынан іліккенін суырып тастап отырды (Күсен-Күсеке, 234 б.).

Жылу (зат. этн.) – дәстүрлі қазақ қоғамында біреу шығынға, ауыр жағдайға ұшырағанда ел жиып беретін көмек, жәрдем. (Қазақ сөздігі. 544 б.)

Өзің өл!.. О ана сыйлап көрмеген затсыз неме. Сені де бастық деп Мойындарына ақша мінген адамдардың өстіп шопандардан *жылу жинайтын* әдеті. (Күсен-Күсеке, 228 б.).

Бәсіре – 1. Қазақ шаңырағында дүниеге ұл бала келгенде, меншіктеп, арнап ен салынған құлын не бота. 2. Нағашы жұртына барған балаға берілетін мал. Мысалы, «Көкемнің *бәсіресі* атап, көке соғыстан аман-есен қайтқан күні соямыз деген, ала қыстай үй-ішіміз боп тегіс мәпелеп, басқа малдан ерек күтіп жемдеген, шөптің де тәуірін соның аузына ұстаған Көксеркенің терісі қораның іргесінде ілулі тұр» (Тоқтар мен Нәзира, 26б.)

- Әй, Қалиша, осы мен қызымды кімге бердім?! Маған кеп құда түсіп, *құйрық-бауыр жескен* құдағиым кім деймін?!

- Әй, Қанат! –деді қатқыл үнмен маған, - анау көк тушаны ұста да, Нүсіп бола ма, Мақым бола ма, біреуін ертіп кел, мына әпкеңді айналдырып айтып сойып, *құдайы тамақ* берейін (Қыдырман тойтық, 228 б.). Мұндағы құдайы тамақ беру, құйрық-бауыр асату салты әлі күнге дейін құндылығын жоғалтпаған.

Құдасы Бектемір қырман жақта екен, хабар айтып көршінің баласын жүгіртіп жіберген, көп ұзамай салдыр-гүлдір сөйлеп ентігін баса алмай ол да жетті. Бұрын көп жылдар колхозда бригадир боп істеп тік жүріп, тік басып қалған адам алпыстан асса да иілмей-бүгілмей өзін-өзі шалқақ ұстап, ұзын мұртының шалғысын кезек сылап қойып, *құдағиына төс түйістіріп амандасып,* келгеніне қуаныш білдіріп, тіпті мәз боп жатыр. Бектемір жеңін түрініп жіберіп, дереу бір кепесін сүйрелеп әкеп: «Ал, құдаға, *бата жасап жібер*», - деді, ай-шайға қарамастан алып-ұрып соя бастады (Құданың «фокусы», 228 б.).

Енді Жанай да естіді, үйден зарлаған кемпір даусы шығады. Қарғап отыр.

- Қу құдай, шұнақ құдай, көрген опам осы ма?! О, барған жеріңде *көгермегір, қара жамылып тұл боп қал*. (Көкорай,152 б.).

Ұлттық тұрмыстық ерекшеліктер нышаны да байқалып отырады. Олар: нәрестеге ат қою ерекшелігі. Ұл баланы қыздан артық балайтын қазақтың ескі рәсімінен мұның да ата-анасы да аса алмапты. «*Шіркін, ұл-ай*!» дегенде ішкен астарын жерге қойып, көкіректері қарс айырылып жүрген ата-анасы, бұл туғанда мұны қателесіп туған ұлға балап, атын *Ұлтуған* қойыпты (Ұлтуған, 239 б.).

Шығармадағы қазақ тұрмыс-салтының бір көрінісі – ұлттық тағам атаулары. Мысалы, «Көпке дейін одан қорықпайтындар: «Әй, Әжібек, *құйрық май* жейсің бе?!» - деп мазақ етіп жүрді ғой» (Жауыздық, 293 б.).Шіркін, қарның ашып жүргенде, тәтті тамақты сөз еткеннен асқан қандай жақсы әңгіме болушы еді. Піскен *ыстық сүттің* иісін, қазанның түбіне жабысқан *қаспақтың*, сүттің бетіне бір елі боп тұратын *сары қаймақтың* дәмдерін еске түсіріп, сілекейіміз шұбырады (Петька, Отто, Бәкке, 297 б.).

Табиғат құбылыстарына қарап жорамал жасау, табиғат заңдылығына бағыну халқымыздың ертеден келе жатқан дүниетанымы, жоралғысы. Сағат, сандық техника болмаған заманда ата-бабаларымыз қашан да табиғатпен үндестікте өмір сүрген. Және ол бүгінгі күні ұлттық тәжірибенің бір көрінісі болып қалды. Көркем мәтінде көрінетін тұсы: Есікті аша бергенде найзағай жарқ ете түскен. Сонда ғана күннің күркіреп тұрғанын білді. «Түу, жарықтық-ай, молшылыққа, молшылыққа»...- деп күбірлей кері оралды. Төсегіне отырып, жайлап қана:

- Балсары, ай, Балсары, - деп кемпірін оятқан.
- Тұр, тұр! Естімей жатырсың ба? Күн күркіреді ғой! – деді Бекең.

Бекең кемпірінің қытымыр жүзіне тура қарай алмай қипақтап қалды. «Бәтшағар, сол жағынан тұрды ма, сонша қуырып» деп күңкілдеп қойды. Балсары ауыз бөлмеде ыдыс-аяқтарды даңғыр-дұңғыр еткізіп шөмішті ала шықты. Үйді айнала жүріп: «сүт көп, көмір аз, сүт көп, көмір аз» деп ырым қып шөміш қақты. Мысалдан табиғат құбылысына қатқан жауап ретінде ауыл адамдарының іс-әрекетін көруге болады.

Бұл кезде қарсы көшедегі үлкен қара ағашқа кеп қонған сауысқанның шықылығы да ерекше қатты, - екі тасты бір-біріне соққандай шақылдап естілген. «Жә, секектеген неме, тағы боран шақырып тұрсың ба, - деді Қалипан күбірлеп, - қар жетерліктей-ақ боп басты ғой». (Оппа, 88 б.).

- Жоқ, ертең айтамын, бүгінге осымен бітті, - деді ол салмақты үнмен. Басын көтеріп аспанға қарады. – Е, жұлдыздың нуы жиі екен, ертең күн ашық болады, - деп қойды үкен кісіше (Жусан иісі, 252 б.).

Көркем мәтіндегі діни дүниетанымның тілдік көрінісі мына ұғымдармен байланысты: *аруақ, құран оқу, шелпек пісіру, құдайға сыйыну, намаз оқу сияқты* наным-сенім. Мысалы, «Аруақ та қатыгез бе еді, осындай. Арыстай бір азаматты қыршынынан қиғаны несі. Басқа жеңілдеу жаза табылмағаны ма» деп қынжыла ойлады. Ізінше: «Астапыралла, нені ойлап кеттім...Аруақ ісіндегі жұмысым не, ей»,- деп зәресі ұшты.

Бірде жұма күні таңертеңгілікте кемпіріне:

- Балсары, сен бір жеті желпек пісірші, құран оқиын, - деді (Бекеңнің құбылысы, 125 б.).
- Мұха, бұйымтайыңызды айтпадыңыз-ау. Мен ренжімесін десеңіз, ана қыран құсымды ала кетіңіз. Алыңыз, - деп есі кеткен қарт шаңқылдаған балапанды алып шықты.

Бұл - халықтың қарапайым өкілінің өз ортасынан шыққан асыл перзентіне, ардақты азаматына деген ыстық қошеметтің бірі еді. Мұхаң алмаймын деп айта алмады. (Қыран құс көк жүзін шарлап кетті,146 б.).

Содан мен бір аптадай ауырып жаттым. Бүкіл бір жамбасым, аяғым тегіс күп боп ісіп, алғашқы күндері мүлде қозғалтпай қалды. Мақым шал сиыршының мені *қапқан көк төбетінің қылшығын жұлып әкеп*, сонымен *үшкірген*. Екі-үш күннен кейін кезек алып, біртіндеп жараның уы қайтайын деді (Петька, Отто,бәкке, 315б.).

Ұлттық мәдениет көрінісі: Табалдырықтан бастап киіз төселген. Ортада дастарқан жабылған *аласа үстел*. Нағыз қазақы тұрмыс (Көкорай, 65 б.).

- Мынаң қарашы, - деді өз ойын жалғастырған Бәзікен.

- *Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер кезінде*, нағыз талма шақта, қойды сойып ап, былқытып асып жатқандарын (Көкорай, 131 б.)

Өзінің *еншісіндегі* үлкен қара сандықта әдемілеп бүктеп, қалампырлап салып қойған, сүйегіме салынады деген төрт су жаңа *барқыт камзолы* бар, ал *атлас, шәйі, жібек көйлек* дегендер бүкіл бір ауылдың кемпірлеріне үлестіруге жетерліктей (Ақ сүт иесі, 270 б.).

Ұлттық психологияның тілдік көрінісі. Ал сен, інішегім, - деді ол енді әлгіндегі сабалақ ұзын шашты жігітке бұрылып, - мал қарауды ұнатпайтын болсаң осы бастан басқа бір оқуға ауысып кет. *Мал баққанға бітеді*, дейді емес пе, ал сенің оған икемің де, ықыласың да жоқ сияқты (Телі өскен ұл, 184 б.).

Үйдің сылағында жүрген Антонинаның шешесі мен біраз әйелдің әңгімесі бұлардан өзгеше.

- Бұлардың еркектері *екіден-үштен әйел алған* көрінеді ертеде, - дейді әйелдердің бірі.
- Иә, кейбір ауқаттылары *төрт әйелден де алыпты*, - деп үстемелей қостайды екінші әйел (Телі өскен ұл, 219 б.).
- Шырағым, сенің *жат жұрттық* екеніңді мына анаң екеуміз туғаныңда-ақ білгенбіз. Жасыңның келіп қалғанын өзің де түсінерсің. (Махаббат, 118 б.).
- Әй, Тоқтаржанның көкесі-ау, көк қарбызды аяйсың ба, біреуін әкеп жарып бер балаларға, көрсін, - деді осы кезде кемпірі.
- Сен де қызықсың, піспеген жемісті үзуші ме еді. Ол болмайтын ырым, - деп Шымырбай қарт кесіп тастады (Тоқтар мен Нәзира, 43 б.).

«Шынында әжем өліп қалмай ма» деген ой келгенде, менің де зәре-құтым ұшады. Бірде Нұрсұлудың шешесіне оның : «Жылым – мешін, сонда биыл мүшел жастамын, жетпістің үшеуіндемін, *қатер жастамын*...» - деп айтқанын естігем. Демек, өзі қауіптенсе, өліп қалуы да мүмкін ғой (Боран, 172 б.).

Сөйтіп, концептуалды бейне дүниенің тілдік бейнесінің бір бөлігі болып табылады. Дүниенің тілдік бейнесінде мифологиялық, діни, логикалық-позитивті танымның бәрі де болады. Тіл әрдайым ұжымдық стереотипті, эталонды, түсінікті тіркеп, көрсетіп тұрады. Әрбір табиғи тіл ақиқат дүниені өзінше тәсілмен концептуализациялайды. Осылайша тілдік ұжымның когнитивтік санасында мағыналар кеңістігі, яғни дүние туралы тілде бекітілген дәстүрлі білімдер типі пайда болады. Әр халық дүние алуандығын өз таным-түсінігінше таптастырып, топтастырады, дүниенің үзіктерін өздерінше атайды. Дүниенің өзіндік конструкцияланған бейнесінде индивидуалды, топтық және ұлттық тәжірибенің табы болатынына аз-кем тоқталғанды жөн көрдік деген ойдамыз.

Әдебиеттер:

1. Уәли Н . Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. докт. дисс. автореф. - Алматы, 2007. – 50 б.

2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. –Москва: Наука, 1987.-263.

3. Есембекова Ш.Т. Дүниенің тілдік бейнесіндегі концептің орны: [Электрондық ресурс] //http:group-global.org.

4. Елемесова Ш. Көркем мәтіннің психолингвистикалық аспектілері / Елемесова Ш.// ҚР ҰҒА Хабарлары. Филология сериясы. 2003.- 165.- 122-123б.

5. Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007. – 244 б.

Наталья Базаровна Раджапова
доктор Ph.D кафедры русского языкознания,
Термезского государственного университета

ОТРАЖЕНИЕ СЕМАНТИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ В ЖЕНСКОЙ РЕЧИ

Женская речь имеет свои особенности, которые отражают не только языковые, но и социокультурные аспекты женской идентичности. Анализируя русскую художественную литературу, исследователи могут выявить и проанализировать эти особенности, что позволит более глубоко понять и интерпретировать женскую речь в различных контекстах. Такое исследование поможет расширить наши знания о роли и влиянии женской речи на общество, а также может быть полезным для развития гендерных исследований и лингвистики.

Объектом исследования в работе «Отражение семантических особенностей в женской речи» является женская речь, представленная в русской художественной литературе. Анализируя различные произведения, исследование направлено на выявление и анализ семантических особенностей, характерных для женской речи. Основным предметом исследования являются лексические, грамматические и стилистические особенности женской речи, которые могут отражать специфические черты женского мировоззрения, эмоциональности, общения и взаимодействия с окружающим миром. Работа имеет целью раскрыть и проанализировать эти особенности, а также выявить их роль в формировании образа женщины в литературе.

Семантические особенности восприятия и описания окружающего мира в женской речи представляют собой интересную тему исследования, которая позволяет рассмотреть особенности женского восприятия и описания природы и пейзажа. Женская речь, как отражение внутреннего мира женщины, имеет свои особенности, которые проявляются в выборе слов, образовании фраз и выражении эмоциональной окраски [1].

Один из главных аспектов, определяющих семантические особенности восприятия и описания окружающего мира в женской речи, связан с эмоциональностью и эстетическим восприятием. Женщины, как правило, более чувствительны к окружающей среде и способны замечать мельчайшие детали природы и пейзажа. Они обладают богатым эмоциональным восприятием и способны передать свои эмоции через речь.

В женской речи природа и пейзаж часто рассматриваются с точки зрения их красоты и гармонии. Женщины обращают внимание на цвета, формы и текстуры природных объектов, а также на их взаимодействие. Они могут описывать природу с помощью метафор и эпитетов, создавая яркие и образные картинки. Например, они могут сравнивать цвет цветов с оттенками рассвета или описывать движение облаков, как плавное платье, надеваемое на небо [2].

Одной из характерных черт женской речи при описании природы и пейзажа является использование мягких и мелодичных звуковых образов. Женщины предпочитают слова с гласными звуками, которые создают атмосферу умиротворения и спокойствия. Например, они могут использовать слова «шелест», «шепот», «шорох» для описания звуков, издаваемых природой. Эти звуковые образы помогают создать образ природы, наполненный гармонией и покоем.

Еще одной семантической особенностью восприятия и описания окружающего мира в женской речи является акцент на эмоциональной составляющей. Женщины, как правило, более эмоциональны и способны передать свои чувства и впечатления через речь. Они могут описывать природу с помощью эмоциональных эпитетов и сравнений, чтобы передать свое восхищение или радость. Например, они могут описывать цветы как «нежные», «прекрасные» или «волшебные», чтобы подчеркнуть свою любовь к природе [3].

Еще одним аспектом, определяющим семантические особенности восприятия и описания окружающего мира в женской речи, является использование символического значения природных объектов. Женщины могут использовать природные объекты, такие как цветы,

деревья или водоемы, чтобы передать определенные идеи или эмоции. Например, они могут использовать цветы как символ любви и нежности или деревья как символ устойчивости и силы. Это помогает им выразить свои мысли и чувства более точно и эффективно.

Таким образом, семантические особенности восприятия и описания окружающего мира в женской речи представляют собой интересную тему исследования. Женская речь характеризуется эмоциональностью, эстетическим восприятием и использованием символического значения природных объектов. Она позволяет женщинам выразить свои мысли и чувства через яркие и образные картинки, создавая уникальную атмосферу и восприятие окружающего мира. Особенности восприятия окружающего мира в женской речи являются результатом взаимодействия различных социокультурных факторов, которые оказывают влияние на формирование и выражение женского опыта и мировоззрения. В данном разделе мы рассмотрим роль этих факторов в формировании восприятия окружающего мира в женской речи.

В первую очередь, следует отметить, что социокультурные факторы играют важную роль в формировании стереотипов и представлений о женщинах в обществе. Эти стереотипы и представления могут сказываться на восприятии окружающего мира и влиять на способы его описания в женской речи. Например, в некоторых культурах женщины могут быть ожидаемыми заботливыми и эмоциональными, что может отразиться на их способе восприятия окружающего мира и его описании [4].

Одним из важных социокультурных факторов, влияющих на восприятие окружающего мира в женской речи, является гендерная социализация. С раннего детства девочек учат быть внимательными к эмоциональным аспектам коммуникации, а также к заботе о других людях. Это может отразиться на способе восприятия окружающего мира и его описании в женской речи. Например, женщины могут обращать больше внимания на эмоциональные состояния других людей и подробно описывать их, а также обращать внимание на детали и нюансы в окружающей среде [5].

Еще одним важным фактором, влияющим на восприятие окружающего мира в женской речи, является социальная роль женщин в обществе. В некоторых культурах женщины могут быть ожидаемыми заботливыми и ответственными за семью и домашнее хозяйство. Это может отразиться на их способе восприятия окружающего мира и его описании. Например, женщины могут обращать больше внимания на детали в доме или на улице, такие как украшения, цветы или обстановка, и описывать их более детально. Кроме того, социальная роль женщин также может влиять на их способ восприятия и описания отношений с другими людьми. Например, женщины могут обращать больше внимания на эмоциональные аспекты взаимодействия, такие как эмпатия, поддержка и взаимопонимание. Они могут описывать эти аспекты более подробно и использовать больше эмоционально окрашенных слов и выражений.

Также следует отметить, что социокультурные факторы могут влиять на выбор темы и содержания женской речи. В некоторых культурах женщины могут быть ожидаемыми заботливыми и интересующимися вопросами семьи, детей и домашнего хозяйства. Это может отразиться на тематике и содержании их речи, а также на способе восприятия окружающего мира. Например, женщины могут описывать свои впечатления от семейных событий, детей или домашней обстановки более подробно и эмоционально.

В заключение, особенности восприятия окружающего мира в женской речи являются результатом взаимодействия различных социокультурных факторов. Гендерная социализация, социальная роль женщин и выбор темы и содержания речи играют важную роль в формировании восприятия окружающего мира в женской речи. Понимание этих особенностей поможет нам лучше понять и описать специфику женского восприятия и описания окружающего мира.

Литература:

1. Жаббарова М. Смысловые типы речи //Science and Education. – 2022. – Т. 3. – №. 4. – С. 2100-2103.

2. Войченко В.М. Отражение гендерных стереотипов в языке и культуре // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 2: Языкознание. – 2009. – №. 1. – С. 64-70.

3. Раджапова Н.Б. Семантика гендерной лексики в языковой картине мира (на материале русских и узбекских пословиц) //Educational Research in Universal Sciences. – 2023. – Т. 2. – №. 3. – С. 339-342. Раджапова Н. Гендерные особенности в речи //Традиции и инновации в исследовании и преподавании языков. – 2023. – Т. 1. – №. 1. – С. 213-217.

4. Садикова Э.В. Синонимия пословиц с компонентами-антропонимами на материале сборника русских пословиц В. Даля //SCHOLAR. – 2024. – Т. 2. – №. 5. – С. 9-

5. Назарова М.Н. Специфика обучения иностранных студентов русскому языку //European Journal of Interdisciplinary Research and Development. – 2023. – Т. 12. – С. 236-238.

Б.Қ.Аққожина.,[1] Ж.Қ.Дәркенбаева[2]
[1]ф.ғ.к., қауым.профессор, [2]ф.ғ.к., доцент
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕР ҚҰРАМЫНДА БЕРІЛГЕН АТАУЛАР

Жалпы қазақ халқы – дарқан далада еркін өскен халық. Онымен қоса, өмір сүрудің негізі болған мал шаруашылығының ыңғайында көшіп-қонып тіршілік еткеннен. Шынайы дала табиғатымен сусындап өскеннен кейін өзін қоршаған табиғаттың қыр-сырын, бүге-шүгесін толық меңгеретіні де айқын. Сол себепті дала табиғаты иелерінің бірі – жәндік атауларының халықтық наным-сенім түсініктерінде, халық ауыз әдебиеттерінде, ырым-тыйым жасау жоралғыларында, тіпті салт-дәстүр, ұлттық ойын, халық әндері мен айтыстарында да жиі тілге тиек болып отыратыны бекер емес.

Қазақ халқының өмірімен біте қайнасып жатқан жануар иелерінің ішінде жәндіктердің орны ерекше. Сондықтан да, оларға қатысты атаулардың лексика-семантикалық, этнолингвистикалық, лингвомәдени сипаттары мен мән-мазмұндары тереңінен зерттеліп, жәндіктердің қимыл-әрекеттері, теңеулер мен көріктеуіш-бейнелеуіш құралдары де өз дәрежесінде зерттелу үстінде. Солардың бірі – жәндіктерге байланысты фразеологизмдер.

Фразеологиялық тіркестер – халықтың таным-түсінігі мен өмір болмысынан туындаған құбылыстарды өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде, тәжірибесінде екшелей қолданып, санаға әбден сіңіп, бастапқы мағынасынан айрылып, ішкі мағынасы сыртқы формасына өзара үйлесе бермейтін тіл бірліктерінің тұрақты тіркесімділігі.

Тіл білімі сөздігінде фразеологизмдерге «кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалынған, құрамы мен құрылымы тұрақты, сөйлеу кезінде конструкцияланбай, даяр қалпын сақтай отырып жұмсалатын біртұтас, мағына жағынан идиоматикалық единица» деген анықтама беріледі.

Орыс тіл білімінде фразеологизмдерді В.В.Виноградов, Н.М.Шанский, Б.А.Ларин, А.И.Ефимов, Ш.Балли, Г.Х.Ахунзянов т.б. ғалымдар жан-жақты зерттеген. Ал қазақ тіл білімде М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, Ә.Болғанбайұлы М.Серғалиев, Ә.Қайдар, Ө.Айтбаев, К.Аханов, Р.Авакова, С.К.Сәтенова, Г.Смағұлова, Қ.Сарекенова сияқты ғалымдардың зерттеу еңбектері қазақ фразеологиясының одан әрі дамуына өзіндік үлес қосты.

Жалпы фразеологизмдер бейнелі форма мен астарлы мазмұнның үйлесуінен туындайды. Тілдегі бейнелі сөздер экспрессивтік, эстетикалық қызмет құралының бірі ретінде қаралса, ойды барынша көрікті бере білудің негізгі көрінісі фразеологизмдерде ол тіпті айқын аңғарылады. Халық қолданысында осындай астарлы ой мен бейнелі форманы сәйкестендіріп,

бір ұғымның атауы ретінде тілдік оралымға айналған фразеологизмдердің қатарында құрт-құмырсқа, жәндікке қатысты тіркестерде баршылық.

Мәселен, жәндіктің ең кішкене түрі – *биттің* халық санасында қансорғыштық, ластық, құжынап үймелеу, барынша кішкентей пішінді бейнелеу мағынасында фразеологиялық тіркеске айналып, жиі қолданысқа түскен. Мыс.: балақтағы бит басқа шықты. «Басынды, қорлады» деген мағынада. Балақтағы бит басқа шыққанын көрмеймісің, – дейді кемпір (М.Әуезов). Биттей де нәрсе қалған жоқ. Дәнеңе, ештеңе қалған жоқ. Битін салды. Әзіл-оспақ ретінде «бүйірі шыққанша құныға ішіп-жеу» мағынасында айтылады. А, құдай, той тегінен болса екен, битімді салар едім деп пышақтарын жалақтатып, тыпыршып жүрген ақсақалдар шыдасын ба? (С. Торайғыров). Битін сығып, қанын жалап отыр. Жарымады, тақыр жоқшылықта отыр. Биті торғайдай, мойны ырғайдай. Жадап-жүдеп, азып-тозды. Үсеннің халінен де жаман азып-тозған, биті торғайдай, мойны ырғайдай болған асанға кездесті. (Бай баласы мен жарлы баласы). Нас басқанды бит басқан. Салақ, былғаныш, өзін-өзі күтіп жүрмейтін адам туралы айтылады. Нас басқанды бит басқан, міне сұлу жұрт асқан (С.Торайғыров). Сөзін бит шаққандай көрмеді. Айтқанын тіпті елеусіз қалдырды. Талағының биті бар. Пысық, талапты, ширақ. Жиын-тойда өлең айтып, жұртты аузына қаратып, жарқыратып «жол» алып шығуды «талағында биті бар», «аузының желі бар» жігіттің бәрі – өнер көретін (С.Сейфуллин). Үрерге иті, сығарға биті жоқ. Ішерге асы, киерге киімі жоқ деген мағынада. Үрерге иті, сығарға биті жоқ кедей еді аталары, заман жетілтті ғой, шырағым, бұған шүкір (Халық ауыз әдеб.). Бит тағалады – асқан шебер. Бит терісінен биялай тоқыды – жоқтан бар етті, ұқсатты. Биттің қабығындай - өте жұқа. Бит шаққандай болмады (көрмеді) – бұйым көрмеді, елемеді. Биті балағына түскен – нағыз жарлы, кедей. Битін салды (төкті) – ашқарақтанды, құныға жеді, т.б.

Жалпы *бит* ұғымы қазақ таным-түсінігінде кедейлік, жарымай жұқа болып өмір сүру мағыналары жеткізу мағыналардың реңкін үстемелеуде де көп қолданылады.

Бақа жәндіктер «қорқыту, үркіту» мағынасында, азып-тозған, ұсқынсыз кейіпті таныту мағынасында фразеологиялық тіркес тудыра алады. Мыс.: ала жылан, аш бақа (аш бақа болып отыр). Алакөз болып, араздасып отыр. Көк бақа. 1. Тырбиған арық (кісі). Көк бақа арық әйелдің қан-сөлсіз кескіні қара сұр тастай қатып қапты. 2. Жылт етері жоқ арық ет. Тірі жан, тісті бақа. Әйтеуір талпынып, ұмтылып жатыр деген мағынада. Аузын бақадай ашты. 1. Қатты қорқытты, зәресін ұшырды. Түйебай аласын да айта алмай, аузын бақадай ашқан күйі шегініп келеді (Ә,Әбішев). 2. Сеспей қатырды. Шалдың еркіне берсе, түкке шамасы келмейтін төбелескек жаман иттің аузын бақадай бір-ақ ашырар еді (С.Мұқанов). Тісті бақадай жабысты. Қыр соңынан қалмау мағынасында айтылады.

Сондай-ақ, қазақ даласында көптеп кездесетін зиянды, улы жәндіктің бірі – *бүйі* ұйып отырған ортаны даурықтыру, шулату, үркіту мағынасын беруде көп қолданылады. Себебі бүйіні көрген не бүйі шаққан адамның өзі нақ осындай үркіп, бүлік шығарып, дүрлігіп, бойына қорқыныш ұялайтыны белгілі жағдай. Осы сезімнен туған түсінік аталмыш мағыналарды сипаттауда тұрақты сөз тіркесі ретінде ұтымды тіркесімділік тапқан. Мыс.: бүйідей тиді. Бүрліктірді. Апшысын қуырды. Өзіңізге мәлім, бұл бай-жуандарға, молда, саудагерлерге бүйідей тиген кезі (С.Бегалин). Бүйі тигендей қылды. Қатты әлек салды. Әлем-топырағын шығарды. Айналаңдағының бәріне бүйідей тиіп, өзіңе сірә бүгін бірдеңе болған ғой (М.Иманжанов).

Сол сияқты өзінің дене-бітімімен ерекшеленетін, қазақ халқының қасиетті жәндігі – *дәуіттің* де фразеологизмдер құрамынан орын алғанын байқауға болады. Дәуіт бас. Кішкене бас (Дәуіт пен биесау бір жәндік; басы кішкене болады). Әдетте тұлпар атты мақтағанда етсіз кішкене басты боп келетінін айрықшалап айту кезінде қолданылады. Дәуіт бас, қамыс құлақ, қуарған жақ (І.Жансүгіров).

Иненіктің де тал шыбықтай нәзік бітімі халық санасында арық, сидиған, артық майы жоқ жұқа адамды сипаттау кезінде қолданылатын мына фраезологизмнің бойынан орын алуы жәндіктің табиғи болмысына ұқсату негізінен туындаған: иненіктей бұралған. Ұзын тұра,

сидиған арық. Сендер бастап жүрген адамдарсыңдар, – деп Мінайдар мен Қойшығараны инеліктей бұралған біреуі тергеуге алды. (Б. Майлин).

Құм жәндігі *кесірткенің* бұраландап жолды қиып өтетін қасиетін қазақ жаман ырымға болжап, келе-келе қарғыс мәндік сөздер қатарынан орын алғанын да байқауға болады. Мыс.: бұтынан кесіртке өткір! Қарғыс. Жолың болмасын, сәтсіздікке душар бол (Ескі салт бойынша үлкен шөл кесірткесі, жолаушының бұтынан, я атының аяғы арасынан өтсе, жолы болмайды деген ұғым бар).

Бірқатар елдерде жайраңдаған жаздың сәні, нәзіктік пен сұлулықтың символы болатын *көбелек* қазақ танымында аққөңілділік, шыр айналып ұшу, көзсіз ұрыну мағыналарын жеткізуде кең қолданысқа ие. Мыс.: ақ көбелек. Аққөңіл, аңқылдақ. Көзсіз көбелек. От пен суға түсерін білмейтін адам жайлы айтылады. Сен деген қазір көзсіз көбелексің... өзіміздің түсінікті тілмен айтқанда – массың. Араққа емес, сұлу қыздың буына массың (М.Иманжанов). Қан көбелек ойнады. Үйіріліп айналып жүрді. Қақтыға –мықтыға Раушан мен Дәметкен де кірді. Алдыңғы үй кең зал екен, залдың іші иін тірескен адам. Қан көбелек ойнағандай, екеу-үшеуден қолтықтасып, үйдің ішін шыр көбелек айналып жүр. (Б. Майлин). Шыр көбелек айналу. Зырылдап дөңгелеу. Диірменің қанатындай шыр көбелек айналды.

Фраезологиялық тіркес құрамында кездесетін *құрт* сөзі тек жағымсыз мағынаны, яғни қарғыс мәнді, көзі тоймау, аурудың жайлап кетуі мағыналарын танытуда жиі қолданылады. Мыс: бауырыңа құрт түссін! Қарғыс. Оны бауырым дегеннің бауырына құрт түссін (М.Әуезов). Есек құрты мұрнынан түсті. Байыды, шалқыды, тоқ болды, молшылықта отырды (кекету, мұқату мағынасында). Есек құты мұрнынан түсіп, жетіліп тұр дейді деп осы Әкіштерді сөз қылады. Байғұлдың Әкіші саудагер, қара жұдырықтау болса, Демеуі хат-шот біледі (І.Жансүгіров). Көздің құрты. Кісі ынтығы. Ақ – көздің құрты ғой (М.Әуезов). Білдірместен астыртын, Алдап едің көз құртын, Құр бояма қызыл бет (С.Торайғыров). Көздің құртын жеді. Қызықтырды, өзіне еліктірді. Сыртта жіп кермеде қақтаған балықтар тұр. Алыстан жалтылдап, көз құртын жеп, қызықтырып барады. (Ә.Нүрпейісов). Көзінің құртын салып, сұғын қадап отыр. Телміріп отыр, көз сүзіп, құлқыны құрып, сұқтанып отыр. Қолқаңды құрт жесін! Қарғыс. Тіленіп, сұқтанып, ішуді, жеуді қалап, өбектеп тұрған кісіге айтылады. Баланың сыбағасына қарап қалдың ба, қолқаңды құрт жегір! (Халық ауыз әдеб.). Құлағының құрт етін жеді. Мазасын алды, қыңқылдап сөйледі, құлаққа маза бермеді. Мына қатын түскір, күбі күбі шауып бер деп, құлағымның құрт етін жеп болғаны, – деп, қылтылдақ шал белін жазып, жеңімен бетін сүртіп қойды (Т.Ахтанов). Құрт жеген құба сөңкел секілденді. Ақын бұл жерде қайғыдан күйрей, езіле бүк түсуді айтып отыр. Құланың қайғысынан қатып-сеніп, Қурай боп екі-үш айда қалған шөгіп, Қулауға құйын соқса оп-оңай тұр, Құрт жеген құба сөңкел секілденіп (І.Жансүгіров). Қара құрттай (құртша) қаптады. Быжынай түсіп, топтала ұмтылды. Жау танкілері қаз-қатар болып жосып келеді. Артында қара құрттай жыбырлаған жау солдаттары (Ә.Шәріпов).

Кене, сүлік дегендер жабысқан жерінен айрылмайтын қансорғыш жәндік екені жалпы адамзатқа белгілі. Нақ осы қасиеті қазақ фраезологизмдерінде «қыр соңынан қалмай, етегінен жабысқан балаша тырмысып жабысып алу, қадалған жерінен қан алмай қоймау, қанау, ақіретке салу, қорлау, кек алу» мағыналарын беруде бейнелі қолданысқа ие болған. Мыс.: аш кенедей жабысты. Талақтай жабысты, қыр соңынан қалмады. Атының жалына аш кенедей жабысып, өрге қарай тырмыса бастап еді, оны көріп бандылар баж-баж етті (Ә.Әбішев). Сүліктей жабысты. Қыр соңынан қалмай жабысып алды; өлермендікпен қадалды да қалды. Кенет бір күшті қол сүліктей жабысқан жиреніштi денені бойынан жұлып алды (Т.Ахтанов). Сүліктей қадалды. Айрылмастан жабысып алды. Жігіттің бойы қыздан сәл тапалдау еді, мойны жетпей, оның алқымына сүлікше қадалды (З.Шашкин). Қанын сүліктей сорды. Әбден қанады, ақырет берді, қорлады.

Жер емессің, жалмауызсың мені емген,
Күш-қуатты, қанды сорған денемнен,

Тілегіме айырбастап тілегін,
Шын тұрмысқа улы қанжар кезенген! (Б. Күлеев).

Сона мен *шыбынның* да фразеологиялық қолданымдық аясы өте кең. Әсіресе «қорлау, жүдеп-жадау, елең қылмау, көзге ілмеу» мағыналарын сипаттауда, тыныштықты, өмір, тірлікті, адам жанын бейнелеуде шыбын атауы ұтымды суреттеледі. Себебі шыбын расында да құжынап, ауырған мал, өлік маңайында жүреді. Мыс.: сона шаққан ғұрлы көрмеді. Мән бермеді, елемеді. Өрт жыланша ирелеңдеп қайтады, Аяғымен кейде Борис таптады. Жалын үйтіп жатса-дағы сирағын, Сона шаққан ғұрлы оған болмады (А.Хангелдин). Көзіне көк шыбын үймелетті. Қорлады, азапқа түсірді. Көзіңе көк шыбынды үймелетер, Көргенің өле-өлгенше ылғи сор боп (Жамбыл). Көзін қарға-құзғын, шыбынға шұқытты. Өлігін қорлады, көмусіз қалдырды, өлігі далада қалды. Қарға-құзғын шыбынға Шұқытармын көзіңді (Қыз Жібек). Шыбын құрлы көрмеді. Елең қылмады, есепке алмады, көзге ілмеді. Шыбынның ұшқаны білініп тұрады. Құлаққа ұрған танадай, тып-тыныш, ың-жыңсыз. Біз отырған бөлмеде шыбының ұшқаны білінетін өте тәртіпті тыныштық болды (Б. Тұрсынбаев). «Шыбын жан» ұғымынан туындайтын жан мағынасының негізі діни ұғым бойынша кісі өлгенде «жан» шыбын тәрізді ұшып кетуі сияқты мифологиялық таным-түсініктен туындайды. Мыс.: құр шыбыны ғана қалды. Әбден жүдеп-жадаған мағынасында қолданылады. Асыл Қамарымыз жоқ жерден мұндай жалаға ұшырап, бүлік шығып кеткендігіне қайғыра-қайғыра, сүзектен тұрған кісідей, құр шыбыны ғана бар еді (С.Торайғыров). Шыбын жан. Көне. Өмір, тірлік мағынасында қолданылады (діни ұғым бойынша кісі өлгенде «жан» шыбын тәрізді ұшып кетеді-мыс). Аузын ашып, қоқақтап тісін қайрап, Ол да талас қылады шыбын жанға (Абай). Шыбыны ұшты. Зәре-құты кетті. Сілкініп қаһарлы қыз түрегелді, Шаңқ етіп, жатқан елді ду көтерді. Күйшінің шыбыны ұшты қалш-қалш етті, шығарып самайынан шып-шып терді (І.Жансүгіров). Шыбын жанын шүберекке түйді. Өте қауіп-қатерге, өлімге бас байлады, тәуекелге бел байлады.

Демек, жәндік атауларының белгілі бір ұғымды жеткізуде елеулі мағынаға ие болып, тұрақты тіркес құру қабілеті сол жәндіктердің жеке биологиялық ерекшеліктері мен адамға деген қарым-қатынасынан туындайды деп қорытынды жасауға болады.

Мәдени-тілдік ұжымның (халықтың, ұлттың, этностың) байырғы дүниетанымы, дүниетүйсігі, салт-дәстүрі жеке сөздерге қарағанда фразеологизмдерде молырақ қолданылады. Сондықтан фразеологизмдердің этномәдениеттің қоймасы, этномәдениетті сақтаушы және бүгінгі заманға жеткізуші (трансляциялаушы) қызметтері көрер көзге ұрып тұрады.

«Фразеологиялық мағынаның түп негізінде фразеологиялық бейне, яғни сурет түріндегі көрнекі елестету жатады, соның фонында фразеологиялық бірліктің тұтас мағынасы жалпылауыш-ауыспалы мағына ретінде қабылданады» дейді Р.Х.Хайруллина [1]. Ал Г.Смағұлова фразеологизмдердің образдылығына, метафоралы ауыспалы қолданыстарында, компоненттер құрамында, жалпы ұғымдық тұтастығында халықтың күнкөрісі, тұрмысының мазмұндық белгілерінің жиынтығынан тұратын ішкі құрылым болатынын атап көрсетеді [2, 115б.].

Фразеологиялық мағына теориясында ішкі коннотацияны уәждеуші негіз, яғни «ішкі форманың атқаратын басты қызметі – ассоциативті-бейнелі түсініктер қалыптастыру, басқаша айтқанда, бір затты екінші бір зат арқылы, бір құбылысты екінші бір құбылыс арқылы елестетуге, түсіндіруге негізделетін заттың, я болмаса құбылыстың екі жақты бейнелі суреттемесі деп тану да орын алады» [3,76б.].

Фразеологиялық тіркестердің басым көпшілігі адамның дүниедегі құбылыстарды немесе сол құбылыстарға өзінің қатынасын бейнелі түрде сипаттап жеткізудегі талпынысынан туындайды. Халықтың күнделікті тіршілігінде әртүрлі құбылыстарды өзара салыстыра, бір заттың көзге түсер ерекшелігін екінші заттың ұқсас белгісіне балап, бір-біріне теңей сөйлеу

тәжірибесінен, ойды тыңдаушыға әсерлі етіп жеткізу мақсатынан тіл-тілде алуан түрлі бейнелі сөз орамдары қалыптасқан [4, 42б.].

А.В.Куниннің талдауын басшылыққа ала отырып, потенциялды фразеологизмдер қатарына төмендегі фразеологизмдерді жатқызамыз:

а) Компаративті (теңеулік) фразеологизмдер: *мойны ырғайдай, биті торғайдай;*

ә) Шындық өмірде кездеспейтін бейнелерге негізделген фразеологизмдер: *құлағының құрт етін жеді*;

б) Салт-дәстүр, наным-сенімге, аңыз бен тарихи оқиғалар желісіне құрылған фразеологизмдер: *бұтынан кесіртке өткір*;

в) Еркін тіркеске сәйкеспейтін, жеке адамның ассоциативтік ойлауы бойынша субъективті белгілерге негізделген тіркестер: *айдаһардай ысқыру, әбжыландай толғану*;

г) Сөз тіркесі емес, белгілі бір сюжет желісіне құрылған фразеологизмдер: *аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл.*

Фразеологизмдер, біріншіден, қандай да бір құбылысты атаудағы жетіспеушіліктің орнын толтыру үшін, екіншіден, тілдің коннотативтік қорын байыту үшін тілде бар лексикалық бірліктерді топтастырудың нәтижесінде жасалады.

Кейбір тілшілер фразеологизмнің ішкі формасын «уәжделеуші ономасиологиялық белгі» терминімен белгілейді. Себебі фразеологиялық атаудың ішкі формасын ашуда біз әрдайым ассоциативті ойлау барысында айрықша қасиет ретінде таңдалып алынып, жаңа ұғымның негізіне қаланатын белгі/сипатқа сүйенеміз. Өйткені уәждемені фразеологизмнің ішкі формасынан бөліп алып қарастыру мүмкін емес.

Ішкі форма – фразеологиялық атау, ұғым негізіне жинақталған бейне. Жалпы мотивтену (уәждену) форма мен таңба арасын жымдастыратын байланыс қызметін атқарады. Ғалым И.С. Торопцев уәжденудің үш түрлі тәсілін ұсынады: 1) ұқсату арқылы уәждену; 2) белгілі қасиеті арқылы уәждену; 3) мазмұны арқылы уәждену [5, 200б.].

Уәждеме ұғымын фразеологизмнің ішкі формасы айқын көрініп тұрған жағдайда пайдалану тиімді. Мысалы, *құмырсқадай құжынаған* деген сияқты фразеологизмдердің фразеологиялық мағынасы ішкі формалары арқылы уәжделген.

Фразеология саласындағы жәндік лексемаларына ауқымды ономасиологиялық кең өріс тән. Аталмыш лексемалардың тура және ауыспалы мағыналары болады. Жәндік атаулары адам өмірінің, тұрмыс-тіршілігінің барлық салаларын қамтитын, адам баласының іс-әрекетін, көңіл-күйін, ақыл-парасатын, зейін-қабілетін, т.б. білдіретін фразеологизмдердің құрамына кіреді.

Фразеологизмдердің тілдегі қолданысына орай семантикалық тұрғыдан 5 мағыналық топтарға бөлдік. Олар:

1) Мінез-құлық.

Бұл топқа құрамында жәндіктер атаулары бар фразеологизмдердің адамның жағымды-жағымсыз қасиеттерін білдіретін мағыналық түрлері жатады:

1) Батылдық, өжеттік, қайсарлық: *шыбын жанын шүберекке түйді*;

2) Қатігездік, мейірімсіздік: *сүліктей сорды; сүліктей қадалды; көзіне көк шыбын үймелетті; қарға құзғын, шыбынға шұқытты;*

3) Сараңдық, тойымсыздық, жемқорлық, көрсеқызарлық: *битін салды (төкті)*; *жылан жайлап барады;*

4) Қадірсіздік, беделі жоқтық: *сөзін бит шаққандай көрмеді*; *сона шаққандай құрлы көрмеді; шыбын құрлы көрмеді;*

5) Ептілік, пысықтық: *талағының биті бар*; *бит терісінен биялай тоқыды;*

6) Еңбекқорлық: *тірі жан, тісті бақа*;

7) Салақтық: *нас басқанды, бит басқан*;

8) Қисық, қыңыр, құбылмалы мінез: *көзсіз көбелек; тісті бақадай жабысты;*

9) Айлакерлік, қулық: *бит ішіне қан ұялады*; *жыланның аяғын көрген; тасбақаның аузынан шөп алу;*

10) Аққөңіл, жайдарлы: *ақ көбелек*;

11) Арам пиғыл, біреуге жарамсақтану: *балақтағы бит басқа шықты; аш кенеше жабысты;*

12) Шеберлік: *бит тағалады.*

2) Адамның көңіл-күйі.

1) Қуаныш, қорқыныш, таңдану: *аузын бақадай ашырды (аштыі)*; *шыбыны ұшты*;

2) Ашулану, ыза болу: *битке өкпелеп тоныңды отқа салма; битке пышақ суыру;*

3) Адамның күш-қайраты, дене бітімі, бет пішіні және жас мөлшері.

1) Сыртқы тұлғасы, бет-пішіні: *көк бақа; биті торғайдай, мойны ырғайдай;*

2) Күш-қайраты: *инеліктей бұралған*; *тышқан жұтқан жыландай; дәуіт бас;*

4) Адамның тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру ортасы.

1) Кедейшілік, жоқшылық, қиын өмір: *сығарға биті жоқ*, *битін сығып, қанын жалап отыр*, *биті торғайдай, мойны ырғайдай*; *биті балағына түскен; құр шыбыны қалу;*

2) Молшылықты, берекелі өмір: *есек құрты мұрнынан түседі*;

5) Адамның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасы.

1) Араз болу: *ала жылан, аш бақа*;

2) Біреуді жаратпау: *кірпідей жиырылу; жыландай жиырылу;*

3) Біреуді ренжіту, қорқыту, әуреге салу, біреуге ұрысу: *құлағының құрт етін жеді*; *бүйідей тиді*; *бүйі тигендей қылды*;

Фразеологиялық қордың өсуі бүгінгі таңда жаңа түсініктердің жылдам өсуіне байланысты, яғни ғылымның, экономиканың, мәдениеттің жетілуі тек жаңа сөздердің ғана еме, жаңа тұрақты тіркестердің пайда болуына да әкеледі. Жаңа тіркестердің пайда болуына тілде бұрыннан бар фразеологиялық тіркестердің өзі де деривациялық база болуы мүмкін. Сөйтіп, фразеологиялық қорды көбейту процесі тілде бұрыннан қалыптасқан фразеологизмдердің аясында жасалады [6, 150б.].

Жаңа фразеологизмдердің пайда болуы төмендегі экстролингвистикалық факторға байланысты: қоғамда болып жатқан әлеуметтік және саяси оқиғалар, елдегі саяси тынышсыздық, посткеңестік кездегі күнкөріс үшін адамгершілік-моральдық сипаттың өзгеруі т.б. Мыс.: *түнгі көбелек.* Сол сияқты «*Машина соқпасын, маса шақпасын»* деген жастар арасындағы тілек-ниет те қазіргі таным мен ұғымның көрінісі болса керек.

Әдебиеттер:

1. Хайруллина Р.Х. Сопоставительная фразеология русского и башкирского языков. – Уфа, 1999. – 8 с.

2. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 157 б.

3. Коралова А.Л. К вопросу о лингвистической образности // Сб. Науч. Трудов. МГПИИЯ им. М.Тореза. – М., 1972.

4. Мықтыбаева Т.Ж. Ішкі форма және аялық білім // Жалпы және салғастырмалы фразеологияның өзекті мәселелері. – Алматы, 2003. – 152 б.

5. Торопцев И.С. Лексическая мотивированность номинации. В кн.: Языковая номинация (Общие вопросы). –М.: Наука, 1977. – С. 230- 293.

6. Смағұлова Г.Н. Фразеологиялық неология және деривация // Этнос және тіл. – Алматы, 2009. – 358 б.

Ляйля Жексеновна Хамимульдинова
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ ТҮРЛІ АСПЕКТІДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУ МӘСЕЛЕСІ

Тіл білімінің негізгі зерттеу бағыттарының бірі – бейвербалды амалдар – адамзаттың бір-бірімен ұғынысу, түсінісу, хабар алмасу мүмкіндігін жүзеге асыратын көмекші амалдар. Өз кезегінде тілдік емес амалдар ойды жеткізу шеберлікті де аңғартады. Зерттеушілердің айтуынша, аталған амалдар вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейді әрі адамдардың өзара түсінісу коммуникациясын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге адамдардың бірбірімен үнсіз түсінісу қабілеті белгілі бір кинетикалық амалдар арқылы да орындалып отырады. «Бейвербал амалдар, символдар ұлт пен халықтың мәдени-танымдық дүниесінің айнасы, ұлттық сана мен оның ойлау дәрежесінің көрсеткіші, халықтың санасы мен ойлау жүйесіне икемделген және қалыптасқан өзіндік орны бар белгілер, таңбалар. Бұлар ұлт ментальдылығының көрінісі, ұлттың тілдік бейнесін толықтыратын фактілер, ұлт санасында орныққан, бекітілген фактілер» [1, 52б.].

Бүгінгі жаһандану дәуірінде интеграция күшейіп тұрған кезеңде коммуникацияны, оның вербальды және бейвербальды түрлерін зерттеу, құралдарын түсіндіру ғалымдар тарапынан қызығушылық тудырып отырғаны құптарлық жай. Қазақстан сынды көпұлтты мемлекетте қарым-қатынас мәдениеті мен мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу әлеуметтік қажеттіліктен туындап отырғандығы ғалымдар тарапынан айтылып, жазылып, талданып келеді.

Ғылымда бейвербалды коммуникация әр түрлі аспектіде, жан-жақты қырынан қаралды (Д.Балвер, Дж.Каспер Лаватер, Чарльз Белл, Френсис Бэкон, Р.Бердвистел, А.Кендон, А.Пиз). Ғалым А.Пиз адамдар арасындағы қарым-қатынастың 7% вербалды сөз, сөйлемдер, 33% вокалды (екпін, дауыс ырғағы, дыбыс әуезділігі), 55% бейвербалды элементтер арқылы жүзеге асатынын пайымдаған. Дене қимылы, соның ішінде қолдың қимылын зерттеген Дж.Балвер қолды табиғи тіл ретінді танып бағаласа; дене тілі мен ым-ишараны зерттеудің жаңа тәсілдерін ұсынған Д.Эфрон бейвербалды амалдардың классификациясын жасап, эмблемалық, иллюстраторлық, реттеушілік сынды үш түрін көрсетеді. Л.Самовар, Р.Портер, С.Г.Тер-Минасова, Э.Ф.Тарасов, И.Стернин еңбектерінде мәдениетаралық қарым-қатынастың ұлттық және мәдени ерекшеліктерін зерттеуге ден қойылса; А.Пиз, И.Н.Горелов, Л.А.Капанадзе, А.Акишина зерттеулерінде әр түрлі халық өкілдері бір-бірінен мимикалық мінез-құлық үлгісімен, ым-ишарат сипатымен ерекшеленетіні зерделенді. Ал А.Филиппов, А.Галичев, Е.Красильникова, Л.Кулиш, Т.Николаев, П.Тумаркин еңбектерінде ым-ишарат, дене қимылдар зерттеліп, жіктелді. Сол жіктеудің нәтижесінде ым-ишаратты қолдану себептері анықталып, ұлттық сипаты бар кинетикалық белгілер С.П.Гочева, Г.Н.Гочев еңбектерінде жүйеленді. Кинесика ғылымының негізін салушы антрополог Р.Бирдвистел ым-ишараны социуммен тығыз байланыста зерттеу арқылы бірнеше халыққа тән ым-ишараның типтік формасын жасады.

Отандық ғалым Р.Бердалиева ұлттық ерекшелігі бар кинетикалық белгілердің бірнеше жіктеу әдістерін талдай отырып, өз тарапынан эксперсивті қозғалыстарды былайша бөліп көрсетеді:

1) ұлттық ым-ишараттар мен дене қимылдары – бір ғана мәдениетте қолданылатын;

2) эквивалентті ым-ишараттар мен дене қимылдары: мазмұны жағынан бірдей, бірақ орындалу тұрғысынан сәйкес келмейтін кинетикалық бірліктер. Бұл бевербальды амалдар орындалу мәнерімен ерекшеленетін вариативті қимылдар тобына кіреді;

3) ареалдық қимылдар көптеген ұлттық мәдениеттерде орындалу жағынан да, мазмұны жағынан да бір-біріне сәйкес келеді [2, 51б.].

Қазақ тіл білімі ғылымында бейвербалды амалдарды зерттеу алаш арыстарынан бастау алды. А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов еңбектерінде бұл

құралдарды ұлт мәдениетімен, дүниетанымымен байланыста қарастырды. А.Байтұрсынұлы айтыс ақындарының дене қозғалысы, бет-әлпетіндегі өзгерістерге назар аударып, ақынның ішкі жан-дүниесінің көрінісі ретінде қарайды. Ақын М.Жұмабаев: «Адамның жан сыры дене арқылы, мимика арқылы сыртқа білінеді, дене де жанға байлаулы, жан көріністері денеге қатты әсер береді. Адамның көзқарасы, дауысы, аяқ басуынан жанның қандай күйде екені көрініп-ақ тұрады» [3, 243б.] десе; адамды тану үшін оның бейвербалды амалдарын қадағалап, бақылап отырудың қажет екенін айтады.

Бүгінгі тіл білімі ғылымында аталған обьектіні арнайы зерттеу нысаны еткен ғалымдар Б.Момынова, С.Бейсенбаева, А.Сейсенова, Ж.Өміралиева, Ж.Нұрсұлтанқызы, С.Мағжан, П.Ешимов т.б. болды. Аталған ғалымдар еңбектерінде бейвербалды амалдардың жасалу жолынан бастап, көркем әдебиеттегі көрінісі, мағыналық жағы, берілу жолдары, жалпы қолданыс аясы мен жұмсалу орны жан-жақты пайымдалады. Ғалым Б.Момынова бұл саланы кешенді зерттеу қажеттігін алға тарта отырып, іскери қарым-қатынастағы рөлін, көшбасшылар имиджін қалыптастырудағы орнын көрсетеді: «кең ауқымдағы танымдық тұрғыдан да дене тілі, ым мен ишаратты зерттеу – тілдің әлеуметтік, психологиялық лингвистика сынды салаларының фактілерін салыстыра, салғастыра отырып, кешенді қарастыру барысында ғана қол жеткізуге болатын, теориялық тұғыры әлі толық анықтала қоймаған жаңа бағыт» [4, 16]. Сөз болып отырған ым-ишарат, мимикалардың қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігін жасаған ғалымдар Б.Момынова мен С.Б.Бейсембаева еңбегіне 125 ымдау таңбасы енгізілген. Олар қазақ тілінде ым-ишараттар мен дене қимылдары ерекше орын алатынын сөздіктегі 125 ишара арасында 40 таңба адамның ерікті және еріксіз түрде болатын кинетикалық қозғалыстарының психикалық табиғатын растайтын ұлттық құралдар екені дәлелденді [5]. А.Сейсенова лингвомәдениеттану тұрғысынан қарастырып, этикеттік формулаларын салыстыра қараса; Г.Смағұлова мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілерін, тілдік емес амалдардың қолданыс аясы мен жұмсалу орнын көрсетеді. Ал зерттеуші З.Темиргазина әрбір адамның өзімен тілдесіп тұрған адамның жүзіне қарап тұрып, оның бет-әлпетінде болып жатқан өзгерістерді байқап, түсініп, интерпретациялай алатынын айтады: «Бұл процесті тоқтату немесе қатаң және саналы түрде, сана деңгейінде бақылауға алу мүмкін емес. Тіпті бұған деген қажеттілік те жоқ, өйткені ақпарат жеткізетін бейвербалды амалдар бәрібір де адам еркінен тыс орындалып кете береді. Бейвербалды амалдардың хабарларды жеткізу жылдамдығы адам сенгісіздей жылдам және адам түйсігі деңгейінде орындалатындықтан, адам оларды сансыз көп мөлшерде қабылдай алады» деп негіздейді [6, 40б.].

Ғалым Р.Бердалиева «Қазақ халқының вербалды емес қарым-қатынас моделінің ерекшеліктері» атты ғылыми зерттеуінде бейвербалды қарым-қатынас моделінің компоненттерін қарастыра отырып, оның басты ерекшелігі ретінде тек қазақ мәдениетіне тән ым-ишараттарды қамтитын лакунатталған компоненттің болуын атайды. «Халықаралық» ымдау тілі жоқ екенін алға тарта отырып, бейвербалды коммуникация әрқашан вербалды коммуникациямен бірге ұлттық ерекшеліктер жайында ақпарат беретінін анықтайды. Сонымен бірге зерттеуші бейвербальды құралдарды талдау арқылы тыйым салынған ым-ишаралардың басқа халықтардың мәдениетінде балама нұсқалары жоқ екенін дәлелдеді. Нәтижесінде қазақ тіліндегі ым-ишара жүйесі әлеуметтік тұрғыдан анықталған және тек қазақ тілді қауымдастыққа тән кинетикасы ретінде береді. Р.Бердалиева пайымынша, бейвербалды ақпарат құралдары тілмен бірдей қызмет атқарады.

Бейвербалды құралдардың негізгі функциялары – ақпарат беру, дауыс, ым-ишарат, мимика, үнсіздік, жанашырлық білдіру, экспрессивтік функция, тұлғааралық қатынастарды реттеу, тікелей қарым-қатынас кезінде айқын байқалатын және коммуниканттардың әлеуметтік мәртебесін көрсететін, әлеуметтік бақылау қызметін атқаратын құралдар болып табылады. Бейвербалды құралдар көпфункционалдылық қасиетіне ие, бір уақытта әртүрлі функцияларды орындай алады, сонымен қатар санадан тыс және бақылаусыз орындалуы

мүмкін. Бейвербалды құралдардың барлық қол жетімді функцияларын атқаратын екі қызметке бөлуге болады: қабылдау және әсер ету [2, 53б.].

Зерттеушілер А.Н.Муратова, У.М.Бахтикереева, Ш.Мажитаевалар «Бейвербалды амалдардың зерттелуі және функционалдық қызметі» атты зерттеу мақаласында шетел ғылымы мен отандық лингвистикадағы тілден тыс құралдардың зерттелу тарихына тоқтала отырып, бейвербалды амалдардың түрлерін ажыратады, жасалу жолдарын түсіндіреді. Әр халықтың ұлттық танымына байланысты ишараттар мағынасының арасында айырмашылық болатынын зерделейді. Нақты мысалдардың негізінде бейвербалды амалдардың жай ғана хабарды жеткізу үшін жұмсалмайтынын, ел үшін, оның тарихы үшін астары құпия сақталатын маңызды оқиғаларды жеткізуде жұмсалатынын көрсете отырып, амалдардың астарындағы жасырын, имплицитті мағынасын ашып көрсеткен [7].

М.Ешимов «тұлғаралық қарым-қатынаста ақпарат алмасу вербалды, бейвербалды, паравербалды амалдар арқылы жүзеге асады. Бұдан шығаратын қорытынды, қарым-қатынасқа түсерде адресант бейвербалды амалдарды қолдануда ағаттық жібермеуі тиіс дегенге саяды. Яғни адресант бейвербалды амалдарды өз орнымен қолданғаны дұрыс. Ишара, ым, тон, дауыс тембрі арқылы өзара түсіністікке жол ашылып, тілдік қарым-қатынастың ойдағыдай болуына ықпал етеді» дей отырып, әртүрлі халықтың сан санау мен санды көрсетуіндегі ым-ишарасы айырмашылығын ажыратып береді. Сонымен бірге әртүрлі мәдениеттегі (ағылшын, неміс, итальян, қытай т.б.) қол қимылдарының семантикасын, ым-ишаралардың әртүрлі қол кинемалары арқылы берілетінін көркем шығармалардан мысалдар келтіре отырып дәлелдейді. Автор еңбегінің құндылығы – қазақ жастары мен жасөспірімдерінің қолданысындағы тілдік емес амалдарға да жан-жақты тоқталғандығында [8].

Қорыта келгенде, тіл біліміндегі негізгі бағыттың бірі қарым-қатынас үшін аса маңызды бейвербалды амалдарды зерттеу арқылы оның әмбебаптық сипаты, тарихи-мәдени мәні, адамның ойлау жүйесінен алатын орны жайында ізденістер легі біршама. Тілдік емес қатынас құралының маңыздылығы ұлттық менталдылықпен астасып жататындығы да дәлелденді. Паралингвистиканы зерттеу күн тәртібінен түспейтін әлі де жалғасын таба беретін нысан екенін зерттеуші ғалымдар еңбектері айшықтайды.

Әдебиеттер:

1. Момынова Б.Қ., Слямбеков Қ.Б. Коммуникацияның тілдік емес кодтары // Тілтаным, N4 (84) 2021.

2. Бердалиева Р. Қазақ халқының вербальды емес қарым-қатынас моделінің ерекшеліктері // Turkologia, 2 (106), 2021. 44-55 бб.

3. Жұмабаев М. Педагогика. -Алматы: Ана тілі,1992. -160б.

4. Момынова Б.Қ. Лидерлер имиджін қалыптастырудағы бейвербалды элементтер мен бағалауыштық лексиканың рөлі // Тілтаным. 2003, N1. -14-20бб.

5. Қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігі // С.Б.Бейсенбаева, Б.Момынова. -Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2017. -288 б.

6. Темиргазина З. Современные теории в отечественной и зарубежной лингвистике. -Павлодар, 2002. с.106.

7. Муратова А.Н., Бахтикереева У.М., Мажитаева Ш. Бейвербалды амалдардың зерттелуі және функционалдық қызметі // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, N1 (109), 2023 жыл. 39-45 бб.

8. Ешимов М. Қарым-қатынастағы бейвербалды амалдардың ерекшелігі: қол қимылдары // Bulletin KazNU. Filology series. No 3(149). 2014, 91-96бб.

Н.С.Канай.,[1] Д.Н.Омарова[2]
Тұран университеті

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Қазақ әдебиетін қазақ тілінде оқытпайтын сыныптарында оқыту әдістемесінің басты мақсаты – сөйлету, ойын еркін жеткізуге, сөздік қорын молайтуға көмектесу, басқаның сөйлеуін түсінуге, яғни, тіл дамыту – оқушыны тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқа адамға жеткізуге дағдыландыру, басқа адамдардың сөзін жақсы түсінуге үйрету.

Біздің елімізде қазақ тілі мемлекеттік тіл. Осыған орай оқу орыс тілінде жүретін мектептерде егеменді еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілін оқыту өмірлік зор маңызға ие. Мемлекеттік тілді оқытудың мақсаты – оқу өзге тілде жүретін мектеп оқушыларының қазақша қарым-қатынас тілінің негіздерін игеруіне, дұрыс оқып, дұрыс жазуға машықтануына яғни, тілдің орфографиясы мен орфоэпиясының заңдылықтарын түсіндіруге бағытталады. Негізгі мектепте бала бастауышта алған білімін жалғастырып, білім мазмұнын «қоршаған орта» тақырыптары арқылы толықтырып, грамматикадан алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануға дағдыланады. Жоғары сыныптарда тілдік конструкцияларды сөйлеу әрекетінде еркін қолдану, тілдің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік құрылымын, стилистикалық ерекшеліктерін танып, оны теориялық жүйелеу мен өз бетінше сөздік қорын байыту әрекетін қамтамасыз етуі қарастырылады. Қазақ әдебиеті сабағының әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр пән мұғалімдерінің өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты. Оқушылардың сапалы білім алуына, сол пәннен алынатын міндетті білім дағдыларын меңгеруіне дұрыс бағытта жол ашу үшін, әр пәннің мұғалімі сол пәннің өзіне тән ерекшеліктеріне, сол пәнге тән оқытудың принциптеріне баса көңіл бөлгені жөн. Оқу орыс тілінде жүретін сыныптарда қазақ әдебиетін оқитын оқушы өзіне таныс емес тілдің әдеби сөздік құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, ойын еркін жеткізуге, басқаның сөйлеуін түсінуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге тиісті және қазақша сөйлеуге жаттығып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасай алуы қажет.

Қазіргі таңда, бәрімізге белгілі, қазақ тілі мен әдебиеті пәндері қазақ тілінде оқытпайтын сыныптарда бір пән ретінде оқытылып жүр. Қазақ тілі пәнін оқыту барысында әдебиет пәнімен жиі байланыстыруға болады. Қазақ тілін оқытып-үйретуде грамматиканы жалаң түсіндірмей, қосымша арнайы тақырыптарға байланысты мәтіндер беріледі. Мәселен, «Қазақтың көрнекті ақын-жазушылары», «Адамзаттың Абайы», «Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері», т.б. мәтіндерді оқыту барысында қазақ тілін әдебиетпен байланыстырып оқытудың маңызы зор. Бұл жағдайда студенттердің тіл байлығы кеңейіп, ойын жүйелі жеткізуге дағдыланады. Сонымен қатар қазақ тілі сабағын әдебиетпен байланыстыра отырып, студенттің ұғымына түсініксіз, ауыр тиетін сөздердің мағынасын, оның шығу тегін, тарихын, түсіндіру тиімді. Демек, сөзді орынды жерде қолданып, оның мағынасын жетік білетін студент өз бетімен сөйлем құрап, оны ауызша сөйлеу тілінде шебер қолдана алатыны сөзсіз. Осы орайда А.Біләлованың мына пікіріне назар аударайық: «Қазақ тілі өмір таныту, тәрбие беру, қарым-қатынас жасау құралы екендігі белгілі. Тіпті елдігіміздің бір белгісі – ұлттық тіліміздің өгейсімей дұрыс өмір сүруі. Тіл мен әдебиетті оқи отырып адамдық борышың қалыптасады» (Біләлова. А., 2010: 27). Әдебиет пәні жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлау қабілетін арттырып, сараптау, саралауға үйретеді, көңіл-күй сезімдерін, тілін, шығармашылық әрекет-бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуы қазақ тілін оқытуға белсенді серпіліс әкелді. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту әр салада қолға алына бастады. Мемлекеттік тілді мектепте оқытумен қатар ересектерге оқыту, өндірістер мен мекемелерде

оқыту осы салада көп ізденістерге жол ашты. «Ересектерге қазақ тілін оқытуда мәтінмен жұмыс жасау жолдары» атты Ғ.Т.Қозжановтың мақаласында өзге тілді аудиторияларда мәтін талдаудың тиімді жолдары сөз етіледі. «Басқа ұлт өкілдері мен орыс тілді қазақ ұлтының тыңдаушыларына тіл үйретуде мәтінмен жұмыс істеудің тиімді жақтары көптеп саналады» (Қозжанов, 2008: 2) дей келе, автор мәтінді оқу, сөздік жұмысын, мәтін бойынша берілетін сұрақ-тапсырмалар жүйесін ұсынады. Мәтін талдаудың бұл жүйесін өзге тілді мектептерде қазақ әдебиетін оқытуда белсенді жүргізуге болады. «Кез келген ана тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде үйрету үрдісі» атты мақалада Т.Т.Аяпова тіл үренудің бірнеше бағдарын айтады. Олардың құрамында ой қозғау сұрақтары, тілді айтылым және оқылым арқылы үйрету, сөйлесім және жазылым арқылы үйрету, тілдік материалдармен егжей-тегжейлі жұмыс түрлерін көрсетеді. Автор тілдік материалдар ретінде мәтіндерді ұсынады әрі мәтінмен жұмыстың бірнеше түрін атап өтеді. Олар: «Мәтіндер оқу, әртүрлі кестелермен, корточкалармен жұмыс, мәтіндегі қиын жерлерін аудару, ұлттық нақыштағы сөздермен, анықтамалармен жұмыс» (Аяпова Т.Т.: 2009: 3), «Текст теориясы және текст талдау әдістемесі» атты әдістемелік еңбегінде Н.Ж.Құрманова танымдық мәтіндермен жұмыс түрлерін, ұлттық ойлау механизмдерін қалыптастыруда мәтінді қолдану жолдарын, тіл дамыту бағытында мәтінмен жұмыс түрлерін және стилін талдау жолдарын, мәтінді жоспарлауға үйрету жолдарын ұсынады. Автор мәтінге жоспар құруда оқушылардың логикалық операциясы анализ бен синтез деп атай келе, мәтінге жоспар құру барысында атқарылатын мәтінмен жұмыс түрлерін, оқушы әрекетін саралайды: «Текске жоспар құруды үйрену арқылы оқушы берілген материалдың ішіндегі ең мәнді, маңызды, яғни ойдың дәнін тану жолын меңгереді. Текске жоспар құрғызуда оқушылар орындайтын, оларда қалыптастырылуы тиіс деп саналатын логикалық операциялар мыналар: тұтас текстi мағыналық бөлшектерге бөлу; негізгі ойды іріктеп, анықтау; бөлшектерге тақырыпшалар беру; оларды жоспар түрінде ретке келтіру» (Құрманбаева, 2000: 21). Әдетте өзге тілді мектептерде шығарма талдау әдістемесі оқу ана тілінде жүргізілетін мектептердегі әдістемелік жүйеге бағдарлай жүргізіледі. Ол өзге тілді мектептерде көркем шығарма талдау әдістемесінің өзіндік ерекшеліктері мен жаңа жолдарын жоққа шығармайды. Әрине, әдіскерлеріміздің пікірінше көркем шығарманы талдау шығарма мазмұны толық меңгерілгеннен кейін жүзеге асырылатын үдеріс. Біздің пікірімізше, шығарманы талдаудың өзін сол мазмұнды игеруге арналған қадам ретінде қабылдауға болады. Яғни талдаудың әр қадамында мәтін мазмұны игерілетін, шығарма талдана отырып, танылатын жолдары болады. Әсіресе өзге тілді мектептерде шығарма үнемі бір бағытта, бір ғана қалыптасқан жүйеде оқытыла бермейді. Әдебиетті оқытудың жаңа жолдарын қарастыру жаңа ізденістерге бастайды. Мәтін талдаудың психо-педагогикалық бағытын білу және әдебиетті оқыту әдістемесінде белсенді қолданылатын талдау әдістерін саралау осы бағыттағы оқу-танымдық жұмастарды нәтижелі етудің бір жолы болып есептеледі.

Әдістеме ғылымында белгілі болған әдебиетті оқыту бағытындағы зерттеулердің дені өзге тілді сыныптарға арналмаған. Оқу ана тілінде жүргізілетін мектептерде әдебиетті оқытудың жүйесі біршама қалыптасқан. Ал өзге тілді мектептерде әдебиетті оқыту әрі күрделі, әрі әдістемелік жүйесі қалыптаспаған сала ретінде танылады. Өзге тілді мектептерде қазақ әдебиетін оқыту мәселесін қарастырған зерттеу еңбектері, әдістемелік нұсқаулықтар, әдістемелік оқу құралдары өте аз. Өзге тілді мектептерде оқыту мәселесін қарастыру қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде көп ізденістермен, жаңа зерттеу арналарына негіз болатын тың сала болып отыр. Қазақ әдебиетін қазақ мектептерінде оқыту мен өзге тілді мектептерде оқыту негізгі ұстанымдары мен әдістемелік бағыты жағынан бір-біріне ұқсас болғанымен, өзіндік ерекшеліктері бар екі бағдарлы жүйе деп санаймыз. Көркем шығарманы талдап-оқыту нәтижесінде әдебиетті терең ұғыну барысында оқушы оқу бағдарламасының талаптарына сай қазақ және туысқан халықтар, әлем әдебиетінің кейбір озық үлгілерімен танысады. Өзіндік ойтұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға ұмтылады. Алайда, бұл оңайшылықпен іске аспайтыны белгілі, оқушыларға білім

қалыптастыратын құралдың бірі оқулық болғандықтан, әдебиет пәнінде берілген ақын-жазушылардың еңбектерін, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, ежелгі дәуір әдебиетін жан-жақты терең меңгеруде талдаудың рөлі ерекше екені үнемі назарда болғаны орынды. Қазіргі заман талаптарына сәйкес әдеби білім мазмұны оқушының жас ерекшеліктеріне лайықты құрылып, ұлттық құндылықтары басым танымдық оқу материалдарының іріктеп берілуі ұлтжанды жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызы зор. Республикамызда жалпы білім беретін мектептердің алдына оқушыларды бәсекеге қабілетті тұлға етумен қатар, оларды құзыретті азамат болуға бейімдеу талабы басымдылық танытуда.

Мәтін (лирикалық өлең мәтіні не прозалық шығарма болсын айырмасы жоқ) тұтастай жүйелі ой толғанысын білдіреді. Жүйелі ұйымдастырылған сөйлемдер мәтіннің құрылымын қатыптастырады. Мәтіндегі сөйлемдер логикалық біртұтастылықты көрсетеді. Ал лирикалық өлең мәтінінде логикалық аяқталған тиянақты ой өлеңнің бір синтаксистік жүйесін құрайды. Ол не бір тамаққа, не бір шумаққа шоғырлануы мүмкін. Ал, прозалық шығарма мәтінінде бір сөйлем не мағыналық жағынан бір ойға шоғарланған сөйлемдер бір абзац мәтіннің шағын бірлігін құрайды. Әрине, әрбір тиянақты ойды «синтаксистік бірлікті» саралай отырып, ондағы негізгі ойдың негізгі өзегін табу керек. Мәтіннің әрбір мағыналық бірлігін түсініп оқу, мәтінді терең тануға жолбасшы болады. С.Рахметова мәтінді түсініп оқу туралы: «Түсініп оқуда балалардың назары шығарманың идеялық мазмұнына аударылады. Түсініп оқу барысында оқушыларда елес, ұғым, бейне сияқты жоғарғы сезімдер пайда болады. Түсініп оқу дегеніміз – оқушылардың текстің мазмұнын анық, терең ұғынуы болып табылады. Оқығанын толық түсіну балалардың мәтіндегі басты ойды айыра алуынан, оның мазмұнына өзінің көзқарасын білдіруінен көрінеді», – дейді (Рахметова, 1987: 52). Мәтінді түсініп оқу барысында оқушылар мәтіндегі мағыналық бірліктерді талдайды, сөйлем арасындағы байланысты анықтайды. Мәтінді сызба арқылы меңгеру барысында оқушы санасында қабылдау, ойлау, ұғыну сияқты психологиялық үдерістер жүреді. Ал сезімдердің, оның ішінде көру сезімдерінің физиологиялық негізі психологиялық функциялардың басқа түріне қарағанда анағұрлым жоғары. Әсіресе 5-8 сынып оқушыларында қабылдаудың бұл түрі белсенді екендігі тәжірибеде дәлелденген (дәрігер – физиолог И.П.Павлов). Тірек сызба оқушы санасында ұғымдардың пішіні, сипаты туралы ой туғызатын логикалық желіні құрайды. Ол желі оқушының санасына ең негізгі ұғымдарды анықтауға, сол ұғымдардың бір-біріне қатысын жүйелеуге көмектеседі де, өз санасында тұтасқан бірлікте тұрақтауға мүмкіндік жасайды. Мәселен: 5-сыныпта оқытылатын М.Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңінің мәтінін алайық. Құрылысы: 3-шумақ, 12-тармақ, а, а, б, а - 11буынды, қара өлең ұйқасымен жазылған. 2. Мағасы талданатын сөздер ретінде: бақыт – (қуанышқа кенелу, жүзі жайнау, бақытты болу) счастье; халық – (ел, жұрт) общественность, публика; кен – (байық, жер қойнауындағы пайдалы қазбалар) ископаемое, руда; қор болу – (қиналу, азаптану, қорлану) страдать, опуститься, пасть; нарқым – (шама-шарт) стоимость, цена; тілімдедім – (тілімдеу) резать; түңілу – (өмірден түңілу, үміті үзілу) потерять надежду; Отан – (атамекен, туған жер) родина, отечества; Құдай – (жаратқан ие, Алла тағала, тәңір) бог, божество; сөнген – (өшкен) потухать; кел дағы –(келу) приходить; от – (алау) огонь; тас жүрек – (жүрегі жоқ, қатты, жаны ашымайтын адамға қатысты) безжалостный, жестокосердный; қасиетті – (қасиет сөзінен шыққан, ерекшелік) достойный, блогодорный. Өлеңнің көркемсөз айшықтары: Ең бірінші бақытым – Халқым менің; – Ал екінші бақытым – Тілім менің; Бақытым бар үшінші – Отан деген – барлығы метафоралар. «Соған берем ойымның алтын кенін» деген тармақтағы «алтын кен» де – метафора. Мәтінде «тас жүрек», «қасиетті тілі» сияқты эпитеттер ұшырасады. Әдетте шығарманың көркем сөз айшықтарымен жұмыс мәтін толығымен меңгерілгеннен кейін жүзеге асады. Әдебиет теориясынан берілетін білім мазмұны бағдарламада көрсетілгенмен, теориялық білім әр мәтін бойынша, әр тақырып бойынша үнемі үздіксіз жүргізіліп отыратыны белгілі. Осы орайда өлең мәтіні меңгерілген соң, шығармадағы көркем сөз айшықтарын табу маңызды жұмыстардың бірі саналады. Ал өлеңнің композиция құрылымы айқын. Ақынның үш тірегі – үш ұғым – халық, тіл, Отан.

Осы үш ұғымның төңірегінде ақынның сезім толғанысы өріледі (Жұмақаева Б., Ерхожина Ш., 2018: 215).

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту өткен ғасырдың 50 жылдары қолға алынғанымен, еліміздің егемендік алғанға дейінгі мектептерінде ішінара ғана оқытылып келген. Сондықтан орыс тілінде оқитын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту мәселесін зерттеу көпке дейін қолға алынбаған. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әлі де болса көп шешімін іздейтіндей күрделі мәселе. Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың маңыздылығы оқушылардың қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгеруіне әдеби мәтіндер арқылы тілдік орта жағдайын кеңейтуге мүмкіндік туғызу міндеттерінен көрінеді. Оқушылардың қазақ тілінде тілдесу ортасының кеңеюін қамтамасыз ету көбіне тұлғаның тілдік әлеуеті мен сөздік қорына тәуелді болуы да қазақ әдебиетін оқытуды күрделендіре түседі. Оқушы тұлғасының қалыптасуын қазақ әдебиеті пәнінің тілдік-коммуникативтік, тілдік-ақпараттық, тілдік-проблема шешушілік қызметтерін жүзеге асыра отырып, рухани-адамгершілік, тілдік-эстетикалық құзіреттеліктерін қалыптастыру мақсатын алға тартады. Сондықтан да қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетін оқыту тікелей мәтінмен жұмыс түрлерін кеңейте жүргізуге бағытталады. Мәтін - өзінің құрылымымен ғана емес, өзінің көп қабаттылығымен де күрделі бірлік. Мәтін табиғатын зерттеу қаншалықты өзекті болса, оны таныту, талдау үдерісін дұрыс жоспарлау да соншалықты өзекті мәселе. Мәтінді оқыту оны айна қатесіз қайталап берумен шектелмейді. Мәтін талдау үдерісінде оқушылардың көп қырлы оқу-танымдық іс-әрекеті жүзеге асырылады. Байқап отырғанымыздай, әдістеме ғылымында қазақ әдебиетін оқыту бағытындағы зерттеулердің дені өзге тілді сыныптарға арналмаған. Біз саралаған әдістемелік еңбектерде бұл мәселе қарастырылады. Әйтсе де, олардың көбі оқу қазақ тілінде жүргізілетін мектептердегі әдебиет сабақтарына қатысты. Оқу ана тілінде жүргізілетін мектептерде әдебиетті оқыту жүйесі бір шама қалыптасқан. Ал өзге тілді мектептерде әдебиетті оқыту әрі күрделі, әрі әдістемелік жүйесі қалыптастырылмаған тың сала ретінде танылады. Өзге тілді мектептерде қазақ әдебиетін оқыту мәселесін қарастырған зерттеу еңбектері, әдістемелік нұсқаулықтар, әдістемелік оқу құралдары аз. 2002 жылдардан бастап өзге тілді мектептердегі қазақ әдебиеті мемлекеттік тілде жүргізіліп келеді. Бұл – орынды бастама. Себебі әдебиет – халықтың тұрмыс-тіршілігімен, ұлттық санасымен, тілі, ділімен біте қайнасып кеткен тұтас дүние. Қазақ әдебиетін аудармамен оқыту әдебиетті сол қасиетінен аршып, «өзге тіл мен ділдің көйлегін кигізгенмен» бірдей қылады. Ал әдебиетті өзге тілді мектептерде оқыту мәселесін қарастыру қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде көп ізденістермен, жаңа зерттеу арналарына негіз болатын тың сала болып отыр. Бұл саладағы алғашқы қадамдар біз көрсеткен еңбектерден айқын танылады. Сондықтан қазақ әдебиетін қазақ мектептерінде оқыту мен өзге тілді мектептерде оқыту негізгі ұстанымдары мен әдістемелік бағыты жағынан бірбіріне ұқсас болғанымен, өзіндік ерекшеліктері бар екі бағдарлы жүйе деп санаймыз.

Психолог мамандар тіл үйренуде төмендегі қабілеттерді ерекше атап айтады. Олар: көру, сезу, есту. Тіл үйренуде естудің, сөйлеуде қабылдаудың орны ерекше. Өйткені, біздің байқауымызша, қай сыныпта болсын, оқушы ауызекі сөйлеуді тез меңгереді және өз қатарларымен тез тіл табысып сөйлеседі. Онда оқушылар дыбыстар мен сөздерді есту, сөйлеу арқылы қабылдап отырады. Бір-бірімен сөйлесу арқылы тілдің пайдалану жолын өздері-ақ меңгеріп кетуі мүмкін. Қазақ тіліндегі хабарлы сөйлем, лепті, сұраулы сөйлемдер екенін адамның сөйлеу мәнерінен, көңіл-күйінен білеміз. Мұны оқушы сөйлесу барысында, тілдің эмоциялық жағын, интонация ырғағын меңгеруі арқылы біледі. Ал әдеби немесе ресми тілде сауатты сөйлеп, мәтіндерді толық түсініп оқуы үшін әдебиет пәнінің рөлі үлкен екені белгілі.

Сөздік жұмысы әңгіме, өлең оқып, мақал-мәтел, жұмбақ жаттаумен байланысты. Осыған орай әр сабақта жаңа сөздерді, сөз тіркесін үнемі сөздік дәптерлеріне жазуын, жатталып отырылуын қадағалап отыру қажет. Әр сабақта игерілген жаңа сөздер ауызша, жазбаша сөзде үнемі қолданылып отырғанда ғана сөздік жұмыстары нәтижелі болады. Сөздікпен жұмыс

грамматикалық анықтамалар, жаттығу жұмыстарын, суретпен жұмыста, өлең, жұмбақ түсіндіргенде, сұрақтарға жауап бергенде де жүргізіліп отырады. Әр жаңа сабақта оқушы бірнеше жаңа сөздер үйренеді. Жаңа сөздерді кестеге жазған дұрыс болады, себебі, олар жаңа сөздің аудармасымен ғана танысып қоймайды, сонымен қатар сол сөздің синонимін, антонимін, омонимдерді тауып жазады.

Орыс мектебінде қазақ тілін үйрену әр сабақта жаңа сөздерді құрғақ жаттау емес, сол сөздердің мағынасын саналы түрде ұғынып, ауызша және жазбаша қолдана білу керек, үйреткен жаңа сөздерді оқушылар ұмытып қалмау үшін жаттығудың мынадай түрлерін орындатқан пайдалы:

1. Жаңа сөздерді оқыту.
2. Қиын сөздерді хормен оқыту немесе арнайы дискілер арқылы тыңдатып, қайталату.
3. Жаңа сөзді сөз тіркесі, сөйлем ішінде оқыту.
4. Ауызша сұрақ-жауапты қолдану.
5. Сол сөздерді қолданып, сурет бойынша сөйлем құрату.
6. Заттың өзін немесе суретін көрсетіп, аттарын атату.
7. Жаттығулар орындау.
8. Таратпа материалдар бойынша өзіндік жұмыс орындау.

Осындай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып келесі сабақтарда да әлденеше рет қайталау арқылы оқушылардың есінде ұмытылмастай мәңгі қалдыруға болады. Өйткені, ондай сөздерді дұрыс айта, жаза білу орыс сыныбында оқитын оқушыларға қиынға соғады, сондықтан бұл дыбыстарды әр сабақ сайын қайталап келудің еш артығы жоқ.

Тіл үйренушілердің қызығушылығын арттыруда мақал-мәтелдердің үлгілерін пайдаланудың маңызы зор. Мақал-мәтелдермен танысу және оларды білудің тәрбиелік мәні де жетерлік. Мақал-мәтелдер сабақтың түрлі кезеңінде және оқытудың барлық деңгейлерінде (бастауыш, орта, жоғары) тілдік дайындығы түрлі деңгейдегі оқушыларға пайдаланыла алады. Олар мұғалімнің алдына қойған мақсаты мен оқытудың аталған деңгейінде оқушыларда қандай қабілеттерді қалыптастыруды көздейтіндігіне байланысты.

Қазақ әдебиеті сабағында мақал-мәтелдерді пайдаланудың негізгі мақсаты:

1. Тілді үйренушілердің сөздерді дұрыс айту дағдысын қалыптастыру.
2. Кейбір грамматикалық құбылыстарды түсіндіру және бекіту.
3. Сөздік қорын кеңейту және байыту.
4. Сөйлеу әрекетіне ынталандыру.
5. Аударма қабілеттерін қалыптастыру.

Мақал-мәтелдер тәрбиелік жағынан да, оқушылардың сөздің қорын молайтуда да теңдесі жоқ мұра екенін мойындай отырып, қазақ әдебиеті сабақтарында олармен жұмыстың сан түрін жүргізуге болады.

Тіл үйрету үшін оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін, олардың зейінін, ойлау және қабылдау қасиеттерін жақсы білу керек. Оқушылардың қабылдауы мен ойлауында толып жатқан ерекшеліктері бар, сондықтан әр сабақта қай оқушы нені білетінін және соған көмектесу үшін не істеу керектігін анықтап, есеп жүргізген жөн. Сонда әр оқушыға жекелей қандай тапсырма беру керек, кіммен нендей жұмыс жүргізу қажет екендігін шатастырмай білесің. Әсіресе бұл білімі нашар балаға көп көмек береді. Оқушының жіберген қатесін дәптерге жазып және оның себебін анықтағаннан кейін, сол қатесін оқушы екінші рет қайталамау үшін соған қосымша жұмыс ұйымдастыру қажет. Мысалы, оқуға, жазуға үйрету барысында олар жеке әріптерді, дыбыстарды жаттайды да, олардың әрқайсысының мәніне көңіл бөлмейді, сөздерді дұрыс байланыстырып оқып, жаза алмайды. Сондықтан әрбір сөздің айтылуы мен жазылуын салыстырып, сөзді буынға, буынды дыбысқа бөліп, немесе, керісінше, дыбыстардан буын, буыннан сөз құрастыру арқылы үйретсе, сол сөзді оқушылар дұрыс жазып оқиды және есінде ұзақ сақтайды. Орыс сыныптарында оқылатын қазақ әдебиеті пәнінің көздейтін негізгі мақсаты – оқушыларды белгілі дәрежеде қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын, біреудің сөйлеген сөзін,

жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу болғандықтан, қазақ тілі сабағында ойын элементтерін кіріктіре отырып шығармашыл тұлғаны қалыптастыру мұғалімнің міндеті.

Әдебиеттер:

1. Біләлова. А. Шешендік өнер. //Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2010, №1.

2. Қозжанов Ғ.Т. Ерекектерге қазақ тілін оқытуда мәтінмен жұмыс жасау жолдары // Ересектерге қазақ тілін оқытудың тиімді әдістемелік жүйелері» атты республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары 08-09 тамыз. Астана, 2008.

3. Аяпова Т.Т. Кез келген ана тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде үйрету үрдісі //Қазақ тілі: әдістеме. №1 2009(21)

4. Құрманбаева Н.Ж. Текс теориясы және текстi талдау әдістемесі. Алматы, 2000.

5. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі . А.: Рауан, 1987. 52 б.

6. Жұмақаева Б., Ерхожина Ш. Өзге Тілді Мектептерде Қазақ Әдебиетін Оқыту Мәселелері // 6 th Eurasian Conference on Language and Social Sciences Samarkand State University Faculty of History, Faculty of Philology, Samarkand, Uzbekistan April 30 - May 1, 2019, 212-218 беттер

***А.Ш.Юсупова**, ф.ғ.д., профессор, Қазан қ., Ресей,*
Қазан федералды университеті
***Б. Молдағали**, PhD., қауымдас. профессор м.а.,*
***М.А.Иманқұлова**, PhD., постдокторант*
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

МЕТАПӘНДІК МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Метапәндік мәтіндер – бұл тек бір пән шеңберінде ғана емес, бірден бірнеше пәннің мазмұнын біріктіретін материалдар. Мұндай мәтіндер оқушылардың бір уақытта бірнеше пәндерден алған білімдерін біртұтас көзқарасқа біріктіруге көмектеседі, әрі ұлттық танымды қалыптасыру үшін негіз болады.

Метапәндік мәтіндердің негізінде оқушылардың бойында ойлау қабілетін, аналитикалық және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Метапәндік мәтіндерге көбінесе тарих, әдебиет, тіл, мәдениет және өнерге байланысты ақпараттар өзара біріктіріледі. Мысалы, қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармаларды оқытумен қатар, олардың тарих пәнімен байланысын да көрсетуге болады. Мұндай мәтіндер оқушыларға қазақ халқының өткені мен бүгінін түсініп, өз халқының мәдени ұлттық танымын арттырып, құндылықтарын құрметтеуге үйретеді.

Ұлттық таным – бұл ұлттың тарихын, мәдениетін және жеке басын ұжымдық түсіну мен түсінуді қамтитын маңызды ұғым. Ол бірегей дәстүрлер, мәдениет және тілмен сипатталатын ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жалпы алғанда, ұлттық білім тек ақпарат қоймасы ғана емес, сонымен қатар адамдарды ұрпақтан ұрпаққа берілген рухани мұра арқылы ата бабасымен байланыстырушы күш ретінде қызмет етеді.

Ұлттық танымның құрамдас бөліктері тарих, мәдениет және ғылым сынды жан-жақты [1, 79 б.]. Тарих ұлттың өткені туралы түсінік береді, оның жеке басын қалыптастырады және оның қазіргі және болашақ әрекеттері туралы хабарлайды. Мәдени элементтер, соның ішінде тіл, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар қоғамның қалыптасып, дамуына қызмет етеді. Сонымен қатар, ғылым ұлттық білімге үлес қосады, әлемді объективті түсінуді дамытады және жүйелейді, осылайша елдің инновациялар мен прогреске қабілеттілігін арттырады. Ұлттық танымның әрбір құрамдас бөлігі ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы элементтердің өзара байланысын күшейте отырып, белгілі бір ұлтқа тән белгілерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Білім беру барысында оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыру – білімді дамытудың және оқушылар арасында ұлттық бірегейлік сезімін нығайтудың іргелі тетігі ретінде қызмет етеді. Ұлттық тарихты, мәдени мұраны және ғылыми түсінікті білім беру бағдарламаларына біріктіре отырып, қоғамда жан-жақты ұрпақты дамыта алады. Мұндай білім беру тәсілі мәдени мұраны сақтап қана қоймай, сыни тұрғыдан ойлауға және ұлттық дискурсқа саналы түрде қатысуға бейімдейді. Сонымен қатар, оқыту сапасын арттыруға бағытталған ұлттық білім беру моделін әзірлеу өмір сүру деңгейін көтеру және ұлттық дамуды ілгерілету үшін қажет деп танылды. Білім беру арқылы адамдар өздерінің ұлттық ерекшеліктерін бағалауға, қоғамдағы жауапкершіліктерін білуге және өз қауымдастықтарына оң үлес қосуға мүмкіндік алады.

Сондай-ақ, ұлттық таным дегеніміз – адамның өз халқының мәдениетін, тарихын, рухани құндылықтарын және ұлттық ерекшеліктерін білу мен оны бағалай алуы. Бұл – адам бойындағы патриоттық сезімді, ұлттық мақтанышты оятатын маңызды аспект. Метапәндік мәтіндер арқылы ұлттық танымды қалыптастырудың негізгі әдістерінің бірі – ұлттық құндықтарға негізделген мәтіндермен жұмыс жасау. Ұлттық құндылықтарға негізделген мәтіндер халықтың ұлттық болмысы мен бітімін, ерекшеліктерін, мәдениетін ақпараттандырып, тіл арқылы ұсынып тұруы керек. Мұндай мәтіндерге фольклор, батырлар жырлары, тарихи әңгімелер, көрнекті қазақ тұлғаларының өмірбаяны және ұлттық құндылықтарды дәріптейтін шығармалар жатады. Мысалы, қазақ әдебиетінде Абай Құнанбайұлының шығармалары ұлттық танымды қалыптастыруда ерекше орын алады. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері қазақ халқының салт-дәстүрін, мінез-құлқын, ұлттық құндылықтарын және әлеуметтік болмысын бейнелейді. Абай шығармалары арқылы оқушылар өз халқына тән қасиеттеріді түсініп қана қоймай, өзіндік ұлттық ерекшелігін сезінеді. Өлеңдерін талдау барысында оқушылар оның поэзиясында көрініс тапқан рухани және адамгершілік құндылықтарды көреді. Сонымен қатар, қазақ фольклорының элементтері, мысалы, батырлар жырлары (мысалы, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр») оқушыларды отансүйгіштікке, ерлік пен қаһармандыққа баулиды. Батырлар жырларында халық арманы мен үміті, батырлыққа деген құрметі және жауға қарсы күрес суреттеледі. Мұндай мәтіндерді талау барсында оқушылар өздері үшін маңызды рухани-адамгершілік сабақ алады.

Ұлттық таным ұлттық құндылықтарды құрайтын екі жақты тілдік бірлік арқылы мәтіндерде беріледі. Біріншісі, рухани ұлттық құндылықтар болса, екіншісі материалдық ұлттық құндылықтар. Мәтінде рухани ұлттық құндылықтарды қазақтың жырлары, эпостары мен әдеби шығармалары, т.б. көрсетсе, материалдық ұлттық құндылықтар қазақтың ертеден қолданған қазақ үйі, қару-жарағы, киім-кешегі, музыкалық аспаптары, т.с.с. бұйымдары арқылы беріледі.

Академик Ә.Қайдар қазақ тіліндегі ұлттық болмысты білдіретін этнолингвистикалық арналарды көрсетеді: «1) Рухани дәстүрден, тіл табиғаты мен этностың дүниетанымынан мол хабар беретін ерекше құбылыстарды баламалар деп айтуға болады. Баламалардың жасанды, эвфемистік т.б. түрлері бар. Оларға перифразалар мен табу сөздер мысал болады: көмірді «қара алтын», комбайнды «дала кемесі», көлікті «темір тұлпар», найзағайды «жай, жасыл», жыланды «түйме» т.с.с алмастырып атау» [2, 497 б.]. Яғни, Ғалым көрсеткен ұлттық ерекшелікті көрсететін «ерекше құбылысты баламалардың» метамәтінде қолданылуы арқылы оқушының ұлттық танымын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Екінші арнаға тұрақты теңеулерді жатқызады. «2) Тұрақты теңеулер. Мәселен, қыздың жиған жүгіндей тіркесі әсем, көрікті, әдемі деген мағына береді. Ал тіркестің жасалымы қазақтағы қыз жасауы сынды салтқа қатысты болып тұр. Бес биенің сабасындай тұрақты теңеуі толық, семіз, үлкен деген мағынада жұмсалады. Бие, саба сөздері−халықтың ежелден келе жатқан жылқы шаруашылығындағы ұғымдар» [2, 497 б.]. Тұрақты теңеулердің ерекшеліктері халықтың айналысатын шаруашылығынан, ұлттық болмысынан, өмір-тіршілігінен, таным-түсінігінен хабар береді.

Үшінші арнаға фразеологизмдер кіреді. «3) Фразеологизмдер. Қағанағы қарық, сағанағы сарық болды − уайым-қайғысыз, шаттыққа бөлену. «Қағанағы қарық» - уызы көп, жеткілікті, «сағанағы сарық»- керегесі сары, алтын сияқты дейтін көнерген сөздерден құралған. Уыздай жас, уызында жарыды сынды тұрақты тіркестерден де ұлттық тағамның тұрмыстағы пайдасынан бөлек, тілдік санадағы маңызын аңғарамыз. Ал кереге - көшпелі қазақтың баспанасының, яғни материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі» [2, 497 б.]. Қай тілде болмасын фразеологизмдер сол тілде сөйлеуші адамдардың ұлттық-мәдени болмысын айқындайды. Демек тұрақты сөз тіркестерінде де халықтың пайымындағы құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік тарихи-фактілер жинақталған.

4) Мақал-мәтелдер. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» мақалы қазіргі қоғамда жиі айтылатын, тәлім-тәрбиенің негізін айқындайтын мақал. Әуел баста тек саятшылар арасында өзара айтылатын сөз болған деседі. Жеті қазынаның бірі−бүркіт балапандарын қоректендіргенде, мүмкіндігінше айналасындағы барлық аң-құстарды алдарына салуға тырысады. Өз кезегінде балапаны қыран болғанда, «ұясында дәмін татқан» аңдарды көп ілетін болады. Ал мақалда ауыс мағынасында отбасыдағы ата-анасының әрекеті баланың мінез-құлқын, өмір сүру салтын қалыптастастырады» [2, 497 б.]. Мақал-мәтелдер – білім алушыларға сіңіретін бірден-бір ұлттық құндылық. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан өмірлік тәжірибе мақал-мәтелдерден айқын көрініс тапқан. Білім беруде мақал-мәтелдерді қолдану кең тараған. Алайда, метапәндік мәтіндерде «халық айтты» деген нақыл сөз формасында қолдану мүмкіндігі бар. Мақал-мәтелдерді ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ұлттық танымнан хабар беретін сыйымдылығы жоғары, мәні терең тілдік бірлік ретінде қолдануға болады.

5) Жұмбақтар. «Ұлттық таным-түсініктегі сөздерді жасыратын жұмбақтарды мәдени болмыстан хабардар адамның таба алары анық. Мысалы, «Айдалада қу қазық, мергеншіге жол азық» деген жұмбақ бар. Жұмбақтың жауабы қоян екенін табу үшін қазақы түсініктен хабардар болу шарт. Негізінен жұмбақтар мен олардың шешімі ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан білім көзі десек те артық кетпейміз. Себебі жұмбақтарда бір құбылыстың немесе заттың атауынан бөлек халықтың өмір сүру жағдайы мен өзіндік білімі жасырылған [2, 497 б.]. Қазақ тіліндегі жұмбақтар халықтың тұрмыс-тіршілігінен, қолданған бұйымдарынан хабар береді. «Ай далада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау» деген жұмбақтың өзінде «отау», «ақ отау» сөздері мен тіркестің мағынасының экспрессивтілігі жоғары. Жұмбақтарды білім беруде қолдану оқушылардың сын тұрғысынан ойлауына ықпал етеді. Алайда, метапәндік мәтіндерде ретіне қарай сирек қолданылады.

Ең соңғы алтыншы арнаға ауыз әдебиетінің түрлері жатады. «6) Ауыз әдебиетінің үлгілері: нақыл сөздер, салт-дәстүр, наным-сенім, әдет-ғұрыпқа қатысты аңыз әңгімелер, т.б.» Олардың ерекшелігі орта және кең көлемді мәтін, баяндаулар түрінде кездесетіндігінде. Мәселен, Жетіқарақшы және Темірқазық жұлдыздарына қатысты сақталған ертегінің нұсқалары бар. Этнолингвистиканың объектісі ретінде жұлдыз атауын да, ертегінің мәтінін де жатқыза аламыз [2, 497 б.]. Сондықтан белгілі бір аңызға негізделген мәтіндердің де оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыруға септігі зор. Метапәндік мәтіндерде «Темірқазық» жұлдызына қатысты аңыздардан ақпарат бере отырып, астрономия ғылымымен де байланыстыруға жол ашады.

Мектеп тәжірибесінде әдебиет және тарих сабақтарында ұлттық құндылықтарды дәріптейтін мәтіндерді жиі пайдалану ұлттық танымның қалыптасуына ықпал етеді. Әдебиет пәнінде қазақ халқының тарих сабақтарында ұлттық құндылықтарды дәріптейтін мәтіндер жиі пайдалану арқылы ұлттық таным дамиды. Әдебиет пәнінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне байланысты шығармаларды оқыту кезінде мұғалімдер оқушыларға тарихи деректер мен әдеби образдар арқылы ұлттық болмысты таныстырады. Мысалы, әдебиет сабағында «Ер Тарғын» жырын оқу барысында оқушылар қазақ батырларының мінез-құлқын, отанға деген сүйіспеншілігін, ұлттық рухты сезіне алады. «Ер Тарғын» жыры арқылы оқушылар қазақ қоғамының батырлық дәстүрін, ерлікке деген құрметін және патриоттық сезімін тереңірек түсінеді. Тарих сабақтарында қазақ хандықтарының құрылуы,

олардың өзара қарым-қатынасы және тәуелсіздік жолындағы күресі туралы мәтіндер оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын арттырады, әрі ұлттық мақтаныш сезімін оятады. Сондай-ақ, қазақ халқында ежелден қалыптасқан «мәңгүрт» ұғымында тарихи, әдеби мән жатыр. Себебі, «мәңгүрт – бұл өз тарихын, мәдениетін, тілін және ұлттық құндылықтарын ұмытып, бөтен мәдениетке толықтай бейімделген адам. Мәңгүрттік ұғымы көбінесе адамның өз ұлттық болмысынан айырылуын, рухани құндылықтарын жоғалтуын білдіреді»[3, 505]. Оқушыларға Ш. Айтматовтың шығармасын оқыту арқылы, «мәңгүрт» тақырыбын талдап, тарихи, әдеби пәнаралық байланыс арқылы тілін білмеген, ұлтын білмеген адамның хәлі қиын екенін түсіндіруге болады. «Мәңгүрт» идеясы Орта Азияда орын алған тарихи, трагедиялы оқиға ретінде танымал. «Өмірде қай халық болса да ұлттық идеясыз, дінсіз және салт-дәстүрсіз болашағы бұлдыр» [4, 1 б.] болатындығы тарихшы ғалымдарға да белгілі.

Оқушылар арасында осындай ұлттық мәтіндерді талқылау, олардың маңыздылығын түсіну мақсатында ұйымдастырылған шығармашылық жұмыстардың нәтижесі оқушылардың ұлттық мәдениетке, тарихқа деген құрметін арттырады. Сонымен қатар, бұл тәсіл арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеті дамиды, себебі олар мәтіндерге өз көзқарасын қалыптастыруға және ұлттық құндылықтар туралы өз ойларын ашық айтуға үйренеді, «оқушылардың оқу мотивациясын ұлттық білім арқылы» [5, 23 б.] жетілдіруге қол жеткізеді.

Мектепте ұлттық тақырыптағы метапәндік мәтіндер арқылы эссе жазу, пікірталас өткізу, шығармашылық тапсырмалар беру оқушылардың ұлттық танымын күшейтіп, өз халқының тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттырады. Мысалы, қазақ халқының тарихи тұлғалары туралы, олардың ерлігі мен еңбегі жайлы жазылған эсселер оқушылардың өз халқына деген мақтаныш сезімін қалыптастырады.

Метапәндік мәтіндер оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар ұлттық мәдениетті, рухани құндылықтарды жеткізу арқылы оқушылардың бойына отансүйгіштік пен патриоттық сезімдерді сіңіреді. Бұл әдіс білім беру процесін байытып қана қоймай, сонымен қатар әрбір оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді. Ұстаздарға ұлттық құндылықтарды дәріптейтін метапәндік мәтіндерді қолдану ұсынылады, өйткені бұл оқу процесінің сапасын арттырып, оқушылардың ұлттық болмысын түсінуіне жол ашады.

Ұлттық танымды оқыту әлемдік жаһандану үдерісімен астасып, ерекше қарқындылықпен назарға алынып жатыр [6]. Әр халықтың, ұлттың болашағы сыналған бұл кезеңде қазақ халқының да танымдық ерекшеліктерін қазақ тілі мен әдебиетінен басқа ғылымдармен байланыстыра оқыту аса маңызды. Осы тұрғыдан алғанда метапәндік мәтіндердің функциясы ерекше. Сондықтан болашақ ұрпаққа сапалы білім мен ұлттық танымды метапәндік мәтіндер арқылы оқыту өзінің қажеттілігін көрсетіп отыр.

Мақала Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен бірлесіп халықаралық ғылыми жобаларды жүзеге асыруға арналған гранттық қаржыландыру (28.05.2024 жыл № 05-04/377) «10-11 сынып оқушыларына арналған метапәндік байланыстағы мәтін талдау әдістемесі: ұлттық құндылықтар аспектісі» атты ғылыми жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер:

1. Д. М. Куриленко. Самосознание и национальное самосознание в юношеском возрасте. Образование, педагогика. Педагогика, методика, психология. Выпуск 43 (113). С.79-81. elib.psu.by/bitstream/123456789/36360/1/79-81.pdf

2. Ә. Қайдар. «Қазақтар ана тілі әлемінде» (Этнолингвистикалық сөздік) Адам. – Алматы: Дайк-пресс, 2009 – 784 б.

3. The Concept of "Manguurt" in Ethnography and its Literary Transformation. IJournal of Ecohumanism Том 3, Выпуск 7, 2024. Страницы 503 – 510. Процентиль – 42. DOI: https://doi.org/10.62754/joe.v3i7.4222

4. *Еңсенов Қ. Ұлттық тарихи таным және сана мәселесі. , https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8911*
5. *Дәулетбекова, Ж. Т. Оқушылардың оқу мотивтері - сапалы білім негізі: оқу құралы / Ж. Т. Дәулетбекова. - Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2001. - 170 б.*
6. *Das, Prasenjit. Teacher Education in the Light of National Education Policy-2020 // Disha international publishing house*. - 2023 – P. 64-72. DOI:10.5281/zenodo.8332390.

Даулетова Диана.,[1] Нұрмұхан Зарина [2]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты,
[2]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 1- курс магистранты

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУҒА ДЕГЕН ҚҰШТАРЛЫҒЫН ОЯТУДЫҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

Әдебиет сабақтары арқылы білім алушылардың оқырмандық қызығушылығын тәрбиелеу олардың көркем шығарманы көркемдік қабылдауын жан-жақты даму бағытында жүзеге асырылатын күрделі процесс. Өмірді танудың ерекше құралы ретінде бұл пәнінің оқушының әдеби шығармаға деген сүйіспеншілігін оятып, оқырмандық мәдениетті қалыптастыруда маңызы зор. Оқу мәдениеті қалыптасқан оқушының кітаппен кездесуге деген құлшынысы артып, өз бетімен оқуға, талдауға дағдыланады.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша, оқушының ықыласы мен орта жастағы оқушылар арасындағы оқырмандардың қызығушылық деңгейі соңғы жылдары төмендеді. Бұл тұста әдебиеттерді оқуды оқушылар мәжбүрлі, қызықты емес үй тапсырмасы ретінде қарастырады. Қазір мектепте саналы оқуға деген қызығушылықты жандандыру маңызды мәселе. Бұл оқу құзыреттілігінің негіздерінің бірі ғана емес, сонымен қатар оқушының жеке басын қалыптастыру мен дамытудың маңызды құралы болып табылады. Оқу дағдыларын қалыптастыру жүйесі, әрине, икемді болуы керек және жазушының көркемдік әдісіне бейімделуі керек.

Оқу және оқу дағдыларын зерттеу мәселелерімен көптеген зерттеушілер, әдіскерлер және мұғалімдер айналысқан, сабаққа қатысушылар тізім бойынша білім алушылардың оқу мәдениетін жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар жасаған. Оқушылардың көркем шығармалардан алшақтату себебіне мынадай факторларды да атап көрсетеді: - БАҚ-тағы ақпараттық жүктеме (шығармашылық және зияткерлік белсенділікті жояды); - отбасындағы балаларды тәрбиелеу; қызық сюжеттің жоқтығы, т.б.

Оқырмандық қызығушылықты қалыптастыруда оқудың маңызы, атқаратын қызметін де ескеруіміз керек. Бұл жағдайда оқудың негізгі функциялары жөнінде ғалымдардың қызметтерді топтауын еске түсіреміз. Ежелгі грек елінде Сенека оқудың оқу, танымдық, релаксация сияқты оқу функцияларын бөліп көрсетті. Ол оқуда бір-бірімен тығыз байланысты және өзара әсер ететін екі тарапты көрді: репродуктивті және шығармашылық. Репродуктивті оқу жинақталуға әкеледі, ал шығармашылық оқу оқуды өз ойларына айналдыруды қамтиды. Кейінірек М. Монтень оқудың негізгі функциялар ретінде ойын-сауық және танымдықты атады. Ф. Бэкон коммуникативті-танымдық функцияны ерекше атап өтті. Бұл оқудың басты мақсаты – ақыл-ойды басу емес, оны насихаттау. Өзге де зерттеушілер оқудың бірнеше функциясына тоқталды: коммуникативті-танымдық, мемориалдық, тұрақтандырушы-нормативтік. Сонымен қатар қоғамның мүшесі ретінде тұлғаны қалыптастырумен байланысты оқудың түзету функцияларының тобына идеологиялық, беделді, білім беру және кәсіби функциялар, иллюзиялық-компенсаторлық және библиотерапиялық функциялар кіреді. Аталған оқу функцияларына қарап, оның

құбылыс ретіндегі ауқымдылығы, сондай-ақ оқудың жеке тұлғаның және жалпы қоғамның дамуына әсерінің жан-жақтылығы туралы айта аламыз [1, 35-36 бб.].

Оқудың функциясымен таныс болғаннан кейін, оқытуды жүзеге асыруа қандай әдістер қолданатын да атап өту маңызды. Оқу әдістері – бұл адамның мәтіндегі мағынаны табу үшін қолданатын нақты шеңберлері мен әрекеттері. Мысалы, салыстыру және контраст әдісін қолдану белгілі бір идеялар немесе кейіпкерлер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды байқауды қамтиды. Шығармадағы себеп-салдарлық байланыстарға назар аудару оқушыға сюжеттің бір құрамдас бөлігінің екіншісімен қалай байланысатынын түсінуге немесе мәтіндегі кейіпкердің эмоционалдық жағын бақылауға көмектеседі. Оқушыларыңызды бір-бірімен талқылауға және олардың әңгіме элементтерін талдауға мәжбүрлейтін мәтіндерді табу қажет. Мәтіндерді табу үшін оқушылардан сүйікті кітабымен бөлісуді және олардың таңдауын оқулықтағы ұсыныстармен сәйкестендіруді сұрауға болады.

Жасына сәйкес медианы көрсету де әдебиетке деген қызығушылықты оятудың бір әдісі. Бірнеше бұқаралық ақпарат құралдарын ұсыну оқушының қызығушылығын және оқу процесіне деген жалпы қызығушылығын оятуы мүмкін, бұл оларға болашақ кітаптарды талқылау және тапсырмаларды орындау үшін пайдалану үшін сыни әдеби дағдыларды дамытуға көмектеседі. Бастауыш және орта мектеп оқушылары көркем шығарма желісі бойынша түсірілген мультхикаяны, ал орта мектеп оқушыларына көбінесе әлеуметтік желідегі әлем әдебиеті шығармаларын талдаған эфирлер мен подкасттарды көруді ұсынуға болады. Сондай-ақ олардың түсінігін арттыру үшін сыныптағы кітаптың медиа бейімделуін көрсетуге болады.

Көркем мәтіндегі маңызды тақырыптар мен тақырыптарды суреттеу үшін диаграмманы, графиканы немесе сызбаны пайдалануға болады. Мысалы, бір ұғымды әртүрлі шеңберлерге жазып, оларды сызықтармен байланыстыру арқылы бір ұғымды екіншісіне қосу үшін блок-схеманы бере аламыз. Сондай-ақ, оқушыларға сабақ барысында мәтіннен белгілі бір көріністі немесе кейіпкерлерді салуға тапсырма беріп, содан кейін сыныпта неліктен көріністі белгілі бір түрде бейнелегенін немесе бір суретті екіншісінен артық таңдағанын талқыға салуға болады. Көрнекі түрде үйренетін немесе көркемдік мәнерлілікті ұнататын студенттер әдебиетті меңгерудің осы стратегиясынан ерекше пайда көруі мүмкін.

Көркем пығарманы эмоциялық сезіммен, бар қасиет-құнарымен терең қабылдау оның барлық бөлшектерін өзара тығыз бірлікте алып қарастырғанда ғана нәтижелі болады. Бұл сабақта шығарманы жан-жақты талдау және жинақтау арқылы жүзеге асырылатын күрделі процесс. Әдеби шығарманы көркемдік болмыс-бітімін барынша кеңірек қамтитын талдаудын түрлері аз емес. Солай бола тұра талдау түрлерінің барлығын бірдей оқырмандардың қызығушылығын, әдеби-эстетикалық даму деңгейін, жеке психологиялық ерекшеліктерін жетік білмей тұрып, түпкі нәтижені көздейтін белгілі бір мақсатқа бағындырмай, талғаусыз пайдалануға тағы да болмайды [2, 27 б.].

Көркем шығарманы талдаудың басты мақсаты – оқырмандыққа тәрбиелеу болғандықтан, бұл процесс те талданатын шығарманы алуан түрлі ыңғайда қарастыруды талап ететіндігі заңды. Талдау түрлерінің көптігі де осыған байланысты. Дегенмен, әдебиеттанушылардын, педагог-психологтардың, әдіскер ғалымдардың, мектеп мұғалімдерінің шығарма талдау барысында жиірек жүгінетін бірнеше талдау әдістері бар. Бұған образды талдау, проблемалы талдау, тұтас талдау, тақырыптық талдау, эстетикалық талдау т.б. әдістері жатады. Әдебиет оқытушысы тандап алған мақсатына сай, осы әдістердің өзі қолайлы деп тапқанын оқушылардың көркемдік қабылдауын тереңдету үшін пайдаланады. Аталмыш әлістердің әрқайсысынын өзіне тән ерекшеліктері, артықшылықтары, ұтымды жақтары бар. Мұғалім сабақ үстінде бұл әдістердін қайсысы ұтымды екендігін қалай анықтайды? Бұл жерде пән мүғалімі оқушы-оқырманның сабақ барысындағы психологиялық көңіл-күй әуеніне, психикалық тілек-әрекеттеріне, ең бастысы – қызығушылығына арқа сүйейді. Тандап алынған әдіс шығарма талдау процесінде оқушының қызығушылығын жетелеуге, сол арқылы оның ойын дамытуға қызмет ету керек.

Оқушынын шығарма оқиғасына, жекелеген адам образдарына, көркем дүниенің өзге де бөлшектеріне қызығушылығы мұғалім тарапынан бақылауды, жүйеге салуды оны сабақ мақсатына сай бағыттап отыруды талап етеді, себебі көркем мәтінді қызығушылықпен, эмоциямен қабылдау ғана көркемдік қабылдаудың тереңдеуіне негіз болады. Әдіскер-ғалым Т.Ақшолақов бұл жөнінде: "…Оқыту процесінде көбінде рационализм бар да, эмоционалдық көлеңкеде қалады. Осы екеуі оқыту процесінде қатар жүрмесе, әдебиет өзінің ерекшелігінен, дүниетанымдық қасиетінен айрылады",-дей келіп, көркем мәтінмен жұмыс жүргізуде оқушы бойындағы психикалық әрекеттерді де тынықтырып отырмайынша әдеби білім беру мүмкін еместінін ерекше атап көрсеткен [3, 47 б.]. Ұстаздың тиімді талдау әдісін таңдап алуы сабақта жүзеге асырсам деген мақсатына және соған лайықталып, нақтыланып берілетін білім көлеміне тікелей байланысты. Шығарма талдау үшін қандай әдіс таңдап алынса да, оқушы бойында сол әдісті жұмыс үстінде қолдана білу қабілетін қалыптастыру ісі қатар жүргізіледі. Айталық, сабақтың мақсаты оқушылардың жазушы суреттеген өмірдені алған әсерін байыту болған жағдайда, мұғалім оқушы бойында шығармадағы сөзбен салынған суретті, көркем картинаны елестете, көре білу сияқты аса күрделі қабілетті қалыптастыру үшін әрекеттенеді. Сонымен бірге,шығарманың жекелеген немесе түтас көріністерін, болмаса есінде қалған кез-келген бір кіші бөлшектерін елестету арқылы көру қабілетін дамыту бағытында жүйелі түрде тапсырмалар беріледі.

Қорыта келе, мектепте оқырмандық қызығушылықты қалыптастырудың әдістемесі біршама зерттеліп, түрлі әдістер де ұсынылған. Тек сабақ мақсаты, шығармада көтерілген мәселе, идеясына қарай әдістерді түрлендіріп қолдануға болады. Оқушылардың бойында шығарма кейіпкерлерінің сезімдік әлемін қабылдау және осы мәселеге автордың көзқарасын, қатынасын көре білу қабілеттерін дамыту оқырмандық қабілетті тәрбиелеудегі негізгі әрекеттердің бірі десек, өзге де әдістер қосымша жүріп, ойды, мақсатты тиянақтай түседі. Көркем шығарманы біліктілікпен талдау еркін шығармашылық процесс болғандықтан, қай әдісті пайдалансақ та жұмыс барысында өзгеріске түспей тұрмайды. Егер әдебиет мұғалімі терең шығармашылықпен айналысатын түсінік иесі болса, талдау сабақтарын өнер дәрежесіне көтере, қызықты етіп ұйымдастыра алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мелентьева Ю.П. Функции и модификации чтения. "Библиография". Научный журнал по библ. И книговедению. 1(384), январь-февраль, Москва., 2013 г.160 с.

2. Тамаев А. Әдебиет сабақтарында жоғарғы класс оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру: пед.ғыл. Канд. ...дис.. / А.Тамаев; Абай атын. Алматы мемл. ун-ті; ғыл. Жет. Қирабаев С.С. - Алматы:1995. - 170 б

3. Ақшолақов Т.Қ. Көркем шығармаға талдау жасау. А., Мектеп, 1993. - 192 б.

Нұртаева Айым

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
1-курс магистранты

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАСАУДА ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

Жасанды интеллекттің дамуы қазіргі әдебиет саласына айтарлықтай әсер етуде. Ол белгілі бір деңгейде мәліметтерді өңдеп қана қоймай, шығармашылық жұмыстарды орындауға да қабілетті. Бұл оқыту процесінде жаңа мүмкіндіктерді ашып қана қоймай, әдеби шығармалардағы авторлық құқық, құндылықтарды жеткізу және этикалық мәселелер деген де сұрақтар туындайды.

Бұл мақалада жасанды интеллект жасаған әдеби шығармаларда мазмұнды жеткізу ерекшеліктері мен олардың мәдениет пен қоғамға тигізетін әсерлері қарастырылады. Әсіресе, құндылықтарды білдіру, авторлық құқықты сақтау және этикалық нормалар төңірегінде туындауы мүмкін деген сұрақтарды талқылайды.

Жасанды интеллект арқылы жасалған әдеби шығармалар соңғы жылдары ерекше қызығушылық тудыруда [1]. Бұл құралдар адамның суреттеуіне байланысты поэзия, проза және драмалық жанрларда мәтіндер құрастыра алады. Бұл үрдістің басты ерекшеліктеріне мазмұнды автоматты түрде құру, эмпатияның болмауы, шығармашылық процестің ерекшелігі, авторлық құқық мәселелері. Жасанды интеллект көптеген мәлемттер базасын талдайды. Солардың ішінен мәтіндерді саралай отырып, мазмұндас мәтіндерді дайындайды. Керек жерінде адамның басқаруымен толықтырулар енгізіп, дайын өнімді ұсына алады. Жасанды интеллект алгоритмдері адамдар сияқты сезімдерді әзірге түсіне алмауы мүмкін. Сол себепті, жасалған шығармаларда эмоциялардың тереңдігі мен мән-мағынасы жеткіліксіз болып тұрғандай көрінуі мүмкін. Дегенмен, толық суреттеу арқылы, өзіміз мазмұндық жүйесін реттейтін мүмкіндігіміз болғандықтан, жасанды интеллект құралдарына өзіміздің суреттеуіміз бен әңгімелеуімізге қатысты дайын шығармашылық жұмысты ала аламыз. Осы орайда шығармашылық процестің ерекшілігін атап, жасанды интеллект жасаған шығармашылық жұмыс адам шығармашылығына қарағанда тез, әрі жылдам орындалатынын атап өтуіміз керек. Жасанды интеллект жауаптары барлық ақпарат көздерінен жасалған қорытынды болғандықтан, оның ұсынатын ақпараты авторлық құқықты толықтай сақтайды. Жасанды интеллект арқылы жасалған әдеби шығармалар соңғы жылдары ерекше қызығушылық тудырды. Алгоритмдер поэзия, проза және драмалық жанрларда мәтіндер құрастыра алады. «Қобыланды батыр» жырында кездесетін батырлық пен ерлік секілді тақырыптар қазақ қоғамының құндылықтарын айқын жеткізеді. Жасанды интеллект арқылы ұзақ шығармаларды шағын, мазмұнды етіп, компрессинг әдісімен ұсына алады.

Жасанды интеллект жасаған әдеби шығармалардағы құндылықтарды жеткізу бірнеше мәселелерді қамтиды. Олардың ішіндегі ең маңыздысы — жасанды интеллекттің адамдық құндылықтарды қалай түсініп, бейнелейтіні. Шығармашылық жұмыстарында біздің сұранысымызға қарай мәдени контекстті ескеріп, моральдық дилеммаларды туындатпай шығарманың мазмұнын реттей алады. Ескере кететін жайт, біздің сұранысымыз нақты, әрі толық болу керек. «Абай жолы» романындағы қонақжайлылық пен әлеуметтік қатынастар қазақ халқының ерекше құндылығы болып табылады.

Ал жасанды интеллект алгоритмдері мұндай мәдени контекстті дәл жеткізуге біздің сұранысымызға байланысты игере алады. Жасанды интеллекттің әдебиет саласындағы рөлі – ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту. Әдеби шығармаларда мәдени контекстті жеткізу үшін жаңа құралдар ретінде қарастырылады [2].

Жасанды интеллект жасаған шығармалардың этикалық аспектілерін қарастыратын болсақ, мазмұнының көпжақтылығы, әлеуметтік жауапкершілік, авторлық құқықтың сақталуы сынды жақтардан қарастырайық. Жасанды интеллект базасы шексіз болғандықтан, оның ақпаратты бірнеше тілде іздеуге мүмкіндігі бар. Шексіз базадан алынатын ақпарат жан-жақты талқылаудан өтеді. Жасанды интеллект жасаған әдеби шығармалардың этикалық жақтары тек технологиялық емес, сонымен қатар адамзат мәдениеті мен моральдық құндылықтарына байланысты мәселелерді қамтиды.

Жасанды интеллект арқылы жасалған әдеби шығармалардың болашағы үлкен мүмкіндіктер мен маңызды сұрақтарды қамтиды. Бұл технологияның дамуымен бірге шығармашылық процесстердің жаңа түрлері пайда болуда. Болашақта жасанды интеллекттің шығармашылық саласы кеңейіп, жаңа әдеби жанрлардың қалыптасуына мұрындық болатынына, түрлі шығармашылық жұмыстарды өңдеуде жасанды интеллекттің рөлі арта түсеріне, әрбір оқырманның талғамына сай шығармаларды ұсынуға мүмкіндік беріп, оқырмандардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырады деген үміттемін. Алгоритмдер оқушылардың деңгейіне сәйкес мазмұн ұсына алады, бұл әдеби білімді қолжетімді етуге

көмектесіп, жасанды интеллект жазушыларға шығармашылық процесінде көмекші құрал ретінде қызмет етеді деген сенімдемін.

Жасанды интеллекттің әдебиет саласына енуі мәдениет пен технологияның жаңа байланысын қалыптастыруда. Болашақта жасанды интеллект көмегімен жасалған әдеби шығармаларды этикалық бақылау жүйесін енгізіп, жасаған шығармалардың мәдени контексті мен құндылықтарын терең зерттейді деген үміттемін. Жасанды интеллект әдебиет саласындағы жаңа мүмкіндіктерді ашып қана қоймай, сонымен қатар болашақ мәдени және шығармашылық дамуға әсер ететін маңызды құрал болып табылады. Осы бағытта қоғамның, ғалымдардың және заң шығарушы органдардың бірлесе әрекет етуі қажет.

Әдебиеттер:

1. Иванов С.В., Петрова А.И. «Литературные произведения, создаваемые искусственным интеллектом: проблемы выражения ценностей»// Уральский федеральный университет (Екатеринбург, Ресей).-2020- ISBN: 978-5-7996-2997-7- 12 б.

2. Сейітов А.М., Қалиева Б.Қ. «Қазақ әдебиеті және жасанды интеллект: жаңа мүмкіндіктер мен мәселелер» // «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығы, Алматы, Қазақстан.-2022- 8 б.

3. Ахметов Т.Е., Жұмабекова С.М. «Мәдениет және инновация: Жасанды интеллекттің рөлі»// «Тұран» университетінің баспасы, Алматы, Қазақстан. -2021- 34 б.

Е.Б.Сламбаева

№149 жалпы білім беретін мектептің педагог-зерттеуші

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІН, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Мектеп білімі – оқушының тұлға болып қалыптасуының қайнар бұлағы. Мектепте оқытылатын әр пәннің өз мақсатына сай арқалаған міндеттері болады. Барлық пәннің мақсаты оқыта отырып тәрбиелеу болса, сонымен қатар тұлғаны әлеуметтендіретін жан-жақты қабілеттерін ашуда әрқайсы әрқалай әрекетке түседі. Сол сияқты, қазақ тілі мен әдебиеті пәні ұстаздарының алдына оқушыны адамгершілікке тәрбиелеу, ұлттың рухани санасын қалыптастыру, әсемдікке баулу, шығармашылық қабілеттерін арттыру, ой-өрісі мен сөздік қорын, тілін дамыту міндеті қойылған.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау, интеллектін байыту» – деп атап көрсетеді.

Заманауи білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата - ана үлгісі» деп Ы. Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру ерте жастан бастау алады. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Бұл орайда ұстаздарға артылар жүк орасан. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру барысында, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Білім саласында әлемдік деңгейге жету үшін оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, оны тиімді қолдану арқылы терең білімді, шығармашыл жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Бүгінгі ұрпақ санасы, талғамы мен талабы мүлдем басқаша. Смартфонның құрығына түскен жасөспірім шынайы өмірден алшақтап, виртуалды әлемнің тұзағынан босай алмауда. Бар санасымен өзге әлемді отыратын жастар шынайы өмірдің болмашы қиындықтарына шыдамай, ашушаңдыққа, адами қасиетке мән бермеуге бейім. Тұлғаны адамдыққа баулудың негізгі жауы – еріншектік пен бейқамдық бүгінгі ұрпақтың серігіне айналған. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген халық мақалына сүйенсек, бұл қоғам болып алаңдайтын мәселе. Дегенмен мемлекет те әреетсіз отырған жоқ. Жан-жақты ойластырылған түрлі бағдарламалар, ұосымша орталықтар, мектептен тыс жұмыстар, түрлі бағыттағы үйірмелер мен спорттық секциялар әлеуметтік серіктестік аясында жүзеге асырылып жатыр. Тиісінше нәтиже де жоқ емес.

Бірақ, жоғарыда тізбектелген кедергілерден алып шығар бабалар сусындаған көркем сөз, тіл өнері, яғни әдебиет пәні болмақ. Халықтың асыл мұрасы – Әдебиет, тәрбие мен ұлттың ұстанымын көрсетер, салты мен дәстүрін, тарихы мен шежіресін шертетін қайнар бұлақ. Өскелең ұрпақты елжандылыққа жетелер, жас ұрпақ кеудесіне мақтаныш пен құрмет сезімін ұялатар, еңбек пен әрекетке баулып. Адамгершілік нұрын сыйлайтын ерекше пән де осы – әдебиет.

Сондай-ақ ұлтымыздың ерекшелігі мен мол мұрасын жинақтаған қазақ әдебиеті пәнін оқытуда бір ғанибет. Әдебиет пәні арқылы қазақ халқының салт -дәстүрі, түсінігі мен ерекше тәрбиесін, халқымыздың керемет дүниесін таныстыруда көркем шығарманы талдату, ізденіске жетелей отырып үйретуді қолға алдым. Шығарманың айтар ойын айқындамас бұрын үйге алдын ала тапсырма беруге тырысамыз, талдауға байланысты туындайтын кейбір сұрақтарға оқушылармен бірге түсінік берсек, кейде бағыт бере отырып өздеріне жол көрсетемін.

Жалпы, әдебиет пәнінің мақсаты - көркем шығарманы оқыту барысында оқушының қызығушылығын оята отырып, оқушы бойында іздену, өз бетімен білім алуға жетелеу. Бұл орайда ұстаз алдына қойылатын міндет: дұрыс оқыту технологиясын таңдай білу. Әдебиет пәні оқытатын кез келген көркем шығарма халқымыздың терең тамырлы ұлттық болмысына, ұлтқа тән мінезіне, қазақы қарым – қатынас мәдениетіне, сөйлеу әдебіне, танымдық болмысына, әлеуметтік тұрмыс жағдайына байланысты салт–сана дәстүріне толы. Осы қазыналы құндылықты оқушы санасына жеткізу үшін ұстаз үнемі іденісте жүрумен қатар, әр туындыны түсіндіру барысында неге басты назар аудару қажеттігін біліп, сабақ жоспарын да сәйкестендіріп құрастыруы тиіс. Оқушыны көркем шығарма оқуға қызықтыру үшін алдымен күнделікті тақырыпты баланың жүрегіне жеткізу жолын біліп алған дұрыс. Өз сабақтарымда мен кез-келген шығарманы қазіргі заман талабына сай бейімдеп, ең ұтымды, яғни қызықты немесе өтімді тұсынан бастаймын. Қазіргі кезде өмірімізге енген «лид» сөз әдісін сабағымда қолданып, оқушылардың көркем шығармаға деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік алдым. Және мейлінше тақырыпты сығымдап, жинақы жеткізу арқылы да қазіргі оқушыны өзіңе жіпсіз байлауға болатынын ұқтым.

Бүгінде жан-жақты өзгеріске ұшыраған қоғам дамуы жеке тұлғадан да жан-жақтылықпен ұшқыр ойды, жылдамдық пен бәсекеге қабілеттілікті талап етуде. Сондықтан, шәкірттің жеке тұлға ретінде дамуына ұстаздың өткізген әрбір сабағы шешуші рөл атқарады. Оқушы білімінің сапалы болуы ұстазының дәріс беру шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді пайдалана білуіне, яғни кәсіби құзіреттілігіне тікелей байланысты. Оқушы үшін мектепте оқытылатын әрбір пәннің орны ерекше. Ал оқушының пәнге қызығушылығын арттыру үшін әр сабақты дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық шеберлікті үнемі ізденістермен жаңартып отыру әр ұстаздың міндеті болу керек. Демек,

- Оқытушы күнделікті сабақты ерекше өткізіп, әсіресе сабақтың кіріспе бөлімінің өзгеше ұйымдастырылуы, бұрын соңды болмаған ойын түрлерін қолдану, тренингтер, суретпен

тақырыпты анықтау, проблемалық оқыту, өмірмен ұштастыру, әрбір оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасауға;

- Күрделі тақырыпты тартымды етіп, қиынның қисынын келтіру немесе жаңа тақырыпты аса сезімталдықпен жеткізуге;
- Тақырыпты сығымдап ұсыну, қысқа-нұсқа негізділікке үйретуі тиіс.

Бұл жерде сабақтың сапалы болуы да маңызды. Ендеше:

- Ақпараттық коммуникативтік технологияны, жаңа дидактикалық әдістерді қолдану.
- Сабақтың өткізілу түрі мен әдістемелерін өзгертіп отыру.
- Оқушының білімін, іскерлігін, дағдысын дамыту
- Оқушының сайыстарға, олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға белсенді қатысуына жетелеуі маңызды.

Тіл-әдебиет сабақтарында оқушылардың танымдық-белсенділіктерін арттыруда - деңгейлеп-саралап оқыту, проблемалық сұрақтар арқылы дамыта оқыту, оқытуды өмірмен ұштастыру, әр оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау басты әдістердің бірі. Сондықтан да әр сабақтың басты міндеті - білім алушының танымдық құзырлылығын дамыту.

Жоғарыда айтып өткендей әр пәннің оқушыларға берер танымдық тәрбиесі мол десек, соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде оқушылардың ақыл-ой, танымдық қабілетін дамыту мүмкіндігі зор. Оқушыларға танымдық тәрбие берудің алғашқы баспалдағы деп оқытудағы саналылық принципін атауға болады, себебі әдебиетті оқыту барысында тәрбиелік міндеттердің де шешілетіні белгілі.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің басты міндеттерінің бірі – оқушыларды сөз өнеріне баулып, оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, сөйтіп баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру. Шығармашылық тұлға басқалардан өз ісіне деген сенімділігімен, қиял ұшқырлығымен, танымдық қызығушылығымен әдемілікті сезіне білумен, өзгеше шабытымен ерекшеленеді. Оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелеуде жазба жұмыстарының маңызы зор. Жазба жұмыстары оқушының іс-әрекетіне негізделген ой еңбегі, шығармашылық ізденістің жемісі, білімнің көрінісі. Жазба жұмыстары арқылы шығармашылық жұмыстарға қол жеткізу – мұғалімнің де шеберлігін талап ететін өнімді ізденіс. «Өз ойын жаза білу – зиялылықтың бірінші белгісі. Жазушылық адамның бақылағыштық қабілетін, қиялын, фантазиясын дамытады», – деген орыс ағартушысы А. Рыбаковтың пікірі осыған дәлел. Бұл ретте оқушылардың дербес ізденісіне үнемі бағыт-бағдар беріп отырудың маңызы зор.

Алға қойған міндеттерді жауапкершілікпен атқара отырып, ұлы Абайдың «Тұлға іздене келе дамиды» деген ұлағатты сөздерін жадымызда ұстауымыз қажет. Себебі алдымыздағы әр оқушының жан дүниесіне үңіліп, мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескеру арқылы оның дамуына, ізденуіне жол ашу – әр ұстаздың міндеті. Ой азабын кешпей білім бойға дарымайды. Бұл оқушының қойылған проблеманы өзі табу деген сөз. Ізденген оқушы ғана білімді санаға сіңіре алады. Оқығанды өмірге қолданудың арнасы ашылады. Бұл ой еңбегінің күрделі күрмеуін шешудің кілті. Ал үнемі жетектеу, әркез жәрдемге келу – оқушыны дәрменсіздікке душар етіп, білім саласындағы өз сыбағасынан құр қалдырады. Өйткені таным үдерісі ұстаз бен оқушының бірлескен іс-әрекеті арқылы жүзеге асады.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту барысында оқушылардың танымдық қызметін белсенділендіру - білім мазмұнын тереңдетеді, қоғамдық әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп, шәкірттің дүниетанымын кеңейтеді, өзінше ой-пікір түйіндеуге үйретеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017

2. *Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы*
3. *Әбенбаев С., Ахметова Г., Әбенбаева И. Дәстүрлі емес сабақ турасында //Мектептегі шетел тілі. 2003, №2, бб.11-16.*
4. *Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. Түркістан қ. А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010.*
5. *Қуанбаева Б. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: дисс. Пед. ғыл.канд. – Алматы, 2005. –137 бет.*
6. *Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Алшынбаева Ж.Е. Қазіргі білім беру технологиялары Оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды, Санат баспасы, 2007, 80б.*
7. *Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012ж*

О.А.Ажибекова
педагог- зерттеуші
№149 жалпы білім беретін мектеп

ТІЛ-ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бүгінгі таңда функционалдық сауаттылықты дамыту - заман талабы.

Стратегия жолдаған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Еліміз үшін әлеуеті зор болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функционалдық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Мемлекет басшысының айтуына қарағанда, білім беру жастардың сауатын ашып қана қоймай, оны әлеуметтік бейімделу кезінде пайдалануға үйретуі қажет.

Оқушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі олардың функционалдық сауаттылығы дамуының нәтижесін береді.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның басты талабы. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасынан сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Туған тілінің бай қазынасын игеріп, грамматикасын терең меңгерген білім алушы қоғамның кез келген саласында қиналмай қызмет етіп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. Себебі білім алушылардың берілген білімді игеруі мен іске асыру қабілеті, ойының дәлдігі, өмірге көзқарасының қалыптасуы, өз бетінше білім алуға дайындығы, басқа ғылым негіздерін меңгеру нәтижелері сауаттылық деңгейіне байланысты болғандықтан бүгінгі күннің мәні мен маңызы зор өзекті мәселелерінің бірі – оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері арқылы білім алушының функционалдық сауаттылығын дамыту.

Сондай-ақ функционалды сауатты адам қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады. Олар: қоғамдық ортада өмір сүре білетін; тіл табыса білетін; белгілі бір сапалық қасиеттері бар; жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады.

Негізгі құзыреттіліктер кез келген адамның таңдаған мамандығына қабілеттіліктері мен біліктігіне, бәсекеге қабілетті орта жағдайында өзінің жеке өмірі мен кәсіби жұмысында нәтижеге жетуін түсінуіне мүмкіндік береді.

Бұл тақырыптың астарына үңілер болсақ, функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік , мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Тұлғаның әлеуметтік бейімделуіне әр пән әрқалай қызмет етеді. Сондықтан да әр пәннің орны бөлек. Мәселен, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында пәндік білім, білік, дағдыларды меңгертудегі шығармашылық ұстаным сабақты шығармашылық үдеріс ретінде құруды мақсат етеді. Оқу үдерісінде жұптық, топтық жұмыс түрлеріне, біріккен шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындауға үлкен мән беріледі. Белгілі бір қатысымдық міндеттерді шешу барысында оқушылардың өз тілек-емеуріндерін іске асыруға мүмкіндігі болады. Оқу үдерісінде оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білім, дағды, біліктерін жаңа жағдаятта қолдана алуына қажетті дағдылары дамытылады. Әсіресе әдебиетті интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп меңгертуге ден қойылады. Ол үшін қазіргі таңдағы оқыту технологияларының әр түрлі әдіс – тәсілдерін пайдалану тиімді болып келеді: «Джиксо - ұжымдық оқыту» , «Дана үкілер», «Ажурлы ара», «Мозаика немесе Ара ұясы» әдіс – тәсілдері. Мақсаты: Жалпы мәселені жұпта, ұжымда талқылау. Бұл әдіс-тәсілдер мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды, өз бетінше ойлауға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдыланады. Сондай-ақ, мұғалімді мектеп қызметкерлерін түсіну оларға деген дұрыс көзқарасқа үйретеді.

Сабақта әр бір өтілген мәтінді өмірмен байланыстырып отыру арқылы бүкіл табиғаттың, қоршаған ортаның сырын, өз туған өлкеңмен байланыстырып өту баланың қызығушылығын арттыруда үлкен септігін тигізеді. Оқушылардың білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына, білім сапасының жоғарылауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді. Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім берген мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушысы болуы тиіс. Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын – әрқашан кішкене білім, кішкене білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады. Ол үшін күнделікті оқыту үдерісінде әрбір пәннен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағыттап отыру керек.

Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті боп

саналады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұқбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады.

Қазақ тілі сабақтарының тиімділігі, ең алдымен, оқушылардың іші пыспайтын, оқу іс-әрекеттеріне толы, нәтижесі жоғары деңгейде болу белгілерімен танылады. Ол үшін мұғалім сабаққа даярлығын тиімділікті арттыру мақсатында құруы керек. Сөз жоқ, мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен білімінің жан-жақтылығы, деңгейі жоғары болуы бұл ретте үлкен орын алады.

Мұғалім шыңының бірі – әрине ол сабақ жоспары. Сабақ жоспарын әзірлеу – сабақтың әдістемелік сценарийін жасау – мұғалімнен режиссерлік қабілеттен кем емес таланттылықты қажет етеді. Сабақтың әдістемелік сценарийінде сыныптағы әр оқушының «өзіндік рөлі» айқын берілуі керек. Сабақтың барлық кезеңдерінде мұғалімнің сабақ берушілік қана емес, басшылық, жетекшілік, қолдаушы, ынтымақшылдық болмысы айқын сезіліп тұруы тиіс. Мұғалім қазақ тілі сабақтарын «грамматикалық ережені айту», «жаттату», «талдаулар жүргізу» сияқты ғана іш пыстыратын әдістермен шектемей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, яғни күнделікті өмір жағдаяттарында керек болатын білім мазмұнын теориялық және практикалық бағытта ұйымдастыруы міндетті. Сабақ үстінде оқушылардың «жеке» – «екеу» – «үшеу» – «төртеу» – бесеу немесе «топ» – «команда» – «сынып» – «жеке» түрінде жұмыс істеуін ұйымдастырып, тапсырмалардың осы желіде орындалуын қадағалауы тиіс.

Тіл әдебиет сабақтарының «Қызықты грамматика әлемінде», «Квест-сабақтар», «Жоба сабақтар», «Ойын сабақтар» сияқты оқу іс-әрекеттері белсенді өтетін түрлермен көбірек ұйымдастырылуы арқылы оқушылардың өз бетімен қазақ тілі меңгеру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік мол болады. Осы айтылғандармен қатар, қазақ тілі сабақтарында оқушылардың «рефлексиялық жаттығулар» орындауына, білімін тексерудің тестілік түрін қолдануына, жаңа ақпараттық технологияларды мұғаліммен және өз бетімен қолдануына, жоба жұмыстарын түрлі формада қорғауына, өзара пікірталастар мен семинар-сабақтар ұйымдастыруына жағдайлар жасап, белсенділігін арттыру жолдары көзделеді.

Қазақ тілін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында оқыту ды ұйымдастыруда сабақтың мынадай түрлерін ұсына аламын. Олар дәстүрлі сабақ және инновациялық сабақтар.

Қазақ тілін оқытудың жаңа технологиялары білім алушыны білім алу-білім беру үдерісінің маңызды орталық нүктесі ретінде танып, өз бетімен білім ізденуіне мол уақыт пен мүмкіндіктерді қарастыруда. Осы ретте көп орын білім алушының өз оқу іс-әрекетін өзі бағалай алуына беріледі, ондай жаңа жүйе «білім алушының портфолиосы» деп аталады. Сонымен бірге білім алушылардың білім алу барысында қол жеткен табыстарын рейтингілік бағалау моделі де жетілдіріліп келеді.

Бұл жерде ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық.

Әдебиеттер:

1. *Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050 стратегиясы // Егемен Қазақстан.10 шілде 2012.*
2. *Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары. Астана, Әділет, 2012.*
3. *Қазақстан Республикасының Білім Заңы*

4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.

5. Әлметова Ә. Оқытуда интерактивті әдісті қолдану// Қазақстан мұғалімі. 2003. — 120б.

6. Шаталов В. Сызба және белгілер моделі негізінде оқытудың технологиясы. – 2002. 115б.

7. Құрман Н., Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. — Ақтөбе, 2010. — 144 б.

8. «Оқу мен оқытудың белсенді әдістері». Астана, 2013ж.sabak.kz

9. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. — Алматы: Атамұра, 1982. — 204 б.

10. Абай. Қара сөздері. — Алматы: Ғылым, 1995. — 306 б.

А.Б.Қуанышова
педагог-сарапшы
Ш,Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназия

ЖАҺАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ

Жаһандану қазіргі әлемдегі ең маңызды үрдістердің бірі болып табылады. Ол әлем халықтарының экономикалық, саяси, мәдени және әлеуметтік өмірін біріктіруге бағытталған. Бұл үрдіс ұлттық әдебиетке де өз әсерін тигізеді. Жаһандану жағдайында ұлттық әдебиетте ұлттық құндылықтарды, халқымызға тән болмыс пен сипатты сақтап, халықаралық деңгейде танылу үшін жүйелі жұмыстар жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларға жаңа сын-тегеуріндер қоя отырып, оларды заманауи әлемдік аренада сақтап қалуды басты назарда ұстау керек.

Ұлттық әдебиет әр халықтың мәдениетінің, тарихының және рухани құндылықтарының айнасы болып табылады. Ол ұлттық болмысты бейнелейді және ұлттың өзіндік ерекшелігін сақтауға көмектеседі. Алайда, жаһандану үрдісі ұлттық әдебиеттің табиғатын өзгертеді. Интернеттің дамуы, ақпарат алмасу жылдамдығының артуы, аударма әдебиеттердің көбеюі ұлттық әдебиеттер арасындағы шекараны жойып, олардың жаһандық мәдениетке қосылуына ықпал етеді. Осы орайда, қазақ әдебиетін оқыту мен оның ұлттық болмысын сақтау мәселесі ерекше мәнге ие.

Жаһандану ұлттық әдебиетке қалай әсер етеді?

1. Мазмұнның өзгеруі. Жаһандану ұлттық әдебиетке жаһандық мәселелерді енгізді. Авторлар енді тек ұлттық емес, бүкіләлемдік тақырыптарды қозғай бастады: экология, адам құқықтары, миграция, т.б.

2. Аудармалардың маңызы. Жаһандық деңгейде танылу үшін ұлттық әдебиет шығармалары басқа тілдерге аударылу қажет. Мысалы, қазақ әдебиетінің әлемге танылуы үшін Мұхтар Әуезов, Оралхан Бөкей, Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртаза, Мұхтар Мағауин, т.б. жазушылардың шығармалары халықаралық тілдерге сапалы, сауатты аударылуы маңызды.

3. Мәдени алмасу. Әдеби фестивальдар, халықаралық байқаулар, электронды платформалар әдебиет алмасу процесін жеңілдетіп, ұлттық әдебиеттің жаңа аудиториялармен танысуына мүмкіндік береді.

Ұлттық ерекшеліктерді сақтау жолдары


1. Тілдік саясат. Ұлттық әдебиеттің негізі – тіл. Сондықтан ана тілін сақтау және дамыту ұлттық әдебиеттің сақталуы үшін маңызды. Тілді сақтау үшін мемлекеттік деңгейде тіл саясатын қалыптастырып, бұл саясаттың негізінде тілдің қолдану аясын кеңейту,

мемлекеттік мекемелер мен білім беру жүйесінде тілдің мәртебесін арттыру, ұлттық әдебиетті қолдау тұруы тиіс.

2. Дәстүр мен инновацияның үйлесімі. Жазушылар ұлттық дәстүрлерін жаһандық мазмұнмен үйлестіре отырып, заманауи әдебиетті қалыптастыра алады.

3. Мемлекеттік қолдау. Ұлттық әдебиетті қолдау үшін мемлекет тарапынан әдеби гранттар, марапаттар, баспаларға көмек көрсету сияқты іс-шаралар жүзеге асырылуы керек.

Жаһандану дәуірінде мәдениеттердің өзара ықпалдасуы бір жағынан рухани байлықтың артуына ықпал етсе, екінші жағынан ұлттық құндылықтардың жойылып кету қаупін тудырады. Бұл тұрғыда қазақ әдебиеті – халқымыздың рухани қазынасы ретінде ұлттық кодты сақтаудың маңызды құралы. Әдебиетте халқымыздың тарихи тәжірибесі, салт-дәстүрлері мен дүниетанымы бейнеленген. Дегенмен, жаһанданудың әсерінен жас ұрпақтың әдебиетке деген қызығушылығы төмендеп, цифрлық технологиялар мен батыстық мәдениеттің ықпалы ұлттық әдебиетке деген қызығушылықты азайтуы мүмкін. Осыны ескере отырып, қазақ әдебиетін оқыту жүйесінде заманауи әдістер мен технологияларды пайдалану қажеттілігі туындайды.



Жоғарыдағы салыстыруды негізге ала отырып, қазақ әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері ретінде мынандай мәселелерді қарастырып отырмыз.

Мазмұнның өзектілігі: жаңа дәуір жастарының қызығушылығын тудыру үшін әдеби шығармаларды жаңаша түсіндіру қажет. Мысалы, қазіргі уақытта оқушылардың көлемді мәтіндердің кітапта берілген толық нұсқасын оқуға деген ынтасы жоқтың қасы. Сол себепті өз тәжірибемде 5-сыныпта әдеби шығармаларды оқытудың тиімді тәсілі ретінде QAZCOMICS.KZ сайтындағы берілген комикстерді пайдаландық. Бұл сайтта «Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай» ертегісі, «Қобыланды батыр», «Алпамыс Батыр», «Ер Тарғын» тағы басқа батырлар жырын оқуға болады. QAZCOMICS.KZ сайтында шығармалардың сюжеттік желілері түрлі-түсті суреттермен бейнеленген. Сонымен қатар, ертегі-жырлардың мазмұны ықшамдалып, көбінесе диалог арқылы берілген.

Технологиялық әдістер. Цифрлық платформалар мен мультимедиа құралдарын әдебиет сабақтарына жеткілікті деңгейде енгізу қажет.

Жаһандық трендтерді ескеру: әлемдік әдебиетпен салыстыру арқылы қазақ әдебиетінің маңызын ашу керек.

Ұлттық әдебиетті оқыту әдістерін төмендегідей жолдармен жетілдіруге болады.

1. Цифрлық технологияларды қолдану. Электрондық кітаптар, подкастар, әдебиетке арналған қосымшалар және онлайн курстар мен байқаулар арқылы әдебиетті насихаттау.

2. Интерактивті әдістер. Драмалық қойылымдар, шығармашылық жұмыстар, әдеби пікірталастар мен ғылыми жобалар оқушыларды әдебиетке жақындатады.

3. Әлемдік әдебиетпен интеграция. Қазақ әдебиетін әлемдік әдебиет контекстінде оқыту, ұқсастықтар мен ерекшеліктерді талдау арқылы ұлттық құндылықтарды бағалауға мүмкіндік береді.

4. Мәдени дипломатия. Қазақ әдебиетін әлемдік деңгейде таныту мақсатында шығармаларды көптілділікке бейімдеу, заманауи аудармалар жасау.

Жаһандану әдебиетке тек сын-тегеуріндер ғана емес, жаңа мүмкіндіктер де ұсынады. Бүгінде қазақ жазушыларының шығармалары әлемдік әдебиет нарығына шығып, жаңа оқырмандарын табуда. Мұндай үрдіс қазақ әдебиетінің танымалдылығын арттырумен қатар, ұлттық идеяларды жаһандық деңгейде насихаттауға мүмкіндік береді.

Жаһандану дәуіріндегі ұлттық әдебиетті оқыту – ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды сақтаудың, жаңа ұрпақтың бойында патриотизмді қалыптастырудың негізгі тетігі. Заманауи оқыту әдістерін қолдану арқылы қазақ әдебиетінің маңыздылығын арттырып, оны жаһандық мәдени кеңістікке лайықты түрде таныту – басты міндет. Жаһандану жағдайында ұлттық әдебиеттің өміршеңдігі – оның өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, әлемдік әдебиетпен үйлесім табуында. Ұлттық әдебиет жаһандану толқынында өзінің түп тамырынан айырылмай, жаңа биіктерге жетуі – мәдениетіміздің болашағы үшін аса маңызды.

Әдебиеттер:

1. *Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Ғылым, 1991.*
2. *Ысмайылов Е. Қазақ әдебиеті және қазіргі заман. – Ғылым, 1991.*
3. *Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің методикасы. – Ғылым 1990*

Г.Б.Нағашыбаева

№35 мектеп мұғалімі, Семей қаласы


ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңда қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тілге деген құрмет пен сүйіспеншілікті қалыптастыру – аса маңызды міндеттердің бірі. Бұл бағытта әрбір қазақ тілі пәні мұғалімі үлкен жауапкершілік жүктейді. Оқушылардың бойында мемлекеттік тілге деген махаббатты оятып, қазақ тілінің көркемдігін, ойдың кестелі өрнектерін түсінуге баулу, олардың ауызша және жазбаша сөздік қорын байыту, шығармашылық қабілетін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру – әр ұстаздың кәсіби парызы болуы тиіс. Сонымен қатар, мұғалімдер білім сапасын тереңдету арқылы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, оның қоғамдағы қолдану аясын кеңейтуге ықпал етуі қажет. Бұл – Тіл туралы заңды жүзеге асыруға қосылған елеулі үлес. Мұғалімнің басты мақсаты – сапалы білім мен саналы тәрбиені ұштастыра отырып, экономикалық ойлау қабілеті дамыған, адамгершілік құндылықтарды меңгерген, шығармашылық пен іскерлік дағдылары қалыптасқан жан-жақты тұлға тәрбиелеу.

Өзім білім алған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде бізге қазақ әдебиеті мен тілінің тереңдігін түсінуге ықпал еткен ұстаздар аз болмады. Солардың ішінде Темірхан Тебегенов Сақаұлы ерекше тұлға ретінде есімде қалды. Ол бізге оқытудың тиімді әдістерімен бөлісіп, білім беру процесін барынша қызықты әрі нәтижелі ету жолдарын үйретті. Оның шәкірт жүрегіне жол таба білетін шеберлігі бізге үлгі болды. Сонымен қатар,

мұғалімдер білім сапасын тереңдету арқылы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, оның қоғамдағы қолдану аясын кеңейтуге ықпал етуі қажет. Бұл – Тіл туралы заңды жүзеге асыруға қосылған елеулі үлес. Мұғалімнің басты мақсаты – сапалы білім мен саналы тәрбиені ұштастыра отырып, экономикалық ойлау қабілеті дамыған, адамгершілік құндылықтарды меңгерген, шығармашылық пен іскерлік дағдылары қалыптасқан жан-жақты тұлға тәрбиелеу.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным. Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық», – деп атап өтті. Қазіргі таңда Қазақстанда білім кеңістігінде жаңа бағдар жүйесі жүріп жатыр. Бұл жағдай орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиетін жүргізудің талаптарын өзгертуге жол салады. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытып үйрету қиын да, күрделі жұмыс екенін білеміз. Басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту әдістемесі оқушының ана тілінің ерекшелігін ескере отырып, оны үйретудің түрлі тиімді жолдары бар. Орыс тілінде оқытатын мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі орыс тілін оқыту және шет тілдерін оқыту әдістемесімен тығыз байланысты. Орыс тілді мектепте қазақ тілін оқытудың өзіндік көптеген ерекшеліктері кездеседі. Орыс тілінде оқитын мектептерде мемлекеттік тілді оқыту әдістемесінің негізгі міндеті оқушылардың қазақша білетін азаматтармен қазақ тілінде күнделікті тығыз қарым-қатынаста болуы. Оқытудың негізгі міндеттері: жас ұрпақ арасында қазақ тілінің мәртебесін көтеру, қазақ тілін оқытудың тиімді жолдарын табу, қазақ тілін білу сапасын арттыру. Өз сабақтарымда қазақ тілін едәуір тиімді үйрету мақсатында қазақ тілін тиімді үйретуге көмектесетін әдістемелерді пайдаланамын.



Аталған тәсілдердің ішіндегі ең тиімдісі, ұтымдысы «Жобалық оқыту тәсілі» (1-кесте) Бұл техниканың мәні-бірінші кезекте оқушыларға қазақ тілінде жиі қолданылатын белсенді сөздерді оқып үйрену, олардың лексикасын біртіндеп арттыру. Осылайша, оқыту жағдайы ең алдымен ең жиі қолданылатын сөздерді үйренуден басталады, содан кейін жиі қолданылмайтын сөздерге көшеді.

Біздің педагогикалық жұмысымыздың барлығы Жобалық оқытуға негізделгеніне сенімдімін. Менің ойымша, біз коммуникативтік стратегиямызды сыныпта дұрыс жасасақ, ол тіл үйренуге көмектеседі. Выготскийдің айтуы бойынша, білім алу оқушыларды диалогқа, бірлескен әңгімелесуге тарту нәтижесінде пайда болады. Оқушылардың сабақта бірігіп сөйлесуі үлкен пайда әкеледі, себебі оқушыларға тақырыпты түсінуге, әр адамның жеке көзқарасы мен идеясының бар екендігіне көз жеткізуге, топ ішінде өздерінің идеяларын

талқылауға, балалардың танымдық даму жолында, мұғалім оқушылардың қандай сатысында оқып жатқанын түсінуге көмектеседі.

Осылайша, мен оқушыларымды әр түрлі әдіс-тәсілдер бойынша тілдік оқытуға тартамын, бұл да нәтиже береді. Оқушыларым мектепішілік, аудандық жарыстарға шын ниетімен қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Сонымен қатар, жас маман ретінде мен әдістемелік тақырыпты шешудің әртүрлі жолдарын іздеймін. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытуда көрнекі құралдардың да алатын орны ерекше деп ойлаймын, өйткені көрнекі құрал өзге ұлт өкілдеріне тілді үйретуде мәселенің түйінін есте сақтауға көмектеседі. Сөзбен толық түсіндірілген мәселенің көрнекі құралдағы түйіні әрі есту, әрі көру сезімдерінің қатысуына байланысты есте нақтырақ сақталады. Сонымен қатар, көрнекілік сабақта қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретудің психологиялық талаптарын ескере отырып, оқытудың тиімділігін арттырушы күш болып табылады.

«Өз тілінде сөйлейтін, өз тілінде жазатын адамдардың ұлты ешқашан жоғалмайды. Ұлттың сақталуы немесе жоғалуы үшін ең күшті фактор-бұл тіл. Тілді жоғалтуымен қатар, адамдар өздері жоғалады. Басқа ұлтты өз халқына қосқысы келетіндер, ең алдымен, бұл ұлттың тілін құртуға тырысады», мен ұлы жазушы Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен толық келісемін. Мемлекеттік тіл мәртебесін көтерудің қажеттілігі бүгінгі күннің Қазақстандағы басты міндеттердің бірі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. *Негізгі орта білім беруу деңгейінің 5-9 сыныптарға арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)*
2. *Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы.-Астана: «НЗМ», 2023.-56 бет.*
3. *«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулықтары.*

М.Өнербек

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің магистранты

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕН СЫНЫПТАН ТЫС ЖАСАЛАТЫН ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақ әдебиеті – ұлттық болмысымыздың, рухани байлығымыздың қайнар көзі. Әдебиет арқылы ұрпаққа ата-бабамыздың мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі, рухани құндылықтары аманат етіледі. Осы орайда мектеп қабырғасындағы қазақ әдебиеті пәні маңызды рөл атқарады. Алайда қазақ әдебиеті пәні оқушыға тек әдеби шығармалармен танысу үшін ғана емес, сонымен қатар тіл мәдениетін қалыптастыру үшін де қажет. Оқушының тіл байлығын дамытуда, сөйлеу мәдениетін арттыруда сыныптан тыс жасалатын жұмыстардың мәні зор.

Тіл мәдениеті – адамзат қоғамының әлеуметтік маңызды құралы. Ол адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуында, қоршаған ортада қарым-қатынас жасауда, дүниетанымының кеңеюінде маңызды орын алады. Сондықтан мектепте оқушыларға тіл мәдениетін үйрету, оның ішінде қазақ тілін жетік меңгерту – басты міндеттердің бірі. Қазақ әдебиеті пәні бұл міндетті орындауда үлкен үлес қосады. Әдебиет сабақтары арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, олардың тіл байлығын арттыруға мүмкіндік бар. Сыныптан тыс жасалатын жұмыстар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және олардың тілдік деңгейін жақсартуға арналған маңызды құралдардың бірі. Бұл жұмыстардың мақсаты – оқушыларды қазақ әдебиетіне тереңірек бойлатып, олардың тілдік дағдыларын жетілдіру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Әдебиет сабақтарынан тыс уақытта жасалатын бұл

шаралар оқушылардың өз бетінше ізденісін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар, оларды әдебиетке қызықтыруға да бағытталған. [1, 53б.].

Қазақ әдебиетінен сыныптан тыс жасалатын жұмыстардың бірқатар маңызды аспектілері бар. Біріншіден, бұл жұмыстар оқушылардың әдеби шығармаларды тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді. Сабақ уақытында әдеби шығармаларды талқылау шектеулі болғандықтан, сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылар шығармалардың мазмұнын, олардың идеялық мазмұнын тереңірек талқылауға мүмкіндік алады. Екіншіден, сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталған. Оқушылар әдеби шығармалар негізінде эссе жазу, өлең құрастыру, көркем шығарма жазу арқылы өз ойларын еркін жеткізуге дағдыланады. Сонымен қатар, сыныптан тыс жұмыстардың тағы бір маңызды жағы – олар оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге және логикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруға үйретеді. Қазақ тілінде сөйлеу мәдениеті – тек сөз байлығын ғана емес, сонымен қатар сөйлеу шеберлігін де меңгеруді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылар өздерінің тілдік құзыреттілігін жетілдіріп қана қоймай, олардың әдебиетке деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығы да артады [2, 147б.].

Әдебиет пәнінің сыныптан тыс жұмыстарының оқушыларға берер мүмкіндігі мол. Оқушының тіл мәдениеті оның тек сабақта алған білімінің арқасында ғана қалыптаспайды. Сыныптан тыс жасалатын жұмыстар арқылы оқушының әдебиетке деген қызығушылығы артып, өзіндік пікірін білдіру қабілеті қалыптасады. Бұл оның болашақ өміріне, қоғамда өзін танытуына, жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді. Мектепте әдебиеттен өткізілетін сыныптан тыс жұмыстардың түрлері әртүрлі болуы мүмкін. Мәселен, әдеби викториналар, шығарма жазу, сахналық қойылымдар, көркемсөз оқу сайыстары сияқты іс-шаралар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырумен қатар, олардың тіл мәдениетін де қалыптастырады. Осы арқылы оқушылар әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, өз ойларын анық, жүйелі түрде жеткізуге үйренеді [3, 246б.]. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ғана емес, олардың қарым-қатынас жасау дағдыларын да дамытуға ықпал етеді. Оқушылар бір-бірімен пікір алмасу барысында өз ойларын айқын әрі дәл жеткізуге дағдыланады. Сонымен қатар, сыныптан тыс жұмыстар барысында оқушылардың бір-бірімен ынтымақтастығы, топтық жұмыс жасау қабілеттері де дамиды. Бұл оқушылардың тек жеке шығармашылық қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар ұжымдық жұмыс жасау дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Оқушының тіл мәдениеті оның жеке тұлға ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Тіл мәдениеті – адамның ойлау қабілеті мен сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші. Осы орайда, сыныптан тыс жасалатын жұмыстар оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, олардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға бағытталады. Әдебиет арқылы оқушының тілдік құзыреттілігі, сөйлеу шеберлігі, ойлау қабілеті арта түседі [4, 148б.].

Әдебиет пәнінің сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі ерекше. Мұғалім оқушыларға әдебиет арқылы тіл мәдениетін үйретуде бағыт беріп қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға да үлес қосады. Мұғалімнің шеберлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті арқылы сыныптан тыс жұмыстар оқушылар үшін қызықты әрі тиімді болады [5, 256б.]. Бұл жұмыстар оқушылардың өзіндік ізденісін арттырып, олардың тілдік дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Қазақ әдебиеті пәні арқылы оқушылардың тіл мәдениетін қалыптастыру мәселесі ұзақ уақыт бойы қазақ ғалымдарының назарында болды. Қазақ әдебиетін оқытудағы сыныптан тыс жұмыстардың оқушының тілдік және мәдени дамуына тигізетін әсерін талдап, оны дамытудың тиімді жолдарын ұсынған бірқатар зерттеулер бар. Мысалы, академик, тілтанушы ғалым Рәбиға Сыздықтың еңбектері тіл мәдениеті мәселелеріне үлкен үлес қосты. Оның зерттеулері бойынша, тіл мәдениеті тек дұрыс сөйлеу мен жазуға ғана қатысты емес, сонымен қатар көркем әдебиетті дұрыс қабылдау, оны түсініп, әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеу де маңызды. Сыздықова өз еңбектерінде қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктерін талдай отырып, тіл мәдениетінің негіздерін айқындап берді. Оның пікірінше, сыныптан тыс әдеби жұмыстар

оқушыларға тілдің көркемдік мүмкіндіктерін түсіндіруге көмектеседі және олардың тіл байлығын арттыруға әсер етеді [6, 53б.] Сонымен қатар, қазақ әдебиеті мен тілінің өзара байланысын зерттеген ғалымдар қатарына профессор Мұхтар Әуезовті жатқызуға болады. Әуезовтің қазақ әдебиетіндегі шығармашылық тәсілдер туралы еңбектері қазақ тілі мен әдебиетін меңгерудің көркемдік негіздерін айқындап, оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарды. Ол әдеби шығармалар арқылы тілдің байлығын үйренудің маңыздылығын атап көрсетіп, әдебиет сабақтарында және сыныптан тыс жұмыстарда қазақ тілінің бар мүмкіндігін толық ашуға шақырған [7, 88б.]. Профессор Тұрсынбек Кәкішевтің зерттеулері де қазақ әдебиетін оқытудағы сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігін қарастырды. Оның пікірінше, әдебиетті оқытуда сыныптан тыс жұмыстар оқушының дербес ойлау қабілетін, тіл байлығын және сөйлеу мәдениетін дамытуға көмектеседі. Кәкішев оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін арттыру және әдебиетке қызығушылығын ояту үшін мұғалімнің дұрыс әдіс-тәсілдерді қолдануы қажеттігін атап өткен [8, 145б.]. Сондай-ақ, ғалым Құдайберген Жұбановтың еңбектері қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздерін құруда үлкен рөл атқарды. Жұбанов сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру мен олардың сөйлеу мәдениетін жетілдіруге ерекше көңіл бөлген. Оның пікірінше, сыныптан тыс шығармашылық жұмыстар тіл үйренушінің қазақ әдебиетін түсіну қабілетін арттырады және оның тілдік дамуын жеделдетеді. Қазақ ғалымдарының осы зерттеулері негізінде қазақ әдебиетінен сыныптан тыс жұмыстардың оқушының тіл мәдениетін қалыптастырудағы рөлі ерекше екендігі айқындалады. Оқушылар әдеби шығармаларды терең түсініп, оларды өз өмірінде қолдана отырып, қазақ тілінің байлығын меңгереді [9, 245б.].

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиеті пәнінен сыныптан тыс жасалатын жұмыстар оқушылардың тіл мәдениетін қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылар әдебиетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, өз ойларын еркін жеткізуге, тілдік құзыреттілігін жетілдіруге мүмкіндік алады. Осылайша, қазақ әдебиеті арқылы оқушылардың тілдік мәдениеті қалыптасып, олардың жеке тұлға ретінде дамуына ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Сейітова, Ш. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда заманауи әдістерді қолдану. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.

2. Әлжаппарова, А. Білім беру жүйесіндегі қазақ тілінің орны мен болашағы. – Алматы: ҚазҰУ, 2020.

3. Елеукенова М. Қазақ әдебиеті: жаңа көзқарас және оқыту әдістері. – Алматы: Оқулық, 2022.

4. Нұрғалиева, Ж. Жаңа буын оқулықтарындағы тіл мәдениетін қалыптастыру мәселелері. – Шымкент: Мектеп, 2020.

5. Омарова, Л. Қазақ тілінде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдер. – Тараз: Тараз университеті, 2021.

6. Сыздық, Р. Тіл мәдениеті және әдеби тілдің нормалары. – Алматы: Ғылым, 2004.

7. Әуезов, М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.

8. Кәкішев, Т. Қазақ әдебиетінің тарихы және сыныптан тыс жұмыстар. – Алматы: Мектеп, 1984.

9. Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.

10. Сыздықова, Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997.

А. Қасымбекова
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің магистранты

ЖОО-да ӘДЕБИЕТ ПӘНДЕРІН СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Жоғары оқу орындарындағы әдебиет пәндерінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану студенттердің сыни ойлау қабілеттерін дамытудың тиімді әдістерінің бірі болып саналады. Бұл технология білім беру процесін жаңаша тәсілмен ұйымдастыруға, студенттердің шығарманы терең түсінуіне және мазмұнын сыни тұрғыдан бағалауына мүмкіндік береді. Әдебиет пәнін оқыту барысында студенттер тек теориялық біліммен шектелмей, өз ойларын нақты дәлелдермен жеткізуге, әртүрлі көзқарастарды ескеріп, мәселені жан-жақты талдауға үйренеді. Бұл туралы Құлжанова А. өз зерттеуінде: «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы студенттерге шығарманы талдауда дербес ойлау мен түрлі көзқарастарды бағалауды қалыптастырады» деп атап өткен [1, 56б.].

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының студенттердің білім сапасын арттырудағы маңызын зерттеген ғалымдар бұл әдістің тиімділігін дәлелдеді. Атап айтқанда, Бенджамин Блум (Bloom, 1956) сыни ойлау қабілеттерін дамыту студенттердің танымдық деңгейін арттырып, оларды білімді шығармашылық тұрғыда қолдануға баулитынын атап өткен [2, 112б.]. Қазақстандық ғалым Мусинова Г. өз зерттеулерінде ЖОО-да сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы студенттердің сыни ойлау, шығармашылық және өзіндік көзқарас қалыптастыру қабілеттерінің дамитынын көрсеткен [3, 74б.].

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы білім беру процесін жүйелі және кезең-кезеңімен ұйымдастыруды талап етеді. Бұл технологияны қолдану барысында сабақ үш негізгі кезеңге бөлінеді: танысу, талдау және бағалау. Бірінші кезеңде студенттер шығарма мәтінімен танысып, оның негізгі оқиғаларын түсінеді. Екінші кезеңде шығарманы терең талдап, кейіпкерлердің әрекеттері мен оқиғалардың логикасын түсінеді. Үшінші кезеңде студенттер өз көзқарасын білдіріп, шығарманы сыни тұрғыдан бағалайды. Бұл кезеңде олар автордың идеясын терең түсініп, өз ойларын жүйелі түрде жеткізеді. Ғалым Мұсабекова Ш. осы ерекшеліктерді атап өтіп, сын тұрғысынан ойлаудың студенттерге шығарманы жан-жақты түсінуге көмектесетінін көрсеткен [4, 89б.].

Осы технологияның негізгі артықшылығы – студенттерді біржақты емес, әртүрлі көзқарастар тұрғысынан ойлауға және мәселені тереңірек зерттеуге үйретеді. Әдебиет пәндері бойынша сын тұрғысынан ойлау әдісін қолдану студенттерге көркем шығармаларды талдауға, олардың ішкі мәнін түсінуге және сол шығармалардағы ойлар мен идеяларды сыни тұрғыдан қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша студенттер кейіпкерлердің мінез-құлқын, шешімдерін және олардың қоғамдағы рөлін талдай отырып, өз ойларын сыни көзқараспен бағалайды. Мұндай тапсырмалар студенттерді өз пікірлерін жүйелі түрде дәлелдей білуге үйретеді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы студенттердің сыни ойлау қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Бұл технология арқылы әдебиет сабақтарында студенттер мәтіндерді тек мазмұн тұрғысынан ғана емес, олардың астарлы мәнін де түсінуге ұмтылады. Студенттер шығарманың кейіпкерлерін, олардың ішкі жан дүниесін, шығарманың сюжеттік құрылымын талдау арқылы өз пікірлерін қалыптастырады. Мысалы, «Абай жолы» романындағы Абайдың әкесіне қарсылығының себебін талқылау арқылы студенттер кейіпкердің өмірлік ұстанымдарын, моральдық құндылықтарын бағалайды. Сын тұрғыснынан ойлау технологиясын қолдану студенттерге ақпаратты тиімді басқару және оны дұрыс пайдалану қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі ақпараттық қоғамда деректерді дұрыс талдау және қолдану қабілеті маңызды рөл атқарады. Әдебиет пәндерінде студенттерге көркем шығармалар, әдеби-сын мақалалар, тарихи контекст, авторлар өмірбаяны сияқты дереккөздер

ұсынылады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы осы ақпаратты жүйелі түрде сараптауға және сыни көзқараспен қабылдауға көмектеседі. Мысалы, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын талдау кезінде студенттер тарихи оқиғаларды қазіргі қоғаммен байланыстырып, өткен мен бүгіннің байланысын зерттейді. Бұл тапсырма арқылы студенттер ақпаратты жинақтау, оны сұрыптау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын меңгереді. Олар әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді қолдана отырып, әдеби шығарманың мазмұнын кеңінен түсінеді. Осы арқылы олар өз көзқарасын қорғайды және ақпаратты басқарудың маңызын түсінеді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін де дамытады. Әдебиет пәндерінде көркем шығармаларды сыни тұрғыдан талдау барысында студенттер автордың қолданған символдық бейнелерін, метафораларын, көркемдік құралдарын түсініп, шығармашылық тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырады. Бұл олардың әдеби шығарманың мазмұнын тереңірек түсінуіне және автордың көзқарасын жаңа қырынан ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, студенттерге әдеби шығарманы талдау барысында эссе жазуға немесе пікірталас ұйымдастыруға тапсырма берілсе, олар өз көзқарасын жеткізуде шығармашылық тәсілдер қолданады. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Абайдың тұлғалық қалыптасуын талдау арқылы студенттер өз пікірлерін дәлелдермен толықтырып, шығарманың тарихи маңызы мен қазіргі қоғамға әсерін бағалайды. Бұл тапсырма олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы студенттердің тек академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік дағдыларын дамытуға да ықпал етеді. Әдебиет сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясы пікірталас, топтық жұмыс, дебат, талқылау сияқты әдістер арқылы жүзеге асады. Бұл әдістер студенттерге өз ойларын ашық айтуға, басқалардың пікірін тыңдауға және сол пікірлерге сыни тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Абай жолы» романы бойынша студенттер арасында дебат ұйымдастыруға болады. Бір топ Абайдың әкесіне қарсы шығуының дұрыс екенін дәлелдеуге тырысса, екінші топ оның қате әрекет екенін талқылайды. Әр топ өз пікірін әдеби мәтіннен алынған дәлелдермен негіздей отырып, қарсы тараптың аргументтерін жоққа шығаруға ұмтылады. Бұл әдіс студенттердің өз ойларын жүйелі түрде жеткізу, қарсы пікірлерге сыни көзқараспен қарау қабілеттерін дамытады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы білім беру процесін жүйелі және кезең-кезеңімен ұйымдастыруды талап етеді. Бұл технологияны қолдану барысында сабақ үш негізгі кезеңге бөлінеді: танысу, талдау және бағалау. Бірінші кезеңде студенттер шығарма мәтінімен танысып, оның негізгі оқиғаларын түсінеді. Екінші кезеңде шығарманы терең талдап, кейіпкерлердің әрекеттері мен оқиғалардың логикасын түсінеді. Үшінші кезеңде студенттер өз көзқарасын білдіріп, шығарманы сыни тұрғыдан бағалайды. Бұл кезеңде олар автордың идеясын терең түсініп, өз ойларын жүйелі түрде жеткізеді. Ғалым Мұсабекова Ш. осы ерекшеліктерді атап өтіп, сын тұрғысынан ойлаудың студенттерге шығарманы жан-жақты түсінуге көмектесетінін көрсеткен [4, 89б.]. Осы технологияның негізгі артықшылығы – студенттерді біржақты емес, әртүрлі көзқарастар тұрғысынан ойлауға және мәселені тереңірек зерттеуге үйретеді. Әдебиет пәндері бойынша сын тұрғысынан ойлау әдісін қолдану студенттерге көркем шығармаларды талдауға, олардың ішкі мәнін түсінуге және сол шығармалардағы ойлар мен идеяларды сыни тұрғыдан қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша студенттер кейіпкерлердің мінез-құлқын, шешімдерін және олардың қоғамдағы рөлін талдай отырып, өз ойларын сыни көзқараспен бағалайды. Мұндай тапсырмалар студенттерді өз пікірлерін жүйелі түрде дәлелдей білуге үйретеді [5, 46б.].

Қорыта айтқанда, ЖОО-да әдебиет пәндерінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану оқыту процесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Бұл технология студенттердің сыни ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, олардың өз бетімен жұмыс істеу қабілетін арттырады. Студенттер өз ойларын дәлелдермен негіздеуді, әртүрлі

көзқарастарды ескеруді және ақпаратты тиімді пайдалануды меңгереді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалану арқылы студенттер тек академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар өмірлік құзыреттіліктерін де дамытады. Олар кез келген мәселені жан-жақты қарастырып, тиімді шешімдер қабылдауға үйренеді, бұл олардың болашақ кәсіби өмірінде де маңызды рөл атқарады. Сондықтан әдебиет пәндерін оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану ЖОО-дағы білім сапасын арттыруға ғана емес, болашақта қоғамға қажетті құзыретті және ойлы мамандарды даярлауға да ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Құлжанова А. Жоғары оқу орындарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану: теория және тәжірибе. – Алматы: Білім, 2018. – 56 бет.

2. Блум Б. Педагогикадағы танымдық деңгейлер: сыни тұрғыдан ойлауды дамыту. – Алматы: Мектеп, 2002. – 112 бет.

3. Мусинова Г. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы және оның құзыреттіліктерді дамытудағы рөлі. – Астана: Ғылым, 2019. – 74 бет.

4. Мұсабекова Ш. Әдебиетті оқытудағы сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдістемесі. – Шымкент: Оқу, 2020. – 89 бет.

5. Нұрғалиева Р. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі қағидаттары. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2021. – 123 бет.

С. Даулет

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистранты

ҚАЗАҚ ТІЛІ (7 СЫНЫП) САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жаңа Қазақстан – жаңарған заманда жаңа оқыту моделіне көшті. Білім беру құрылымы жаңартылып, толықтырулар мен өзгерістер, жаңа көзқарастар мен әдістер енгізілді. Мемлекетіміздің білім беру жүйесіне енгізілген жаңартылған оқу бағдарламасы - бұл келешек ұрпақтың заманауи талаптарына сәйкес келетін жаңа оқу жоспары. Қазіргі қоғамда қарым-қатынас пен ақпарат алмасу жедел дамып, халықаралық байланыстар мен мәдениеттер арасындағы шекаралар жойылып келеді. Цифрлық технологиялармен оқыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бөлігіне айналып отыр. Жаңа инновациялық оқыту технологияларына сүйене отырып оқыту, бұл білім алушылардың оқу процесін тиімді, жан-жақты және қызықты етуге мүмкіндік береді. Соның бірі - жасанды интеллект.

Жасанды интеллект – бұл адам анықтаған мақсаттардың белгілі бір жиынтығы үшін мазмұн, болжамдар, ұсыныстар немесе шешімдер сияқты нәтижелерді шығаратын инженерлік жүйеге арналған техникалық және ғылыми сала. Шындығында, жасанды интеллект - панацея емес, практикалық құрал. Басқа салалардағыдай білім беру саласында да өте қарқынды дамып келе жатыр. Ол оқыту процесін жетілдіру үшін және мұғалімдерге оқушылар үшін дараланған оқу тәжірибесін қалыптастыруда қолдау көрсетеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының Білім беру жүйесінің міндеттеріне «отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту» [1] де жатады. Бұл деп отырғанымыз балаға тек білім беріп ғана қоймай, оның бойына ұлттық құндылықтармен қатар мәдениаралық құзыреттілікті сіңіру, әлемдік білім қорынан қиналмай ілім алуына жетелеу. Әртүрлі мәдениеттердің ерекшеліктерін түсіну, бағалау және сыйлау дағдысын қалыптастыру. Қазіргі жаһандану заманында бұл дағды балаларға ерте жастан сіңірілсе, олар өзара сыйластықты сақтай

отырып, көпмәдениетті қоғамда бейбітшілік пен үйлесімділік орнатуға көмектеседі. Алдымен «Мәдениаралық құзыреттілік дегеніміз не?» деген сауалға жауап іздеп көрейік.

Мәдениеаралық құзыреттілік «...өзінің мәдени көзқарасын өзгерту және мінез-құлықты мәдени айырмашылықтар мен ортақтықтарға сәйкес бейімдеу қабілеті» [2] ретінде анықталады. Мәдени өлшемдерге нәсіл, этникалық, тіл, ұлттың шығу тегі, тайпалық тиесілігі, географиялық аймағы, әлеуметтік-экономикалық класы, гендерлік сәйкестігі, жыныстық бағдары, діні/ рухани дәстүрі және қабілеттері және т.б. кіруі мүмкін. Ғалымдардың айтуынша, мәдениаралық құзыреттілік тек бір тіл немесе мәдениет туралы біліммен ғана шектелмейді, ол әртүрлі мәдениаралық жағдайларда дұрыс және тиімді әрекет ету қабілетін қамтиды. Мәдениаралық құзыреттілікті қалыптастыру бұл, ең алдымен, оқушылардың санасын ашу, оларды басқа мәдениеттермен таныстыру, өз мәдениетін түсіну және құрметтеу дағдыларын дамыту болып табылады.

Баланың бойында мәдениаралық құзыреттілікті қалыптастыру – бұл көп мәдениетті әлемде өмір сүруге дайын болу үшін маңызды міндет. Қазақстанның көпұлтты қоғамында жастардың бойында мәдениаралық құзыреттілікті қалыптастыру ерекше маңызға ие деп есептейміз.

Басқа сыныптардың қазақ тілі оқулықтарымен салыстырғанда, «Мектеп», «Атамұра», «Арман ПВ» баспаларының 7 сынып қазақ тілі оқулығында «Көшпенділер мәдениеті», «Сүйіспеншілік пен достық», «Қазақстандағы ұлттар достастығы» секілді атаумен жазылған бөлімдер бар. Сонымен қатар, 7 сынып оқушылары өздерінің қоршаған ортасындағы мәдениеттерді түсініп, дұрыс бағалай алатын жаста болып келеді. Сондықтан, осы жаста мәдениаралық құзыреттілікті дамыту өте тиімді деп санаймыз.

Ағартушы ғалым Ы.Алтынсарин «Педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба білуінде» дейді. Қай кезде де мұғалімнің жан жолдасы оның әдіс-тәсілі болмақ. Бүгінгі күнгі білім беруде жасанды интеллектінің көмегімен сабақтарда әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылуда. Бұл әдіс-тәсілдер арқылы мұғалім өтіп жатқан тақырыпты оқушыларға түсінікті етіп жеткізіп, олардың санасында терең орын алатындай етіп сіңдіруді басты мақсат етеді. Мұғалім сабақ барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балалардың өз пікірлерін ашық білдіруіне, ойларын жетілдіруге және өздеріне деген сенімдерін нығайтуға мүмкіндік жасауға тиісті.

Қазіргі білім беру жүйесінде мектеп бағдарламасы жаңартылған оқу жоспарлары аясында жүзеге асырылып жатыр. Қазақ тілі пәні осы жаңа бағдарлама негізінде оқытылып, оған айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым сияқты коммуникативтік дағдылар қосылды. Аталған әр дағды бойынша жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы оқушылардың мәдениаралық құзыреттіліктерін арттыруға болады.

Барнс (1971) сыныпта тіл қаншалықты қолданылса оқушылардың оқу процесіне соншалық әсер ететінін айтады. Барнс білім беру тек мұғалімді пассивті тыңдаумен шектелмей, сонымен қатар сөздік құралдарды қолдану арқылы, яғни сөйлесу, талқылау және дәлелдеу кезінде жүзеге асатынын көрсетеді [3]. Мәселен, айтылым тапсырмасы ретінде «Мәдениаралық рөлдік ойын» тапсырмасын ұсынуға болады. Оқушыларға белгілі бір мәдениеттен келген кейіпкердің рөлін ойнау тапсырмасы беріледі. Мысалы, бір оқушы қазақ халқының салт-дәстүрі туралы сөйлесе, екіншісі жапон мәдениеті немесе француз мәдениеті туралы айтады. Бұл тапсырма оқушыларға әртүрлі мәдениеттерді салыстырып, өздерінің ойларын нақты әрі түсінікті жеткізуге мүмкіндік береді. Олар Replika немесе ChatGPT сияқты құралдар арқылы өз рөлдерін жаттап, сұхбаттасу кезінде диалог құруға үйренеді. Жасанды интеллект рөлдерді қосымша сипаттап, оқушылардың айтылым дағдысын жетілдіруге көмектеседі. Сонымен қатар, виртуалды экскурсиялар мен көрмелер ұйымдастыруға болады. Олар оқушыларға қазақ халқының дәстүрлі киіз үйі, қолөнері немесе қазақ музыкасы мен ұлттық аспаптары туралы виртуалды саяхат жасауға мүмкіндік беру. Виртуалды саяхаттар арқылы оқушылар әртүрлі мәдениеттерді көзімен көріп, сол мәдениетке қатысты өзіндік көзқарас қалыптастырады. YouTube, Oculus VR қолдану арқылы

басқа халықтардың тұрмыс-тіршілігі мен дәстүрлерін нақты өмірде көргендей түсінеді. Мысалы, қазақ халқының киіз үйімен танысқаннан кейін, басқа халықтардың тұрғын үйлерімен салыстырмалы түрде пікірталас жүргізу, олардың құрылымын, материалдарын салыстырып, айырмашылықтарды талдауға болады.

Жазылым дағдысын дамытуда Google Docs, Grammarly, немесе Slick Write сияқты жасанды интеллект құралдарын қолдануға болады. Бұл құралдар оқушылардың жазба жұмыстарын тексеріп, грамматикалық қателерді түзеуге көмектеседі. Мысалы, WorldWall платформасының «Кездейсоқ дөңгелегін» айналдыру арқылы оқушыларға сабақ тақырыбы аясында тақырыпшалар қойылып, эссе немесе ойтолғау жазу тапсырмасы беріледі. Оқушылар әртүрлі мәдениеттердің ерекшеліктерін өз көзқарастары арқылы қабылдап, ол туралы өз пікірлерін жаза алады. Тапсырма орындау барысында оқушылардың өзіндік жазу стилі қалыптасып, бірізді жүйе бойынша ойын анық жеткізіп, сөз оралымдарын тиімді қолдана алады. Жасанды интеллект құралдары олардың жазу дағдыларын жетілдіріп, жазбаларындағы қателіктерді түзетіп отырады.

Тыңдалым дағдысын дамытуда Speech-to-Text немесе Google Translate сияқты құралдарды қолдануға болады. Оқушылар қазақ халқының дәстүрлері немесе басқа мәдениеттердің ерекшеліктері туралы аудио немесе бейне мазмұнды тыңдай алады. Мысалы, оқушылар YouTube арқылы қазақтың домбыра күйлерімен жапон халқының кото аспабы туралы бейне мазмұндарды тыңдап, сол музыкалық аспаптар мен мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды талқылай алады. Жасанды интеллект құралдары мәтіндерді тыңдауға және автоматты түрде аударуға мүмкіндік береді. Speech-to-Text көмегімен тыңдалған материалдан ақпарат жазып, оны талқылауға болады. Осы секілді, қазақтың күй өнерін тыңдап, оның құрылымы мен мағынасы туралы пікір алмасу немесе басқа мәдениеттердің музыкасына салыстырмалы анализ жасау оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамытады.

Оқылым дағдысын дамытуда Quizlet, Padlet тақтасы сияқты онлайн платформаларды қолдануға болады. Айталық, оқушыларға қазақтың мәдениеті, тарихы және басқа ұлттардың мәдениеттері туралы мәтіндер беріледі, кейін оқушылар сол мәтіндер бойынша сұрақтарға жауап береді. Quizlet платформаларында өткізілетін викториналар мен тесттер арқылы оқушылар өз білімдерін тексереді. Quizgecko арқылы мәтін бойынша сұрақ құрасырып оқушыларға бере аламыз.

Барлық осы әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым дағдылары бір уақытта дамиды. Жасанды интеллект құралдары әр оқушыға жекелей көмек көрсетуге мүмкіндік береді, әрі олардың мәдениаралық құзыреттілігін арттырады. Осылайша, қазақ тілі сабақтарында жасанды интеллектті қолдану оқушылардың тілдік және мәдени білімін тереңдетуге, мәдениаралық құзыреттілікті қалыптастыруға үлкен көмек береді.

Қазіргі заманда білім беру жүйесінде жасанды интеллекттің рөлі айтарлықтай артып, оның мүмкіндіктері мен артықшылықтары күн сайын кеңейіп келеді. Жасанды интеллект білімнің сапасын арттыруға, оқытудың тиімділігін күшейтуге және оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сай білім беру процесін оңтайландыруға зор ықпал етуде. Алайда, ең керемет деп саналатын жасанды интеллекттің өзі мұғалімді толық алмастыра алмайды. Ол тек оқуды жетілдіру мен білім сапасын арттыруда көмекші құрал бола алады. Өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру – мұғалімнің басты міндеті.

Заманның басты талабы – білімді ғана емес, тәрбиелі, жүректі адамдарды тәрбиелеу. Білім мен тәрбие бір-бірімен тығыз байланыста болуы керек екендігін «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» деп Әл-Фараби сонау заманда айтып кеткен. Абай Құнанбайұлының да тәрбиелік көзқарастарынан «Жүрек – адам тәрбиесінің темірқазығы» деген тұжырым да жасауымызға болады. Балаға білім беру барысында тек ғылыми мәліметтер мен дағдыларды үйретіп қана қоймай, оның жүрегіне жол тауып, оны мейірім мен сүйіспеншілікке толтыру қажет. Мұғалімдер осы міндетті орындауда маңызды рөл атқарады.

Жасанды интеллект арқылы оқушылар әртүрлі ұлттар мен халықтардың мәдениеттері туралы ақпарат алып, түрлі тапсырмаларды орындап, өзара пікір алмасу мүмкіндігіне ие болады. Оқушылардың тапсырма орындау барысында басқа мәдениетке деген қызығушылығы мен құрметі артады. Бұл, өз кезегінде, мәдениаралық құзыреттіліктің дамуына және оқушылардың тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуына септігін тигізеді.

Жоғарыда айтылғандай, жасанды интеллект тек құрал ғана, ал негізгі жұмыс мұғалімнің қолында. Мұғалім оқушыларды жүрегіне үміт отын жағатын, сүйіспеншілікке толы ортада тәрбиелей отырып, оларды болашақта мәдениетті түсініп, әртүрлі халықтармен тату-тәтті өмір сүре алатын азаматтар етіп тәрбиелеу керек. Осылайша, жасанды интеллект білім берудің көмекші құралы бола отырып, адамгершілік және мәдениаралық құзыреттілікті дамытуда маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. 2011 ж. 24 қазан, №487-IV.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487

2. Teaching Strategies // .https://cteresources.bc.edu/documentation/intercultural-competence/

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ» ДББҰ, 2012. - 98 бет


И.К.Кушербаева

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің
2 курс магистранты, Павлодар қаласы

БАТА ТІЛЕКТЕРДЕГІ ПРЕЦЕДЕНТТІ ЕСІМДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУҒА ДЕГЕН МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУ

Қазіргі жаһандану заманында ақпараттық құралдардың көш ілгері кеткені жасырын емес. Бетпе-бет қарым-қатынастың жоқтығы, жұмысбасты ата-аналар мен балаларының арасында тілдесімнің болмауы олардың әрекеті мен өзін-өзі бағалауына кері әсерін ететіні белгілі. Отбасында, қоршаған ортада қарым-қатынасқа түспегендіктен, адамның бойында сенімсіздік пайда болатыны анық. Ал сенімнің жоқтығы өзіне деген бағалаудың төмендеуіне себеп болады. Аталған себептер білім алушылардың оқуға деген қызығушылығының төмендеу салдарына алып келеді. Оқыту кезінде анықталған жоғарыда аталған мәселелер зерттеу жұмысын жүргізуіме себеп болды. Шәкірттердің оқу мақсатына жетуіне деген құлшыныстарының болмауы, өз жауаптарына сенімсіздік танытуы, оқып білге деген ынталарының болмауы сынды мәселелердің шешімі – қызығушылықтарын ояту, яғни мотивация беру керек деген тұжырымға келдім. Ал мотивация сөзі қазіргі уақытта тренд, себеп іздегенге сылтау, қолданыста сәнге айналып отырғаны да жасырын емес.

Білім алушыларда ата-ана, мұғалім тарапынан жігерлендірудің аз екенін олардың өздігінен оқуға, өзара оқытуға құлшыныстарының болмауынан келесідей әрекеттер жасалды. Жеткіншектердің сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын, мотивациясын, ынтасының қандай екенін білу үшін 7-сынып оқушылары арасында А.А.Реанның «Табысқа жетудегі мотивация және сәтсіздіктен қорқу» тестісін өткізуді жөн көрдік. Тестілеуге барлығы 64 оқушы қатысты. Тестілеу жауаптары келесідей нәтижерлерді көрсетті:



Сурет 1. А.А. Реанның «Табысқа жетудегі мотивация және сәтсіздіктен қорқу» тестісі

– 1-ден 7 балға дейін – сәтсіздіктен қорқу айқын байқалған (29% оқушы).

– 8-9 балл – сәтсіздіктерден аулақ болуға бейім (14% оқушы).

– 12-13 – сәттілік мотивациясы жақын (18,7% оқушы).

– 14-тен 20 ұпайға дейін – табысқа жетуге деген ұмтылыс айқын байқалған (21,8%).

Болжағанымыздай, сәтсіздіктен қорқу айқын байқалғандар үлесінің көптігі, олардың бойында мотивацияның жоқтығын, өз-өздерін жігерлендіре алмайтындығының айқын дәлелі. Мәселені анықтап алғаннан соң, атаулы ұғымның теориясымен танысуды ұйғардық. Мотивация – бұл адамның белгілі бір әрекеттерді орындауға деген ішкі ынтасы мен қызығушылығы, адамның мақсаттарына жету үшін қажетті күш-қуатын, көңіл-күйін, көңіл бөлген ісіне деген құлшынысын анықтайды. Ол адамды белгілі бір іс-әрекетке итермелейді, нәтижесінде адам алдына қойған мақсаттарына жетуге ұмтылысы.

Мотивацияның үш негізгі түрі бар:

1. Ішкі мотивация – адам белгілі бір іс-әрекетке тек өз қызығушылығы немесе оның маңызы үшін ұмтылады.
2. Сыртқы мотивация – адам сыртқы сыйақы немесе қолдауды алу үшін әрекет етеді.
3. Аралас мотивация – адамның ішкі ынтасы мен сыртқы факторлардың бірігуінен туындайды.

Бұл ұғымды ғылыми тұрғыда қарастыра отырып, келесідей ақпараттармен таныс болдық: Мотивация (ағылш. *motivation*) – «ниет», «түрткі», «кірісу», «жігерлену», «ынталану» сөздерінің мағынасына жақын келетін, қазіргі заман мәдениеті мен гуманитарлық ғылымда кең қолданылатын ұғым. Бұл ұғымды алғаш рет немістің иррационалды волюнтаризм философы А. Шопенгауэр философиялық шығармасында жеткілікті төрт негіздің бірі ретінде қарастырған. Бірақ қазіргі заман мәдениетінде ол тура мағынасында емес, көбіне-көп ауыспалы, жетілдірілген, түрлендірілген мағынада қолданылады [1].

Мотивация туралы түсініктермен қатар түрлі пікірлер, бұл ұғымды ерекшеліктеріне қарай жіктеу, түрлерін ажырату бойынша да біршама зерттеулердің бар екенін көзіміз шалды. Осылардың ішінде біздің жұмысымызға негіз болатын Маслоудың пирамидасын көрсетуді жөн көрдік. И.Маслоудың қажеттілік қабаты ілімі (Need-hierarchy theory) И.Маслоу пирамидасы деп те аталады. Қажеттілік қабаты ілімі – адамдық қасиетті түсіндіруге де, адам талпынысының нақты мақсатын айқындауға да керек теория. Онда адам өсуінің ең басты қозғаушысы «ниет» деп түсіндіріледі.

Келесі кезекте, зерттеу тақырыбымызға негіз болған, мәселенің шешімі болатын бата тілектердегі прецедентті есімдер ұғымын айқындап алайық.

Прецедентті есімдер (яғни, белгілі бір тарихи тұлғалардың немесе мәдени құбылыстардың есімдері) – бұл тіл мен әдебиетте кеңінен қолданылатын ұғым. Олар белгілі бір қоғамда, мәдениетте, әдебиетте немесе тарихта ерекше орны бар тұлғалармен байланысты. Прецедентті есімдер қоғам мүшелері үшін белгілі бір мағыналар мен құндылықтарды

білдіреді. Бұл ұғымды зерттеушілер көбінесе тіл білімі, әдебиеттану және мәдениеттану салаларында қарастырады.

Тіл білімінде атаулы ұғым XX ғасырдың соңына қарай Ресей ғалымдарының (Ю.Н.Караулов, Ю.А.Сорокин т.б.) еңбектерінде қарастырылған, ал прецедентті есім Д.Б.Гудков, В.В.Красных, Е.Л.Березович, О.А.Ворожцова, А.Б.Зайцева, О.С.Боярских, Г.Г.Сергеева т.б. зерттеушілердің еңбектерінде сөз етіледі. Юрий Караулов — прецедентті есімдер мен прецедентті мәтіндер мәселесін терең зерттеген ғалымдардың бірі. Ол прецедентті есімдерді тілдік және әлеуметтік құбылыстар ретінде қарастырады. Карауловтың еңбектерінде прецедентті есімдер мен олардың тілдегі функционалдық рөлі, сондай-ақ бұл есімдердің мәдениет пен қоғамдағы мәні қарастырылады. Ол есімдердің белгілі бір ақпаратты немесе тарихи-мәдени контексті жеткізу үшін қалай пайдаланылатынын зерттейді. Л.Виноградова — прецедентті есімдер мен олардың тілдегі мәнін зерттеген ғалым. Ол бұл ұғымды тілдік және мәдени код ретінде қарастырады, есімдер адамдардың белгілі бір уақыттағы, әлеуметтік ортадағы және мәдениеттегі түсініктерімен тығыз байланыстылығын көрсетеді.

Л.Виноградова прецедентті есімдердің тілдік мәні мен оларды қолданудағы ережелерді зерттейді. Ол бұл есімдердің қарым-қатынаста, әдебиетте және күнделікті тілде қолданылуын зерттеп, олардың терең мағыналарын түсіндіреді. О.А. Ворожцова, А.Б. Зайцева Ресей және Америка мерзімді басылымдардағы прецеденттік есімдерді қарастыра келе, прецеденттік феномен терминіне анықтама беріп, олардың төрт түрін көрсеткен: прецеденттік оқиғалар, мәтіндер, айтылымдар және есімдер [3].

Қазақ тіл білімінде прецеденттік есім терминін қолданбағанымен, осы мәселенің бір қырын зерттеген Т. Жанұзақов, Т. Қоңыров, Е. Керімбаевты атауға болады. Т.Жанұзақов жалқы есімдердің жалпы есімге ауысу мәселесін қарастыра отырып, көркем шығарма жалқы есімдері белгілі бір топтастырылған образды белгілеу мәнін ашса, қазақ көркем шығармасында көптеген есімдер антономастика негізінде жағымды және жағымсыз бейнелерді атау үшін қолданылады. Осыларды зерттей келе, Т.Жанұзақов адам әрекеті мен психикасын ашатын бірнеше кейіпкерлерді көрсеткен: Қарабай (Қарынбай), Шығайбай – өте сараң адам, Асанқайғы – қайғы-мұңға берілген адам, Итбай өте қатал, залым адам, Мырқымбай – кез келген адам, Қожанасыр – қарапайым, Қодар – өте мейірімсіз, «қара күш» иесі, Көсе (Алдаркөсе) өте қу, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу, Қыз Жібек пен Төлеген – мөлдір, таза махаббат символдары [4]. Оқушылар жағымды кейіпкер бейнесінен өзіне ұнаған қасиеттерді бойына сіңіріп, оған ұқсағысы келіп, әрекет жасап, жағымсыз кейіпкер бойындағы ұнамсыз қылықтардан бойын аулақ ұстап, ондай әрекеттерді жасамауға тырысады.

Көпшілік айтатын бата, тілектердің бірі келесідей үзінділер:

Абайдың басын берсін
Жамбылдың жасын берсін
Әміренің әнін берсін
Сәкеннің сәнін берсін
Құрманғазының күйін берсін
Шараның биін берсін
Қажымұқанның қайратын берсін
Исатайдың айбатын берсін
Абылайдың жүрегін берсін
Бауыржанның білегін берсін [5, 53б.].

Берілген бата он жолдан тұрса, әр жолында бір прецедентті есім бар екенін байқаймыз. Ал енді әр есімге жеке тоқталып өтсек: Абайдың артында өшпес мол мұра қалғаны кімге де болса аян: өлеңі, әні, қара сөздері, нақылдары оның данагөйлігі мен ақылына ұқсасын деген ниетте айтады.

Екінші жолдағы Жамбылдың 100 жасаған ақын екенін білеміз, сондықтан да Жамбылдың жасын тілеуі бекер болмаса керек. Үшінші жолда Әміренің әнін берсін дей келе, өнерің тассын деген ниет білдіреді. Өз заманында талайды таңдандырған талантты әнші өнері әр қазаққа аян. Төртінші жолда Сәкеннің сәнін берсін дей келе, қандай қиын қапас ғұмыр кешсе де, айдауда жүріп, артында мұра қалдырған тұлғаның сымбатты болғаны да тарихтан белгілі. Бесінші жолдағы күйімен даланы күмбірлеткен күйші Құрманғазының да өнерін берсін деу, өнерді түсіне білетін адам үшін үлкен тілек. Алтыншы жолда мың бұралған биші Шараның биін берсін деу арқылы өнерге жақын қыздарға демеу береді. Жетінші жолда Қажымұқанның қайратын берсін дей келе, мықты болуға шақырады. Сегізінші жолда Исатайдың айбатын берсін деп қорықпай, алға жылжуды насихаттайтындай. Тоғызыншы жолда Абылайдың жүрегін берсін деу арқылы ерекше мықтылығына екпін түсіре отырып, болашағына үлкен сенім сыйлағандай болады. Оныншы жолда Бауыржанның білегін берсін деп балаларды батыр болып, елін қорғауға үгіттейді.

Енді осы тілектерді күнделікті сабақта қалай қолдануға болады деген сауал туындайды. Күнделікті сабақ жоспарында ұйымдастыру кезеңінде психологиялық ахуал тудыру арқылы «Сен маған, мен саған» әдісі негізінде бір-біріне ұнаған бата тілектерін айтады. «Сағат тілі» әдісін қолдану арқылы да білім алушылар бір-бірімен жұптасып, прецедентті есімдер аталған бата тілектерін айтып, бірін-бірі жігерлендіреді. Сонымен қоса сабақты қорытындылау кезеңінде де өзін-өзі немесе өзара бағалау арқылы оқу мақсатына жету деңгейін бақылау үшін де қолдануға кеңес беріледі. «Ұқсап бақ» әдісі арқылы келесідей мысалды қолдануға болады: *Қанышқа ұқсап кемел болып... Бауыржандай батыр болып... Рақымжандай батыл бол... Марғұландай шежіре... Қасымдайын ақын бол...*

Ұсынылған жолдағы көп нүктенің орнына сабақ соңына жеткен нәтижесімен бөлісе отырып, өз жұмысынан ынталануға дағдыланады.

Оқушылар үшін келесідей прецедентті есімдері қолданылған бата-тілек үзінділері беріледі. *Абайдың ақылын берсін, Жамбылдың жасын берсін, Сәкеннің сәнін берсін, Күләштің әнін берсін* [6].

Бұл тілек жолдары оқушыларды көтеріңкі көңіл күймен жұмыс жасауға, өздерін сенімді сезініп, нәтижелі жұмыс жасауға итермелейді.

Оқу және оқыту кезінде білім алушылардың жұмыс жасауға деген қызығушылығын турдыра отырып, сыныпта да жағымды хал-ахуал тудыру арқылы сенімді жұмыс жасауына септігін тигізетіні сөзсіз.

Тағы бір тектілер есімін жинаған бата жолдары келесідей: *Міржақыптай сырбаз бол, Мағжандайын маңғаз бол.Сәкең сынды сұңқар бол,Тұрар тектес тұлпар бол. Жамбылдайын дүлдүл бол, Күләштайын бұлбұл бол, Қанышқа ұқсап кемел бол. Бауыржандай батыр бол, Рақымжандай батыл бол. Марғұландай шежіре, Қасымдайын ақын бол. Бағың жанып,әрдәйым* Жақсыларға жақын бол! [6].

Міржақып, Мағжан, Сәкен, Тұрарлардың бойынан өзіңе жақсы мінезін ал, Жамбыл, Күләштай өнерге жақын бол десе, Қаныштай кемел бол деп сауатын ашып, білімді болуды меңзейді. Бауыржан мен Рақымжандай батыл да батыр бол деу арқылы оқушылардың бойына отансүйгіштік қасиетін дарытатыны сөзсіз. Марғұландай тарихыңды біл, Қасымдай еліңнің қадір-қасиетін өлең арқылы ұғынуға үйрету арқылы ұлттық әдебиетімізге жақын болуға шақырады. *Жиреншедей шешен ет. Атымтайдай көсем ет, Лұқпандай береген ет* [6].

Мына жолдардағы Жиреншедей шешен ет деу арқылы көсіліп сөйлеп қана қоймай ақылмен сөйлеу, сөз тауып айту арқылы мәселені шешу құзыреттіліктерін қалыптастырып, айтылым дағдыларының дамуына әсер етеді. Ал Атымтай мен Лұқпандай бол дегені оқушыны жомарттық пен қайырымдылыққа тәрбиелейтіні сөзсіз.

Бұл бата жолдары арқылы оқушының бойында жарқын болашағына деген сенім, оның Абылайдай алып бол деу арқылы мамандығына сілтеме жасаса, Шоқан сынды жарық бол деген жолдар болашақтағы мамандығың ел игілігі үшін болсын дегенді меңзегендей. *Қобыландыдай немере ұлың болсын, Құртқадай ақылды қызың болсын* [6]. Берілген бата

жолдары да баланың жас кезден болашақтағы отбасының қандай болатынына жоспар құрып, Қобланды батырдай ұрпағы батыр, қайратты, қыздары Құртқадай ақылды болсын деу арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы сақталуына да септігін тигізеді. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, саналы ұрпақ тәрбиелеуді тілей отырып, батыс мәдениетінен келген көптеген қоғамдық, әлеуметтік мәселелердің алдын аларына күмәнім жоқ. *Абай, Жамбыл, Міржақып, Шоқан, Ахмет, Мағжандай Тасқа басқан таңбасын, Мәңгілік артына із қалдырсын!* [6] осы жолдарда алты алып Абай, Жамбыл, Міржақып, Шоқан, Ахмет, Мағжан атын дамыта отырып атау арқылы бала бойында «мен артымнан үлгі боларлықтай із қалдыруым керек» деген бейсаналы түрдегі бағдарлама тәріздес. Қазіргі жағдай елімізде өнертапқыштар әлемдегі дамыған елдермен салыстырғанда әлде қайда аз, ал жоғарыдағы бата жолдары осы мәселенің шешімі болары анық.

Сұлтанмахмұттай сыйлы бол! Шөжедейін жыршы бол, Біржан салдай әнші бол. Ақандайын сері бол. Әлекеңдей заңғар бол, Ақаңдайын абзал бол [7].

Бұл бата жолдары да баланы Сұлтанмахмұттай сыйлы бол деу жас ақындай арқылы өзін қоғамда сыпайы, мәдениетті ұстауға үйретсе, Шөже, Біржан, Ақандай өнерлі бол дегені, Әлихан мен Ахметтей елге пайдаң тиетін тұлға бол деген ойлар жалғасын табады. *Асан Қайғы бабадай саналы бол, Ғаріпте әз Жәнібектей паналы бол. Керейде Дәстем салдай бағалы бол, Атақты Келден бидей саналы бол* [7].

Асан Қайғыдай саналы бол деп, Жәнібектей паналы бол, Дәстендей саналы бағалы бол, Келден бидей саналы бол деген тілектер де әр мәселені ақылмен шешуге үйретеді. Аталған прецедентті есімдер арқылы оқушы бойында сенімділік пен жігерлілікті келесі қасиеттерді бойына дарыту арқылы арттырады:

- Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, құрметтеуге шақырады;
- Оқушы бата-тілекті бірнеше мәрте қайталап айтуы арқылы оның тұлғаны дәріптеп қана қоймай, көпшілік алдында әсерлі сөйлеу қабілеті артады;
- Өлең-жолдарымен ұйқастырып айту арқылы шұбыртып, тоқтамай айту арқылы шешендік сөйлеу дағдысы қалыптасады;
- Ұлт мәдениеті, әдебиеті, өнері, мәдениеті, тарихы дәріптеледі;
- Өзара жақсы қарым-қатынас орнату арқылы сапалы білім алуға жағдай жасалады;
- Білімді көтеріңкі күймен қабылдайды;
- Өзіне деген сенімділігі қалыптасады және артады;
- Оқушылардың өзара қайырымды болуға, бірлікке үйретеді;
- Болашағын болжау, жарқын болашаққа ұмтылу;
- Өнер-білімге қызығушылық білдіру.

Бата тілектер оқушылардың мотивациясын арттыруда маңызды рөл атқарады. Бата – қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінен шыққан, адамның өміріне қуаныш, сәттілік, бақыт тілейтін сөздер мен тілек білдірудің ерекше тәсілі. Оның ішіндегі белгілі тұлғалардың аттарын қолдану арқылы оқушылардың ішкі ынтасын оятып, оқу процесіне деген қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Оқушының еңбегі мен жетістіктері бағаланса, ол өзіне деген сенімділік сезімін арттырады. Бата тілектер оны әрі қарай ұмтылуға ынталандырады. Оларды орынды қолдану – мотивацияның маңызды құрамдас бөлігі.

Бата тілектер оқушының психологиялық жағдайын жақсартады, оған оң әсер етеді. Мысалы, “Абайдай дана бол, Бауыржандай батыл бол” деген сөздер оқушыны өз мақсатына жетуге итермелейді. Бата тілектер адамның күшіне, қабілетіне деген сенімділікті арттырады. Бұл, әсіресе, қиын тапсырмаларды орындау кезінде маңызды. Бата арқылы балаларға өмірдің, білімнің және еңбектің мәні, құндылықтары жайлы маңызды ойлар жеткізіледі. Осылайша, олар өздерін тек оқу процесінде емес, жалпы өмірде де жетістікке жетуге ұмтылыс жасайды. Бата тілектер оқушыларға рухани күш береді. Әсіресе қиын кезеңдерде, ол мотивацияны сақтап қалуға және психологиялық тұрғыдан мықты болуға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, бата тілектер оқушының ішкі күшін оятып, оның білім алуға деген ынтасын, өмірге деген оң көзқарасын арттыра алады.

Әдебиеттер

1. McClelland (1985), Human motivation, Glenview, IL: Scott, Foresman, pp.183

2. Маслоу А.Г. Мотивация и личность. – СПб.: Евразия, 1999. – 478 с.

3. Ворожцова О.А., Зайцева А.Б. Прецедентные имена в российской и американской печати // Проблемы образования, науки и культуры. – Вып. 20. – 2006. – № 45. – С. 19.

4. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасының очеркі. – Алматы, 1982. – 342 б.

5. Нұралиева Ж. Қазақтың бата-тілек өсиеттері. – Алматы: «Балауса баспасы», 2016. – 384 б.

6. https://moluch.ru/archive/88/17462/

7. https://findhow.org/5264-kuttyktau-tilekter.html?sl=1524-balalarga-batalar

Ж.Д.Хамитова

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің магистранты

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Біз өмір сүріп отырған ақпараттық қоғамда, бәсекелестік заманда, жаһанануға қарыштап қадам басқан уақытта халқымыз үшін маңызы аса зор оқу-ағарту ісін халықаралық талапқа сәйкестендіріп, әлемдік сапа деңгейіндегі білім мен білік дағдыларына негізделген білім беру жүйесін құру кезек күттірмейтін мәселе. Оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнен өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай етіп ұйымдастыруды талап етеді. Ол мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігімен тікелей байланысты.

Мектептегі оқыту мен тәрбиелеу деңгейі көбінесе педагогикалық процестің баланың жас және жеке даму психологиясына қаншалықты бағытталғандығымен анықталады. Бұл әр баланың жеке даму нұсқаларын, шығармашылық қабілеттерін анықтау, өзінің белсенділігін нығайту, жеке басының бірегейлігін ашу, оқуда артта қалу немесе қанағаттанарлықсыз мінез-құлық кезінде уақтылы көмек көрсету мақсатында оқушылардың бүкіл оқу кезеңінде психологиялық-педагогикалық оқуын қамтиды. Бұл әсіресе мектептің төменгі сыныптарында, адамның мақсатты оқуы басталған кезде, оқу баланың психикалық қасиеттері қалыптасатын жетекші іс-әрекетке айналған кезде байқалады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін мектепте оқытуда қолданылатын белсенді әдістің ең өнімдісі – рөлдік ойындар. Рөлдік ойындардың оқушылардың шығармашылық ойлау жүйесін қалыптастырып, өз пікірін қорғауға, басқалармен тіл табыса білуге баулитыны ғылымда дәлелденген.

Кеңес дәуірінің әйгілі психологы Л.С.Выготский: «Бала ойын үстінде өзінің дәл жасынан анағұрлым ересек көрінеді» дейді [1]. Ойын үстіндегі бала психологиясын зерттеген Л.С.Выготскиймен қатар, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин сынды кеңес ғалымдары, бірқатар шетел зерттеушілері: «Ойын — баланың өзіндік өмірі» деген ортақ қорытындыға келген [2].

Балаға білімді ойын арқылы меңгертудің педагогикалық аспектілері ертеден сөз болып келеді. Бұл ретте Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың құнды пікірлері назар аудартады. Бұдан кейінгі дәуірде Д.Әлімжанов, Ы.Маманов, Ә.Исабаев, Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев, С.Рахметова, С.Ғаббасов, Ә.Табылдиев, Ш.Майғаранова, Б.Игенбаевалардың еңбектерінде айтылған тұжырымдардың ғылыми маңызы бар.

ХХ ғасыр басындағы педагогиканың ірі өкілі А.С.Макаренко да ойынға үлкен мән береді: «Ойын баланың өмірін қызыққа, қуанышқа бөлейді. Ол балалардың ойынға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын тәрбиелейді», - деп көрсетеді [3]. Ал қазақ ғалымы Р.М.Қоянбаев: «Ойын – балалардың денесін, ақыл-ойын дамытудың сарқылмас көзі», - деген пікір қалдырған [4]. Бұл келтірілген пікірлерден оқу үдерісіне ойын технологиясын енгізудің қаншалықты маңызды және нәтижелі болатынын түйеміз.

Ойын технологиясы – оқушылардың шығармашылық және ізденіс деңгейіндегі жұмысын ғана емес, күнделікті сабақтарын да қызықты етуге мүмкіндік беретін оқытудың бірегей нысандарының бірі. Соңғы кезде теледидар, видео, радио, компьютерлік желілер арқылы оқушылар алатын ақпарат өте көп. Ойын технологиясының өзектілігі қазіргі оқушылардың алатын ақпаратының көптігіне байланысты да артып келеді.

Ойын технологиясын қолдану:

- қызығушылықты дамытады;
- психологиялық ахуалды жақсартады;
- дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастырады;
- ортаға тез бейімделуіне ықпал етеді.

Ойын – бала үшін табиғи және адамгершілікке негізделген оқыту түрі. Ойын арқылы оқытудың арқасында біз балаларға оқу материалын қабылдауға ыңғайлы және табиғи түрде жеткіземіз. Біз өз тәжірибемізде 5 сыныпта қазақ тілін оқытуда ойын технологиясын өнімді пайдаланып келеміз. Тәжірибеде байқалғандай, оқушыларға ұлттық ойындарды пайдаланып өткізілген сабақтар өте қызықты. Әсіресе, ойын элементтері бар сабақта олар еркін сөйлеу, ойлау, қарым-қатынас жасауға мүмкіндік алады.

Мәселен, басқа ұлт мектептеріндегі қазақ тілінің бірқатар тақырыптарын рөлдік ойындар арқылы меңгертуге болады. Мәселен, «Киім. Сән, талғам» атты тақырыпты бекіту үшін оқушыларға «Қазақ халқының ұлттық киімдерінің көрмесі» немесе «Ұлттық сән апталығы» деген ойын сабағын өткіземіз. Бұл үшін ұстаз алдын ала дайындық жұмысын жүргізеді. Себебі, ұлттық киім үлгілері, қазақ оюларының кесіндісі, мата үлгілері, тақырыпқа қатысты бейнематериалдар т.б. керек. Оқушыларға рөлдер алдын-ала бөлініп беріледі. Оқушылар өз рөлдеріне сәйкес дайындық жұмыстарын жүргізеді.

Ойын-сабақтың барысында бағдарламада берілген төмендегі оқу мақсаттары жүзеге асырылады: «5.2.3.1 жарнама құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, жарнама құрастырып жазу; 5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, жарнама) көтерілген мәселені түсіндіру; 5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; 5.4.2.1 сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу».

Оқушылардың ілгерінді, кейінді ықпалға құрылған сөздерді қатыстырып монолог, диалог құра білуі, жинаған ақпараттарының құндылығы, айтылымға құрылған мәтіндердің бөлімдерін анықтай алуы т.б. білім-біліктері бағаланады. Бұндай рөлдік ойындар барысында оқушылардың сабаққа қызығушылығы оянады, жанды диалог, монолог барысында тақырыпқа қатысты сөздерді меңгереді. Ең бастысы қысылып-қымтырылмай, рөлдегі қызметіне сай еркін әрекет етеді. Қызу еңбек, белсенді әрекетке құрылған бұндай сабақтар баланың есінде ұзақ сақталады. Тілді үйрену, тіл мәдениетін игеру, логикалық тұрғыдан жүйелі сөйлеуге қол жеткізіледі. Сонымен қатар шәкірттер қазақ халқының этнографиясымен, мәдениетімен тереңірек танысуға мүмкіндік алады.

Сабақты ұйымдастыру кезеңінде үйге берілген тапсырма тексеріліп, ол жаңа тақырыппен байланыстырылды. Жаңа сабақты түсіндіріп болғаннан соң, оқушыларға «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі бойынша рөлдік ойын ұсынылып, ойын барысында омоним, синоним, антонимдердің мағыналарына талдау жасалынды. Сыныптағы оқушылар екі топқа бөлінеді. Әр топтағы оқушылардың өз рөлін жақсы ойнап, берілген тапсырманы дұрыс орындағанына байланысты жеңімпаз анықталады. Ойын барысында оқушылар бір-бір рөлге ие болып, сол жануардың қимылын, қозғалысын, дауысын айнытпай салуға тырысу керек.

Алғашқы болып, 2-топ оқушылары шықты. Екінші топтың жетекшісі автор сөзін оқыды. Түйе рөлін ойнап шыққан оқушы түйенің жүрісін салып шайқалақтайды. Сонымен қатар, түйенің сыртқы келбетін синоним, антоним, омоним сөздерді пайдаланып шебер суреттеуі

қажет. Ойынның ережесі бойынша басқа оқушылар рөлде ойнап тұрған оқушының ненің рөлін ойнап тұрғанын табуы, сонымен бірге оның сипаттамасында келтірілген (биік-аласа, ұзын-қысқа, ақырын-тез, үлкен-кіші т.б.) антонимдерді, (үлкен – ірі, түр – түс – рең, күшті – мықты т.б.) синонимдерді анықтай білуі қажет. Оқушылардың білімі рөлдегі баланың айтқан мәтінін мұқият тыңдап, қажетті сөздерді таба білуіне орай бағаланады. Осылайша барлық балалар хайуанаттардың қимыл-қозғалысын айнытпай салып, антоним, синоним, омоним сөздерді кірістіріп, өз рөлдерін ойнап шығады. Мұнан кейін хайуанаттардың рөліндегі оқушылардың білімі мен білігін бағалау үшін төрешіге сөз беріледі.

Сабақтың қорытынды кезеңінде ойын барысында тапқырлық пен белсенділік көрсеткен оқушылар бағаланады. Үй тапсырмасы берілді.

Ойын барысында оқушылардың антоним, синоним, омонимдерді қалай меңгергені, мәтінмен жұмыс жасай білуі (сипаттама, хабарлама мәтін құрастыра білу), жатық сөйлеу дағдылары бағаланады. Тарау бойынша алған білімдері бекітіледі. Оқушылардың хайуанаттар әлемі туралы дүниетанымы кеңейіп, жан-жануарларға қатысты сөздік қоры дамиды.

Келесі бір ойын «Суреттеп айт» деп аталады. Бұл ойынның мақсаты – балалардың сөйлеу тілін жаттықтыру, дүниетанымын кеңейту. Бұл ойын топпен ойналады. Бастаушы оқушының құлағына бір жануардың аты сыбырлап айтылады (болмаса бір жануардың суреті көрсетіледі). Бастаушы ол жануардың атын атамай, оны басқа сөздермен сипттап, суреттеуі тиіс. Оның сипаттамасында синоним, омомним, антоним сөздердің қатыстырылып айтылуы қадағаланады. Басқа оқушылар бастаушының сипаттамасын мұқият тыңдап, жасырылған жануарды дұрыс табуы тиіс. Оқушылар өз ойларын кезекпен айтады. Ойынды әрі қарай күрделендіріп, сол жануар туралы мақал-мәтел айтқызуға да болады.

Мысалы, «Түйе». Оны оқушы «Дала кемесі», «Шөлге өте төзімді, ірі үй жануары», «Ол тұзды жақсы көреді. Оның сүті адам ағзасына пайдалы, оның жүнінен көрпе, киім жасалады» деуіне болады. Жасырылған сөзді тапқан бала түйеге қатысты мақал-мәтелдер айтады. Оны айта алған бала бастаушы етіп тағайындалады. Ойын осылай жалғасады.

Ойын - апатия мен төмен мотивацияны, оқшаулануды және педагогикалық немқұрайлылықты емдейтін «дәрігер». Ойын балаға дәстүрлі оқыту жүйесі кезінде «ұйықтап жататын» тұлғаның қиял, символдық ойлау, қарым-қатынас белсенділігін арттыру сияқты жақтарын ашуға мүмкіндік береді. Ойын барысында оқушылар оқудағы статикалық күйден арылады.

Сабақ барысында оқушыларға ойынның мақсаты мен талаптары, ережесі толық түсінікті болуы өте маңызды рөл атқарады. Ойын әдісі арқылы олардың пәнге деген қызығуын арттырамыз, өз ойын, пікірін, көзқарасын білдіруге, екінші бір адамның жауабын тыңдап, оны толықтыруға, жетістіктері мен кемшіліктерін айта білуге жаттығады.

Балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту, атап айтқанда, олардың екпінді дұрыс қою, дыбыстарды дұрыс айту, сингармониз заңын сақтау т.б. жағдайларда диктофон, магнитофон сияқты құралдарды немесе ұялы телефон мүмкіндігін қолдану жақсы нәтиже береді. Бұл құралды сабақта ұйымдастырылатын ойын процесіне араластырып, балалардың ойын ойнаға кездегі дауыстарын жазып алып, кейіннен өздеріне тыңдату арқылы жақсы тұстарын атап өтіп ынталандыру, дұрыс болмаған жерлерін түзету олардың сөйлеу мәдениет көтерудегі тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – оның жан-жақты білімінен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен және сол әдістерді тиімде пайдалануымен өлшенеді. Әрбір оқу пәні бойынша білім, білік, дағдыны ғана игеру оқушы құзыреттілігі үшін жеткіліксіз болып отыр.

Бүгінгі мұғалімнің жетістігін оқушыларға өзінің берген білімі мен біліктерін үйретумен бағалап қоймайды, сонымен бірге ол өсіп келе жатқан ұрпақты жаңа, белгісіз жағдайда әрекет етуіне, олардың өз бетінше әрекеті мен шығармашылығын дамытуға, қоғам өміріне белсене қатысу үшін икемділіктерін қалыптастыруға қаншалықты тиімді жағдай

жасағандығымен бағалайды. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді.

Түйіндесек, ойын балалардың шаршағанын басады, сергітеді, сабаққа қызығушылығын арттырады. Ойында оқу мақсаттарының жасырын тұруы балалардың ойын шарттарын тапсырма деп қабылдамай, жеңіл, ойнақы көңіл-күймен орындауына себеп болады.

А.Ж.Манапова

Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің 2-курс магистранты

8-СЫНЫПТАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ: ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ҮДЕРІСІ

Қазақстан Республикасында білім беруді жаңғырту жағдайында дарынды бала тұлғасының ішкі әлеуетін дамыту өзекті мәселелердің алдыңғы қатарында тұр. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беруді дамытудың қағидаттарының бірі «Білім алушының интеллектуалды дамуын, психологиялық-физиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету» деп белгіленген [1].

Сондықтан сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, айқын даралығы бар, пайымдауы ерекше, ойы ұшқыр, өмірге икемді , жан-жақты тұлғаны қалыптастыру да басты бағдарымыз болу керек. Қазіргі уақытта өзекті болып отырған инклюзивтік білім беру барлық оқушылардың теңдігін мойындаудың әлемдік қозғалысына айналды. Инклюзия денсаулығына байланысты ерекше білімді қажет ететін баланы қамтуды ғана емес, сондай-ақ жеке қабілетіне қарай қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқыту жағдайларын жасауды, бейімдеуді де қамтиды [2, 13б.]. Біздің зерттеуге алып отырғанымыз- инклюзивті білім жағдайында дарынды балалармен жұмыс мәселесі. Дарынды балалардың бойында зерттеуге, талдап-сараптауға және белсенді ізденімпаздыққа ұмтылатын нақты көріністер болғандықтан, шығармашылық жұмыспен толыққанды айналыса алады, оқу арқылы бойларындағы білімге, жаңалыққа, белсенді ой жұмысына және өзін-өзі тануға деген құштарлығы басым болады. Оған зерттеу кезінде де көз жеткіздік. Мектептерде қалыпты білімді меңгере алатын балалардан басқа ерекше дамыған дарынды балалар бар. Ғалымдардың пайымдауынша, дарынды балалар да ерекше білімді қажет ететін топқа жатады дегенді алға тартады.

Дарындылық теориясының негізі Ресей педагогтерінің еңбектерінде жақсы көрініс тапқан. Н.Ожеговтың сөздігінде дарындылық «табиғаттан» берілетін ерекше қабілет деп түсіндіріледі. «Дарындылық тұжырымдамалары» атты дайындаған құжатта «Дарынды бала дегеніміз — айрықша жетістіктермен ерекшеленетін және іс-әрекет барысында сондай жетістіктерге ұмтылатын баланы айтамыз» делінген. Ал, отандық белгілі ғалымдардан оқушылардың дарындылығын дамытудың теориялық-әдістемелік негіздерін Ү.Б.Жексенбаева, болашақ педагогтердің дарынды оқушылармен жұмысының ғылыми-теориялық мәселелерін Л.М.Нәрікбаева, С.И.Қалиева, А.У.Сатова, Ж.О.Үмбетова, дарындылықты дамытудың педагогикалық шарттарын А.Ж.Жанатова сынды ғалымдар зерттеген. А.М.Матюшкин дарындылықтың психологиялы құрылымы шығармашылықты сипаттайтын негізгі құрылымдық элементтермен сәйкес келеді, ал дарынды оқушыларды оқыту мен дамыту адамның шығармашылық дамуының идеалы моделін құрайды деп санайды [2, 24б.].

Б.М.Теплов дарындылықты белгілі бір қызметті орындауда үлкен немесе аз жетістікке жету мүмкіндігіне байланысты болатын қабілеттердің сапалы үйлесімі деп анықтады [3, 36б.]. Белгілі зерттеуші Н.С.Лейтес қабілетті балалардың 3 категориясын анықтап берді. Бірінші категория — ой-өріс қабілеті ерте жастан байқалған оқушылар. Екінші категория — жеке бір іс-әрекет түрі мен белгілі бір мектептегі ғылым түріне қабілеттілігімен көзге түскен оқушылар. Үшінші категория — дарындылығы ерекше дамыған оқушылар. Ой-өріс

қабілетімен ерте жастан көзге түскен оқушыларға мектептегі оқу кезіндегі қарқындылық тән. Кейбіреулерінің ақыл-ойы табанды түрде дамиды да өз қатарластарын басып озады. Олардың ақыл-ойының кемеңгерлігі сонша — оларды байқамау мүмкін емес. Бала дарындылығының байқалмайтын жағдайлары да кездеседі. Кейде тіпті баланың есейген шағында сирек кездесетін қабілеттері көрініс тауып жатады. Балалардың бойында белгілі бір қабілеттердің жарқын көрінісі ой-өріс деңгейінің жалпы дамуымен, ғылымның, өнердің арнайы бір саласына бейімделуімен сипатталады. Үшінші категорияға жататын оқушылар жалпы дамуы жағынан өз қатарластарының алдына шықпайды, бірақ ақыл-ойының өзіндік ерекшелігімен өзгешеленеді.

Жалпы орта білім беру жағдайындағы оқушылардың интеллектуалды дарындылығы зерттеудің спецификалық объектісі және оның психикасы даму мен қалыптасу үстінде екенін есте сақтау маңызды. Біздің зерттеуіміздегі дарынды балалармен қалай және қандай жұмыстар жүйесін қарастыру керек деген мәселе бойынша біз 3 бағыттағы қалыпты білімді меңгере алатын, ерекше білімді қажет ететін, ерекше дамыған дарынды балалармен төмендегідей тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргіздік.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс Екібастұз ауданына қарасты «Екібастұз жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекет мекемесінде жүргізілді. Зерттеу жұмысына 8-сынып оқушыларынан 17 оқушы қатысты. Сыныптағы оқушыларға «Адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталады» деген тақырыпқа аргументативті эссе жазу ұсынылды. Аргументативті эссе жазу үшін нұсқаулық құрастырылып беріледі. Ол ғылыми еңбектерге сүйене отырып құрастырылды [4]. Нұсқаулықта дәлелді эсселер үшін алдын ала жазу стратегиялары, қадамдары мен кеңестер көрсетіліп жазылады. Жазба жұмысының (эссенің) жазылым дағдысы бойынша дескриптор ұсынылды. Бағалау шкаласын төмендегі кестеден байқауға болады. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы есепке алынды [5].

№	Балл	Сипаттамасы
1	9-10	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен көркем тіл құралдары орынды қолданылған.Ойын еркін әрі толық жеткізеді, күрделі әсерлерді жеткізе алады, стильдік, пунктуациялық қателерді жібермейді.
	7-8	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен тіл құралдары үйлесімді түрде қолданылған.Ойын анық әрі еркін білдіруі тиісті әсерді береді, жіберілген кейбір стильдік, пунктуациялық қателер түсінуді қиындатпайды.
	5-6	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен кейбір сипаттау құралдары қолданылған. Ойын анық білдіреді, бірақ бір сарыннан шықпайды, техникалық қателер (мәтіндегі сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жалпы әсерді бұзады.
	3-4	Құрылымы жүйесіз немесеанық емес, нақты суреттеу мен қарама-қайшылықтарды баяндау қабілеті жетіспейді. Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады, жиі техникалық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жібереді.
	1-2	Көркем тіл құралдары аз қолданылған немесе мүлдем қолданылмаған.Сөздер кейде анық емес, техникалық және құрылымдық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.

Жалпы, ғылыми деректерге сүйенсек, аргументтік эссе идеяларыңызды ретке келтіруді және не туралы айтқыңыз келетінін анық білуді білдіреді, соған машықтайды. Жазу алдындағы әртүрлі әрекеттер негізгі ойыңызды анықтауға және оны қорғауға дайындалуға көмектеседі. Оны жүзеге асыру үшін оқушыларды мынадай әдіс-тәсілдерді қолдануға үйреттік:

Қайта жазу. Тақырып бойынша ойыңызға келген нәрсені 5-10 минут бойы үзіліссіз жазуға рұқсат беріңіз. Бұл қысымсыз жазу сізге күтпеген идеяларды табуға немесе тақырыптың белгілі бір аспектісіне сенімдірек сезінуге көмектесуі мүмкін.

Тізімдерді құру. Әсіресе көрнекі ойшылдар үшін пайдалы, листинг тақырыпқа қатысты ойға келетін кез келген идеяларды, тұжырымдамаларды немесе нүктелерді жазып алуға мүмкіндік береді. Бұл құрылымдық пішім ойларыңызды кейінірек жүйелеуді және басымдық беруді жеңілдетеді.

Кластерлеу әдісі. Идеяларыңызды зерттеу үшін ақыл-ой картасын салу сияқты кластерлерді ойлап көріңіз. Негізгі тақырыбыңызды парақтың ортасына жазыңыз. Содан кейін одан кішірек идеяларға немесе байланысты нүктелерге сызықтар сызыңыз. Осы кішігірім нүктелер туралы қосымша мәліметтер болған кезде, осы қосымша ойларды көрсету үшін олардан көбірек сызықтар сызыңыз (ол қалай жасалғанын көру үшін мысал суретін қараңыз).

Жағымды және жағымсыз жақтарын талдау. Тақырыбыңызға қатысты ықтимал шағымдармен байланысты артықшылықтар мен кемшіліктерді тізімдеңіз. Бұл жаттығу әртүрлі перспективалар туралы түсінігіңізді тереңдетеді және қай талап ең сенімді дәлел ұсынатынын қарастыруға көмектеседі. Ықтимал қарсы дәлелдерді болжау арқылы сіз оларды эсседе шешуге дайын боласыз. 3–сатылы нәтижені сараптай келе, 17 оқушының ішінен 4 оқушы ерекше дамыған дарынды балалар ретінде эссе жазуда жоғары пайыздық көрсеткішті көрсетті. 4 оқушының жұмысында нұсқаулық пен дескрипторға сәйкес бағаланды. Ерекше дарынды балалардың жазба жұмыстарында ерекше әсер беру мақсатымен жазылған көркем тіл құралдары орынды қолданылған. Пайымдаулары ерекше, ойын еркін әрі толық жеткізеді, күрделі әсерлерді жеткізе алады. Грамматикалық және пунктуациялық қателерді жібермейді. Жоғары сипатталған жазба жұмысын орындату арқылы ерекше дамыған дарынды балалардың интеллектуалды дарындылығы әлдеқайда жоғары екенін көрсетті. Эссе жазу арқылы ерекше дамыған дарынды балалардың ақыл-ой қабілетінің ұшқырлығы, ассоциативті ойлауы, қорытынды жасау дағдалары жоғары болуы, эстетикалық талғамы, шығармашылық қиялы, тұлғаның өзіндік пайымдауы мен көзқарасы, тұлғаның мәдени өсуін дамытуға үлкен мүмкіндіктің бар екендігіне әр баламен жұмыс істеген сайын нәтижеге қол жеткіздік.

Әдебиеттер

1. *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. URL https: //adlet.zan.kz//;*
2. *Матюшкин А.М. Одаренность и возраст. -Москва: Издательство НПО «МОДЭК», 2004.-85 стр.*
3. *Теплов Б.М. Способности и одаренность. -Москва: Изд-во Москва университета, 2002с, 10 стр;*
4. *Бешімбаева Қ.Е. Жазылым: эссе және оның жазылу жолдары элективті курсы. – Астана, 2022. –57-бет.*
5. *Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 17- б.*

МАЗМҰНЫ

Тілеп Б. КІРІСПЕ СӨЗ..... 3

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ ТЕМІРХАН ТЕБЕГЕНОВТІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҒҰМЫРНАМАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Дәдебайұлы Ж. ПРОФЕССОР ТЕМІРХАН САҚАҰЛЫ ТЕБЕГЕНОВ ҚАЗАҚСТАН ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІНІҢ КӨРНЕКТІ ТҰЛҒАСЫ ЕДІ..... 4
Ақыш Н. САН САЛАНЫ ҚАМТЫҒАН ҚАЛАМ..... 6
Әбдезұлы Қ. ІРГЕЛІ ЗЕРТТЕУ ТАҒЫЛЫМЫ..... 7
Асылбекұлы С АДАМ – КЕРУЕН, ӨМІР – ЖОЛ..... 9
Зайкенова Р. ЗЕР ҚАДІРІН ЗЕРГЕР БІЛЕР..... 11
Б.Омаруұлы. ТЕМІРХАН АҒАНЫҢ ТӘЛІМІ..... 16
Таңжарықова А. ТЕМІРХАН САҚАҰЛЫНЫҢ «БІРТҰТАС ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» МОНОГРАФИЯСЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР, АТАМЕКЕН ЖӘНЕ ҰЛТ ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ МӘСЕЛЕСІ..... 17
Тебегенова А. ӘКЕ, ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ: ҰРПАҚҚА ТАҒЫЛЫМ БОЛҒАН ҒҰМЫР ЖОЛЫ..... 19
Кабадайы О. Т.С.ТЕБЕГЕНОВ – ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ 27
Коч К. ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ..... 31
Бекбергенова З. ЕЛ ҰҒЫМЫНДА ҰЛЫҚТАЛҒАН ҰСТАЗ..... 32

АҒА БУЫН ҰСТАЗ –ҒАЛЫМДАР ЛЕБІЗДЕРІ

Қабдолов З. ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖАҢАШЫЛ ЗЕРТТЕУШІСІ..... 35
Кәкішев Т. ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢАШЫЛ ЗЕРТТЕУШІСІ..... 36
Сүйіншәлиев Х. ДӘСТҮРЛІ АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІСІ..... 37
Бердібай Р. ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТЫ ЗЕРТТЕГЕН ІЗДЕНУШІ МАЗМҰНЫ..... 39
Ахметов З. ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ БІЛІКТІ, БІЛІМДІ ЗЕРТТЕУШІСІ..... 40
Мырзахметұлы М. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫН ТАНЫТУШЫ ҒАЛЫМ..... 41
Ғабдуллин Н. АҚЫНДЫҚ ӨНЕР ПСИХОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУШІ..... 43
Мақпырұлы С. ЗЕРДЕЛІ ЗЕРТТЕУШІ..... 44
Сманов Б. ҰСТАЗДЫҚТЫ ҒЫЛЫММЕН ҰШТАСТЫРҒАН ҒАЛЫМ..... 47

ҒАЛЫМ ТЕМІРХАН ТЕБЕГЕНОВТІҢ ҒЫЛЫМИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Әбжанов Х. ТӘРТІБІ ТЕМІРДЕЙ ТЕМІРХАН..... 50
Жанбеков Х.,Сәтмырзаев А. ҒАЛЫМ-ПЕДАГОГ Т.ТЕБЕГЕНОВ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР..... 51
Хамзин М. ҒАЛЫМ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӨЛ ӘДЕБИЕТІМІЗДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 53
Шоқбарова Ә. АУЫЛЫМНЫҢ ҚҰРМЕТТІ ДЕ АСЫЛ АЗАМАТЫ..... 55
Бораш Р. АҒАЙДАН ҚАЛҒАН ҮЛГІ КӨП..... 56
Айтимов М. ӨМІРІ – ӨНЕГЕ, ІСІ – ҮЛГІ..... 57
Жұбай О. ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ..... 61
Жанбершиева Ұ. СЫР ЕЛІ ЕШ ҰМЫТПАС АЗАМАТЫН..... 64
Бораш Р. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ МЕН ЗЕРТТЕУДІҢ ЗЕРДЕЛІ ҒАЛЫМЫ..... 67

Тамаев А. ҚОҢЫР ӘУЕНДІ ЖЫРЛАР..... 72
Қабатай Б. БОЛАШАҚ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ПРОФЕССОР Т.ТЕБЕГЕНОВТІҢ ТҰЖЫРЫМДЫ ОЙЛАРЫ МЕН ПІКІРЛЕРІ..... 73
Уюкбаева М., Ломова Е. ПАТРИАРХ КАЗАХСКОЙ СЛОВЕСНОСТИ..... 76
Сатемирова Д., Қансейітова Э. ТЕРЕҢ ТАНЫМ МЕН ПАЙЫМНАН ТУҒАН ІРГЕЛІ ЗЕРТТЕУ..... 77
Каримова Г. ТЕМІРХАН ТЕБЕГЕНОВ – ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІР ӘДЕБИЕТІН ЗЕРТТЕУШІ..... 80
Оңалбаева Ж. ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ ТЕМІРХАН САҚАҰЛЫ ТЕБЕГЕНОВТІҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ МӘҢГІ ӨШПЕЙДІ..... 82
Сұлтанова Б.М. Т.ТЕБЕГЕНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ СҰЛТАНӘЛІ БАЛҒАБАЕВ ДРАМАТУРГИЯСЫ..... 83
Тебегенова Г. ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ ТЕМІРХАН КӨКЕМНІҢ ҰЛАҒАТТЫ ҒҰМЫРНАМАСЫ..... 87
Ускенбаева Б. ОН БЫЛ ПО-ОТЦОВСКИ БЛИЗОК..... 90
Туралиева Ш. ЗВЕЗДА ЕГО НИКОГДА НЕ ПОГАСНЕТ..... 90
Ахантаева Г. ҰСТАЗЫ МЫҚТЫНЫҢ ҰСТАНЫМЫ МЫҚТЫ..... 91
Тоқшылықова Г. ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕГЕН ҒАЛЫМ..... 92
Тулекова Г. СІЗДІҢ БЕЙНЕ - МОТИВАТОР..... 98
Ибраева А. ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ Т.ТЕБЕГЕНОВТІҢ ЕҢБЕКТЕРІ..... 101
Бақтыбаева Л. ТЕМІРХАН ТЕБЕГЕНОВТІҢ ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ..... 102

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Тұрғынов Е. БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННІҢ ОҚУ-АҒАРТУДАҒЫ «ШАЛА САУАТТЫЛАР ҮШІН ОҚУ КІТАБЫ» МӘТІНДЕРІН КӨРКЕМДІК ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ..... 106
Tleubekova B. AUTHOR'S IDENTITY AND ITS REFLECTION IN ARTISTIC CREATIVITY: AN ANALYSIS OF GENRES AND STYLE..... 118
Көшекова А. БИЛЕР ШЕШЕНДІГІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ..... 120
Қалибекұлы Т., Тоқшылықова Г. ЖЫЛҚЫ ТҮЛІГІ БЕЙНЕЛЕНУІНІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ..... 124
Сұлтанова Б. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ..... 128
Бегманова С., Ганиева М. ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҰСТАНЫМ..... 131
Абиыр Қ. ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ РАЙЫМБЕК БАТЫР ОБРАЗЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ..... 133
Нұрмұхан Ә., Әбдіғазиұлы Б. АСҚАР АЛТАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ..... 139
Айтбенбетова З., Сатаева Э., Абдрешова А. РАЗНООБРАЗИЕ ЖАНРОВ В СОВРЕМЕННОЙ РУССКОЯЗЫЧНОЙ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ КАЗАХСТАНА..... 142
Казтаева А. ПОСТКОЛОНИАЛДЫҚ ДИСКУРС: АДАМ МЕН ТАБИҒАТ ҚАТЫНАСЫ..... 148
Сұлтанова Б. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ СЫРЫМ БАТЫР БЕЙНЕСІ..... 152
Жолдасқалиқызы Ә. «АҚ ШАҒЫЛ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ХАРАКТЕРЛЕР ТАБИҒАТЫ..... 156

Тұрғымбай А. ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ АДАМЗАТ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ОРНЫ..... 161
Абдул Рахманұлы А. ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫ БЕЙНЕСІ..... 165
Айдарқызы А. РАҚЫМЖАН ОТАРБАЕВТЫҢ «БАС» РОМАНЫНДАҒЫ КӨРКЕМ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР..... 172

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ АЯСЫНДА КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУДІҢ, ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ерназарова З. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ: ҚАЗАҚ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА ТҰЖЫРЫМДАРЫН ҚАБЫЛДАУЫ, ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУЫ..... 178
Енсебаева К. КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАР..... 183
Раджапова Н. ОТРАЖЕНИЕ СЕМАНТИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ В ЖЕНСКОЙ РЕЧИ..... 188
Аққожина Б., Дәркенбаева Ж. ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕР ҚҰРАМЫНДА БЕРІЛГЕН АТАУЛАР..... 190
Хамимульдинова Л. БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ ТҮРЛІ АСПЕКТІДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУ МӘСЕЛЕСІ..... 196
Канай Н., Омарова Д. БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ..... 199
Юсупова А.Ш., Молдағали Б., Иманқұлова М. МЕТАПӘНДІК МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 204
Даулетова Д., Нұрмұхан З. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУҒА ДЕГЕН ҚҰШТАРЛЫҒЫН ОЯТУДЫҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ..... 208
Нұртаева А. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАСАУДА ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ..... 210
Сламбаева Е. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІН, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ..... 212
Ажибекова О. ТІЛ-ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 215
Қуанышова А. ЖАҺАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ..... 218
Нағашыбаева Г. ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 220
Өнербек М. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕН СЫНЫПТАН ТЫС ЖАСАЛАТЫН ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 222
Қасымбекова А. ЖОО-да ӘДЕБИЕТ ПӘНДЕРІН СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ..... 225
Даулет С. ҚАЗАҚ ТІЛІ (7 СЫНЫП) САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 227
Кушербаева И. БАТА ТІЛЕКТЕРДЕГІ ПРЕЦЕДЕНТТІ ЕСІМДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУҒА ДЕГЕН МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУ..... 230
Хамитова Ж. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ..... 235
Манапова А. 8-СЫНЫПТАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ: ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ҮДЕРІСІ..... 238

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР,
ҚР ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, ЖАМБЫЛ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙЛЫҚТЫҢ
ЛАУРЕАТЫ, ҚР ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ ТЕМІРХАН САҚАҰЛЫ ТЕБЕГЕНОВТІҢ 75 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ ТЕМІРХАН ТЕБЕГЕНОВТІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҒҰМЫРНАМАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

ISBN 978-601-7042-75-2

Басуға 2.12.2024. қол қойылды. Пішімі 60х84 1/16.
Көлемі 30,5 б.т. Таралымы 50 дана. Тапсырыс 112.

050010. Алматы қаласы, Достық даңғылы,13
Абай атындағы ҚазҰПУ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат»
баспасының баспаханасында басылды.